



120

Qudaibergen Jubanov

«Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі
X халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары

Ақтөбе, 2019

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

Қазақтың тұңғыш профессор-лингвисті Қ.Қ.Жұбановтың 120 жылдығы мен
ғалым Е.Қ.Жұбановтың 90 жылдығына арналған
«ЖҰБАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ» атты X халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
25 қазан 2019 жыл

Материалы традиционной X международной научно-практической
конференции **«ЖУБАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»** посвященной 120-летию
первого казахского профессора-лингвиста К.К.Жубанова и 90-летию
ученого Е.К.Жубанова
25 октября 2019 года

Materials of the X international scientific and practical conference
«ZHUBANOV READINGS» dedicated to the 120th anniversary of the first
Kazakh Professor-linguist K.K.Zhubanov and the 90th anniversary of scientist
E.K.Zhubanov
Oktober 25, 2019

Ақтөбе, 2019

УДК 378
ББК 74.58
Ж 80

Бас редактор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлы

«Жұбанов тағылымы» атты X халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2019. – 546 б.

ISBN 978-601-7818-24-1

Бұл ғылыми жинаққа жұбановтану және тіл білімі, әдебиеттану, түркі философиясы, педагогика, психология мәселелеріне арналған мақалалар енгізілген. Жинақ гуманитарлық ғылым бағытындағы зерттеушілер мен филологтарға арналған.

УДК 378
ББК 74.58
Ж 80

ISBN 978-601-7818-24-1

© Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2019

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор
Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлының «Жұбанов тағылымы – Х»
халықаралық ғылыми конференциясының ашылу салтанатында сөйлеген
СӨЗІ**

**Құрметті қонақтар!
Қадірлі әріптестер!**

Қарт тарихтың қай бетін ашсақ та, ұрпақ санасына ұлағат ұялатар сара жолға ұласқан соқпақтар сайрап жатыр. Елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу үшін жан аямай еңбек етіп, жанқиярлық ерлік көрсеткен тұлғалардың маңдай тері мен төгілген қанының табы айғызданған сүрлеулер... Сондай сүрлеу соқпақтан өтіп, өзіндік дара жолын қалыптастырған тұлғалардың бірегейі – Құдайберген Жұбанов.

Қазақ тілінің болашағы үшін қажырлы еңбек етіп, еліміздің тарихында өшпес із қалдырған, кейінгі ұрпаққа өзінің мол ғылыми мұрасымен танылған тума талант, тұңғыш лингвист-профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың 120 жылдығына және тектінің тұяғы, Ақтөбедегі лингвистикалық мектептің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың 90 жылдық мерейтойына орай өткізіліп отырған «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Халқымыздың «тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұстанымын жанына берік ұстап, осы жолға бар саналы ғұмырын арнаған тұғырлы тұлғалар – Құдайберген Жұбанов пен Есет Жұбановтың қазақ тіл білімі ғылымындағы зерделі зерттеулері мен құнды ойларын халқымыздың сарқылмас рухани байлығы деп білеміз.

«Жұбанов тағылымы» ғылыми-тәжірибелік конференциясында биыл 10-рет бас қосып отырмыз.

Зерек зерде иесі Қ.Жұбановтың қазіргі ғалымдардан бір ерекшелігі – ол тілдің тек бір саласының аумағында қалып қоймай, тіл білімінің барлық саласына да қалам тартып, тілдің ішкі-сыртқы жағдайларының көп жұрт аңдай бермейтін тұстарын терең тани білген ғалым болды.

Небәрі 38 жасында қызыл қырғынның кесірінен қыршынынан қиылған, әлемдік лингвистиканың озық дәстүрін толық игерген ғалым қазақ тіл білімі мен түркология мәселелеріне қатысты «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деп аталатын ғылыми еңбекті бастап, оны серияларға бөліп, 10 сериясын жазып бітірді. Әдебиеттанудағы аяқталмай қалған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласында алғашқылардың бірі болып абайтанудың концепциясын түзді. Ал музыка тарихына қатысты «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» еңбегінде көтерілген мәселелер қазір де өзектілігін жойған жоқ.

Жетпіс жыл бойы елімізді билеген кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің ұстанған ұлтқа қарсы саясатының салдарынан халқымыздың тілі, тарихы мен

мәдениеті айрықша қиын жағдайлардан өткені баршаға аян. Сондықтан ұлт тілінің қадірін терең түсініп, қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан халқымыздың арда азаматы, ғұлама ғалым Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын бүгінгі ұрпаққа танытып, үнемі еске алып отырғанымыз дұрыс деп білеміз.

Биыл Құдайберген Жұбановтың ізін басып, ісін жалғастырған профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың туғанына 90 жыл толып отыр. Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 1957-1991 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп жүрген Есет Құдайбергенұлы 1991 жылы туған жеріне оралып, қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде өмірінің соңына дейін 15 жыл еңбек етті. Ол өз әкесінің есімі берілген оқу орнының алдыңғы қатардан көрініп, білікті мамандар дайындауына, әсіресе, жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының қанаты бекіп, тынысы ашылуына, Ақтөбедегі лингвистикалық мектептің қалыптасуына ерекше үлес қосты. Тұлпардың тұяғы Есет Құдайбергенұлы Ақтөбе жерінде жұмыс жасай жүріп, Жұбановтар мұрасы ұлт қазынасы екендігін дәлелдеп, әкесінің ғылыми мұрасын түгендеп зерттеуге басшылық жасады.

Өз кезінде тынымсыз ғылыми ізденісі нәтижесінде халық әдебиетінің тілдік ерекшелігін зерделеген зерттеулерімен танылған, қазақ тіл білімінде фольклор тілін зерттеген алғашқы ғалым Есет Құдайбергенұлы еңбектерінде түркі халықтарына кең танымал «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды батыр» т.б. жырлары стиль-тілдік тұрғыда жан-жақты терең зерттелді. Есет Жұбанов – «Эпос тілінің өрнектері», «Қазақтың ауызекі көркем тілі», «Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектілері» атты зерттеулердің авторы. Сонымен қатар ол «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» ұжымдық монография авторларының бірі болып, «Фольклор тілінің әдеби сипаты» тарауын жазып қалдырды.

Оның ұйымдастыруымен университетте «Жұбановтану» ғылыми зертханасы жұмыс істеп, осы жерден бірнеше оқытушыға жетекші болып, ғылыми жұмыстар қорғатты. Есет Жұбановтың ғылыми жетекшілігімен «Жұбановтану» тақырыбына қатысты 10 кандидаттық және докторлық диссертация қорғалып, «Жұбановтану зертханасының еңбектері» сериясымен 20-дан астам ғылыми-танымдық еңбектер жарияланды.

Мұғалжар жерінде дүниеге келіп, есімі елге танылған Құдайберген Жұбанов пен Есет Жұбановтың кейінге қалдырған зерделі зерттеулері халқының рухани қазынасына айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын құндылықтарының бірі деп білеміз.

Ғалымның ғылыми мұраларын зерттеу, кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында қара шаңырақта «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығы ауқымына Жұбанов мұражайы қосылып, ғылыми-техникалық тілді дамыту, қазақ тілінің технократиялық парадигмасын айқындау, жаңа технологиялық процестегі мәтіндерді түзу бағытындағы жүйеге көшті.

Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы аясында іске асқан «Менің таңдауым – Жұбанов» жобасының нәтижесінде университетімізде білім алатын студенттер саны биыл 15 мыңнан асты. «Жұбанов жылуы» еріктілер тобы құрылып, қараусыз қалған қариялар мен жетім балаларға мейірімін төгуде.

Университетте 80 мыңнан астам түлектің басын қосқан «Жұбанов түлектері ассоциациясы» жұмыс істейді, ал «Жұбанов кітапханасы» сериясымен 22 кітап шығарылды.

Университеттің сәулеттік келбетін жақсарту, абаттандыру, көгалдандыру, қоршаған ортаның таза болуына атсалысуға шақыру мақсатында «Жасыл желекті Жұбанов» ағаш егу акциясы ұйымдастырылды. Акция бүгін де жалғасын табады, ғалымның мерейтойына орай университет ауласында 120 түп ағаш егіледі.

Жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Жұбанов жастарды шақырады» акциясы ұйымдастырылып, соңғы 3 жылда университетке 200-ге жуық жас маман жұмысқа алынды. «Жұбанов – ғалымдар ордасы» акциясы аясында ғылыми белсенділігі жоғары кадрлар университетке шақырылуда.

Инвесторларды тарту, меценаттармен жұмыс жүргізу мақсатында «Zhubanov-қа жомарттық» акциясы жүргізілуде.

Ақтөбе, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Баянауыл, Семей, Жидебай, Қарқаралы, Қарағанды елді мекендерін қамтитын «Жұбановтан – Абайға» ғылыми-танымдық экспедициясы ұйымдастырылды. Талантты студенттерді қолдау мақсатында жыл сайын университет тарапынан Қ.Жұбанов атындағы білім гранты мен стипендиясы бөлініп келеді.

Темір, Байғанин, Алға, Қобда аудандарын аралап шыққан Жұбанов керуені ертең ғалымның кіндік қаны тамған Мұғалжар ауданына жол тартады.

Мерейтой аясында тұңғыш рет ғалым шығармаларының толық академиялық жинағы жарық көрді, Жұбановтар отбасына арналған ақпараттық фотостенд жасалды, Есет Жұбанов атындағы конференц-зал ашылды, көп функционалды «Жұбановтану» сайты іске қосылды, республикалық және аймақтық БАҚ-та ғалым туралы мақалалар жарияланды, «Жұбанов университетінің хабаршысы» ғылыми журналының мерейтойлық саны шықты, жұбановтанушылар Ақтөбе телеарнасының «Біздің тарих» телебағдарламасына сұхбат берді, Қ.Жұбанов пен Е.Жұбановтың библиографиялық көрсеткіштері жанартылды, Қ.Жұбанов туралы суретшілер көрме-галереясы мен «Жұбанов әлемі – оқушы көзімен» эссе байқауы ұйымдастырылды. Сондай-ақ университетіміз «Жұбанов жұлдыздары» атты ән кешін ұйымдастыруға мұрындық болды. Кеште Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның кәсіби әншілері, А.Жұбанов атындағы музыкалық колледж студенттері мен университетіміздің жас таланттары бірігіп ән шырқады. Сонымен қатар мектеп және колледж оқушылары, ЖОО студенттері мен магистранттарының қатысуымен өтетін «Ең үздік жұбановтанушы» конкурсы жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Осы ретте Қ.Жұбановты тану және таныту жолындағы игі істер әлі де жалғасын табары сөзсіз.

Бүгінгі игі істердің басы-қасында жүрген оқытушылар мен студенттерге алғыс айта отырып, конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕГІ БАЯНДАМАЛАР

ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОФЕССОРЫ

А.Қ.ЖҰБАНОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері
ҚР, Алматы қ., as_zhubanov@mail.ru*

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – Ақтөбе өңірінің ағартушысы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі бола жүріп, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры атанды. ҚазПИ-де лекция оқып, кафедра меңгерушісі, кейін декан қызметтерін атқара жүріп, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалындағы лингвистика секторының меңгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы, Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы әдістеме, бағдарлама, оқу құралдары секторының меңгерушісі, Мемлекеттік термин комиссиясының төрағасы, термин комиссиясы бюллетенінің редакторы, «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар мәдениеті институты Ғылыми кеңесінің мүшесі болып, бірнеше жұмысты бірдей атқарған ғалым. Бірнеше ғылыми зерттеу институты атқаратын міндеттерін Қ.Жұбановтың бір өзінің арқалауы – ғалымның өз халқы үшін жан аямай еңбек етуіне байланысты болса, екінші жағынан, ол кезде Қ.Жұбановтай оқыған әрі тума таланттардың тапшылығынан да деуге болар.

1937 жылдың күзінен 1957 жылдың күзіне дейін жиырма жыл бойы нақақ қараланып, аты аталмай келген ғалымның жоғын іздеуге, оны халқына қайта табыстыруға мұрындық болған елеулі бір үндеу – академиктер М.Әуезов пен І.Кеңесбаевтың «Қазақ лингвистикасының негізін салушы» («Основоположник казахской лингвистики») атты мақаласы болды [1].

Қ.Жұбановты қайта тану ісін оның туған інісі, академик Ахмет Жұбанов, академик М.Қаратаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Р.Сыздық, Ә.Қайдар және т.б. бастап, ғылымдағы жас буын одан әрі жалғастырды. Алғашында қазақ тіл білімінің негізін қалаушының бірі деп аталған Қ.Жұбановтың кейіннен сол ғылымның теориялық негізін салған бірегей оқымысты екені анықталды. Одан әрі Қ.Жұбановтың тек қазақ тілінің аясымен шектелмей, ана тіліміздің тарихын зерделеу арқылы түркология әлеміне қалам сілтеген ғалым екені де мойындалды. Зерттеу жұмыстары одан әрі тереңдей түскенде Қ.Жұбановтың тек түркология аясында ғана қалып қойған зерттеуші емес, әлемдік тіл біліміне де құлаш ұрып, үндіеуропа тіл білімі мен

шығыстануды, яғни ориенталистиканы ұштастыра білген ғалым екендігі дәлелденді.

Осы орайда қазақ тілін зерттеуге атсалысқан ғалымдарды құрмет тұтып, ұлықтаудан танбаған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ҚР БҒМ Ғылым комитетінің тапсырысымен «Ұлы дала тұлғалары» атты кітаптар топтамасын дайындауды қолға алды.

«Ұлы дала тұлғалары» атты сериямен дайындалған Қ.Жұбановқа арналған бұл кітаптың (Жауапты редакторлар: филол.ғ.д., профессор А.Қ.Жұбанов, филол.ғ.к., доцент С.Құлманов) «Өмір өткелдері» атты бірінші тарауында зейінді шәкірттің жігерлі жұмысының арқасында тұңғыш аспирант, профессор атануына, тұғырлы тұлға ретінде қалыптасуына тамыры тереңде жатқан тектілігі мен ағартушы әкенің себеп болғандығы баяндалып, қайраткер қызметі құжаттар тілімен сөйлетілді [2]. Аталған тарауды жазу барысында алғашқы жұбановтанушы, академик Р.Сыздықтың [3] және К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың [4] еңбектері пайдаланылды.

Проф. Қ.Жұбановтың қазақ тілін зерттеуге қатысты салаларына қосқан үлесінің бүгінгі күні қазақ тіл біліміндегі ғылыми құндылығы мен маңызы бұл еңбекте қазіргі лингвистиканың даму деңгейі тұрғысынан зерделенді. Әсіресе, Қ.Жұбановтың 1929 жылғы латын қарпіне негізделген әліпбиге бірқатар өзгерістер енгізіп, қазақ жазуын жетілдіруді, оны жұршылыққа тез меңгертіп, сауаттандыруды мақсат еткен әрекеті өзінің өміршеңдігін танытып, бүгінгі таңда тілші қауымның ғана емес, жалпы қоғамның жұмыла қатысатын мемлекеттік деңгейдегі ісіне айналып отыр. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ісі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында түпкілікті зерттеліп, оның әдістемелік, психологиялық, экономикалық, саяси жақтары сарапталды деуге болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап **әліпбиімізді латын қарпіне**, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе...», – деп, бұл мәселеге нүкте қойып берді. Латын әліпбиін қолдану, оны жетілдіру ісін ыждағаттықпен қолға алуы проф. Қ.Жұбановтың мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді көрегендікпен болжай білген қайраткерлігінің тағы бір айғағы деп санаймыз.

Профессор Қ.Жұбановтың қамшының сабындай қысқа ғұмырында қалдырып кеткен мұраларына тереңірек үңіле қарап, қазіргі тіл білімінің даму бағыт-бағдары, ұстанып отырған концепциялары тұрғысынан көз тастасақ, бүгінгі ғылыми ой-тұжырымдардың Қ.Жұбанов еңбектерінде «мен мұңдалап» жатқандығын аңғарамыз. Осы орайда көпшілік қауымға ұсынылып отырған кітаптың «Соны сүрлеу» атты тарауы Құдайберген Қуанұлының ғылыми мұрасының қазіргі ғылымдағы маңызы мен жалғастығына арналды. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі функционалды грамматика нышандары сипатталып, статоллингвистика, паралингвистика, психоллингвистика, гендерлік, әлеуметтік, коммуникативті-прагматикалық лингвистика, стилистика, тіл мәдениеті салаларына қатысты ой-тұжырымдары бүгінгі тіл білімінің теориялық жетістіктері деңгейінде жаңа қырынан қарастырылды. Ғалымның теориялық

концепциялары мен танымдық тереңдігінен туындаған ғылымдағы сабақтастық сарынының қазіргі тілді зерттеудегі тілді тұтынушының жан-дүниесімен, күнделікті әрекетімен тығыз байланыста сипаттайтын лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. бағытта өрбуіне барынша мән берілді.

Қ.Жұбановтың көрнекті лингвист-ғалым бола отырып, көркем әдебиет мұхитына сүңгіп («Көркемдікті көздеген көреген көз», «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері)», «Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабы туралы»), публицистика айдынында жүзгені («Қараңғыға «Ай» туғызған қаламгер»), оқыту әлемінде шарықтағандығы («Оқыту мен оқулық: педагогтік пайымдау»), аудармашылық өнері («Тәлімгер тілмаш»), драматургтік, ақындық, суретшілік, оюшылық қабілеті туралы («Құдай берсе, құлай береді») «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты тарау кеңінен сыр шертеді. Осы жерде тарауларға тағылған атаулар Құдайберген Қуанұлының өз сөздерінен және Құдайберген Қуанұлына қатысты айтқан ғалымдар сөздерінен алынғандығын айта кеткіміз келеді.

ҚР ҰҒА академиктері – Р.Сыздық пен Ө.Айтбай, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар – Т.Жанұзақов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Ф.Оразбаева, З.М.Базарбаева, Ж.Манкеева, Н.Уәли және т.б. зерттеушілердің қаламынан туған «Ұлы дала тұлғалары» атты топтаманың проф. Қ.Жұбановқа арналған бұл кітабы тұғырлы тұлғаны ұлықтаудағы тағы бір үлкен дүние ретінде көпшіліктің көңілінен шығады деп сенеміз.

Әрине, Қ.Жұбановтың ғалымдық, әдіскерлік, көсемсөздік және т.б. қырларын бұл кітап толық ашып береді деп айта алмаймыз. Өйткені, проф. Қ.Жұбановтың артында қалдырған ғылыми мұралары – әлсін-әлсін қайта оралып отыруды қажет ететін, әр оралған сайын жаңара, жасара беретін өміршең дүниелер және олардың әрбіріне тереңдей үңілген сайын қазіргі тіл білімінің деңгейіне сай келетін, тіпті әлі де шешімі табыла қоймаған мәселелердің кілті іспетті ой-тұжырымдардың тұнып тұрғандығын аңғаруға болады. Ғалымның тілдік материалдарды жалаң алып қарастырмай, оны сол кездегі тілге қатысы бар мәселелермен, әлеуметтік, мәдени жағдайлармен байланыстыра, сабақтастыра отырып зерделеуі, яғни тілді мәдениеттің өлшеуіші деп тануы, тілдің өркендеуін дамуымыздың басты өлшеміне балауы, кейінгі тілші-ғалымдарымызға үлгі боларлықтай. Сондықтан ғалымның ғылымдағы ғұмыры әрі қарай зерттеле бермек, жұбановтану жалғаса бермек. Осы тұста «Өшпес мұра» тарауында ғалымның еңбектері туралы қорғалған диссертацияларға шолу жасалып, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті жанындағы «Жұбановтану» ғылыми зертханасының қызметі баяндалды.

Бұл кітаптың «Жұбановтар жұлдызы» тарауы, атынан көрініп тұрғандай, профессор Құдайберген Жұбановтың дарыны дарып, қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің төрінде есімдері шоқ жұлдыздай жарқыраған Жұбановтар әулетіне арналды. Ал соңғы «Есімі ел есінде» тарауында абзал азамат, ұлтын

сүйген ұлағатты ұл – Қ.Жұбановтың азаматтық тұлғасын көзкөргендер қаламы арқылы келер ұрпаққа таныту мақсаты көзделді.

«Қазақта «біртуар» деген сөз бар, ал ғылым тілінде өте сирек кездесетін құбылысты немесе аса көрнекті, елден ерекше туған адамды феномен дейді. Қазақтың «біртуары» – сол феномен! Құдайберген Жұбанов өзінің табиғат берген бітімімен, білім-парасатымен елден ерек тұрған біртуар жан болған. Ең алдымен оның үлкен талант иесі болғанын айту керек. Жақсы ғалым болу үшін де тынымсыз еңбекпен қоса, табиғи қабілет те қажет-ау, Құдайбергеннің бар-жоғы екі-үш жыл орыс кластарында тиіп-қашып оқып, ғылыми еңбектерін таза орыс тілінде жазатын дәрежеде болуы, небары екі-үш жыл Ленинградта оқып, неміс, моңғол, грузин, чуваш, коми тілдерін едәуір меңгеріп алуы, ұзын-ырғасы екі жылдай медреседе оқып, араб, парсы, шағатай, түрік, татар, башқұрт тілдерін игеріп кетуі, тіпті жапон тілін үйрене бастауы осы қабілеттің күші болар» [3]. Алайда жапон тілін меңгерсем деген мақсатына ғалым, өкінішке қарай, жете алмады.

Асқан тұңғық ғалымдығымен, инемен құдық қазғандай һәм «ақырын жүріп, анық басқан» ұстаздығымен қатар Алла нәсіп еткен журналистік, ақындық, суретшілік қабілеті, музыка зерттеушісі, психолог, әлеуметтанушы, білікті ұйымдастырушы, полиглот болғандығы, қайраткерлігі Қ.Жұбанов тұлғасын асқақтата танытады. Қ.Жұбанов жайлы естеліктерден оның түр-бейнесінің сұлулығы мен жүрегінің кіршіксіз тазалығы үйлескен, мінезі сабырлы да байсалды, ұлық бола тұра, кішілік пен кісілік танытатын қарапайым, әрқашан адалдық жолын ұстанған жан болғандығын, абзал жанның азаматтық тұлғасын байқаймыз. Бұл кітаптың айтпағы да осы болатын.

Алайда ... тілінің табиғатын таныта жүріп, ұлтының тірлігіне уайым қылған қайраткер ғұмырының қысқа болғандығы қынжылтады қазағымды. Астана қаласында өткен ғалымның 100 жылдық мерейтойында сөз сөйлеген көркем әдебиетіміздің көрнекті тұлғасы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбайұлы былай деген болатын: «... Оның бойында бір басына жетерлік ондаған адамды айрықша көзге түсіре алатындай ерекше іс-қабілет пен таланты бар, әрі *тілші*, әрі *әдебиетші*, әрі *өнертанушы*, әрі *тарихшы*, әрі *жазушы*, әрі *суретші*, әрі *шебер*, әрі *әдіскер*, әрі *педагог*, әрі *ұйымдастырушы*, әрі *суреткер*, әрі *сазгер*. Бұл жайсаңды ерте жоғалтқаннан біздің ұлтымыздың ұтылған ұпайын санап шығудың өзі мүмкін емес», – деп Құдайберген Қуанұлының бар болмысы мен қабілет-қасиетін ағынан жарыла жайып салады [5, 30-34].

Профессор Қ.Жұбановтың тіл ғылымына қатысты бізге жеткен еңбектері бойынша он шақты диссертация қорғалып, жүзден астам мақала жарияланып, ғалымның ой-тұжырымдары бүгінгі ғылым тұрғысынан зерделеніп жатыр, ғалымның мерейтойларына арналған конференцияларда баяндалуда. «Жұбановтану» атты теңіздің тереңдігіне бойлау ісі әлі де әрі қарай жалғасын таба бермек. Алайда ... *бізге жетпеген*, атаулары ғана белгілі еңбектері туралы өкінішпен сөз қозғауға тура келеді.

Академик Р.Сыздықтың материалдары бойынша, профессор Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген жалпы атпен он сериялы еңбек

дайындаған. Соның екі сериясы ғана баспадан шығып үлгерген, қалған 8 сериясы баспаға тапсырылғанымен, «халық жауының» еңбегі ретінде жойылып жіберілген [3]. Оларды іздеп тауып, жұршылыққа ұсыну кейінгі зерттеуші буынның алдындағы азаматтық міндет, ғалымдық борыш деп білеміз. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қаламынан туған «Ұлы дала тұлғалары» атты топтамамен дайындалған Қ.Жұбановқа арналған бұл ұжымдық еңбек – ғалымдық борыштың, азаматтық міндеттің теңізге тамған тамшыдай өтеуі, ғылыми ізденістің нәтижесі!

Әдебиет:

1. Әуезов М., Кеңесбаев І. Қазақ лингвистикасының негізін салушы // «Қазақстан мұғалімі – Учитель Казахстана», 1957 жылғы 5 желтоқсан.

2. Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. – 528 бет. (Ұлы дала тұлғалары).

3. Сыздық Р. Ғалым-азамат (Профессор Құдайберген Жұбанов туралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. –68 бет + 8 бет суретті жапсырма.

4. Кенжебаев К., Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов. Деректі ғұмырнама. –Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 280 бет.

5. Кекілбайұлы Ә. Ұлттық руханиятымыздың өзегі // Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Астана, 1999. –30-34-бб.

ЕСЕТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ

А.Қ.ЖҰБАНОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,

Алматы қ., as_zhubanov@mail.ru

Әкеміз Құдайберген Қуанұлы мен анамыз – Раушан Оспанқызы отбасында 6 бала дүниеге келген екен, олардың үшеуі – ұл (Ақырап, Есет, Асқар), ал қалған үшеуі – қыз (Мүслима, Қызғалдақ, Қырмызы).

Адам төзбес ауыр да қиын, жанқилы қиыншылықты көре жүре өскен аталған балалар өсіп-өніп, еліміздің белгілі ұл-қыздарының қатарына қосылғанына жұрт риза болады. «Текіден текті туар, мүйізі қарағайдай, тексізден тексіз туар, адам жылағандай» деп текке айтылмаған ғой қазақта.

Тұңғыш қызы Мүслима – филология ғылымдарының кандидаты, Ақырап болса – белгілі суретші, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, Есет – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қызғалдақ – экономика әрі саяси ұйымдастыру маманы, Қырмызы – шетел тілінің маманы болса, кенже ұлы Асқар – математика маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Құдекеңнің немересі Ардақ Есетқызы да – филология ғылымдарының кандидаты, басқа немерелері де жоғары білімді мамандар.

Есет ағамыз жайлы жеке айтатын болсақ, анамыз Раушан Оспанқызы сол кезде былай деп еске алады екен (Мүслима Жұбанованың кітабынан) [1, 68-71]: «... Есет те Ақтөбеде туды. Ол Ақыраптай емес, алпамсадай ірі, қол-аяғы балғадай болып дүниеге келіпті. Содан болу керек, әкеміз бен анамыз той жасап, атын Есет қойған екен. Ақтөбе өңірінде аты әйгілі екі Есет болыпты. Бірі – ақылгөй, әулие Есет, ал екіншісі – шекті, батыр Есет. Екеуінің де елге еңбегі сіңген тәрізді, өйткені бейітінің қасынан өткен орыс-қазақтар сәлемдеспей өтпейтін көрінеді. Аты Есет болғандықтан ба, біздің Есет еркелеп өсті... Күйгелек мінезіне қарамай, Есет өте ақылды болды. Бала күнінде-ақ үлкен адамша сөзді тауып сөйлейтін. Сегіз жасынан бастап өлең шығаратын болды. Күлдіргі, қу тілді еді. Балалардың үлкені Мүслима апамыз «Жұбановтар әулеті және заман белестері» атты кітабында былай деп жазады: «Табиғаты ойын-күлкіні ұнататын жарқын мінезді Есет інім студенттік шағында көңілсіз, тұнжыраңқы болды. Оның себебі, ҚазПИ-дің профессорларының кейбіреулері өз сабақтарында біздің әкемізді жамандаумен болыпты. Бұл Есетке ауыр тиіп, кейде шыдамай сабақтан шығып кететін күндері де болса керек. Соған қарамай ол үнемі беске оқиды. Бірақ институт бітіргенде оған үздік диплом берілмейді. Институт қабырғасында ол әдебиет үйірмесіне қатысып, өлең жазады. Сәбит Мұқановтың елу жасқа толуына байланысты әдеби кеште Есет өзінің Мұқановқа арнаған өлеңін оқиды. Өлең тыңдаушыларға да, Сәкен де (Мұқановқа) да қатты ұнайды. Бірақ үйірме бастықтары үйірме жиынында Есетті сынап, «сен ақын емессің» деген қорытынды жасайды. Содан кейін ол әдебиет үйірмесін тастап кетеді.

Институтты бітіргеннен кейін Есет аспирантураға түспек болып, академияға арыз береді. Академия да Есетті аспирантураға қабылдамайды. Өйткені 1951 жылдар қазақ интеллигенттері Кенесарыға байланысты қуғынға ұшыраған кез болатын. Жүрегінің оты бар, білімі, талабы бар жас адам үшін бұл аз соққы болған жоқ» [1, 69-70].

Енді Есет ағамыздың КазПИ-де оқып жүрген студенттік кезінен аздап естелік айтсам деймін. Бұл кезең менің ауылдан Алматыға қайтып келген кезіммен сәйкес келеді. Бұл мезгіл Мүслима апай, Ақырап ағай мен Есет ағайдың және Қызғалдақтың Алматыда оқуларын жалғастырып жатқан кездері болатын. Әкемнің інісі Ахмет ағайдың көмегімен мені де ұлдарға арналған №18 қазақ мектеп-интернаттың 4-сыныбына қабылдаған болатын. Бұл интернатта жатып, әкемнің кіші інісі Мұхамедидің Мұрат деген ұлының оқитынын естіп қуанып кеттім. КазПИ-де оқып жатқан Есет ағам менің қалымды сұрап келіп тұратын немесе өзінің жатақханасына шақырып алып, мені киноға апарып, қала

ішінде қыдыртып көңілімді көтеріп тұратыны осы уақытқа дейін есімде қалыпты. Мен бұл интернатта 2 жыл ғана оқыдым, ал сосын Петропавл қаласына жолдамамен барып жұмыс істеп жатқан аға-апаларымның және анамның қасына барып, Калинин атындағы қазақ мектеп-интернатта оқуымды жалғастырдым.

Алматы мектеп-интернатында оқып жүрген кезімде мен КазПИ-де Есет ағаммен жатақханада бір бөлмеде жатқан, бір топта оқыған Телғожа ағай, Айтым ағай, Оқас ағай және т.б. жолдастарымен таныстым. Олар мен үшін бірге туған ағаларымдай болып кетті десем де артық болмайды. Аттары аталған ағайлар Институтты бітіргеннен кейін ҒА Тіл білімі институтында да Есет ағаймен бірге қызметтес болды. Осы баяндамамда қазірдің өзінде 90-нан асқан жасында Тіл білімі институтында менімен де бірге істеп, бірге туғандай болып кеткен Телғожа Жанұзақов ағайдың Есет ағам жайлы кейбір естеліктерін айта кетсем деймін. Телғожа Жанұзақовтың айтуынша [2, 8-14: Т.Жанұзақ. Әке аманатын ақтаған ғалым]: «... Есет студент кезінде тым ұяң, көбіне өзімен-өзі болатын. Оның көңілінде жабырқау мен мұңаю байқалатын. Бірақ та біздер оған аса мән бермей, оны әңгімеге қосып, әзіл-қалжыңға сала беретінбіз. Арамызда өте сыйлы да құрметті болды. Жүріс-тұрысы салмақты, өте сабырлы, мінезі ауыр, бойында желікпе қасиет жоқ, тойған қозыдай боп жүретін. Оны 3-курста староста етіп сайладық. Сенімімізді ақтады да.

Есетпен бірге, бір курста төрт жыл оқып жүріп, әкесінің белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ тіл білімінің көшбасшыларының бірі, көрнекті профессор Қ.Жұбанов екенін мүлдем білмедік, өйткені ол кісінің есімі аталмаған ғой сол кезде. Тек 1957 ж. қара жаладан ақталғанда ғана толық хабардар болдық емес пе?!» – дейді Телғожа Жанұзақов ағамыз.

1951 ж. біздер институтты бітірген соң Есет Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласына жолдамамен кетті. Мектепте екі жыл мұғалім, содан соң облыстық оқу бөлімінде қызмет атқарып, білім беру саласында табысты еңбек етті. Есет 1954 жылы Алматыға қайтып келіп, өз бетімен «Қазақстан мұғалімі» газетіне қызметке тұрады, газетте жақсы тілші болып көзге түседі, әрі ол аудармамен айналысады. Бір күні Есеттің орыс тілінен қазақ тіліне аударған жұмысы Академияның вице-президенті Сақтаған Бәйішевтің көзіне түседі, әрі оған қатты ұнайды. Бәйішев Есетті шақырып алып, Академияға қызметке алады. Аспирантураға ол тек әкеміз ақталғаннан кейін ғана түседі. Академияға барған Есет әкесінің еңбегін жинастырып, жарыққа шығару ісімен шұғылданады, кандидаттық диссертация қорғайды. Ақыры ол доктор, профессор болады. Ақтөбеге барып, Құдайберген Жұбанов атындағы университетте кафедра меңгереді. «Жұбанов тағылымы» атты зертхананы басқарады, тіл тағылымынан бірнеше кандидат, докторлар дайындайды. Есет 2007 жылы сәуір айының 4-жұлдызында науқастан қайтыс болады. Қазір ол Ақтөбе облысы, Жаңа тұрмыс ауылындағы Ақжардағы үлкен аталарының қасында, кенже ұлы Айбегін қойнына алып, мәңгі ұйқыда жатыр.

Әрі қарай, егер Шерубай Құрманбайұлының сөзімен айтатын болсақ, ол [2, 3-5: Ш.Құрманбайұлы. АЛҒЫ СӨЗ]: былай дейді: «... Есет Құдайбергенұлы

Жұбанов – қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар тұлғалардың бірі. Туған әкесі – қазақ академиялық тіл білімінің қалыптасып, дамуына аса зор еңбек сіңірген ғалым, еліміздегі тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың жолын қуған Есағанның кең ауқымды білімі мен білігі, шын мәніндегі филологиялық зердесі тілші қауымға етене таныс құбылыс. Е.Жұбанов – қазақ тіл білімі мен түркітанудың алуан түрлі салалары бойынша жұмыс жасаған ғалым. Идиоэтникалық лексика қатарына кіретін ұғым атауларының этимологиясынан бастап, ағымдағы тілдің сөздігін жасау ісіне дейін араласып, өз қолтаңбасын қалдырған. Мәселен, ол қазақ тілінің екітілді аударма, біртүлді түсіндірме сөздіктерін түзу ісіне атсалысқан ғалым» ... [2, 3-5: Ш.Құрманбайұлы. АЛҒЫ СӨЗ].

Есет Жұбановтың ғылым жолында атқарған қызметіне қысқаша тоқталатын болсақ, оның тіл білімінің фольклортану, мәтінтану, лингвостилистика салаларының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі бір төбе. 1957-1991 жылдар аралығында ҚР ҰҒА Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып қызмет етті. Академик І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғағанын және 150-ден астам ғылыми еңбектің авторы екендігін айта кетуге болады. Сонымен бірге Шерубай Құрманбайұлы былай дейді: «Есет Құдайбергенұлы Жұбанов тіл білімінің бірнеше саласы бойынша, атап айтқанда, әдеби тіл, қазақ әдеби тілінің тарихы, мәтінтану, лингвостилистика т.с.с. салалары бойынша өнімді еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырған ғалымдардың бірі. Ғалым әдеби тілдің бастау көздерін халықтың ауыз әдебиет үлгілерінен бастап, эпос тілін, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» тілін талдайды. Ауыз әдебиеті тілін сипаттай отырып, ғалым оның көне түркі жазуларымен арақатысын, ұқсастығы мен ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Сондай-ақ миф элементтерінің эпос тіліндегі қолданысына тоқтала отырып, олардың арасындағы сабақтастықты, байланысты сөз етеді» – дейді Шерубай Құрманбайұлы [2, 3].

Есет Жұбановтың ерекше ден қойып, зерттеген салаларының бірі – текстология. Жалпы түркітанудағы, оның ішінде, қазақ тіл біліміндегі тың салалардың алғашқы қарлығашы бола білген ғалым текстологияға теориялық тұрғыдан қарап, кезек күттірмейтін аса күрделі мәселелерді сөз еткен екен. Ғалым Е.Жұбанов шәкірттерінің бірі М.Малбақовпен бірлесе жазған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының текстологиясы» атты еңбегінде аталған жырдың сонау 1876 жылы шығыстанушы И.Н.Березин баспадан шығарған нұсқасы мен Ы.Дүйсенбаев, Ә.Марғұлан жариялаған басылымдары өзара салыстыра отырып, жырдың тарихи хронологиясын сақтай отырып, әр басылымның өзіндік ерекшелігін, түпнұсқадан ауытқыған, сөздердің қате оқылған тұстарын анықтауға тырысады. Сол арқылы көне жырдың сыни мәтінін жариялайды. Қазақ тілінде текстология мәселелерін алғашқылардың бірі болып сөз еткен ғалым еңбектерінде осы ғылым саласының теориясы мен практикасына

қатысты негізгі терминдер мен ұғымдар жүйесін қалыптастыруға атсалысқандығы анықталып отыр [2, 4].

Ф.ғ.д., профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбанов ғылымның келелі мәселелерін сөз етумен қатар Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиеледі. Әкесі, репрессия құрбаны болған профессор Қ.Қ.Жұбановтың жолын қуып, қазақ әдеби тілін жан-жақты зерттеумен қатар университеттегі «жұбановтану» зертханасының меңгерушісі болып қызмет етті. Осылайша, ғылыми зертхананың қазақ филологиясының өзекті мәселелерімен айналысатын үлкен ғылыми орталыққа айналуына зор еңбек сіңірді. Ғалымның жетекшілігімен бірнеше кандидаттық диссертация қорғалды. Шәкірттер ұстаз сенімін ақтап, еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында, білім ошақтарында табысты еңбек етуде [2, 4].

Енді филолог ғалым Бабаш Әбілқасымовтың «Фольклор тілін түбегейлі зерттеген» атты мақаласынан үзінді келтірейік: «... Есет аспирантураны бітірген соң Алматыдағы Ғылым академиясының Тіл білімі институтында тұрақты жұмысқа қалдырылды. Сөйтіп, біз Есағанмен 30 жылдай бір ұжымда, бір бөлімде бірге жұмыс істедік. Диссертациясын аспирантураны бітіргенсін 5-7 жыл кейін қорғады, алғашқы монографиясын одан 10 жыл өткенде жариялады.

Мұның себебі, менің ойымша мынада болса керек.

Бұл кезде Есет жалған жаладан ақталған әкесі Құдайберген Жұбановтың кезінде шашылып кеткен мұрасын (ғылыми еңбектерін) жинау, оны латын графикасынан қазіргі алфавитке түсірумен, сондай-ақ ол кісінің мүшел тойларын ұйымдастыру жұмысымен айналысты. Екіншіден, Есет көңілшек болатын. Қазақша, орысша жақсы білетін айтулы стилист болғандықтан, диссертация қорғайтындар не жұмысын, не авторефератын Есетке қаратып алуды дәстүрге айналдырған. Міне, Есет олардың көңілін қалдырмай, олардың жұмысымен айналысуға көп уақытын жұмсайтын.

Жалпы, Есетті институт ұжымы үлкені бар, кішісі бар қатты сыйлайтын. Оған өзінің адамгершілік қасиеттерімен қатар қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Құдайберген ағаның баласы екендігі және жетекшісі Ісмет Кеңесбаев ағаның болуы да белгілі дәрежеде себепші болған болуы керек. Бір кезде Құдекеңе шәкірт болған Мәулен ағай, Ғайнекеңдермен Есет құрдастарынша әзілдесетін.

Біздің бөлімде істеген жылдары Есет бір ақ проблемамен – қазақ ауыз әдебиеті тілінің мәселелерімен шұғылданды. Өзі кандидаттық диссертация қорғаған «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырын жан-жақты зерделеумен қатар жалпы эпостың сыр-сипатын анықтауға көп күш жұмсады. Қазақ тіл білімінде фольклор тілін алғаш қолға алған да, одан сүбелі еңбек берген де – Есет Жұбанов болатын. Бұл проблема түркі тілдерінде де қолға алынбаған шаруа екеніне біз 1982 жылы түркітанушылардың кеңестік комитеті Мәскеуде ұйымдастырған әдеби тілге арналған симпозиумда көзіміз жетті, – дейді Бабаш Әбілқасымов.

Есет өз баяндамасында ауыз әдебиеті шығармаларының, оның ішінде эпос тілінің әдеби тілдің алғашқы үлгісі, бастауы болатынын дәлелдеп берді.

Симпозиумды қортындылаған сөзінде де түркітанушылардың кеңестік комитеті төрағасының орынбасары Э.Р.Тенишев Е.Жұбановтың баяндамасына ерекше тоқталып, оның келтірген тұжырымдары мен уәждерін қолдайтынын білдірген еді.

Е.Жұбанов қазақ тіл білімінде ауыз әдебиеті тілін алғашқы және түбегейлі зерттеуші ретінде тіл тарихында аты қалды. Ол қазақ ауыз әдебиеті тілінің қыр-сырын жан-жақты, толық зерделеген ғалым еді, оның бастап кеткен проблемасын әрі қарай жалғастыратын жас ғалымдардың шығуын күтеміз дағы ...» [2, 14-16].

Филология ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Нұргелді Уәлиұлының «Эпос тілі өрнектерінің әдеби тіл тарихымен өзектестігі» атты мақаласында Есет Жұбановтың ғылымдағы орны жайлы мынадай ой таратады [2, 17-21]:

«... Қазақ әдеби тілінің тарихы жөнінде 1980 жылдардан бері дәстүрлі көзқарастан бөлек, жаңа бір бағыт ұстанған тың тұжырымдар айтылып, фольклор мұраларының тіліне жаңа қисынмен қарайтын зерттеулер жарық көре бастады. Фольклор тілі, әсіресе эпос тілі, атап айтқанда бұрын тек жалпыхалықтық тілдің дерегі, кейде диалектологиялық материал ретінде тексерілсе, ендігі жерде оны диалектілерден астам тұратын төбетіл (супердиалект) тұрғысында тексеру мәселесі қолға алынды. Осы айтылған жайтқа Есет Жұбанов кездейсоқ келген жоқ. Қазақ эпосы тілінің ерекшелігін зерттей отырып («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының тілі. 1966 ж. қорғаған кандидаттық диссертациясы) оның диалектаралық сипатын ашты [6]. Эпос тілінің белгілі бір диалектімен шектелмейтіндігі, қолданылу ауқымы жағынан оның кез келген диалектіден жоғары тұратын ерекшелігін «Эпос тілінің өрнектері» монографиясында талдап, ондағы көне қолданыстардың сипатын жалпыхалықтық тіл деректерімен салыстыра қарайды. Эпостық шығарма халықтың эстетикалық талғамын, қоғамдық ой-санасын, дүниетанымын бейнелейді. Мұндай жүкті жалпыхалықтық деңгейге көтерілген, диалекті аясынан жоғары тұратын және тілдік құралдарды елеп-екшеп, кесіп-пішіп қолдану дәстүріне ие болған тіл ғана атқара алады.

Зерттеуші эпос тілін тексерудегі ізденістерін жуырда ғана Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» (1989) атты коллективтік монографияның кіріспе бөлімінде [1-16], «Фольклор тілінің әдеби сипаты» [7, 57-91] тарауында тереңдете түседі. Осының нәтижесінде қазақ филологиясында да жалпыхалықтық тілдің төбетіл деп аталатын ең көне формасы бар деген тұжырымға келеді. Оны жалпыхалықтық тілдің өзге де формаларымен (диалектілермен) салыстырады.

Зерттеушінің төбетіл (супердиалект) деп отырғаны «қарым-қатынастың дағдылы қалпынан жоғарылап, лайықты өңдеулер арқылы биік деңгейлерге жеткен ауызекі поэзияның, діни рәсімдердің, ауызша заңдардың (правоның) өзіндік тілі, келе-келе бұл секілді жоғары тілдердің лексикалық қабаттары, фразеологиясы, өзіндік синтаксистік жүйелері қалыптасады». Ауызекі

поэзияның жанрлары, эпостық шығармалар, шешендік сөздер осы аталған төбетілдің үлгісі болып табылады. Зерттеуші төбетілдің екі типін ажырата қарайды. Төбетілдің жоғарыда аталған түрінен басқа «әркелкі диалектілік тіл айырмаларының шоғырланып, бұрынғы тар көлемді томаға-тұйық дағдыларынан арылу жолымен жасалған типі» руаралық койне түрі де болады. Қазақ әдеби тілінің негізі, кейбір зерттеушілер айтқандай, тірек диалекті емес, одан ауқымы кең, әрі жоғары тұрған әдеби тіл дәрежесіндегі төбетіл болды деп әдеби тіл тарихы көздеріне қатысты күрделі мәселенің күңгірт жақтарын айқындай түседі. Сонымен зерттеушінің пайымдауынша, төбе тілдің бірінші типі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған...» – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәлиұлы [2. 17-21].

Құрметті ағайым Есет Жұбанов тек өз басын ғана ойламай, туыстарына да әр уақытта қолынан келген көмегін көрсетіп тұрды. Осы орайда ойламаған жерден 1955 жылы менің басыма түскен қиыншылықты Есет ағамның көмегімен шешілгені жайлы қысқаша сөз етпекпін. Аға-апаларым институт бітіргеннен кейін жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл қаласында қызмет істеп, анамызды, мені, Қырмызыны өздерімен бірге алып, сол жақтың орта мектебінде оқып, оныншы сыныпты сол жақта тамамдауға тура келді. Мен көптен ұнататып, армандайтын жоғары оқу орны, ол Алматыдағы Кен-тау (горный) институты болатын. Құжаттарымды сол оқу орнына тапсырып, түсу емтихандарын да сол жерде тапсыра бастадым. Мектепте жақсы оқығандықтан болар, мен барлық емтихандарды жоғары бағамен тапсырып, Кен-тау институтының «маркшейдер» деген мамандығына қабылдандым. Бірақ қуанышым ұзаққа бармай, бір жетіден соң мені «халық жауының баласы» деп қабылдамай қойып, ауыр қайғыға салды. Әкемнің інісі академик Ахмет Жұбанов мені қайта қабылдауына барлық әрекетін жасап көріп еді, бірақ одан да ештеңе шықпады. Әрі өзім әрекет етіп «Байланыс техникумын» таңдап, барлық құжаттарымды сонда өткізіп қойған болатынмын. Сол кезде Есет ағамыз КазПИ-дің сол кездегі ректоры Мәлік Ғабдуллинмен сөйлесіп, мені физика-математика факультетіне қабылданатын етіп шешім шығарып қойғанын айтқан болатын. Сөйтіп мен, ойламаған жерден, Есет ағамның арқасында математик маманы болып шыққанымды айтқым келеді. 10 жылдай жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оқып, Есет ағамның өтінішімен әкемнің ғылымдағы жолын таңдап, қазіргі кезде филология ғылымдарының жаңа саласы математикалық тіл білімінің докторы, профессоры деген ғылыми атаққа ие болдым. Осы жетістіктерім тек Есет ағамыздың арқасында ғана деп айтқым келеді.

Тағы бір айта кетейін дегенім, Есет ағамыздың ғылым жолында да «сегіз қырлы бір сырлы» қасиетінің болғандығы туралы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бірге қызмет істеп жүрген кездерде менің шұғылданып жүрген салама да қызығушылық білдірді. Әсіресе, «статистикалық лингвистика» саласымен танысып, бұл саланың әкеміз Құдайберген Жұбановтың зерттеулерінде кездесетінін айтқан болатын. Менің зерттеулеріме де қызығушылық білдіріп, біздер баспадан шығармақшы болып жатқан «Қазақ

тексінің статистикасының» 2-шығарылуында өзінің «У истоков идеи математизации лингвистических исследований (количественный анализ элементов речи)» атты мақаласын жариялады [8, 12-21].

Сөз соңында айтайын дегенім, белгілі ғалым Есет Құдайбергелі Жұбановтың қазақ тілі ғылымына қосқан үлесі, қыруар ғылыми еңбегі тілші қауымы үшін ұмытылмақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Жұбанова М.Қ.* Жұбановтар әулеті және заман белестері / - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009 , 160 бет.
2. Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері /Жауапты редактор **Ш.Құрманбайұлы.** – Алматы, «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2011 – 284 б.
3. *Жұбанов Е.Қ.* Эпос тілінің өрнектері. Алматы, Ғылым, 1978.
4. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959, 272-300 б.б.
5. *Уәлиханов Ш.* Шығармалар жинағы (бес томдық). Алматы, 1963, 1 т.
6. *Жұбанов Е.Қ.* «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» тілі. АҚД. Алматы, 1967.
7. *Жұбанов Е.Қ.* Фольклор тілінің әдеби сипаты // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. Алматы, «Ғылым», 1989.
8. *Джубанов Е.Х.* У истоков идеи математизации лингвистических исследований (количественный анализ элементов речи) // Статистика казахского текста. Выпуск II: (Труды группы автоматизации лингвистических исследований). – Алма-Ата: Ғылым, 1990. -208 с.

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІК САНАНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

МАНКЕЕВА Ж.А.

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы,
профессор*

Қазіргі қазақ қоғамын ілгері апаратын рухани-әлеуметтік мақсат пен мемлекеттік мүддеге сай ұлттық сананы тіл арқылы жаңғырту – руханиятымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Осымен байланысты тәуелсіздік кеңістігі аясында елдік тұғырдың бекітіле түсуін қамтамасыз ететін шарттардың бірі – жан-жақты да кешенді зерттеулерде айқындалған халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесі, дүниетанымы қорытылып, тұжырымдалған сөз қазынасының қазіргі таңдағы «рухани жаңғырту» бағдарындағы кең көлемді жұмыстарға негіз болуы.

Бұл шара тіл иесінің инсандық және дүнияуи болмысын тіл феноменінің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметіне сүйеніп, оның тереңге тартылған тамырына қарай жетелейтін «індете зерттеуді» (Ә.Қайдар) қажет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі әлемдегі жаһандану тоғысында жойылу емес, жасампаздықты мақсат еткен ұлттық «рухани жаңғыру» үдерісінің бастау көзін көне түркілік рух пен тіл иесінің когнитивтік сана сабақтастығында анықтаған жөн. Оған ғылыми-танымдық негіз болатын құрылымдық жүйе ішінде жасалған түркітану саласындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулерді жалғастырған соңғы кездегі антропоэзектік парадигмаға сай жүргізілген зерттеулер.

Антропоэзектік парадигмада тілдің жүйелі-құрылымдық субстанциясы емес, тілдің қоғамдағы қызмет ету тәсілін бейнелейтін этностың қоғамдық санасының көрінісі маңызды. Соның негізінде сол қоғамдағы тіл иесі дүниені өзінше мүшелеп бейнелеу арқылы қалыптастырған танымына сүйеніп, дүниенің тілдік бейнесін жасайды.

Осы сипаттағы қағиданың ғылыми нышандарының көріністеріне қазақ тіл білімінің, лингвомәдениеттануының негізін салушы профессор Қ.Жұбанов еңбектерін зерделеу барысында тап боламыз. Атап айтқанда, Қ.Жұбанов зерттеулерінде ұлт болмысын тануда тілдің мәдениетпен сабақтастығына ерекше назар аударып, оның тіл арқылы халықтың тағылымдық мұратын мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақтап және оны этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне жеткізіп танытатынын атап көрсеткен. Ғалымның: «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [1, 93] деген пікірі В.Гумбольдттың тілді адам рухын бейнелеудің тәсілі, ал сөйлеуді рух қызметін көрсетудің түрі деп санаған лингвофилософиялық тұжырымдамасымен сәйкеседі [2]. Ол бойынша тілдердің айырмашылықтары мен қызмет ету ерекшеліктері түрлі халықтардың интеллектуалдық құндылықтары мен ойлау жүйесіне қатысты әртүрлі.

Жалпы, В.Гумбольдттың қолданысындағы «рух» сөзінің ұғымы табиғатқа, адамға әсер ететін сырттан келетін тылсым күш емес, адамның жан дүниесіндегі ішкі қуаты мен ақыл-ойы.

Профессор Қ.Жұбановтың тіл арқылы ұлт мәдениетінің болмысын жаңғыртқан тұжырымдарына сәйкес тілде сақталған этномәдени атауларды белгілі бір қоғамда өмір сүрген рухани әрі материалдық қоры бар іргелі елдің өмір тіршілігінің қажетті туындысының таңбалануы деп қарайды: «Мәдениет – қазанның күйесінше жұғатын нәрсе емес, мәдениеттің белгілі сатысын көксегендей жағдай тумаған болса, ... жоғары мәдениеттің өзі келіп ауызға түспейді» [1, 325]. Демек, ғалым түсінігінде тілде қалыптасқан мәдени атаулар шындық өмірде қолданылатын материалдық туындыны ғана атамайды, күнделікті өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан танымның тілдік санадағы ассоциативтік-вербалды көрінісі

Осы тектес зерттеулерінің ішінде бізді ерекше қызықтырған тіл иесінің когнитивтік санасының көрінісі ретінде дәлелдеп жазған қазақтың төл мәдениетінің бір түрі күй өнері туралы мақаласының психолингвистикалық

қыры. Ғалымның төмендегі пікіріне осы тұрғыдан зер салсақ: «қазақ халқынан бұрын да талай жыл жасап, әлденеше жүз жыл бұрын туып, өзінің қандай ғылым екенін білмейтін пән бар. Осы өзі бар, бірақ не екендігі білмей қарайтын мәселенің көлемін білмей, басқа пәндерден іргесін аша алмай, психология адамның жанын қарайтын ғылым делініп келеді (көбінесе). Осы күнгі *рух* (ерекшелеген біз – М.Ж.) психика болмай, барып тұрған мистика, спиритизм, жан деп келді» [1, 77].

Жоғарыда профессор Қ.Жұбанов атап көрсеткен *рух*, оның ішінде *ұлттық рух* ұғымы арқылы күй өнерінің ұлттың төл мәдениеті ретіндегі генезисі, мәні, қызметі анықталып, *күй* сөзі *көк* сөзімен байланыстырылады. Және ол музыкалық термин я жанрлық форма атауы ретінде емес, ұлттың таным санасымен сабақтасқан кешенді сипатта талданады. Атап айтқанда, күйдің әуел баста пайда болған, шыққан ортасында көңіл көтеру, сауық құралы қызметін атқармағанын, табиғат күштерін бағындыруда күйдің магиялық, психикаға әсер етуші күші арқылы «табиғаттың жасырын күшімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысатынында» деп көрсетеді [1, 278].

Сонымен бірге профессор Қ.Жұбановтың зерттеулерінде «күй» ұғымының кешенді сипатын көрсететін мынадай әлеуметтік қызметтері де көрсетілген: діни, емшілік, метеорологиялық, астрономиялық, аңшылық т.б. салалардағы қолданысы. Олардың осы қызметтері іске асырушы адамдардың когнитивтік санасына сай *бақсы*, *қобыз* (оны танымдық тұрғыда ғалым *абыз* ұғымымен байланыстырады), *сыбызғы* т.б. атаулардың этимологиясымен бір танымдық контексте түсіндіріліп, атаулардың мәні тек музыка құралы емес, этнос болмысымен біте қайнасқан тіл иесінің мифтік санасына сәйкес ерекше магиялық, киелі, космос ретінде қарастырылады.

Табиғат пен адамның өзара қатынасындағы мифтік танымның көрінісі туралы зерттеуші: «Алғашқы әзірде адам қоғамы табиғатпен арпалысқан шағында түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындырмақшы болған. Табиғатты өзіне бағындырудың алғашқы түрі турадан-тура балталап бұзып өзгерту, турадан-тура өңдеу болған болса, кейінірек олай туралай өзгерту емес, магия еңбегі арқылы табиғаттың жасырын күштерімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысады» деген тұжырым жасайды [1, 278].

Осы тұрғыдан профессор зерттеулерінде *күн көру*, *күн байыды*, *күн батты*, *Ұмай ана*, *безгегі ұстады* т.б. сөздердің этномәдени лексикасы қатарында қалыптасуының тек филогенетикалық, онтологиялық сипаты ғана емес, санадағы уәждік негізі, уақыт пен кеңістік контексіндегі тіл иесінің этнотанымдық табиғаты да ашылған. Біздің ойымызша, бұл бағыттағы зерттеулерінің «тіл мен таным» сабақтастығын тілдік санада дүниенің концептуалдануын ұжымның өмірлік тәжірибесі, дәстүрі мен перцептивті-сезімдік қабылдауы негізінде іске асатын қазіргі зерттеулерде «дүниенің балаң суреті» немесе «дүниенің балаң моделі» («наивная картина мира», «наивная модель мира») деп аталатын кезеңімен байланыстыруға болады. Бірақ бұл кезең

де социумның дүниені, табиғатты қабылдау деңгейі – этноұжымның көп ғасырлық, танымдық қызметінің нәтижесі. Мысалы, Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі *безгегі ұстады, жыны қозды, арқасы ұстады* т.б. тіркестердің мәнін талдауға мифтік таным деңгейіне сәйкес «аурудың иесі бар» деген түсінік негіз болады.

Түркілердің байырғы мифологиялық бейвербалды ойлау жүйесінен бастау алған салт-дәстүрлер мен ырымдардың тілдік атауларына (*жоқтау, күй туралы* т.б. мақалалары) жасаған ғалымның лингвогенезистік зерттеулеріне қатысты ғылыми тұжырымдарын Леви-Стросс, Е.Мелетинский, В.Тэрнер т.с.с. антрополог, философ, мифолог ғалымдардың пікірлерімен салыстыруға болады.

Қазіргі қоғамдағы ұлттық сананы жаңа сапалық деңгейге көтеру үдерісімен сабақтас «рухани жаңғыру» бағдарын жүзеге асырудың бір құралы, этномәдени кодтың бір қазығы – тілдегі ономастикалық жүйе. Бұл мәселенің тамырына да ұлттың когнитивтік санасында қалыптасқан модель тұрғысынан алғаш назар аударған – профессор Қ.Жұбанов. Мысалы, *Күнсұлу, Айсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық, Жылгелді, Қожамберді, Ұлболсын, Жолқұтты, Көзжақсым, Атжақсы, Бөрібасар, Кенжесгара, Байкенже және сүткенже, жаужұмыр* т.б.

Сонымен, бұл тілдік деректерді сол тілде сөйлеуші халықтың әр кезеңдегі тарихи-элеуметтік тәжірибесіне негізделіп, мәдени-танымдық деңгейіне сай қалыптасқан вербалды-ассоциативті категория ретінде қарауға болады. «Тіл мен ұлт біртұтас» деген қағида ежелгі мәдениет көріністері, әртүрлі салт-дәстүрлердің тіл арқылы ұлт санасында сақталып жетуі арқылы ұлтты тұтастырушы, жалғастырушы қызметімен дәлелденіп, жаңғырады.

Әдебиет:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тіл жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
2. Гумбольдт В.Ф. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985.

Қ.ЖҰБАНОВ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ ОРНЫ ТУРАЛЫ

АЛТАЙ ТАЙЖАНОВ

*философия ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті
Электронды пошта: a.taijanov@mail.ru*

Қ.Жұбанов мұраларының ұлттық рухани жаңғыруымыздағы орны оның тіл саласындағы ерен еңбегімен ғана емес, музыка, жалпы өнер, рухани әлемімізді дамытуға зор үлес қосқан тарихи тұлғалар туралы, ұлттың рухани-әлеуметтік салалары бойынша жазған еңбектері мен ғалымдық, ұстаздық ұлағаттарынан, қоғам қайраткері ретінде атқарған істерінен де жан-жақты көрінеді. Әрине, ол ең алдымен тіл маманы ретінде, қазақ тілі жөніндегі зерттеулері арқылы ғылыми ортаға танылған тұлға. Олардың ішінде қазақ тілі грамматикасы, алфавит, орфография, терминология мәселелері бойынша іргелі зерттеулерін ерекше атағанымыз жөн. Бұлар жалпы алғанда, ал егер мәселеге тереңдей дүниетамдық тұрғыдан келетін болсақ, *тіл білімі саласын бүгінгі жаңғыру талабына сай түсінуге ұмтылыс жасасақ*, Қ.Жұбанов мұраларынан тілдік зерттеулер үшін аса қажетті қоғам, мәдениет және этнос факторларын; қазақ этнолингвистикасының нышандарын; әлеуметтік лингвистика бойынша пайымдауларын; тіл мен мәдениет тұтасымын; тіл мен таным сабақтастықтарын; лингвомәдени танымның кейбір мәселелерін; психоллингвистика мен когнитивтік лингвистика мәселелерін; сондай-ақ гендерлік жіктелімнің тілдік қағидаларын кездестіретінімізді тіл мамандары, басқа да зерттеушілер айтып та, жазып та жүр.

Бір ескеретін жай профессор Қ.Жұбанов тіл-әдебиет мәселелерін де, халқымыздың этномәдени тарихын да, халық әдебиетінің таным-тәлімдік маңызын да тіл философиясын негізге алып, *тілдік дүниетаным* тұрғысынан зерделейді. Сондықтан да оның дана Абай мен Хожа Ахмет Яссауиді танып, танытуы да бұрынғы зерттеулерден өзгеше болып келеді. Себебі олардағы ой топшылау, ой түю астарларды тілдік таным философиясына негізделген және ұлтымыздың өз заманына сай ұлттық рухани өзгеру барысындағы танымы мен тану мүмкіндіктері де ескерілген.

Тіл мен ойлау, жалпы дүниетаным туралы мәселелер әдетте философиялық тұрғыдан қарастырылады. Адамзаттың дүниені тану даналығын кең көлемде философиялық категориялар негізінде түсіндіру қисынды. Өйткені, дәстүрлі философия дүниенің жаратылыс тегін, оның жалпы даму заңдылықтарын зерттейді. Сондықтан ол басқа ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып ой топшылайды. Ал тіл философиясы деп аталатын салада ұзақ уақыттар бойына ерекше қозғалыстар бола қойған жоқ, қаншалықты кең

ауқымды категорияларды пайдаланса да, философия тілдің өзіндік табиғатын түсіндіруде аса тереңге бара қоймайтыны белгілі.

Ал тіл білімі, әсіресе, тіл тарихы саласы әлі де болса көптеген тарихи тілдік деректердің жүйесін таба алмай жүр. Шындығында, *тіл тарихы* емес, *тіл генетикасы* ғана тілдің пайда болу табиғатын, әр түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-саяси әсермен «өзгеру» себептерін айқындап, ажыратып берер еді. Бірақ, бұл жерде профессор Қ.Жұбановтың пікірін қаперге алғанымыз жөн. Ол жалпы тілтану ғылымының Европадағы атақты білімпазы болған неміс ғалымы Штейнталь мен Якут тілінің аты шулы ірі білімпазы болған академик Бетмингтің «Орал-Алтай тілдері» деп аталған тілдердің өзгешеліктерін бұл тілдер мен сөйлеушілердің «жаратылыстық өзгешелігінен», «рухани жалқаулығынан», «сөйлеу мүшелерінің өзгеше құрылғандығынан» көріп, осынысымен Европа елдерінен бұлардың жаратылысы басқашалығын, тұмысынан тең емес, кем екендігін дәлелдемек болып, олардың «рухани жалқаулығы» бұларды ілгері бастырмай отыр» [1.47] – деген тұрпайы социологиялық тұжырымдарын жоққа шығарады.

Адамзаттың ең ілкі дүниетаным негіздері оның тілінде бейнеленген. Ендеше, философия адамзаттың дүниетанымын зерттеу үшін, әуелі оның тілдік танымының табиғатын түсінуі қажет. Осы тілдік танымның негізінде ойлау процесінің ең ежелгі принциптері тұр. Логиканың басты категориясы деп есептелетін ойлау – дүниетанымымыздың басты құралы. Ол дәстүрлі философияның да негізгі объектісі. Ал ойдың материалдық көрінісі – тіл. «Тіл – дүниетаным құралы» дегенде, біз ең әуелі осы тілдік дүниетаным негізінде тұрған ойлау әрекетін ескеруіміз керек. Тіл мен ойлаудың арасы, болмыс пен атаудың байланысы туралы мәселелер ертеден-ақ ғалымдардың назарын аударған. Ежелгі философтар еңбегінде тілге көп көңіл бөлінген. Осыған сәйкес номинализм теориясының зерттеле бастауының да терең тарихы бар. Сократ, Платон, Аристотель, Әл-Фараби трактаттарында сөз жүйесі жайында жазылған толғамды ой-тұжырымдар молынан кездеседі. Халқымыз: «Жүйелі сөз – жүйесін табады» десе, дана Абай: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» – дейді.

Осы жағдайлардан мол хабары бар профессор Қ.Жұбанов та тілсіз рухани мәдениет те биікке жете алмайтынын, халықтың рухани күші де, ұлт болып ұйысуы да тілінде екенін ескертеді. Оның ойынша, тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес, бірлігі де болмайды. Ғалым өз еңбектерінде қазақ тілінен басқа тілдерде болмайтын, болса да өте сирек ұшырасатын *бірөңкейлікті, бірқалыптылықты* ұшыратуға болатынын, онда ешбір *диалект* жоқтығын, бұл сияқты тіл бірлігі маңайындағы тілдердің ешқайсысында кездеспейтінін, қазақ халқынан саны 5-6 есе аз, жері шағын елдердің ішкі айырмашылығы сонша күшті екенін жазады. Осылайша, тіл тұтастығының халықтың бірегейленуі мен рухани дамуындағы орнын айта келіп: «Тілдердегі мұндай тұтастық, бір өнділік, тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі көп, неше түрлі рудан құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді» – [3.64] деп

тілдік танымды негізге ала отырып үлкен әлеуметтік-философиялық тұжырым жасайды.

Ғалым-зерттеуші «осы тығыз қатынас кейін әлсіреп, қазақ елінің бірлігі ыдырап, қоғам организмдері ұсақталып, осыған сәйкес қазақтың бұрынғы тұтас мәдениетінің тігістері сөгіліп, жарықшақталып, бытырауға айналғанына» өкініш білдіреді. Айта кету керек, бұндай келеңсіз құбылыстар патшалы Ресей дәуірінде басталып, халқымыздың қоғамдық-шаруашылық құрылысындағы, сана-сезімінде бар іріліктерді ұсақтауға, бар бүтіндіктерді ыдыратуға жүйелі қызмет жасалды. Қазақ халқының бойында, жалпы мәдениетінде бар кемшіліктер мен қалыс қалған жақтары жойылудың орнына үдетіле түсті. Осы істер Қазан төңкерісінен кейін де өз шешімін тауып кете қойған жоқ. Сөз жүзінде көп жайлар істелген болып, іс жүзінде халықтың салты мен дәстүрі, әдеті мен ғұрпы, тілі мен мәдениеті шет қақпай қалып отырды. Сондықтан, бүгінгі таңда осыны терең сезінген халқымыздың зиялы бөлігінің жоғалтқандарын іздеп, кенжелеп қалған тұстарын жетістіру мақсатына құлшыныспен кірісуі табиғи-диалектикалық қажеттіліктен туған іс.

Бұл тұрғыда да біз профессор Қ.Жұбанов тағылымынан үлгі аламыз. Баршаға белгілі егемен республикамызға аса қажетті жағдайлардың бірі – **ел тыныштығы мен бірлігі**. Белгілі тіл маманы бұл мәселені де тілдік философия тұрғысынан қарастырып, ғылыми-танымдық пайымдаулар жасайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін, тек бір ғана мәселе, ғалым-зерттеушінің қазақ елінің басын біріктіріп, ыдыратпай ұстауына объективті себептер болған жайлар туралы пайымдауларына тоқталалық. Оларды ғалым төмендегіше бағамдайды:

1. Шаруашылығы бірыңғай (*мал шаруасы*) жерлес елдің шеттегі даудан мал мен басын бірігіп қорғауы. Елдің ат арқасына мінері тегісінен әскер болуы. Сондықтан әрбір жеке адамның бас пайдасы мен қоғам пайдасы бірге ұштасып отырады да, әрбір жеке адамның азаматтық санасы, қоғамның жалпы мұңы, саяси белсенділігі күшейе түседі;

2. Көшпелі мал шаруашылығы және жер-мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес сол кезде бір жүз бен екінші жүздің от-суы, әр малдың сезон-сезондағы жайылымы, қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді;

3. Бір ру мен екінші рудың қонысқа, тағы басқаға таласып үздіксіз жауласып, әр жауласудың нәтижесінде үздіксіз араласып, жарасып тұратындығы. Міне, бұл да араластырмай, қатынастырмай қоймаушы еді;

4. Әр рудың ішкі қатынасы. Бұл да бірде татулық, бірде жаулық түрінде үзілмей отырды;

5. Осылардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, соның ішінде **қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі** пайда болды [3.64-65].

Мемлекет машинасы берік емес, тұрақты армиясы болмаған, көпшілікті дегеніне жеткізу, бітімге, қоныс меңгеруге көндіру үшін қазақ қауымы қолданған мықты құрал – тілі болатын. Ғалым-профессор «топ жарған шешен,

тоқпақ ақын, ескі әдетті көп білетін кәрі құлақ адамдар, қысқасы тіл өнершілері елдің тізгінін ұстап, даудың билігін айтқанын» [4.32] оқушы зердесіне салады. Сөйтіп ғалым тілдің заман ағымы негізінде түзілген таным, халықтың өмір сүру тәсілінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің, мінезінің, жалпы болмысының көрінісі екенін нақтылай түседі.

Жалпы тілдің дамуы адам баласының ішкі рухани қажеттілігін қанағаттандырудан туындайды. Осы негізде, проф. Қ.Жұбанов: «Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [2. 93.] – деген ой-қорытынды жасайды. Қ.Жұбанов пайымдауынша, «Тіл адам баласының әр кездердегі барлық табыстарын, ұғым-түсініктерін білдіреді. Онда саясат пен идеологияның да әсері болуы әбден мүмкін. Ғалым бұл айтылған ойын былайша негіздейді: «Бұрындары кейбір елдерде құлды кім? демей, не? деп сұрайды екен. Бұл оларды пассив нәрсе ретінде қарап, кемсітуден туған... Адам баласының өрлеу жолындағы ізінің тілге беделі түскен. Мысалы, қазақтың «балам» деуі патриархат заманының қалдығы, өйткені бұл сөз ру деген сөзге байланысты: *ру-ұрық* – *ұрығ-ұру*; Бұл хасыл (*асыл*) – тек. Көрінген баланы «балам» деу некесіз заманнан қалған мұра. Ол заманда әйелдің жасы үлкені АНА, АПА болған. Бұларда *ру* аты сияқты аталған. Еркектің үлкені АТА болып аталған, ҚЫЗ – кішкене әйел дегенді білдіретін сөз, оны монғолша – *кеукім* дейді» [2. 123-124].

Дүниетанымдық тұрғыдан келгенде «адамзат баласы алғаш қалай сөйлеген?» деген мәселені түсіндіру үшін ең әуелі «адамзат баласы алғаш қалай ойлаған?» деген сұраққа жауап табу қажет болады. Тіл мен ойлаудың арақатынасы, байланысы туралы мәселелер сонда ғана өзінің ақиқат шешімін табады. Тіл білімі мен тіл философиясында ортақ мәселе – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысы. Тіл – ойдың жемісі, ойды жарыққа шығаратын форма. Тіл – ойлау құралы, ой – оның мазмұны. Ойлау процесі – мида болатын құрылыс, сана әрекеті, ал тіл санадағы сол ойлау әрекетінің «ұғым» түріндегі нәтижесін дыбыстау аппараты арқылы материалдық формаға енгізеді. Осы екі басқа объектілерге қатысты екі түрлі құбылысты бір мезгілде өтетін құбылыстар деу сендірмейді. Олай болса олардың арасындағы «тығыз» байланыс та шартты түрдегі байланыс. Бұлардың уақытқа қатысты алғандағы байланысы, бейнелеп айтсақ, жердің соғуы нәтижесінде, шөптің қозғалуы тәрізді себеп-салдарлық байланыс. Яғни, ұғым айтылмақ болғанда, оған сөз таңдалады. Ең әуелі, ойдың ұғым түрінде бейнеленуінің өзі, яки ұғым пайда болуы тілге әсіресе, дыбыстық тілге тікелей байланысты емес. ҮІМ ТІЛІ дәуірінде ұғым әр түрлі ишарат белгілері арқылы бейнеленген.

Пайымдау, ойлау тәрізді, ұғым пайда болуы да – санадағы құбылыс. Ең ежелгі негіз ұғымдардың пайда болуында КӨЗ ҚЫЗМЕТІ ерекше орын алған. Себебі – ең ежелгі ұғымдар кеңістікке, ондағы денелердің әр түрлі бейнесіне байланысты туғанын тілдік деректер айқын көрсетеді. Ұғым пайда болуының негізінде – объект денотат тұрады. Ол – қозғаушы, сана әрекетін қоздырушы күш. Егер зат (*құбылыс*) болмаса, оның санадағы сәулесі, яки бейне де жоқ. Яки ұғым – дүниетанымның санадағы бейне суреті. Демек, ең ежелгі адамдар тіл

арқылы емес, көз арқылы ойлаған. Санадағы ұғымның мағынасын түсіну үшін осы көз арқылы қабылданған бейненің қандай бейне екенін түсіну қажет. Әрине, ол бізге көрінбейді, «қолға түспейді». Бірақ оның тіл, не басқаша тәсілдер арқылы берілу мүмкіндігі бар. Ұғым айтылмақ болғанда ғана оған сәйкес сөз тандалады деуіміз осыдан. Ол дыбыс, не басқа тәсіл арқылы да, ым-ишарат т.б. берілуі мүмкін. Демек, ең ежелгі негіз ұғымдардың пайда болуында тілдің еш қатысы болмаған. Тіл қызметі – екінші кезектегі әрекет. Тіл – табиғат пен адамзат аралығындағы сана арқылы болатын байланысты адамдардың өзара қарым-қатынасында бейнелейтін аралық құрал. Адамзат ұрпағының санасындағы ең алғашқы ұғымды белгі бір формада тілге (*ым тіліне, дыбыстық тілге, т.б.*) айналдыру үшін де қаншама ғасырлар өткенін болжап айту да оңай емес.

Міне осындай күрделі мәселені түсіндіруге проф. Қ. Жұбанов дыбыс жүйесі арқылы, тіл тану ғылымының бір саласы – *фонетика* арқылы келеді. Алайда ол фонетиканы таза дыбыс жайлы ғылым деп танитын ескі тілтану ғылымынан өзгешелеу тұрғыда, «салмақтандырып, дәлденкіреп түсіндіруге» ұмтылып төмендегідей байламдары мен пайымдарын ұсынады:

- фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексермейді;

- фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Мысалы адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды т.б. мұның бәрі адам дыбысы, бірақ адамның қоғамдық мұңы айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды;

- фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Мысалы, музыка да қоғамдық дыбыс, сөйте тұра бұл тіл дыбысы емес; жылау, күлу де қоғамдық дыбыстар бірақ тіл дыбыстары емес. Соңғысы барлық ұлт өкілдеріне түсінікті, ал тіл болса тек сол ұлт өкіліне, немесе, оны игерген адамға ғана түсінікті;

- фонетика бір тілмен сөйлейтін адамдарға ғана түсінікті дыбыс болған жердің бәрін тексермейді. Мысалы малдарды шақыру, қайыру, ысқыру т.б. бұлар да тіл дыбыстары емес. Өйткені тілдің атқаратын негізгі қызметі – адам мен адам арасындағы пікір қалыптастыру [2.37-40].

Осы айтылғандарды саралай келе, профессор Қ.Жұбанов: «фонетика тіл дыбысы болған жердің бәрін қарай бермейді, дыбыс тілінің дыбыстарын ғана тексереді» – деген тұжырым жасайды. Жоғарыда айтылған тіл мәселесіндегі ЫМ ТІЛІ мен КӨЗ ҚЫЗМЕТІ де тілші-ғалым назарынан тыс қалмаған. Сондай пікірлерінің бірі төмендегідей: «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ЫМ ТІЛІ. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдам сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл, мұнымен әйелдер сумаңдатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты.

Мұндай әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (*кеміткенде*), «бетін шымшу» (*ұятсынғанда*), «ауызын шылып еткізу» (*таңданғанда*), «ауызын быртылдату» (*кекеткенде*). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (*членораздельный*) емес. Фонетика дыбыс тілінің дыбыстары жайындағы ғылым болғандықтан дыбыс тілі жүйесіне қосылмайтын, ым тілі қалдықтарына жататын дыбыстарды қарамайды» [2.40-41].

Осы жоғарыда айтылғандар негізінде профессор Қ.Жұбанов жалпы тіл философиясы туралы мынандай тұжырымға келеді: «Бүгіндегі адам баласының тілі – дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» дегенмен бір есеп. Бүгінде дыбыстағанның бәрі бірдей сөйлеген болмағанмен, сөйлегеннің бәрі дыбыстаған болып кеткен. Сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құралысуы, орналасуы сияқты көрінеді. Кірпіш үйдің қабырғасы (*дуалы*) қабырға болмастан бұрын бөлек-бөлек, ұсақ-ұсақ кірпіштен болып, сол кірпіштен құралып, қаланып барып қабырға (*дуал*) қалпына келгені сияқты, тіл де дыбыстардан құралып барып, буындар, буындардан жиналып келген сөздер, сөздерден топталып алып, сөйлемдер пайда болатын тәрізді. Тәрізді ғана емес, бүгіндегі қандай жақсы деген грамматика кітабын алып қарасаңыз да дыбыстарды тіл қабырғасын құрастырған кірпіштер қылып көрсетеді.

Осындай түсініктің нәтижесінде үйдің қабырғасы болмас бұрын, оны құрастырғанда кірпіштер болмас бұрын, оны құраған құм топырақтар болғаны сияқты, сөз болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болмағанда осы күнгі біз білетін «а», «в», «с» дыбыстары болған сияқты көрінеді. Жеке айырынды дыбыстар тілдің арғы атасы сияқтанады. Тілдердің ілгері басуы, дамуы, өсуі дегеніміз «әлімсақтан» бері келе жатқан өзгермес дыбыстардың құралысу жөніндегі өзгерістер болып қана көрінеді».

Айтулы тіл маманы, профессор Қ.Жұбановтың тіл философиясы, оның дүниетанымдық ролі туралы пікірлерінің бір парасы осындай. Біздің филология саласы ғалымдары белгілі деңгейде Құдайберген Жұбанов туралы зерттеулер жүргізгенімен, оның шығармашылығының сан-салалы қырларын жан-жақты қарастыра қойған жоқ. Біз бұл мәселені бұдан біраз жыл бұрын «ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ДҮНИЕТАНЫМЫ» (*Ақтөбе, 1999*) деген еңбегімізде көтерген болатынбыз. Онда ғалым шығармашылығын таза тіл мәселесі шеңберінен шығарып, оның әлеуметтік-танымдық жағына назар аудару қажеттігін айтқанбыз. Біз әлі де сол пікірдеміз.

Әдебиеттер:

1. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1992.
2. Қ.Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы, «Өнер», 1990.
3. А.Тайжанұлы. Құдайберген Жұбанов дүниетанымы. Ақтөбе, 1999

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА ҚҰРЫЛЫСЫНДА ЖҰБАНОВТАРДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ

СИРАЗИТДИНОВ З.Ә.

*Өфө қаласы (ТТӘИ)
Ресей, Башқұртстан Республикасы
ф.ғ.к., тіл білімі және ақпараттық технологиялар
зертханасы меңгерушісі*

Қолданбалы лингвистика, соның ішінде математикалық және компьютерлік филология Қазақстан Республикасында үлкен биіктерге жетті. Бүгінгі күні Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының қолданбалы лингвистика бөлімінде, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің «Жасанды интеллект» ғылыми-зерттеу институтында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жасанды интеллект және үлкен мәліметтер кафедрасында ғылыми қызметкерлер жемісті жұмыс жүргізеді.

Бектаев К.Б., Жұбанов А.Х., Төкеев У.А., Шарипбаев А.А. сияқты белгілі ғалымдардың еңбектері арқасында қолданбалы лингвистиканың теориялық негіздері қаланды. Бұл ақпараттық технологияларға қазақ тілін енгізу үшін лингвистикалық мәліметтер базасы, морфологиялық және синтаксистік анализаторлары, қазақ сөйлеу синтезаторлары мен анализаторлары, қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ аудармашылары және т.б. қолданбалы бағдарламаларды жасауға мүмкіндік берді.

Мақаламызда біз қазақ филологтары Жұбановтардың еңбектеріне тоқталғымыз келеді, онсыз қазақ тіл білімінің қолданбалы бағытының қалыптасуын және дамуын көз алдына келтіру мүмкін емес.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1934 жылы жазылған мақаласында электронды мәшинелер мен компьютерлер пайда болғанға дейін қазақ сөзіндегі буындарды ажырату үшін «механикалық» (Қ.Қ.Жұбанов термині) алгоритмін ұсынады. Алгоритмнің құрылатын негізгі қағидалары туралы автор былай деп жазады:

- «1. Дауысты дыбыссыз буын болмайды.
2. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды.
3. Дауысты дыбыс жалғыз өзі де буын бола алады.
4. Бір буында үштен артық дауыссыз дыбыс болмайды.
5. Екі дауыссыз бір буында қатар келетін болса, дауыстының соңынан ғана келеді. Еш уақытта алдында екі дауыссыз қатар келмейді.
6. Сөз ішінде дауыстыдан басталатын буын болмайды. Әр уақытта ортадағы, аяқтағы буын дауыссыздан басталады.» [1: 374].

Автордың бұл қағидаттарын жалпыланған буын модельдерінің түрлерін анықтау және олардың сөз түрінде позициялық бекітілуін ашу ретінде қарастыруға болады.

Бір буынның сөз түрінде позициялық бекітілуін автор былайша анықтайды:

- 1) сөз ішінде дауысты дыбыстан басталатын буын мүмкін емес,
- 2) орта және соңғы буындар дауыссыз дыбыстан басталады.

Осылайша, жалпыланған модельдер және олардың позициялық бекітілуі автоматтандыру үшін жеткілікті шарт болып табылады немесе К.К.Жұбановтың сөзі бойынша буындарды бөлу процесін «механикаландыру» [1: 374 б].

Автордың буындарды таңдау алгоритмі осылай шығады:

- 1) дыбысты таңдау,
- 2) түрін анықтау (дауысты, дауыссыз),
- 3) келесі дыбысты таңдау,
- 4) алынған дыбыстық тіркесімді қазақ буынының модельдеріне сәйкестігі үшін қарастыру,
- 5) егер болса, онда позициялық бекітудің орындылығын тексеру,
- 7) егер болса, онда буын ерекшеленеді.

Айтылған принциптер мен алгоритмдерге сүйене отырып, Құдайберген Қуанула қазақ сөзінде буындарды бөлудің келесі мысалын келтіреді:

«Мысал үшін «оқытушы» деген сөзді буындап көрелік. Соңынан бастасақ, соңғы дыбысы **ы** – дауысты, мұның алдында бір дауыссыз тастап бөлсек, «оқыту//шы» болады. Оған жалғас тұрған дауысты у-дың алдына бір дауыссыз тастап бөлсек, «оқы//ту//шы» болады. Бұған жалғас тұрған дауысты **ы**-ның алдына бір дауыссыз тастап бөлсек, «о//қы//ту//шы» болады. Сонда «оқытушы» сөзі төрт буынды болып, буын жігі «о-қы-ту-шы» тәрізінде ашылып шығады.»

Бұл буынның бөліну алгоритмдері тек қазақ тілінің ғана емес, сонымен бірге туыстық түркі тілдерінің де барлық сөздерді автоматты құру жүйелерінің негізін құрайтын болып табылады. Атап айтқанда, олардың негізінде және ұлттық тілдің ерекшеліктерін ескере отырып, башқұрт тілінің фонетикалық заңдылықтарына бағынатын өз сөз формалары мен басқа тілдерден кірген сөздердің буындарға автоматты бөліну жүйесі жасалды [1: 376].

Құдайберген Қуанұлының ұлы профессор Есет Құдайбергенұлы – дәстүрлі тіл білімінің көрнекті өкілі. Алайда оның математика ғылымының тіл біліміндегі орны мен рөлі туралы тұжырымдары өткен ғасырдың 70-80-ші жылдарында маңызды болды, өйткені олар тіл білімін байытуға мүмкіндік берді. Інісі Асқар Құдайбергенұлының білімі бойынша математик, алайда тағдырын қолданбалы лингвистикамен байланыстыруда. Қазақ тіл білімінің бұл саласына елеулі үлес қосуында әкесінің орнына қалған Есет Құдайбергенұлының шешуші рөлі болды.

Есет Құдайбергенұлының идеялары Асқар Құдайбергенұлымен бірлескен ғылыми мақалада айқын көрінеді, онда тілдік фактілерді дәстүрлі әдістер

көмектесе алмайтын жағдайда нақты әдістермен түсіндіру міндеті қолданбалы лингвистиканың басымдығы болып табылады [2]. Әрине, ақпараттық технологиялар өздерінің негізгі міндеттерін қойған кезде, мысалы, тілдік құбылыстарды рәсімдеу кезінде, бүгінгі көзқарас тұрғысынан бұл артта қалады. Бірақ Есет Құдайбергенұлының ұсынысы сол кезде өзекті болды.

Есімде, мен 80-ше жылдарда Тіл білімі институтында аспирантурада жүрген кезімде Есет Құдайбергенұлымен сөйлескенде математиканың тіл біліміндегі орны мен рөлі туралы жиі сұрақ қойды. Ол тілге жүйенің құрылымы ретінде ғана емес, зерттеушінің көзінен көптеген сөздердің, морфолгик формалардың қабаттануынан жасырылған тілдік ерекшеліктерді математикалық әдістер арқылы ашуға тырысуды ұсынды. Оның идеялары менің кең ауқымды филолог ретіндегі дамуыма әсер етті.

СССР-дағы квантитативті-статистикалық лингвистиканың негізін қалаушылардың бірі Қалдыбай Бектаевтың шәкірті болған Асқар Құдайбергенұлы ХХ ғасырдың 60-жылдары ғылыми шығармашылығын жиілік сөздіктер құрастыру мен соның базасында қазақ мәтіндері құрылымын статистикалық зерттеумен бастады. Қоғамдық ғылымдарға есептеуіш мәшинелер ене бастаған жылдары мәтіндермен жұмыс істеу мен сол сияқты нәтижелерді математикалық талдау үшін арнайы бағдарламалық пакеттер мен қосымшалар жоқ болатын. Жас ғалымның үлес қосуымен М.Әуезовтің «Абай жолы» романы цифрланып, оның материалдары ғалым әзірлеген алгоритмі мен бағдарламасының негізінде Минск-22 ЭЕМ-де зерттелді. Зерттеу нәтижелері жас ғалымның ғылыми мақалаларында жарияланып, кандидаттық диссертациясының негізін қалады [3-7].

Асқар Құдайбергенұлының қазақ мәтіндері бойынша зерттеулері нәтижесінде лингвистикалық зерттеулердегі норманы таңдау (серия көлемі (K), серия саны (n), және таңдау көлемі (N)) зерттеліп отырған лингвистикалық бірліктің үлестірілім сипатына едәуір әсер ететіні туралы болжам дәйектелді. Осы зерттеулерде ғалым нормалаудың кіші мәнінде лингвистикалық бірліктердің үлестірілім түрі зерттеліп отырған мәтіннің функционалдық стиліне де байланысты болатыны анықталды.

Ақпараттық технологияның бастапқы кезеңінде СССР-де операциялық жүйелерде тек ағылшын және орыс тілі ғана болды, тіпті компьютер деген сөздің өзі қолданыста жоқ болатын. Оның орнына ЭЕМ аббревиатурасы деп қолданылды. Кеңес үкіметінің көптеген тілдері үшін лингвистикалық зерттеулерде цифрлық техниканы қолдану ерекше міндет болатын. А.Қ.Жұбановтың түркі тілдерінің жазба мәтіндерін ЭЕМ-де кодтау мәселесіне арналған тұңғыш еңбегі және соның негізінде құрастырылған жиілік, кері-жиілік, әліпбилі-жиілік сөздіктер, әріптер тіркесімінің, сөзтіркесімнің жиілік тізімі алгоритмі түркологиядағы цифрлық техниканы қолдану мүмкіндігін туғызды [8-11]. Ғалым ұсынған түркі мәтіндерін өңдеу технологиясында цифрлық техниканы қолдану нәтижелері өзбек, қарақалпақ және башқұрт ғалымдары еңбектерінде қолданыс тапты [12-16].

Асқар Құдайбергенұлы көп жылдар бойы түркі республикаларының тілші-әріптестеріне ақпараттық технологияны меңгеру ісі бойынша кеңес беріп, үнемі қолдау көрсетіп отырды. Мұны, әсіресе, кирил қаріптері негізінде ұлттық клавиатурада әріптерді орналастыру көптеген түркі тілдерінде қазақ тіліне өте ұқсайтынан да байқауға болады. Қазақ тілі бойынша жарық көрген жиілік сөздіктердің басым бөлігі А.Қ.Жұбановтың қатысуымен құрастырылғанын атап айту қажет. Бұл сөздіктер құнды зерттеу материалы ғана емес, қазақстандық лингвистика ғылымын биікке шығарған сөздіктер болды. Мысалы, Абай поэзиясы тілінің жиілік сөздігі СССР-дағы Пушкин лирикасы сөздігінен кейінгі екінші сөздік болды [17]. Ал орхон жазуы мен Кодекс куманикус тарихи ескерткіші мәтіндері бойынша құрастырылған сөздіктер әлемдік деңгейдегі бірегей сөздіктер қатарынан орын алады. Ғалым бұл ғылыми бағытын қазіргі кезде де жалғастырып отыр. Айталық, Асқар Жұбанов қазақ тілінің үлкен жиілік сөздігін дайындауға жетекшілік жасады, бұл сөздік 2016 жылдың аяқ шенінде жарық көрді.

Ғалым шығарған жиілік сөздіктер, мәтінге статистикалық талдау жасау әдістемесі Асқар Құдайбергенұлының авторлық лексикография мен қазақ жазушыларының жеке стилін зерттеуде қолданыс тапты [18]. Автордың біраз еңбектері қазақ мәтінінің графемдік құрылымын зерттеуге арналды [19-20]. Ғалым қазақ сөйленісінде үнді және жуысыңқы шұғыл дыбыстардың жоғары жиілікте қолданылатынын анықтады. Осы бағыттағы жұмыстары ғалымның қазақ мәтіндеріне автоматты транскрипция жасауға мүмкіндік берді. А.Қ.Жұбанов жазба мәтіндерді фонетикалық мәтіндерге автоматты түрде көшіру алгоритмін ұсынды [21].

Қазақ мәтіндерінің сөзтүрлендіруші және форматудырушы категориялары бойынша статистикалық материалдарды жинақтауы ғалымның қазақ сөзформасының автоматты синтездеу мәселелерінің теориялық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Синтез-анализ мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оның бірі шешілсе, екіншісін де шешуге болады. Сөзформаны анализ және синтездеу мәселесі тілдің автоматты морфологиялық талдаушы (анализатор) жасауға база болады. 2000 жылдардың басында ғылыми байланыстың кемдігінен осы мәселеге түркітанушылардың назарын аударып, бірігіп істеуге кедергі болды. Есім және етістік сөзформаларды жеке дара синтездеу негізінде осы мәселені шешуде А.Қ.Жұбановтың өте қырағы ғылыми пайымы маңызды болды деуге болады [22]. Ғалым бұл ғылыми әдісті басқа түркітанушы ғалымдардан бұрын аңғарған еді. Осыдан кейін бұл мәселе башқұрт және хакас тілдерінде қолданыс тапты [23-24].

А.Қ.Жұбановтың қазақ қолданбалы тіл біліміне үлес қосқан іргелі еңбегі, әрине, ғалымның қазақ мәтінін көпдеңгейлі модельдеу мәселесіне арналған докторлық диссертациясы еді. Диссертациядағы негізгі тұжырымдар кейін монография ретінде жарық көрді. Мәтіннің семантика-синтаксистік мазмұнын формалдау компьютерге түсінікті жасанды тілді қолдануды қажет етеді. Автор бұл ретте өзінің ғылыми жетекшісі құрастырған СЕМСИНТ тілін қолданады.

Бұл тіл жеке сөздің, сөйлемнің, абзацтың және тұтас мәтіннің мазмұнын сипаттауға мүмкіндік береді. СЕМСИНТ мәтіндік бірліктер арасындағы семантикалық және синтаксистік қатынастарды сипаттай алатын қағидаттар бойынша жұмыс істей алады. Ал бұл мәтінді семантика-синтаксистік формулаға салуға мүмкіндік береді, соның негізінде нақты бір мәтіннің жалпылама семантика-синтаксистік формуласын шығаруға болады. Мұндай жұмыс түркітануда алғаш рет зерттелгендігін атап өту қажет. Олар:

- қазақ тіліндегі атауыш сөздердің семантикалық классификациясы ұсынылды;

- қазақ тілінің үш функционалды стиліндегі (көркем, публицистикалық, ғылыми) заттық-логикалық мазмұндары бойынша бастапқы, ортаңғы және соңғы абзацтар типтері анықталды;

- тірек сөздер типтері анықталды;

- мәтіндегі орналасуына байланысты абзацтың функционалды-мағыналық типтері зерттелді;

- лексика-семантикалық формулалар түрінде әртүрлі функционалды стиль мәтіндерінің модельдері құрастырылды.

Бұл алынған нәтижелер болашақта ұлттық интеллектуалдық ақпараттық жүйені жасауда міндетті түрде пайдаланылатын құнды, маңызды материал болып табылады. Атап айтқанда, ақпаратты автоматты жинау мен классификация жасауда, мәтінді автоматты түрде туындатуға т.б.

Филологиялық компьютерлік мәліметтер базасын жаңа ғылыми-теориялық жаңалықтар ашудың дереккөзі, сондай-ақ көпшілік пайдаланушылардың автоматтандырылған анықтамалық құралы ретінде маңыздылығын жақсы түсінген Асқар Құдайбергеноұлы 2003 жылы ІТ технологиясының мамандары мен филологтардың осы мәселеде бірігуі қажет екендігі туралы баспа беттерінде арнайы көтеріп, мақала жариялаған болатын [25]. Осы кездерден бастап А.Қ.Жұбанов өзінің бар күшін, білімін, тәжірибесін қазақ тілінің лингвистикалық деректер базасын жасауға жұмсап келеді.

Лингвистикада лингвистикалық деректер базасы және толық мәтіндер базасы бар. Лингвистикалық базалар әртүрлі лингвистикалық бірліктер туралы ақпараттарды жинақтайды. Мәселен: лексика, фонетика, морфология, айталық, Қазіргі ағылшын тілінің халықаралық компьютерлік архиві (International Computer Archive of Modern English – ICAME), орыс терминологиясының «РОСТЕРМ» деректер базасы және т.б. Ал толық мәтіндер базасын мәтіндер корпусы құрайды. Мысалы, «Ағылшын тілінің Британ ұлттық корпусы», Ресейдегі ең ірі «Орыс тілінің ұлттық корпусы» немесе «XX ғасыр соңындағы орыс газет мәтіндерінің компьютерлік корпусы».

Автордың осы бағыттағы зерттеулері барысында ғалымның «Тіл – қазына» атты лексикографиялық базасының құрылымы жасалды [26]. Бұл лексикографиялық база әртүрлі компьютерлік бағдарламалармен жабдықталған, пайдаланушыға қажетті материалды іздеп табуға ыңғайлы етіп жасалған, жан-жақты ақпараттарды жинақтаған көпқырлы құрылымнан тұрады. Мұндай лексикографиялық деректер базасын жасаудағы негізгі қиындық, ол

сөздіктердің кітап нұсқаларының базасынан жасалатындығы болды. Оларды электронды пішінге келтіру және программамен жұмыс істеуге келтіру, яғни ақпараттық базаға салу көп еңбекті қажет етеді. А.Қ.Жұбанов қазақ тіл біліміндегі барлық сөздіктерді бір жүйеге келтіріп, оларды компьютерлік лексикографиялық базадағы деректер қорына салудың бірегей құрылымын жасады.

Қазіргі кезде «Тіл – қазына» базасында: Тіл білімі институтының лексикографиялық картотекасы, көптомдық сөздік пен қазақ тілінің басқа да сөздіктерінің электронды нұсқалары бар. База институт картотекасы, түсіндірме, синонимдер, орфоэпиялық сөздіктер, екі тілді сөздіктер, терминологиялық сөздіктердегі сөздер мен формаларды қажетке қарай іздеп табатын арнайы программамен жұмыс жасайды. Мысалы, картотекалық базадан пайдаланушы өзіне қажетті сөзді, авторды, жылы бойынша, кітап атауы бойынша немесе абзацтар, сөйлемдер бойынша тауып ала алады. Бұл база Институт қызметкері үшін сеттік байланыста орнатылған, осы база институттың көптеген лингвистикалық зерттеулері мен лексикографиялық жұмыстары үшін құнды материал болып отыр. Айталық, осы база қазақ тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінің қысқа мерзімде жарық көруіне септігін тигізді.

Асқар Құдайбергенұлы өзінің бар күшін ғылыми зерттеуге арнай отырып, тілді оқыту мәселесінде жаңа инновациялық әдістемелерді жасауға да уақыт тапты. Ғалымның тіл оқытуда жиілігі жоғары K ($K = F \cdot m / N \cdot n$) сөздерді тірек сөз ретінде алуға қатысты компьютерлік бағдарламасы мектептер мен жоғары оқу орындарында кең қолданыс тапты [27].

Ғалымның көпжылғы зерттеулер нәтижесі қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауға да негіз болды. Бұл корпус қазіргі уақытта А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғалымның жетекшілігімен жасалып жатыр. Ғалымның ұлттық корпус құрылысын жасауға қатысты мәселелері ғылыми еңбектерінде жарық көрді [28-29]. Ұлттық корпус туралы зерттеулері мен ғалымның қазақ сөзформасын автоматты анализ және синтездеу міндетін шешуге қатысты зерттеулері, «Тіл – қазына» деректер базасы, сондай-ақ ғалымның ғылымға деген жанашырлығы мен ерен еңбегі институттың ұжымының қазақ тілінің ұлттық корпусын сәтті жасап шығуына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Асқар Құдайбергенұлы – Қалдыбай Бектаевтың ең талантты және ең мықты шәкірті. Сондықтан да Қазақстанға математикалық лингвистиканың негізін қалаған белгілі ғалым Қ.Бектаев өзі институтта ашқан қолданбалы лингвистика тобының жетекшісі ретінде Асқар Құдайбергенұлына сеніп тапсырды. Өткен ғасырда бұл топ «Автоматтандыру және лексикография» лабораториясы болды. Кейін өз алдына «Қолданбалы лингвистика» бөлімі болып қайта құрылды. Осы жылдары Асқар Құдайбергенұлы Қ.Бектаевтың математикалық лингвистика мектебін ғана дамытып қойған жоқ, ол өзінің компьютерлік лингвистика мектебінің негізін қалады.

А.Жұбанов көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялардың жетекшісі, кеңесшісі және ресми оппоненттері болды. Ол қазақ қолданбалы

лингвистикасында ғана емес, башқұрт тіл білімінде де осы саланың мамандарын дайындады. Осы мақала авторы 1983-1984 жылдары А.Жұбановтың жетекшілігімен институттың «Автоматтандыру және лексикография» тобында тағылымдамадан өткен болатын. Осыдан кейін Асқар Құдайбергеноұлы кандидаттық диссертацияның ғылыми кеңесшісі болды.

Асқар Құдайбергеноұлы қолданбалы лингвистика мамандарын дайындауда оларға білім беріп қана қойған жоқ, қазақ тіліне, ғылымға деген құрмет пен сүйіспеншілікті ұялатты. Туған тіліне деген сезімі мен жанашырлығы оған әкесі – қазақ лингвистикасының бірінші профессоры Құдайберген Қуанұлынан қанмен тараған керемет қасиеті болса керек.

ӘДЕБИЕТ:

1. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөнндегі зерттеулер. – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет.

2. Джубанов А.Х., Жубанов Е.Х. Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе М.Ауэзова «Абай жолы» («Путь Абая»)//Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1973. С. 231-250.

3. Джубанов А.Х., Зубов А.В. Автоматизация некоторых лингвистических процессов//Вестник АН КазССР. Исследования молодых ученых. Алма-Ата, 1968, №9, С.31-36.

4. Джубанов А.Х., Джубанов Е.Х. Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе А.Ауэзова «Абай жолы» («Путь Абая»)//Статистика казахского текста. Алма-Ата: Наука, 1973, С.231-248.

5. Джубанов А.Х., Бектаев К.Б. Вероятностно-статистическое моделирование тюркских текстов//Статистика казахского текста. Алма-Ата: Наука, 1973, С.299-328.

6. Джубанов А.Х. Вероятностные законы распределения классов слов казахского текста//Труды VII Всесоюзной школы-семинара «Автоматическое распознавание слуховых образов». Алма-Ата, 18-23 сентября, 1972 г. Алма-Ата: Наука, 1973, С.139-145.

7. Джубанов А.Х. Статистическое исследование казахского текста с применением ЭВМ (на материале романа М.Ауэзова «Абай жолы»). Автореф. на соискание ученой степени канд. филол. наук. Алма-Ата, 1973.

8. Джубанов А.Х., Зубов А.В. Автоматизация некоторых лингвистических процессов// Вестник АН КазССР, №9, 1968, С.31-36.

9. Джубанов А.Х. Бектаев К.Б., Зубов А.В. Автоматическое построение частотных словарей (прямого и обратного)//Вестник АН КазССР №3, 1970, С.48-53.

10. Джубанов А.Х. Задача получения на ЭВМ частотных списков лингвистических единиц//Статистика казахского текста. Алма-Ата: Наука, 1973, С.263-287].

11. Джубанов А.Х. Подготовка тюркоязычного текста для получения словоуказателя произведений индивидуального писателя на ЭВМ//Советская тюркология, №1, 1988. С.115-122.
12. Мухаммедов С.А. Статистический анализ лексико-морфологической структуры узбекских газетных текстов. Автореф. дисс. .. канд. филол. наук. Ташкент, 1980, 26 с.
13. Айымбетов М. Опыт лингво-статистического анализа лексики и морфологии каракалпакского публицистического текста. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. Ташкент, 1987, 23 с.
14. Сиразитдинов З.А. Частотный словарь башкирского языка. Т1 (наука). Уфа: Гилем, 1997. 330 с.
15. Сиразитдинов З.А. Частотный словарь башкирского языка. Т2 (проза). Уфа: Гилем, 2002. 431 с.
16. Сиразитдинов З.А., Шамсутдинова Г.Г. Частотный словарь башкирского языка. Т.3 (публицистика). Уфа: Гилем, 2006. 384 с.
17. Бектаев К.Б., Джубанов А.Х., Мырзабеков С.М., Белботаев А.Б. М.Әуезовтің «Абай жолы романының жиілік сөздігі». Алматы: Ғылым, 1979. 334 б.
18. Джубанов А.Х. Использование ЭВМ в авторской лексикографии//Переработка текста методами инженерной лингвистики: Тезисы докладов Всесоюзной конференции, Минск, 1-2 февраля, 1982 г. С.135-137.
19. Джубанов А.Х. К вопросу о графемной статистике казахского текста/Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979. С.79-86.
20. Жұбанов А.Қ., Жұбанов Е.Б. Қазақ жазба мәтіндеріндегі графема қолданысының статистикасы/ҚР ҰҒА-ның «Хабарлары». №5 (165), 2007. Б. 28-32.
21. Джубанов А.Х., Джунусбеков А. Преобразование с помощью ЭВМ казахских текстов в фонетическую запись//Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистики. Чимкент, 1980. С.317-318.
22. Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. Автореф. дисс. док. филол. наук. Алматы, 2002. 32 с.
23. Сиразитдинов З.А. Моделирование грамматики башкирского языка. Словоизменительная система. Уфа: Гилем, 2006. 160 с.
24. Дыбо А.В., Шеймович А.В. Автоматический морфологический анализ для корпусов тюркских языков// Труды Казанской школы по компьютерной и когнитивной лингвистике TEL-2014: Изд-во «Фэн» АН РТ. С.111-120
25. Жұбанов А.Қ. Тіліміздің компьютерлік қорын жасау керек//Ана тілі. 2003. 13 қараша (№45).
26. Жубанов А.К. База данных казахского слова и ее теоретические основы. Алматы: «Арыс», 2009. С. 231.

27. Джубанов А.Х. Использование ЭВМ для выделения опорных слов текста//Актуальные проблемы компьютерной лингвистики: тезисы докладов Всесоюзной конференции. Тарту, 29-31 мая, 1990, С.79-50.

28. Жұбанов А.Қ. Қазақ тілі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құрудың алғышарттары//Әдеби тіл және қазақ тілінің: өміршендігі. Алматы, 2009. 173-179 бб.

29. Қазақ тілінің ұлттық корпусы мәтіндегі сөзқолданыстардың сөз табына қатысты ықтималды-статистикалық моделі// Актуальные проблемы диалектологии языков народов России: Материалы XIV Всероссийской научной конференции. Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2014. С.258-261.

Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ С.АМАНЖОЛОВ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

С.ОРАЗАЛИН

Ф.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚМУ профессоры

1899 жылы 19 желтоқсанда Тіл білімі ғылымы үш бәйтерегінің бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбанов дүниеге келді.

Жұбанов туралы ой

Өрнектеп ойын жырменен,
Тереңнен тартып бүрлеген.
Ғылымға бойлай сусындап,
Қазақтың тілін түрлеген.
Жұбановтай асылға,
Жұбановтай ғасырға,
Құдайбергендей ағаға,
Біртуар асыл данаға,
Ойымды айтып көрейін.
Өр Алтайдың төрінен
жалынды сәлем берейін!
Жырларымды төгейін,
Қан тамырларымды сөгейін.
Соңынан ерген ұрпаққа
Асыл туған ағаның
Арманы болып келейін.
Сөнді ғой, қазақ талайың,
Сөйлемей қалай қалайын.
Атылып кеткен ағаның

Шырағы болып жанайын..
Ғылымның қайнар бұлағы ең,
Білімнің сөнбес шырағы ең,
Мұз үстінде жалындап
Ғасырдан – ғасыр тұрар ең.

xxx

Қасыңда ұран салам
Күндестік жойылсын деп.
Мәңгілік ескерткішке
Ақ гүлдер қойылсын деп.
Жетпеген арманыңды
Ұрпағың арқаласын.
Қазақтың жалғызы едің
Бұл тойың тарқамасын

С.Оразалин 2019 жыл, 24-25 қазан, Ақтөбе

Ерекше пікір: Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің бір сөзінде «Біз жарқын болашаққа ұмтыла отырып, өткеннен тағылым алғанымыз орынды.» дейді. Ғалымдар да, білім іздеген жастар да «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын, 2019 жылғы екінші қыркүйектегі ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға арналған бағдарламалардың өзектілері өткен тарихи жылдарға үңілу, ғалымдар мұрасына баға беру, осы негізге сүйене отырып алға жылжу деп түсінемін. Сондықтан да бүгінгі тақырып та, конференция да, Қ.Жұбанов мұрасындағы зерттеулерді қайталап еске түсіру де кездейсоқ жасалған дүние емес.

Қазақ тілі – осы уаққа шейін жүйелі түрде тексеріліп, ғылым тезіне түспеген тіл. Қазақ тілін алғаш зерттегендер патша үкіметінің отаршыл саясатын іске асыру мақсатымен отар елдердің әдет-ғұрпын, тіл-әдебиетін тексерген миссионерлер, одан қалды күншығысшыл оқымыстылар болды. Бұл топтан шыққандардың басты-бастылары: Н.И.Ильминский, проф. П.М.Мелиоранский, М.Терентьев, И.Лаптев, В.В.Катаринский, академик В.В.Радлов, проф. Е.Д.Поливанов тағы басқалар еді. Бұлардан бұрын қазақ ауыз әдебиетін, тарих, этнографиясын тексерген Уәлиханұлы Шоқанды да қазақ тілін тексеруге қатысқандардан санауға болады деген екен Қ.Жұбанов. Біз бұндай пікірді енді айтып жүрміз

Екінші ерекше пікір: Шынында неге осы уақытқа дейін Байтұрсынұлының кітаптары қолданылып келеді? Неге оның «Тіл-құралдары» 1-басқыштан бастап жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл-құралмен» оқыту тиылған бола тұрса да, мұғалімдеріміз неге әлі күнге дейін оны құрандай қолтықтап, сабаққа сонан даярланады? Кім бұған айыпты? Әлде, сол мұғалімдер ме? Жоқ. Бұған біз, тіл зерттеушілері айыптымыз. Бүгінге шейін қазақ тілі жайында жазылған жолбасшы

кітаптарымыздың бәрі де «Тіл-құралдан» кем болған. Біздің шығарған кітаптарымыздың кеудесіне нан піскендей мен-мендігі болғанмен, іші қуысырақ соққан. Білімге сусаған қалың мұғалім бұлардан шөлін қандыра алмаса, бірқатар жоғы «Тіл-құралдан» табылып тұрса, ол сусынды содан іздемей, қайдан іздесін Біз қазір ХХ! Ғасыр биігінде тұрып, көзіміз жетіп тұрса да қорғаншақтап, тіл білімінің өткен тарихына пікір бере алмай күмілжіп келеміз.

Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов бір естелік-мақаласында ғалым туралы мынадай ерекше пікір айтады:

Енді бүгін сонау Абай меңзеген өрістен Абайша көз салып қарасақ, өз тұрғыластарымыздың ішінен өнердің, істің, еңбектің талай майталман жорғасы мен өрен жүйрігін көреміз. Жорға мен жүйріктің алғаш аяқ тастасынан көзге шалынатыны сияқты, сол адамдардың қай-қайсысы да бастапқы қадамдарынан-ақ өздерінің кім екенін, қоғамдағы орны қандайлық болатынын аңғарта білгенді. Біз әңгімелегелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ЕСТЕЛІКТЕР 537 жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді.

Үшінші пікір: Қазақ тілінің грамматикалық, фонетикалық құрылымын мектепте ана тілінде оқытып үйрету мақсатымен алғаш рет зерделеген Ахмет Байтұрсынов екендігі тарихи шындық. Соңғы кездерде Байтұрсынов мұрасын арнайы зерттеушілер оның қазақ тілінің дыбыс жүйесін талдап, ұлттық әліпби (алфавит) түзуде ғылыми тіректерге сүйенгенін дәлелдеп отыр. Демек, «қазақ тілі білімі» атты ұлттық ғылым саласының негізін салушы Ахмет Байтұрсынов деп танымыз да, бұл ғылымды әрі қарай алып барушы, құр жалғастырушы емес, теориялық негіздерге иек артып, қазақ лингвистикасын іргелі ғылым ретінде дамытуды бастаған, яғни қазақ тіл білімі дамуының жаңа кезеңінің іргетасын қалаған Құдайберген Жұбанов деп санаймыз.

Ғабит Мүсірепов

Фонетиканың жекелеген мәселелері әр кезде әр түрлі тіл мамандары арқылы қаралғанымен іс жүзінде толық А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов ізденістері нәтижесінде ғана қазақ фонетикасының ғылыми теориялық негізі жасалды деген қорытынды пікір айта аламыз.

Қ.Жұбановқа дейінгі ғалымдардың ешқайсысының да қазақ тілі дыбыстарын зерттеудегі алғашқы ізденістерін жоққа шығаруға болмайды. Ол «қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасай алмайды, бір мезгілде ғана жасалмайды» деп дұрыс қорытынды жасап, А.Байтұрсыновтың еңбектерін атап, объективті баға бере отырып сол кездегі кейбір ғылыми еңбектердің мектеп оқулықтары деңгейінде екендігін, заман, уақыт талабын қанағаттандыра алмайтындығын да атап өткен. Ол өзіне дейінгі ізденіс еңбектер ішінде А.Байтұрсынов еңбектеріне көңіл бөлген.

А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановқа дейін қазақ тіл білімі дербес ғылым ретінде қалыптаспаған еді, тіпті А.Байтұрсыновқа дейін қазақтарға арнап алфавит жасау мәселесі де күн тәртібіне қойылмағандығы бәрімізге белгілі.

Қ.Жұбанов еңбек еткен кезеңдегі белгілі зерттеу А.Байтұрсынов еңбектері екенін ескерсек, осы екі ғалым арасындағы ғылыми жалғастық пен өзіндік ерекшеліктерін айтудың да маңызы зор.

А.Байтұрсынов: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтылуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек», – дейді де, «айтылуына қарай жіктегенде қазақ тілінде дыбыстар дауысты, дауыссыз болып екі айрылады», деп дауысты дыбыстар қатарына 12 дыбысты, дауыссыздар қатарына 12 дыбысты жатқызады. Дауыстының өзін екіге- толық және шала дауыстылар деп бөледі. Ал Қ.Жұбанов дыбыстарды бірден үш топқа бөледі.

1. дауыстылар
2. дауыссыздар
3. сонар дыбыстар.

Дыбыстың түріне қарай: толық дауысты – а, ә, е, о, ө
келте дауысты – ы, і, ұ, ү
қосынды дауысты – ұу, үу, ый, ій деп бөледі.

А.Байтұрсыновтың шала дауыстыларын (р, л, м, н, ң, у, й) Қ.Жұбанов сонар дауыстылар деп атаған. А.Байтұрсынов б, г, ғ, д, ж, з дыбыстарын босаң, жалаң дауыссыздар деп атаса, Қ.Жұбанов осы дыбыстарды тобымен алып, үнді дауыссыздар деп атаған. А.Байтұрсынов қ, к, ш, с, т, п дыбыстарын қысаң жолды дауыссыздар деп атаса, Қ.Жұбанов оларды үнсіз дауыссыздар деп атаған.

А.Байтұрсынов а, е, ы дыбыстарын ауыз арқылы өтетін еркіндері деп атаса, Қ.Жұбанов а/ә, е, ы, і дыбыстарын езу дауыстылары деген.

А.Байтұрсынов о, ұ ауыз арқылы өтетін қымқырындысы десе, Қ.Жұбанов о/ө, ұ, ү/ дыбыстарын ерін дауыстылары дейді. Сонда бұдан қазіргі тілімізде бар еріндік, езулік дейтін терминдерді Қ.Жұбанов енгізген деп қортынды шығаруға болады.

А.Байтұрсынов ауыз арқылы өтетін именіштілер деп и, у дыбыстарын атаған болса, Қ.Жұбанов бұларды тура жолды сонарлар деп атайды.

А.Байтұрсынов с, ш, ж, з дыбыстарын таңдай сүзулер десе, Қ.Жұбанов созылымдылығына қарай үздіксіз, жасалу түріне қарай жуысыңқы деп атайды. Қазіргі ызың дауыссыздар деп жүргеніміз де осы дыбыстар. (осы жуысыңқы дауыссыздарды зерттедім)

А.Байтұрсынов м,н,ң дыбыстарын мұрын шығысты шала дауысты десе, Қ.Жұбанов мұрын жолды айналма сонар дейді.

А.Байтұрсынов – т,д дыбыстарын тіс қамаулы, с,ш,ж,з дыбыстарын таңдай сүзілулер десе, Қ.Жұбанов бұларды тіс дауыссыздары дейді.

А.Байтұрсынов б, п, т, д, к, қ өткелсіздердің қамаулысы, ғ, г тамақ сүзілулер десе, Қ.Жұбанов бұларды жасалу жолына қарай жабысыңқы, созымға келмеуіне қарай үздікті деп атаған.

Осы арада көпшілік біле бермейтін бір ғажап дүние – Қ.Жұбанов қалдырған, атаған фонетикаға қатысты тілдік атаулардың әрқайсысы бір-бір тілдік зерттеу жұмыстарына негіз болып кеткендігі екен. Осы арада Ғалым тек

тоғыз тілді біліп қана қоймаған. Олардың лингвистикалық-айтылым, естілім тағы басқа белгілеріне, дыбыстау мүшелерінің атқаратын қызметіне баса назар аударғандығы көптеген ғалымдардың ой-пікірлерімен дәлелденген.

Қ.Жұбанов – қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін алғаш жасап, ғылыми негізде ұсынған ғалым. Дыбыстарды үшке (дауысты, дауыссыз, сонор), дауыстыларды – толық, сыбыр (с-з), сыбыс (ш,ж) деген де тілдік қолданыстар кездеседі. Әрине, мен бұл ойларды Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдары еңбектеріне сүйеніп айтып отырмын.

Академик Әбдуәли Қайдар: «Профессор Құдайберген Жұбанов – өзінің қысқа ғұмырында бір өзі бір академиялық институттың атқаратын жүгін көтерген майталман ғалым»

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегі төрт бөлімнен тұрады. Соңында аяғы бар деп ескерткен. Ақырап Жұбанов құрастырған Құдайберген Қуанұлының шығармалар мен естеліктер жинағында «Абай туралы кітапшаның үзіндісі» [11, 28] делінген. «Қ.Жұбановтың Абай туралы тұтас зерттеу, кітап жазуға қамданғаны байқалады. Заманы қолын байлады, мақсатты ісін аяқтай алмаған» – деп жазады ФҒД, профессор А.С.Еспенбетов. Өзінің ғалым туралы мақаласында.

Абай халықты жарқын әлемге жетелейді, достар! Біз өмірдің бар қиын кездерінде, қиналған сәттерде, жауапты Абай шығармаларынан табамыз. Бұл қазақтың ұлы ақынын, оның философиялық ойларын бүкіл әлем мойындайды деген сөз. Қай елдің ақынын, ойшылын алсаңыз да, ешқайсысы Абайдан асырып ой айтпаған. Абай мұрасы қай күнді, қай жылды, қай ғасырды алсаң да, адамзатты тәрбиелейтін құрал. Демек, оның философиялық ойлары адам баласы үшін бүгін де, ертең де, келесі ғасырда да қызмет жасайды. Олай болса, Қ.Жұбанов Ұлы ақын шығармалары құндылығын ерте түсінген, уақыттан оза шапқан ғалым.

Есінде бар ма, жас күнің
Көкірегің толық, басың бос,
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің
Кімді көрсең, бәрі дос.
Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді- ау, досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ
Болар ма, сондай қызық шақ.
Жалынасың, боқтайсың.
Сағынасың жоқтайсың,
Махаббат кетті, дос кетті.
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Құдай ау қайда сол жылдар махаббат қызық мол жылдар Ақырын - ақырын шегініп, алыстап кетті ау құрғырлар.

«Абайды тану – өзінді тану, Абайды тану – қазақ ұлтын тану, Абайды тану – қазақ рухын тану. Дәл осы ретте абайтанудың мақсат-мұраты, маңыз-мағынасы бедерлене түседі» – деп, жазады ғылым докторы А.С.Еспенбетов өзінің жоғарыда аталған мақаласында. Шындығында, Қ. Жұбанов туралы бұдан артық, бұдан басқаша айту мүмкін де емес.

Осы мақаланы жазу барысында жинаған деректерге сүйене келе Қ.Жұбанов ғалым ретінде тіл білім ғылымының да, әдебиет әлемінің де ірге тасын қалаушылардың бірі, негізгісі деген терең ой түйеміз.

Құрметті әріптестер!

Қазақ тіл білімінің даму, қалыптасу кезеңдерін тек бір ғана ғалымның еңбектері айналасына топтастырудан аулақпыз. Тіл білімі деген үлкен ғылымның тарихи жолында еңбек жасаған жүздеген ғалымдарды атуға болады. Олардың зерттеулері қазіргі ізденістердің негізі екені ешқандай күмән туғызбайды. «Бәрі де жастардан – Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен сияқты Тіл мәселесіне белсене қатысқандар шығып отыр» – деп жазды Қ.Жұбанов өзінің бір мақаласында. Шындап қарайтын болсақ, сол бір кезеңде қатар өмір сүрген, тіл және әдебиет проблемаларымен бірге айналысқан, бір-біріне тілектес, ниеттес, тағдырлас ғалымдар мұрасында ғылыми сабақтастық та, рухани байланыстар да молынан кездеседі. Осы бағытта бірінші айтарым: Екі ғалымның да өздері өмір сүрген кезеңдегі жат элементтермен күресі. Қоғамдағы формализммен, әділетсіздікпен күресі.

Зерттеу, іздену, салыстыру барысында байқағанымыз – екі ғалымның да әдеби-шығармашылық бағыттарының ұқсастығы деуге болар. Мыс: «С.Аманжолұлы Орта азия мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін көлемді оқулықтар, бағдарламалар, ғылыми еңбектер жазуды қолға алды» деп жазады шәкірті Ғ.Қалиев өзінің ғалымның өміріне арналған еңбегінде. Бұл да бір екі ірі ғалым өміріндегі ұқсастық дер едім. Құрмалас сөйлем туралы пікірлері өте жақын. С.Аманжолов – қазақ тіл білімі топырағындағы үш ірі тұлғаның бірі. Алайда, іштей болса да мойындайтын ащы шындық – әлі күнге дейін көпшілігіміз ғалымның диалектіге, тіл тарихына және мектеп оқушыларына арналған еңбектерінен әрі асырып, терең теориялық және әдістемелік зерттеу мәселелерін айта алмай келеміз. Бұл ғалымның қалдырған еңбектері әлі күнге дейін толық зерттеуге түскен жоқ деген ойға жетелейді. Сондай-ақ, ой тоқтатарлық тағы бір мәселе – С.А.Аманжоловтың тек ғылыми-педагогикалық жұмыстармен ғана емес, қоғамдық іс-шаралармен, қызметтермен де айналысуы. Халқымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдегі ел ішін жайлаған сауатсыздық пен әділетсіздік мәселелерін шешуде ғалым еңбегі елеулі. Бұл арада оның өзге ғалым ағартушылармен де терезесі тең деуге болады. Сондықтан С.А.Аманжоловтың халқына қалдырған құндылығы зор ғылыми еңбектеріне зерделі зерттеулер жасау – бүгінгі таңдағы тіл білімінде басты міндеттердің бірі. Осы арада айта кететін бір мәселе – 2003 жылы аманжоловтану бағытында 200 ге жуық құжат университет кітапханасына тапсырылғанын айтқымыз келеді

Уақыттары солай болды ма, кім білсін екі ғалым да сол жылдарда еліміздің мәдени дәрежесін көтеру мәселесіне араласпай тұра алмады. Жұртты жайлаған сауатсыздық, орыстандыру мен отарлау саясаты екі ғалымды да бейжай қалдырмады. Олар бұл мәселелермен бел шеше күресті.

Сонымен қатар, поэзиялық шығармаларынан да, мақалаларынан да үндес ой-пікірлерді кездестірдім. Мыс: Анама хат, ауылға хат, күрең ат деген секілді өлеңдерді салыстыра келе ауыл тұрмысы, ауылға деген сағыныш секілді ойларға тап болдым. Түйгенім: екі ғалым да шығармашылығы жағынан алғанда адам ретінде өздерін қоршаған ортадағы жағымды-жағымсыз әрекеттерден, талас-тартыстан тысқары қала алмаған.

Құрметті әріптестер, бір мақала ішінде тағдырлары тарихи, білімі мен ғылымы шексіз екі ғалымның халық үшін жасаған ұлағатты істерін аударып-төңкеріп айтып тастау мүмкін мүмкін де емес, ондай мақсатымыз да болған жоқ. Бар болғаны қазақтың екі ғалымы арасындағы рухани сабақтастыққа жұрт назарын аудару болды.

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов өз замандарына сай ғылыми көзқарастары ұқсас, зерттеу нысандары бағыттас ғалымдар еді. Сонымен қатар, қоғамдық құрылыстарда да, халқымыздың тыныс тіршілігін реттеу мәселесінде де бір –біріне қамқор-тілектес ғалым ағаларымыз болды. Жалпы қазақ тіл білімінің бүгінгі жеткен биігі мен алған асулары көп жағдайда осы үш алып тұлғаның ғылыми қайнар бұлағынан нәр алып, сусындап жатқаны ұрпақ үшін шетсіз- шексіз қуаныш дер едім.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) Байтұрсынов. А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992.
- 2) Зиндер Л. Р. Общая фонетика. Москва. 1979.
- 3) Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке. Алматы. 1987-
- 4) Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы. 1997 ж.
- 5) А.С. Еспенбетов. Қ. Жұбанов- Абайтанушы. Ақтөбе. 2018 ж.
- 6) С. Оразалин С. Аманжолов және қазақ тіл білімі электронды құрал-материал.
- 7) Оразалин С. Мол мұра қалдырған ғалым// Ақ Ертіс - Иртыш. - 2003 . - N 6. - Б. 63 -66
- 8) Б. Қалиев Жалпы тіл білімі. Алматы «қазақ университеті» 2005 ж.
- 9) С. Аманжолов Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы «санат», 1994 ж.
- 10) С. Бизақов. Тілдік норма және варианттылық. Алматы «Ғылым» 1997
- 11) А. Әбдірахманов, А. Әбілқабов, Ғ. Қалиев. Профессор С. А. Аманжоловтың өмірі мен ғылыми мұрасы туралы. Алматы-1959 ж.

РЕЧЕВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ СТРАТЕГИИ ИНТОЛЕРАНТНОСТИ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

БАЛАХОНСКАЯ Л.В.

Кандидат филологических наук

Россия, г. Санкт-Петербург, Санкт-Петербургский государственный университет, доцент, lb234@mail.ru

Исследователи отмечают, что в XXI веке наблюдается рост коммуникативной агрессии, являющейся отражением противоречивых социальных процессов и конфликтных отношений между социальными субъектами. Под коммуникативной агрессией будем понимать особую разновидность деструктивного поведения человека (адресанта речи), проявляющуюся в процессе речевой коммуникации и направленную на причинение вреда другому человеку (адресату речи или третьему лицу – референту), но не на физическом, а на психологическом, духовно-интеллектуальном уровне. В агрессивные коммуникации «оказались вовлеченными все – коммуникаторы и медийные аудитории, ученые и политики, обыватели и пассионарии; коммуникативные агрессии реализуются внутри страны и за ее пределами, в журналистских текстах и настроениях сетевых сообществ, в произведениях искусства и общественном мнении... В коммуникативных агрессиях нашего времени реализуются давно известные формы «обработки людей людьми» [4, 7].

Высокой степенью агрессивности характеризуется прежде всего политический дискурс, онтологическим свойством которого является агональность, борьба, состязательность. В условиях борьбы за власть, при столкновении противоположных интересов политики используют агрессию для демонстрации собственной силы, смелости и превосходства. «Даже в демократических странах от политических лидеров требуется активная, атакующая и даже агрессивная риторика, иначе электорат будет считать их слабыми политиками» [1, 493].

Политический дискурс нередко строится на основе бинарной оппозиции «мы–они» («свой–чужой»). Данная оппозиция воплощается с помощью одного из основополагающих принципов организации политического дискурса – принципа контраста, который, с одной стороны, позволяет противопоставить разные взгляды и мнения конфликтующих политических субъектов, а с другой – продемонстрировать противоположные оценочные суждения относительно одного и того же явления, события или ситуации. Важной характеристикой бинарных оппозиций в условиях речевого конфликта Т. ван Дейк считал «поляризованную репрезентативность», т. е. наделение Мы-группы и Они-группы прямо противоположными признаками. Элементарным примером такой оппозиционности выступает дихотомия «Мы хорошие – Они плохие» [9, 3].

Для выражения негативного отношения к политическим противникам – представителям Они-группы в политическом дискурсе используется стратегия интолерантности. Под коммуникативной стратегией обычно понимается совокупность речевых действий, заранее спланированных адресантом для достижения определенных коммуникативных целей. Стратегия интолерантности предполагает выбор таких речевых средств и приемов, которые должны продемонстрировать участникам коммуникативного акта полное неприятие каким-либо субъектом Другого, нетерпимость к его политическим или религиозным взглядам, мировоззренческим установкам, этнической или партийной принадлежности, особенностям языка, культуры, внешности, уровню интеллекта, образования и т. п.

Понятие «интолерантность» невозможно трактовать в отрыве от базового понятия «толерантность». В научном обиходе под толерантностью все чаще понимается не просто «терпимость, снисходительность к кому- или чему-либо» [6, 498], но принятие Другого как личности, принятие его «независимо от национальности, языка, отношения к религии, убеждений, принадлежности к общественным организациям, социального, имущественного и должностного положения (социальные и культурные характеристики), а также возраста, состояния здоровья, пола, расы (антропологические характеристики)» [8, 6].

Большинство исследователей разграничивает понятия терпимость и толерантность на основе признаков пассивного или активного отношения к проблеме. По этому поводу Н.Г.Пряхин пишет: «Толерантность не равнозначна понятию терпимости. Терпимость подразумевает молчаливое, покорное перенесение влияния чужой воли, а также отсутствие возможности выразить свое несогласие с этой волей. Толерантность же предусматривает, помимо активного несогласия с оппонентом, стремление его изменить посредством активизации духовной любви, гуманных качеств, милосердия» [5, 216].

Семантика противоположной по значению лексемы «интолерантность», как и производящее слово, тоже не включает компонент ‘пассивный’, т. е. понятие интолерантность предполагает активное неприятие Другого. В политическом дискурсе стратегия интолерантности реализуется прежде всего с помощью тактики дискредитации конкурентов, предполагающей активные действия со стороны субъекта. Под дискредитацией мы понимаем «один из приемов недобросовестной конкуренции, заключающийся в совершении преднамеренных действий, целью которых является подрыв доверия к конкуренту (оппоненту), умаление его авторитета и разрушение имиджа. Стремление субъекта политической коммуникации дискредитировать оппонента может воплощаться в намеренном преувеличении каких-либо его недостатков, в негативных характеристиках его профессиональных компетенций, в неприятии совершенных или планируемых действий, в критике высказанных мнений и суждений, в оскорблениях, обвинениях и т. п.» [1, 498].

Одним из ярких примеров использования тактики дискредитации конкурентов может служить предвыборная коммуникация одного из старейших российских политиков – В.В.Жириновского, в 2018 г. шестой раз

баллотировавшегося на пост Президента Российской Федерации. Лидер ЛДПР преднамеренно применяет стратегию интолерантности в отношении ближайших конкурентов в предвыборной гонке – П.Грудинина, К.Собчак, Г.Явлинского, Б.Титова, которых обобщенно называет словом с негативной коннотацией «чудики», производным от «чудить» – «совершать нелепые, странные поступки; дурить» [7, 691]. Выбранная для характеристики данных персон лексема демонстрирует неприятие Жириновским своих оппонентов, формирует у электората восприятие их как несерьезных политиков, которые непонятно зачем (по-видимому, «сдуру», по глупости) решили участвовать в президентских выборах, что, по мнению Жириновского, выглядит странно и нелепо.

Говоря о Ксении Собчак, Жириновский использует стилистически сниженную лексику, слова, содержащие в своем значении негативную оценку выражающие обвинения в непрофессионализме, отсутствии нравственных установок, принадлежности к негативно оцениваемым в обществе социальным группам: «Это девушка-тамада с «воровских» вечеринок. Ксения Каста. Что она может, что умеет, знает? Она замуж с трудом вышла в 36 лет, с трудом родила и живот свой показывала. Я уверен, что ее начальником вокзала не поставят, иначе поезда не там пойдут» [3]. В другом ролике политик, используя разговорный фразеологизм, практически обвиняет считающую Крым украинским Ксению Собчак в сумасшествии и незнании истории: «С ума сошла! Крым русский. Она историю не знает». Интолерантную реакцию у Жириновского вызывает также гендерная принадлежность и возраст молодого кандидата: «Ну, появилась там девушка, что она может? Она еще двух слов связать не может. Детский сад. Ей прачечную нельзя доверить, а это целое государство» [3].

Григория Явлинского лидер ЛДПР характеризует как «чудака», который ничего не понимает, и «слабенького экономиста», который, будучи у власти, провалил программу «500 дней». Выражая неприятие Собчак и Явлинского как кандидатов на пост Президента РФ, Жириновский использует просторечную лексему с отрицательной частицей «не волокут» (в значении «не понимают»), чтобы еще раз обвинить их в непрофессионализме и низком интеллектуальном развитии: «Явлинский и Собчак. Два кандидата ничего «не волокут» ни в международных отношениях, ни в вопросах войны и мира, ничего» [3].

С целью дискредитации Павла Грудинина как претендента на высший пост в стране, Жириновский употребляет частицу «только», выражающую ограничительное значение: «не более как, всего лишь» [7, 377]. «Грудинин умеет только выращивать клубнику. Да что нам, президент от клубники нужен, что ли?». Демонстрируя ограниченные возможности других кандидатов (П. Грудинина и Б. Титова) в управлении государством, лидер ЛДПР преднамеренно останавливается лишь на одной из сторон их деятельности – предпринимательской, подчеркивая таким способом полное отсутствие политического опыта. Стилистический прием антитезы, призванный выразить отношения противопоставления, в данном случае не выражает резкого

контраста, а наоборот, репрезентирует соединительные отношения, основанные на общности характеристик данных персон как недостойных кандидатов на пост президента: «Один шампанское разливает – Титов в Абрау-Дюрсо, под Анапой, другой клубнику выращивает. Клубника хорошая, но разве это управление страной?» [3]. Риторический вопрос как стилистическая фигура используется для того, чтобы показать электорату, что ответ на поставленный вопрос не требуется, так как совершенно очевиден, т. е. по форме это вопрос, а по содержанию – утверждение: данные кандидаты не способны выполнять функции президента страны.

Проанализированный материал свидетельствует о том, что в политическом дискурсе, прежде всего, в периоды выборов, довольно активно используется коммуникативная стратегия интолерантности, позволяющая политическому лидеру заявить о себе как о сильном, смелом политике, способном в политической борьбе проявить превосходство, победить конкурентов, демонстрируя их якобы слабые стороны и дискредитируя их по профессиональным, нравственным, гендерным, умственным, возрастным и другим критериям. Интолерантность как неприятие Другого чаще всего репрезентируется эксплицитно с помощью средств речевой агрессии: оскорбительных прозвищ (Ксения Каста), слов, обладающих негативными оценочными компонентами значения (воровской, чужак, чудики), стилистически сниженной лексики, в том числе просторечной («не волокут» в значении «не понимают»); разговорных фразеологизмов с негативными коннотациями, выражающими оскорбление, обвинение, унижение соперников (с ума сошла, двух слов связать не может).

Помимо эксплицитно представленных средств речевой агрессии, репрезентирующих стратегию интолерантности, в политическом дискурсе используются и имплицитные средства, которые прямо не выражают оскорблений, обвинений, унижений, негативных характеристик действий и поступков конкурентов, но заставляют адресата на основе некоторых логических процедур дополнять в своем сознании прочитанную или прослушанную информацию импликатурами, предполагающими домысливание прямо не выраженного, но осознаваемого значения высказывания. Импликатуры предполагают значимый прирост смысла и могут репрезентироваться с помощью таких стилистических приемов, как риторические вопросы, представляющие собой вопросы-утверждения (Клубника хорошая, но разве это управление страной?); антитезы, в том числе ложные (Один шампанское разливает – Титов в Абрау-Дюрсо, под Анапой, другой клубнику выращивает); негативные метафоры (детский сад); ирония и сарказм (Ей прачечную нельзя доверить, а это целое государство). Имплицитно стратегия интолерантности может репрезентироваться также лексическими и грамматическими средствами, например, ограничительными частицами (Грудинин умеет только выращивать клубнику). В последнем примере имплицитно выражается следующий смысл, репрезентирующий стратегию интолерантности: Грудинин больше ничего не умеет, он не способен управлять

государством, значит, он недостойный кандидат, следовательно, за него не следует голосовать.

В заключение следует предостеречь политиков от активного использования стратегии интолерантности по отношению к конкурентам в предвыборной борьбе, так как большая часть электората вряд ли одобрит деструктивное речевое поведение кандидата, демонстрирующего неприятие Другого, в данном случае, – других кандидатов на выборную должность. Результаты выборов показали, что В. Жириновский, использующий агрессивную риторику в рамках стратегии интолерантности, занял лишь третье место, после В. Путина и П. Грудинина, набрав всего 5,65% голосов избирателей, тогда как П. Грудинин, в предвыборной коммуникации которого данная стратегия использовалась весьма осторожно, набрал вдвое больше голосов – 11,77% [2].

Список литературы:

1. Балахонская Л. В., Быков И. А. Речевая агрессия в политических блогах радиостанции «Эхо Москвы» // Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. 2018. Т.15. № 3. С. 492-506. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=36368546>.
2. Итоги голосования // Сайт Центральной избирательной комиссии. URL: <http://www.cikrf.ru/analog/prezidentskiye-vybory-2018/itogi-golosovaniya/>
3. Канал «ЛДПР-ТВ» на YOUTUBE.com
https://www.youtube.com/channel/UCjKDdxZM_z4MC-yxEJPOCow
4. Коммуникативные агрессии XXI века / под. ред. В. А. Сидорова. СПб., 2019. 254 с.
5. Пряхин Н. Г. Толерантность как профилактика кризиса // Толерантность и интолерантность в современном обществе / под науч. ред. проф. И. Л. Первой. СПб., 2011. С. 216-225.
6. Словарь иностранных слов. 12-е изд., стереотип. М., 1985. 608 с.
7. Словарь русского языка: В 4-х томах. Т. 4. М., 1984. 794 с.
8. Третьякова Е. Н. Толерантность как духовно-нравственное качество личности: Автореф. дис. ... канд. филос. наук. СПб., 2011. 25 с.
9. Dijk T. A. van. Discourse as Interaction in Society // *Discourse Studies: A Multidisciplinary Introduction*: in 2 vols. Vol. 2: Discourse as Social Interaction. London: Sage, 1997/ Pp. 1–37.

УАҚЫТТЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІНІҢ Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕ ЗЕРДЕЛЕНУІ

САДИРОВА К.Қ.

ф.ғ.д., доцент,

Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе мемлекеттік университеті

Уақыт категориясы лингвистикада грамматикалық категория сапасында қарастырылып зерттелді. Аталған проблема А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, М.В.Всеволодова және функционалды грамматика саласында зерттеу жүргізген ғалымдар еңбектерінде қарастырылды. Кейінгі кездегі зерттеулерде ғана уақыт категориясы когнитивтік категория, мәдени концепт ретінде, яғни әлемнің тілдік бейнесінің элементі сапасында, белгілі бір халықтың лингвомәдени білімін құраушы санатында қарастырылып жүр. Бірақ уақыт категориясын лингвомәдени аспектіде талдау, оның тілдік және мәдени ерекшеліктерін қабылдау мен бейнелеу, уақытты категориялау мен оны жүзеге асыру лингвистикалық зерттеулерде үзіктік сипатта ғана көрініп жүр, жалпыламалық сипаты басым. Атап айтқанда, бұл С.Ю.Степанов, Н.Д.Арутюнова, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев т.с.с. зерттеушілерде кездеседі. Уақыт категориясын зерттеудегі маңызды өзгеріс лингвистиканың антропологиялық парадигмада зерттеле бастауы болды. Осы бағыттағы зерттеулер нәтижесінде тілдік тұлға проблемасы (Караулов), адамның тілге әсері, әлемнің тілдік бейнесі мәселелері белсенді зерттеле бастады. В.Гумбольдтың идеясына сүйене отырып, Сепир-Уорфтың лингвистикалық қатыстылық болжамына негіздеп, бүгінгі лингвист-ғалымдар тіл мен адам туралы біртұтас теория жасауға ұмтылуда. Тілдік сана мен әлем бейнесі туралы ойлар Ю.Д.Апресян, Г.В.Колшанский, Е.С.Яковлева, И.Б.Левонтина, Е.Урысон, А.Д.Шмелев т.б. зерттеулерінде қалыптасты. Тілдік материалдар негізінде әлемнің тілдік бейнесін мәдениеттану аспектісінде талдау Вяч.Вс.Иванов, В.Н.Топоров, В.В.Колесов еңбектерінде қарастырылған. Әлемнің тілдік бейнесі метафоралар мен түрлі троптардың қолданылуын талдау негізінде В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова, Н.Г.Брагина жұмыстарында орындалса, осы бағыттағы кей ғылыми зерттеулер типологиялық сипатта орындалған: әлемнің славяндық тілдік бейнесі (Н.И.Толстой, С.М.Толстая, С.Е.Никитина, Т.М.Николаева, О.Н.Трубачев), әлемнің балкандық моделінің лингвистикалық негіздері (Т.В.Цивьян, балто-славяндық моделі (Вяч.Вс.Иванов), германдық моделі (Т.П.Топоров). Бұл зерттеулерде өткенді реконструкциялауға ерекше көңіл бөлініп, халықтардың әлемнің ұлттық ерекшелікке ие тілдік бейнесін түсінуге және түсіндіруге ұмтылған. Бұл зерттеулердің барлығында дерлік уақыт тақырыбы қозғалған, себебі уақыт – әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық құрамдас бөлігі.

Уақыттың тілдік категория ретіндегі осы тәрізді сипаты қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов зерттеуінде көрініс тапқан. Ғалымның уақыттың тілдегі көрінісін зерделеуін шақ категориясына қатысты тұжырымдарынан көреміз. Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясының жіктемесінен Қ.Жұбанов жіктемесі ерекшеленеді. Ол ерекшелік ғалымның «етістіктің шағын *түрлеуші айтып тұрса да* (айырықшалаған біз – К.С.), жіктеліп, көмектелгенде бірқатар өзгеретіні және *бір мезгілдің өзінде болатын істің түрлі өңін* көрсететін бір нәрсе шағы болатыны» [1, 388] туралы айтқан ойынан көрінеді. Біздің байқауымызша, ғалым істің өңін айтушының іске қатынасына сай (өзінің куәлік, айғақ болуы не өзі басында болмағаны) ажыратады. Ғалым «*етістіктің шағы мен өңін айырмай, бәрін шақ қатарында көрсетеміз*» [1, 388] дей отырып, әр шақтың өңіне сай жіктемесін былай келтіреді: I. *Өткен шақ* (сөйлеп тұрған кезден бұрын болған іс). Бұл *өңіне* қарай төмендегідей жіктелген: 1. *Айғақ өңді өткен шақ* (істің болғанына айтушы куә айғақ бола сөйлейді): *жазы-п-ты, оқы-мап-сың, біл-ме-п-піз*. 2. *Аулақ өңді* (істің болғанын айта тұрып, өзі басы-қасында болмағанын қоса білдіреді): *жаз-ған, оқы-ған соң, көрген-біз*. 3. *Мойындау өңді өткен шақ* (істің болған-болмағанын мойындай сөйлейді): *жаз-ған, оқы-ған соң, көрген-біз*. Келтірілген мысалдардан аңғаратынымыз – ғалым *аулақ өңді өткен шақ* пен *мойындау өңді өткен шақты* бір форманың, нақты айтқанда, есімшенің *-ған/-ген* формасының беретіндігін көрсетуі. Өткен шақтың бұл өңдерін ажырату тек қарым-қатынас барысында, сөз жағдаятында не мәнмәтінде мүмкін болады. Мысалы, *Шақыру хат уақытында келген* деген сөйлемде *келген* етістігінің өткен шақтық ренкін екі түрде де түсінуге болады. Ол үшін сөз жағдаятын (коммуникативтік уақиғаны) қалпына келтіріп көрейік:

1- СӨЗ ЖАҒДАЯТЫ:

1) шақыру хатты алушы (күтуші коммуникант – шартты түрде №1), шақыру хат келіп түсетін құрылымдық бөлімше қызметкері (коммуникант – шартты түрде №2).

№ 2 К. – Сізге шақыру хат бар. Шақыру хат уақытында *келген*. Ертеңге тезірек билет алуыңыз керек. Болмаса кешігіп қаласыз.

№ 1 К. – Рахмет.

Бұл жағдайда *келген* етістігімен берілген өткен шақ – *мойындау өңді* өткен шаққа жатады. Хаттың келгені айтушы тарапынан анық.

2- СӨЗ ЖАҒДАЯТЫ:

1) шақыру хатты алушы (күтуші коммуникант – шартты түрде №1), шақыру хат келіп түсетін құрылымдық бөлімше қызметкері (коммуникант – шартты түрде № 2).

№ 2 К. – Сізге шақыру хат *келген*. Алып кетіңізші.

№ 1 К. – Рахмет. Қазір барамын.

№ 1 К. – Маған *келген* хатты алуға келіп едім.

№ 2 К. – Міне хатыңыз, мына жерге қол қойыңыз.

№ 1 К. – Мәссаған, мына хат кеше *келген*. Неге ертерек айтпағансыздар? Мен енді кешігіп қалдым ғой.

№ 2 К. – Білмедім, келген хаттарды таратуға бүгін берді.

Бұл жағдайда *келген* етістігімен берілген өткен шақ – алғашқы сөйлемде *мойындау өңді* өткен шаққа жатады. Үшінші сөйлемде – *аулақ өңді* (хатты әлі көрген жоқ, келгенін естіді) өткен шақ, бесінші сөйлемде – *мойындау өңді* өткен шақ (қолына алған хаттың кіріс номері мен уақытын көріп тұр), алтыншы сөйлемде *аулақ өңді* (таратуға берілген хаттардың келген уақытына қызметкердің қатыссыздығы ишаратталған) өткен шақты білдіріп тұр. Бұл өткен шақ өндері дискурста (нақты жағдаяттағы сөзде) анықталатындығын ғалым осы терминмен атамағанымен айырықшалап көрсеткен.

Ғалым өткен шақтың 4-өңіне *күмән өңді* өткен шақты жатқызады. Жасалуына *жазған шығар* тіркесін көрсетеді. 5-өңіне *айғақ баяғылық* деген атау беріп, *ертеде өткен істің болғанынан, не болмағанынан аулақ болғанын қоса білдіреді* дей отырып, *жазған екен* мысалын келтіреді. 7-өңіне *әдетше баяғылық* деген ат беріп, *ертеде өткен істің әлденеше рет болып, әдет болғанын* айтатынын көрсетіп *бар-у-шы едім (баратын едім)* түрінде келетінін айқындайды, 8-өңін *онық баяғылық* деп жіктей отырып, *оның ертеде өткен іске онына хабарлайтынын* айырықшалаған, *баратын едім* түрінде келетінін көрсетеді. Жоғарыда көрсеткендей, *баратын едім* етістігінің өткен шақтың қай өңін беріп тұрғаны коммуникативтік жағдаятта анықталады. 9-өңін *арман баяғылық* деп атап, *оның бармас па едім* түрінде келетіндігін көрсеткен.

Ғалымның шақтың *келер және осы шақ* түрлерін жіктеуінен де осы ұстаным толық байқалады. Айтушының іске қатынасы толық ескеріліп, соны бірден танытатын атаумен атап қана қоймай іс-әрекеттің уақыт бойына таралу амалының түрлі деңгейлерін де нәзік таныған. Ғалымның жіктемесінде *келер шақ* мынадай түрлерге жіктелген: *кесімді келер шақ: бар-а-тын, жаз-ба-й-тын, болжалды келер шақ: бар-ар-мын, оқы-ма-с-пын, мақсатты келер шақ: жаз-бақ-пын, тілекті келер шақ: 1) жазар едім, 2) жазайын (тек 1-жақ қана). Сенімсіз төл шақ: жазса игі еді* (өткен шақ пен келер шаққа бірдей жүреді). Ғалым *сенімсіз төл шақ* деп атау беруде бұл шақ өңінің табиғатын дәл басып көрсетеді. Қ.Жұбанов осы шақты да осындай ізбен жіктейді: *дағдылы осы шақ және дәл осы шақ*. Дәл осы шақтың өзінің жіктемесін ғалым *жалпы осы шақ* (жазып жатырмын), *кәдімгі осы шақ* (жазып жүрмін), *қазіргі осы шақ* (жазып отырмын), *әзіргі осы шақ* (жазып тұрмын) деп бөледі. Ғалым осы шақ өндерінің өзара айырмаларын істің созылыңқылық деңгейінің тең еместігімен байланыстырады. Ғалымның өз сөзімен келтірсек: «істің нақ осы кезде істеліп жатқан болуы да, немесе, көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан болуы да мүмкін, осыны жалпы түрде айтсақ, етістік жалпы осы шақта болады. Мысалы, «Күн жауып жатыр», «Бейімбет пьеса жазып жатыр» десек, күннің жаууы, Бейімбеттің кітап жазуы істерінің осы кезде болып жатқанын жалпы түрде айтатын боламыз. Күн дәл осы минутте жауып тұр ма, болмаса бір жетіден бері жауып жатыр ма, Бейімбет дәл осы күнде пьеса жазудың үстінде отыр ма, жоқ, ол пьесаны ала жаздай жазып жатыр ма – онысы белгісіз. .. осы шақтың қай кезеңі екенін дәлелдеп аңғарту керек болса, онда осы шақтың басқа түрінің бірін келтіреміз» [1, 389]. «Ұзаққа

созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз. Мысалы, *Бейімбет кітап жазып жүр* десек, Бейімбет дәл осы кезде жазып отыр деген емес, ұзаққа жазылған, арасында ол істі жинап қойып та жүретін кезі болады» деп түсіндірсе, қазіргі осы шақ пен әзіргі осы шақтың айырмасын да нақты ұғындырады. «Істеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылса, дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаған істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен айтамыз» дей отырып, олардың өзіндік жасалу жолдарын да ерекшелейді. Атап айтқанда, *күн жауып тұр* дегенді *күн жауып отыр* я *күн жауып жүр* деп айтуға болмайтынын, кәдімгі шақ пен қазіргі шақ көбінесе адамның я адамға теңгерілген заттың ісі жайында ғана айтылатынымен сабақтастырады. Ғалымның бұл айтылған ойлары «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» аталатын мақаласында *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктерінің ерекшеліктері мен қызметтерін саралауда да жалғасын табады. Ғалым *отыр* етістігінің үдерісті білдіретінін, ал *тұр* етістігінің үдерістен гөрі нәтижені білдіретінін атап көрсетеді. Бұл етістіктердің күрделі етістік құрамында көмекші етістік сапасында жұмсалыуының ерекшеліктерін саралайды. Мысалы, ғалым *жел соғып тұр, күн құйып тұр, мал оңалып тұр, дөңгелектер зырлап айналып тұр* деген сөйлемдердегі күрделі етістік құрамындағы көмекші *тұр* етістігін *отыр* етістігімен алмастыруға келмейтінін, бірақ *мен саған не айтып отырмын// мен саған не айтып тұрмын, менің бірдеме айтқым келіп отыр // менің бірдеме айтқым келіп тұр* болып көмекші *тұр* мен *отыр*дың алмасуға келетінін сөз етеді. Олардың осы шақты жасаудағы және олардың мағынасындағы ерекшелігін түсіндіреді. Осы шақ өндерін жіктеуге негіз болған айырманы автор былайша түсіндіреді: «*Біздің бригадамыз былтырдан бері бәйгі алып жүр. Біздің бригадамыз былтырдан бері бәйгі алып тұр.*» («Начиная» с прошлого года наша бригада премируется (получает премии)». Отличие оттенка второго предложения от первого в том, что первое (*алып жүр*) понимается как «получает время от времени», второе (*алып тұр*) означает «все время». Поэтому первую форму я назвал Настоящим не Непрерывно-Длительным, вторую – настоящим Непрерывно-Длительно-Данным» [2, 466].

Ғалым жекелеп алғанда тұрақты қалыпты білдіретін *отыр, тұр* етістіктерінің көсемше етістіктермен тіркесіп сөйлем ішінде үдерісті, қимылдың уақытқа таралуын білдіретіндігін анық таныған. Қ.Жұбанов етістік шақтарын өндік ерекшеліктеріне сай саралағанда оны толық мәнмәтінде, сөз жағдаятына сай алып зерделеген.

Әдебиеттер:

1 Жұбанов Қ. Қазақ тілінің программасы // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы, 2010. 376-397-бб.

2 Жұбанов Қ. Заметки о вспомогательных и сложных глаголах // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы, 2010. 457-471-бб.

I. ТІЛ ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА, ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ: ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

LINGVISTIKALYQ PALEONTOLOGIIA MÁSELELERI (PROFESSOR Q.JUBANOV EՆBEKTERI NEGIZDERINDE)

БАҒИЛА ҚҰРМАНБЕКҚЫЗЫ МҰРАТБЕК

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

baglash@mail.ru

Kirispe

Paleontologіa – negizinen jan-janýarlar men ósimdikter dúnesin qazbalar arqyly zertteý. Al tildiń kórinisin (sózderi, olardıń qoldanysyn, ornalasý tártibin, tirkesterdi, dybystardy, olardıń ózgeristerindegi sebep-saldarlardy t.t.) «qazbalap», indete, tórkin-tegin qýalaı, semantikalyq maǵyna-mánin zerdeleı otyryp zertteý degen sóz [1, 280]. Árine, lingvistikalyq zertteýlerdiń bul tarmaǵy ótken ǵasyrlarda, á sirese Eýropa til biliminde kóringenin aıtý kerek. Marrdyń «Jańa ilimi» «gúrildep turǵan» kezde tipti ol shet pushpaqtaп qazaq til biliminde de kózge shalyndy. Mysaly, professor Qudaıbergen Jubanov XX ǵasyrdyń 30-jyldarynda bul salada biraz eńbektendi deýge bolady.

Osy jerde akademik R.Syzdyq: osy kúnderden bastap «lingvistikalyq paleontologіa» degen salaǵa bet buryp, arнай ǵylymı zertteý jumystaryna kirisý qajettigin de oryndy eskertti. Bul – «Mádenı mura» atty baǵdarlamamyzǵa tikeleı qatysty nysan bolmaq. Halqymyzdyń rýhanı kúsh-qýatyn nyǵaitýǵa baǵyttalǵan «Mádenı muranyń» búgingi kezeńi – bul úlken ulttyq qareketiń bastamasy, jańa jaǵymdy estilip jatqan ývertiýrasy ǵoi dep oilaimyn [1, 281-283]. Ári qarai osy oradaǵy jumystardyń túrlerin, naqty nysandaryn, júrgizý amaldaryn, teoriıalyq-praktikalyq turǵydan kelgendeги методологиясын izdestire túsy, tú sine túsy, iaǵni izdenis qareketterine naqty kirisý, baǵdarlamany sóz júzinde emes, is júzinde júzege asyry dep bilemiz. Bul ulttyq baǵdarlama – mádenı-rýhanı tarıhymyzda ádemi pafosqa toly naýqandyq uran túrinde qalmaı, bas-aıaǵy, oń nátijesi bar izdenisimiz, talpynysymyz, naqty is-qareketterimiz bolýy kerek deimin. Bul kúnde júzege asyrylyp jatqan «Mádenı mura» atty áleymettik-mádenı, rýhanı, tipti saıası úni bar baǵdarlamanyń kórkem ádebiет pen tilge tikeleı qatysy bar ekeni aıan.

Jalpy «mádeniет» jáne «mádeniettiń muralary» («mádenı mura») degenniń ózine, sondaı-aq «mádenietti quraityn komponentter» («mádeniettiń quramdy bólikteri») degen uǵymdarǵa kónil aýdarsaq. Batystyń mádeniетtanýshylarynyń eńbekterinde «mádeniет» degen uǵymǵa 150-den astam anyqtama bar eken. Árine, bul anyqtamalardyń árqaısysy bir-birine kereǵar emestigi túsinikti. Sondyqtan, saıyp kelgende mádeniет dep jalpy bir tanymdy ataýǵa bolady, ol: «mádeniет – adam balasynyń aqylmen, qolyмен jabayı tabıǵattan bólip alyp óndegeп zaty, qubylysy»

[2, 313-317]. Demek, ol zattar men qubylystar materialdyq ta rýhanı da bolyp keledi. Kórsetilgen eńbek boıynsha anyqtasaq: «materialdyq mádeniet komponentteri óndiris qural-jabdyqtary, sáylet óneriniń muralary t.b. bolsa, rýhanı mádenietke kitaptar, qoljazbalar, qylqalam shyǵarmalary, sondaı-aq óleń, jyr, ertegi sıuaqty kórkem sóz týyndalary jatady», – deidi zertteýshiler [2, 313]. Al til – rýhanı mádenietti, onyń ishinde kórkem ádebietti saqtaityn, jetkizetin quraldardyń biri, kórkem ádebietke kelgende biregei. «Mádenı mura» baǵdarlamasy boıynsha 100 tom etip jaryqqa shyǵaryla bastaǵan ádebiet úlgilerinde: ertegiler, maqal-mátelder, ańyzdar, aqyn-jyraýlardyń muralary; qıssalar, óleń-jyrlar, tolǵaýlardy bizge jetken til ekendigin dáleldeýdiń qajeti bolmas.

Tildiń fúnksionaldy qyzmeti ár alýan. Solardyń biri – kommúnikatıvtik qyzmet, iaǵnı saqtaýshy, jetkizýshi, ulastyrýshy qyzmet. Tildiń bul qyzmeti tek kórkem sóz úlgilerin saqtaýshy bolyp kelgeninde ǵana emes. Jalpy sol tilde sóileitin halyqtyń baǵzy zamandardaǵy dúnietanymynan, oı-pikirlerinen belgili bir halyqtyń ádet-ǵurpy, áleymettik-áskerı qurylym tártibi sıuaqty t.t. materialdyq jáne rýhanı ómirinen habar berýde de kórinedi. Mysaly, qazaq halqynyń óte ertedegei jaýlarmen tepsinip ótken erlerdi ataý. Mańǵystaýdyń rýhyn kótergen úsh júz alpys áylhege syıyný, Qyzyl Eles, Jappar ie, Otman Taýdyń basyndaǵy Degelek qus degen sıuaqty kóne obrazdardy qoldanady [1, 3-9]. Qazaq jazýynyń tarihy, emlesi, jazý-syzý tájiribemiz bul kúнге deın 1940 jyly qazirgi grafikany qabyldaǵanda, túzilgen emle qaǵıdalarynyń 1957 jyly edáýir túzetilip, resmı bekitilgen nusqasynyń 1983 jyly taǵy da qyrnalǵan, birsypyra ózgerister engizilgen sońǵy nusqasy – «Qazaq tili orfografıasynyń negizgi erejelerin» ustanyp otyr. Bul emle erejelerimiz kezinde resmı túrde Úkimet qaýlysymen bekitilip, ony ustaný barshaǵa birdei mindettelgen bolatyn. Qazirgi búkil oqý-aǵartý salasy, iaǵnı mektep oqýlyqtary, kúndelikti oqytý isi, sol sıuaqty resmı qujattar: zańdar, qaýly-qararlar, jarlyqtar, búgingi baspasóz kózderi: «Egemen Qazaqstan», «Qazaq ádebietini», «Jas Alash», «Altyn orda» sıuaqty gazetter men «Parasat», «Aqıqat» sıuaqty jýrnal redaksıualary, «Atamura», «Ǵylym», «Sanat», «Arys» sıuaqty baspalar emle erejelerin birshama ustanyp keledi. Qazaq jurtsylyǵynyń úshinshi býyny jarty ǵasyrdan astam qoldanyp kele jatqan bul emle erejelerimizdiń negizi durys. Emleniń ózi de, ózge qubylystar sıuaqty negizgi bóligi, uıytqysy, máiegi bolady jáne yaqyt ótken saıyn ár alýan sebepterge bailyasty ózgerip, jańartylyp, alynyp-qosylyp otyratyn jeke bólikteri de bolady. Búgingi ustanyp otyrǵan emle qaǵıdalarymyzdyń negizi durys jáne berik, tipti ol ulttyq jazý tańbamyz ózgergen (latynǵa kóshken) kúnde de saqtalady, óitkeni ol negiz qazaq tiliniń fonetika-grammatikalyq júesine, múmkindiginde saı tizilgen. Osyny basa aitamyz [3].

Qazaq til biliminiń ǵylymı negizin salýshy, professor Q. Jubanov, qazaq jazýynyń tarihy, emlesi, jazý-syzý jáne jalpy emlege qatysty máselelerdi 1934-35 jyldary arnayı qolǵa alyp, ony jetildirýdiń jobalaryn usyndy. Qazaq emlesin bir júege túsirýdiń ǵylymı negizderin, praktikalyq joldaryn osylaısha endi izdestire bastaǵan kezde Q. Jubanov sıuaqty eń bilimdi til mamandary repressıaǵa ushyrap ketti. Al 1940 jyly úshinshi grafika – kirillitsada, jańa jazýdyń emle erejeleri de jańadan túzildi. Sótip, latyn jazýy kezinde «shet eldik termin sózderdi jazýda qazaq tiliniń dybys

zańdary negizge alynady» dep qabyldağan ereje boıynsha bir sózdi árkim ózinshe dybystap, birneshe tulǵada tańbalanýy qıyndyq keltirip otyrǵanyn Q.Jubanov, S.Amanjolov sınaqta mamandar atap kórsetti. Mysaly, bir ǵana «kommúnist» sózi 16 túrli bolyp jazylǵan eken. Sondyqtan, 1910 jyly «orys jazýyn» qabyldaǵanda, «orys tilinen jańadan engen sózder, ásirese terminder sol oryssha tulǵalanǵan túrinde ózgerilmei jazylsyn» degen ereje osy qıyndyqtan shyǵydyń amaly retinde qolaily bolǵan bolý kerek, -deyi lingvistikalyq palentologııanyń qadamy.

1929-1940 jyldary pıdalanǵan latyn jazýy kezindegi emle erejemiz boıynsha kirme sózder qazaqylanyp aıtylyńsha jazylatyn bolǵan-dy, biraq sol aıtyly men estilydiń qazaq tili fonetikalyq zańdarynyń belgili tártibimen túzilgen júesi anyqtalmaǵandyqtan, Qudaıbergen Jubanovtyń aıtýyna qaraǵanda, bir ǵana «kommúnist» sózi 15-16 túrli bolyp jazylyp kelipti. Al orys tilindegi qalpy boıynsha jazý arqyly kirme sózderdiń emlesine kóp qıalmadyq ári orys tilin jaqsy meńgerip, «kommúnizmge tezirek jetýge» kómekestik. Bul tájiribe kirme sózderdiń basym kópshiligine, ásirese sarası-áleymettik jáne ǵylymı terminderge kelgende, mine, jarty ǵasyrdai ýaqyt boıy oryn alyp keledi. Qazaq halqynyń sońǵy eki-úsh býyny kirme leksıkany osylaısha, iaǵnı oryssha aıtylyńsha jáne jazylýynsha ıgerip, kóz-qulaǵy úrenip, qoly jattyǵyp bolǵanyn moıyndaimyz.

Ekinshi bir taqyrypqa saı qadam – odaǵai sózderdiń jalpy leksıkalyq grammatikalyq tabıǵatyn professor Q.Jubanovsha múshelenip taldanǵan emes. Oryssha «semanticheskoe chlenenie» delinetin bul lingvistikalyq tanym qazaq til bilimine áli kúнге sińise de alǵan joq. Al professor Q.Jubanov syrt qaraǵanda ózindik maǵynasy joq sınaqta kórinetin sol odaǵai sózderdiń túpki shyǵy tórkinin izdestirgen. Onyń paıymdaıynsha, sharýashylyq odaǵaıalarynyń kóbi buryn ár túlik maldyń atyn bildirgen. Mysaly, qoıǵa aıtylatyn «qosh!» sózi áyelde «qoi» maǵynasynda bolǵan. Osy kúngi qoshqar, qoshaqan ataıalarynyń quramynda ol ejelgi nusqada saqtalǵan; sıyrǵa aıtylatyn ók, ák, áykim birqatar týystas tilderde jarysa qoldanylatyn; ógiz, ókız, ýgez, ókır ataıalarymen túbirles, túıege aıtylatyn kós-kós (káýis-káýis) odaǵai túrikpen tilindegi bota uǵymynda qoldanylyp, «kishkene túıe» degendi bildiretin kóshek sóziniń negizinde túbir morfema qyzmetin atqaryp turǵan, kósh – (qara: kósh-aq) qazaq tilindegi qosarly kós-kós sóziniń fonetikalyq varianty; qazaq tilindegi jylqyǵa qatysty aıtylatyn: mama bie saqa, jasamys bie («toqsan qýlyq saýsań da, bir mama bieder bolmaıdy»), mama aǵash – úı syrtyndaǵy at barlatyn aǵash, kerme (konovıaz) tirkesimderiniń alǵashqy syńary (mama) qytaıdyń «jylqy» degendi bildiretin sozylınyq daıysty maama sózimen tórkundes dep qaraidy. Qysqasy, qoljazbada qazaq tiliniń tarihy, dialektologıasy, fonetikasy men leksıkasy, grammatıkasy jóninen «joǵary kírsta» oqylǵan lektsualardyń teorıialyq nusqasy jelilengen [2, 551-552].

Tereń lingvistikalyq barlaıdyń taǵy bir stratasy – «Sóz ózgesheligi men sóz qyzmetine» qatysty. Ǵalym: «Sóleı – habar berıy, kollektivtik kórinis. Buǵan eń azy eki adam qatysıy kerek. Ujym bolyp qatynasıdyń (habarlasıdyń) basqa da amaldary bar. Tilimizdiń olardan aırmasy ne? Habar qalaısha, qai jolmen beriledi? – máseleniń túindi jeri mine osy ekeıi.

Biz habarlasýdyń eki amalynyń habarlasý qasietin alyp basqa jaqtaryn qoia turdyq; olar (biz atamaǵandar): kórkemdik, taptyq, áleýmettik maqsattar; biz bul máselelerdi qoia turyp, habarlasýdyń tilge ǵana tán jaǵyn sóz etip otyrmyz.

Tildiń ózindik ózgesheligi – zatqa at qoıy, ol attardy bir-birinen aıyrý. Mysaly: jylqy – túie emes, qoi – sıyr emes, sıyr – jylqy emes. Ataýlardyń maǵynasyn osylaısha aıyrýdy – sıgnifikatsııa deımiz. Ár nárseniń ózin jeke kórsetý, daralap aıtý qasietine ie bolǵan sóz – zat, sıpat, qubylys attary bolyp qalyptasqan. Bul atalǵandar – tildiń negizgi ózgeshelikteri. Tildegi osy aıtylǵan at qoıy múmkinshiligin nominatsııa deımiz. Tildiń budan basqa taǵy bir negizgi qyzmeti – habar berý. Onyń bul ózgesheligin kommúnikatsııa deımiz. Onyń maǵynasy oryssha – obenıe, qazaqsha – qaýymdasý, habarlasý degendi bildiredi. Nominatsııa – ataý, nominat – at, nominativ – ataýshylyq. Nominativ fúnktsııasy – stabil (turaqtylyq). Mysaly, ósip turǵan aǵashqa kún saıyn jańa at qoıyp otyrsaq, nominativ fúnktsııasyna qaıshy keler edi.

Qaǵaz degen sóz – ári zattyń aty, ári ony basqa zattyń atynan aıyryp ataýǵa qajetti amaly. Demek, bul jerde nominativ bar; sonдай-aq bunda kommúnikatsııalyq ta bar (habarlylyqtyń múshesi, iaǵni bólshek). Solai bola tura, muny qaǵaz sózi birese bútin (nominatsııa), ekinshi rette bólshek (kommúnikatsııa) dep bóly qaıshylyq bolar edi. Bul jerdegi erekshelik mynada: til elementi ataý qyzmetin ótese, sóz bolǵany; eger habar berý qyzmetin ótese, sóilem bolǵany. Bul keltirilgen eki túrli ózgeshe qasiet barlyq sózderge de tán, óitkeni olar ári nominativtik, ári kommúnikatsııalyq qyzmet atqarady. Sózdiń bir basynda eki fúnktsııa (qyzmet) bolady: birinshi – habar berý qyzmeti, kommúnikatsııa fúnktsııasy; ekinshi – tańbalay qyzmeti, nominativ fúnktsııa ne sıgnifikatsııa.

Sóz habarlasý úshin kerek, eger osy kerekke jaramasa, ol – sóz emes. Sóilep habarlasqanda ár nárseniń attaryn (nominativterdi) qurap, habar beriledi. Osylaısha nominativterden quralmai jasalǵan habar joq. At bolmasa, sóz de bolmaıdy.

Nominativ sózdi birinen-birin aıyrý úshin at qoıamyz. Atty nege qoıamyz? Ony zattardyń ózderi joq jerde sóz qylý úshin qoıamyz, – dep tildiń tabıǵı erekshelikterine saı túsiniredi. Professor Q.Jubanov «Sóz belgili tártippen tizilip baryp, habar bolady. Sózder jeke-jeke júredi, biraq olar jekelik úshin jasalǵan emes, basqaǵa janasym taýyp, úleserlik bolyp jasalǵan. Óz basy ataý bolýǵa jaralaǵan sózdi bútin deımiz. Bútin, árıne, bólshek emes. Sóite tura olar quramdy bólshek bolyp baryp material bolyp, tutas oı týǵyzatyndyqtan, jeke sózderdi úlesim tabýshylar tobynyń bir bólshegi deımiz. Bul aıtylǵan bútindik pen bólshektilik birinisiz biri ómir súre almaıdy (semasiologııa men leksıka bir zat, biraq ilim ol ekeyin bir-birinen aıyryp qaradı; leksıka – sózdiń denesi bolsa, semasiologııa – maǵynasy), – til deńgeılerin saqtai otyryp, qorytyndy usynǵandy.

Tildiń paradigmalaryn saqtai otyryp, ǵalym kelesi kezekte, «Leksıka men sintaksıstiń bailanysy», «Sóz ózgesheligi men onyń qyzmeti (Jaqyndyq-aýlaqtyq tendentsııasy)», «Cóz quramy(sostavy,... eńbektegi ataýlary saqtaldy. B.M.), «Sóz sostavy: Túbir+qosymshalar»

Túbir+túbir+túbir	bir sózde
Túbir+qosalqy	bir ekpin.

Keıbir tilderde jalǵay – ekin bolyp qyzmet atqarady; keıbir tilderde qosymshasyz túbir sóz ózi jeke tura almaıdy (knıga – knıgı; bul flektsııaly tilderde). Flektiv tilderde (orys tilinde) jeke sózderdiń ózine tán formasy shekteyli bolady

Dialektologıa – til biliminiń taǵy salasyna barlaı jasaidy. Ğylymnyń bul salasy til dialektlerin qaraidy. Bir tildiń óz ishindegi ala shubarlyq, iaǵnı dialekt túrlishe bolady:

1) dybys dialekt: daıar/taıar, ashshy/ashty, chaı/shái, j/dj.

2) morfologıalyq dialekt: Qazaqstannyń batysynda aıtylatyn: «Ol Máskeıde oqyly» degende -ıly osyǵan jatady. Bul «bitıli kım» degende úlgi emes.

3) leksikalyq dilekt: baqyr – baqyrash (shelek – shómish maǵynasynda).

Dialekt sóilem túrinde de bolıy múmkin. Qazirgi til bilimindegi narechie, govor dep atalyp júrgender osy dialektige jatady: govor – usaǵy; narechie – irisi.

Bir eldiń belgili bir áydanynda qoldanylatyn tildiń ózge eldiń sózinen ózgesheligi – jergilikti erekshelik bolyp tabylady. Dúmede dialektisiz til bolǵan emes. Halyq tili degenimiz – sol dialektlerin jınaǵy.

Radlovtar, oǵan erip Melioranskıler sóz basyndaǵy «e» dybysyn «ıe» túrinde aıtatyn da el bar degen eken. Sol «e» dybysyn da, «ıe» dybysyn da aıtatyn – bizdiń qazaq. Radlovsha Orynbor jaǵynyń qazaǵy «ıe» deıdi eken (ol Semeiden Almatyǵa deın aralaǵan). Aıpaqshy, ol (Radlov) qazaqta dialekt joq, jeke adamdar sózderinde ǵana ózgeshelik bar degen. Melioranskı buǵan ergen. Bir adamnyń ózi birde – barmadym, birde – barǵam joq, endi birde – barǵan emespin túrinde sóleıdi. Menınshe, bulardy dialekt deı durys bolmasa kerek. Bulardyń árqaisysynyń ózine tán formasy bolǵany sııaqty, solarǵa laıyq maǵynalary barlyǵy da sózsiz. Alashordashylardyń qazaqta dialekt joq deıi – eldi aljastyrıy, ultshyldyq Birge jasasqan el bir-birinen til (sóz) almaı turmaidy. Sondyqtan mongol temir, aldan dep sólese, qazaqta temir, altyn dep sóleıdi. Mardıń aıtýynsha, kórshiles halyqtar birinen biri til alyp qana qoımaidy, olardyń ortaǵ sózderi de bolady eken (qazaq pen mongol temir men altyndy sonı tapqan elden alǵan; Ol zamanda qazaq, mongol degen jeke el de bolmaǵan, tek aralas júrgen halyq bolǵan).

«Qazaq tiliniń tarihyna» bılanysty dúmedegi halyqtardyń barlyǵy da qurandy, «taza» el joq. Bilimpazdar qazaqty XV-XVI ǵasyrlarda quralǵan desedi. El qurandy bolǵandyqtan til de qurandy bolmaq: sharıya, sán, án, ángime, baǵa, naıza degen sózderdiń barlyǵy da parsyniki. Tildiń qalaı ósip, damıtyndyǵyn bilı kerek. Tildiń tarihın bilı degen sóz – onıń ónıp-ósken joly bilı degen. Demek, tilimizdiń sonay uzaq jolda qandaı ózgeristerge ushyraǵanyn, oǵan nege ushyraǵanyn bilı kerek. Buryńǵyny bilı – jaı áshein maqsat emes, tildi meńgerıdiń bir amaly. Biz tildi meńgerip bolǵanymyz joq, tolyq meńgersek qana onı durys baǵytta ózgerter alamyz.

Biz tildi paleontologıa joly men tekseremiz. Munıń aty bólshegine qarai otyryp, bútinin tabı (Bul mamont aıyanın qalaı tapqanymyzdy eske túsiredi). Mysaly, átesh, ata+sh – átesh.

Sóz uzaryp ta, qysqaryp ta turady: qazaqtyń bala-shaǵa degenindegi «shaǵa»-sy bala; bala – kishkene, úlken emes, balalyq pen kishkenelik bılanysty, buǵan qapshyq, úshik, kishkene degende -shyq, -ken qosymshalary týǵan, shaǵa

qysqarǵan. Osy kúnge shein túrikpender balany shaǵa deidi, mongoldar shaǵan deidi.

Eki tildiń arasyndaǵy baılanysqa qarap, salystyra otyryp til tarihyn bilýge bolady. Oraqtyń túbiri «or» ekenin eskerip, pyshaq degenдеgi -aq qosymshasyn qoparyp alyp, «pysh» túbirin qaldyryp, onyń maǵynasynyń «pish», «pis» (ineni pisip aldy) degen etistiktermen jaqyndyǵyn eskerip, aqyrynda oraq degenдеgi aq pen pyshqy degenдеgi -qy qosymshalarynyń eńbek quralyn ataıtyn affiks ekenin bilemiz de, pisetin, kesetin, pishetin, tesetin quraldar jaıyndaǵy uǵymdar buryn bir bolǵandyǵyn baıqaimyz. Ol zamanda biriniń ornyna biriniń júre беретindigin, kele-kele maǵynalarymen birge sol sózderdiń ózi de laıyqty túr tapqanyn ańǵaramyz (biz ben pis), bir aıymasy esimderde z-nyń, etistikterde s qosymshalarynyń bolýy ǵana; biz, pis; kez(dik), kes. Altaıda kezdik degenди kestik deidi. Keze: kez+e. Qasyq degenдеgi -yq qazyq degenдеgi -yq sıaqty, bul da qazydan alynǵan. Chývashta pyshaq degenди pize deidi. Mundaǵy e pyshaqtyń sońyndaǵy -aq jurnaǵyna teń: piz-pis; Bizdiń etik tigetin bizimiz, osy pis. Bizдеgi shapqy, jonǵy degenдеgi -qy, -ǵy, tatardyń pyshqy sózinde kezdesetin -qy; Bul qosymsha bizdiń pyshaq degenimizдеgi -aq. Túrik súngi degenди súńgek deidi, ol súiek maǵynasynda Bundaǵy -aq pen -ek pyshaqtaǵy -aq (qural ústeýi). Sózdiń shyǵyyn zat mindetimen salystyrý kerek. Pyshaq, pyshqy, biz degender – bir kúnde shyqqan emes, ár kezeńniń jemisi. Buǵan qarap otyryp, bizge jaqyn til men óz tilimizди salystyrǵanda masaq sóziniń basqalarda bachaq bolýyn, sońyndaǵy -aq qosymshasyn alyp tastaǵanda túbirde mas qalatynyn kóremiz, sótip erte zamanda m, b, v, p dybystarynyń birlikte bolǵandyǵyn eske alamyz: jap, jaýyp, jabý, jamyl. Ózbektiń iaǵ degen sózin bilgendikten qazaqtyń jaýqazyn degen sózin bilemiz: jaý+qaz+yn, – iaǵ+qaz+yn (iaǵ – mai, tamaq bolatyn zat, nárise degen zat). Bul sıaqtylardy teksergende dybystardyń ózgerý zańdaryn bilý de kerek; ǵ dybysynyń v bolyp ózgerýin mynadan bilemiz; taǵ, baǵ, buǵ sıaqty sózder qazaq tilinde taý, baý, bý bolyp aıtylady [4, 102].

Dybys ózgeristerin bilý úshin bizben tildes elderdiń dybys zańdaryn bilý qajet. Qazaqsha bas, aıaq, ádil; chývashsha buýs, ataq, edil. Bas degenдеgi a dybysy, chývashta úy; bas – pýs, basy – pýzi, qaz – qas. Daýystydan buryn s ózgerip z bolady. Qazaqtaǵy keser degenди altaıda kezer deidi. Demek, olarda úndi men únsiz dybystar osy kúnge deın bir fonema bolǵanyn kóremiz. Qazaq arasynda áli kúnge deın jumysty bitir deýdiń ornyna jumysty pitir deýshiler bar. Bul da b-p dybystarynyń bir fonema ekendigin bildiredi. Chývashtar at degenди ut dep; ata degenди (at+a) ut+a, ýda deýinde de kóp mán bar.

Sóz maǵynasyn jekeden jalpyǵa, jalpydan jekege tartý da til tarihynda kóp kezdesedi (buryn «úı aýdanyndaı» dep aýdanǵa naqty konkret bermeı sólese, qazir raıondy aýdan deimiz (iaǵnı ákimshilik jer bólinisi).

Keıbir elderde quldy kim? demeı, ne? dep suraıdy eken. Bul olardy passiv nárise retinde qarap, kemsitýden týǵan.

Til adam balasynyń barlyq tabystaryn bildiredi. Adam balasynyń órleý jolyndaǵy iziniń tilge bedeli túsken. Bul joǵarydaǵy aıtylǵandardan da belgili. Qazaqtyń «balam» deýi – patriarhat zamananyń qaldyǵy, óitkeni bul sóz rý degen sózge baılanysty: urý-uryq-uryǵ-urý; Bul hasyl (asyl) – tek. Kóringen balany

«balam» deyi – nekesiz zamannan qalğan mura. Ol zamanda áieldiń jasy úlkeni ana, apa bolğan. Bular da rý aty sınaqta atalğan. Erkektiń úlkeni ata bolyp atalğan, qyz – kishkene áiel degendi bildiretin sóz, ony mongolsha – keykim.

Aıty degen sózdiń tarihy. Aıty: aı+t+ty. Aıt túbirindegi t – ózgelik etistiń kórsetkishi. Aıt! – «aýzyńdy sóilet» degen sóz. Eskilikti kitaptarda ol aıdy dep beriledi, sóiledi degen sóz. Mundaғы -dy -u bolğan; u – «bolý» degen sóz. Bul sóz qazirgi tilimizden shyǵyp qalğan. Qaitar: qai+t+ar; qai=keiın degendi bildiredi.

Qazaq tili buryn zerttelmedi. Onyń jazba murasy bolmady. Býrjýazııa til ǵalymdarynyń joly men ketsek, qazaq tiliniń tarihy bolmas edi. Sebebi olar tarihty tek jazýdan ǵana izdestiredi,-degen osy lingvistikalyq baǵyttaǵy zertteýlerdiń bir túini.

Qap ydys maǵynasynda bolýy kerek. Buryńgy kezdegi a men e dybysynyń, q-k dybysynyń, v-b, b-p dybystarynyń birlikte bolǵandyǵyn eskersek, máseleniń syry ashyla túsedı. Myna tómendegi sózderdiń dybystalýy men maǵynalarynyń jaqyndyǵy olardyń bir túbirden órbigendigin bildiredi: qap, qabyq, kebek (keyek), qaýyz (yz-kishireitý), qam-a, kóm, kım (kıt), habar (tatarsha, bizshe iste degen maǵynada), qaýaq (asqabaq), keyek (kebek), qaqa=qap+qa (q/p) (qumannyń qaqaǵy), kep (ishiń kepsin), kep-kepes (taz kepes); kep-kebin kıý; kebin.

Qaýyz sóziniń sońyndaǵy z dybysy kishireitý ústeý (jurnaǵy) ekendigin buryńgy zamanda sóz daýysty dybystan bastalǵanda aýyz bolyp, onyń qap (ydys) sózine jaqyndyǵyn eskerýge bolady.

Generally, the parenthetical words in Russian, English and Kazakh language are a very capacious concept. This variety of structures that are not necessarily something is introduced. Indeed, the default location of the parenthetical words beginning of the sentence, but it is not a strict rule. All parenthetical words in Russian, Kazakh and English are separated from the rest of the sentence when standing at the beginning or segregate when placed in the middle of a sentence.

In the Russian and English languages parenthetical words express the degree evaluation of speaking, assessment of the reported facts, emotional assessment of the reported idea, communication of thoughts, sequence of presentation, indicate methods and ways of processing thoughts on the expressive nature of the statements and sources of reported.

In the Russian and Kazakh languages parenthetical words can refer to all sentence as a whole, or to its individual parts.

Parenthetical words in the literature characterize the writer of fiction, and their preferential use is stable feature of his manners. Expressing his attitude toward reality with the help of parenthetical words, opinions, estimates, finds himself speaking as an individual values, psychological characteristics, which can be interpreted as a result of the study of the use of his parenthetical words, namely the frequency and nature of their use [5,144 p].

Morphologically parenthetical words and combinations of words are expressed by parenthetical or special words that are used only as an parenthesis, or words of different parts of speech in a special use, of which the greatest advantage have parenthetical words of adverbial type, compared with the words of nominal and verbal type. The main point of such units in the sentence is the interposition. Considering the expressive – stylistic properties of parenthetical words, we came to the conclusion that in its expressive color introductory unit in most cases belong to the neutral style.

References

1. Akimov G.N. New syntax of modern Russian .: Textbook. Moscow 1990.
2. Anikin A.I. Parenthetical constructions as a component of sentences 1991.
3. Abay Kunanvayev “Words of edification”, Izbrannoe, Ed. Sobolev. M .: State Publishing House of fiction, 1995.
4. Ganshina M.A., N.M. Vasilevska Practical English Grammar. M .: High School, 1964.
5. Ivanov L.G. Parenthetical words in the Russian language. 1995.
- 6, Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ АДАМНЫҢ СЕЗІМДЕРІН БІЛДІРЕТІН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР

ЕРАЛХАНҚЫЗЫ МӨЛДІР

*«Шетел филологиясы» мамандығының магистранты
Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе, Қазақстан*

Қазіргі уақытта антропоцентрикалық парадигманың қалыптасуы адамның психоэмоционалдық жай-күйіндегі білдіру мәселелерінің өзектілігіне алып келді. Е.М.Верещагин, Д.О.Добровольский, В.Г.Костомаров, В.М.Мокиенко, А.М.Мелерович, В.Н.Телия, А.Д.Райхштейн, В.А.Маслова, В.В.Воробьев сияқты көптеген отандық және шетелдік лингвистер өздерінің ғылыми еңбектерін осы бағытты зерттеуге арнады. Тіл ішінде болып жатқан үдерістер емес, тіл мен ойлаудың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның өзара байланыс процестері үлкен қызығушылық тудырады. Түсініктік категорияларды оқыту когнитивті лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика пәндері түйіскен жерде жүргізіледі. Бұл жұмыс лингвомәдени тәсіл арнасында орындалған және адамның эмоциялары мен сезімдерін білдіретін ағылшын және орыс тілдерінің фразеологиялық бірліктерін салыстырмалы зерттеуге арналған [1].

Адамның эмоциялары мен сезімдерін білдіретін фразеологиялық бірліктер тобы кездейсоқ таңдалған жоқ. Біріншіден, фразеологиялық бірліктердің өздері адамның ішкі эмоциялық өмірінің көріністерін сипаттайды және оларды «адам сезімдерінің, қабылдау мен бағалаудың айнасы» [4, 32-б.] арқылы көрсетеді, екіншіден, фразеологиялық бірліктердің бұл тобы негізгі эмоциялар мен сезімдерді тіркейді, қалай белсендіріледі, қалай көрінетінін және уайымдайтынын, олардың әрқайсысы қарым-қатынаста, атап айтқанда фразеологиялық бірліктердің мысалында қандай функцияларды орындайды деп түсінуге көмектеседі.

Салыстырмалы тұрғыда тілдерді оқыту тіл туралы ғылымды жана деректермен, олардың тілдік жүйенің әртүрлі деңгейлеріндегі әрекет ету саласы туралы байытады және екі бағытта: бір жағынан барлық тілдерге немесе тілдер тобына тән тілдік универсалияларды орнату және салыстырылатын тілдердің біріне ғана тән ерекше ерекшеліктерді анықтау – екінші жағынан бірегей қасиеттерді анықтау.

Бұл мақаланың өзектілігі лингвомәдени аспектіде фразеологияны салыстырмалы зерттеу қажеттілігімен анықталады. Шешілетін мәселелердің өзектілігі әрбір салыстырылатын тілдердегі эмоционалды-баянған фразеологиялық бірліктердің ерекшеліктерін сипаттаудың болмауымен, фразеологизмдердің ішкі формаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын егжей-тегжейлі талдау қажеттілігімен, сондай-ақ фразеологиялық байланысты мағынада эмоциялардың көрініс ерекшеліктерін дәлелдейді.

«Адамның эмоциялары мен сезімдері» фразеотематикалық тобы, оның санасында бейбітшілікті бейнелеумен байланысты адам өмірінің эмоционалдық саласын сипаттайтын, оған кіретін фразеологизмдердің семантикасы бойынша ерекше кең және әр түрлі болып табылады.

Эмоциялар күрделі әлемнің көп аспектілерін, сезімдердің сапалы мазмұнын, олардың белсенділігі мен пассивтілігін, полярлығы мен белгісіздігін және бейтараптығын және т.б. ескере отырып, мұнда фразеосемантикалық топтарды бөліп көрсету қажет: 1) «моральдық сезімдер», 2) «Зияткерлік сезімдер», 3) «эстетикалық сезімдер» [2].

Моральдік сезімдер аймағы өте кең және жоғары вариативтілігімен, әртүрлі эмоционалдық жай-күйлердің апплицируемілігімен, көптеген уайымдармен сипатталады. Бұл топтың фразеологизмдерінде айқын көрініс тапты, бұл топ шегінде сегіз фразеосемантикалық топшаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, олардың ішінен фразеологизмдердің екі тобын бөліп көрсетуге болады: бейтарап және позитивті эмоциялар мен сезімдерді (таңдану, қуаныш, махаббат) және жағымсыз эмоциялар мен сезімдерді (қорқыныш, ашу-ыза, қайғы, ұят, жек көру) білдіретін айналымдар.

Моральдік сезімдер аймағы өте кең және жоғары вариативтілігімен, әртүрлі эмоционалдық жай-күйлердің апплицируемілігімен, көптеген уайымдармен сипатталады. Бұл топтың фразеологизмдерінде айқын көрініс тапты, бұл топ шегінде сегіз фразеосемантикалық топшаларды бөліп көрсетуге

мүмкіндік берді, олардың ішінен фразеологизмдердің екі тобын бөліп көрсетуге болады: бейтарап және позитивті эмоциялар мен сезімдерді (таңдану, қуаныш, махаббат) және жағымсыз эмоциялар мен сезімдерді (қорқыныш, ашу-ыза, қайғы, ұят, жек көру) білдіретін айналымдар.

«Қуаныш» фразеосемантикалық кіші тобы екі тілдің фразеологизмдерін біріктіреді, олардың мазмұнында бақыт жағдайына жақын сезімдер гаммасы шоғырланады. Ағылшын және орыс фразеологизмдері: ағылш. *be on the seventh heaven* және орыс тілінде «*на седьмое небо бар*».

Қуаныш сезімін беретін орыс тілінің фразеологизмдерінде адамды жануарлармен салыстыру қолданылды: *довольный как слон*.

Осылайша, жоғарыда келтірілген ағылшын және орыс фразеологизмдері әртүрлі субъективті білдіреді.

«Қайғы» фразеологизмдері қайғы-қасірет жағдайына сәйкес келетін амальгам сезім береді, екі тілде де компоненттер бар *heart/сердце, head/голова*, орыс тілінде «*нос*». Ағылш. *heart is bleeding*; орыс. *вешать нос*, ағылшын тілінде ‘soul’: ағылш. *like a lost soul* (букв. как потерянная душа). Бұл жағдайлар тән дене қимылдарымен бірге жүреді: ағылш. *hang (down) one’s head*; рус. *повесить голову*; а также слезами: англ. *cry like a baby*; рус. *реветь белугой (белухой)*.

«Махаббат» фразеосемантикалық топшасын антропоцентрикалық фразеологизмдер құрайды, олардың негізгі бөлігі ағылшын және орыс тілдерінде осы психикалық жай-күй қарқындылығының жоғары дәрежесін береді: ағылш. *be death on / be up to ears in love with someone/lose one’s head over someone/ fall madly in love with someone*; рус. *терять/ потерять голову/ влюбиться по уши*.

Бұл топтың ағылшын және орыс фразеологизмдерінің негізгі бөлігі базалық бейнелер негізінде бөлінген лингвомәдениеттермен біріктірілген: *heart/сердце* (сердце – символ любви) және *head/голова* (голова – символ разума): ағылш. *lose one’s heart to smb.* (букв. потерять сердце); орыс. *отдавать сердце*; ағылш. *go off about/over one’s head* (букв. убирать прочь голову); орыс. *потерять голову*.

Ағылшын және орыс тілдерінде махаббаттың жоғары дәрежесі ол үшін өледі: *be death on* – влюбиться до смерти; орыс. *любить (до смерти)*. Ағылшын фразеологизмдерінде ғашықтың күйіне теңіз тереңдігінің бейнесі сәйкес келеді: *be fathoms deep in love*. Орыс фразеологизмдерінде бұл жағдайға өрт бейнесі сәйкес келеді: *сгорать от любви*.

Ағылшын және орыс фразеологизмдері «өшпенділік» фразеосемантикалық топ болып табылады *hatred/hate/ненависть/ненавидеть*: ағылш. *hate smb.’s guts* (букв. ненавидеть кишками); орыс. *пылать ненавистью/смертельно ненавидеть/ненавидеть всем сердцем* [3].

Осылайша, адамның эмоциялары мен сезімдерін сипаттайтын біз қарастырған фразеологиялық бірліктер құрылымы орыс және ағылшын тілдерінде сәйкес келетін, бірақ бірқатар елеусіз айырмашылықтарға ие жеткілікті ауқымды аймақты құрайды.

Бұл кез келген халық адамға белгілі бір эмоцияларды сипаттай отырып, шамамен бірдей баға береді. Сонымен қатар, халықтың қандай да бір жергілікті ерекшеліктерінің, әр түрлі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің нәтижесінде пайда болған фразеологизмдер ғана ерекшелік болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Барт, Р. Фрагменты речи влюбленных / В. Лапицкий. (пер. с фр.). - М.: Ad Marginem, 1999. – 432 с.
2. Вежбицкая, А. Язык. Культура. Познание / А. Вежбицкая. - М., 1996. – 416 с.
3. Клобуков, П.Е. Метафора как концептуальная модель формирования языка эмоций / П.Е. Клобуков // Язык. Сознание. Коммуникация. – М., 1997. - №2. – С. 41 – 47.
4. Симонов, П.В. Теория отражения и психофизиология эмоций / П.В. Симонов. – М., 1970. – 215 с.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СИНТАКСИСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

КОКИЛОВА ЖАНАР АМАНГЕЛДИЕВНА

магистрант

*Қ.Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
оқытушысы, Ақтөбе қаласы, Гришина 7А
abdikadirova92@mail.ru*

Түркітану ғылымының (қазақ тіл білімінің) шын мәніндегі ғылыми дәрежеге көтерілуі, сан салалы болып дамуы кеңестік дәуірден басталғанымен, оның іргетасы, әріректе қаланған болатын. ХІ ғасырда Махмұд Қашқаридың Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінен басталатын араб ғалымдарының жалпы түркілік зерттеулерінің, одан берірек замандардағы Батыс Еуропа және Ресей ғалымдарының жүргізген, әсіресе, лексикографиялық жұмыстарының түркітану ғылымының (қазақ тіл білімінің) тарихына да қатысы барлығы даусыз. Өз тарихын ХVІІІ ғасырдан бастау алатын түркітану ғылымы бүгінгі таңда зерттеу нысаны мен зерттеу методологиясы айқындалған әлемдік ғылымда өз орны бар, түркі халықтарының (30-дан астам) тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын, мәдениетін, географиясын, саясатын, экономикасын, мемлекеттік басқару жүйесін және т.б. қоғамдық құрымдарын зерттейтін ғылым. Түркі лингвистикасы құрылымын дәстүрлі түрде ІV қабатқа бөліп қарастырамыз: фонетика және фонология; лексикология және семасиология; морфология және морфонология; синтаксис және мәтін лингвистикасы [1, 71 б.].

Түркі тілдерінің грамматикалық жүйесін зерттеу – XVIII ғ. II жартысында бастау алады. Түркі тілдері бойынша грамматикалық жүйе алғаш рет баспа бетінде чуваш тілі материалдары негізінде жарияланды. Бұл еңбек 1769 жылы Қазан духовной семинариясында жазылып, Петербургта Сочинения, принадлежащие к грамматике чувашского языка деген атпен жарияланды. Осы кезеңнен бастап чуваштар орыс графикасына бір жола көшті. 1778 жылы Мәскеу университетінің баспасынан С.Халфиннің орыс оқушыларына арналған Азбука татарского языка оқу құралы, 1776 жылы Петербургта Турецкая грамматика атты еңбек шығарылды. 1801 жылы жазылған И.Гигановтың Грамматика татарского языка, 1839 жылы жарияланған М.А.Казам-Бектің Общая грамматика турецко-татарского языка, 1869 жылы шыққан Грамматика алтайского языка, 1894 және 1897 жылы екі кітап болып басылған П.М.Мелиоранскийдің Краткая грамматика казах-киргизского языка деп аталатын еңбектері т.б. жарық көрді. Өз тарихын әріден бастаған бұл дәстүр кеңес дәуірінде жүйелі қалыпқа түсіп, жоспарлы түрде жан-жақты дамыды. XX ғ. 30-40 жылдарынан бастап түркі тілдерінің грамматикалары үздіксіз жариялана бастады. 1935 жылы А.Боровковтың Учебник уйгурского языка, 1938 жылы С.В.Ястремскийдің О.фон Бётлингк еңбегі негізінде жазған Грамматика якутского языка, 1940 жылы Н.К.Дмитриевтің Грамматика башкирского языка, 1941 жылы А.Н.Кононовтың Грамматика турецкого языка, 1948 жылы Грамматика узбекского языка, 1940 жылы В.М. Насиловтың Грамматика уйгурского языка, 1943 жылы А.П.Поцелуевскийдің Основы синтаксиса туркменского литературного языка, 1940 жылы Н.А.Баскаковтың Ногайский язык и его диалекты, 1952 жылы Каракалпакский язык дейтін еңбектері жарияланды. Бұл еңбектер – Ресей (КСРО) түркологтарының орыс тілінде жазған грамматикалары. Сонымен қатар жергілікті ұлт кадрларының өз ана тілдерінде жазып, жарияланған грамматикаға арналған еңбектері де аз емес. Осылардың нәтижесінде түркі тілдерінің грамматикалық құрылыс жүйесі ғылыми негізде едәуір терең де жан-жақты зерттелді деуге болады. Қазақ тілінің алғашқы грамматикалары XIX ғасырдың екінші жартысынан орыс тілінде жарық көрді. Олар: М.А.Терентьев Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская (СПб., 1875), В.В.Катаринский «Грамматика киргизского языка, этимология и синтаксис» (СПб., 1897), Н.Лаптевтің «Грамматика киргиз-кайсацкокого языка» (СПб., 1898), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая фамматика казак-киргизского языка, фонетика и этимология» (ч. I., 1894, ч II., 1897) т.б. Алайда бұл зерттеулер түркі тілдері грамматикалық құрылысының белгілі бір дәуірдегі, тек зерттеліп отырған дәуірдегі, күйін синхрондық тәсілмен зерттеген еңбектер. Ал түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша зерттеуге келсек, оның кенжелеп қалып келе жатқандығы байқалады. Себебі түркі тілдерінің өзара туыстас, бір негізден тараған төркіндес тіл ретінде салыстырмалы-тарихи аспектіде жүйелі түрде толыққанды зерттелмеді. Көптеген түркологтар түркі тілдерін жеке-жеке тілдер емес, бір тілдің жеке диалектілері ғана, сондықтан одан Үнді-еуропа семьясына кіретін тілдер сияқты ата тілді (праязык) іздеудің қажеті жоқ деп санады.

Жоғарыда аталған грамматикалық еңбектердің көпшілігінде көне заманнан келе жатқан дәстүрлі тәсілдерге сүйену, түркі тілдерінің өзіндік типологиялық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, ғылыми терең зерттеуден гөрі сипаттау, жүйелеу істері басым болып келді. Түркі тілдерін бір-біріне салыстыра отырып, тарихи тұрғыда зерттеу, немесе түркі тілдері фактілерін басқа типтегі тілдермен, әсіресе, орыс тілі фактілерімен салыстыра қарау, сол арқылы оның типологиялық ерекшеліктерін ашу мақсатындағы алғашқы қадам ХХ ғ. 50-жылдарында жан-жақты зерттеле бастады. Қазіргі уақытта түркі тілдерінің басым көпшілігінің жоғары оқу орындарына арналған ғылыми грамматикалары, академиялық грамматикалары, тарихи грамматикалары жарық көрді, олар ғылыми пән ретінде оқытылатын болды [2, 39 б.].

Түркі тілдері грамматикалық құрылысына қатысты күрделі екінші сала – синтаксис мәселелері. Морфология сияқты синтаксис мәселелері де ХІХ ғасырдан бері қарай жарық көрген практикалық грамматикаларда сөз болып отырды. Бірақ еңбек авторларының көңіл аударған негізгі мәселелері – түркі тілінде сөйлемді қалай құруға болады, сөйлем құрамына енетін сөздердің орналасу тәртібі қандай, қай сөз табы қандай синтаксистік қызмет атқарады, сөйлем мүшелері бір-бірімен қалай байланысады және т.б. жеңіл-желпі мәселелерді сөз еткендері болмаса, синтаксистің объектісін айқындау, синтаксистік категорияларды ғылыми тұрғыда талдау болмады. Құрмалас сөйлем синтаксисі тіпті сөз болмай келді. Қазан социалистік революциясының 70 жылдық мерекесіне арналған КСРО-дағы түркі тіл білімі 70 жылда атты бас мақаласында Советская тюркология журналы сөз болып отырған мәселеге байланысты былай деп жазды: «Революцияға дейінгі түркологиялық әдебиеттерден түркі тілдерінің тек кейбіреулерінің ғана синтаксисіне арналған, соның өзінде де, олардағы морфологиялық лексика-грамматикалық категориялардың синтаксистік функцияларын сипаттайтын фрагменттік очерктерді ғана кездестіреміз». Синтаксистің барлық саласының да терең де жан-жақты баяндалуы кеңестік дәуірден басталады. Көптеген ғалымдардың күшімен жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде түркологияның бұл саласы да едәуір табысқа жетті: синтаксистің объектісі айқындалды, сөздер тіркесі мен сөйлемдердің бір-бірінен ерекшеліктері ашылып, әрқайсысының өзіндік сипаттары жан-жақты зерттелді, жай сөйлемнің болсын, құрмалас сөйлемнің болсын құрылымдық, мағыналық түрлері кең көлемде зерттеуден өтті. Синтаксис түркі тілдерінің біразында диахрондық тұрғыдан да зерттелді, кейінгі жылдарда салыстырмалы синтаксиске арналған еңбектер де бой көрсете бастады. 1961 жылы Түркология секторы Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын шығарды [2, 73 б.]. Бұл том түгелдей синтаксис мәселелеріне арналған. Сондай-ақ, әр жылда жарық көріп жататын түркологиялық жинақтарда да синтаксистің әр түрлі мәселелері сөз болып жатады. Тіл білімі институты 1952 жылы Түркі тілдері синтаксисі туралы зерттеулер атты арнаулы жинақ шығарды. 1973 жылы Н.З.Гаджиеваның Түркі тілдері синтаксистік құрылысы дамуының негізгі жолдары атты көлемді монографиялық зерттеуі жарияланды. Синтаксис мәселелерін талқылауға

арналған бүкіл одақтық түркологиялық конференциялар да өткізілді. Бұларға қоса түркі халықтарының ұлттық грамматикалық жүйесін даралап зерттеуге арналып, орыс және жергілікті ұлт тілдерінде жазылған және жазылып та жүрген әдебиеттерде де синтаксис мәселелеріне соқпай кетілмейді [3, 71 б.]. Мысалға қазақ тілі синтаксистік құрылысының зерттелуін алсақ та болады. Жалпы түркі тілдері синтаксисінің кеңес дәуіріне дейінгі зерттелу жайы туралы жоғарыда айтылған пікір түгелдей қазақ тілі синтаксисінің зерттелу жайына да қатысты. Қазан революциясына дейін орыс тілінде жарық көрген 6-7 практикалық грамматикалардың тек екеуінде ғана синтаксис сөз болған. Екеуінде де синтаксистік категориядан гөрі морфологиялық категориялардың синтаксистік қызметтері көбірек баяндалған. Қазақ тілі білімінің басқа да салалары сияқты оның синтаксистік құрылысының да ана тілімізде баяндалуы А.Байтұрсынұлының жоғарыда аталған Тіл құралдарының басталуы. Бұл автордың синтаксиске қатысты пікірлері сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз категорияларының бір-бірінен өзгешеліктерін түсіндіруден басталады. Сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деп бөлу, тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты, тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштарды жатқызып, пысықтауышты өз ішінен мезгіл, мекен, сын, себеп, мақсат пысықтауыштар деп бөлу де осы оқулықтан басталады. Қазіргі әдебиеттерде «оқшау сөздер» деп аталатындар «бұратана сөздер» деп аталған. Жай сөйлемдерді құрылысына, мағынасына, естілу сазына қарай жіктеу де қазірдегі сияқты. Аталған белгілеріне қарай жай сөйлемдер болымды-болымсыз, толымды-толымсыз, жалаң-жайылма, сұраулы, лепті, бұйрықты, тілекті деп жіктеледі де, олардың әрқайсысының өзіндік белгілері мысалдар арқылы талдап түсіндіреді. А.Байтұрсынұлының сөйлем мүшелері жайындағы айтқандары да, жай сөйлемдерді түрге жіктеулері де қазіргі мектеп оқулықтарында болсын, академиялық грамматикаларда болсын берік сақталған. Соңғылардың XX ғ. 20-жылдары ішінде жарық көрген Тіл құралдарынан негізгі ерекшелігі – тілдік фактілердің жаңалығы мен молдығында, баяндауларының кеңдігінде. Ал категориялардың терминдік атаулары мен классификациялық принциптері, грамматикалық түйінді анықтамалары жағынан алғанда өзгешеліктері жоқ. А.Байтұрсынұлы оқулықтары мектеп балаларына арналған практикалық мәндегі алғашқы бастама екені белгілі, бірақ соған қарамастан ол тіліміздің синтаксистік құрылысын зерттеудің бастамасы, қаланған берік негізі бола алады. Қазақ тілі құрмалас сөйлемін ана тілімізде зерттеу де А.Байтұрсынұлы оқулығынан басталады. 1924 жылы Тіл құралы деген атпен Орынборда баспадан шыққан еңбегінде: «Қазақ тілі сөйлемдері арасында екі түрлі жақындық болады: оның бірі – мағына желісі жағындағы жақындық та, екіншісі – сөйлемдердің сыртқы қисын жағынан жақындығы. Мұның алдыңғысы, яғни тек ой іргесі, ой желісі жағынан ғана жақын болатыны іргелес сөйлем, ал әрі ішкі мағына, әрі сыртқы қисын жақындығы бар сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады», – дейді.

Лингвист-ғалым А.Н.Кононов, сөз тіркесінің байланыстары туралы да бірқатар тұжырымдамалар жасаған. Ол «Түрік тілінің синтаксисі» жөнінде

жазған еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу түрлерін меңгеру, қиысу және қабысу деп бөледі және олардың сөз таптарына қатысы туралы айтылады. Тілдегі зат есім, сын есім, үстеу сөздер ешқандай морфологиялық көрсеткіштердің қатысынсыз-ақ синтаксистік байланысқа түседі және бұл өте жиі қолданылатын тәсіл ретінде қарастырылады. «Синтаксическая связь в таких словосочетаниях основывается на местоположении этого, по существу, аморфного слова, а потому любой определитель (определение, обстоятельство, придаточное предложение) и в определенных случаях дополнение занимает строго определенное место перед определяемым или, соответственно дополняемым» [4, 374 б.]. Ғалымның бұл еңбегінде сын есімдердің анықтауыштық қызмет атқаруы арқылы өзі анықтайтын сөздің алдында тұрып, орын тәртібі, яғни аналитикалық тәсіл арқылы байланысуы көрсетілсе, кей жағдайларда септік жалғауларының, нақтырақ айтқанда, табыс септігінің түсірілуі арқылы аналитикалық жолмен байланысады делінеді. «Имена, служащие для обозначения объекта, в функции прямого дополнения выражаются формами основного падежа (синтаксические отношения выражаются способом примыкания) или винительного падежа (синтаксические отношения выражаются способом управления)» [4, 377 б.].

Түркі тілдеріндегі сөз тіркесінің байланысын жан-жақты қарастырып, зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі – Е.И.Убрятова. Е.И.Убрятова сөйлем құрылымына кіретін сөздер арасындағы байланыстар түрлі амалдар арқылы жүзеге асады дей келіп, «Форма словосочетания образуется с помощью показателей синтаксических отношений: аффиксов принадлежности, аффиксов сказуемости, падежных аффиксов, некоторых словообразовательных аффиксов и служебных слов. Отсутствие специальных оформителей синтаксических отношений также может служить признаком формы словосочетания» [5, 27 б.], – деп сөз тіркестерін байланыстырудағы әртүрлі тәсілдердің қатысатынын саралайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі [Мәтін]: – Алматы: Санат, 1988. – 144 б.
2. Исакова.И. Наречие в современном казахском языке [Текст]:– Алматы: Изд-во АН Каз СР, 1950. -140 с.
3. Батманов И.А. Современная и древняя енисейка [Текст]: –фрунзе. Изд-во АН. ССР, 1962-249 с.
4. Харитонов Л.Н. Неизменяемые слова в якутском языке [Текст]:– Якутск: Госиздат ЯАССР, 1943. -81 с.
5. Н.Ә. Назарбаев «Туған елім – тірегім» [Мәтін]: Алматы, 2001.

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ПСИХОЛИНГВИСТИКА

САГИНОВА Ж.К.

«Шетел филологиясы» мамандығының магистранты

Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе, Қазақстан

Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде оқыту өндіріс үдерістерін меңгеруді және сөйлеуді тудырмайтын тілде қабылдауды көздейді. Әдістемелік зерттеулер мен оқыту тәжірибесі Тіл, фонетика, лексика, грамматика туралы білім алудан гөрі сөйлеу біліктерін дамыту қиын екенін көрсетеді. Бұл қиын міндетті орындау қарым-қатынас процесінің ерекшеліктерін, оның ішінде психолінгвистика зерттеумен айналысатын сөйлеудің пайда болуы мен қабылдауының ішкі заңдылықтарын ашумен тығыз байланысты. Бұл-жас білім саласы. Ол 1953 жылы пайда болды, ол кезде беделді психологтар, лингвистер және басқа да мамандар тобы Америкада мұхит жағасында екі айлық бірлескен жұмыс нәтижесінде психолінгвистика аты берілген теориялық негіздер мен мәселелер шеңберін бейнелейді. Психолінгвистика терминінің өзі екі бөліктен құралған, олардың біреуі психологияға, екіншісі лингвистикаға бағытталған. Осылайша, Психология үшін де, лингвистика үшін де қиын болған тіл мен тіл байланысы идеясы терминнің өзінде анық баяндалады, сонымен қатар, білімнің аталған салаларын біріктіре отырып жарияланады: психолінгвистика психология мен лингвистиканың деректері мен тәсілдерін қолдана отырып, тіл мен тілдің табиғатын және қызмет етуін зерттейді [1, 287-б.].

Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде оқу кезінде тілдік материалды таңбалы стереотиптер түрінде жинақтау сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерінде оларды қолдану дағдылары мен біліктерін қалыптастырумен қатар жүргізілуі тиіс. Бұл, өз кезегінде, тіл аспектілерін – фонетика, лексика және грамматиканы меңгеру – сөйлеу механизмдерін-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу арқылы бір мезгілде жүзеге асады. Әдістемеде бұл шетел тілін есту және оқу кезінде сөйлеу мен жазуға қарағанда мүлдем басқа тәсілдермен түсіну керек. Тыңдалым мен оқу негізінде тілдік материалды тану, сөйлеу мен жазу негізінде – ойды тіл белгілерімен безендіру жатады. Сөйлеу қызметінің түрлеріне оқыту бір жағынан, өз бетінше әрекет ететін аудиттеу, сөйлеу, оқу және жазу тетіктерін құру қажеттілігіне байланысты сараланған болуы тиіс; екінші жағынан – кешенді, өйткені фонетика, лексика, грамматика сөйлеуде түсініксіз жұмыс істейді, ал сөйлеу қызметінің түрлері өзара байланысты және өзара байланысты.

Психологияда адамның жеке-психологиялық ерекшеліктері белгілі, олар оның жеке тұлғасын анықтайды және оқу процесіне әсер етеді. Жеке тұлғаның келесі түрлері ерекшеленеді: интровертивті және экстравертивті, дедуктивті және индуктивті, инертті және лабильді. Жоғары қарым-қатынасқа,

асагенерализацияға немесе жеткіліксіз жалпылауға бейімділігі тән жеке тұлғаның түрі.

Жеке психологиялық ерекшеліктер мен жеке тұлғаның қасиеттеріне байланысты білім алушыларда таным процесінде қызметті орындаудың белгілі бір тәсілі, әлемді тану жолы немесе когнитивті стиль (cognitive style) қалыптасады.

Шет тілін үйренуге қатысты негізгі когнитивті стильдер деп келесі атауға болады :

- далалық Тәуелсіздік – field independence);

- төзімділік (ambiguity tolerance) – индивидтің шыдамды болуы, оның көзқарастарына қайшы келетін материалды қабылдау, сондай-ақ материалды әр түрлі тәсілдермен игеру қабілеті, оның таным стиліне тән емес;

- рефлексивтілігі (reflectivity) және импульсивтілігі (impulsivity): рефлексивтілігі жүйке жүйесінің инертті түріне тән, оқушылар алдымен өзінің сөйлеу тәртібін ойлайды және өлшейді, содан кейін шешім қабылдайды және түзетулер енгізеді; импульсивтілік жүйке жүйесінің лабильдік түріне сәйкес келеді және тез, жиі ойланбаған жауаптарды болжайды, Олар жиі қателерді ойлап табады.;

- визуалды және есту стильдері (visual style, auditory style): бірінші стиль оқуға артықшылық беретін оқушыларға тән, жақсы есте сақтау үшін кестелерді, диаграммаларды және суреттерді қолданады; екінші топ оқушылары материалды есту немесе дыбыстық сүйемелдеумен есте сақтауды қалайды. Шетел тілдерін оқытудың когнитивті теориясы келесі ережелерге негізделеді:

- ойлауды дамыту тілді меңгеру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тілді оқыту тек тіл бірліктерін (құрылымдарды, сөз тіркестерін, сөйлеу үлгілерін) немесе ережелерді қабылдауға және механикалық үйренуге ғана құрылмауы тиіс. Оқушыларды тұлғалық бағдарларды жүзеге асыру үшін жағдай жасалған кезде зерделенетін құбылыстардың мәнін танудың белсенді процесіне тарту керек;

- оқушылар оқу процесінің белсенді қатысушылары болуы тиіс, олардың жеке мүдделері мен ерекшеліктерін ескеру қажет;

- оқыту процесі тек жеке ғана емес, сонымен қатар, оқушылар нақты әлемде сияқты бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынас жасағанда әлеуметтік негізделген сипатқа ие. Осыған байланысты оқушылар да, мұғалімдер де оқу және оқу кезеңінде өзара тану және бір-бірін түсіну және ынтымақтастық үдерісіне тартылуы тиіс.

Шетелдік әдістемеді оқытудың коммуникативтік тәсілінің пайда болуымен шет тілін оқытуда когнитивті процестердің рөлін жете бағалау үрдісі пайда болды; оларды тек ережелерді үйренумен және тілді жүйелі меңгерумен байланыстыра бастады, бұл тар мағынада когнитивті тәсілді түсінуді білдіреді. Тарихи тұлғаның когнитивті процестерін зерттеуге тартылған отандық психология мен Әдістемеді, когнитивтілік кең мағынада ана пони қабылданған және оның әртүрлі деңгейлері туралы айтуға:

- ереже деңгейі-ережеге сәйкес сөйлеу әрекеттерін орындау;
- мән деңгейі-қолданылатын тілдік бірліктердің мәнін түсіну және түсіну;
- сөйлеу іс-әрекетінің орындалу деңгейі-сіз қалай сөйлейсіз, нені аяқтайды, қандай дәлелдер әкеледі;
- әлеуметтік деңгей-қандай функцияның бар екенін түсіну (кеңес, өтініш, қарсылық және т. б.);
- мәдениеттану деңгейі – хабарланатын ақпарат пен оның тілдік безендірілуі тіл тасымалдаушылардың мәдени нормаларына қаншалықты сәйкес келетінін түсіну;
- оқушылар жұмысының когнитивті стилі-оқушылардың қалай үйренетінін, қандай тәсілдерді қолданатынын, олардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ тілді меңгеру деңгейін өзін-өзі бағалау [2, 322-б.].

Когнитивтіліктің аталған деңгейлері коммуникативтік құзыреттілік компоненттерімен сәйкес келеді және когнитивтік процестердің оның қалыптасуына әсерін көрсетеді. Бұл коммуникативтік құзыреттіліктегі когнитивті компоненттің болуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл «коммуникативтік-когнитивті әдіс» немесе «тәсіл»терминдеріне сүйенетін отандық әдіскерлердің оқытудың коммуникативтік әдісін түсіндіруде өз көрінісін тапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Петрунова Т.В. Эмоциональная составляющая в структуре мотивации изучения иностранного языка [Текст] / Т.В. Петрунова // Лингвистические и 22 методические аспекты преподавания иностранных языков : материалы Междунар. науч.-практ. конф.; БелГУ, 19-20 ноября 2007 г. - Белгород: ИПЦ «Политерра», 2007. - С. 287-291. - 0,31 усл. п. л. 8.

2. Петрунова Т.В. Потребность в усвоении иностранных языков как проявление сформированности духовной культуры субъекта [Текст] / Т.В. Петрунова // Духовно-нравственное воспитание: прошлое, настоящее, будущее: материалы II Региональных историко-педагогических чтений; БелГУ, 15 ноября 2007 г. - Белгород: Изд-во БелГУ, 2007. - С. 322-324. - 0,19 усл. п. л

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

СҮЛЕЙМЕН А.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
магистранты, Ақтөбе қ., ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының
кандидаты, доцент Мұратбек Б.Қ.
E-mail: suleimenaltynn95@mail.ru*

Қазақ тіл білімінде айрықша орын алатын салалардың бірі – ономастика. Аталмыш саланы кешенді ғылым деп қарастыруға болады. Мәселен, ол түрлі филологиялық, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен мүдделерін қамтиды, оның қалыптасуы мен дамуына тіл зерттеушілері, фольклортанушылар, тіл тарихын зерттеушілер, философтар, тарихшылар, географтар, мифологтар т.б. үлестерін қосады. Алайда, ол бірінші тіл ғылымына қатысты, оны тек ономастика жеке сала ретінде қарастырыла бастағаннан кейін ғана ХХ ғасырда көпшілік мойындады.

Зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, жалқы есімдердің саны тілдегі көпшілік қолданыстағы жалпы есімдер санынан асып түсетіндігі анықталады. Себебі, олар жаңа атау ретінде, жаңа мағынада қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін қалыптасып отырады.

Қазақ тіл білімінде жалқы есімдерді зерттеген ғалымдар арасында мазмұнды зерттеу жүргізген Ә.Қайдар, Ғ.Әнесов, А.Әбдірахманова, Т.Жанұзақов, К.Еспаева, Б.Қапасова, А.Әлмаханов, С.Имамбердиеваның еңбектерін ерекше атаған жөн.

Жалқы есімдердің этимологиясын ғалымдар ежелгі ұғымдармен байланыстырады. Мәселен, мына тұжырымға мән берейік: «Қазақ онимдері (жалқы есімдер) құрамы мен құрылысы және шығу тегі – этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері сақ, қаңлы, үйсін, ғұн дәуірлеріне тән болса, біразы орал-алтай тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, шағын тобы араб, парсы, монғол, славян (орыс, украин, поляк, т.б.) тілдерінен енгендер» [1, 7-б.]. Демек, жалқы есімдердің жасалуына әсер еткен ежелгі түсініктерді зерделеудің мәні зор.

Сөздік қорымыздағы барлық сөздің оның ішінде жалқы есімдердің де өз тарихы, өз этномәдени мәні бар. Күнделікті тіршілікте белгілі бір сөзді, жалқы есімді пайдаланған кезде қарапайым таңба ретінде қабылдаймыз да, оның шығу тарихына, түп төркініне мән бермейміз. Ал топонимдерді зерделеуде оларды жай ғана таңба деп қабылдауға болмайды. Себебі, әр топонимнің өзіндік мағынасы бар және оның қалыптасуы халқымыздың ұлттық танымымен

тікелей байланысты. Бұл ретте топонимдердің этимологиясын анықтау қазіргі кезде тіл білімінде жаңадан дамып жатқан антропоэзектік бағытпен байланыстыруға болады.

Топонимдердің этимологиясын анықтауда кейбір атаулардың уәжденуіне назар аударған дұрыс. Алайда, атаулардың белгілі бір уақыт өткен сайын этимологиясы көмескіленіп, жойылуы да жиі кездеседі. Мәселен, Сырдария атауына қатысты деректер келтірейік. «Бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде Йенчу үгүз – маржанды өзен деп аталса, қытай жазбаларында Чжень чжу-хэ – шын інжудің өзені деп аталған көрінеді. Ал парсылар, Яқсарт – шын інжу деп аударған» [2, 10-б.]. Ал соңғы зерттеулердегі тұжырымдарда ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені Яқсарт (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер Інжу «моншақ, маржан» деп атаған. Демек, әрбір атаудың шығуына белгілі бір мазмұнға сүйенеді. Топонимдерді таңба деп бағаламай, оның шығу тегіне үңілудің маңызы зор. Себебі, алдымен сөздің түбі түсіну тарихымызды, танымымызды тануға мүмкіндік жасайды.

Жалқы есімдерді этимологиялық жағынан талдап зерделеу мәселесі жалпы лингвистикадағы бұрыннан қалыптасқан этимологиялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін негізге алу барысында орындалуы тиіс. Ал этимологияның өзі тіл білімінің күрделі саласы ретінде соңғы ғасырда ғана пайда болып, қалыптасқаны мәлім.

XIX ғасырдың бірінші жартысында этимология деп грамматиканы (морфология) айтып келген болса, XIX ғасырдың соңында ғана Еуропа тілдерінде ғылыми негізде түзілген этимологиялық сөздіктердің жарық көруі бұған толық дәлел бола алады.

1950-2000 жылдары жарық көрген В.И.Абаев, Г.А.Климов, В.Е.Егоров, В.И.Лыткин, О.Н.Трубачев, В.И.Циннус, М.Фасмер, Э.В.Севортян, т.б. ғалымдардың этимологиялық сөздіктері бұл саладағы соны жаңалықтар еді. Ал Батыс Еуропа ғалымдары шығарған этимологиялық сөздіктер тізбесі бұдан да көп екені даусыз мәселе.

Ал этимологиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы жайлы – «Теория и практика этимологических исследований» (1985), «Теория и методика ономастических исследований» (1986), «Проблемы этимологии тюрских языков» (1990) жан-жақты қарастырылса, қазақ тіл білімінің этимологиясы Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, Ш.Сарыбаев, Н.Қарашева, Ғ.Әнесов, қазақ ономастикасы бойынша А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаевтар өз көзқарастарын білдірді.

Жалқы есімдерді талдау барысында, олардың этимологиясын ашу, айқындауда жалған, халықтық этимологияға бой ұру жайы жиі ұшырасады. Түркі тілдеріндегі жалпы есімдер этимологиясын зерттеу туралы айтылған ой-пікірлер мен пайымдаулар да әр алуан. Бұл ретте В.В.Радлов, Е.Д.Поливанов, В.А.Гордлевский, С.Е.Малов, Н.К.Дмитрев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Э.Р.Тенишев, Э.В.Севортян, В.Г.Егоров, А.А.Юлдашев, Қ.Қ.Жұбанов,

І.К.Кеңесбаев, Ғ.Ғ.Мұсабаев, А.Ы.Ысқақов, Ә.Т.Қайдаров, А.Әбдірахманов пікірлері тіл мамандарына жыға таныс.

Жалқы есімдерді, оның ішінде топоним, антропоним, этнонимді этимологиялық тұрғыдан қарастырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін еркін қолдануға болады. Бұл туралы ғалым тұжырымын келтірейік: «Егерде жалпы есімнің этимологиясын анықтаудағы ізденістің басты мақсаты этимон реконструкциясын анықтау әрекеті болса, жалқы есімдер этимологиясын талдау жайы мүлдем басқаша. Бұл ретте апеллатив қана қарастырылып қоймай, тұтас бір тіркес, тіпті сөйлем танылады. Бұның өзі ономастикондардың (топонимдердің де) жасалуы жағынан синтаксиске де қатысы бар екенін, белгілі дәрежеде семантикалық байланысқа да ие екенін байқатады. Бұл жайт бойынша кейбір тіл мамандарының топонимдердің этимологиялық реконструкциясын анықтауда мәтін құрайтыны, көбіне топонимдер мен антропонимдердің етістік тұлғада келіп, қолданылу барысында қысқарып ықшамдалып отыруын (эллипциялануы) айқын көреміз» [2, 33-б.]. Осы тұжырымда жалқы есімдердің жасалуы мен этимологиясын дәл анықтау үшін лингвистикалық талдау мен зерттеудің бірнеше әдісін пайдалану керек екенін ұғамыз.

Этимология – тарихпен тығыз байланысты, диахронологиялық құбылыс. Сондықтан, тарихи фонетикасыз және алуан түрлі атаулардың түбір тұлғасын анықтап алмайынша нақты нәтижеге ие болу мүмкін емес. Топоним, антропоним, этнонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс, тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық-морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау және де басқа амалдарды қолдану нақты нәтижелерге қол жеткізеді.

Қазақ топонимдерінің этимологиясын зерттеу барысында жалпы тіл білімінде, сондай-ақ түркітану мен қазақ тіл білімінде жарық көрген ғылыми-теориялық еңбектерге үнемі сүйеніп, оларды басшылыққа алып отыру абзал. Осымен қатар, халық аңызына сүйенудің де өзіндік орны барын ескерген жөн. Алайда жалған этимологияның да сырына назар аударуды естен шығармау керек. Мәселен, Самсы атауына қатысты қызықты дерек бар. Зерттеушілер «ескі түркі тілдеріндегі чам//шам (лай, құрым) мәніндегі атаудың с дыбысы арқылы айтылуы, қырғыз тілінде ол сипатты өзен-бұлақты Чамбыл аққан су дейді. Бұл атаудың -сы формасы көне түр, су тұлғасының ықшамдалған түрінін» [2, 44-б.] деп түсіндірген. Алайда тарихи-салыстырмалы әдіске мән берілмегенін байқаймыз. Зерттеуші XVIII ғасырда осы жерде қазақтың атақты батыры Самсы есімінен қойылғаны туралы дерек айтпаған. Яғни этимологияны анықтауда жан-жақты зерттеу жүргізу керек екенін ескеру керек.

Қорытындылай келгенде, жалпы жалқы есімдер құрамында мағынасы беймәлім және сыры ашылмағандарды этимологиялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми маңызы зор. Сол себептен жүздеген, мыңдаған онимдердің шығу тегін және көмескіленген, күнгірт тартқан, бұл күнде көпшілік қауымға түсініксіз онимдердің де этимологиясын ашу құнды жұмыс болмақ. Оларды құрылымдық талдау тәсілімен, я болмаса фонетикалық алмасу тұрғысынан,

фоносематикалық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық, құрылымдық, т.б. бағытта зерттеп зерделеу айтарлықтай нәтиже беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы: Қазақстан, 2007. -544 б.
2. Имамбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2010. -378 б.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

ТУРУСБЕКОВА А.Е.

*Гуманитарлық ғылымдардың магистрі, сениор-лектор
ХАТУ, Алматы қ.
Akmonshak_turysbekova@mail.ru*

Тіл қоғамдағы ең маңызды орны бар және ауқымы кең болғандықтан дамуын тоқтатпайды. Біздің өмір сүріп отқан ғасырымызда елдердің шекаралары белгілі болғанмен әртүрлі ұлттардың, әртүрлі тілде қарым-қатынасқа түсуіне шекара жоқ. Сондай-ақ, техника дамуы аса жылдамдықпен орын алған сайын жаңа заттар ойлап табылып, сәйкесінше атауы да шығып жатыр. Бүкіл халық қолданылатын сол атауларды халықаралық термин ретінде тікелей немесе қазақ тіліне ыңғайлап айтуды осы мақаламда ұсынып, Ұлы ғалымдардың пікірлерінен мысал келтірдім. Ойыма түрткі болған жағдайлар:

көптеген қазақи ортада адамдардың орыстанған халықаралық терминдерге тілінің келмеуі;

түркі тілдерінің ішіндегі ең бай деген тіліміздің мүмкіндіктерін толық қолдана алмай жатқандығымыз;

орыс тілінің ықпалынан латын әліпбиінің арқасында ақырындап шығу;

ең бастасы тіліміздің қолданылуға, үйренуге ыңғайлы болуы. Латын әліпбиіне көшуіміздің бір себебі де шетелдік қандастарымыз өз тіліміздегі шығармаларды оқып білсін, латын графикасы бойларына әбден сіңген шетелдіктер қазақ тілін оңай үйренсін демедік пе? Енді түбірі ағылшын тілінен алынып, орыс тіліне ыңғайланып, қазақ тіліне тікелей еніп кеткен термин сөздерді болашақта өз тілімізге ыңғайламасқа немесе түпнұсқада қалай берілсе айтылуға ыңғайлы етіп айтпасқа?. Мысалы, орыс тіліндегі «ция» қосымшасымен аяқталатын сөздерінің дені ағылшын тілінен енген

(-tion - *ин* қосымшасымен аяқталатын) сөздер, мыс: *ambition* /эмбйишн/ - амбиция, *dissertation* /дисэтэйишн/ - диссертация, *concentration* /консэнтрэйишн/ - конценрация, *delegation* /дэлигэйишн/ - делегация, *inflation* /инфлэйишн/ -

инфляция, innovation /иноувэйшн/ - инновация, operation /опэрэйшн/ - операция, presentation /прэзэнтэйшн/ - презентация, section /сэкишн/ - секция, function /фанкишн/ - функция, punctuation /панктюэйшн/ - пунктуация;

түпнұсқада түбір қалпында берілсе де, орыс тілінде қосымшалары «ция» болып берілген сөздер : *commerce /кómэс/ - коммерция, police /нэліс/ - полиция, residence /рэзидэнс/ - резиденция;*

ағылшын тілінде -s, орысшасында -сия жалғауымен бітетін терминдер : *epilepsy /эпилэпси/ - эпилепсия, biopsy /байюпси/ - биопсия, anorexia /энэрэксиэ/ - анорексия;*

ағылшын тілінде джи деп оқылып орысшасында гия болып кеткен көбінесе ғылыми тілде қолданылатын сөздер: *allergy /элэджи/ - аллергия, biology /байólэджи/ - биология, cardiology /ка:диólэджи/ - кардиология, ecology /икólэджи/ - экология, etymology /этимólэджи/ - этимология, morphology /мофólэджи/ - морфология, oncology /онкólэджи/ - онкология, philology /филólэджи/ - филология, strategy /стрэтэджи/ - стратегия, technology /тэкнólэджи/ - технология, terminology /тёминólэджи/ - терминология.*

Осындай халықаралық терминдер бұқаралық ақпарат құралдарында, аурухана, мекемелер мен қоғамдық орындарда, тіпті ауызекі тілде де көптеп қолданылып жүр. Оны тілі орыстанған «Кеңестіктер» мен қалалықтар шұбарландырып «қатырып» жүрсе, ауылдағы немесе орналасқан жері қазақиланған аудандарда полицияны – пэлициэ, электрикті – електрик, ... кейбір *эпилепсия, пунктуация* деген құлаққа үйреншікті емес сөздерге тілдерінің икемі де келмейді, катализатор, карикатуралық деген сөздердің көп кездеспейтіні жақсы, егерде кездесіп қалса айтпақ түгілі түсінбес те.

Б.Қалиев та осындай тіліміздің заңдылықтарына бағынбай тұрған сөздерді бір ретке келтіруді қалап, «Орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге еуропа тілдерінен келген сөздерді жазу үшін тілімізге арнайы ендірілген 12 орыс әрпін қазақ әліпби құрамынан шығарып тастап, өзіміздің төл әліпбиімізді қайта құрастыруымыз керек. Шет тілінен енген сөздердің бәрін үндестік заңына бағындыра отырып оларды өз төл дыбыстарымызбен жазуымыз керек» дейді. [1.18] Яғни, түрік тіліндегі *Otobüs* , орыс тілінде *автобус*, ағылшын тілінде *bus*, ал қазақ тілінде болса орыс тілінен өзгертілмеген *автобус*. Әркімнің өз тілінде ыңғайлы жазылып, қазақ тілінде көшірме болып тұр. Ал кейбір терминдердің терминологиялық сөздікте бекітпесе де қазақшалап баламасын айтып жүрсе (интернетті –ғаламтор, гимнді- әнұран), көбінесе керісінше бекітілген сөздердің (мыс: машина- мэшине, станция- стансы) қазақшасы айтылмайды да. Бұндай терминологиялық, орфографиялық сөздіктерді қолына ұстап көргені де көп емес, барлығынан да бейхабар халық көп. Интернеттен қазақша мәліметтердің аздығынан ешнәрсе үйрене алмайсың, мектеп оқулықтарында енген терминдер, жаңадан енген сөздермен ғана шектеліп қалып отырмыз.

Бұл орайда қазақ терминологиясының жайы туралы ең бірінші болып өз ойларын айтқан зерттеушілер А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Р.Сыздықова сынды ғалымдардың ойларынан мысал келтіре кетейін. А.Байтұрсынов

«Общепотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. При наличии казахских слов, могущих заменить их, должны помещаться оба, чтобы право выбора предоставить обществу. Под общепотребительными терминами мы подразумеваем современные общераспространенные европейские термины, но не арабские. Мы принимаем их предпочтительно перед арабскими в силу того, что мы приобщаемся сейчас не арабской культуре, а к европейской. Все достижения европейской культуры в полной мере могут быть выражены европейским же языком. Но заимствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на их должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка» [2.423] деп жазып, халықаралық терминдердің тілімізге енуі дұрыстығын айтқан. Осы ойды қазір жазған болса араб тілінің ықпалынан қорықпай, орыстанған терминдерден қарағанда түпнұсқаны қазақтандырған жөн деуші еді. Осыған орай түрік сөздіктерінің түпнұсқа тілден қалай өз тілдеріне ыңғайлап алғандығы туралды төменде мысалдар келтіремін.

Тіліміздегі терминдердің 150 мыңға жеткендігі туралы академик, педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Асқарбек Құсайынов хабарлаған болатын. Оның ішінде түсіндірмелі, нормативті, этимологиялық, салалық, қысқартылған, жаңа терминдер сөздігі, т.б. болып бірнеше түрге бөлінсе, біз тек қана ғылыми-технологиялық жағын қарастырып отырмыз. Техниканың дамуына байланысты Елбасының тапсырысымен ашылған Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің студенттеріне қазақ тілін кәсіби тұрғыда үйрету үшін техника терминдері туралы біраз мәліметтер жинадым. Көңіл бөлетін сөздер: *принтер, анимация, аналық тақша, добавить(үстеу), строка – жолақ, устанавить, анимация, сопоставить, сопоставление, тінтуір, төлбелгі (атрибут). Авто(оуто)* сөзінен басталған сөздерді «өз» сөзімен аударған. Мыс : *автомасштаб, автозамена, автофильтр, автоформа сөздері – өзқашықтағыш, өзауыстырғыш, өзсүзгі, өзпішімдегіш* сөздері қолданылған. Осындай аудармалар тұрғанда біз қазақ тіліні дамытпаймыз, жұртқа күлкілі, жиіркенішті көрсетеміз. Қай елге барсаң да тілін білу керексің, тіпті кейбір АҚШ, Канада сияқты елдерге виза алу үшін де тілден тест тапсырасың. Ал бізде.. Өзге ұлттарды қанша жылдап Қазақстанда тұрып қазақ тілін үйренбеді деп сөгіп жатамыз. Өзіміз қиындатқан тілді өз қазағымыз дұрыс сөйлей алмай жатқанда басқаға не реніш айтамыз. Алматыда атағы әжептәуір түріктер ашқан Сүлеймен Демирел атындағы университеті мен баяғы Қазақ-түрік лицейлері қазір Білім-инновация деп аталатын лицейлер бар. Сол жердегі басшылар да, қызметкерлер де, студенттер мен оқушылар да не қазақ тілінде сөйлейді не ағылшын тілінде сөйлейді. Сабактың бәрі ағылшын тілінде, аралас ұлттардың арасындағы қарым-қатынас тілдері - қазақ тілі. Негізгі мамандықтарымен қатар рухани, қазақи білім беріп жатқаны үшін олар алда келе жатыр. Болашақта да барлық қызмет орындары ағылшын тілінде жұмыс жүргізіп, қазақ тілін қарым-қатынас тілі ретінде ғана қолдануы мүмкін. Өз тәжірибемде екі түрік ұлтына қазақшаны, екі қазақ ұлтына түрікшені

үйретуге тырыстым. 10 сағаттан тұратын 1 апталық нәтижені қорытындыласам қазақтар басқа тілді үйренуден әлдеқайда озып кетті. Түркітілдес тіл болғандықтан денемүшелер сияқты көптеген атаулар бірдей, мыс: *гөз, каш, сати, тырнак, бурун, ағыз, кулак, аяк*, т.б. Ал термин сөздерінің көбісі түпнұсқа тілінде тікелей немесе өз тілдеріне бейімдеп алған. Біз қанша жылдан бері велосипед сөзінің баламасын тілімізге енгізе алмай келе жатсақ, олар ағылшын тілінен алынған *bisycle –bisiklet*, (қаз: шайтанарба деген нұсқасы болған) оқылуы бисиклет деп аударған. Кәрі-жасы қолдана алады, тіпті ағылшын сөзі екенін де ұмытып кеткен. Жаңа әліпбиде «э» әрпі болмағандықтан *эсковатор, электрик* деген сөздердегі эсковатор, електрик деп айта берсек ешқандай ерсілік жоқ. Сонымен қатар мен жоғарыда көрсеткен мысалдарды да өз тілдеріне ыңғайлаған: *polis(полис), spor, demokratik lider(демократик лидер), ekonomik(экономик), estetik (эстетик), epilepsy(эпилепси), original(оригинал), fizyoloji(физиоложи), psikoloji, avukat(авукат), sosyal, otobus(отобус), enerji(энержи), organik, organizasyon (организасион), boksör(боксер), Şampiyon (шампион), subjektif(сабжектив), strateji (стратежи), kimya(химия), kimyasal .т.б.* Ал жаңа әліпбиімізде баяғы кирилицадағы –ц, –ю, –я, –ё, –х, –ь, –ъ әріптеріміз жоқ, бірақ осы әріптерден тұратын кірме сөздер бар. Оны қайтеміз? Ольганы –Олга деуге еуро, американдықтар сияқты үйрене беруіміз керек. Ағылшын тілінен енген *computer* сөзін қазақша *компьютер* деп жазып кампиутер деп айтуға да еш негіз жоқ. Термин қай тілден енсе сол тілдің заңдылығына сәйкес жазылады, бірақ орыс тілінен енген деп жүрген көптеген терминдердің түбі ағылшын тілінен Қазақ тілінде «о» деп жазылған әріптің «а» деп оқылуы туралы заңдылық жоқ. Латын жазбасында *demokratia* сөзі оқылуында сол қалпында болу керек. Ал өзіміз сапалы аударма алмасақ, туыстас тілдердің нұсқаларына қарап үлгі алсақ тіліміз тәуір-ақ оңайланушы еді. Бұл туралы М.Әуезов те А.Байтұрсыновтың пікірін ұстанып, орыстанған терминнен бас тартуымыз керектігін ашық айтпаса да, орыс тілінің заңдылықтары туралы былай дейді: «Мысалы, орыс тіліне француз, ағылшын, неміс, латыннан енген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағынып айтылады да, жазылады да. Қазір орыс балалары сол сөздердің неміс, ағылшын, француз тілдерін оқи бастағанда басқаша айтылып, жазылатынын жолай, қиналмай-ақ, түсініп, ұғынып, келе жатқан жоқ па? Орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан тілдерден сөздер кіріп, *джайлау, акын* (ақын емес) деп өз грамматикаларына бейімделіп алып жатыр [3. 262] Біздің грамматикада осы жөнінде асыра сілтеу, сыңаржақтық, бар сияқты». Осыны дәлелдей түсу үшін орыс тіліндегі бір ғана «род категориясын» айту арқылы орыс тілінен өзгеріссіз еніп жатқан сөздердің жөні бөлек деп, жалғамалы (агглютинативті) қазақ тілінің бітіміне сай келмейтіндігін көрсеткен.

Ерден Қажыбек жаңа әліпбидің ескі әріптерді жаңа әріппен алмастыру емес екенін мәлімдеді. "Ескі әріптерді жаңа әліпбиден іздеудің қажеті жоқ. Біз әріптерді өзгертпейміз, әліпбиді өзгертпейміз. Қазақ тілінде бар болғаны 28 дыбыс. Біз 32-ге дейін көбейттік, себебі кірме сөздер қазақ тіліне енгендіктен,

мысалы "в", "ф" әріптері жиі қолданылатындықтан, оларды ысырып тастай алмаймыз", - деп атап өтті ол. [4]

Терминология туралы айтқанда Қазақ тілі білімінің негізін салушы, тіл саласының көбінде еңбек еткен тілші-профессор Қ.Жұбановтың пікірін айтпай кетпеуге болмас. Оның негізгі еңбектерінің бірі - қазақ терминологиясы мәселелері. Қ.Жұбанов қазақ тілінің тазалығын сақтау керектігі жөніндегі жоғарыдағы мысал келтірілген пікірлерге алғаш болып қарсы пікірін «О терминологии казахского литературного языка» [5.280] деген еңбегінде айтты. Ол ұлттық тілдер өзбетінше өмір сүре алмайды, міндетті түрде экономикасы, ғылымы дамыған елдердің ықпалы болады деп, термин сөздерді мәдениеті бізден озық орыс тілінен алғанды жөн санады. Әрине ол дәуірдің көзқарасымен қарасақ, орыс мәдениеті кеңінен белең алып жатқан кезде, қазақтар ғылымнан құр қалмасын, солардың тілдері арқылы ғылым мен білімге есік ашылады деп сеніп, оның үстіне солақай саясат бұл пікірді асыра сілтеп, ұлттық тілімізді жоғалтып ала жаздадық, әлі де зардабын шегіп отырмыз. Мәселен, Қ.Жұбанов осы дәуірде өмір сүрген болса, осы ойынан айнымаушы да еді. Тек қазір ғылым, экономика, техника, мәдениет салаларының бәрін бастап тұрған Батыс болғандықтан, терминдерді орыс тілінен емес түпнұсқа тілден алғанды жөн санар еді. Уақыт өзгерген сайын, заманның талабына қарай пікір де өзгереді. Аталған ғалымдардың тілді зерттеген уақытында орыс мәдениеті кеңінен таралып, өркендесе, қазір ағылшын тілінің қажеттілігі бар салада асқақтап тұр. Дамыған мемлекеттердің барлығы ағылшын тілінде ғана жұмыс істейтін болды. Демек, болашақта бүкіл ғаламды ағылшын басса, біздің ұлттық тіліміз мемлекеттік және еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынас тілі деңгейін ұстап қалуы керек. Ол үшін аралас тілдерден арашаланып, ғаламдық тілдің терминдерін алып, өз тіліміздің заңдылығы мен көркемдігін жоғалтпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қалиев Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. Алматы, 1994
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы.: Ана тілі, 1992.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 19 том. Алматы.: Жазушы, 1985
4. Kaz.tengrinews.kz сайты
5. Қ.Жұбанов. Абай қазақ әдебиетінің классигі. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. : Жазушы 1966.

КОМПЬЮТЕРЛІК ДИСКУРСТЫҢ ЖАНРЛЫҚ КӨПТҮРЛІЛІГІ

ӘСКЕР ГҮЛЗАТ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
филология мамандығының 2-курс магистранты
Ақтөбе қаласы
askerova0404@mail.ru*

Дискурс ұғымы төңірегіндегі пікірқайшылықтар әлі күнге дейін толастамай келеді.

Тілдік қатысымның бірлігі қазіргі кезде айтылым деп аталып жүр. Дискурс ұғымы белгілі бір жағдайдағы тілдік-қатысымдық қолданылу үдерісі ретінде танылған.

Айтылымның ерекшелігі оның тұлғаларға, белгілі бір адамдарға бағытталуы. Айтылым басқа да айтылымдармен өзара әрекеттесе отырып, бір-бірімен қабыса әрекет етіп тілдің үлкен бірлігі – *дискурсты* түзеді [1, 80].

Дискурсқа тікелей тоқталмағанымен, оған қатысты ой-тұжырымдар ғалым Қ.Жұбановтың еңбектерінде де кездесетінін айта кеткенді жөн көрдік. Ғалым сөзімен нақтыласақ: «... ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздердің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады», демек «Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті» [2, 148]. Бұл жерде ғалым тікелей *дискурс*, *интенция* терминдерін айтпаса да «сөзді қалай құрудың тетігін білу» деп отырғаны интенцияға меңзейді де, ал «дыбыстап сөйлеген сөздердің олқысы, көбінесе, ыммен толады» деген ой-тұжырымдары дискурсқа берілген анықтамалардағы экстралингвистикалық факторлар сипатына келеді.

Бүгінгі күні өте көп пайдаланылатын дискурстың түрі – компьютерлік дискурс. Қазіргі заманның технологиялық мәдениетін компьютерсіз елестету өте қиын. Компьютер және ғаламтор адам тұрмыс-тіршілігінің барлық салаларын тұтас қамтып, тұрмыс тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды.

Тіл білімінде қазіргі таңдағы ғаламтор дискурсын бүтіндей бір кешенді құбылыс ретінде компьютерлік дискурсты жүзеге асыруын техникалық құралдардың, экстралингвистикалық факторлардың және де білім мен дағдылардың болуын талап етеді.

Компьютерлік дискурс – бұл ғаламтор желісіндегі тұлға-аралық коммуникация, виртуалды кеңістіктегі қарым-қатынас.

Компьютерлік дискурстың негізгі белгілері ғаламтор-форумдарының дискурсын зерттеген ғалым Е.Н.Галичкинаның диссертациялық жұмысында көрсетілді:

1) виртуалдылық;

- 2) уақыт және кеңістіктегі қашықтық;
- 3) гипер мәтіннің болуы;
- 4) құрамында әріптік, образды-көру және образды-есту компоненттерін қамтитын компьютерлік мәтіндер;
- 5) қатысушылардың мәртебелік теңдігі;
- 6) «смайликтердің» көмегімен эмоция, мимика және сезімді білдіру;
- 7) дискурстың түрлі типтерінің біріктірілуі;
- 8) ғаламтор дискурсындағы этика [3].

Е.Н.Галичкина, Н.Л.Моргун, Е.И.Горошко компьютерлік дискурстың белгілерін анықтауға арнаған зерттеу еңбектерінде, компьютерлік дискурстағы мынадай коммуникативтік ерекшеліктерді атап көрсетеді:

- белгіні берудің сандық каналы;
- қашықтық;
- анонимділік;
- торлық құрылым;
- гипермәтінділік;
- мультимедиялық;
- коммуникацияның ауызша-жазбаша сипаты [4].

Бұл қасиеттер компьютерлік дискурс шеңберінде өрбейтін дискурстық қатынастың ерекшелігін анықтайды және оны өзге коммуникативті орталардан ерекшелеп тұрады. Ғаламтор байланыстың ерекше каналы ретінде виртуалды кеңістіктегі коммуникация сипатына әсер етпей қоймайды.

Компьютерлік дискурстың жанрлық көптүрлілігі мәселесі назардан тыс қалған мәселе емес.

Компьютерлік дискурстың жанрларының бірі ретінде форумды алсақ болады. Форум өте жауапты микросоциалдық қауымдастықтарды жіктеу критерийлерімен иерархиялық құрылымы болуымен және желі құрылымдағы тұрақты тұлғааралық байланыс орнатуымен ерекшеленеді [5, 78].

Форум (ағылшынша forum) – желі қолданушылар қауымдастығы. Кез-келген байланыс үшін арнайы жасалған сайт немесе конференция форум негізі. Форумдар коммуникативтілікті ұйымдастыруға, зейінді арттыруға септігін тигізеді. Адамдар бір-бірімен ақпарат алмасу арқылы қарым-қатынас орнатады. Форумдағы байланыстың негізгі бірлігі – хабарлама, яғни «пост».

Байланыс орнату және оған жауап. Тақырыптық бағыт форумдарды компьютерлік байланыстың басқа жанрларынан ажыратады. Тақырып қойылғаннан соң, еркін процесте дамиды, пікірталастар форумның бағытына әсер етіп, белгілі бір мәселелер шешіледі.

Форумға қатысушының жеке қасиеті – әрбір адам өзі байланысқа шыға алатындығында. Сөйлеудің жеке қасиеттерін қарым-қатынас талаптарына сай қанағаттандыру пайдаланушылардың белгілі бір тобы тілдің позициясын анықтайды. Осы қоғамдағы мәселелерге бей-жай қарамау, талқылау арқылы адамдардың өзіндік көзқарастары пайда болады.

Компьютерлік дискурстың ең танымал жанрлық түрі – чат. Чат – арнайы жасалған және нақты уақытта синхронды пайдаланушылармен байланыс үшін

ұйымдастырылған белгілі бір уақыт режимінде болатын сөйлесім. Компьютерлік дискурсте сөйлеу байланысы – еркін қарым-қатынастың түрі. Сөйлесу әрекеті былайша өрбиді: бір уақытта пайдаланушылардың белгілі бір саны хабарламалар жазады, оқиды және ой бөліседі. Мұндай қарым-қатынас жасайтын адамдардың саны 10-15 адам немесе одан да көп болуы ықтимал, бұл тек көп адамдардың сөйлесуі емес, екі адамнан да құралатын чаттар болады.

Чатқа қатысушылар үшін өз пікірлерін білдіру әлдеқайда маңызды. Әңгіме мен чаттың бір ғана айырмашылығы бар, ол чаттың ауызша жүзеге асырылмауында. Әңгімені адамды көріп отырып шынайы өмірде айтсақ, чатта виртуалды қарым-қатынас орнатамыз. Бұл ретте сонымен бірге, коммуникацияға қатысушылар өз эмоциясын білдіруде түрлі смайликтер, суреттер жібере алады [6, 93].

Блог – қысқа жазбалардан, суреттерден тұратын мінді мағлұматы бар торап. Блогшы деп блог жетекшілерін атайды. Ғаламтордағы барлық блогтар жиынтығын блогосфера дейді.

Авторлық құрамына байланысты блогтар топтық және дербес (корпоративтік, клубтық) және қоғамық (ашық) болып бөлінеді. Құрамы бойынша блогтар тематикалық және бірегей деп те бөлініп жатады. Блог қолданушыларға бір тақырыпқа өз пікірлерін (комментарийлерді) қалдыру блогтарға тән қасиет. Блогтарда желілік қарым-қатынас ортасы қалыптасады және оның чат, веб-форум, жаңалықтар тобы болады.

Көп жағдайда дербес блогтар жеке сипатқа ие болады. Бірақ коллективтік және корпоративтік орталардағыдай дербес блог орталарының мамандырылған, яғни белгілі бір өмір сфераларына арналған блогтың түрлері болады:

Саясатқа арналған блогтар. Әдетте саяси блогтарды көшбасшылар саяси партиялар мен саяси бірлестіктердің бірлестіктері, саясаткерлер жүргізеді, хабарламалар, жолдаулар жарияланады.

Тұрмыс туралы блогтар әдетте бұл адамдар арасындағы қарым қатынас проблемеларын, психологияны, үй шаруашылығын жүргізу яғни «тұрмыс», «жеке өмір» түсініктерімен байланысты проблемаларды қарастыратын блогтар.

Саяхат туралы блогтар белгілі бір елде өз-өзін қалай ұстау туралы кеңес беретін және басқа ұлттардың салт-дәстүрлері туралы айтатын авторлардың өзінің сапарларынан алған әсерлерімен бөлінісетін блогтар.

Білім тақырыбына арналған блогтар. Әдетте ол белгілі бір оқу орындарының блогтары. Бұл блогқа қатысушылар білім беру процесін, білім проблемаларын қарастырады, студенттерге хабарламалар, оқу орындары жайлы мәліметтер жазылады.

Сән туралы блогтар сән әлеміндегі жаңалықтар, трендтер, сәнді көрсетілімдерін талқылайтын блогтар. Бұл блогтарда мамандардың пікірлерін, стилистердің кеңестерін және сәнге құмар адамдардың пікірлерін оқуға болады.

Музыка жайлы блогтарда авторлар өзінің музыкалық сүйіспеншілігін, музыкалық әлемдегі жаңалықтарды талқылайды. Музыкалық блогтар – белгілі бір музыкалық бағытқа арналуы мүмкін және әртүрлі музыкалық жанрлар мен стильдерді жарыққа шығарады.

Блогтың негізгі сипаттарына тоқталсақ:

- Блогтағы хабарлар белгілі бір хронологиялық тіртіпте орналасады.
- Блогты бір адам бірінші жақтан жазады.
- Блогта басқа тораптарға сілтемелер беріледі.
- Блог жиі жаңарып отырады, жаңалықтар үнемі сұрыпталып, екшеліп

салынады.

- Блогта пікір қалдыруға болады.
- Блог арқылы автор туралы көзқарас қалыптасады
- Блогты әуесқой адамдар да жүргізе алады.

Қорыта айтсақ, компьютерлік дискурс және оның категориялары мен ерекше белгілері әлі де толығымен анықталып болған жоқ, әлі де толық зерттеуді талап етеді. Компьютерлік дискурс жалпы дискурстың көп қырлы түрі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Формановская Н.И. Речевое воздействие коммуникация и прагматика. – М.: Изд-во «Икар», 2007. – с. 480
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.- 581 б.
3. Галичкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках: автореф. дис. канд. филол. наук. Астрахань, 2001
4. Горошко Е.И. Теоретический анализ интернет-жанров: к описанию проблемной области// Жанры речи [Электронный ресурс]/ Е.И. Горошко.-2007. URL: <http://www.textology.ru/article.aspx?aId=77>
5. Бондаренко СВ. Социальная система киберпространства как новая социальная общность, 2004
6. Нестеров В.Ю., Нестерова Е. Карнавальная составляющая как один из факторов коммуникативного

II. ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МІНДЕТТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

К ВОПРОСУ О СОЦИАЛЬНОЙ ФУНКЦИИ ПЕЙЗАЖА В КНИГЕ ОЧЕРКОВ А.П.ЧЕХОВА «ОСТРОВ САХАЛИН»

БЕРШАЦКАЯ НАТАЛЬЯ ПАВЛОВНА

Оренбургский государственный университет, nata_96-77@mail.ru

ПРОВАТОРОВА ОЛЬГА НИКОЛАЕВНА

доцент, к.филол.наук

Оренбургский государственный университет, olgaprovatorova@yandex.ru

Исследователь Е.Н. Разумова отмечала, что книга «Остров Сахалин» «по-очерковому нацелена на конкретный жизненный материал и связанные с ним актуальные вопросы» [1, с.201], и, очевидно, что для достижения этой цели и глубокого погружения читателя в повествование Чехов активно использует элементы пейзажа: леса, горы, поля, дороги, реки, озера, облака, постройки и т.д.

В книге очерков «Остров Сахалин» Чехов не просто в документально-публицистической форме передает картины русской каторги, отражает личные впечатления от поездки на «каторжный остров», но и дает представление о системе взглядов на проблемы взаимоотношения человека и государства, исправительные меры правосудия, рассматривает влияние каторги на все социальные слои сахалинского населения, также, в книге звучит понимание ценности человеческой личности и смысла жизни, а главное, Чехов поднимает пути решения «каторжного вопроса», который волновал русских писателей и этнографов и ранее (Ф.М. Достоевский, М.И. Михайлов, С.В. Максимова, В.Г. Короленко и др.).

Подробно анализируя причины, препятствующие упорядочению русской каторги и ссылки, Чехов использует научно-документальный и образно-художественный способ отражения действительности.

Пейзажные описания в книге, на наш взгляд, выполняют специфичную изобразительную и оценочную роль, поскольку отражают авторскую идею о трагичности жизни на Сахалине, и содержат несколько линий.

Во-первых, за счет пейзажных описаний Чехов показывает читателям обособленность каторжного острова как царства зла, боли и унижения; крайней географической точки российской земли, позабытой и никому не нужной. Во-вторых, образным языком пейзажа на контрасте красок природы можно показать убогость человеческой жизни на острове, ее жалкого существования.

В-третьих, автор с помощью картин первозданной природы Сахалина ищет пути выхода из атмосферы несправедливости, средства самоочищения от социальных недугов.

Так, сахалинский пейзаж как метафора ада, крайняя географическая точка российской земли, позабытая и никому не нужная, неоднократно возникает в книге для подчеркивания остроты социальных проблем на каторжном острове. При изображении лесного пожара во время отплытия на пароходе «Байкал» автор бросает намек на равнодушие человека к природе и ироничное умозаключение о том, что «зеленое богатство принадлежит здесь одному только богу». Огонь пожара и клубы дыма над лесом, казалось бы, динамичные детали в описании прибрежного пейзажа, но выглядят застывшими и спокойными, подчеркивая равнодушие и спокойствие мира: «...сплошная зеленая масса выбрасывала из себя багровое пламя; клубы дыма слились в длинную, черную, неподвижную полосу, которая висит над лесом... Пожар огромный, но кругом тишина и спокойствие...» [2, с.54].

Представление Сахалина как крайней точки российской земли происходит в восприятии автора при приближении к острову, который кажется ему туманной полосой, как метафора неясности и скрытой опасности, тупика; за счет сравнений и эпитетов: «неведомый север», «незнакомое море», «необыкновенные чудовища», «конец света».

Путешествие начинается с описания чувств человека, прибывшего на крайнюю точку континента российской земли для «легкомысленной» цели. Автор акцентирует внимание читателя на географическом положении острова не случайно, поскольку при помощи описания можно подчеркнуть и высший предел униженности каторжника, и безысходность его страданий: «Тут кончается Азия...», «Впереди чуть видна туманная полоса – это каторжный остров; налево, теряясь в собственных извилинах, исчезает во мгле берег, уходящий в неведомый север. Кажется, что тут конец света и что дальше уже некуда плыть» [2, с.45], «...в это дождливое, грязное утро, были моменты, когда мне казалось, что я вижу крайнюю, предельную степень унижения человека, дальше которой нельзя уже идти» [2, с.152]. Вглядываясь в звездное небо над селением Пальво, прислушиваясь к ночному звуку журчащего ручья, у автора вновь возникают устойчивые ассоциации сахалинского мира с «концом света»: «Была очень тихая, звездная ночь. Стучал сторож, где-то вблизи журчал ручей. Я долго стоял и смотрел то на небо, то на избы, и мне казалось каким-то чудом, что я нахожусь за десять тысяч верст от дому, где-то в Палево, в этом конце света, где не помнят дней недели, да и едва ли нужно помнить, так как здесь решительно всё равно -- среда сегодня или четверг...» [2, с.156].

С целью показать безысходность судьбы каторжанина, путь его физических и нравственных страданий, автор-рассказчик обобщает пространство Сахалина до локуса прибрежной полосы и дороги: «Каторжник здесь в продолжение многих лет без перерыва видит только рудник, дорогу до тюрьмы и море. Вся жизнь его как бы ушла в эту узкую береговую отмель

между глинистым берегом и морем» [2, с.149]. Или, наоборот, с целью показать масштабность трагедии сахалинского пожара, включает гиперболу – «горит весь Сахалин», и фантастические образы. В описании вида из окна квартиры одного из крестьян, некогда бывшего ссыльным, Чехов составляет экспозицию из нескольких деталей: грядки с капустной рассадой, канавы и листовенница. Образ листовенницы принимает символический оттенок: *«вдали маячит тощая, засыхающая листовенница»* [2, с.56-57]. После пейзажного описания следует выход хозяина и его жалобы на «неурожай, холодный климат, нехорошую землю», которые не умаляют того факта, что этот человек ничего не сделал после окончания срока своей каторги, чтобы переселиться на материк. Засыхающая листовенница - пейзажная деталь, которая в книге принимает обобщенный символический образ неустроенности: *«Ни сосны, ни дуба, ни клена – одна только листовенница, тощая, жалкая, точно огрызенная, которая служит здесь не украшением лесов и парков, как у нас в России, а признаком дурной болотистой почвы и сурового климата»* [2, с.56-57].

Чтобы показать сходство условий жизни русского крепостного и каторжника, Чехов включает аллюзию на стихотворение Н.А. Некрасова «Железная дорога» [2, с.81]. Пейзажные описания призваны обеспечить масштаб работ и их результат по освоению глухого края: *«Теперь же на месте тайги, трясин и рытвин стоит целый город, проложены дороги, зеленеют луга, ржаные поля и огороды...»* [2, с.56].

В пейзажные описания может быть включены признаки «безотрадной погоды» на острове, которая, по мнению автора, *«располагает к угнетающим мыслям и унылому пьянству»* [55, с.78], под влиянием которой *«многие холодные люди стали жестокими и многие добряки и слабые духом, не видя по целым неделям и даже месяцам солнца, навсегда потеряли надежду на лучшую жизнь»*[2, с.113]. Во многих случаях, анализируя преступления осуждённых, Достоевский и Чехов сделали вывод о том, что основной причиной преступлений является несовершенство общественных условий, однако, «безотрадная погода» является, на наш взгляд, одновременно и символом отражения связи между человеком и природой, и острыми наблюдениями Чехова-медика о влиянии климатических условий на настроение и физическое здоровье сахалинцев.

«Социальная» функция пейзажа в книге А.П. Чехова «Остров Сахалин» играет роль средства в выявлении контраста между описаниями природы и жестокости, подчеркивает остроту социальных проблем, поднятых автором.

Чехов достаточно часто использует прием антропоморфизма при описании природы. Явления и объекты природы отражают человеческие свойства и, как правило, становятся проводниками человеческого страдания, выражения боли, посредством антропоморфных метафор: деревья уподобляются людям, погруженные в монотонную жизнь острова – *«...жалобно скрипеть – и никто не слышит этих жалоб»* [2, с.121-122]. Сравнение реки Дуйки, грязной и убогой, на время праздника украшенной «по обе стороны разноцветными фонарями и бенгальскими огнями», с кухаркиной дочкой, на

которую «для примерки надели барышнино платье», показывает глубокий сарказм автора над приукрашенной действительностью и той смертельной тоской, что остается с человеком, для которого нет надежды вернуться с каторги на родину.

И, конечно, третья линия развития социальной функции пейзажных описаний в книге - показать с помощью картин первозданной природы пути выхода из атмосферы несправедливости, и, как средства самоочищения от социальных недугов. Этот путь Чехов находит в переходе к некоему идеализированному миропорядку, в намерении выйти из прежнего пространства в открывшийся ему на Сахалине новый мир с неповторимыми картинами природного пейзажа: «...Татарский берег красив, смотрит ясно и торжественно, и у меня такое чувство, как будто я уже вышел из пределов земли, порвал навсегда с прошлым, что я плыву уже в каком-то ином и свободном мире»[2, с.388]. Таким образом, каторжный Сахалин с его первозданным пейзажем в идеализированных представлениях Чехова предстает чудесным местом нравственного очищения людей и островом для их дальнейшей счастливой жизни: «Быть может, в будущем здесь, на этом берегу, будут жить люди и кто знает? - счастливее, чем мы, в самом деле, наслаждаться свободой и покоем. Но эти берега уже не безгрешны и не девственны. Мы уже осквернили эти берега насилием. Этим прекрасным берегом проводили арестантов, звенели кандалы, шел смрад солонины из трюмов...»[2, с. 381]. Так, Разумова Н. Е. отмечает, что «...онтологическая модель, характерная для творчества Чехова второй половины 1880-х годов: человек трагически обособлен от мира, но ему присуще настойчивое, хотя и бесплодное стремление преодолеть этот разрыв». [1, с. 164].

Используя пейзажные описания, Чехов ставит важнейшие этико-философские вопросы: о смысле жизни, о назначении человека, о соотношении духовного и материального, о красоте.

Список литературы:

1. Разумова Н.Е. Творчество А.П. Чехова в аспекте пространства. – Томск, Томский гос. ун-т, 2001. – 520 с.
2. Чехов А.П. Полное собрание сочинений и писем в тридцати томах. Сочинения в восемнадцати томах. Тома четырнадцатый - пятнадцатый. Из Сибири. Остров Сахалин. (1890 - 1995). - М.: Наука, 1987. – 518 с.

ЖОЛТАЙ ӘЛМАШҰЛЫ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

СҰЛТАНИЯЗОВА И.С.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің PhD
докторы, доцент, Орал қаласы*

ИБРАЙМОВА Ә.Д.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2-
курс магистранты, Орал қаласы,
ademi_ibraitova@mail.ru*

Қай заманды алып қарасақ та, әр дәуірдің өзіндік қиыншылықтары мен ауыртпалықтары болады. Соның ығына қарай әдебиет саласы дамып, кейде сынға да ұшырайды. Тәуелсіздік тұрғысынан алып қарасақ, біздегі қазіргі драмалық туындылардың көпшілігі тәуелсіздікке қол жеткізуге дейінгі ауыртпашылықтарды сөз етеді. Сол өткен заманның көрінісін өзгеше сипатта бүгінгі ұрпаққа жеткізу, оны сахналық кейіпте бейнелеу драмалық шығармалардың мақсаты болса керек. Сондықтан да, драмалық туындылардың көпшілігінде, жаңашылдық, жаңаша жеткізу дәстүрі өте белсенді түрде көрініс береді. Бұл тұрғыдан алғанда, жазушы әрі сыншы Е.Смағұл өз көзқарасын былайша білдірген: «Бүгін ешбір театрға, оның қайраткеріне, режиссер мен актерге, драма жазатын драматургке не қоямын, сахнада не айтамын, қалай айтамын деген мәселелерге ешбір тосқауыл, шектеу жоқ. Бәрі де өз еркінде, бұрынғыдай сескенбей, жоғарыға жалтақтамай өз білгеніңше, өз шамаңның жеткенінше сахналық шығарма жасау құқығына қол жеткізді» [1, 18-б.]. Мүмкін мұның өзі тәуелсіздіктің берген жақсылығы мен жаңалығы болар.

Сиқырлы әлемге сыр шертіп, кеңінен үңілетін көркем шығармалар тарихи тұлғалардың келбетін, жолын, қалдырған қазынасын, рухани байлығын үлгі ретінде танытатын ірі құндылық. Себебі, тарих пен тағдыр бір-бірімен егіз ұғымдар. Бір-бірінің астары мен ақиқат жолын дәлелдеуге тырысатын бағдаршам түсініктер болса керек.

Тарихи тұлғалардың драмалық шығармаларда көрініс беруі сол тұлғалардың тарих сахнасындағы және жеке өмірдегі даралық қасиеттерін барынша шынайы көрсету үшін қажет.

Жолтай Әлмашұлының драмалық шығармаларының басым көпшілігі тарихи тұлғалар бейнесін жан-жақты ашып, талданды. Әсіресе, «Мұңмен алысқан адам», «Дос – жүрек дос», «Ай астындағы алтын шаһар», «Қайраткердің құпиясы» атты драмаларының барлығы дерлік тарихи тұлғалар бейнесін дәріптеуге арналған.

Драматургтің «Дос жүрек дос» атты драмасы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке арналған. Ондағы басты кеңістік – 1942 жылы еліміздің сол тұстағы астанасы – Алматы қаласында өтеді. Драмадағы басты мақсат – жазушы Мұхтар Әуезов пен ғалым әрі әдебиетші Бейсенбай Кенжебаев өмірі мен шығармашылық байланысы. Драматургтің басты көрсетпек, ашпақ идеясы – Мұхтар Әуезов пен Бейсенбай Кенжебаев арасындағы шығармашылық үндестік, достық, шынайы ықыластың маңыздылығы.

Шын мәнінде, мейлі қандай заман, қандай дәуір болсын ондағы достық күші – барша адамзат қасиетінің ең биік шыңы. Сондықтан да бұл шығарманың айтпақ ойы тек әдебиетші қауым үшін ғана емес, жалпы адамзат үшін де елеулі, маңызды деп есептеуге болады. Шығарманың ең басты 2 жүйесі бар:

- Әуезов – Кенжебаев – Әмірбаев;
- Шаңғытбаев – Сүмесінов – Кенжебаев;

Аталған 2 жүйе байланысы шығарманың ең басты қозғаушы күші болып табылады. Осы арада байланыс сақталмаған жағдайда, шығармадағы айтпақ ой да шашыраңқы болуы әбден мүмкін.

Шығарма барысында драматург Мұхтар Әуезовтің шығармашылық бейнесін барынша әсерлі жеткізіп, жан-жақты ашуға тырысқан. М.Әуезовтің жұмыс пен үй арасындағы байланысы, шығармаға дайындығы, шығармашылыққа көзқарасы шығарманың алғашқы бөлімінде-ақ ерекше толқыныспен суреттеледі. Драманың бастауында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын бастайын деген сәттегі жазушылық толқынысы, қиналысы өте әсерлі бейнеленеді.

«Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды» [2, 5-б.], – деген алғашқы сөйлемінен-ақ, жазушы шығарманың енді ғана роман тіліне сай болғанын аңғарып, іштей қуанады. Осы бастаманың өзіне қанша қиналған жазушы Мұхтар Әуезов сөз түрлендіру әдісін өте ұтымды қолданған. Ұлтымызды әлемге танытқан ұлы туындыны жазу Мұхтар Әуезовке оңайға соққан жоқ. Бір ғана Абай бейнесінен 4 томдық еңбек жазу М.Әуезовті кейде қуантса, кейде сынға да алған тұстары бар. Расында да, біздер Абайды толықтай түсініп алмай, оған толықтай баға бере алмаймыз. Мұның өзін драматург Жолтай Әлмашұлы да түсінесе керек. Сол үшін де, драматург М.Әуезов бейнесін жоғары қойып, жоғары баға берген. Себебі, Абай поэзия әлемінен де, философиялық ой-толғаныстардан да алдыңғы кезектегі философ ақын. Мұның дәлелі, кезіндегі Ахмет Байтұрсынұлының: «Абай – қазақтың бас ақыны» [3, 18-б.], – деген пікірінде.

Жоғарыда атап өткеніміздей, драманың негізгі арқауы, Мұхтар мен Бейсенбайды байланыстыратын бір күш – әдебиет әлемі яғни, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Шығарманың алғашқы көрінісінде-ақ, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын жариялау үшін баспаға беруі, артынша редактордың М.Әуезовке хабарласып, бас тартқанын хабарлауы драмада өте әсерлі суреттеледі. Ал, сол тұста баспаның бас директоры әдебиеттанушы, ғалым Бейсенбай Кенжебаев болды. Осы кикілжіңді шешу үшін Бейсенбай Кенжебаевтің де сан түрлі қиындыққа тап болуы, шығармадағы ең тартысты

сәттердің бірі. Редактордың Әуезовке хабарласып, жазбасын алып кетуін өтінген тұста М.Әуезовтің көңіл-күйі де шығармадағы ең эмоционалды бейнелердің біріне жатады.

Драматургиялық шығармалардың, жалпы жанрлар ішіндегі ең ерекше түрі – трагедия екені белгілі. Себебі, оның құрамында барлығы да қарастырылады. Әсіресе, сезіну, күрсіну сияқты көңіл-күй ерекшеліктерін өз бойына жинап, оқырманға шынайы ой салатын жанр екені даусыз, анық. Тіпті, академик Р.Нұрғали бұл жанр жөнінде өз көзқарасын былайша білдіреді: «Трагедия жанры – драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы – қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ерекше әсермен оқырманға (көрерменге) берілетін, болмыстың қаны сорғалаған сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопарып бейнелейтін іргелі жанр. Шығармадағы трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсері мен ерекшелігін, сюжеттік материал мен көркемдік-құрылымдық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедия жанрының өзін 3 топқа бөлуге болады:

- Эпикалық трагедия;
- Тарихи трагедия;
- Тұрмыстық-адамгершілік трагедия» [4, 56-б.].

Сөз жоқ, трагедиялық шығармалар көркем туындының бар болмысынан хабар береді. Бүгінгі зерттеуге нысан болған драматург Жолтай Әлмашұлының да трагедия саласындағы ерекше туындысы – «*Қайраткердің құпиясы*» атты драмасы. Қоғам қайраткері Ілияс Омарұлының өмір шындығы, қиын замандағы қилы өмірін өте әсерлі суреттеген. Драматург тілі мен шеберлігі трагедиядан да бірден байқалады. Мұндағы тарихи бейне – Ілияс Омарұлы бейнесі қоғам мен адамзатты байланыстырушы басты образ (главный герой).

Жалпы, шығарма мазмұнына тоқталсақ, Ілияс Омаров – ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеттану, қазақ жазба өнерінің дамуына өте көп үлес қосқан тұлға. Жастардың шығармашылық дарынын дамытумен айналысқан жазушы Ілияс Омаровтың заманның кейбір қатал тұстарына осалдық танытып, қатыгез заңдарға бағынуы өзінен кейінгі ұрпаққа түрлі ой тудырады. Сондай-ақ, драмада Қасым Аманжолов, Қанабек Байсейітов бейнелері де көрініс береді. Ғұмырнамалық және эпсаналық жанрда жазылған драмада Ілияс Омаровтың шығармашылық өмірі толықтай баяндалады.

Драмадағы ең басты көрініс – «Абай жолы» роман-эпопеясының жарыққа шығуы, «Рүстем» дастанының жариялануы және оған ықпал еткен Нұртілек Оңдасынов ерлігі өте айрықша суреттеледі. Сонымен қатар, Ілияс Омаровтың Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов шығармаларына жүргізген талдаулары да оқырман назарына ұсынылады. Осы тұста Ілияс Омаровтың мына айтқанына тоқталсақ: «Мынау «Абай жолы». Бұны сонау-у 1942 жылы соғыс қызып жатқан кезде баспа арқылы шығартуға ықпал еткен Оңдасынов. Сол Оңдасынов 1944 жылы қазақ тіліндегі «Абай» романын

Мәскеуге Сталиндік сыйлыққа ұсынды. Өнер комитетіне хат жазып: «Әзірге қазақ тіліндегі нұсқасын жібердік, орысшасы жақында дайын болады», – деп қол қойыпты. Қандай батылдық десеңізші!

Мынау «Рүстем-дастан». Мұны Тұрмағанбет ақынға аудартып, қалың қазаққа жеткізуге құштар болған жан – Темірбек Жүргенов. О-о, Темірбек ағаның ұлт мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегін санап тауысу мүмкін бе! Осы бір Фирдоусидің асыл қазынасына қамқор болғанының өзі неге тұрады! Ал, мен ше? Жасым, отыздан асып, қырыққа тақады. Осы күнге дейін не істеп, не бітірдім? Ұлтыма істеген жақсы ісім қайсы? Рас, отыздың арғы жақ, бергі жағында Орталық партия комитетіне хатшы болдым. Бір-екі облысты басқардым. Қазақ киносына басшылық еттім. Ол – бар болған лауазым. Нендей елеулі іс бітіре алдым екен, а? Ұлтымның шынайы тарихын түзеуге күш салып, Абылай, Кенесары хандарды ақтамақ болып ем, онымды бұл қоғам дұрыс түсінбеді. Осыдан соң ұлт әдебиетінің майталмандары – Әуезов, Мүсірепов, Мұқанов; Мұстафиннің қомақты романдарына талдау жасадым. Ұлт киносы мен театрына да көз қырын салған болдым. Осы ғана ма? Бұл – аз ғой. Осы үшін өмір сүрдім десем келер ұрпақ мені түсінер ме? Әй, түсіне қоймас-с... Айтпақшы, Қасым ақын...» [5, 276-б.].

Ілияс Омаровтың шығармашылық тұлғасы қасындағы жора-жолдастарын да елең еткізген болды. Шынайы өмірде де Ілияс пен Қасымдардың жанашыр достар ретінде суреттеген драматург Жолтай Әлмашұлы, драманың басты мақсатын достық қатынасқа әкеп тірегендей. Бір-бірінің шығармасына баға беріп, сүрінген жері болса ақыл айтып, қолпаштар жері болса жаңылыспай мақтайтын болған. Нағыз өнер адамы болу үшін 2 түрлі бейнемен, 2 түрлі мінезбен өмір сүруің керек. Сонда ғана, игілікті іске қол жеткізесің.

Сондай-ақ, драмада көрініс беретін тарихи тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Шығармада ол да Ілиястың арқау тұтар жолдастарының бірі ретінде суреттеледі. Драма ішінде де, шынайы өмірде де Бауыржан – әскери адам. Шығармадағы Бауыржанның мінезі, болмысы жалпы қазақ азаматтарына тән бейнені көрсетіп тұр. Ешқашанда, ақиқатты айтудан тайынбайтын, әділдікті қалайтын Бауыржан образы шығармадағы тұтастай әскери тәртіп пен адалдық, шындық мәселелерін алдыңғы кезекке шығарады. Тіпті, бұл жөнінде Ілияс Омаровтың өзі былайша өз ойын білдіреді:

«Ол – Бауыржан ғой. Бауыржанды сен де, мен де тәртіпке сала алмаймыз. Тіпті біз түгілі атағы жер жарған жарған жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі де Баукеңді еркелете сөйлесетін еді. 1943 жылы Ұлттық академияда Баукең лекция оқыпты. Сол жолы бір үлкен ғалым оның сөзін тыңдаңқырамай, жанындағы кісімен сөйлесіп отырғанда, Баукең «отставить!» деп айқай салыпты. Әскери адамға сол жолы Әуезов те, Сәтбаев та ештеңе дей алмаған. Сол жылдардың өзінде Орталық партия комитетінің хатшысына «қазақ тілі құрып барады» деп хат жазған да – сол Бауыржан...» [5, 279-б.].

Рас, қалай десек те, қазақтың оқыған азаматтары өздерін аса мәдениетті, әдепті әрі батыл ұстаса – одан ұтылар тұс жоқ. Тіпті, мына өмірге М.Әуезовті сыйдырмай, соңынан қуғыншы жіберіп, темір қапаса қамаудың барлық айла-

амалын істеуі қазақтың қазаққа деген қатігездігі болса керек. М.Әуезовтің романынан бөлек, «Абай» драмасына жол ашу, оның сахналануына да ықпал етті. Әсіресе, осыған қол ұшын беріп, оның сахналануына қол ұшын бергендер қатарында Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди болды. Аталған тұлғалардың барлығы да тарихи тұлғалардың қатарынан екеніне сөз жоқ. Тіпті, М.Әуезовтің драмалық туындыларының біразын кино әлеміне ұштастыру жөнінде Ш.Айманов, С.Қожықов еңбектері де баяндалады.

Драмада Нұртас Оңдасынов былайша өз көзқарасын білдіреді. Драматург те оны айрықша әсерлі жеткізеді:

«Құрманбек Жандарбеков Жүргенов туралы бір жазбасында «біз оны қазақ театры өнерінің атасы деп танимыз.» Ал, Ахмет Жұбанов «өнер саласында қай-қайсымызға да сол Темірбектің жігері жетпей жатады» деп жазыпты.» [5, 283-б.].

Драмалық туындыларға қойылатын талаптар өте қатаң. Оны орындау әрбір драматург үшін өзгермес қағида іспеттес. Жолтай Әлмашұлы шығармаларында бұл белгілер мен ережелер жүйелі түрде сақталған. Драматургтің драмалық туындылары қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосатын озық шығармалардың қатарында.

Тарихи тақырыптар мен тарихи тұлғалар бейнесін суреттеуде драматург өте ұтымды әдістерді ұстанған. Соның әсерінен болар, драматург Жолтай Әлмашұлы әдебиетіміздегі ең танымал Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Ілияс Омаров, Бейсенбай Кенжебаев, Қуандық Шаңғытбаев, Темірбек Жүргенов, Нұртас Оңдасынов сынды қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын көркем туындыларына арқау етеді. Драмалық шығармалар да қоғам қайраткерлері, жазушылар мен ақындардан бөлек өмірден ертеректе өткен хандар мен батырлар образы да көрініс береді. Атап айтсақ, Абылай хан, Кенесары хан, Наурызбай батыр, Едіге батыр, Жәнібек хан және Қабанбай батыр бейнелері де тарихи тұрғыдан әдеби үлгіде баяндалады. Олардың істеген ерліктері бүгінгі дәуірдің болмысымен салыстырыла отырып, суреттеледі. Бір жағынан жаңаша қырынан реминисценциялану құбылысын да танытуға тырысады. Мүмкін бұл да драматургтің әдебиет әсіресе, драматургия саласына әкелген ерекше лебі мен жаңалығы болса керек. Шығармаларын әрдайым шынайы жазып, үнемі реалистік тұрғыдан ойлайтын драматургтің шығармаларының барлығы дерлік тақырыптық та, көркемдік те қырынан жаңаша сипатқа ие. Төл туындыларында тарихи тұлғаларды дәріптеп, жан-жақты қырынан суреттеуге тырысуы драматургтің туған халқына, ұлттық қазынасы мен ұлттық менталитетіне деген сүйіспеншілігінің көрінісі болса керек.

Қорыта айтқанда, жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлы драмалары бүгінгі жаңа заманның озық туындыларының қатарында, алдыңғы шебінде деп зор сеніммен айта аламыз. Тарихты бұрмаламай, шынайылықты бірінші орынға қоятын жазушыларымыздың шығармалары көбейсе екен деген ниеттеміз. Себебі, әдебиет пен тарих бір-бірінен ешқашан да ажырамайтын, тұтас әлем.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Смағұл Е. Жапан дейді ел оны. – Алматы: Әдебиет айдыны. 2006. – №7. – 296 Б.
2. Әуезов М. Абай жолы 1 том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 396 Б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жазушы, 2002. – 365 Б.
4. Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: Санат, 2001. – 478 Б.
5. Әлмашұлы Ж. Тірі жан. – Астана: Елорда, 2008. – 368 Б.

ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР ЖӘНЕ УАҚЫТ ДӘСТҮРІ

Т.ТЕБЕГЕНОВ

*Филология ғылымдарының докторы
Абай атындағы қазақ ұлттық университеті
Алматы қаласы*

А.А.БАЙНАҚ

*Филология факультетінің 4-курс студенті
Қ.Жұбанов атындағы ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы
bainak.aibanu@mail.ru*

Эпостағы шындық пен қиялдың, көркемдік шежірелердің жинақталуынан тарихи белгілерді табу сөзсіз тереңдеуді, ғасырлар бедерінен сыр іздеуді зерттеудің басты нысанасы етіп қояды. Бұл бағыт пен бағдар бір кезде М.О.Әуезовтің зерттеулерінде басталған еді. Ертеректе жазылған еңбегінде М.О.Әуезов былай дейді: «Қазақтың батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауы керек. Бұрынғы түрік, монғол дәуірі жүрген заманда, алтын орда, ақ орданың күндері айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл түрік жұрттарының жік - жікке бөлінбей тұрған күндері. Бірін - бірі жат демей бауыр көріп жүрген кездері» [1, 56].

Эпосты терең тану, ондағы тарихи дәуір сырын терең ұғудың басты бір белгісі осында тұр. Ғұлама ғалымның аңдату тұрғысынан айтылған аталы сөзі ертедегі дәуірдегі түрік тектес халықтар бірлігін, оның елі мен жеріне қатысты істерін, басынан сөз асырмай, жеріне еш дұшпанды беттетпеген уақытты меңзейтіндігін аңғарамыз. Соның дәлелі мен тарихи негіздерін эпостан іздеуде

бізде біршама жетістіктермен қатар, түрік тектес халықтардың рухани мұраларымен сабақтастыра салғастыра қарау жағынан кемшіліктер де жоқ емес.

Қазақ эпосының тарихи мәніне назар аударып, тарихи дәуірлер кезеңімен байланыстыра түсіндірушілердің енді бірі – С.Сейфуллин. Алғаш ноғайлы дәуірі турасында жан-жақты талдап, қазақтың эпостық шығармаларының мол шоғырланған тұсы ноғайлы кезеңі екендігін айтушы С.Сейфуллин екендігі айтылып келеді. Қазақ эпосындағы көбіне батырлық жырларда ноғайлы елінің қорғаушысы болып келетіндігін айтып, оның негізгі себептері бір кездегі бір тұтас ел болғандығына қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек халықтарының бір-бірімен жақындығын, бауырластығының дәнекері сол дәуірде жатқандығын С.Сейфуллин дұрыс пайымдаған [2, 297-299]. Ғылымның өріс алып, дамып қалыптасуына осындай бастамалар болмаса, кейінгі дүниелерде жалғастық та болмас еді. Қазақ эпосы мен қырым ноғайлары жырларының бір-бірімен ұқсастықтарын «Орақ – Мамай», «Едіге», «Ер Тарғын» жырлары арқылы дәлелдеп, қандас халықтар мұрасына жақындата қарау концепциясын С.Сейфуллиннен басталғанын мойындаса, осы бір заңдылыққа қатысты бүгінгі таңда қаншама еңбектер жазылды. Демек, іздестіру және тереңдеу үңілу мәселесінде де қозғаушы күштер бар екеніне көз жеткізу қиын шаруа емес екен. Біз сөз етіп отырған «Эпикалық дәуір» жөніндегі мағлұмат С.Сейфуллин еңбегінде былайша түйінделеді: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасында жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме жырының көбі «Орманбет би» заманының маңына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайлыдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманынан қалған ескілік әңгімелердің көбі «Әз Жәнібек ханның» тұсында болады» [2, 344]. Бұдан белгілі батырлық эпостардың көптеген үлгілерін жинақтап, оларды қазақ, ноғай тағы басқа халықтарға ортақ мұра есебінде санауда С.Сейфуллин көптеген жырларды салыстыра түсіп, пікірін нақтылай білдірген деуге әбден болады. Өйткені, аталған халықтардың мұраларымен салыстырғанда, эпикалық аңыздардың ең толық нұсқалары қазақ арасында кездесетініне Сәкен Сейфуллин айрықша көңіл бөлгендігін таныдық.

Қазақ эпосын дәуірлік межелерге жүгіне анықтау мен айқындау мәселесіне тереңірек көңіл бөлген еңбектердің енді бірі - белгілі ғалымдар Ә.Х.Марғұлан мен Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулері еді. Халқымыздың эпостық мұрасын зерттеуде елеулі еңбегімен көрінген академик Ә.Х.Марғұланның эпостануға қосқан сүбелі үлесі -қазақтың батырлық жырларын дәуірлерге бөлумен ерекшеленуі. Қазақ эпосының пайда болған дәуіріне қарай топтастыруда, ғалым эпостың шығу тегі мен пайда болу кезеңін мынадай бес дәуірге бөліп қараған:

1. Ең көне замандағы эпостық жырлар. Оған «ЕрТөстік», «АқКебек», «Құламерген», «Шолпан мерген» сияқты жыр - аңыздар топтастырылған.

2. Оғыз - қыпшақ заманында пайда болған эпостар (XI-XII ғғ.). Бұл дәуір туындысы делініп «Қорқыт», «Алпамыс», «Қазанбек», «Домбауыл», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» т.б. жырлар жатқызылады.

3. Тарихи дәуірлердегі эпос (XIII-XIV ғғ.). Бұл кезеңнің өзі іштей екі салаға бөлінген: қазақ арасында Жошы ұлысының құрылуы, оның ішкі қақтығыстарын («Қобыланды», «Ер Тарғын») және осы ұлыстың ыдырау кезін бейнелейтін эпостар («Қамбар», «Қазтуған» т.б.) Кейде бұлар Ноғайлы дәуірінің жырлары деп те аталады.

4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті (XVII-XVIII ғасырлар) суреттейтін эпос. Бұл тұста «Қабанбай», «Бөгенбай», «Олжабай», «Есімхан» т.б. туралы жырлар ескерілген.

5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпос [3, 80].

Осылайша топтастырудың өзінен біздің мақсатымызға орай, эпостағы дәуірлік кезеңдерді де жүйелеп алуға болатындай. Бір толассыз ақиқаты сол, жоғарыдағы топтастыру ісінде жанр ескерусіз қалмайды. Қайта жанрлық мәселені игере отырып, осының тарихилық жағы қалай деген сауалға жауап берудің бір түрі дегенді нақтылай түскенді жөн көрдік. Мұны белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібаев та қостайды: «Академик Ә.Марғұланның эпосты бұлайша жүйелеуінде ой саларлық көп мағына жатыр. Тақырыптық тұрғыдан алып қарағанда мұндай жіктеу шындыққа неғұрлым сай келеді. Сонымен қатар эпостың жанрлық, стадиялық белгілерін қарастырғанда да бұл еңбектің тигізер қолғабысы аз емес» [4, 30]. Эпостың тарихилығы жөнінде Ә.Марғұланның бұл пікірлері кезінде жарық көрген «Шоқан және Манас» - деп аталатын монографиялық еңбегінде де жүзеге асқан.

Қазақ эпосының ішінде батырлық турасындағы осындай топтастыру нәтижесінде, қазақтың эпикалық мұраларын жанрлық түрлері, тақырып аясы, сюжеттік құрамына қарай тереңдеп, ондағы дәуірлік кезеңдермен жіктеулер де жүзеге асырыла бастады. Соның бір дәлелі қазақ эпосын тегі мен жанры жағынан бөліп көрсеткен Ә.Қоңыратбаев еңбегі еді. Мұнда жалпы қазақ эпосы он салаға бөлінген:

1. Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық – Зарлық»);

2. Түрік қағанаты дәуіріндегі туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күлтегін жайындағы жырлар»);

3. Оғыз эпосы («Қорқыт» жырлары);

4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар»);

5. Ноғайлы эпосы («Ер Тарғын», Мұрын Сенгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры» т.б.);

6. Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», «1916 жыл поэзиясы»);

7. Лиро эпос («Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек пен Төлеген», «Айман – Шолпан»);

8. Шығыстық дастандар («Рүстем – Дастан», түрлі қиссалар);

9. Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр»,

«Нарқыз»);

10. Совет эпосы («Амангелді», «Мәлік», «Төлеген» жайындағы жырлар) [5, 18].

Бұл топтастырулар мен жүйелеулер көптеген еңбектерде айтылып, бағасы берілгені мәлім. Алайда, біз үшін дәуірлік мәселелерге қатысты қажеті барлығын қайталай кетуге мәжбүрміз. Себебі, талдауға негізделетін батырлық жырлардың шыққан дәуірі, эпикалық шығарманың тарихи негіздері туралы сан сұрақтар алдымыздан шығып, оларды тағы да қайталай берудің жолын алдыңғы тарауда жүйелеп алғанымыз теріс емес екендігін аңғардық. Анығына жүгінсек, жоғарыдағы жүйелеулердің түрлі талас пікірлер туғызатындығына біздің де кезіміз жеткен. Бұл орайда, Ш.Ыбыраевтың төмендегі пікіріне біз де қосыламыз: «Дегенмен жоғарыдағы жүйелеу (Ә.Қоңыратбаевтың жүйелеуіне байланысты айтылып отыр. - А.С.) принципі кемшіліктерден де құр алақан емес. Атап айтқанда, қазақ эпосын хронологиясы мен жанрлық түрлері бойынша топтастыруда біркелкі жүйе сақталмаған. Мәселен, оғыз эпосы, тайпалық эпос, ноғайлы дегендердің бәрі де жанрлық жағынан батырлық жырлар. Ал, түрік қағанаты дәуіріндегі жылнамалық эпосқа Орхон, Енесей ескерткіштерін жатқыза қою қиын. Бұлардың құрамында эпикалық кейбір көріністері кездескенімен, сюжеттік құрылымында, поэтикасында недәуір өзгешеліктер бар, Оның үстіне бұл ескерткіштер қазір түркі жазба әдебиетінің бастау кезі ретінде қарастырылып жүр» [2, 22].

Осындай ескертулерге қосыла отырып, біздің еңбегімізде жалпы батырлық жырларға қатысты дәуірлерге жүгінуде жоғарыдағы жүйелермен сәйкестендіретін тұстардың болатындығын ескертеміз. Себебі, жүйелеуде дәуір мәселесі пәлендей қателікті көрсетіп тұрған жоқ. Көлемді дүниелерден дәуірлер көрсеткішін іздеу - барлық халықтардың фольклортану ғылымында кездесетін ерекшеліктердің бірі. Өйткені, батырлық жырлар ежелгі эпостың көптеген белгілерін бойыма сіңіріп, болған оқиғалардың өзін көне эпостың ықпалы арқылы дамытуда ерекше әсерлеулерге жол берген. Сондықтан одан дәуірге қатысты нақтылы ұғымдар мен түсініктерді тап басып, «тайға таңба басқандай» түсіндіріп шығудың қиындық келтіретіні бар. Тақырыптық жағынан біркелкі болса да, сюжеттік жағынан тексеруде айырмашылық керінетіндігі зерттеу нәтижелерінен белгілі.

Оның нақтылы көрінісі Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев зерттеулерінде жүзеге асқан. Бұл еңбектерде дәуірге қатысты жинақтап, сол бағытта саралаулар орын алған. Дәл осы бағытта батырлық жырлардың тарихқа қарым - қатынасы күн тәртібінен түспегені рас. Эпосқа қатысты жазылған еңбектер соны дәлелдейді. Дәуірге қатысты жинақтаудың бір көр-сеткіші «Қыпшақ эпосына» қатысты айтылады. А.Боровковтың пайымдауынша, Орта Азия мен Қазақстанның эпикалық шығармаларының үлкен тобы «Қыпшақ эпосы» болып табылады. Осы эпоста XIII-XV ғасырлардағы тарихи жағдайлар мен оқиғалар суреттелетіні нақтыланған. Шындығына жүгінсек, «Қыпшақ эпосының» алғашқы шығу тегі тым ерте дәуірлерді меңзейтіндігі кейінгі зерттеулерде айтылып келеді. Алысқа

бармай-ақ, академик Ә.Марғұланның «Шоқан мен Манас» және Ә.Қоңыратбаевтың «Ежелгі түркі тайпалар поэзиясы және қазақ фольклоры» атты еңбектерінде қазақ эпосының ерте замандардан бастап туғандығы дәйектелген [1, 54]. Қалай қарасақ та әлгіндегі «Қыпшақ эпосы» деп аталатын эпикалық мұралар арнасының шығу тегі әріде десек те, пайда болуы Алтын Орда дәуірін дәріптейтін ноғайлы циклімен байланыстырылады. «Себебі олар Орта Азия жерінде пайда болып, сол Орта Азия, Қазақстан халықтарының (тайпаларының) бастан кешірген өмірін көркемдеп береді» [6, 10-11].

Эпикалық дәуірдің бейнесі ұлттық эпостың тұтас жиынтығынан туындайтын құбылыс. Ол эпикалық дәстүрмен бірлікте жүретін ұғым. Сондықтан эпикалық уақыт дәстүріне қатысты мәселелер жырдың дәуірлік тұрғыдан тұтастану жайларымен бірлікте сараланып, үнемі текстерге сүйене отырып талдауды тілейді.

Қорыта келгенде, жырдағы дәуір туралы ұғым -түсінік, дәстүрге қатысты көрсеткіштер, жырды айтушы жыршы-жыраулардың шығармашылық қабілеті, олардың әлеуметтік көзқарастарына да байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М., Соболев Л., Эпос и фольклор казахского народа. Литературный критик. 1940, №1.- с.178.
2. Гацак В.М., Предисловие к книге типология народного эпоса. М., 1975. - с. 4.
3. Марғұлан Ә., Эпос – жыр туғызудағы тарихи мұралар. Халық мұғалімі. 1960. №4. - Б. 64-74.
4. Қоңыратбаев Ә., Эпос және оның айтушылары. - Алматы, 1975. - 181 б.
5. Қоңыратбаев Ә., Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі. 1991. 228 б.
6. Дербісалин Ә., Ыбырай Алтынсарин. - Алматы. 1976. - Б. 148-165.

ZIYA GÖKALP VE ABAY KUNANBAYEV'DE MİLLÎ KİMLİK İNŞASI

SAMET AZAP

PhD doktor

Kastamonu Üniversitesi. Doktor öğretim üyesi. Kastamonu. Türkiye.

sametazap@hotmail.com

Kimlik nedir?

Kimlik kavramını Batı dillerinde karşılayan “identity” sözcüğü, Latince “idem” kökünden gelir. İdem, “aynılık, benzerlik” anlamlarına gelir. Kimlik için kullanılan “identity”, türdeşlik ve benzerlik ifade eden bir sözcüktür (Kılıçbay, 2003: 155). *TDK*

Türkçe Sözlük kimliği “Toplumsal bir varlık olarak insana özgü belirti, nitelik ve özelliklerle, birinin belirli bir kimse olmasını sağlayan şartların bütünü” olarak tanımlar (www.tdk.gov.tr). Kimlik kavramını, kişi, grup ya da toplumların “kimsiniz, kimlersiniz?” sorularına verdikleri yanıt olarak açıklamak da mümkündür (Güvenç, 2008: 3). Amin Maalouf kimliği “Beni başka hiç kimseye benzemez yapan şey” olarak tanımlar (2006: 16). Assmann ise kimliği bilinç ile ilişkilendirir ve “kişinin kendi hakkında bilinçsizce oluşan algılayışının bilince çıkması” olarak niteler (2001: 130). Tanımlamalardan da anlaşıldığı gibi insana özgü bir aidiyet olgusu olan kimlik, bireyi diğer insanlardan ayır edici bir unsur olarak da tanımlanabilir.

Millî kimlik

Kimliğin inşası uzun bir süreç içerisinde gerçekleşir. Bu inşa süreci, millet kavramının doğmasıyla içinde yaşayan bireylere bir aidiyet aşılmasıyla başlar. Modern dönem öncesinde bireyler, içerisinde doğdukları toplumun geleneksel yapısına göre zaman içerisinde bir kimlik edinirler. Dil, din, ırk ve kültürel değerler birer ortak aidiyet duygusu oluşturarak kimlik inşasında rol oynarlar (Uğurlu, 2010: 285).

Milliyetçilik ve millî kimlik konuları üzerine çalışan Anthony D. Smith, millî kimliğin temel özelliklerini şu şekilde sıralar;

1. Tarihi bir toprak/ülke, ya da yurt

2. Ortak mitler ve tarihi bellek

3. Ortak bir kitlesel kamu kültürü

4. Topluluğun bütün fertleri için geçerli ortak yasal hak ve görevler

5. Topluluk fertlerinin ülke üzerinde serbest hareket imkânına sahip oldukları ortak bir ekonomi. Demekki bir millet, tarihi bir toprağı/ülkeyi, ortak mitleri ve tarihi belleği, kitleyi bir kamu kültürünü, ortak bir ekonomiyi, ortak yasal hak ve görevleri paylaşan bir insan topluluğunun adı olarak tanımlanabilir. (2017: 32) Bütün bu ortak noktaların millî kimliğin inşa sürecinde öncel bir yapıda etkin rol oynadığı açıktır.

Amin Maalouf, “*her insanla bir takım ortak aidiyetlerim var; ama dünyada hiç kimse benim bütün aidiyetlerimi hatta bunların büyük bir kısmını benimle paylaşamaz.*” (2006: 22) Diyerek bireysel kimlikle toplumsal kimliği ayırır. Maalouf’un sözünden hareketle, millî kimliğin de bireyin içinde bulunduğu toplumun gelenek görenekleri başta millî değerleriyle kurduğu ortak aidiyet duygusu olduğu söylenebilir.

Ziya Gökalp ve Abay Kunanbayev’de Millî kimlik inşası

Türk sosyolojisinin kurucu isimlerinden olan Ziya Gökalp (1876-1924) kültürden medeniyete, edebiyattan tarihe ve sosyolojiye geliştirdiği yeni bakış açılarıyla Türk kimliği ve kültürünün yeniden inşasında önemli bir yere sahiptir. Ziya Gökalp millî tipin esaslarını, Fransız Sosyoloji Ekolü’nün kurucusu ve en önemli temsilcisi olan E. Durkheim’in sosyolojisinin metodolojik esaslarını Türk toplumunun tarihi ve toplumsal gelişimine uygulamaya çalışmıştır. (Günay, Çelik 2010: 10)

чьи тени так пришельцу не к лицу,
что сами слишком мучаются этим.

Но дом не хочет больше пустовать.

«Все чуждо в доме новому жильцу» [5, с. 20]

Сложное метафизическое понимание пространства, которое заключено в старом доме, хранившем отголоски прежней жизни, но в тоже время, готовым принять новую, представляется как вещный мир, который окружает лирического героя, указывая, при этом, на бренность человеческого существования. И мысль о том, что дом является конечной сферой пребывания человека, первым и последним, но всегда постоянным пристанищем и убежищем, приводит к философскому обобщению содержания всего стихотворения, где мы можем увидеть одиночество, надежду, странствие, возвращение, нить памяти, начало новой жизни, ее конец, семью, центр вселенной др. И это пространство, заключенное в стенах дома, неподвластно времени.

Определенная «схожесть взглядов» отразилась на философии поэтического миропонимания Иосифа Бродского и казахского русскоязычного поэта Бахытжана Канапьянова.

Известный казахстанский поэт, пишущий на русском языке, переводчик, сценарист, кинорежиссер, автор книг поэзии и прозы, которые вышли в издательствах Казахстана и других стран (России, Украины, США, Великобритании, Канады, Кореи и др.), Бахытжан Канапьянов в своем

творчестве открывает новые горизонты познания действительности через духовность, в которой живет любовь и открытость ко всему миру.

Своеобразие поэзии Б. Канапьянова во многом определили знание родного языка, владение русским литературным языком, национальное и общечеловеческое мироощущение, освоение русской и мировой культуры.

Образная картина Б. Канапьянова представляет собой необыкновенно новый подход к окружающей действительности, своеобразную авторскую интерпретацию современности.

В творчестве поэтов, принадлежащих разным культурам, пространственно-временные отношения представляют особый пласт, характеризующийся определенными социальными противоречиями (у И.Бродского), пониманием действительности через призму собственного восприятия бытия (у Б.Канапьянова). Их поэтическое мышление глубоко индивидуально.

Б.Канапьянов – поэт-философ, по сути, все его произведения о главном, о вечном, об одном – о поиске смысла жизни на земле, об обретении душевной гармонии, о совершенстве мироздания, о дисгармонии, которую в него вносит человек:

Зачем же я, песчинка во Вселенной,
Памятью многовековой живу?
Зачем же я, былина жизни тленной,
Всесильным существом себя зову?
Зачем же я, зову дорогой верной
Весь этот путь? – Во сне иль наяву,
Пройдя нелицемерную канву,
Он сутью обнажится лицемерной.
Мучительные, вечные вопросы.
Ответит жизнерадостный кретин:
-Идите в степь и, не меня позы,
Предстаньте перед звездами один.
Свою звезду найдите там сквозь слезы
И – у нее спросите, гражданин.

«Поэт и обыватель» [8, с.146]

Канапьянов обращается к национальной проблеме – проблеме сохранения и передачи культуры последующим поколениям. Основа лирики Б. Канапьянова – ощущение мира народного сознания, познание этого мира. О чем бы поэт ни говорил, везде чувствуется восприятие исконного «жителя мира», стремящегося проникнуть в основы бытия. Но автор постигает человека и все, что его окружает не только через быт, но и через историю, без которой бытие было бы лишь бытом.

В поэзии Бахытжан Канапьянова настоящее с прошлым связывает путь. Этот путь для поэта предстает в различных своих ипостасях: дорога, тропа, перекресток и т.д. Образ «дороги/пути» в художественном мире поэта олицетворяет передвижение и в жизни и по жизни, потому как именно с этим

образом связана духовная культура кочевого народа, путешествие по миру, обитание во Вселенной, передвижение во времени и пространстве, постижение духовных ценностей:

Идет через твой дом моя дорога к храму,
Хотя прошел я тысячу дорог,
Я повторять, я повторять
Не перестану,
Идет через судьбу моя дорога к храму,
И в этом мире я не одинок...

«Идет через твой дом моя дорога к храму...» [8, с. 84]

Чувствуя себя «хозяином мира» поэт остается преданным своим корням и национальным традициям. В воспоминаниях поэта – родная степь с ее бескрайними просторами и родной город – Алма-Ата, с ароматом спелых яблок и шумными арыками:

Алма-Ата, зеленый город мой,
К подножью гор прильнувшая столица,
Меня благословила в путь земной.
И детства сад опять в разлуке снится:
Вот яблоко свисает надо мной,
Вот солнца луч сквозь толщу крон струится,
И в памяти встревоженные птицы
Расправят крылья за моей спиной...

«Алма-Ата» [8, с. 180]

Пространство города с его неизменной атрибутикой является неизменным источником вдохновения поэта: «С детства считаю Алма-Ату самым поэтическим городом на свете, и есть у меня мечта – чтоб мой город стал евразийской столицей поэзии» [9, с.104].

Таким образом, с точки зрения пространства и времени нами были выявлены, а в дальнейшем подлежат подробному рассмотрению и анализу, ключевые образы в художественном мире Иосифа Бродского и Бахытжана Канапьянова. Это образ «дороги/пути», раскрывающий особенности мировосприятия поэтов посредством перемещения в пространстве и во времени и выступающий доминантным в их художественном мире; пространственно-временные образы в историко-культурном и национальном аспекте – «Одиссей/Улисс» как вечный странник, «Поэт – римлянин», Поэт – изгнанник, образ Империи, Света – у Бродского и, «вечно кочующий гражданин мира» по просторам истории и современности, – у Канапьянова; образы урбанистические, олицетворяющие нить памяти родного пристанища как атрибута вечной обители – «город», «дом», «родной очаг».

Использованная литература:

1.Есин, А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения: Учебное пособие. – 3-е изд. / А.Б. Есин. – М.: Флинта, Наука, 2000. – 248 с.

2 Введение в литературоведение (Н.Л. Вершинина, Е.В. Волкова, А.А. Илюшин и др.) / Под ред. Л.М. Крупчанова. – М., 2005.

3 Ваншенкина, Е. Пространство и время в лирике Бродского [Электронный ресурс]/Режимдоступа:cey.net/free/14razbor_poeticheskikh_proizvedenii_russkie_i_zarubezhnye_poety/65sohranivshie_tradiciyu__n_zabolockii__a_tarkovskii__i_brods_kii/stages/2945vanshenkina_e_prostranstvo_i_vremya_v_lirike_brods_kogo.html

4 Подгорская, А. В. Иосиф Бродский и русская рождественская поэзия: дис....канд. филол. наук: 10.01.01. Подгорская, Анна Вячеславовна. – Магнитогорск, 2005. – 172с

5 Бродский, И. Избранное. – М., 2009. – 800с.

6 Бродский, И. Сочинения Иосифа Бродского. Том 1. – СПб.: Пушкинский фонд, 2001. – 304с.

7 Ахмедова, Т. Ф. Язык и время в поэтике Иосифа Бродского//Теория и практика общественного развития – (2011, № 5), с.325

8 Канапьянов, Б. Смуглая луна. Лирика. – Алматы: Атамұра, 2005. – 264с.

9 Канапьянов, Б.М. Кофе-брейк. Заметки, эссе, диалоги. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2004. – 272с.

ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ АҚТАН ЖЫРАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АЛДАБЕРГЕНОВА РАЗИЯ СӘНДІБЕКҚЫЗЫ

магистрант, Ақтөбе қ., Қазақстан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҚР Ақтөбе қ., Гришин көшесі, 7, тел.:(8-7132)24-66-80

e-mail: aldabergenova10@mail.ru

Аймақтық әдебиеттану мәселесі – жалпы әдебиеттанудың қарастыратын өзекті мәселелерінің бірі. Әдебиет барлығына ортақ мұра, «бөлінгенді бөрі жейді» сынды түсініктер әрине дұрыс. Бірақ, теңіздің тамшыдан құралатыны секілді жалпы әдебиет те өз ішінде аймаққа, территорияға бөлінеді.

Зерттеу нысаны ауқымды болған сайын, оны зерделеу, тереңінен тану қиынға түседі. Сондықтан, алдымен аймақтық әдебиет мәселелерін қарастыру арқылы ұлттық әдебиеттің мәселелерін шешуге болады. Мұндағы басты мақсат салыстыру немесе бөлектену емес,керісінше әр аймақтың ерекшелігін таныта отырып, түрлі белгілері арқылы бір арнаға тоғыстыру. Тек, облыстық, аймақтық деңгейде ғана зерттеліп, айтылып жүрген тұлғаларды басқа да өңірлерге таныту, мұраларын жариялау, насихаттау болатын.

«Қазіргі тәуелсіз Қазақ елінің аумағында бірнеше аймақ бары белгілі. Ел аймақтарының табиғаты, жер бедері, ауа райы, тұрмыстық, шаруашылық жағдайы да әртүрлі. Тілдік, салт-саналық, әдет-ғұрыптық, әдеби-мәдени

жағынан да оқшауланады. Тұтас бір мемлекеттің жекелеген аймақтарында өмір сүріп, осы ортада шығармашылықпен айналысқан қаламгерлер аймақтық әдебиет өкілдері болып саналады. Аймақтық қаламгерлердің шығармаларында ұлттық әдебиетпен тұтастыратын тұсы да, дараландыратын жағы да бар. Тұтастыратыны – көркемдік ойлауда ұлт мінезі, ұлт мәселесінің, жалпы адамзаттық тақырыптың көтерілуі. Ерекшелендіретіні – тілдік қолданысында, мәтіндік баяндауларда, көркемдік суреттеуде жергілікті колориттің орын алуы» [1,54]

Қазақстанның қай өңірін алсақ та, өнер мен әдебиеттің, дәстүр мен мәдениеттің мекені. Соның ішіндегі жауһар жырларынан жорықтың желі ескен, өлеңдерінен асқақтық сезілетін, күйлерінде қаһармандық, қайсарлық тұнған Батыс өңірінің жыраулық дәстүріне жекелей тоқталайық. «Қазақ топырағында эпикалық жыр айту дәстүрінің ерекше қанат жайып, өзіндік із қалдырып, өрнек салған жері – Батыс Қазақстан. Бұл аймақ шамамен айтсақ Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары мен Қарақалпақстанның аталған облыстарымен көрші аудандарын біріктіреді. Алып шынар секілді тамырын тереңге салған бұл жыр айту мектебінің аты бізге жеткен алғашқы өкілдері «қазақ-ноғай ұлысының философы» атанған Асан Қайғы, Сыпыра болған». [2,30]

Батыс өңірі өнерпаздарын атағанда «жеті қайқы, бес жүйрік» деген тіркес қатар қолданылады. Мұндағы «қайқы» сөзі сал, сері мағынасында берілген. Ал жүйрік сөзінің үздік сөзімен теңдес келетінін білеміз. Қазақстанның батыс аймағының «Жеті қайқысы» атанғандар: Жылкелді, Өскебай, Шолтаман, Тастемір, Тұрсын, Досат, Әділ атты бір бойына біраз өнерді тоғыстырған азаматтар еді. «Бес жүйрік» атанып, ортасынан оза шапқан дарабоздар Абыл, Нұрым, Қашаған, Аралбай және Ақтан болатын. Бұлар сөз маржанын теріп, әсем сөзден өлең өрген, жырдан шашу шашқан сөз алыптары еді.

Сөйлесе – қызыл тілдің шешені, Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы болған Қазтуғанның, Алып Абылайға ақыл айтып, қалың бұқарада «көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың ізін жалғаған, Батыстық жыраулық дәстүрге өзіндік үлес, үн қосқан Ақтан Керейұлын бірі білсе, бірі білмес.

Ақтан Керейұлының нақты туған жылдары белгісіз. Ақын, жыраулар мұрасын зерттеген әдебиеттанушы Қабиболла Сыдиықұлының қалдырған мәліметтері бойынша Ақтан жырау 1850 жылы туып, 1912 жылы дүниеден озған екен. Ақтөбе облысы Сағыз өңірінде туған жыраудың асыл сүйегі Байғанин ауданы, Шибұлақ деген жерде, «Көкмешіт» атты қорымда жерленген.

Тәңірі таңдайына талантты төгіп берген дарын иесі өз заманында сөз бәйгесінде қарсыластарын шаң қақтыратын, жыр жүйрігі болған. Өз ортасында беделді, сыйлы болғандығын Қашағанның өзінен жасы кіші болса да Ақтанды былайша өлеңге қосқанынан байқауға болады:

«Абыл, Нұрым, Ақтаным,
Осылар еді тақтағым» [3,288].

Ортасы өнерпаздарға, сөз ділмарлары мен жыр дүлдүлдеріне толы болған Ақтан жырау сөз бәйгесінде жүлдені бермейтін, алдына жан салмайтын болған.

«Сөз дегенің бұйым ба,

Сөйлемегім қиын ба?!
Талай-галай сөйледім,
Сатырлаған жиында» [3,290] –

деп жырлаған жырау Орынбор, Жайық, Ойыл, Жем,Сағыз, Атырау, Маңғыстау өңірлерін аралап, жайсаң жырларымен халықтың қошеметіне бөленген.

«Мен Адайдың Ақтаны,
Шежіре шешен тақтағы.
Алқалы топта ашынды,
Тұлпары едім баптағы» [3,289-290], -

деп жырлаған жыр жүйрігі бәйгеде оза шауып, олжалы оралатын болса да, тағдыр тауқыметін тартып, тұрмыс қиындығын көрген. Жұтқа ұшырап, малынан айырылған Ақтан татар көпесіне жалданып, тері илеумен айналысады. Сонда бір кісі көріп қалып, «мынау Адайдың әйгілі Ақтаны» ма дегенде, Ақтан жырау:

«Айдыңға үйрек,қаз керек
Сұлуға құшақ наз керек.
Теріге құшақ баз керек
Тері жаймай Ақаң не қылсын,
Заманға қарай саз керек.
Асқандарға тосқан бар-
Ол да анық кез келед.
Фәнидің сырын ұқпаса
Ол адамды ез демек» [3,290], –

деп жырмен жауап қатыпты.

Өмірдің түрлі белестерін бағындырып, жазмыштың сан қилы жағдаяттарынан өткендіктен Ақтан Керейұлы өз жырларына әлеуметтік мәселелерді де арқау еткен. Сауда-саттықтың қайнаған ортасы Сағыз жеріне, Ойыл, Көкжар жәрмеңкесіне жиі қатынайтын Ақтан өзінің өнерін саудалағандарды сынаған:

Кейбір жаман жыршылар,
Әшейінде ақтарып,
Сатып жүр жырын теңдеген.
Менің сөзім аяусыз,
Аға менен жеңгеден[3,290].

Өзге де жыраулар сияқты туындылары тәлім-тәрбиеге тұнып тұрады.

«Адал жүріп, шын сөйле,
Асығың түсер алшыдан.
Мақтанғанмен аса алмас,
Кем болса қатар шарқынан,
Сұрағанмен алмассың,
Көп қазғанмен қанбассың,
Қайырсыз сараң таңқыдан» [4,27],-

деп жырлайды.

Түрлі әлеуметтік мәселелерді, өмірлік жағдайларды, адамның мінезін, тәрбие мәселесін өз жырларына қосып, жыр арқылы ақыл-кеңес беріп, дұрыс таңдау жасауға, дұрыс бағытпен жүруге жетелеген жыраулардың шығармаларында аталған тақырыптарды санамалап беру жиі кездеседі.

Мысалы, Бұқар жырау:

«Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Ең шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске» [5,167],

-деп жырласа, Ақтан жырау:

Біріншіден не жаман?
Білімсіз болған ұл жаман.
Екіншіден не жаман?
Ананың тілін алмаған,
Қасарысқан қыз жаман.
Үшіншіден не жаман?
Үш жерінен бұғызып,
Көрге салған – сол жаман [4,29], –

деп сұраққа өзі жауап беру арқылы санамалап дүниедегі түрлі «жамандар» жайын жырға қосқан.

Ақтан жырау өзі жыр жазып қана қоймай, халықтық қазына-жырларды жаттап көпшілік қауымға жеткізуші, насихаттаушы да болған. Атақты «Қырымның қырық батыры» жырының келер ұрпаққа тарауына үлес қосқандығы жайында Қ.Сыдиықовтың «Ақын-жыраулар» еңбегіндегі мына жолдардан біле аламыз: «..Мұрын жырау деректеріне қарағанда, «Қырық батыр» жырын әуелі Сыпыра, одан кейінгі дәуірде Абыл дамыта жырлап, Қарасай, Қалнияз, Нұрымдарға ұластырған. Ал олар арқылы Қашаған мен Ақтанға, Қазақбай мен Мұрынға, Қоспақ пен Нұрпейістерге жетеді».

Е.Тұрсынов жыраулар жайындағы еңбегінде «Жырауларға тән негізгі ерекшеліктер мынадай: 1. Жеке румен емес, бүкіл тайпалар одағымен, хандықпен байланысты, болғандығы; 2. Мемлекет істеріне, соғыс жүргізу істеріне қатысатындығы; 3. Болашақты болжап, хан мен халыққа ақыл айтып, жөн нұсқайтындығы; 4. Батырлар жыры мен тарихи жырларды айтып, жауынгерлердің рухын көтеретіндігі» [6,160] деген болатын. Жоғарыда Ақтан жыраудың жыр жаттап, халық арасында насихаттағанын айтқан болатынбыз. Ханға қарап сөз сөйлемесе де, өз ортасында беделді болып, халықтың қамын жеп, рухани азық болар мол мұра қалдырған. Сондықтан Е.Тұрсыновтың айтқан белгілеріне толықтай сай келетін Ақтан Керейұлын жыраулар қатарына жатқызуға болады.

Халқымыздың асыл мұрасы, таусылмас қазынасы – жыраулық дәстүрін жалғап, әдебиеті мен мәдениетіне өзіндік үлесін қосқан Ақтан жыраудың

шығармашылығы тек аймақтық деңгейде ғана емес, сонымен бірге республика деңгейінде кең көлемде зерттеліп, әдеби мұрасы халыққа жете таныстырылуы керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймақтық әдебиеттің зерттелу мәселесі / Қ. Ж. Шарипов, Ә. Д. Әміренов // "Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім және ғылым сапасы" атты XI жооішілік студенттер ғылыми конференциясының материалдары. - Павлодар: ПМПИ, 2015. - С. 12-16.

2. Тілеуова А., Жұмабекова С. Қазақтың жыраулық, жыршылық мектептері // Қазақ әдебиеті және оны оқытудың өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. - Ақтөбе, 2015. - 354б.

3. Сейтмағамбет Е. А. Қазақстан батыс аймағының дарабоз ақын-жыршылары хақында. // Ер Едіге және XXI ғасырдағы ұлттық сана. Халықаралық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2018. - 325б.

4. Жәдігер. Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы. - Ақтөбе, 2016. - 388б.

5. Мағауин М. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: «Жазушы», 1989.

6. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы, Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1976ж. - 200б.

ГРНТИ 16.21.21

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КАТЕГОРИЙ *ВРЕМЯ* И *ПРОСТРАНСТВО* В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

ЖАКСЫБАЕВА К.К.

Магистр пед. наук

Баишев университет, ст. преподаватель, Актөбе

E-mail: kunzipa-akt@mail.ru

Пространство является самой большой по своим масштабам, самой важной для восприятия мира человека категорией. Человек, сам того не подозревая, является частью природы и осознает он это только тогда, когда остается наедине с ней. И только в этом случае он ощущает неведомую, влекущую куда-то, едва ощутимую невесомость в пространстве, чувствуя себя маленькой частицей во Вселенной.

«Пространство – то, что является общим всем переживаниям, возникающим благодаря органам чувств» [1]. Однако пространство, данное человеку целиком, никогда не мыслится как единое целое. На

первый план выдвигается некоторый фрагмент, по отношению к которому человек ориентирует или локализует себя (не случайно в древнегреческом и латинском языках нет слова «пространство», а есть только «locus» – «место») [2].

Следовательно, возникает вопрос, каким образом эти философские рассуждения отражаются в лингвистике?

В современном языкознании все чаще встречаются попытки изучения русской языковой картины мира с точки зрения выделения в ней каких-либо значимых элементов, или фрагментов. Например, слова «пространство» и «язык» **связываются с познавательной деятельностью человека. Обратим внимание на мнение Яковлевой Е.С., которая в своей книге говорит о таких фрагментах русской языковой картины мира, как «пространство, время, восприятие» [3, 123 стр.]**

В «Толковом словаре русского языка» С.И. Ожегова мы находим следующее толкование слова пейзаж:

«Пейзаж – 1. Вид какой-нибудь местности. 2. Рисунок, картина, изображающая природу, вид, а также описание природы в литературном произведении» [4].

Таким образом, под пейзажной единицей подразумевается его традиционное значение («вид местности», «описание природы»), закрепленное в толковых словарях С.И. Ожегова, В.И. Даля, и не совсем стандартное понимание этой текстовой единицы: все, что связано с природой, что не создано человеком [5].

В русской классической литературе представлено достаточно много описаний пейзажа. В художественном произведении пейзаж – это не только «описание природы», он является фоном действия, материальной частью мира литературного произведения, хоть и вымышленной, но все-таки «действительностью». Отметим, что пейзажная семантика приобретает характер классификатора текстовых пейзажных единиц, текста, типологии текстов, их коммуникативно-стилевых разновидностей.

Человек воспринимает природу в разных ракурсах: относится к природе как к естественной среде проживания (физическое); относится к ней как к стихийному бедствию (психологическое); анализирует и оценивает состояние природы (интеллектуальное).

Писатели как носители языка создают свои художественные модели мира, обогащая тем самым русскую национальную культуру, акцентируя внимание, что пейзаж художественного текста – это не зеркальное отражение живописной картины природы, а восприятие мира через пейзажную единицу, в котором немаловажная роль отводится пространственно-временной организации художественного текста. В этом ракурсе эстетический характер освоения природы в пейзаже сближает его с главной функцией – влиять на мысли и чувства читателя с помощью образов.

Следует отметить, что пейзажная картина мира связана с категориями *время* и *пространство*, представляющее собой в литературном

тексте динамически сложное явление философского, лингвистического, социологического, культурологического характера. Например, в «Философском энциклопедическом словаре» указывается, что категория – это признак, связанный с отражением действительности. Отмечается связь категории с познанием, взаимоотношением бытия и сознания.

Следовательно, в полной мере, к основным философским категориям, отражающим картину действительности, можно отнести пространство и время.

В настоящее время особое внимание уделяется проблеме категоризации, однако при ее изучении необходимо разграничивать языковые категории и категории естественных объектов. Отметим, что категория пространство является одной из основных при изображении картин природы в вербальном тексте, которое репрезентируется лексемами по функционально-семантическим признакам:

1) слова, обозначающие пространство (горизонт, поле, долина, небо, луг, степь и т. п.);

2) слова – указатели направления в пространстве (вверх, вниз, дальше, ближе, высоко, низко, север, восток, юг, запад и т. п.);

3) слова, ассоциативно связанные с пространством, мотивирующие перспективу картин природы (путь, дорога, река и т. п.);

4) слова-элементы пространства (звезды, солнце, луна, лес, роща, сад, поляна, постройки, улицы, парк (в городском пейзаже) и т. п.).

Для исследования данной работы были выбраны стихотворение А.С. Пушкина: «Три ключа» и роман-эпопея М.Ауэзова «Путь Абая» (Возвращение; На джайляу).

В данной статье мы попытаемся точно передать те детали, по которым в исследуемых текстах определяется восприятие пейзажной картины мира в восприятии природы человеком.

Таким образом, целью данного исследования является анализ пейзажной картины мира, отражающее представление человека об окружающей природе, которая репрезентируется в художественном тексте текстовыми пейзажными единицами.

Описание степи как пространства относится к числу распространенных в русском тексте. Рассмотрим стихотворение А.С.Пушкина «Три ключа», соединяющий в себе черты двух аллегорических пространств – моря жизненного и пустыни, где прослеживается и философский смысл стихотворения:

В степи мирской, печальной и безбрежной,
Таинственно пробились три ключа:
Ключ юности, ключ быстрый и мятежный,
Кипит, бежит, сверкая и журча.
Кастальский ключ волною вдохновенья
В степи мирской изгнанников поит.
Последний ключ – холодный ключ забвенья,
Он слаще всех жар сердца утолит [6, 172 стр.]

Мирская степь воспринимается как бессмысленное бытие. Ключи в данном контексте представляются чем-то живительным, вдохновляющим, дающим смысл, хотя между собой они не похожи. Ключ юности – неопределимый дар от самой жизни. Поэтому читатель воспринимает его как драгоценность, как самый незабываемый ключ юности – быстрый, мятежный, кипучий, энергичный. Кастальский ключ взят Пушкиным из античной мифологии, а последний ключ, ключ забвения – это источник, успокаивающий, умиротворяющий; утоляющий жар сердца – душевные раны человека.

В тексте пространство репрезентируется следующими лексемами: слова - элементы пространства *степь, ключ юности, Кастальский ключ, ключ забвения*, слова - указатели направления в пространстве *пробились, кипит, бежит, поит*.

В казахском литературоведении изучение мифологической и философской содержательности художественных произведений велось в плане исследования мировоззрения того или иного автора, его философских взглядов, творческой манеры.

Рассмотрим описание казахской степи в романе М. Ауэзова «Путь Абая», где картины природы даны через восприятие героя.

Степь. У Ауэзова она родная, бескрайняя, вечерняя, живая: «Дыхание жизни оживляло вечернюю степь... Дым, поднимающийся от костров к прозрачному вечернему небу, висит над юртами сплошной темно-серой завесой... Вот о чем тосковал в городе мальчик!» (Возвращение).

Понимающая, всепоглощающая: «Он пустил коня во весь опор, тучная зеленая степь летела навстречу и мимо, – так во время весеннего половодья мчится широкий поток, бурный и стремительный, мощный и волнующийся. Встречный ветер бил в лицо, в глаза Абая, срывал его слезы, уносил в степь...!» (Возвращение) [7].

Музыкальная, необъятная, одушевленная, эмоциональная через восприятие Абая: «Картины природы, люди, события проносились перед ним – и он погружался в это море образов. И сейчас песня, исполненная вдохновения, оторвала его от всего окружающего. Певец, широкоплечий и статный, превратился в его воображении в могучего степного великана. Этот великан – великан искусства... окидывает взглядом необъятные просторы, холмистые степи, прохладные берега озер... И льется из могучей груди свободная песня, звуча, как боевой клич: «Я иду! Иду с песней! Какое сокровище драгоценнее ее? Она проникает в тебя до костей, волнует твою кровь – попробуй не откликнуться, попытайся не слушать!» (На джайляу).

В данных фрагментах пространство репрезентируется следующими лексемами: слова – элементы пространства *степь, небо, свободная песня, дыхание жизни*; ключевыми глаголами в пространстве *бил, уносил, летела, мчится*.

Постоянные передвижения в пространстве и во времени – это и есть открытость и доброта души кочевника-казаха, обусловленные образом жизни в степи. Описание казахской степи подчеркнута метафорами *дыхание жизни*

оживляло, степь летела навстречу, великан искусства (Возвращение; На джайляу).

Таким образом, в анализируемом тексте категория *пространство* посредством слов – элементов пространства и слов – указателей, метафор входит в обязательную атрибутику пейзажной картины мира, что также обусловлено особенностями их семантики и функцией в текстах.

Ключевые лексемы в структуре пейзажа и текстовые пейзажные единицы приобретают признаковый характер, где по ключевым компонентам можно распознать наличие пейзажа в тексте, его семантику и функциональную значимость. Функции категорий *пространство* и *время* в пейзажной картине мира анализируемых произведений актуализированы и являются одной из основных при изображении картин природы в вербальном тексте. Как в художественных произведениях М.Ауэзова, так и в поэзии А.С.Пушкина основным определяющим методом создания пейзажей является понимание писателем нерасторжимой связи автора с окружающей их природой. В романе М.Ауэзова картины природы воздействуют на читателя эмоциональной стороной, помогающей в раскрытии типических черт людей, их взаимодействия.

Список литературы:

1. Стёпин В.С. Новая философская энциклопедия [Электрон. ресурс]. - 2001. – URL: <http://www.t4w.ru/> (дата обращения: 27.09.2019)
2. Березницкая В.А. Локусы большого города в поэзии русского неobarocko // Вестник МГСУ. – 2011. № 2.- С. 388
3. Яковлева Е.С. Фрагменты русской языковой картины мира (модели пространства, времени и восприятия). - М.: Гнозис, 1994. -344 с.
4. Ожегов С.И. Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений.- М.: ООО Издательство ЭЛИПС, 2003.- 422с.
5. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского русского языка [Электрон. ресурс]. - URL:<https://slovar.cc/rus/dal/570883.html>.- (дата обращения: 27.09.2019)
6. Пушкин А.С.Собрание сочинений в 10 томах. М.: ГИХЛ, 1959- 1962. Том 2. Стихотворения 1823–1836. [Электрон. ресурс].- 2000—2019.- URL: https://rvb.ru/pushkin/01text/01versus/0423_36/1827/0438.htm- (дата обращения: 28.03.2019)
7. Ауэзов, М. Путь Абая [Электронный ресурс].- Режим доступа:http://librebook.me/abai_s_way - Данные соответствуют на 3.10.2019.
8. Ожегов, С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений.- М.: ООО Издательство ЭЛИПС, 2003.- 422с.
9. Ушаков, Д.Н. Толковый словарь русского языка Ушакова. [Электрон. ресурс].- URL:<https://www.twirpx.com>- (дата обращения: 28.09.2019)

10. Ефремова Т. Ф. *Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный.* – М.: Русский язык, [Электрон. ресурс].- 2000.- URL: <https://www.efremova.info> (дата обращения: 28.03.2019)

11. Словарь синонимов [Электрон. ресурс].-URL: https://methodological_terms.academic.ru (дата обращения: 28.09.2019)

АБАЙТАНУДАҒЫ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

ЖАЛҒАС АЙДАНА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, филология
мамандығының 2-курс магистранты
Ақтөбе қаласы
Aidana.10.10@mail.ru*

Рухани құндылығымызға айналған ұлы Абайдың мұраларын тану жолында абайтану сынды ғылым қалыптасты. Бұл саланың негізгі зерттеу нысанасы Абай мұрасын тану, бағалау бүгінге дейін үздіксіз зерттелу үстінде. Қойнауы терең абайтану ғылымында әлі де зерттеуін күтіп тұрған мәселелер көп. Абайдың ақындық кітапханасы, Абай шығармаларының текстологиясы, Абайдың «толық адам» ілімі, оқытудың тиімді технологиясын қолдану арқылы Абай ілімін жастарға түсіндіру, насихаттау т.б. мәселелер жүрдім-бардым ат үсті қарауға болмайтын, үлкен жауапкершілікті, білімді талап ететін нәрселер.

Абайтану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі – ақын шығармаларының мәтіндік бірізділігі, яғни текстология.

Абай шығармаларын жинау, оны бастыруда текстін зерттеудің, ғылыми тұрғыдан анықтаудың мәні үлкен болды. Олай болатын себебі, Абайдың өз қолымен жазылған шығармасы жоққа тән.

Мұхтар Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында былай дейді: «Қазаннан, әскери қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитхан, Кішкене молла (Мұхамметкәрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтан шыққан: Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды. Ғабитхан, Кішкен молла сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын сол жаңағы 1896 жылдан бері қарай көшіретін болады», – деп жазады. Сондай-ақ, Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында «Мүрсейіт еңбегін айрықша атап өту керек. Кәзір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағының барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мүрсейіттің көшірмелері» [1, 35-б].

Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмағандықтан «асыл нұсқадан тікелей көшіру» жайында жорамал түрінде ғана айтуға болады.

Енді бір атап айтатын қолжазба – Кереку өңірінің тумасы Садуақас Мұсаұлы Шормановтың 1884-1891 жылдар арасында жазған қолжазба жинағы. Бұл қолжазба жинақты алғаш тапқан академик Әлкей Марғұлан былай деген болатын: «Садуақас осы дәптерін 1897 жылы Петербургқа барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П.М.Мелиоранскийге сыйға тартқан. Кәзір бұл дәптер Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, академик А.Н.Самойлович архивында сақтаулы тұр. Садуақастың бұл дәптері – қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білетін мәдениетті кісі болғандықтан Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мүлтіксіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы игілікті іс болған» [2, 20-б].

Абай өлеңдері әу баста біреуден біреу жаттап алып, әнге қосып айту арқылы ауызша таралған. Кейбір өлеңдері осындай ауызша таралу түрінен баспасөз бетіне түсу арқылы да насихатталып жатты. Ақын туындыларының қолжазба көшірмелері түрінде де таралғаны мәлім. Көбінесе қолжазба көшірмелер ақын өлеңдерінің текстологиялық жағынан түпнұсқа болмысын сақтауда орны ерекше құбылыс болды.

Ақын дүниетанымының қалыптасу жолында әр түрлі саладағы ой пікірлерінің эволюциялық даму, қалыптасу жолын ғылыми тұрғыдан танып білуде, әрине, Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау мәселесі, хронологиялық бірізділікті қалыптастырып, жүйелі түрде ізденуге әкеледі.

Абай алғаш өлеңдерін шәкірті Көкбай атынан жариялап жүрді. Көкбайдың өзі айтқан естелігіне сүйенсек: «Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», – деді. Мен: «Асса, басында қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», – деп қалжындадым, сүйтсем, сол күні «Жаздыкүні шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді» [3, 201-б]. Абай өлеңі ақындық сынның негізінде туғанын аңғарып отырмыз.

Ғалым Ә.Жиреншиннің пайымдауынша, Абай өз шығармаларын Көкбай атымен жариялауының себебі мадақтау мен менмендікті ұнатпаған әрі Көкбай есімімен беруді жөн көрген.

1916 жылы Орынборда жарияланған Самат Әбішұлының «Абай термесі» атты еңбегінің абайтану саласына сіңірген қызметі орасан зор. Алғашқы 1909 жылы Петербургтегі Кәкітай бастырған жинақтан тыс осында Абайдың бұрын-соңды баспа бетін көрмеген тың туындылары болатын. Оның үстіне аталмыш еңбек авторының қолындағы Абай өлеңдері ауызша түрде емес, жазбаша қолжазба деректер бейнесінде жеткізілген. Бұны С.Әбішұлы: «Бұл бір елге көп жайылмаған қазақ ақыны Абай Құнанбайұлы-ның бұрын басылмаған азғана

сөздері еді. Мен қолымдағы барды кітапша етіп, бастырып алуымды қаладым» [4, 38-б], – деп мағыналы мақсат қояды.

М.Әуезовтың Абай өлеңдерінің өрнек үлгісін бастапқы табиғи қалпына келтіру жолында атқарған ізденістері де, ақын шығармаларын текстологиялық жағынан жетілдіру жолындағы ізденістері де абайтану тарихында өзіндік орны бар құбылыс.

Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау ісі Абайдың ақын шәкірттерінің ықпалымен 1907 жыл мен 1927 жылы жүргізілген еді. Бірақ ол жылдарда ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтаудың негізі салынғанымен, көптеген өлеңдерінің жазылу уақыты толық анықталмай, біршама кемшіліктерге жол берілді. М.Әуезов өз зерттеулерінде осы кемшін жайларды толықтырып, ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтауда толассыз ізденіп, бір ізге түсіріп кетті. [5, 36-б]

Абай мұрасын танып білуде зерттеуші ақын шығармаларында тілге алынатын арнау өлеңдерге ерекше мән бере қараған. Өйткені арнау өлең нысанасына алынған кісілерді жан-жақты терең танып білу арқылы сол заманда орын алған саяси әлеуметтік мәселелерді Абай бастан кешкен өмір шындығымен ұштастыра отырып көркемдік тәсілмен ашуға қолы жеткен.

«Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім», – деп Абай өмірбаянын төрт рет қайта жазып толықтыра түскенде, арнау өлеңдері арналған кісі аттарын да толығынан анықтап шығады. Осы қолы жеткен тарихи дерек көздерін, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясында шеберлікпен қиыстырып пайдалана білгені Әбсәмет туралы Абайдағы:

Әбсәмет жиенің

Ол сенің біреуің –

деген өлең жолындағы Әбсәметті эпопеядағы Әбіш ауырып жатқан кезеңмен байланыстырып суреттеуінен көреміз. Арнау өлең арналған кісілердің бәрі де Абай өмірбаянын жазу мен эпопеяны жазуға даярланған тұста толығымен анықталған болатын [5, 39-б].

Абайтанушы ғалым Қ.Мұхамадханов негіздеген Абай шығармаларының мәтіндік бірізділігі мәселесі күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, іргелі зерттеу жұмыстарының бірі. З.Ахметов, С.Қирабаев, М.Мырзахметов сынды ғалымдар жалғастырып, тереңдеп із салғанымен де түзеу жұмыстары қайырылып бітті деп те айта алмаймыз.

Абай шығармаларының текстологиясы – 1951 жылы Абай мұраларын тану, зерттеуге қатысты әдебиетімізде полемика тудырған күрделі де, іргелі тақырыптардың бірі. Қ.Мұхамадханов бұл тұста жалпылай шолған өзге сыншылардан айырмашылығы мәтін түзу мәселесінде ғылыми негізді пікірлермен ерекшеленеді. Зерттеуші ғалым: «Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ, ол жеткіліксіз. Оның себебі, ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы сапалы болып шығуын қамтамасыз

ете алған жоқ – деп Абай шығармаларының мәтінін түзудегі кемшіліктердің орын алу себептерін айқындайды.

Ғалым айғақты деректерімен ақын өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін дәлелдеп берді. Сөздің бір әрпі түсіп қалса да, айтылар ойға көлеңке түсіріп, мәтіннің айқындылығын солғындатады. Абай шығармаларындағы осы тәрізді заңсыз өзгертулер Қайым Мұхамедханов назарынан тыс қалмады. Мәселен, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің бесінші шумағы 1909, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарында:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті,

– деп берілген. Қ. Мұхамедханов: «біз өлең жолын былайша оқысақ, Абайдың өзіндік түп нұсқасын қалпына келтіреміз деп берік сенеміз:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы осы деп ғәділетті»

– деп түзету енгізеді. Себебі өлеңде жаратушы Алла тағала туралы сөз болғандықтан «ғәділет» сөзі «әділетті» дегенге қарағанда анағұрлым мағыналық аясы кең. Әрі «ғәділет» сөзі – Алланың бірден-бір ақиқат кітабы болып танылған Құран кәрімнің сөзі. Біздіңше, текстолог осы шумаққа өзгеріс енгізуде осындай қисындарды ұстанған.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау

Өлеңі бірі жамау, бірі құрау, – деп басылып келген. 1954 жылғы басылымда институт қызметкерлері қате деп есептеп:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау, – деп түзеткен.

Абай Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың ақындығын жоққа шығарып, өлеңдерінің «бәрі жамау, бәрі құрау» деп олардың ақындығына мүлдем шек қоймайды. Өлеңдерінде кездесетін идеялық және көркемдік кемшіліктерін сынайды. «Кешілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау» деген жолдың өзінен-ақ ақынның барлық шығармаларын жоққа шығармай, тек кездесетін кемшіліктерін ғана сынап отырғанын анық аңғарамыз [6].

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елің – ала,
Отты шала,
Тайса аяғың, кім көмбек?

1909 жылғы кітапта «кім көмек» деп берілсе, 1933 жылғы тұңғыш толық жинақта «кем көмек» деп берілген. Қайым Мұхамедханұлы 1909 жылғы кітаптағы нұсқасы дұрыс дейді [7].

Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулері негізінде, Абай қолжазбалары мен басылымдарын пайдалана отырып алдағы уақытта іргелі текстологиялық зерттеулер жүргізудің маңызы зор болмақ.

Абайтану ғылымының артқан жүгі, алда тұрған міндеттері ауырлай түспесе, сынық сүйем де кеміген жоқ. Абайды таныту мен қазақты таныту егіз деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.
2. Марғұлан Ә. «Абай қолжазбасы». «Қазақ әдебиеті» 16 август, 1963ж.
3. Көкбай ақсақалдың естелігі. / Кітапта: Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). -Алматы: Жазушы, 1995. -296 б.
4. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
5. Мырзахметов М. Абайтану Алматы, 2010- 152 б.
6. Смағұлова А. Қайым Мұхамедханов және текстология мәселелері//Шәкәрім. –2012. – №1. – б. 66
7. Мұхамедханұлы Қ. Шығармаларының екі томдығы. Астана, Фолиант, 1-том, 234-бет)

III. ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ, ТАРИХЫ, МӘДЕНИЕТІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

ЛЕВ ГУМИЛЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫ

ХАЙДАРОВ Е.Е.

аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Рухани жаңғыру орталығы, Орал қаласы, esaka_78@mail.ru*

Кеңестік және Ресейлік ғалым, тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын, парсы тілінің аудармашысы Лев Николаевич Гумилев 1912 жылдың 1 қазанында Петербург губерниясының Царское селосында, атақты ақындар Николай Гумилев пен Анна Ахматованың отбасында дүниеге келген. Ол этногенездің пассионарлық теориясының және еуразияшылдық идеяларының негізін салушы және ұлы дала халықтарының тарихын, соның ішінде Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеген ғалым болып табылады.

Лев Николаевич Гумилевтың өмірі мен шығармашылығын тағдырдың торына шырмалғандар санатына жатқызуға болады. Қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік сілкіністер мен жүйелік алмасулардың өзара кезеңі оның жалын атқан жастық дәуренін тағдырдың тәлкегіне ұшыратты. Бір емес, екі емес, үш рет жауапқа тартылып, табандатқан 13 жыл өмірін түрменің тар қапасында өткеріп, лагерьдегі жылдар арасында екінші дүниежүзілік соғыстың отжалынына шарпылып, туған қаласы Ленинградқа 1956 жылы оралғанда Лев Николаевич 44 жаста еді.

Осындай аласапыран жылдар шарпуында жүріп, ол 1946 жылы Ленинград университетін бітіреді. Қатардағы бітірушілердің бірі емес, француз, неміс, көне түркі және латын тілдерін меңгеріп, хунну өркениеті мен ежелгі моңғол тарихы бойынша маман болып шығады. Университет қабырғасында В.Струве, Е.Тарле, Б.Греков, С.Малов, М.Артамонов, С.Руденко сияқты ғалымдармен етене танысып, Памирде, Украинаның Подолиясында, Грузияның Картлиінде, Орталық Азияның Алтайында (Пазырық) жүргізілген археологиялық экспедицияларға қатысады. 1948 жылы Бірінші Түркі қағанатының (546-659) саяси тарихына арналған тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Мұнан әрі, Л.Н.Гумилев айдауда жүрген жылдары жазған тарихи шығармасын 1956 жылы біржола аяқтап келіп, Эрмитажға кітапхана қызметкері болып орналасады. Осы қызметте жүріп, байырғы түркілер тақырыбы бойынша 1967 жылы докторлық диссертация қорғайды. Сол жылы докторлық

диссертациясының толықтырылған нұсқасы «Көне түркілер» деген атпен жарық көреді. Тақырыптың сонылығы және беймәлім мәдениеттің жеріне жете ашылуы, автордың ғажайып аңғарғыштығы мен терең білімі, сондай-ақ мейлінше оралымды тіл-стилі ғылыми ортаның да, былайғы оқырманның да назарын аударады.

1967 жылы Ленинград университетінің аясында география ғылыми-зерттеу институты ашылып, ректор А.Александровтың шақыруымен Л.Н.Гумилев ғылыми қызметкер болып келеді. Осы орында 1986 жылы еңбек демалысына шыққанға дейін кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер деген сатылардан өткенімен, профессор атағына іліге алмайды. Оның есесіне Лев Николаевич «Халықтану» деп аталатын арнаулы курс бойынша студенттерге аттай 20 жыл бойы дәріс оқиды. Оның дәрісіне бүкіл университет құлақ түріп, тіптен еркін тыңдаушылардың өзі дәрісханаға толып кетеді екен. Ол дәріс оқыған жылдары бірнеше толқын студенттердің зердесін қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзі де шындала жүріп, бүкіл әлем мойындаған орыс этнологиясының іргесін қалаушылардың маңдай алдысы бола білді.

Л.Н.Гумилев 1959-1964 жылдар аралығында жазғы демалыс айларында археологиялық экспедиция ұйымдастырып, Еділ, Каспий, Қаратеңіз жағалауларынан Хазарияның (VII-X ғғ.) жұрнақтарын іздейді. Нәтижесінде аса мол айғақ-деректер жинақтап, ол материалдарды археолог, географ, этнолог ретінде саралап, Шығыс Еуропа тарихын қайта зерделеуге мұрындық боларлық «Хазарияның ашылуы» атты тамаша кітабын 1966 жылы жарыққа шығарады. Бұл еңбек этнос, табиғат, қоғамның әлеуметтік өмірі мен космос арасындағы байланыстардың нәтижесін одан әрі тереңдетуге, зерделеуге мүмкіндік береді. Мұның өзі, түптеп келгенде этногенездің тұғыры болып табылатын пассионарлық идеясының дүниеге келуіне себепші болады.

Этногенез бен биосфера арасындағы біте қайнасқан заңдылықтарды одан әрі орнықтыра дәлелдеу үшін Л.Н.Гумилев енді табиғи қоршаған ортаның этнос тағдырына әсер-ықпалын ашып көрсетуге бел буады. Жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өзінің этнологиялық тұжырымдарына тұғыр етуге бекінеді. Сөйтіп, 1974 жылы география бойынша «Этногенез және Жердің биосферасы» деген тақырыпта екінші докторлық диссертациясын қорғайды. Алайда бұл ғылыми жұмысы жоғарғы жақтың тарапынан бекітілмейді. Бұл еңбек арада 15 жыл өткенде 1989 жылы жарық көрді. Мұнда ғалым халықтардың қалай жаралып, қалай сейілетініне, сондай-ақ оған табиғат пен космостың аса тегеурінді әсер-ықпалына бүкіләлемдік ауқымда тарихи шолу жасайды. Тарихи шолуын айғақ-дәлел ретінде көлденең тарта отырып, этнология туралы бұрынғы көзқарастардан түбегейлі айырмашылығы бар ой-тұжырымдар қорытады. Әрине, тың теорияны мойындағысы келмеген ғалымдар мен тоталитарлық жүйе Лев Николаевичтың ғылыми жолын бөгеп, жөнсіз жалған айыптар тағып отырды.

Л.Н.Гумилев ең алдымен Ресей тарихшысы. Оның барша еңбегі, сайып келгенде, Ресей тарихымен ұштасып, Ресей тарихын танып-білуге қызмет етіп жатады. Бұл ретте ол өзінің табиғатына тән батылдықпен, Ресей тарихының ең

бір ақтаңдақ кезеңіне із салған ғалым. Ол кезең XIII-XV ғасырлар аралығы болатын. Тарих көкжиегінен XIII ғасырға дейін-ақ төбе көрсетіп үлгерген Русь 1250 жылдан бастап, табандатқан 250 жыл бойы тым-тырыс күй кешкен сияқты болатын. Бұл аралық Ресей тарихында тарихи тежелу кезеңі тұрғысында қаралып, оған себепкер ретінде моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда езгісі көлденең тартылатын. Лев Николаевич бұл мәселені мүлде басқаша қарастырады. Оның пайымдауынша Ресей суперэтносты, оқулықтарда жазылғандай, дербес этнос ретінде Киев Русі кезінде қалыптаспапты. Алтын Орданың жағымды ықпалының арқасында XIII-XIV ғасырда еңсе көтеріпті. Орыс жерлерінде айтарлықтай деңгейде моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда езгісі болмаған, керісінше Александр Невский секілді ел қорғандары Алтын Ордамен одақтасып отырған. Сөйтіп, моңғол шапқыншылығынан Еуропаны қорғап, қалқан болған Русь емес екен. Керісінше, Русті Еуропаның жұтып қоюынан аман алып қалған Моңғол ұлысы екен. Мұндай ақиқат Ресейлік тарихшыларға ұнай қоймады және бұрыннан қалыптасқан жаңсақ ой-тұжырымдарға күмәнмен қараудың басталуына алып келді. Қысқасы, Гумилев ілімінің ортағасырлық Ресей тарихына мүлде жаңаша қарауға шақыратын идея екенінде дау жоқ еді.

Л.Н.Гумилев ұлт мәселесін зерттеуде тың түсініктер енгізді. Әйгілі ғалымның ой-тұжырымы бойынша, біріншіден – этностың күш-қуаты өзі тіршілік құратын табиғи ортамен кіндіктес, екіншіден – әрбір этнос тіршілік құру барысында әлеуметтік кеңістігін ұдайы ұлғайтып отыруға бейім болады. Ал этностың алғашқы жаралымына космос қуаты әсер етеді. Сол әсердің нәтижесінде қайрат-жігері ерекше «пассионар» адамдар қалыптасады. Өз кезегінде пассионар адамдар соңдарынан қалың бұқараны ертіп, өздеріне қарсыластарға (субпассионарларға) тойтарыс беріп, өзіне дейінгі «мәдени жаралымды» жойып, «этнос» деп аталатын қауымдастықты қалыптастырады. Мұның бәрі де қоршаған ортамен біте қайнасқан тұтастықта жүзеге асып жататын құбылыс. Этнос био-географиялық құбылыс болса, онда өзінен-өзі олардың өлшеулі ғұмыр жасы болмақ. Ондай ғұмыр жастың ұзақтығы әдетте 1200-1500 жыл шамасында болып келеді. Осы уақыт аралығында этнос дүниеге келеді, еңсе көтеріп ес жияды, өркен жайып дамиды (акматикалық фаза), сонсоң бірте-бірте құлдырап сейіле бастайды (обструкция немесе аннигиляциялық фаза). Бұл үрдіс этногенез деп аталады. Лев Николаевич өзінің пассионарлық идеясы арқылы ұлт феноменінде әлеуметтік себептен гөрі биосфералық әсердің бел алып жататынын дәлелдеуге күш салды. Сөйтіп, этногенездің пассионарлық теориясын дүниеге келтірді.

Лев Николаевич Гумилев өмірінің соңғы жылдарында өзін «еуразияшылмын» деп ашық айтып жүрді. «Жұрт мені еуразияшыл дейді, мен ондай пікірге қарсы емеспін», – деген ойда ашық айтқаны білгілі. Шынында да еуразияшылдық идея Лев Николаевич шығармашылығының өн бойында үзілмей көрініс тауып отыратынын аңғару қиын емес. Сонымен бірге, Лев Николаевичтің еуразияшылдығында өзіндік ерекшеліктің де бары рас.

Еуразияшылдық идеяның тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болатын сияқты. Біріншісі – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Екіншісі – Қазан төңкерісінен кейінгі Ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. Үшіншісі – екінші дүниежүзілік соғыстан келетін кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері – тарихшылар Г.В.Вернадский, Л.П.Карсавин, Л.Н.Гумилев, құдайшыл Г.Ф.Флоренский, географ П.Н.Савицкий, шығыстанушы В.П.Никитин, этнограф Н.С.Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар болды.

Еуразияшылдық идеяның бірінші кезеңінде ұлы орысшылдық пиғыл бел алып жатты. Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың ортасындағы Ресейдің айырықша рөлі болу керек деген идея күн тәртібіне қойылды. Еуразияшылдық доктринаның постулаттарын Г.В.Вернадский былайша айқын тұжырымдады: «азиялық» және «еуропалық» Ресей арасында табиғи шекара жоқ. Демек, «еуропалық» немесе «азиялық» деп бөлшектейтіндей екі Ресей де жоқ. Тек, «еуразиялық» немесе Ресей-Еуразия деп аталатын бір ғана Ресей бар» (Г.В.Вернадский. Начертание русской истории. Прага 1927 г. 5-бет)

Еуразияшылдық идеяның екінші кезеңінде сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. Себебі, Ресей эмигранттары социалистік жүйенің ұстанымдары азиялық тұрғындардың ойынан шығып, одан әрі еуразияшылдық идеяның жүзеге асуын жеделдетеді деп үміттенді. Жай үміттенген жоқ. Еуразия кеңестігінде Ресей ділінің үстемдік құруы ашық айтылып, Ресейді «айрықша мәдени-тарихи әлем» деп жариялай бастады. Түптеп келгенде, мұндай пиғылдан социалистік Ресейдің де экспансиялық-ассимиляцияшыл үрдістері алшақ болмайтын.

Үшінші кезеңде еуразияшыл идеяның көңіл қалауынан гөрі, нақтылы тарихи ситуациялармен көбірек санасқанын аңғаруға болды. Яғни, әлемдік бәсекелестікте Еуразия халықтары өздерін мүдделестер, тағдырластар ретінде сезініп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады. Әсіресе, КСРО ыдырағаннан кейін еуразияшылдық идеяның бұл сияқты жаңа бағытына тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұйытқы болғанын атап өткен жөн.

Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев тарихи қисындарды көлденең тарту арқылы көзге түсті. Ол Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл ретте, Лев Николаевич Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парықтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын «татар-моңғол езгісі» деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Моңғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Лев Николаевич осындай идея арқылы өзін ұшқыр ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғалымға айналдыра білді.

Әрине, осындай ой-идеяларына қатысты болар, қазақстандықтар Лев Николаевич Гумилевті айрықша құрмет тұтады. Ол кісінің атында Қазақстанда университет бар. Ол Астана қаласында – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті деп аталады. Қазақстан қалаларында бірнеше көше «Л.Н.Гумилев көшесі» деп аталады. Лев Николаевич туралы тұңғыш рет ғылыми көпшілік фильм түсірушілер де қазақстандықтар болды. Қазірдің өзінде «Қиял патшалығын іздеу», «Көне түркілер» деп аталатын көлемді кітаптары қазақ тіліне аударылып үлгерген. Осылайша біздің елімізде еуразия даласын мекендеген түркі халықтарының тарихын жете зерттеген ғалымның ғибратты өмірі мен ғылыми мұрасын есте қалдыру мақсатында бірқатар шаралар қолға алынып отыр.

Гумилевтың өмірі қатыгез уақыт пен құрылыстың кесірінен қиындықтарға, қуғын-сүргіндерге толы болғаны белгілі, ал осы тағдырына мойымаған қайсар ғалым 1992 жылы 15 маусымда 80 жасқа қараған шағында өмірден озды. Өз ғұмырын ғылымға арнаған Л.Н.Гумилев соңғы берген бір сұхбатында «бұл өмірдің мәні неде» деген сауалға, «Өмірдің мәні неде екенін, шынымды айтсам білмеймін. Ал менің өмірімнің мәні – өзім шексіз сүйген Азияның көшпелі халықтарының даңқын асырып, дәрежесін көтеру болды», – деп нақты ойын білдірген екен. Бұл пікір өз білімі мен күш-қайратын күллі еуразия халықтарының тарихын, этникалық сана-сезімін зерделеу үшін сарып еткен ұлы еуразияшыл ғалымның шынайы болмыс-бітімін, өмірлік мақсат-мұратын айқындап тұрғандай көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Кез келген мемлекет ұлт болмысына арқау болар ұлттық кодтарын зерттеп, зерделеп оларды әртүрлі жолдардың негізінде әлемге таратуды жоспарлап, ұтымды жүргізіп отырғандығын көруге болады. Солардың біріне Жапон мемлекетінің ұстанып отырған «Cool Japan» стратегиялық бағдарламасын жатқызуға болады. Соңғы жылдары Жапон мемлекеті инновациялық және цифрлық технологиялардың құдіретін пайдалана отырып, экономика саласынан әлемдік алпауыт мемлекеттердің біріне айналу мақсатында басқада алпауыт елдер тәрізді «Жұмсақ күш» атты жобаны жүзеге асыруда [2]. Бұл жобада Жапон үкіметі өздерінің ұлттық мәдениетін бүкіл әлемге тарату арқылы мәдени кеңістік қалыптастыруды көздейді. Жапон мемлекетінің ұстанып отырған осы саяси-экономикалық ұстанымы өркениетке қол жеткізген елдердің басты құндылықтарының бірі болмақ. Осы мақсатты жүзеге асыруда Жапон үкіметі мемлекеттік бюджеттен қыруар қаражаттар мен әлемнің білім іздеген қабілетті жас мамандарын тегін гранттар бөлу арқылы

өздеріне тартуда. Яғни, оларға өз мәдениеттерін үйрете отырып, Жапонның ұлттық мәдениетінде ойланатын мәдени кеңістікті орнату. Егер экономикадағы нарықтың басты заңдылығы «тауардың сапасы - тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру» болған болса, демек қажеттіліктен астарында еркіндіктің мәні анықталатындығын естен шығармаған жөн. Бұдан келіп шығатын қорытынды ой Жапон мемлекеті өздерінің сапасы жоғары бренд өнімдері арқылы өздеріне қажеттілік тудыру болып табылады. Ешбір соғыссыз және ешбір қиянатсыз еркіндігінді өз мүдделеріне шеше отырып, мәдени кеңістікті кеңейту нәтижесінде басқа елдерді сапалы өнімдері арқылы жаулау, халық даналығындағы «қанынды шығармай жанынды алу» деген қанатты сөз осы жағдайды мензесе керек.

XXI ғасырдың басты мәселесі тамырын тереңге жайып өркениетке ұласқан ұлттық мәдениеттердің қақтығысы орын алмай қоймайтын жағдай. Бұл жағынан Америка саясаттанушысы Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» көзқарасына толықтай келісуге болады [3]. Сондықтанда, бұл дағдарыстан шығудың жолын осы бастан іздеген дұрыс. Осы мақсатта автор жоғарыда қарастырылған ұлттық код ұғымымен мәдени код ұғымының өзара тығыз байланысына тоқтала отырып, түркі әлеміне ортақ мәдени кеңістікті, мәдени кодты анықтап, зерделейтін мәдени кеңістікті қалыптастыру. Бірақ бұл кеңістікте қазақ ұлты өз болмысын сақтап қалуда, ұлттық кодты зерделеуде қандай шаралар қолдану керек, басты мәселе осында жатырған болатын.

Жалпы кез келген халықтың ұлттық мәдениеті, құндылықтары өздерінің өмір сүруіндегі ата кәсіптеріне байланысты қалыптасқандығы заңдылық. Біз тарихтан жақсы білеміз қазақ ұлты түркі мәдениетіне ортақ көшпенді мал шаруашылығымен айналысқандардың ішіндегі соңғыларының бірі болып табылады. Бұдан шығатын түйін ой, түркі әлеміндегі басқа ұлттармен салыстырғанда рухани жаңғыру барысында ұлттық кодымыздың құпия қасиеттерін қайта түгелдеп алуға мүмкіндіктерімізде жоғары. Мегалолистерге шоғырлану үдерісі, әртүрлі жаңа технологияларға байланысты орын алған сыртқы факторлар мен ислам мәдениетінің әсері түркі әлеміне ортақ, солардың ішінде қазақтың ұлттық құндылықтарын қазіргі қоғамға мүлдем жарамсыз етіп тастады, яғни нақтырақ айтқанда ол құндылықтардың барлығы қайта өңдеуді және осы қоғамға сай модернизациялауды талап етеді.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламасында атап өткен басым тұстарымыз тек тарихи бос деректерге айналмай ұлттық бренд өнімдердің басты көзіне айналуы қажет [4]. Еліміз тәуелсіздіктің тізгінін қолына алған сәттен бастап-ақ, басты назарды экономика саласына аударған болатын, бірақ отызға жуық жылды артқа тастасақта екі миллионға жуық халқымыз әлі күнге дейін қайыршылықтың күнін кешіп, мемлекет қазынасына алақаның жаюда. Жалпы басты назарды экономика саласына аудару өте орынды идея болатын. Дегенмен, бұндай экономикамен түркі әлеміне ортақ заманауи құндылықтар мен идеяларды тудыру сау ақылға сыймайтын дүние болмақ.

Біз экономикасы жоғары өзге елдерден үлгі алуымыз керек болатын. Олардың экономикадағы жетістіктері мәдени ұлттық құндылықтарына деген құрметінен бастау алғандығын осы күнге дейін мойындамай келеміз. Тамыры тереңде жатырған ұлттық код ұлттық сананың негізінде орын алған болатын. Ал ұлттық сананың қалыптасуы тікелей тілге байланысты екендігі сау ақылмен ойланатын адамзатқа түсінікті дүние. Біздің ең бірінші жіберген қателігіміз осында, яғни ұлттық тілімізді әлеуметтік қатынастың құралына айналдырып, ғылымды сөйлете алмауымазда. Егер осы екі мәселені реттегенде, қоғамдағы кез келген сала өз жемісін беріп, мемлекетіміздің болашақтағы бейнесі әрбір жеке индивидтердің санасынан орын алған болатын. Қазіргі орын алып отырған қоғамымыздың хал-ахуалынан, яғни нақтырақ айтсақ сыртқы мемлекеттерге берешек қарыздарымыздың өзінен болашаққа деген сенімнен, үрей басым.

Екінші жіберген қателігіміз ұлттық кодымыздың өрісін кеңейтетін мәдени кодымызды анықтау арқылы түркі әлеміне ортақ мәдени кеңістік қалыптастыруымыз керек еді. Осы мәдени кеңістіктің негізінде орын алған экономикалық қарым қатынас таза экономикалық одақтан әлде қайда мазмұнды, әрі маныздырақ болатын. Бірақ біз бұл жобаны формалды түрде ғана өз мәресіне жеткіздік, шынайы түрде ешбір нәтиже көре алмаймыз. Біз мәдени кодтарымызда ұқсастығы мүлдем аз Ресей және Қытай тәрізді ұлы державалармен саяси астардағы экономикалық одақ құруды жөн көрдік, көңілімізде оларға деген сенімсіздік күмәні тұрсада белгілі бір саяси мүдделерді жоғары қойдық. Әрине, көршімен әрдайым қарым-қатынаста болу керек, дегенмен ұлттық мүдде, оның болашағы барлығынан жоғары тұру керектігі бұлжымас постулат болуы тиіс.

Үшінші жіберген үлкен қателігіміз уақыт. Халық даналығы айтады «елу жылда ел жаңа» деп. Бірақ қазіргі ақпараттың және жаңа технологиялардың қарқынды даму үдерісіне қарап жиырма бес жылда жаңа қоғамды қайта құруға болатындығын көреміз. Кеңестік идеология тұсында құлдық сананы бойына сіңірген қазіргі саяси элита қоғамдық санаға үлгі боларлық дүниелерді уақытына сай қалдыра алмады. Мәдени кеңістікті қалыптастырудағы басты міндет мәдени кодтың негізінде түркі әлеміне ортақ құндылықтар сабақтастығын орнату. Сол арқылы ұлттық құндылықтарымызға сұраныс тудыру.

Ойымды қорытындылай келе алдағы уақытта бұл қателіктерге жол бермеуіміз керек. Ол үшін саяси элита жіберген қателіктерін мойындай отырып, ұлттың болашақ мүддесі үшін жаңа, сапалы оймен, құлдық сананың қамытын мойнына кимеген, қазақ елінің жаңа толқын азаматтарына биліктің тізгінін сенім артып беру керек. Билік тізгінін қолына алған азаматтар жалпы адамзатқа ортақ демократиялық құндылықтарды қолдай отырып, түркі әлеміне ортақ мәдени кеңістік қалыптастыруы тиіс. Осы кеңістікте ғана біздің ұлттық құндылықтарымыз жалпы түркі әлеміне ортақ мәдени кодтың негізінде дамып, жаһандану үдерісіне өзінің икемділігін арттыра бастайды. Олай болмаған жағдайда еліміз ұлы державалардың арасында шикізаттың нысаны ретінде қала берері күмән тудырмайды. Түркі әлеміне ортақ тарихи, мәдени, ой

сабақтастығы ғана біздің ұлттық болмысымызды сақтап, болашақта өз орнымызды табуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [Электронный ресурс]: https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a30162393
2. «Мягкая сила Японии» в странах Центральной Азии. [Электронный ресурс]. <http://csef.ru/ru/politica-igeopolitica/491/myagkaya-sila-yaponii-v-stranah-centralnoj-azii-5100>.
3. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. – 603 с.
4. Ұлы даланың жеті қыры. [Электронный ресурс]. :<https://sputniknews.kz/society/20181121/8168714/nazarbayev-zhana-maqala-tolyq-matin.html>.

(ГРНТИ 338.49)

САЛ МҰХИТТЫҢ МЕКТЕБІ *немесе Жайық алқабындағы серілік дәстүр хақында*

ЕСЕН-ТҮГЕЛ ӘЗИ

*Мәдениеттану ғылымының докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы
e.azi1973@gmail.com*

Сал мен сері туралы әңгіме басталса өнертанушы, әдебиетші ғалым-жазушылардан басқа қарапайым жұрттың ойына арқа төрінде алшаңдаған Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897) мен Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) ғана оралары анық. Осынау жалпақ дала төрінен бұлардан бөтен сал немесе сері өтпегендей-ақ. Алайда, қай өңірдің болмасын өздеріне лайқатты салы мен сері дүрілдеген. Оның бәрін түгендеп отыруға мақала шеңбері көтермейді, сондықтан сал Мұхиттың төңірегіне ғана ат шалдырамыз.

Сал-серілік жөнінде Ә.Марғұлан, Ә.Диваев, А.Добромыслов, А.Тарақты сияқты ірі ғалымдар қалам тербеген. Десек те, біздің де айтарымыз бар деген ниетпен ерекше өнерпаздар аулына сапар шегеміз.

Ұланғайыр сайын сахараның қай өлкесі де аты-шулы арда өнерпаздарға кенде емес. Ұлан байтақты ақ бөкендей кезген көшпенді ел ішінен небір дүлдүлдер мен бұлбұлдар түлегені тағы мәлім. Солардың бірі белгілі өнер

зерттеушісі А.Затаевич «Қазақтың баяны» атап кеткен Мұхит Мералиев (1841-1913) еді.

Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,

Болады баспағымен екеу биыл.

Мұхиттың шаруамен жұмысы жоқ,

Елдегі ойын менен жиынға үйір, – деп өзі жырлағандай, төрелігін тәрк етіп, күллі ғұмырын ұлы өнердің жолына бағыштап, бар мансап, дәулетін сауықшыл ғұмырға айырбастаған әйгілі өнерпаздың көпшілік арасында «Сал Мұхит» атануы да тегін емес.

«Сал Мұхит» атанып, «алаштан ән оздырған» салқам жігіт кербездігімен, композитор-әншілігімен, ақындығымен, күйшілігімен жұртқа жағып, академик А.Жұбановтың айтуынша Батыс Қазақстан өлкесін тегіс аралап, бір шеті Орынбор, Қостанай, Жаманқала (Орск), мына жағы Аралды басып, Қазалы даласын шарлап, дара дауысымен дабылдатады [1]. Түп бабасы Шыңғыстың көмейіне қорғасын құйған қара домбырасын әлдилеп, Жошы ханнан өзегі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, өзіне жеткен серілік жолын мұра тұтқан Мұхит, атасы Есім ханның сылқымдығын, Хақназардың паңдығын, өзінен бұрынғы Дәулеткерей, Жантөрелердің дарынын ұштаған үкілі өнерпаз. Дара дарын иесі. Оның әншілігі, композиторлығы ғана емес салдығы мен серілігі де керемет болған. Бұл сөзімізді «...күйді төндіре тартқан күйшілер атақты Дәулеткерей, оның баласы Салауат, олардың туысқаны, халыққа аңыз болған Мұхит сал, Ұзақ, оның мұрагері Құрманғазы, Әлікей, Мар сері Жапаров, атақты Сейтен сері», – деп ғалым Әлкей Марғұлан Жайық алқабында дәурендеген бірнеше сал-серілер атын атап көрсетіп, нақылайды [2].

Жалып, сал-сері сөзінің этимологиясына кейіннен кеңірек тоқталатын боламыз, сондықтан әзірге, көңілге ұялаған қазақы ұғыммен «сылқым сері», «сырбаз сал» теңеуіне лайқатты кейіпкерді көз алдымызға елестетіп өтейік.

Сонымен, ырза халықының мырза көңілінен шығып, «сал Мұхит» атанған Мұхит Мерәлиевтің даңқы көзі тірісінде-ақ көпке кетті. Дабысы жер жарды.

«Салдық ерте кезде халықтың дағдыланған бір дәстүрлі ісі болған. Ең соңғы салдың бейнесі Біржан мен Мұхит салдан көруге болады». Бұл – аузы дуалы Ә.Марғұлан.

Ә.Марғұлан айтқандай салдықтың соңғы көшін сүйреген Мұхит өзінің ерекше әншілік өнерімен ел аралап, өнер өрбітіп, аты шыққан тұстастарының көбімен жүздесіп, бойындағы талантын ұштап, өрбіте түскен. Оның өткір сөзі, әжуалы сөзі, көпке таратқан түрлі мағынадағы әндері жалпы жұртқа әсер етпей қоймады. Сараң бай, сарыжағал болысекеңдер ығыса бастады. Олар, салдың сөзіне ілігіп, ортасына күлкі болудан сескене берді. Ал, Мұхит үдей түсті. Оның бұл әрекеті, сол тұстағы қазақ мәдениетіне көп ықпалын жүргізді деуге саяды. Мұхит, қазақы ән деңгейін абыз шыңға көтеріп, әуелетіп әкетті. Салқам да сырбаз әндері төңірегіне тегіс сәулесін түсіріп, ел көңілін серпіді, басқа әнші-композиторларға биік жол нұсқады. Осылайша Қазақстанның батыс аймағында өз мектебін қалыптастырды. Бұл туралы жазушы, ғалым А.Тарақты: «Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Мұхит сияқты әнші-композиторлар қазақ

халқының рухани мәдениетіндегі қайта жаңғырған, қайта өрлеген тарихи кезеңнің біртуар саңлақтары еді», – деп атап көрсетеді [3].

«Мұхит тек әнші болып қойған жоқ, жақсы домбырашы да еді. Ол Боғданың, Тазбаланың, Абыл – Қошқардың, Сәулебайдың күйлерін нақышына келтіріп орындаушылардың бірі болды» [1].

Сонымен қатар, Мұхит ел арасындағы түрлі оқиғаларды, сан алуан трагедиялық жағдайларды әнге айналдырып, өзгеше өң беріп, өңдеп, мұнменен астастырып, таратушы да. Мысалы «Зәуреш» әнін алайық. Бұл ән – халық әні болып та айтылады. «Қазақ музыкасының ой-қырын жақсы білген, халық композиторларының шығармашылық құлаштарын да тексерген А.Затаевичтің «Зәуреш» әнін Мұхит шығарған деген қорытындысы өте дәлелді», – дейді А.Жұбанов. Отыз ұлы мен Зәуре атты жалғыз қызынан айрылған Медет есімді кісінің қызына деген сағынышын өлеңмен жырлағанын сал Мұхит естіп терең мұңға шомады. Ой кешеді. Ақыры ән шығарып тыншиды. Бұл мұнды саз Медеттің қайғысын қоюландырып, өлеңді тірілтеді. Күні бүгінге дейін шырқалып жүрген бұл әннің уақиға-өзегі өз алдына бір әңгіме.

Бала Ораздан жеткен сүрең «Жылқышы хикаясын» өзек етіп шығарған «Жылқышы» әні де сондай бір іңкәрліктен туындаған оқиғаның сілемі.

«Ақ Иіс» әнінің тарихы да бөлек тақырып. Ол, осынау әнімен Мұхтар сынды сақи да кердең байды қалыпқа келтіреді. Ой салады. Адамдыққа иеді. Кісілікке қайырады. Бұл не сонда? Әрине әлеуметтік тәрбие құралы іспетті өнегелі қызмет. Ол, құдайдың өзі болмысын берік қылып сомдаған, қарашасының қалпын реттеу үшін қауағына ақыл салып берген, тумысы бөлек талант иесі еді.

Бұған қарап, салдың тек ән шығарып, той қуған жел өкпе біреу емес, қалың ортаны әнімен жөнге салып отырған тәрбиеші есепті алсақ та қателеспейміз. Әрі ел аузында жүрген небір оқиғаларды сүзіп, әнге айналдырып, ол хикаяның ұмытылмай бүгінге жетуіне де бірден-бір себепкер деп ұғып, бұл еңбегін ерекше ескеріп, бағалаған жөн деп түсінеміз.

Мұхиттың әндеріне асқақ әуен, биік те кең тыныс т.б. деп әншілік тұрғыдан ғана қарау кемшілік-ау. Оның әндері фәлсапалық ойға да құрылған дегіміз бар. Өнертанушылардың тұжырымынша Мұхиттың үлкен дауыс қалайтын биік шырқау, кең самғау тілейтін әндері композитордың биікке, еркіндікке, азаттыққа құштарлығын сездіріп тұрған жоқ па? Ендеше әнші елдің еркіндікке деген аңсарын сазбен сәндеген. Өзі де төреліктен, ел басқару ісінен іргесін аулақ салып, бас бостандығын, еркінше жүріп-тұруын аңсаған.

Бұл қазақ мәдениеті тарихында көптеп кездесетін талантты өнерпаздарымыздың бәрінің бойынан қылаң берген кәнігі көрініс. Яғни олар ән салып, думан аулап, мәнсіз жүре бермеген. Қалың қарашаның көкірегіне сәуле шашап, тағдырдың, жалғанның мәнін ұқтырып, бес күн тірліктің баянсыздығын айтып отырған. «Асқанға да тосан бар» дегендей тәубәға шақырған.

Жүсіп Баласағұни:

«Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жалаңаш көмеді.

Дүние жинау не үшін керек, қайта тастап кеткен соң», – деп түйеді ғой [4].

Салдар мен серілер міне осы ойды терең меңгерген. Олардың ішкі түйсігін түсіну үшін көп бас қатудың қажеті шамалы.

«Шалкиіздің ұлылығын, Доспамбеттің ірілігін тану үшін ұлы болу шарт емес, білгір ғалым болу да шарт емес, тіпті, ұлттық биік сананың болуы да міндет емес, былғанбаған түйсік, иман мен ұят керек екен», – дейді-ау, қарымды қаламгер М.Мағауин [5]. Дұрысы сол. Қазақы қалыптан ауытқымай, ортасын ойға сүйреп, заманына сәйкес түсінікпен түйсіндіріп, дәулетке мас болып, адамдықтан алшақтаған шерменде көкірекке ән-жырменен нұр себелеп, сұм жалғанның опасыздығын осқылап отырып танытқан.

Академик Ғ.Есім бұй дейді: «Иоллығ тегіннің пайымдауынша, адам көк Тәңірі мен жердің арасында жаралған, демек, ол тек жер перзенті емес көк Тәңірінің де перзенті. Екеуіне ортақ, сондықтан да түркілерге қара жер күш-қуат берсе, Тәңірі рухтандырған» [6].

Қара жерден күш-қуат алып, Тәңірден рухтанған дарындар адамның қолымен жасалып жатқан жер үстіндегі тірлік деген азапты дүниеден аулақ жүруге ұмтылған. Десек те, заң-законнан нокта үзе алмайсың. Көптен оқшауланып сұпылық ғұмыр кешудің тағы реті жоқ. Қайтпек керек? Алла Тағала ел сауығын сәнге бөле дегендей кеудеге таудай талап беріп қойса «арбаны да сындармай, өгізді де өлтірмей» ептеп-септеп, надандарды нұрға шақырып, хат танымас қарашаны иманға сүйреп, көкірегін сөзбен сәулелендіріп, әлсіреген рухты тірілтер әуезді ән мен қара добыраны серік етпеске амалы қайсы.

Мұхит салдың осылайша өз қолтаңбасы мөрленіп, ән жанры бойынша батыс аймақта мектебі қалыптаса бастайды. Мұхитшылап әнге салу үдей түседі.

Әрине, өнерпаздың талантын ұштап, оған баға беріп, көтеретін де, құлататын да халық. Мұхит салдың өнері көптің көңілінен шығып отырады. Енді, елдің еркесіне айналған сал шабыты шарықтай түседі. Бірақ әдептен аспайды. Өнерді киелі деп бағалап, пәк көзімен аялай әспеттейді. Онысынан Мұхит қорылық көрмейді. Нәубет жылдары да көпшіліктің көңілі еркесін, оның отбасын қамқорлап, аузындағысын жырып беріп, қадірлейді. Бұл туралы қазақ музыкасының білгірі, академик, ғалым, жазушы, біртуар музыкант А.Жұбанов өзінің еңбектерінде салдың көкірегінен туған әрбір әннің туу тарихын тарата отырып, біраз мәлімет қалдырған (*қараңыз: А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары. - 85-109бб.*).

Талғамы жоғары көшпенді жұрттың түндігін сазбен желпіген салдың ізбасарлары, оның өнеріне қызыққан талантты әншілер іздеп жүріп үйреніп, нақышын бұзбай салуға машықтанады. Әйтпесе халық сынағы сағын сындырып тынады.

Осындай ұлы мектептен өткен таңдайына бұлбұл ұя салған әншілер тобы қазан төңкерісіне дейін жұбын жазбай жеткен еді. Олардың тізімін көптеп тіркей беруге шама келеді.

«Еуропаның Бах әулеті сияқты Мұхиттың жұрағаттары да атасының мұрасын алтындай сақтап келеді», – деп таңбалайды А.Жұбанов. Десе дегендей. Мұхиттың ұрпақ-туыстары Шоң, Шайхы, Шынтас, Лұқпан, Ғұбайдолла секілді дүрлер атасының асыл мұрасын кейінге кеңінен жеткізуші орта болды. Серінің соңғы сарқытындай Қамбар Медетовтің де үлесі мол. Белгілі әнші Ғарифолла Құрмағалиевті Мұхиттың көзі десе де жарасатындай.

Бір айта кететін нәрсе, дәуренінде «сал Мұхит» атанып, халқының ықыласына бөленген Мұхит Мерәлиевтің «Қылым», «Қыпшақ», «Күлә», «Кербез» сынды әндері әлі де болса көп насихат көрмей жатқан қымбат дүниелері екені даусыз. Осынау дүниелерді әлпештеп насихаттау бүгінгі С.Жанпейісова, А.Қосанова, Х.Бердіғалиев тағы солар секілді дарактардың еншісіндегі шаруа деп түсінеміз.

Сал Мұхит Мерәлиевтің асыл мұраларына толық ғылыми көзқарас танытып өттік демейміз. Ол ертеңгі күннің еншісі. Әзірге осы арадан тізгін таптып, алдияр дейік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. «Дайк-Пресс», 2001. – 106-б.
2. Марғұлан Ә. Шығармалар. II том. – Алматы. 2007. – 201-б.
3. Тарақты А. Күй шежіре. – Алматы. 1992. 21-б.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 110-б.
5. Мағауин М. Алдаспан. «Атамұра», – Алматы. 2006. – 306-б.
6. Есім Ғ. Хакім Абай. «Фолиант», – Астана. 2012. – 395-б.

BASIC TENDENCY AND FEATURES OF TURKIC PHILOSOPHY

MULKAMANOVA AIGERIM ZHARYLGASSYNKYZY

*Master of Philological sciences
ARSU after K.Zhubanov, teacher, Aktobe
aigerim_mulkaman@mail.ru*

Turkic world for a long time was a unique place where the most powerful cultures and civilizations were born and developed, which had a huge impact on the course and development of world history, culture and civilization. Its impact and influence was due to the fact that the Turkic world, being geographically located in the central part of the Eurasian continent, has always been a bridge between the two great cultures of the East and the West. Noting this role of the Turkic world, many researchers miss at least three such circumstances: firstly, the inevitable influence and impact of these cultures on the Turkic, which led to the assimilation and borrowing from these cultures, and secondly, the fact that the Turks had their own, and high

enough for their time culture and civilization. And that their culture has had a huge impact on neighboring, according to many great scientists, the starting conditions for the development of neighboring civilizations, including European.

The history of Turks, as we know, had begun since V century. Since the era of the Turkic khaganates, which, according to L. Gumilev, was to some extent a turning point in the history of mankind" [1]. That means that the Turkic world, controlling the vast territory between East and West, has always been the bridge on the basis of the Silk road, passing through its vast territory, connected the cultures and civilizations of the East and the West. This became possible only at the end of the VI century, because it was then that the borders of the Turkic Khaganate closed in the West with Byzantine Empire, in the South with Persia and even India, and in the East with China. In view of this circumstance, the history of the neighboring states in this period was connected with the fate of the Turkic power. The formation of the Turkic Khaganate was to some extent a turning point in the history of mankind, because until then the Mediterranean and far Eastern cultures were separated, although they knew about the existence of each other. Endless steppes and mountain ranges hindered the relations of East and West. Only later did the invention of metal stirrups and pack-harness, which replaced carts, allow caravans to cross deserts and passes relatively easily. In this situation, Turks played the role of mediators between East and West. This connection was carried out not only on the basis of the Silk Road, but also on the basis of versatile economic, political, cultural, military, international and other relations with the border states.

The culture of the Turkic world has long been on the margins of historiography and, nevertheless, the Turkic world is developing, which is manifested primarily in the development of oral and written speech of the peoples of Eurasia. The language of the Turkic peoples is dynamic, and not only became an integral part of the languages of other peoples of the world, but also absorbed the words of many peoples.

Turkic world developed a rich language, which became a means of uniting the peoples of Eurasia. Language is a form of expression of human consciousness and arises from the needs of communication. There are more than 7,000 languages in the world. Some develop, many die, they are modified and included in a certain language group.

Nowadays Turkic philosophy is a bright phenomenon of the world philosophical thought. Turkic philosophy, being an integral part of Eastern philosophy, is a manifestation of the dialectics of the general and individual in the history of world spiritual culture. As T.H.Gabitov mentioned: "The uniqueness of Turkic philosophy consists in the organic combination of tradition and openness to innovation, but nomadic and sedentary experiences of the world, it is characterized by tolerance, love of freedom, the primordial nature of the word and optimism"[2, 133]. When it comes to the Turkic cultural area, it refers to the culture of the Turkic-speaking peoples, currently represented by more than thirty ethnic groups inhabiting the vast territories of Central and Eastern Asia. In ancient times, the Turkic peoples inhabited vast areas stretching from the Black and Caspian seas to Baikal and the

Khingan mountains, geographically represented by the steppes of the Black sea and Kazakhstan, the sandy deserts of Central Asia and the oases between the Rivers Amudarya and Syrdarya, Altai and southern Siberia, the mountain ranges of Tien Shan and Pamir. The rich nature and variety of climatic conditions promoted to the creation of a rich culture of the ancient Turks.

It should be noted that in its foundations and origins, Turkic philosophy is largely a philosophy of nature and a philosophy of life. As N.G.Ayupov and A. N. Nysanbayev wrote: "This is a special, unique range of colors in the multicolored Eastern ideology. Considering the Turkic philosophy, we must remember the Chinese philosophy, the philosophy of Buddhism, and the philosophy of Zoroastrianism as its immediate origins and components" [2, 10].

The idea of the necessity to identify the status and functions of Turkic philosophy, as well as the ways and forms of the Turkic type of philosophizing belongs to academician A.N.Nysanbayev, who actively contributed to the publication of this very important for researchers in the field of Turkic philosophy collective monograph. One of the distinctive features of Turkic philosophical thought is that it originally appeared as the art of methodic life, as a set of wisdom, which gave models of practical attitude to reality. The correctness of such an assessment is convincingly confirmed by the monuments of material and spiritual culture preserved since immemorial time.

The ethical views of Turkic thinkers can be considered in the context of two main trends that formed two worldview concepts of man in the philosophy of the Muslim middle ages. The philosophical work of Balasaguni, which had a theoretical source of rationalistic philosophy of Eastern peripatetism, marked a secular-oriented, rationalistic beginning in the social and ethical thought of the Turkic Middle Ages, and the spiritual heritage of H. A. Yassavi and his follower S.Bakyrhani – religious-Sufi, directed primarily at the moral perfection of man in the process of understanding their inner world. These two lines – secular-rationalist and Sufi – coexisting, crossing, arguing for their influence on the minds of people, determined all the further development of Turkic ethical thought. It should be noted that none of these lines appear in practice in a "pure" form. It may be, rather, about the predominance of a particular trend in the philosophical understanding of the world, God and man, in the ratio of rationalism and Sufi mysticism in search of answers to the eternal questions of existence. It seems that it would be a mistake to absolutize the differences between these two currents of Turkic ethnic thought, and even more so to oppose them to each other. After all, the goal of the rationalist and Sufi was the same: the search for truth, ethical ideal, harmony of man and the world, but the ways and means to achieve this goal were different [3, 177].

The essence of the ethical understanding of the rationalistic philosophy of the Eastern peripatetics is reflected in the title of the first major work of Turkic ethical thought "Kutadgu-Bilig". No matter how we translate it – "Knowledge that gives happiness", "the Science of being happy" or "Gracious knowledge" – the essence remains the same: knowledge is the way to the highest good and happiness. And the whole Turkic philosophy, at the origins of which stands "Kutadgu-Bilig", solved in

the ideological sphere in general the circle of social and ethical issues on the way to the good, perfect society, which is contained in the problems of the work of Yusuf Khas Hadjib – Yusuf Balasaguni. A prominent poet and thinker of XI century, who lived and worked during the reign of the Karakhanids in Central Asia, was a native of the city of Balasagun, which reached its peak at that time. Yusuf Khas Hadjib became famous for his only poem "Kutadgu-Bilig", which has come down to us in a full form. It is possible to presuppose that the thinker had other works. This book was written in 1069, and the author dedicated it to the ruler of Kashgar Suleiman-Arslan-Kara-Hakan, for which the Khan gave him the nickname Khas Hajib, i.e. social adviser to the great Khan. Such a high assessment of Yusuf Khas Hajib's activity by the Karakhanid rulers and the exceptional interest they paid to his main work is explained, on the one hand, by the fact that "Kutadgu-Bilig" became a kind of code of ethical rules and norms of behavior for representatives of Turkic society, and on the other hand, by the desire of the Karakhanid dynasty to assert the authority of its power before the agricultural and artisan population of the state, as well as to gain recognition of neighboring rulers.

According to Yusuf Balasaguni, the ruler and his entourage had to draw from there all the necessary knowledge about how to behave in full accordance with the requirements of Turkic ethics, how to learn to govern according to the rules of "state science". Yusuf Balasaguni was a highly educated man of his time, and his poem is evidence of fairly extensive accumulated knowledge in the fields of history, philosophy, ethics and aesthetics. He was familiar with the Iranian heroic epic, as evidenced by the fact that "Kutadgu-Bilig" is written in the form of couplets-masnavi, as well as "Shahnameh" of Firdowsi. The poem features the names of the heroes of "Shahnameh" – Anushirvan, Zohak, Feridun, Rustem, Afrasiab, etc. They are given by the author as a kind of measure of virtue: justice, goodness, courage – and are presented as the embodiment of the qualities of the ideal ruler.

Yusuf's ethical views indicate his deep study of Ibn Sina's legacy, in particular, such social issues as the educational function of the state, as a virtuous ruler as a condition for the improvement of society and others. Among the most important features of his work, first of all, it should be noted rationalistic traditions, which were expressed in a deep respect for the human mind, science and culture of his era, the desire to link theory with practice. In "Kutadgu-Bilig" we find not only social, ethical, but also cosmological, ontological, epistemological problems, characteristic of the spiritual quest of thinkers of the Middle ages. These are questions of structure and composition of the Universe, the planets, structure of the human brain as the material basis of the mind, of the relation of knowledge and faith, secular and religion, the problem of the meaning of life, death and immortality, etc. Special place in philosophical thought of Y.Balasaguni, as we have noted above, is the problem of the mind, its nature and functions, and the infinity of the learning process. However, the decisive role of reason and knowledge in people's lives is already declared in the title of the poem. And all its content deciphers in countless versions the meaning of the name, again and again instilling in the reader the idea that "all good is in science, all good is in knowledge", that "science and mind-the basis of all affairs"[4, 41].

It is given the social section of the modern author of the medieval Turkic state in "Kutadgu-Bilig" for the first time. Before the reader there is a hierarchical structure of the centralized state with its apparatus of power, various estates of land-dealers, pastoralists, artisans, representatives of intellectual labor-scientists, doctors, poets, etc., and each of these estates performs a certain socially necessary function, providing at the same time own needs. At the same time, the author's arguments about the interdependence of well – being, prosperity of the country and the people sound completely modern. So, dividing filed state income rich, middle peasants and poor, Balasaguni through sage Ogdulmish inspired rulers that the basis of the country's prosperity was the policy of reliance on the rich, encouraging average people and aid to the poor [4, 415]. It is known that the main question of the philosophy of the Muslim Middle Ages is God and the world in various (ontological, cosmological, epistemological) aspects of the content of these concepts and their relationship. And in all the main aspects of this cardinal philosophical problem, the struggle of two lines, two ideological tendencies in the approach to the fundamental questions of the universe, which has been unabated throughout the considered epoch, is clearly traced. In ontological and cosmological aspects, these lines can be formulated as theologically oriented and philosophically oriented tendencies. Moreover, these trends could coexist in a contradictory unity in the work of one thinker. And this is not surprising, because philosophizing thinkers did not oppose their judgments to the fundamental philosophical principles of Islam. On the other hand, religiously oriented thinkers, especially Sufi poets, often (especially this applies to the epistemological aspect of the main philosophical problem) inevitably went beyond the confessional approach to worldview problems. The intertwining of these two tendencies can be seen in the "Gracious knowledge" of Y.Balasaguni, where the dispute Ogdulmish with Odghurmish, dispute of doer with contemplator about the meaning of human life and its purpose discern echoes of the ideological struggle in the modern society of Yusuf Khas Hajib. Worldly cares are only an unnecessary waste of time for the hermit Odghurmish, vanity, distracting a person from his true purpose – the service of God. Good and evil in this life are measured by fate, he argues, and man cannot change anything. The position of Ogdulmish is different – man serves God not by detachment from the world, not by solitude and withdrawal from earthly problems, but by good deeds for the good of his neighbor [4, 263]. And man himself was created by God with all his desires and needs, the satisfaction of which is natural [4, 282]. As the thinker and humanist Y.Balasaguni thought, a truly righteous life is not in his own salvation, not for himself, but for people. He wrote: "He is not a man who only cares for himself, but one who cares about people. And kind is not the one who chose a quiet shelter, but one who is ready to help people" [4, 301] I would like to note one characteristic feature of the Turkic medieval works where the issue of the meaning of life coordinates with the ethical category of good, when the purpose of man is seen in the doing of good deeds. In close connection with this ethical understanding of the meaning of life is the interpretation of human immortality. It is in the good name of man, earned by good deeds. "Why was I born if death is given to me?" – asks Aitboldy and finds the answer: the meaning of life in

asceticism for the benefit of people [4, 112]. Thus, Y.Balasaguni found the solution of the dialectical contradiction between the finite (the life of the individual) and the infinite (life in general) – one of the most exciting problems of the Middle Ages in the ethical sphere. Turkic humanist philosopher argued that man is mortal, but his name is immortal, and "whose name is immortal, he is infinite himself," [4, 47]. It is noteworthy that such an approach to the problem of the meaning of life, the problem of death and immortality, significantly different from the religious-providentialist interpretation of these issues, we find throughout the further development of Kazakh philosophical thought up to the beginning of the twentieth century. In the arguments of Y.Balasaguni about the nature of good and evil in people, about their innate and acquired character traits, there are echoes of the social motivation of Eastern peripatetics about the influence of the social environment and education on the character, and religious ideas of predetermination.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдильдин Ж. Собрание сочинений в пяти томах. Том V. Алматы: Өнер, 2001. – 455 б.
2. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 142 б
3. Сагадеев А.В. Ибн Сина (Авиценна). – Москва: Мысль, 1980. – 239 б.
4. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание / Перевод и комм. С.Н. Иванова/. – М.: Наука, 1983. – 558 б.

ӘОЖ 323:342.41(574)

ЖӘҢГІР ХАННЫҢ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

МУТАЛОВА Д.С.

аға оқытушы, гуманитарлық ғылым магистрі

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал қаласы, mutalova.dzhanargul@mail.ru*

Жәңгір хан – ХІХ ғасырдың І жартысында өмір сүрген Бөкей Ордасындағы білім беру жүйесінің дамуына зор ықпал еткен ағартушы, атақты мемлекет қайраткері және реформаторы, өз заманының заңғар, әрі күрделі тарихи тұлғасы. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Жәңгір ханның қоғамдық-саяси қызметі мен тарихи тұлғасына қатысты екі жақты пікірлердің орын алғаны белгілі жәйт. Дегенмен ақырында кеңестік идеологияның салдарынан қалыптасып қалған таптық сананың бұғауы бұзылып, қазақтың соңғы ханына қатысты көзқарастар да түбірімен өзгерді. Бұған Жәңгір ханның

реформаторлық рөлін айқындай түскен мақалалар мен кітаптардың жазылуы, Ордада тұңғыш ашқан мектебіне, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне Жәңгір ханның атының берілуі және ескерткішінің орнатылуы, Орал қаласында даңғыл көшенің сол кісінің құрметіне аталуы дәлел болады. Сонымен бірге Жәңгір ханның Қазан университетімен тығыз байланыс жасап отырған еңбегіне орай Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласында аталмыш университетінің кіреберіс жақтауына Жәңгір ханға арналған мүсін тақтаның орнатылғанын да оның білім мен ғылым саласына қосқан үлесі үшін берілген лайықты баға деп түсінгеніміз жөн [1].

1801 жылдың 11 наурызында император І Павелдің жарлығымен Кіші жүз қазақтарының Жайық пен Еділ аралығында көшіп-қонуы заңдастырылып, Бөкей хандығы (Ішкі Орда) құрылды.

Бөкей сұлтан, соңынан ілескен 5000 түтінмен Жайықтың оң жақ бетіне 1801 жылдың қара күзінде өтіп, Нарынның, Айғырқұмына бас тіреді. Бөкей Нұралыұлы алғашқыда елін сұлтандық дәрежеде басқарды, 1812 жылдан хан атанды.

Жасы кәмелетке толғанға дейін Жиһангер Астраханның азаматтық істер жөніндегі губернаторы С.С.Андреевскийдің үйінде болып, тәлім-тәрбиеден өтті. Мінез-құлқы, сыртқы пішіні тартымды қара көз қазақ баласы губернатордың балаларымен бірге өсіп-жетіліп әртүрлі пәндерден сабақ алды, неміс, француз тілдерін үйренді. Сонымен қатар ол кеңсе жұмысы, қағаз ісіне үйреніп, орыс мемлекетінің заңдарынан мағлұмат алды. Қоғамдық қарым-қатынастар, адамзат тарихынан да түсінік алуына үй иесінің бай кітапханасы Жәңгір үшін пайдасын тигізді. Бөкей сұлтан баласының өзге халықтың әдет-ғұрпының, салтының, мәдениетінің әсерімен өсіп-жетілуіне көнгенмен, оның өз ұлтының дінінен, тілінен, тұрмыстық қағидаларынан қол үзіп кетпеуін, ұмытпауын әдейі қадағалап, бақылауға алды. Бұны дұрыс түсінген Андреевский Бөкейдің өтінішін қабылдап әдейі Стамбулдан келген діндар, шығыс тарихы жөнінен білгер ұстазды Ханзадаға араб, парсы тілдерінен сабақ бергізуге жалдады. Жәңгірдің құранды меңгеруі де оның намаз оқып, мұсылмандық парызын өтеуіне де жағдай жасалынды. Жәңгірдің каникул кездерінде елге оралып, ауыл аралап, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптарды білуі әкесі, ағалары тарапынан әдейі қадағаланды. Әсіресе үлкен ағасы Тәуке Жәңгірге ата-баба тарихын, шежіре туралы құлағына құйып әңгіме айтып: Төрелер тегі оның арғы атасы Шыңғыс хан, Алтын Орда, Ақ Орда, Жошы ұлысы туралы, Дешті-Қыпшақ жұртының хандары, әсіресе, қазақ хандары – Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан туралы деректерді айтып билік құрудың, ел басқарудың сан-қырлы жайттарын әңгімелейтін [2].

Көзінің тірісінде Бөкей хан өзінің болашақ мирасы Жәңгірді қатыстырып билер мен ақсақалдардың басын қосып, әңгіме айтқызып, олардың ұлағатты сөздерімен ақыл-кеңестерін баласының құлақ қойып зерделенуіне көңіл бөлді.

Бөкей хандығының негізін қалаған Бөкей хан 1815 жылы 21 мамырда қайтыс болды. Оның өсиеті бойынша, хан тағы ұлы Жәңгірге қалдырылған болатын. Бірақ ол әлі небары 14 жаста еді. Сондықтан ол ер жетіп, кәмелеттік

жасқа толғанша хандықты Шығай сұлтан басқарды. Осы кезеңде жас Жәңгір Астрахань губернаторы Андреевскийдің үйінде тұрды, сол кездегі үлгілі саналатын білім мен тәрбие алды. Ол хан атағына тағайындалар кезге дейін жан – жақты толық әзірліктен өткен билеуші болып та үлгерді. Ал 1824 жылы 26 маусымда Жәңгір хан ресми түрде таққа отырды.

Жәңгірдің бұдан бұрынғы қазақ хандарынан ерекшелігі, оның білімділігі, еуропаша тәрбие алғандығы болды. Ол орыс тілін айтпағанда, неміс, француз тілдерінде сөйлейді, арабша, түрікше, парсыша хат таныды, патша үкіметінің әдейі бақылау қамқорлығымен мемлекет басқару ісіне дайындықтан өтті, әскери білім алды.

Астрахань губернаторының үйінде тәрбиеленген Жәңгір хан қазақ даласына өркениеттің негізін салуды басты нысанаға алады. Ол хандықтың саяси құрылымына, қоғамдық өмірге өзгерістер енгізуді жер қатынастарын реттеумен қатар, салық саясатындағы кейбір хандық үлгілердегі түбірімен өзгертуді көздейді.

Жәңгір хан ішкі Бөкей Ордада 1824 жылдан 1845 жылға дейін билік құрды. Жәңгір қазақтың ең соңғы ханы болды. Жәңгір ханның тұсында Бөкей Ордасы шаруашылық құрылымы, саяси-әлеуметтік дамуы жөнінен елеулі өзгерістермен толысты: қазақтар көшпенділіктен-отырықшылыққа ауысты, сауда-саттық істері мен әртүрлі кәсіптерді меңгерді, мәдени дамуда оқып-білім алуда, басқа да рухани байлықтарды игеруге түбегейлі ұмтылыс жасады [3].

Ең алдымен хан тағына отыра сала Жәңгір қазақтың отырықшы тұрмысын қалпына келтіруге бағыт ұстады. Тірлігінің көбін аттың жалы, түйенің қомында өткізіп келе жатқан қазақтарды жас ел билеуші қыстау тұрғызып, қала салып, бір жерде тұрақтап шаруа түзеуге көндірді.

1826 жылы күзде хан ордасы астанасының алғашқы ірге тасы қаланып, қазығы қадалды. Көп кешікпей-ақ хан ордасы салтанат құрып, едәуір дәрежедегі саяси, мәдени және сауда саттық орталығына айналды.

Жәңгір ханның басқа хандардан өзгешелігі-ол көшпенді халықпен бірге көшіп-қонбады. Хандық әкімшіліктің орталығын дүниеге әкелді. Мұнда басқарудың өзгеше жүйесі қалыптасты. онда сұлтандардан құралған он хан депутаты болды. 1827 жылы 12 биден тұратын хан кеңесі құрылды. Олардың әрқайсысы бір-бір рудың басшысы болды. Сонымен қатар, Ханның кез-келген бұйрығын орындауға дайын тұратын 12 жасауылы және «базар сұлтандары» бар еді. Олар салық жинау, сауда орындарындағы келеңсіздікке жол бермеу және Ішкі ордадан тыс жердегі қазақтардың өмірінен тығыз мәліметтер алып тұруды мойындарына алды. Жәңгір хан Қазақ мемлекетінің институттарын қалыптастырды: билер мен старшындар кеңесін құрды, сот жүйесін, әлеуметтік-шаруашылық заңдарын реттеді, жергілікті ел басқару ісін бір орталыққа бағындыру әдістерін енгізді, қаржы-ақша қатынастарын тұрмыс қажетіне бағыттады. Жәңгір хан ел басқаруда игілікті істерді жүзеге асырып, қазақ халқының тарихи даму жолында өзіндік мұра-ескерткіштерді артында қалдырды. Ол негізін қалаған Орда саяси-экономикалық, мәдени-ағарту орталығы болып өсті, өркендеді.

Жастайынан зиялы қауымның арасында болып, білім-ғылымға сусындаған Жәңгір хандық билікке қолы тиген күннен бастап-ақ қазақ ордасында мектеп ашып, халқына білім беруді армандайды. Оған 1826 жылдың күзінде Қазан қаласына барған сапарында Қазан университетінің ректоры Карл Фукспен екі арада болған әңгімесі дәлел болады. Университетті аралай жүріп, оқытушы – профессорлар ұжымымен, дәрісханаларымен ғылыми орталықтарымен және бай кітапханасымен танысып, ғылым жетістігіне қаныққан Жәңгір Фукске өз ордасында мектеп ашып, ғылымға қазақ баласының да қол жеткізуге бастама жасау ниеті барын айтады. Жәңгірмен болған кездесуінен жақсы әсер алған К.Ф.Фукс ол туралы «Өзінің жас кезінде, хандығының бас кезінде, тіпті Ордада әлі бірде-бір үй тұрғызылмаған кезде оның білімнің пайдасы жөнінде осы бастан ойлануы қандай ғанибет», – деп өз пікірін «Казанский вестниктің» сол жылғы он сегізінші нөмірінде жазып қалдырған.

Мектеп ашу жөніндегі Жәңгірдің арманы он бес жылдан кейін барып іске асты. Сөйтіп, арада екі ай өткеннен кейін 1841 жылы 6 желтоқсанда қазақ даласында қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп дүниеге келді. Мұнда діни дәрістермен қатар орыс тілі, арифметика, жағырапия, тарих, физика, т.б. пәндер оқытылған. Мектептің меңгерушісі, әрі мұғалімі болып Константин Петрович Ольдекоп тағайындалды. Дін оқуы және шығыс тілдері бойынша оқытушы болып молда Хакім Мұхаммед Аминов бекітілді. Оқуға қабылданған 25 баланың ең ересегі 22 жаста, ал ең кішісі 9 жас та еді.

Шәкірттерге орыс мұғалімі сабақ беріп, орысша оқылатынын естіген қазақтар «шоқынып, орыс болып кетеді» деп, балаларын мектепке беруге қарсы болғанда, Жәңгір өзінің екі бірдей баласын мектепке беріп, үлгі көрсетеді. Хан жылына үш рет мектепте болып, оқушылардың бағаларын қарап, сабақ үлгерімдерін бақылап отырған. Оқу жылы басталарда өзімен бірге сұлтандары мен билерін, оқушылардың ата-аналарын ертіп мектепке келіп, оқушы балалардың біліміне санақ жасайтын болған. Барлық уақытта оқушылар сапқа тұрғызылып, олардан әрбір пән бойынша емтихан алынған. Оқушылардың берген жауабына риза болған хан қуанышын да жасырмаған.

Сонымен қатар ол Орынборда қазақ балалары үшін Неплюев кадет корпусының Азиялық бөліміне Ордадан 10 бала қабылдауға рұхсат алды. Хан ордалық шәкірттердің оқу үлгерімімен тікелей айналысып, емтихандарға өзі қатысып, оқу озаттарын мадақтап, ал үздік оқығандарын Қазан университетіне, Стамбул, Петербург қалаларына әрі қарай оқып мамандық алу үшін жолдамамен жіберіп отырды. Жәңгір ханның өзінің сарайында кадет корпусына баратын балаларды аса ілтипатпен қарсы алғаны және сол 1845 жылдың жазында Орынборға баратын шәкірттерді ханның бір топ адамымен бірге жарты күндік жолға дейін шығарып салып, қайыр-қош айтысқаны да оның қазақ балаларының қамын ойлаған ізгі ниетінен, қараңғылықтағы қазақ халқының болашағының жарқын болуын көздеген мақсат-мұратынан туындаған әрекеті еді. Ал сол қамқорлықтың арқасында 1851 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусын Арслангерей Бөкейханов,

Сұлтанмахмұт Жантөрин, Зұлқарнай Нұралыханов, Мақаш Бекмұхамбетов, Сұлтан Шалабаев, Салық Бабажанов, Мырзағали Саңғырықов, Жүсіп Ниязов бітіріп шықты, көздері ашық, көкіректері ояу жастардың біразы кейін қазақ халқының белгілі зиялы азаматтарына айналды [4].

Жәңгір хан қазақ жерінде білім мен ғылымды көркейту мақсатында Қазан университетімен байланыс жасап, сол білім ордасының оқытушы-ғалымдарының шығыстану бағытындағы ғылыми-ізденіс жұмыстарына қолдау көрсетіп отырған. Мәселен, университет ғалымдары К.Ф.Фукс, Н.И.Лобачевский, Ф.И.Эрдман, А.Казымбекпен арадағы 1826 жылдан бастау алған таныстық ұзақ уақыт сыйластыққа ұласқан болатын. Осы ғалымдармен араласа, хабарласа жүріп, Жәңгір шығыстану мәселелеріне, жазу үлгілеріне қатысты пікір айтатындай дәрежеге жетті және оларға өз көмегін көрсете білді.

Жәңгір ханның ағарту ісінің таралуына көрсеткен ынталы жәрдемі, шығыс тілдері жөнінен сіңірген ерен еңбегі және Қазан университетіне деген ерекше ілтипаты үшін Қазан университеті Ғылыми Кеңесі 1844 жылғы 29 мамырдағы отырысында оны бірауыздан өзінің құрметті мүшесі етіп сайлаған. Қазан университетінің Жәңгірге көрсеткен құрметі оның ағартушылық саласында сіңірген еңбегінің зор екендігінің тағы бір айғағы.

Жәңгір қоғамдық өмірдің барлық салаларына көңіл бөліп, әсіресе ғылым мен мәдениетке де қамқорлық жасады. Ол өз заманының белгілі оқымысты адамдарымен байланыс жасап, олардың қазақ тұрмысы туралы дұрыс көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндіктер туғызды. Бөкей ордасының географиялық, экономикалық жағдайын зерттеу мәселесін қолға алып, зерттеушілермен тығыз байланыс жасады.

Мысалы: 1828 жылы дарынды орыс ғалымы Г.С.Карелин Жәңгірдің шақыруымен Ордаға келіп, 10 жыл бойы Бөкей даласын зерттеумен айналысты, Ішкі Орданың тұңғыш картасын жасады, ханның кеңесшісі болыпта жұмыс атқарды. Әсіресе, оның Нарынның табиғатын, өсімдік, жануарлар дүниесін зерттеудегі еңбегінің бағасы жоғары.

Жәңгір хан мен В.И.Дальдің арасындағы байланыс та көңіл аударарлық. Орынбор генерал-губернаторының төтенше мәселелері бойынша көмекшісі, белгілі лингвист Владимир Иванович Даль Ордада түрлі жұмыстарымен жиі болып, ол өңірдің жан-жақты дамуына зор үлес қосты. Дальдің көмегімен Орда мектебінің шәкірттерінің оқуын Орынбор мен Петербургта жалғастыруына мүмкіндіктер туды [5].

Бөкей Ордасының басты байлығы-Нарын құмның ұзындығы 150 шақырым, ені 30 шақырым, тұщы су тайыздан шығады. Ұшы қиырына көз жетпес сусыма құмдар: Айғырқұм, Баршақұм, Жаманқұм, Ырғызқұм, т.б. Осы бай табиғатты хан мал шаруашылығын дамыту үшін тиімді пайдалана білді. Мал тұқымын асылдандыруды хан өз қолына алды. Сол кезде Нарын он екі ай бойы мыңғыртып төрт түлік мал өсіретін өте қолайлы аймақ ретінде қалыптасты. Мал тамағын жазда дайындау қолға алынды. Шетелден хан шөп шабатын машина сатып алды. Шабындықтың мол жеріне қыстақтар тұрғызылды. Су құбырлары салынды. Осының нәтижесінде халық тамағы тоқ,

көйлегі көк, берекеге бөленді. Жәңгірдің хан тағына отырған алғашқы жылдарында тыныш, толымды өмір сүре бастады.

Әкесі Бөкей бастаған тағы бір игі іс-сусығын құмның жолына өсімдік егіп тоқтату, орман алқабын жасау Жәңгір тарапынан да қамқорлық көрді. Ресейден мамандар шақырылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жер жағдайына, геологиялық ерекшелігіне сәйкес теректердің ең төзімді түрлері отырғызылды, қарағайлы орман қалыптасты.

Жәңгір хан сауда-саттық кәсібін елдің экономикасының өзегі деп түсінді. Россияның көршілес Астрахань, Саратов, Орынбор губерниялары және Бұхара, Хиуа хандықтары, сонымен қатар Қырым татарлары, қалмақ жұртымен алыс-беріс сауданы жолға қойды. Көктемде, күзде, қыста үш мерзім өткізілетін «Хан жәрменкесі» елдің әлеуметтік өмірінде зор роль атқарды. Алғашқы жәрменке 1832 жылы ұйымдасты.

Бөкейдегі «Хан жәрменкесі» туралы зерттеуші П.Небольсин былай деп жазды: «Капиталистер мұнда шамамен екі миллион сомның саудасын жасайды. Әр жәрменкеде 100 мың қой, 6 мың ірі қара, 2 мыңдай жылқы айырбасқа түседі. Сондай-ақ жылқы, ірі қара, қой-ешкі терілері, ешкінің түбіті, түйе мен қой жүні, киіз, аң терілері сатылады. Жәрменке көктем, күз айларында өткізіледі. Бұл Ішкі Орданың мал шаруашылығының бай қуатын көрсетеді» [6].

1845 жылы 11 тамызда Тарғын өзенінің жағасындағы жайлауында қазақтың ең ақырғы ханы Жәңгір Бөкейұлы 41 жасында дүние салды. Жәңгір дүние салғаннан кейін патша үкіметі Ішкі Ордадағы хан билігін жойды.

Жәңгір хан ел билеген жылдары өзінің өркениетті өмір салтымен, озық ойлы білімпаздығымен, халық игілігі үшін жасаған істерімен барша қазақ халқына, бәрінен бұрын жас ұрпаққа үлгі бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бозымов Қ., Орамах Ж. Жәңгір хан – реформатор . Орал –Ақтөбе , 2011. 143-б.
2. Кенжетаев Б. Некоторые штрихи к биографии хана Жангира // Казахстанская правда . – 1995. – 16 августа.
3. Жайсаң Ақбай . Жәңгір хан. Хан Жангир. Shangir Khan.-Орал, 2001.- 130 б..
4. Хайдаров.Е. Жәңгір хан – ағартушы // Заңғар.- 2013. – 15 наурыз.
5. Орамах Ж. Бөкей хан және Ішкі (Бөкей) Орда. // Қазақ тарихы, 2010, № 6
6. Иночкин В. Первый меценат //Заңғар .- 2004. - 27 мамыр.

ТЮРКСКАЯ ЛЕКСИКА В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

БАЛАТАЕВА АРАЙЛЫМ КАДИРБЕКОВНА

*Преподаватель русского языка и литературы
Актюбинский высший сельскохозяйственный колледж г. Актюбе
Ashk_1977@mail.ru*

Тюркский мир – это золотой мост, соединяющий тюркскую культуру от древности до современности. Тюркские народы

Евразийского пространства внесли огромный вклад в развитие мировой цивилизации. Следует всесторонне изучить роль тюрков, которые подарили миру выдающихся деятелей: Махмуда Кашигари, Жусуна Баласагуни, аль-Фараби, Ибн Сина, аль-Хорезми, Хожя Ахмета Яссауи, Улугбека, Алишера Навои и многих других. У нас общие корни, общий язык, и необходимо направить это на улучшение взаимоотношения между нашими странами. Мы должны использовать это достояние в созидательных целях. Тем самым мы можем побудить все человечество следовать путем мира, согласия и уважения друг к другу. Н.А.Назарбаев

В Казахстане, на протяжении многих столетий мирно проживают представителей разных народов, в первую очередь, самых многочисленных – тюркских и славянских. Взаимодействие тюрков и славян в древнейшие эпохи и на современном этапе имеет множественные аспекты – этнические, языковые, культурные – именно они поддерживают постоянный и пристальный интерес к проблематике тюрко-славистика. Истоки и традиции тюркской и славянской лингвистической мысли восходят к постановке проблем, связанных с языком и этносом в различные исторические эпохи и описанием языковых контактов. Как известно, лексика любого языка делится на исконную и заимствованную. Заимствованные слова появляются зачастую в результате языковых контактов. **Заимствование – это постоянный процесс, сопутствующий историческому развитию языков.** Проникнув в иной язык, заимствованные слова делаются достоянием его словарного состава, начиная жить в тех исторических условиях, которые определяют особенности функционирования лексики в целом. Иноязычные слова, попав в другой язык, подвергается в нем разнообразным изменениям, приспособляясь к системе нового языка и продолжая развиваться вместе с ней. Заимствованием из тюркских языков, с которыми сталкивается русский язык, посвящены обширная литература, и ведутся разыскания учеными, поскольку лексика нестабильна, так как каждый говорящий стремится вставить в свою речь как можно больше иностранных слов.

Как известно, заимствования в языке делятся на освоенные и неосвоенные, при которых освоенные заимствования приспособляется к

системе нового для них языка в такой степени, что иноязычное происхождение их порой не ощущается в языке заимствующем, а иноязычность обнаруживается лишь с помощью этимологического анализа. В своих трудах известный русист Л.В.Щерба отмечает, что с 16 века начинается влияние на русский язык западных и восточных языков, особенно из Средней Азии, бывшей в свое время передовой культурной страной.

Тюркизм – слово, заимствованное из тюркских языков.

Тюркизмы в русском языке – слова, заимствованные из тюркских языков в русский, древнерусский и праславянский языки в разные исторические периоды.

В зависимости от степени освоенности древнерусским языком, тюркизмы подразделяются на две группы:

1. заимствованная лексика тюркского происхождения, к которым относятся слова-тюркизмы, которые как единственные наименования соответствующих понятии и реалий не встретили сопротивления со стороны древнерусской лексической системы, что послужило их быстрому освоению. К таким заимствованиям относятся тюркизмы **караван, орда, майдан, ярлык, базар и т.д.**

2. иноязычные вкрапления тюркского происхождения, к которым относятся слова, не усвоенные русским языком в силу специфики, а также отсутствия необходимых экстралингвистических и собственно лингвистических причин. Например, **абаб, бурметь, емшань, есырь** и т.д.

Тюркизмы, вошедшие в русский язык активно участвуют в его словообразовательных процессах. Заимствования и связанные с ними словообразовательные процессы свидетельствуют о прочном освоении иноязычных лексем в заимствующем языке. Многие заимствованные слова, например, **алмаз, атлас, барсук, бирюза, богатырь, жемчуг, караван, кольчуга, лачуга, бисер** усвоились русским языком в такой степени, что порой без опоры на этимологические источники трудно увидеть их иноязычное происхождение.

Хронологически можно выделить несколько слоев тюркских заимствований:

1. Унаследованные тюркизмы из праславянского языка.
2. Древнерусские заимствования домонгольского периода.
3. Древнерусские заимствования из тюркских языков периода Золотой Орды.
4. Заимствования XVI-XVII вв.
5. Заимствования XVIII-XX вв.

Праславянский период. Единственным достоверно установленным (то есть с тюркским этимомом, совпадающим как формально, так и семантически с праславянским словом) праславянским тюркизмом является слово **чекан**.

Домонгольский период. Сохранившиеся тюркизмы домонгольского периода исчисляются единицами: **боярин, шахтер, богатырь, ватага, жемчуг, кумыс, лошадь, орда**.

Период Золотой Орды. В этот период в русский язык вошел ряд важных слов, относящихся к государственному (**ям, ямщик, ярлык, казак, караул, кочевать**) и экономическому устройству (**деньга, казна, казначей, тамга, хозяин, харч**).

X VI-XVII века. Заимствования этого времени особенно многочисленны, что объясняется огромным культурным влиянием Османской империи: **чулан, амбар, барабан, арап, барс, лапша, епанча, чалма, сундук, чердак, чемодан, каракули, шашлык, кобура, папаха, бакалея, чекмень, тахта** и т.д.

Западноевропейские тюркизмы. В западноевропейские языки из турецкого было заимствовано некоторое количество слов. Через западное посредство они вошли и в русский язык. Например: **диван, жасмин, каракуль, киоск, софа, тюльпан, тюрбан, фисташка, халва**.

Вывод: Таким образом, заимствования проявляются больше всего на уровне лексики и при определении вариантов учитываются всевозможные синонимические связи с исконными лексемами и степень ассимиляции заимствованного слова.

Тюркизмы в исследованиях казахстанских лингвистов.

Изучение функционирования тюркизмов в различных языках всегда привлекало внимания казахстанских лингвистов. Интерес к исследованию тюркской лексики объяснялся стремлением понять происхождение определенной группы тюркских лексем в том или ином языке, выявить лексико-семантическую основу, словообразовательную структуру, а также их этимологию. Тюркизмы в славянском языке как объект исследования получили отражение с точки зрения фонетики, морфологии, словообразования. Известный ученый Х.Х. Махмудов в кандидатской диссертации «Тюркизмы в языке русских памятников в 11-14вв (Алма-ата, 1943) заложил основы научного изучения истории русского литературного языка в Казахстане. Как отмечает Н.И.Гайнуллина», в ней автор сделал ряд интересных выводов относительно контактов русского языка с тюркскими языками, не утративших своей научной значимости и в наши дни».

Важный вклад в изучение тюркизмов в русских названиях животного мира внес Д.С.Сетаров (Алма-ата, 1971). В фундаментальной работе Х.Х.Махмудова «Русско-казахские лингвостилистические взаимосвязи» впервые закладываются основы лингвостилистики, которые продолжены в исследованиях более десятка его учеников. В лексикографическом плане особый интерес представляет солидный по объему словарных статей и принципу создания «Словарь тюркизмов в русском языке», составленный Е.Н.Шиповой (Алма-ата: Наука КазССР, 1976. -444с) и который до сих пор является уникальным и единственным источником для лингвистов при изучении тюркизмов в словарном составе современного русского языка, так как другие этимологические словари русского языка, например, М.Фасмера, П.Я.Черных и др. отражает всю лексику языка – как исконную, так и заимствованную (наряду с тюркскими). Поэтому есть все основания утверждать о том, что словарь Е.Н.Шиповой признан на настоящий момент лучшим

опытом в создании словаря тюркизмов в русском языке. Число специальных исследований по тюркизмам в лексической системе русского языка значительно. Огромный вклад в изучении тюркизмов русского языка внесли языковеды: Г.Ш.Оразгалиева, Н.А.Сандыбаева, А.А.Умурзакова, М.Ш.Мусатаева, Л.А.Шеляховская, Н.Ж.Шаймерденова и мн. др. Необходимо отметить работы Г.Ш.Оразгалиевой «Тюркоязычные топонимы в прозе А.С.Пушкина» (Алма-ата, 1990), А.А.Умурзаковой «Тюркизмы в словообразовательной системе русского языка» (Алма-ата, 1992) М.Ш.

Вывод: Таковыми представляются основные тенденции и направления в изучении тюркизмов в казахстанской русистике. Тезис о большом количестве тюркизмов, вошедших в русский язык, стал уже хрестоматийным. Тем не менее, из приведенного списка видно, что до сих пор вне поля зрения отечественных ученых остались вопросы морфологической адаптации тюркизмов, их роли в нормировании русского литературного языка в синхронно-диахронном аспекте, функционирования тюркизмов в русских диалектах и говорах практически отсутствуют новые этимологические исследования. Важным аспектом в изучении тюркизмов следует признать их функционирование в других языках.

Тюркская лексика и памятники деловой письменности в дипломатических документах как транслятор казахско-русских отношений.

Исследование языковых особенностей памятников письменностей неоднократно было в поле зрения российских (Ф.П.Сорокалетов, А.А.Сергеев) и казахстанских (Н.И.Гайнуллина, Н.Ж.Шаймерденова, И.В.Юрицина) ученых. При этом важным и до сих пор неопианным в полной мере является изучение деловых документов с точки зрения исследования отдельных тематических групп, в частности имена собственные и способы передачи различных наименований.

Среди источников, используемых для изучения места и роли слов иноязычного происхождения в лексике русского языка, особое положение занимают повествования об исторических фактах Казахстана на русском языке (как оригинальные – документы, созданные непосредственно лицами на русском языке, так и переводные, т.е. тексты, переведенные «с татарского языка» переводчиками).

Особенностью переводных русских документов является передача максимального количества тюркских лексических элементов, проникших в тексты на русском языке в связи с необходимостью передать реалии и понятия другого народа (т.е. тюркского). Например: «... Вашему выс-ву доношу, уведомился я, что **бухарской хан** отправил ко мне своего посланника с навьюченными на двадцати четырех верблюдах имением и осмью **аргамаками** с тем, чтоб быть мне с ним сватом, от которого уже и передовые ко мне прибыли, коего в ожидании я нахожусь» (Из письма хана Аблая оренбургскому губернатору И.Рейнсдорпу о взаимоотношениях с киргизами).

Другой пример: «Оный **шах**, посланным нашим показуя милость, придав от себя посла, отправил возвратно с письмом, в котором призывал нас к себе, и мы, поверя его слову, изготовили было к посылке послом родственника своего **Нияза-салтана, кайсацких и каракалпацких** лучших биев своих, также из Аральского **юрта Артука-бека** да Сейталея-бека и сними живого **барса** и всякие подарки...» Материалы оригинальных сочинений на русском языке позволяет расширить аспект исследования и поставить иные вопросы. Так, в оригинальных произведениях употребление тюркских лексем более или менее свободно от непосредственного воздействия лексики и контекстов иноязычного материала.

Итак, заимствование непременно способствует обогащению словарного состава заимствующего языка. Иноязычные слова, как правило, подчиняются законам фонетики, грамматики и словообразования этого языка, лишь в немногих случаях остаются «чужеродными телами».

В русском языке примерно 500 тыс. слов, из них около 180 тыс. являются заимствованиями, то есть около 27%. Из этих свыше 50% являются европейской лексикой, заимствования из греческого, латыни, английского, немецкого, французского и т.д. Общее число тюркизмов в русском языке составляет примерно около 15-20% из общего числа заимствований.

Тюркизмы были и остаются самой актуальной проблемой, над которой постоянно работают ученые-лингвисты и являются темой для защиты научных работ.

Список литературы:

1. Язык, этнос, культура в едином пространстве. Н.Ж. Шаймерденова Тюркская академия 2011г.
2. Древнетюркский словарь. Редакторы: В.М. Наделяев, Д.М. Насилов.
3. Баскаков Н.А. Тюркизмы в восточнославянских языках- М; 1974г.
- Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке- Алма-ата; Наука 1976г.
4. Сандыбаева Н.А. Лексика восточного происхождения.
5. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия.-М: 1996г.
6. Откупщиков Ю.В. "К истокам слова" :- М., Просвещение, 1986г.
7. Шанский Н.М. "В мире слов"- М., 1985г.
8. Словарь иностранных слов.- М., 1988г.
9. Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М: Просвещение, 1973 г.

IV. ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘЛ-ФАРАБИ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ- МУЗЫКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БИДАЙБЕКОВ Е.Ы.¹, ОШАНОВА Н.Т.², ЕЛУБАЙ Г.Б.³

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
¹ п.ғ.д, профессор, ² п.ғ.к, аға оқытушы, ³ 2-курс магистранты
Алматы қ., Төлеби көшесі, 86
² nurzhamal_o_t@mail.ru, ³ elubaeva2019@list.ru*

Әлемдік музыка мәдениетінің тарихында музыка туралы ғылыми білімнің қарқынды көтерілуін білдіретін кезеңдер бар. Оларда өткеннің теориялық оқуларында қазіргі мәдениеттің бастаулары туралы мәліметтерді көрсете отырып, зерттеушілердің ой-пікірлері айтылады, және де көбінесе ғылыми дүниетаныммен үндес табады. Шығыс музыкалық ғылымының ең ірі өкілі әл-Фарабидің атын орта ғасырдағы Августин және Боэций сияқты көрнекті ғалымдардың аттарымен қатар қоюға болады.

Әбу Наср Мухаммад әл-Фараби (870-950) – философияның, логиканың, жаратылыстану мен нақты ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан аса ірі араб-мұсылман ойшылы, энциклопедист. Фарабидің музыкалық-теориялық мұрасы орта және Таяу Шығыс халықтарының музыка тарихы мен теориясын зерттеуде негізгі рөл атқарады. Бұл тұрғыда оның «Музыканың үлкен кітабы» (Китаб ал-мусика ал-қабір) еңбегі ерекше маңызға ие. Бұл шығармада әл-Фараби Орта ғасырдағы ең ірі музыкатанушы ретінде танылды. Ол дыбыстардың шығу тегі субстанцияның қасиеттері ретінде табиғи ғылыми түсінік беріп қана қоймай, гармония мен музыкалық әуендердің пайда болуының арифметикалық принциптерін ашады.

Әл-Фарабидің музыкалық еңбектері бірнеше рет монографиялық, арнайы жұмыстарда да, Таяу және Орта Шығыстағы музыкалық ғылым бойынша зерттеулерде де қарастырылған. Орыс тілді әдебиеттерде әл-Фарабидің музыкалық-теориялық көзқарастарын И.О.Раджабов, А.Джахид, И.И.Земцовский және т.б. зерттеді. Аталған авторлардың жұмыстарында теорияның мазмұны жалпы теориялық және эстетикалық мәселелер контекстінде қарастырылды. Әл-Фарабидің музыкалық-теориялық көзқарастары А.К.Көбесовтың еңбектерінде де көрініс табады. Соңғы жылдары Әл-Фарабидің жеке музыкалық шығармаларының қазақ тіліне аударылуына көп көңіл бөлінді. Әл-Фараби музыкасы математикалық ғылымдардың қатарына жатады. Музыка – дыбыстар мен дыбыстық қатынастар әлемі. Негізгі элемент – дыбыс. Өзінің музыкалық шығармаларында әл-Фараби тек ежелгі ғана емес,

сонымен қатар ол туралы қазіргі заманғы ұғымдарға сәйкес келетін дыбыс ұғымын береді. Дыбыс – басқа физикалық дененің күшімен (соққысымен) әрекет ететін физикалық дененің (қатты немесе жұмсақ) тербелісі. Дыбыс төрт негізгі өлшемге ие: биіктігі, ұзақтығы, тембрі және дыбыс деңгейі.

Музыкалық дыбыс әл-Фарабидің әр түрлі аспектілерінде – физикалық және геометриялық дене, арифметикалық сан ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әл-Фараби адам дауысының дыбыстарын – «табиғи» және «жасанды» дыбыстар деп айырады. Дыбысты зерттеудің негізгі саласы оның биіктік жүйесіндегі өзара қарым-қатынасы болып табылады. Ладты игерудің бірінші кезеңінде биіктік құрылымдардың өздері олардың дыбыстарын құраушы көзқараспен зерттеледі. Интервал бірінші кезекте дыбыстарды ұштастыру ретінде қарастырылады. Әл-Фарабидің интервалдарын анықтау кезінде ішектің ұзындығы – басқаларына бір тоннан екінші тонның жағдайын оңай анықтауға мүмкіндік беретін ең маңызды фактор болып табылады.

Пайда болған интервалдардың сандық жағы сандық қатынастар арқылы белгіленеді. Бұл жерде музыка мен математиканың жанасу нүктесін де, музыканың математикалық теориясының басы басталады. Музыкалық интервалдар әртүрлі мағыналарға ие. Оларды бөлуге және жинауға болады. Демек, білім алушы белгілі сандық қатынастармен, сондай-ақ осы қатынастарды қосу және азайту тәсілдерімен таныс болуы тиіс.

Қазіргі заманғы білім берудің практикалық бағытталуына байланысты білім беру мекемесі қызметінің негізгі нәтижесі білім, білік және дағды жүйесі емес, болашақта олардың әлеуметте табысты өмір сүруін қамтамасыз ететін оқушылардың құзыреттіліктерінің жиынтығы болуы тиіс.

Ең алдымен, бұл негізгі құзыреттер, оның құрамына В.Хуторскийдің жіктелуіне сәйкес құндылық-мағыналық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, тұлғалық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі енгізілген. Барлық пәндік салалар үшін ортақ Аталған негізгі құзыреттіліктерден басқа пәндік құзыреттіліктерді – нақты пәндік саладағы нақты іс-әрекетті тиімді орындау үшін қажетті және ерекше түрдегі пәндік біліктерді, дағдыларды, ойлау тәсілдерін қамтитын ерекше қабілеттерді бөліп көрсетеді. Пәндік құзыреттіліктер нақты оқу пәнін оқыту аясында қалыптасады.

Атап айтқанда, оқушылардың музыкалық құзыреттілігі музыканы дұрыс қабылдауға және эмоционалдық пікір білдіруге (әрекет етуге), музыкалық көріністерді көркем образдармен ойлау қасиетіне аудару қабілеті мен дайындығы ретінде сипатталуы мүмкін. Мектепте оның қалыптасуы «Музыка» пәнін оқу кезінде жүзеге асады, осы пән аясында қалыптасатын арнайы пәндік құзыреттіліктердің арасында арифметикалық-музыкалық құзыреттілікті де бөліп көрсетуге болады. Оқушыларды оқытуда арифметикалық-музыкалық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі салыстырмалы түрде жеткіліксіз зерттелген болып табылады.

Арифметикалық-музыкалық құзыреттілікті әл-Фараби музыка теориясын құру әдісін оқыту негізінде қалыптастыруға болады. Әл-Фарабидің бұл әдісі музыкалық дыбыстар мен интервалдар, нақты физикалық құбылыстар ретінде

сандар мен сандық қатынастар арқылы сипатталуы мүмкін екендігін негіздейді. Әл-Фараби әр түрге сан қояды, ал сандардың қарым-қатынасы музыкалық интервалдарға сәйкес келеді. Музыка теориясын құру әдісіне сүйене отырып, әл-Фараби арифметиканы қолдануға негізделген музыкалық интервалдарды алудың бірегей әдісін ұсынады. Олар: арифметика немесе сандар өнері (Сина ' ату л – а\$хад), жұп және тақ санды (аз-зауджуа л-фард – жұп және бірлік) өлшеу, есептеу операциялары (қосу, азайту, көбейту, бөлу) және есептеу тәсілдері [1].

Әл-Фараби математикалық пайымдаулар арқылы кейбір интервалдар үшін сандық қатынастар алады. Теориялық көзқарасты практикамен ұштастыра отырып, ол әр жолы арнайы аспаптарда ойын арқылы алынған интервалдардың үндесуін тексереді. Әл-Фараби октава – 2/1, қос октава – 4/1, кварта – 4/3, квинта – 3/2, тона-9/8 және т. б. интервалдары үшін сандық қатынастар алады. Осы деректер негізінде әл-Фараби келесі гипотезаны қояды: "біз белгілеген интервалдардың арасында қарым-қатынас бүтіннің еселік немесе бүтіннің бір бөлігіне тең болады". Осылайша, әл-Фараби бойынша қысқа және эпимерлік қатынастар, яғни түрдің қатынастары үндес болады, оны былай көрсетеді:

$$\frac{nk}{n} \text{ және } k + \frac{1}{n}$$

Әл-Фараби бұл бірқатар арнайы ережелерді ұсынады:

1. Интервалды екі еселеу ережесі

Егер А – бірінші түске, ал В-екінші түске сәйкес келетін сан болса, онда

$$\left(\frac{A}{B}\right)^2 = \frac{A^2}{A \cdot B} \cdot \frac{A \cdot B}{B^2} = \frac{A^2}{B^2}$$

2. А/В және С/Д екі аралығын қосу (көбейту) ережесі: Егер А, В, С, D – осы екі аралықтың тондарына сәйкес келетін сандар болса, онда

$$\frac{A}{B} \cdot \frac{C}{D} = \frac{A \cdot C}{B \cdot C} \cdot \frac{B \cdot C}{B \cdot D} = \frac{A \cdot C}{B \cdot D}$$

3. А / В интервалының жартысын алу ережелері:

егер осы аралықтың тондарына сәйкес келетін сандар болса, онда

$$\frac{A}{B} = \frac{2A}{2B} = \frac{2A}{A+B} \cdot \frac{A+B}{2B},$$

$$A+B = 2A + \frac{2B-2A}{2}; \quad A+B = 2B - \frac{2B-2A}{2}$$

4. Егер А+1 және А – осы аралықтың тондарына сәйкес келетін сандар болса, онда

$$\frac{A+1}{A} = \frac{(A+1)k}{Ak} = \frac{Ak+1}{Ak} \cdot \frac{Ak+2}{Ak+1} \dots \frac{Ak+k}{Ak+k-1} = \left(1 + \frac{1}{Ak}\right) \left(1 + \frac{1}{Ak+1}\right) \dots \left(1 + \frac{1}{Ak+k-1}\right)$$

Мұнда k-бөлінулер саны, ал алынған Интервалдардың бірінші және екінші мүшелері ыдырауда әртүрлі арифметикалық прогрессиялар құрайды

$$d = \frac{(A-1)k - Ak}{k} = 1$$

5. A/B аралығынан C/D аралығын азайту (бөлу) ережесі: Егер A, B, C, D – аралықтар деректерінің реңіне сәйкес келетін сандар, онда

$$\frac{A}{B} = \frac{A \cdot C}{A \cdot D} \cdot \frac{A \cdot D}{B \cdot C} = \frac{C}{D} \cdot \frac{A \cdot D}{B \cdot C}$$

Әр түрлі теориялық есептерде интервалдар мәні бірдей әртүрлі сандық өрнектерде ұсынылуы мүмкін. Интервалдар қарапайым қатынастар ретінде қарастырылған да, қарапайым сандарды пайдалану ыңғайлы және орынды. Көрсетілген қатынастарды білдіретін сандар әрдайым осы қатынастардың қарапайым арифметикалық өрнегі болып табылмайды. Осылайша, 4-тен 2-ге және 6-дан 4-ке қатынасы аз және одан да көп қарапайым сандармен көрсетілуі мүмкін, мысалы 2,1 және 3,2.

Музыкада біз қысқа және ұзақ ұзақтықпен айналысамыз, олар кез келген ырғақтың негізін құрайды: тұтас нота (♩), жартылай (♪), төрттен бір (♫), сегізінші (♮), он алтыншы (♯). Әрқайсысы тұтас нотаны екі, төрт, сегіз он алты бөлікке бөледі. Ұзақтық атаулары және сандардың атаулары бір мезгілде қызмет етеді. Мұнда геометриялық прогрессия көрінеді және егер "бүтін" (ол музыкада бірлік үшін қабылданған) ұзақтықты кему дәрежесі бойынша жазсақ, онда біз:

$$1, \frac{1}{2}, \frac{1}{4}, \frac{1}{8}, \frac{1}{16}, \frac{1}{32}, \frac{1}{64}, \frac{1}{128} \dots$$

Әл-Фараби математика мен музыканы бір-біріне қатысты ажырамайтын деп санаған. Ол музыка математиканың жеке көрінісі деп санайды.

Музыканы математикалық пән ретінде дәстүрлі түсіндіруге сәйкес, оның әл-Фараби сыныптамасының осы бөліміне қосылуының негізі музыкалық элементтерді – дыбыстарды, ырғақты бірліктерді (ұзақтықтарды) – шамалар мен сандар түрінде, сондай-ақ оларды есептеу әдістеріне сүйену. Музыканың үлкен кітабында ол былай деп жазады: «Музыка математикамен байланысты, себебі оның мақсаты дыбыстарды зерттеу және сонымен байланыстының бәрін, соның ішінде шамалармен сандарды зерттеу болып табылады».

Арифметика мен музыка арасындағы әртүрлі байланыстар оқушылардың арифметикалық-музыкалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін куәландырады.

«Құзыреттілік», «музыкалық құзыреттілік» ұғымдарын және арифметика мен музыка арасындағы жоғарыда сипатталған байланыстарды негізге ала отырып, осы зерттеуде оқушылардың арифметикалық-музыкалық құзыреттілігі деп арифметикалық дайындықты талап ететін пәндерді оқуға дайындығын, сондай-ақ оқу қызметінде кездесетін әртүрлі практикалық және теориялық мәселелер мен міндеттерді шешу үшін арифметикалық білімді қолдану қабілетін көрсететін тұлғаның тұтас білімін түсінетін боламыз.

Құзыреттілік осы білім меңгерілгендерден ерекшеленетін тапсырмаларды шешу кезінде білім мен іскерлікті қолдану жағдайында көрінеді.

Қазіргі білім беруде әл-Фараби музыка теориясын құру әдісі оқушыларды математика, музыка және музыка теориясы пәндерін оқытуда қолданылуы мүмкін.

Әл-Фараби музыка теориясын құру әдісін есепке ала отырып, жоғарыда көрсетілген мектептегі оқу пәндерін зерделеу оқушылардың арифметикалық-музыкалық құзыреттілігін қалыптастыруға және келесі маңызды мақсаттарға жетуге ықпал етеді:

- оқушылардың әл-Фараби мұрасына деген қызығушылығын дамыту;
- музыкалық мәдениет негіздерін, арифметика негіздерін қалыптастыру;
- музыканы қабылдауды, музыка мен музыкалық қызметке қызығушылықты дамыту,
- деректерді (жағдайды) құрылымдау, математикалық қатынастарды есептеу, оны талдау және түрлендіру, алынған нәтижелерді түсіндіру қабілетін қалыптастыру;
- есте сақтау, зейіннің, логикалық ойлаудың, шығармашылық қабілеттердің, бастаманың және дербестіктің дамуына ықпал ету.

Арифметикалық-музыкалық құзыреттілікке жекелеген оқу пәндерінде, интегративтік пәнаралық жобаларды орындау барысында, оқушылардың пәннен тыс қызметінде қалыптасатын және қолданылатын элементтер бөлінеді.

Әл-Фараби өз трактаттарында музыканың тәрбиелік және білім берудегі рөлін атап өтті. Ол сан туралы ғылыммен бірге музыка үлкен тәрбиелік рөл атқарады деп санады, өйткені бұл ғылымдар білім алушыларды тәрбиелейді, оларды аса сезімтал етеді, әрі қарай тану жолын көрсетеді.

Қорытындылай келе, әл-Фарабидің музыкалық мұрасын мектепте қолдану оқушылардың арифметикалық-музыкалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Al-Farabi. Grand traite de la musique* Kitabu 1-musiqi al-kabir //d'Erlanger R. La musique arabe. - T.1-2. - Paris, 1930-35
2. *Кубесов А.* Математическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата, 1974
3. Е.Ы. Бидайбеков, Н.Т. Ошанова, Р.Қ. Төребекова Әл Фараби бойынша музыка теориясының арифметикалық негіздерін оқып-зерттеудің қажеттілігі. Вестник Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая, №4 (56), 2016 г., с. 44-50
4. Статъя «Ключевые компетенции в образовании: современный подход. /Интернет-журнал «Эйдос»
5. *Аль-Фараби.* Трактат о музыке // Курьер ЮНЕСКО. – М., 1973

Қ.ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

ЖАЗЫҚОВА МАҚПАЛ ҚОЖАҒАЛИҚЫЗЫ

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе

makash_k@mail.ru

Оқу үдерісіндегі дидактикалық ұстанымдардың табиғаты ұлы ағартушылар Я.А.Коменский, И.Г.Пестолоцци, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин еңбектерінен бастау алады. Дидактикалық ұстанымдардың заңдылықтарын жан-жақты зерттеу әлемдік әдістеме ғылымында да, кеңестік әдістеме ғылымында да өткен ғасырдың 40-50-жылдары нақты қолға алына бастады. Орыс ғалымдары Л.В.Занков, М.А.Данилов пен Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер өз еңбектерінде дидактикалық ұстанымдар мен оқу әрекетінің заңдылықтарын жан-жақты ашуға талпыныс жасады. Шынында да, дидактиканың күрделі табиғаты оның негізгі ұстанымдарының уақыт дамуымен бірге дамып, өзгеріп отыруын мүмкін етіп қана қоймайды, қажет те етеді.

Жалпы, қандай дидактикалық ұстаным болсын, ол бір заманда қалыптасып, енді ешқашан да сол күйінен өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес, керісінше, заман өзгерген сайын соның сұраныстарына қарай бейімделіп, жетіліп отыратын динамикалық өміршең қағида. Қазақстандық ғалымдар дидактикадағы дәстүрлі ұстанымдармен қатар Ата Заңға негізделген білім беру жүйесін жаңғыртудың жаңа ұстанымдарын ұсынады. Олардың қатарында білім беруді ізгілендіру, ізгіліктендіру, демократияландыру, сатылылық, кешенді оқыту, перспективтік сияқтылар бар. Аталған ұстанымдар мектептегі білім беру жүйесін қайта құруға, сөйтіп, оқыту жүйесіне жаңалықтар енгізуге мүмкіндік береді. Алайда дидактикалық ұстанымдар әр пәннің өз заңдылықтарына, ерекшеліктеріне сәйкес нақтылана, айқындала түседі.

Өткен ғасырдың 20, 30-жылдары өмір сүріп, тіл білімі мен әдістеме саласында өшпес мұра қалдырған Қ.Жұбановтың еңбектерін зерделей отырып, оның дәстүрлі әдістеме ғылымы басшылыққа алатын ұстанымдарды жете меңгерумен бірге, қазіргі таңда оқытудың заманауи технологиялары ретінде танылып жүрген кешенді оқыту, сатылы оқыту сияқты дидактикалық ұстанымдардың элементтерін өз шығармашылығында батыл қолданғанын аңғаруға болады. Осы ретте алдымен Қ.Жұбановтың өз заманындағы педагогика және психология ғылымдары саласындағы алдыңғы қатарлы ой-пікірлермен таныс болғанын атап айту керек. Ғалым 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі грамматикасын» сол заман үшін жаңа ұстаным болып табылатын сатылы оқыту ұстанымына сүйене отырып жазған. Жалпы, оқытудың бұл ұстанымының негізінде орыс психологі Н.Н.Лангенің пайымдаулары жатқаны

белгілі. Ол өз еңбектерінде психикалық эволюцияның бірқатар кезеңдерін бөліп қарастырады және аталған сатылап даму үрдісінде адамның даму кезеңдерінің ерекшеліктері де ескерілуі тиіс деп есептейді. Қ.Жұбановтың «Грамматика қандай ғылым?» деген сұрақты қоя отырып, өздері оқығалы отырған ғылым салаларын бірден түсіндірмей, бірте-бірте саралай, сатылай түсіндіруінің өзі шәкірттердің тиянақты білім алуына жағдай жасағанын және жалпы білім алу үдерісін неғұрлым қызықты, тиімді етуге талпынғанын көрсетеді. Бұл ұстаным турасында М.Жұбанова былай дейді: «Шынында да, сатылы принцип грамматика материалдарын бірнеше бөліктерге бөлуге жағдай жасайды. Сөйтіп, бір сатыда тілдің мазмұны ашылса, екінші сатыда оның формасы таныстырылады. Нәтижесінде форма мен мазмұн үнемі қатар жүрмегенімен, бірі екіншісінен қалыс та қалмайды. Ал сатыға бөлу шартын әр материалдың өзіндік ерекшеліктеріне қарай шешуге болады. Сонымен қатар сатылы принцип дидактиканың басқа принциптерін жүзеге асыруға да жағдай жасайды. Мысалы, оқыту материалдары белгіліден белгісізге, жеңілден ауырға, деректіден дерексізге қарай жүйеленеді» [1, 49].

Қ.Жұбанов – қазақ тілін сатылап оқытудың тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеген ғалым. Ол «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты мақаласында былай деп атап көрсетеді: «Бір категорияның өзін мағынасына қарай бір таптастырсақ, одан кейін, әр мағынаны формасына қарай тағы таптастырып алу немесе ретіне қарай, кейде формасына қарай бір таптастырып алып, онан кейін әр форманы мағынасына қарай тағы бір таптастырып алу дұрыс. Тілдің табиғатына осы лайық [2, 221]. Мұнан әрі ғалым бұл топтастырудың басты ерекшелігін былай сипаттайды: «Барлық айырмасы - тек сол бұрынғылар не тек мағынаны есепке алып, не тек формасына қарап, немесе екеуін сапырылыстырып таптастыратын болса, біз мағынаны да, форманы да түгел ескере отырып, оның үстіне принципті араластырып былықтырмай, баспалдақтап таптастырамыз. Соның арқасында бұл таптастыру әрі түсінуге оңай, әрі тілдің табиғатына лайық болып шығып отыр» [2, 232].

Ғалым сатылылық ұстанымын қазақ тілінің заңдылықтарын сатылап беруде де шебер пайдаланған. Оқулықпен жіті таныса отырып, бір грамматикалық тақырыптың өзінен бірнеше тақырыптың сатылы түрде өрбігенін көруге болады. Сөйтіп, автор оқулығында грамматикалық ұғымдарды кейде ұсақ бөлшектерге бөле түсіндірсе, кейде ұсақтан іріге қарай жинақтаған. Оқулықтағы «Сөз бөлшектері» деген тақырыпты ғалым былай түсіндіреді: «Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз хат болуы да мүмкін, тек бір кісінің аты болуы да немесе бір ғана әріп болуы да, түгел бір кітап болуы да мүмкін. Осы сияқты ауызекі сөйленген сөз де, ұзақ бір әңгіме, тұтас бір баяндама, немесе бір-ақ ауыз сөз болып, не бір нәрсенің аты, тіпті бір дыбыс болуы да мүмкін. Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады» [2, 146]. Сөйтіп, ғалым оқулыққа «бүтін» мен «бөлшек» деген ұғымдарды түсіндіру үшін «Сөз бөлшектері» деген тіркес енгізеді. Бұл – оқулықта кейін берілетін басқа ұғымдар мен терминдерді түсіндірудің бірінші сатысы. Осы сатыдан өткеннен кейін ғана оқушы келесі сатыға көше алады.

Сатылы ұстаным оқушыларға бірден қиын материалды түсіндірмей, жеңілден бастауға, біртіндеп түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, оқулықта сөйлем мүшелері ішінен алдымен баяндауыш, кейін бастауыш оқытылады. Оның себебі баяндауыш сөйлем ішінен оңай табылады және баяндауышсыз сөйлем аз кездеседі. Қазақ тілінде баяндауыштар сөйлем аяғында тұрады. Ғалым ең әуелі осы оңай табылатын сыртқы белгісін оқушыларға танытып алып, мағыналық жағын түсіндіруді кейінге қалдырады. Баяндауыштың сөйлемнің соңында келмейтін жағдайларынан да түсінік беріп, осы әдіспен баяндауышты табуға үйретеді. Ғалымның бұл ұстанымы қазіргі орта мектептерге арналған оқулықтарда да, жоғары оқу орнына арналған оқулықтарда да сақталған. Бұл тілшінің ғылыми пікірінің өміршеңдігін көрсетеді.

Сатылап түсіндіру оқушылардың ойлау қызметін жүйеге салады, іштей байланысты ұғымдарды бір-бірінен айырып тануға көмектеседі. Оқулықта автор берілетін білімді оқушының түсініп қабылдауына ерекше мән берген. Оқушы сабақ сайын белгілі бір түйінді ғана шешіп, келесі сабақта жаңа түйінді шешуге әзірленіп отырады. Міне, оқыту әрекеті осылайша сатылы ұстанымға негізделіп, қазақ тілінің өз заңдылықтарына сай қолданылса, көптеген дидактикалық талаптардың да орындалатыны күмән тудырмаса керек. Осылардың нәтижесінде сатылы ұстанымда оқу жүйесі бір сатыда тоқтап қалмай, дамып отыратыны байқалады. Даму бірде ескіні жаңаша пайдалану арқылы жүзеге асса, бірде қайталау арқылы жүзеге асады. Қазіргі уақытта қазақ тілін оқытуда сатылылық ұстанымын әдіскер-ғалымдар өз тәжірибелерінде тиімді қолданып келеді. Әйтсе де бұл ұстанымның нақты жолдары мен үлгілері әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді.

Соңғы кездері ғалымдар мен әдіскер-ұстаздар арасында жиі қолданыс тауып жүрген тағы бір дидактикалық ұстаным кешенді оқыту болып табылады. Әдіскер-ғалым Ф.Оразбаеваның пайымдауынша, «Кешенді оқыту принципі тыңдалым, тілдесім, оқылым, айтылым, жазылым сияқты бес түрлі тілдік дағдыны меңгертуді талап етіп, оқытудың әр кезеңінде белгілі бір тілдік дағдының артықшылығы болатынын жоққа шығармайды» [3, 12].

Кешенді оқытудың тиімділігін кезінде Қ.Жұбанов та жақсы түсініп, сапалы білім беруде оқу-әдістемелік кешеннің қажеттілігін сезініп, оқу құралдарын соған орай жетілдіре дайындауға ден қояды. Ол – теориялық материалдардан тұратын орта мектептің 5-сыныбына арналған оқулық авторы ғана емес, осында берілген материалдарды пысықтауға арналған жаттығулар жинағының редакторы. Бір уақытта дайындалып, бірін-бірі толықтырып тұратын бұл еңбектерді қазіргі кешенді оқулықтардың бастауы деуге негіз бар. Олай болса, кешенді оқыту ұстанымы қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында өткен ғасырдың 30-жылдарында-ақ белгілі болған. Бұдан Қ.Жұбановтың оқыту парадигмасының басты тетігі жаттығулар жүйесі болып табылатынын ескеріп, оқытуда біртұтастық идеясын жүзеге асыруға мән бергенін көреміз. Шын мәнінде, ана тілін оқыту әдістемесі теориясының қандай деңгейде дамығанын практикалық негізге құрылған жаттығулар жинағынан анықтауға болады.

С.Жиенбайұлының авторлығымен шыққан «Грамматика талдауыштың» басты мақсаты Қ.Жұбановтың орта мектептің 5-сыныбына арналған оқулығында берілген теориялық материалдарды бекіту болғаны анық. Бұл туралы зерттеуші Л.Ерменбаева былай дейді: «Сейіл Жиенбайұлының оқу материалын кешенді түрде беру үрдісі оқытудың концентрлі және жүйелі жолдарын ғана емес, спиральды жолын да жүзеге асыруға мүмкіндік берді деп есептейміз. Өйткені сол жылдары көп айтылып жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, олардағы оқу материалын спиралды түрде құру мәселесі С.Жиенбайұлының оқулық жасау және оқу бағдарламаларын түзу жүйесінде орын алған. Бірақ ғалым бұл терминді қолданбаған» [4, 74].

Соңғы жылдары жаңашыл ғалымдар Ф.Оразбаева, Т.Аяпова, Э.Сүлейменова, Қ.Қадашева, Д.Ақанова, Л.Екшембеева, Ә.Бұлдыбаев, Г.Ағманова, Г.Мұсаева, Р.Шаханова және тағы басқалар тілді оқытуды кешенді оқулықтар негізінде жүзеге асырудың тиімділігін көрсетіп, Қ.Жұбанов идеясының өміршеңдігін дәлелдеді. Осы ретте әдіскер-ғалым Қ.Қадашеваның «кешенді оқулық» ұғымына берген анықтамасын келтіре кету орынды: «Кешенді оқулық дегеніміз - оқыту құралдарының жиынтығы. Онда тілге қатысты барлық материал қамтылады, материалдар жүйелі түрде бірнеше кітаптарға бөлінеді. Сонымен қатар кешенді оқулық материалдарды жеңілдетіп оқыту топтарында болсын, жоғары оқу орындарындағы арнаулы сағаттық жүктемемен болсын, бастауыш топтарда да, жалғастырушы топтарда да жүйелеп, қажетінше пайдалануға мүмкіндік береді» [5, 34].

Кешенді оқулықтар негізінде соңғы жылдары дидактикада кешенді оқыту (комплекті, жинақталған) ұстанымы пайда болып, қазақ тілін меңгертуде тиімділігін байқатып жүр. Кешенді оқулықтар негізінде жүргізілетін сабаққа енетін материалдар: лексикалық тақырып, фонетикалық материал, грамматика, сөздік минимум. Ал бұл материалдардың барлығының да соңғы жылдары дайындалған кешенді оқулықтарда жан-жақты қамтылатыны анық. Мұндай кешенді оқулықтар қатарында өткен ғасырдың 90-жылдардың соңында жарық көрген әдіскер-ғалым Т.Аяпованың, деңгейлік оқытудың алғашқы тәжірибелерін жинақтау негізінде пайда болған Э.Сүлейменова, Қ.Қадашева, Д.Ақановалардың, сондай-ақ бастауыш және жалғастырушы топтарға арналған Л.Екшембеева, А.Бұлдыбаев, Ә.Ағманова, Г.Мұсаева сияқты авторлар ұжымының қатысуымен дайындалған еңбектер, мамандыққа бейімдеп оқытуға арналған З.Күзекова мен Г.Қарағұсованың, қазақ тілін ана тілі деңгейінде үйретуге арналған Ш.Бектұров пен А.Бектұрованың, шетел тілі ретінде үйретуге ұсынылған Р.Шаханова мен О.Трувзеваның, т.б. оқулықтары бар. Олардың қазақ тілін меңгертуді жетілдіруде маңызы зор.

Қазақ тілін әртүрлі деңгейде оқып-үйретуді мақсат еткен кешенді оқулықтарды 2000-ші жылдардың басында Ф.Оразбаева, Т.Аяпова, Р.Рахметова, У.Исабекова, Ж.Нұрсұлтанқызы, К.Абиыр, Қ.Жайлаубаева, Г.Бейсембекова, Н.Шадиева, С.Нұрғали, С.Жиренов, Ж.Аширов, Д.Тазабекова сияқты авторлар ұжымы дайындаған [6]. Қазақ тілін үйренуге арналған бұл оқу-әдістемелік кешен Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін өз бетінше

оқып-үйренгісі келетін азаматтарға арналған және қазақша тілдік қатынасты бірнеше деңгейге бөлу мен бағалаудың жүйесін іске асырады. Оқу-әдістемелік кешен алты деңгейді қамтиды: қарапайым, негізгі, орта, ортадан жоғары, жетік деңгейлер. Кешендегі тақырыптар нақты сағат санымен өлшенбейді, оның себебі тіл үйренуші өзінің талабы мен сұранысына қарай берілген тақырыптарды әр түрлі сағат мөлшерінде игеріп алуы мүмкін. Зерделеп қарағанда, оқу-әдістемелік кешеннің қазіргі заманғы шетел тілін меңгерудің әлемдік үлгілері мен еуропалық стандарттарды басшылыққа алып дайындалғаны байқалады. Кешен Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін меңгертуді қазақ халқының салт-дәстүрі мен өнерінен, тарихы мен мәдениетінен мәлімет беретін мәтіндер негізінде коммуникативтік-танымдық тұрғыдан меңгертуді, қазақша тілдік қатынасты еркін игертуді мақсат еткен. Алты деңгейден тұратын кешеннің әр деңгейі жеті құралдан тұрады. Олар: әр деңгейге арналған әдістемелік нұсқау, оқулық (түрлі-түсті безендірілген суретті кітап), оқу кітабы, лексика-грамматикалық минимум, бақылау тестері, жаттығулар жинағы және компакт-дискілер. Кешенді оқулықтарды кез-келген мұғалім өз ыңғайына лайықтап, әртүрлі дәрісханаларда тиімді пайдалана алады. Ол үшін тек қажетіне қарай тапсырмаларға өзгерістер енгізіп, жалпы шығармашылық ізденістер жасаса жетіп жатыр.

Олай болса, Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасынан бастау алатын кешенді оқулық негізінде оқыту ұстанымы бүгін де өз жалғасын тауып, оқушылар мен студенттерге білім беруде жаңғыртылып, толықтырылып, жаңаша қолданылып жүргені анық.

Сөйтіп, қазақ мектебі мен онда оқытылатын қазақ тілі пәнінің мәртебесін көтеруде, сондай-ақ орта мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарының сапасын арттыруда ғалым ұстанған дидактикалық ұстанымдардың маңызы зор. Сондықтан қазіргі әдістеме ғылымында кең қолданыс тауып жүрген оқыту ұстанымдарының ғылыми негізі – ХХ ғасырдың 30-жылдары Қ.Жұбанов сияқты әдіскер-ғалым еңбектерінде қаланғаны даусыз дәлел. Олай болса, профессор Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы өз уақыты талаптары тұрғысынан озық туған, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің негізін қалаған сүбелі еңбек деп бағаланады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанова М. Профессор Қ.Жұбанов ұлттық лингводидактика проблемалары хақында. – Алматы: Ғылым, 2002. – 82 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым. – 1999. – 581 б.
3. Оразбаева Ф. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тілге көзқарас. // «Жұбанов тағылымы-4» Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе: 2004. – 65-68-б.

4. Ерменбаева Л. Сейіл Жиенбайұлының ғылыми-әдістемелік мұралары: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 1999. – 148 б.

5. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі (педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). А. – 2001

6. Оразбаева Ф., Аяпова Т., Рахметова Р., Исабекова У., Нұрсұлтанқызы Ж., Абиыр К., Жайлаубаева Қ., Бейсембекова Г., Шадиева Н., Нұрғали С., Жиренов Е., Аширов Ж., Тазабекова Д. Қазақ тілі // Кешенді оқулық /Қарапайым деңгейден жоғарғы деңгейге дейін. – Алматы: Жазушы. – 2007

О ПРИНЦИПАХ СОЗДАНИЯ ЭЛЕКТРОННОГО ИНФОРМАЦИОННОГО РЕСУРСА ПРОИЗВЕДЕНИЙ РУССКОЯЗЫЧНЫХ ПИСАТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ БАШКОРТОСТАН

СИРАЗИТДИНОВ З.А.

*Институт истории, языка и литературы УФИЦ РАН
г. Уфа*

В сети Интернет функционируют электронные полнотекстовые информационные ресурсы литературных произведений, которые представлены в виде электронных библиотек художественных произведений; авторских страниц писателей, сайтов литературно-художественных журналов. Среди электронных библиотек в Рунете популярностью пользуются такие ресурсы как электронная библиотека художественной литературы «Библиотека Максима Мошкова» [1], литературные порталы современной русской поэзии и прозы [2-3], портал сетевой словесности «Современная русская литература в Интернете» [4], литературный портал для свободной публикации авторских произведений (стихи, проза, публицистика) и общения литераторов и читателей [5] и др. Большой интерес у читателей вызывают авторские ресурсы, например: Бориса Акунина [6], Виктора Астафьева [7], Ивана Бунина [8] и др. Среди литературно-художественных журналов следует отметить сайты журналов «Нева» [9], «Новое литературное обозрение» [10], «Дружба Народов» [11].

В последнее время среди разработчиков информационных литературных ресурсов наблюдается стремление к универсальности, выражающееся в соединении информации для обычного читателя и для исследователя-литературоведа, что является «одним из основных направлений развития информационных ресурсов в области художественной литературы и литературоведения» [12]. На данном этапе нашей работе по созданию информационного ресурса произведений русскоязычных писателей Республики Башкортостан в сети интернет мы такой универсальности не ставим. Основная

цель создаваемого ресурса, по крайней мере на данном этапе, — сделать доступным читателям всех категорий, в том числе и специалистам-литературоведам, произведения русскоязычных авторов нашего региона. Но в перспективе данный ресурс представляется содержащим критические и научные статьи по творчеству писателей и возможности лингвистического поиска. Реализация в ресурсах возможностей корпусной лингвистике было бы не только новым явлением, но и позволило бы ввести в научный оборот корпусные материалы региональных авторов. Сегодня, к сожалению, тексты русскоязычных авторов национальных республик не находят всеобъемлющего отражения в Национальном корпусе русского языка.

Русские писатели Башкортостана и пишущие на русском языке литераторы из башкир и других национальностей, проживающих на территории республики, вносят значительный вклад в общую национальную культуру республики, знакомя русскоязычного читателя с башкирской действительностью. В эпоху информационной открытости через произведения этих авторов не только многонациональный народ Российской Федерации, но и все мировое сообщество открывает для себя самобытную национальную культуру башкир.

Понятие русскоязычный писатель, возникшее со второй половины XX века, стало характерной особенностью художественной культуры не только нашей, но и всех национальных республик Российской Федерации. В научном мире идут споры о том, что выделять в литературе национального региона только одну русскоязычную литературу неправомерно. Некоторые исследователи по признаку родного языка писателя предлагают разграничивать русскую и русскоязычную литературы национального региона. Так Жиндеева пишет «Думается, что в основу дифференциации может быть положена возможность автора писать на национальном языке. К русской литературе можно отнести художественные тексты, написанные людьми, не владеющими национальным языком, то есть писателями, для которых ни один из национальных (кроме русского) языков не является родным» [13: с. 67].

Мы не разделяем такого подхода и под русскоязычными писателями понимаем всех писателей, пишущих на русском языке, в том числе и билингвов, активно творящих на двух языках. За пределами Российской Федерации функционируют Международная федерация русскоязычных писателей (МФРЯП, Будапешт) и Международная Федерация русских писателей (МФРП, Мюнхен), но в уставах обеих федераций нет понятия родного языка автора. Так МФРЯП объединяет всех писателей вне зависимости от их национальной и государственной принадлежности, консолидирует «представителей разных культур и национальностей, способствует сохранению приверженности к языку, расширению и укреплению многогранных связей и творческих контактов, культурному многообразию, повышению социальной значимости русскоязычной литературы – неотъемлемой части мировой культуры» [14]. В уставе МФРП декларируется, что «Федерация объединяет литераторов – граждан разных стран, которые пишут на русском языке,

переводят русскую литературу на иностранные языки или иностранную на русский» [15].

Часть русскоязычных писателей республики являются уроженцами Башкортостана: Ю. Андриянов, Р. Ахмедов, М. Гафуров, Р. Паль, А. Филиппов, М. Чванов, Д. Швецов – всю жизнь и творческую деятельность связали с республикой, другие же, как А. Генатулин, М. Львов, Я. Мустафин, Б. Романов, В. Сорокин, Р. Хуснутдинова, Л. Шикина, впоследствии переехали в Москву. А такие литераторы, как Г. Шафиков, В. Денисов, А. Докучаева, Б. Павлов, В. Перчаткин, И. Слободчиков, И. Сотников, В. Трубицын, родившиеся за пределами Башкортостана, переехали в республику и восславляли вторую малую родину [16].

Численность русскоязычных писателей в республике неуклонно растет, что объясняется наличием печатных литературных СМИ и возможностью свободной публикации произведений в бесплатных Интернет ресурсах. Отражением этого является существование в республике нескольких общественных объединений русскоязычных писателей: объединение при Союзе писателей РБ, Уфимское литературное объединение (УфЛИ), Уфимское литературное созидательное содружество (УЛИСС).

К сожалению, существующие отечественные литературные Интернет ресурсы не позволяют делать выборки по времени издания и месту жительства литературных деятелей, которые несомненно являются важными для анализа не только обще литературоведческих вопросов, но и для выявления региональных особенностей авторов их и вкладов в общий культурный процесс страны. В то время как «изучение региональной литературы как локально-регионального феномена культуры позволяет противостоять глобализации и унификации национальных культур и российской культуры, составить целостное представление об общероссийском литературном процессе» [17: с.3].

Создание полного электронного ресурса русскоязычных писателей Башкортостана позволит представить полную картину культурно-духовных связей башкир и русских в Республике Башкортостан. Отметим, что определенные попытки такого представления на основе выборочного анализа доступных материалов для периода 19 – начала 20 веков позволили выявить предпосылки в развитии башкирско-русских контактных литературных явлений рассматриваемого периода и раскрыть закономерности образования литературного синтеза и роли контактных связей в эволюции башкирской и русской словесности [18: с.5].

Привлечение больших полнотекстовых литературных данных для сравнительного анализа русскоязычных и башкироязычных писателей позволит полнее изучить контактные литературные отношений, поскольку исследования в этом русле помогают решать актуальные проблемы не только литературно-исторического, но и ценностнокультурного характера [18, с. 20]. Создаваемый электронный ресурс может способствовать пониманию многих закономерностей и особенностей возникновения и развития башкирско-русских литературных контактных связей и в наше время.

Электронный ресурс должен содержать полнотекстовые произведения с классификацией по жанрам. Проблема классификации художественной прозы является спорной и как отмечают литературоведы «установление систем и классификаций жанров всегда будет сохранять опасность случайности и субъективизма» [19: с. 215]. Однако мы считаем, что прозаические тексты должны включать жанровые классификационные характеристики. В литературоведении жанры прозаического текста достаточно полно определены, ядреную часть которого составляют роман, повесть, рассказ, новелла, очерк, притча, эссе, зарисовка, фельетон, литературная сказка. Для эпических жанров характерно тематическое деление, они могут быть фантастическими, детективными, философскими, историческими, приключенческими [20: с. 42]. Учитывая это нами в жанровую классификацию включается и тематика прозаических произведений, которые могут быть историческими, фантастическими, детективными, фэнтези, приключенческими, психологическими и др.

Каждый текст художественного произведения наряду с указанием автора, должен иметь дату первой публикации и источник публикации в виде названия печатного издания (журнал, литературная газета, альманах), издательства, электронного ресурса в котором опубликован.

В электронный ресурс должны войти прозаические произведения изданные с XIX века — по наше время. Начало хронологической рамки выбрано с тем, чтобы охватить творчество таких писателей как С.Т. Аксакова, П. М. Кудряшева, В. С. Юматова, В. С. Лосиевского, М. Л. Михайлова, М. В. Авдеева и других, выходцев с исторического Башкортостана, в чьих произведениях нашли отражение национальные черты башкирского народа, его быт, природа края и взаимоотношения с русским народом.

Такой электронный ресурс в сети Интернет в свободном доступе будет играть важную роль в культурной жизни Республики Башкортостан, позволит популяризации произведений, отражающих интернациональную тему в современной отечественной литературе, явится одной из актуальных мер в создании и укреплении единой российской нации, являющейся союзом разных народов РФ, крепко связанных историческими и культурными узами.

В научном плане ресурс позволит выявить в произведениях русскоязычных писателей наряду с общечеловеческими проблемы нравственности и многогранные особенности полиэтнического пространства России, в которых «ярко высвечиваются идеи патриотизма и толерантности» [21: с.166] и сложные процессы языковых контактов лексико-фразеологического характера, картины мира и концепта.

ЛИТЕРАТУРА

1. Библиотека Максима Мошкова [электронный ресурс]. URL:<http://lib.ru/> (дата обращения: 10.10.2019).

2. Портал Стихи.ру [электронный ресурс]. URL:<http://www.stihi.ru> (дата обращения: 10.10.2019).
Отметим, что деловая игра предполагает коллективный метод обучения. Любое решение является решением коллектива, сформированным в процессе обсуждения нескольких групп этого же коллектива. Коллективный метод позволяет обучаемым легче адаптироваться в социальной среде. Студент учится оказывать поддержку члену коллектива или отстаивать собственное мнение и убеждать членов своего коллектива. Таким образом, он имеет возможность самоутвердиться в коллективе, и научиться быть более уверенным в себе. Это способствует развитию личности с проявлением своей индивидуальности. При коллективной форме участия в процессе обучения, студенты определяют свою потребность в саморазвитии.

Деловая игра включает несколько методов обучения: дискуссию, анализ конкретной ситуации, сбор и обработку информации, мозговой штурм, создание презентации по установленным требованиям, подготовка тезисов для аргументации выдвигаемой гипотезы.

Рассмотрим на примере одну из деловых игр, предлагаемую студентам, изучающим экономику сектора недвижимости. Цель деловой игры предусматривает в игровой форме разобрать основные разделы инвестиционного меморандума, закрепить навыки аргументации, отстаивания своего мнения. Научить формату предоставления информации и ораторскому мастерству.

Основные знания, полученные по итогам деловой игры, включают: понимание процесса принятия решения, знание основных блоков инвестиционного меморандума, практическое применение теоретического материала, необходимого для аналитики блоков инвестиционного меморандума.

Ожидаемые результаты деловой игры включают

- Ознакомление со структурой и основными разделами инвестиционного меморандума.

- Вычисление финансово-экономических показателей, позволяющих определить эффективность и инвестиционную привлекательность проекта.
- Умение разрабатывать карту рисков, классифицировать риски по мере их важности и формирование проактивных мер реагирования по управлению этими рисками.
- Обоснование мнения по результатам проведенного исследования.
- Связь макро и микроэкономических категорий в единую систему окружающей среды, влияющей на основные параметры экономической модели проекта.

Примером может служить деловая игра на тему «Оценка бизнес-центра в Европе».

В данной игре студенты выступают в роли аналитической группы, рассматривающей проект, и готовят свое обоснование в форме инвестиционного меморандума для инвестиционного комитета. Среди студентов выбирают лидера, которого называют project owner. Основная цель project owner – организовать участников проекта, распределить зоны ответственности и описать с помощью команды основные блоки инвестиционного меморандума. Подготовить в требуемом формате презентацию и защитить проект на инвестиционном комитете.

Преподаватель выступает в роли председателя инвестиционного комитета. В заключении он выносит резюме о принятии или отклонении проекта. В начале игры преподаватель объявляет тему заседания инвестиционного комитета. Затем одна группа озвучивает ряд теоретических вопросов, используемых при подготовке проекта.

В частности, одним из ключевых показателей оценки эффективности инвестиционного проекта является чистая приведенная стоимость (Net Present Value – NPV). Чистая приведенная стоимость позволяет определить покрывает ли дисконтированный денежный поток, при заданной процентной ставке уровень вложенных инвестиций. Если $NPV > 0$, в таком случае дисконтированные доходы от проекта за определенный период выше суммы инвестиций, что обеспечивает положительную возвратность на вложенный капитал. В обратном случае, когда $NPV < 0$, дисконтированные доходы проекта ниже суммы инвестиций и проект при заданной процентной ставке убыточен.

Другим показателем, всегда интересующим инвесторов, является показатель внутренней нормы доходности (Internal rate of return – IRR). Если норма доходности равна ставке дисконтирования, то в этом случае чистая приведенная стоимость равна нулю, проект безубыточен.

Студенты, разрабатывающие различные блоки инвестиционного меморандума выдвигают лидеров, которые будут презентовать материал своего блока. Рассмотрим основные блоки инвестиционного меморандума.

1) *Характеристика объекта недвижимости.* Характеристика дается с позиции стандартов описания объекта в REIT (компаниях по управлению недвижимостью), которая включают описание следующих параметров:

- Местоположение.

- Полная площадь объекта.
 - Полезная площадь объекта. При расчете полезной площади исключаются лестницы, холлы, другие места, не сдаваемые в аренду.
 - Средняя ставка арендной платы за квадратный метр.
 - Год постройки объекта и год капитального ремонта.
 - Наличие парковки и количество парковочных мест.
 - Уровень занятости площадей.
 - Отраслевая направленность арендаторов.
- 2) *Описание основных темпов в отрасли REIT* включает:
- Уровень доходности, измеряемый через Cap rate.
 - Уровень заполняемости объекта.
 - Наличие пролонгированных договоров на аренду.
 - Средние темпы роста выручки с учетом инфляционных ожиданий.
- 3) *Карта рисков проекта*. Данная карта включает:
- Макроэкономические риски: темп роста деловой активности, политическая стабильность, влияющая на договора с международными компаниями (санкционные ограничения).
 - Организационные риски.
 - Риски управления объектом на расстоянии.
 - Наличие и размеры обязательных платежей в бюджет.
 - Уровень налоговой нагрузки.
- 4) *Финансовый план, включающий расчет доходности проекта на основании данных из отчета о прибылях и убытках и прогноз дисконтированных денежных потоков*.
- 5) *Вывод о целесообразности входа в проект или принятие решения об отказе от проекта*.

По вышеизложенным блокам строится презентация, и пишутся основные тезисы выступления. Представители каждого блока докладывают свою часть, исходя из общей цели проекта. Преподаватель задает вопросы для проведения дискуссии. Заключительное слово по презентации проекта предоставляется руководителю проекта, так называемому project owner.

Затем выступает преподаватель, который дает оценку проекту. Преподаватель ставит вопрос о принятии проекта на голосование членов инвестиционного комитета. Членами инвестиционного комитета являются руководители каждого блока. После голосования, если преподаватель не согласен с мнением студентов, он обосновывает своё мнение и доводит до студентов основные моменты, которые они могли не учесть при анализе проекта.

Список литературы

1. Аргументация. [Электронный ресурс]. – Режим доступа. <https://www.mental-skills.ru/dict/argumentatsiya/> (дата обращения 25.09.2019).
2. Деловая игра в процессе образования. [Электронный ресурс]. – Режим доступа. https://akvobr.ru/delovaja_igra_v_processe_obrazovania.html (дата обращения 25.09.2019).

«БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Н.БАЛТАБАЙҚЫЗЫ

э.ғ.к., «AINAR» қоғамдық қорының директоры, Нұр-Сұлтан қ.
nurqul.astana@gmail.ru

Д.А.ДҮЙСЕМБАЕВА

заң ғылымдарының магистрі, М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты,
Ақтөбе қ. diko_0805@mail.ru

Қазіргі уақытта әлемнің дамыған елдерінде тауарлар мен қызметтер өндірісінде интеллектуалды ресурстардың шешуші маңыздылығымен сипатталатын «индустриалдық экономикадан» «инновациялық экономикаға» немесе «білімділік экономикасына» өту байқалады.

Білім беру және мамандарды даярлау жүйесінде адами капитал мен инвестицияның маңыздылығының артуы – білімділік экономикасының негізгі белгілерінің бірі.

Адами капиталдың жоғары әлеуеті елдің қауіпсіздігін және қуатын өсіретін, рухани және интеллектуалды жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыратын табиғи қажеттілік болып табылады.

Адами капиталдың сапалы өсуі білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, спорт, еңбек нарығы және басқа да салалардың дамуына тікелей байланысты болады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өз Жолдауында «Сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі, елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр. Өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет. Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырамын. Сондай-ақ қолданыстағы, әсіресе мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, парктерді, саябақтарды жабдықтау қажет» - деп атап көрсетті. [1]

Қоғамның даму тарихында дене шынықтыру және спорт адамның физикалық және психикалық қасиеттерін қалыптастыруда ерекше роль атқарады. Дене шынықтыру және спорт жеке тұлғаның физикалық, ақыл-ой және психикалық үйлесімділігінің тәрбиесіне орасан зор мүмкіндіктер тудырады. [2, 9]

Денені жүйелеп шынықтыру мен денсаулықты қалыптастыру - адамның ой санасының жетілуі мен творчестволық күшінің дамуының негізі.

Денені шынықтыру және спортпен шұғылдану – тек адам денсаулығын қолдау мен нығайтудың ғана емес, сонымен қатар қатігездік әрекеттерге (адам

өлтіру, қарақшылық жасау, зорлау, тонау) қосылуға және қауіпті діни ұйымдар қатарына кіруге жол бермейтін, адамға зиянды әдеттердің (маскүнемдік, шылым шегушілік, уытқұмарлық) және әр түрлі инфекциялық емес аурулардың алдын алудың, үйлесімді жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуының басты құралы.

Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңына сәйкес «Дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы». (1-бап, 3-тармақ). [3]

2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізде қимыл-тірек аппараты және көру қабілеті бұзылған мүгедектердің саны 285 300 адамды құрайды, оның ішінде дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде 31 952 адам немесе осы санаттағы тұлғалардың жалпы санының 11,2 % айналысады. [4, 99]

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) көрсеткіштеріне сүйенетін болсақ, жыл сайын аутизм 13 пайызға өсіп келеді. Ғалымдардың пікірінше, 2020 жылға таман планетамыздың әрбір 30-шы тұрғыны аутизмге шалдығады. [5]

Қазіргі таңда әлемде әр 59-шы бала аутизмі бар деген мәліметтер бар. Сарапшылардың айтуы бойынша Қазақстанда тіл және ой дамулары артта қалған, оның ішінде аутизмге шалдыққан балалардың саны 300 мыңға жуық. Дегенмен, қазіргі таңда нақты статистикалық мәліметтер жоқ. Біздің елде статистикалық есепке тек қана мүгедектігі расталған аутизм балалары алынған. Ал жастары 7 жасқа дейінге мүгедектігі расталмаған балалар қоғамның да мемлекеттің де назарынан тыс қалып отыр. [6]

Осы тұрғыда елімізде ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды (балаларды) сапалы біліммен қамту, арнаулы білім жүйесінде инклюзивті балалардың білім алуға қолжетімділігін кеңейту, бейімдік дене шынықтыру және спортты дамыту қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде іс жүзіне асырылып жатқан инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы – ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін, оларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік беретін білім үрдісі.

Күнделікті дене тәрбиесі жаттығулары ерекше оқытуды қажет ететін балалардың бұлшық еттерінің төзімділігін арттырады, күш және ептілік қабілеттерін жетілдіреді, спорттық қозғалыс нәтижесінде баланың координациясы қалыптасады, сонымен қатар олардың икемділік пен үйлесімділік мүмкіндіктері жақсарады. Денені шынықтыру және спортпен шұғылдану ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың күнделікті көңіл-

күйлерін жақсартады, олардың басқа балалармен топтық және жұптық жұмыстарда қарым-қатынасына қажетті қабілеттерін дамытуға әсер етеді: өзіне деген сенімділігін, өзгелерге жәрдем беру, достық және ұжымшылдық сезімдерін арттырады, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады.

Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Заңында «Бейімдік дене тәрбиесі», «Денені сауықтыру және мүгедектердің әлеуметтік бейімделуі» түсініктері енгізілген.

Бейімдік дене шынықтыру және спорт – мүгедектерді оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, олардың толыққанда өмірді сезінуіне кедергі келтіретін психологиялық тосқауылдарды еңсеруіне, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлес қосуының қажеттігін сезінуіне бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешені (1-бап, 3-тармақ). [3]

Осы Заңның «Бейімдік дене шынықтыру және спорт, денені сауықтыру және әлеуметтік бейімдеу» атты 19 бабы нормативтік-құқықтық акт болып табылады. [3] Оған сәйкес мүгедектердің дене тәрбиесі және спорт жаттығуларын ұйымдастыру, кадрларды даярлау, әдістемелік, медициналық қамтамасыз ету және мүгедектердің дене тәрбиесі және спортпен айналысуына дәрігерлік бақылау жасау, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, дене тәрбиесі және спорт органдарына жүктеледі.

«Бейімдік дене шынықтыру» ұғымының мазмұнын төменде келтірілген анықтамалар айқындайды:

– денсаулығында ауытқулары бар адамның, оған қоса мүгедектің және қоғамның дене шынықтыру түрі (саласы);

- денсаулығында ауытқулары бар адамды, сонымен қатар мүгедекті өмір сүруге жан-жақты дайындау, сондай-ақ кешенді оңалту және әлеуметтік интеграция барысында оның күйі мен дамуын оңтайландыру бойынша іс-әрекет және оның әлеуметтік және жеке маңызы бар нәтижелері;

- өзіндік ерекше үрдіс және адам іс-әрекетінің нәтижесі;

- денсаулығында (дене, интеллектуалдық, эмоция мен еріктік, эстетикалық, этикалық және т. б.) ауытқулары бар жеке адамның барлық қырлары мен қасиеттерін дене жаттығуларының, табиғи орта және гигиеналық факторлардың көмегімен жетілдіру және үйлестіру құралдары мен тәсілдері. [4, 113]

«Бейімдік дене шынықтыру» және «Бейімдік спорт» терминдері көптеген шет елде ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың интеграциясына ерекше назар аударып, кеңінен қолданылады және денсаулық жағдайында бұзушылықтары жоқ тұлғалардың жоғары жетістіктер спортынан басқа қозғалыс белсенділігінің барлық түрлерін қамтиды – яғни, жаппай спорт, түрлі білім алу деңгейіндегі дене тәрбиесі, рекреациялық қозғалыс белсенділігі және мүгедектердің жеке қозғалыс белсенділігі.

Қорытындылай келе, айтарымыз, елімізде адами капиталдың сапалы өсуін қамтамасыз етуде бейімдік дене шынықтыру денсаулығында (дене,

интеллектуалдық, эмоция мен еріктік, эстетикалық, этикалық және т.б.) ауытқулары бар жеке тұлғаларды оңалтудың және әлеуметтендірудің ең қол жетімді құралы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы. Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газеті. № 116 (20704), 6 қазан 2018 жыл.
2. Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта. М. Радуга. 1982. – с. 9.
3. Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы. Ақорда. Астана. Online.zakon.kz
4. Бейімдік дене шынықтыру және спорт. Оқу құралы. Нұр-Сұлтан – 2019. – 99 бет.
5. Булат Джумагалиев. Газета «Білімді ел – Образованная страна». №14 (123) от 10 апреля 2018 г.
6. Балтабайқызы Нұргүл. Аутизм – ғасыр дерті. Аутизм бойынша Бірінші Республикалық Форумының материалдары. Астана. 2019 жыл 5 сәуір. 14 б.

СӨЗ АСЫЛЫН ІЗДЕСЕҢ...

ДУЙСЕБЕКОВА АЙСАУЛЕ ЕСЕНГАЗИЕВНА

Филология ғылымдарының кандидаты, АрқМПИ профессоры

ӘШІМОВА НҰРИЛА ТАЛАПБЕКҚЫЗЫ

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенті

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты.
Арқалық қаласы aisaule_duisebekova@mail.ru*

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе...» деп, С.Торайғыров атамыз тілге тиек еткендей, кемеңгер ақынның жан дүниесіне үңіліп, даналықтың нәр бұлағымен сусындау – жан дүниеміздің рахаты болмақ. Қазақта ақын көп болғанымен, Абай – жалғыз! Ұлы ойшылдың артында қалдырған өшпес мұралары, сан ғасырдан бері сарқылмаған қазынасы – халқымыздың Темірқазығы. Күллі әлем бүгінде Абайдың айтқан сөздерін рухани азық етіп жүр, өйткені Абай тағылымы – адам жанының емі.

Қазақты Абайсыз, Абайсыз қазақты елестету мүмкін емес, себебі біздің қазіргі өміріміз, болашағымыз, барлығы ақын шығармашылығымен үндеседі. Ойшылдың айтқан әр сөзін жүрекпен сезініп, тұла бойымызға сіндіре білсек, санамыз жаңғырып, рухани тәрбиеленеміз. Абайша айтқанда:

«Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас сырғанап.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бойдағы қанды қуалар» [1,55-б.]

Дана ақынның сөзі – жүрекпен айтылған сөз. Біз жүрекпен қабылдаған кезде, оның жұмбағын шеше аламыз.

«Ұлттық сананы өзгерту үшін, ең әуелі жеке адам санасы сілкінуі тиіс». Бұл заңдылық Абай ілімінде тұнып жатыр. Ойшыл қоғам тәрбиесі – жеке тұлға тәрбиесімен бастау алатынын көрсетті. Тамшыдан тама-тама теңіз болатыны секілді, әр адам өз мінін тауып, дер кезінде шара қолдана білсе, қоғам тәрбиесінің дұрысталуына мұрындық болады.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған...» - деп, Ахмет Байтұрсынұлы Хакім Абай жайлы бірер сөз қалдырған екен.

Иә, осыншама қасиеттерді бойына жинай білуі Абайдың даналығын көрсетеді, әрі қайталанбас тұлға екенін дәлелдейді. Әдебиетімізде Абай шығармашылығын үш топқа бөліп қарастырамыз: қара сөздері (ғақлиялары), өлеңдері, аудармалары. Қайсысын алып қарасақ та, халқының мүшкіл халін ойлап, өткір тілді сөзімен сол қауіптен шығатын сара жолын көрсетеді. Абай тағылымы – жүрек ілімі, ар ілімі, яғни, терең қоғамдағы адам орны, жан мен тәннің ара-қатынасы, тәрбие мен білім мәселесі:

Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл...[1]

Иә, оқу инемен құдық қазғандай қиын. Бірақ оның нәтижесі бал жегендей тәтті болады. Біздің әр үйренген біліміміз, өз өміріміздің бір кірпіші. Біреу үшін емес, өзіміз үшін білім, ғылымды меңгерсек, биік шыңды бағындырарымыз хақ. Жақсылықты игі тұтып, жамандықтан іргемізді аулақ ұстасақ, дегенімізге жетеміз, халықтың қалаулысына айналамыз. Абайдың айтпағы да осы. Ақынның мақсаты халқына адал қызмет істеп, өз заманындағы ең озық ой, пікірге жетекші болу болатын, сондықтан да:

«Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып көңілін ашпақ», – дейді.

Хакімнің асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің

асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендігі. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына, сыпайылығына қарамаған, жалтақтап, жатырқамай, әр заттың қалыбын сол қалыбынша айтуды сүйген. Мәселен, «Адам бір боқ көтерген боқтың қабы...» өлеңінде тайсақтамай ақиқатты ақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған[2,67-б.] .

Абайдың қара сөздері өлеңдері сияқты алуан түрлі мәселені қозғайды. Өлеңдеріндегі мағыналы мазмұн қарасөздерінде де қамтылады. Жанына әсер еткен түрлі оқиғалар, көзіне көрінген жайттар өлеңдерінде жырланады, қарасөздерінде тебірене жазылады. Мәселен, «Он жетінші сөзінде»: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» делінген, яғни, өзі үшін емес, елі үшін, туған жердің қамын ойлап, жан аямай еңбек еткен, қара терге малынған пендені - Алланың сүйіспеншілігіне ие болған, нағыз адамшылдық қасиетке лайықты, еңбекқор жан екенін айтып кеткен.

Жетінші сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады:...» - дей, келе тән құмарын жан құмарынан бөліп көрсеткен. Ішсем, жесем, ұйықтасам деген баланы тән құмарлығын ойлаған мінезді бала деп, ал, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген баланы жан құмарлығына берілген бала деп саралаған.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда тәрбиелік мақсатта пайдалануда педагог-ғалымдар мен психологтардың жас ерекшеліктері туралы ілімін және Абай шығармаларын тәрбиелік мақсатқа тиімді қолдану керек. Мәселен, 1-сынып оқушыларының бойына сіңіретін негізгі әдет, дағдыларының бірі оларды тәртіпке бойсынуға тәрбиелеуде ақын шығармаларын осы мәселені шешетін құрал ретінде қолданылуы тиіс.

Бастауыш оқушыларының Абайдың өз сөзімен айтсақ, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген жан құмарының басымдығымен қатар қайратының әлсіздігі, әсерленгіштік пен жақсы оқуға ұмтылумен қатар бір нәрсеге ұзақ көңіл қоюының қиындығы, зейінділігі жақсы болғанымен, табандылығы нашар болып келетіні белгілі. Осылардың бәрін дұрыс орындау тәртіптілікке қатысты. Сондықтан 1-сыныптан бастап-ақ оқушыларды тәртіпке бағынуға тәрбиелеу кейінгі сыныптарда, тіпті бүкіл өмірінде аса маңызды[3.94 б.].

Балаларды тәртіптілікке тәрбиелеуде Абай шығармаларын тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақынның 32- қара сөзіндегі пікірді арқау етіп, оқушыларға оқудағы мақсат білу, білмекке ұмтылу, ал білу деген көргенін, естігенін көңілге түйіп, тағы да білмегенін білу үшін пайдалану. Мұны 19-қара сөзіндегі «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады ... Сол естілердің естіп білген жақсы нәрселерін ескермес, жаман дегеннен сақтаса, сонда іске жарайды...», – деген үзінділер мен өлеңдеріндегі осы секілді пікірлерді пайдалануға болады. Бұлар, әрине бала ұғымына ауыр болса да ұстаздар көмегімен игертуге болады.

Айталық, 32-қара сөзден мынадай үзінділерді оқушыларға жаттатып, әр кез үйрету пайдалы әдет-дағдылар қалыптастырудың кепілі: 1. Бір ғана білмектің өзін дәулет біл.

2. Білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді білсем екен деп үміттен.

3. Әрбір естігеніңді, көргеніңді жақсы ұғынып ал.

Немесе 19- қарасөзінен:

1. Естіген жақсы нәрселерді ескер, жаманнан сақтан.

2. Есіткеніңді қайта сұрап ал.

3. Есіткеніңді ұғайын деп ұмтыл, т.б.

Міне, осылайша оқушылардың бойында тәртіпке бойсыну сезімдері мен дағдыларын қалыптастыруда Абай шығармаларынан көптеген материалдар тауып пайдалануға болады [4,73-б.].

Бастауыштың 4-сыныбында оқу-ғылым тақырыбы жалғастырылады, оны Абайдың 38-қарасөзіндегі ғылым туралы пікірлер арқылы тереңдетуге болады: «адамның ғылыми, білімі хақиқитқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады... ол хәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық» екендігін түсіндірумен қатар адамның өміріндегі ғылымның маңызын ұғындыру үшін ақынның

17- қарасөзіндегі ғылым туралы пікірін пайдалану және:

Ғалым болмай немене

Балалықты қисаңыз.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз

деген өлең жолдарындағы «балалықты қисаңыз» және «болмаса да ұқсап бақ» деген сөздерінің маңызын ашып түсіндіру керек.

Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Әне оны берем, міне мұны берем деп, бастан балаңды алдағаныңа маз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің? “Боқта” деп біреуді боқтатып, “кәпір, қияңқы, осыған тимендерші” деп, оны мақсаттандырып тентектікке үйретіп қойып, “қу, сұм бол” деп, “пәленшенің баласы сенің сыртыңнан сатып кетеді” деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қыласың » деп, теріс тәрбие беретін ата-аналарды қатты сынға алады. «Ақыл- ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жөндей сабап, –

деп, кейбір адамдардың іс- әрекетіне кейістік білдіреді.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз, –

деп, ел қамын ойлаған адамның бойында қандай қасиеттің болуы керектігін тізбектейді. Ақылды азамат болу үшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы үш нәрсеге байланысты екендігін айтады:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек,–

деп адам мінезіндегі орынсыз мақтап, ойсыздық, салғырттық, жалқаулық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратындығын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет- дағдылардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.

Абай ұрығын сепкен оқу, өнер- білім, адамгершілік әдет, мораль мәселелері қазақ халқының рухани азығына айналып отыр.

Қоғамдағы кез келген дерттің емі ақын шығармашылығында көрініс тапқан. Ғибратқа толы, пәлсапалы мол ілімінде маржандай тізілген мәнді сөздері жүрекке жетпей қоймайды. Оның қасиеттілігі ешқашан жоғалмайды. Ол – мәңгі. Өзінің асылдық қасиетін жоғалтпаған Абай сепкен ұрық, еккен дәндер бір ғасырдан бері өсіп-өніп біздің әдебиетімізді, мәдениетімізді, бүкіл рухани өмірімізді көркейтіп келеді.

Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны, кеменгерлігі, ақын мұрасының рухани көздері, көркемдік әлемі, данышпандық келбетінің алар орны ерекше. Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының басындағы мәңгі жарық жұлдызы, қайталанбас мықты сөз зергері.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ахметов. Абайдың өлеңдер жинағы. Алматы: «Жазушы» баспасы, 2001
2. С.С.Қорабай. Абай. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Әдебиет Әлемі» баспасы, 2013
3. Әуезов М. Абай жолы. 4-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ

ЕРГАЛИЕВА Г.А.

п.э.к., доцент

ЕШНИЯЗОВА Н.Ж.

Магистрант

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал қаласы, Қазақстан*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі уақытта оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ғылыми зерттеулердің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бүгінгі жаһандану заманында әлемде орын алып отырған кең ауқымды қарыштап дамудағы өзгерістерге, сондай-ақ ақпараттық жаңару олардың шұғыл дамуы жиырма бірінші ғасырға жаңа білім мен соған сай түсінікті қалыптастыруды қажет етеді.

Білім беру жүйесінде тұлғаға бағытталған оқытудың оқу үдерісіне енуі мектепте бір жағынан мазмұнды, тәжірибеге бағытталған екінші жағынан қолжетімді және қызықты болуды көздейді. Мұғалімдер үшін білімді игерту маңызды болғанымен, бірақ қазіргі уақытта оқу үдерісінің басты мақсаты баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету маңыздылығы арта түсуде. Болашаққа арналған заманауи білім беру жүйесі жылдам дамып келе жатқанда ақпараттар ағынына жедел жету қабілетіне негізделуі керек, демек, заманауи білім алынған ақпаратты түсіне білу және қолдану құқығын иеленеді.

Бұл тұрғыда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе келе психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау кезеңде мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселесі түрлі аспектілерде қарастырылғандығын көруге болады. Қазіргі кездегі әдістемелік, педагогикалық және ғылыми еңбектерде оқытудың жаңа технологияларына, интерактивті құралдары мен ұғымына, оны жүйелеуге, оны пайдаланудың тиімділіктері туралы көптеген еңбектер жарық көруде. Педагогика-психологиялық іс-әрекет теориясы туралы ілімді Шамова Т.И., [1] Елеубай С. [2] Шоқаева Г.Ә. [3] Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М [4], Бұзаубақова К.Ж., [5] Өстемиров Қ., Айтбаева А., [6] т.б. еңбектерінде қарастырылады. Оқытудың интерактивті әдістемелерімен Қазақстандық ғалымдар Әлімбекова А.С. [7], Тұрғынбаева Б.А. [8],

Тұрлыханова М. [9] жан-жақты айналысуда. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны басқару емес, оның даму үдерісін басқару қажет. Оқушы белсенділігінің әсерін арттыру үшін қолданылатын әдістерді-интерактивті әдіс деп атайды. Соңғы кездегі отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту Заир-Бек С.И, Мушавинская И.В., Халперн Д., Хулл К.С, Поллат Е.П. және т.б.ғалымдар еңбектерінде зерттелгендігін көруге болады.

Е.Поллат психология мен білім берудегі гуманистік көзқарастың басты ерекшелігі – адамның даралығына, оның жеке басына, тәуелсіз сын тұрғысынан ойлаудың саналы дамуына ерекше назар аудару ...» керектігін сипаттай келе адам дамуындағы саналы көзқарастың қалыптасуының негізі сыни тұрғысынан ойлау екендігіне тоқталып кетеді [45]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Осындай жаңа технологияның бірі сыни тұрғысынан ойлау сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, тұлғаны ары қарай дамытады.

Қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлауды дамыту міндеті бірінші кезекте тұр. Бүгінгі күні ақпарат алу ғана емес, оны сыни бағалау, түсіну, қолдануға үйрету маңызды. Жаңа ақпаратпен танысқан кезде оқушылар жаңа ойлар мен әртүрлі көзқарастарды саралай келе, осы ақпараттың дәлдігі мен құндылығы туралы қорытынды жасау арқылы сыни ойлана білуі керек.

«Сын тұрғысынан ойлау» терминінің анықтамасына түрлі параметрлер кіреді: дағдылар, іс-шаралар, құндылықтар. «Стивен Норисстің пікірінше, сын тұрғысынан ойлау – бұл сенуге болатын нәрселер туралы ұтымды түсінік – деп сипатталады.

Бразилиялық педагог Пауло Фрейр пікірінше, дәстүрлі «кумулятивтік» білім беруді «проблемалық-деңгейлі» біліммен алмастыруға тиіс, ол кезде оқушылар нақты өмірлік мәселелермен айналыса отырып дамиды деп тұлғаның дамуындағы тәжірибеге бағытталған оқытудың тиімділігін атап өтеді. «Тек белгілі бір проблемамен күресіп, қиын жағдайдан өз жолын табу арқылы тұлға сыни ойлайды». Осылай өз бойында ұшқыр ойлауды, кез-келген уақытта жол таба білуді, шешім қабылдай алу қабілетін дамытуға сыни ойлау негіз болады.

Сыни тұрғыдан ойлаудың философиялық негіздері мұғалімнің, оқушының және оқу үдерісінің қазіргі заманғы азаматтық қоғамдағы қызметінің мағынасын түсінуге көмектеседі.

Сыни ойлау дегеніміз не?

- Бұл адамның ойлау қабілеті.
- Бұл идеялар мен ақпараттың өзара әрекеттесуінің табиғи жолы.

- Өмірдің жеке тәжірибесі туралы жаңа ақпаратты енгізіп, бейжай қабылдамай, ойлауды ашық ету.

- Ойлауды бағалау, рефлексиялау.

Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері зерттеушілердің назарын ерекше аударып отыр. Осы күні мектепте әлеуметті жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа ақпаратты меңгере білетін, саналы адамдар тәрбиелеуге талап қойылуда. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп оқушысының төменгі сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім сапалы оқытуға негізделген жаңа бағдарламамен, жаңа технологиялармен оқыту қажет.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы XX ғасырдың соңында АҚШ-та дамыды (С. Temple, D. Steele, K. Meredith). Ол ресейлік отандық технологиялар ұжымдық және топтық оқыту әдістерінің идеялары мен әдістерін синтездейді, сондай-ақ ынтымақтастық, дамуды үйретеді. Ол ашық ақпараттық кеңістіктің негізгі дағдыларын меңгеруге, мәдениетаралық өзара әрекеттесуге кіретін ашық қоғамның азаматтық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Технология білім беру саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге негізделген.

Тұлға қалыптасуында сыни тұрғысынан ойлаудың Л.С.Выготский оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру технологиясын зерттей келе «әрбір көрініс – бұл ішкі даулардың нәтижесі; ол адам бойындағы жаңа сілкіністі туындатады – дей келе оқушының бойындағы ойлау қабілеті сындарлы көзқарастарды салыстырмалы қолданғанда дамидығына тоқталады. Д.Дьюи, Дж.Пиагет және Л.С.Выготскийдің еңбектерінде оқушы мен оқытушының шығармашылық ынтымақтастығы, оқушыларға кез келген материалға талдау жүргізуде шынайы еңбек нәтижесімен бірге шығармашылық көзқарастың дамидығын дәлелдейді.

Осылайша, ғалымдар көзқарастарын талдай келе балаларға сыни ойлауға үйрету – «бір мезгілде сенімсіздікті айқын анықтамамен, анық нұсқаулармен өшіре алатын және и л л ю з и я ғ а батыру қаупін едәуір төмендететін заманауи мәдениеттің және бүкіл адамзат өркениетінің жалғыз құралы» деп есептейміз.

Мұғалімдер тарапынан көрсетілетін көмек пен қадағалаулар қиындықтарды жоюға емес, керісінше оқушының оларды жеңу үшін жасалатын іс-әрекеттеріне тиіс жұмыс жасалуы қажет. Осылайша, оқу процесінде жасөспірімдерді сыни ойлауды дамыту қажеттілігі мен сабақтарда осы мәселені шешу үшін психологиялық, педагогикалық және әдістемелік негіздердің жетіспеушілігі арасындағы қайшылық анықталады. Оқыту үрдісінде жасөспірімдерде сыни ойлауды дамыту келесі жағдайларда тиімдірек болады:

- 1) мектеп оқушыларына сыни ойлауды дамыту мақсатты түрде жүзеге асырылады.

- 2) оқушылардың сыни ойлаудың бастапқы деңгейін ескеру қажет;

- 3) оқу материалдарының мазмұнын таңдау оқушылардың сын тұрғысынан ойлаудың барлық компоненттерін дамыту (мотивациялық, қызмет, рефлексиялық-бағалау);

4) кіші жасөспірім оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескеріледі;

5) сыни ойлауды дамытудың әртүрлі әдістері оқу сабақтарында (кластердегі ақпаратты ұсыну, дұрыс және бұрыс пікірлер, миға шабуыл, графикалық техника және т.б.) қолданылады;

Ойлау – бұл көптеген ғылымдарды зерттеу, оны әртүрлі аспектілерде және түрлі көзқарастарда талдауға ие.

Н.В.Шахматовтың В.И.Далдың «Ұлы орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінде» ойлау – бұл шындықтың жалпыланған, делдалдық көрінісі арқылы сипатталатын адамның танымдық белсенділігі. Оны іс жүзінде келгенде ақыл ретінде түсінуге болады» деп сипатталған. Ендеше тұлғаның бойында ақыл-ойдың дамып жетілуіне сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бірден-бір үлес қосатыны белгілі.

Теориялық тұжырымдамалық ойлау – бұл ойлау, адамның тапсырманы шешу процесінде ұғымдарға жүгінетін, сезім арқылы жинақталған тәжірибеге тікелей қатысы жоқ әрекеттерді жүзеге асыратын ақылға қонымды іс-қимылдар. Ол тұжырымдамалық формада, пікірлерде, тұжырымдарда баяндалған басқа адамдар алған дайын білімдерді пайдалана отырып, ең алдымен, ойша мәселені шешуді талқылайды және іздейді.

Теориялық образды ойлау ғылыми теориялық зерттеулерге тән.

Мәселені шешу үшін пайдаланатын материал түсінікті емес, сол себепті адамның пікірлері мен қорытындылары, сондай-ақ суреттер немесе қиялдың арқасында шығармашылық жаңарып отырады. Теориялық бейнелі ойлаудың ерекшелігі тікелей жататынын шығарылады.

Мұндай ойлауды әдебиетші, өнерпаз, суретші, жалпы алғанда, шығармашылық жұмыспен айналысатын адамдар пайдаланады. Қызығушылықты арттыратын тапсырмалар беріп, ақыл-ойын арттыра отырып, ойлау қабілеті өзгерту арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады. Ойлаудың қарастырылған екі түрі-теориялық тұжырымдамалық және теориялық образды – шын мәнінде, әдетте, қатар жүреді. Олар бір-бірін жақсы толықтырады, адамның болмысында әр түрлі болғанымен, бірақ өзара байланысты жақтарын ашады. Объективті тұжырымдамалық қабылдау нақты емес, ал субъективті қабылдау теориялық бейнелі ойлауға мүмкіндік береді. Мұндай ойлау болмаса, іс жүзінде біздің қабылдауымыз соншалық терең және жан-жақты, дәл және нақты болмайды. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолданып оқытуда білім басқаша формаға ие болады. Бір жағынан, олар қоршаған әлем туралы нақты ақпаратты ұсынады. Осы ақпараттардың ерекшелігі оқушы оны педагогтан дайын жүйе түрінде емес, өзіндік белсенділігі барысында алады. Педагог оқушыларды белсендендіретін, өздері сұрап, әрекет ететіндей жағдай құруы тиіс. Осындай жағдайларда «оқушы басқа оқушылармен бірлесе отырып, туындаған проблеманы немесе кедергіні жеңу үшін білімін толықтыруға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие болады. Екінші жағынан, оқушылар сабақ барысында басқа оқушылармен өзара әрекеттестік барысында педагогтың жетекшілігімен өзіне, әлеуметке,

жалпы әлемге деген қарым-қатынасы тұрасында сыннан өткен іс-әрекет тәсілдерінің жүйесін игереді, білімді іздеудің саналуан механизмдерін меңгереді. Сондықтан оқушылардың алған білімі бір мезетте олардың өз бетінше тапқан құралы болып табылады.

Демек, сыни тұрғысынан ойлауға оқытудың мақсаты – бұл оқушылардың білімді өзі ізденіп, меңгеріп, құрастыруына педагогтың жағдай құруы. Бұл белсенді оқыту мақсатының дәстүрлі білім беру жүйесі мақсатынан принциптік тұрғыдағы айырмашылығы болып табылады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын сабақта қолдану *мұғалімнен қажетті әдістемелік және психологиялық білім мен іскерлікті қажет етеді. Мысалы, оқу процесіндегі барлық қатысушыларды ойды талдауға жұмылдыру, оқушылардың психологиялық дайындығын қамтамасыз ету, жұмыс кезеңдерін уақытпен белгілеу, негізгі түсініктерді визуализациялауды ұйымдастыра алуы қажет. Осы оқыту әдісін қолданатын мұғалім талаптарға сай болуы, яғни үйренуі керек.*

Оқыту әдістерінің көп түрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі ұстаз алдына нақты сабақта тиімді әдістерді анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы – жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажеттігі туындауда. Сыни тұрғысынан ойлауда оқушылар жаңа білім алып қана қоймайды, өзіндік таным процестің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтеруге қол жеткізді. Сыни ойлау – бұл танымдық ойлау әрекетін арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі болғандықтан оның тұлғаны жан-жақты қалыптастырудағы ролі зор деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шамова Т.И., Третьякова П.И. Педагогические технологии: что это такое и как их использовать в современной школе. – М., 1994
2. Елеубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. Алматы, 2001. – 270 б.
3. Шоқаева Г.Ә. Жаңа технология енгізу арқылы оқу процесінің деңгейін көтеру. №18,5б.//Қазақстан мұғалімі//№18, 2002
4. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., КазНУ им. аль-Фараби, Активные методы и формы обучения в высшей школе, 2005
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. (Оқулық). Тараз. ТарМУ, 2003
6. Өстеміров Қ., Айтбаева А, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006
7. Әлімбекова А.С. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру тәжірибесінен //Білім- Образование// №2(8), 2002
8. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000, 16 б.

9. Тұрлыханова М. Педагогикалық технологиялар оқу үрдісінде. Алматы, 2000. – 21 б.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУ

ЖАНТАСОВА Ж.З.

техника ғылымдарының кандидаты

БАЙРОВА Г.О.

магистрант

*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қаласы, Қазақстан республикасы
zheniskul_z@mail.ru*

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Көпшілікке белгілі Интернет желісінде қажетті халықаралық нормативтік және техникалық құжаттар шет тілінде көп көлемде жинақталған. Сондықтан ХХІ ғасырда экономикалық, әлеуметтік және білім саласында тек бір тілде білім білу жеткіліксіз. Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» жоспарын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу жоғары сыныптарда және жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып жатыр [1]. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің және Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің бұйрығына сәйкес Жол картасы бекітілген [2]. Жол картасына сәйкес, оқыту үрдісінде қолдануға қажетті Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты әзірленді (<https://nao.kz/>) (2016 ж.). Тілдік стандарт Қазақстан мектептерінің барлық түрлерінде үш мақсатты тілді оқытудың жалпы шегін (тәсілдері, принциптері, стратегиялары) анықтайтын негіздемелік құжат болып табылады [2].

Елбасы Н.Назарбаев жастардың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін мемлекеттік деңгейде көп мүмкіндіктер жасалуда. Орта білім беру ұйымдарында жаңа міндеттер, жаңа талаптар, жаңа мақсаттар қойылып кезең кезеңмен дайындық жұмыстары іске асырылуда. Алғашқы кезең-мұғалімдерді даярлау кезеңі. Осы жоба аясында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы, Назарбаев Университеті, «Ustaz Learning Profesional» орталығы информатика пәні мұғалімдерін үш кезеңнен тұратын «Үш тілде оқыту жағдайында мұғалімдердің пәндік және тілдік-қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру»

тақырыбындағы ұзақ мерзімді курсы оқытуда. Курс бағдарламасы 3 модульден тұрады:

- 1) үдемелі ағылшын тілі;
- 2) мұғалімнің педагогикалық шеберлігі;
- 3) жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді кіріктіріп оқыту әдістемесі (TKT) (Teaching Knowledge Test) CLIL (Content Language Integrated Learning)).

Курс нәтижесінде тыңдаушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі FCE (First Certificate in English) емтиханы және ағылшын тілінде оқыту әдістемесін меңгеруі Кембридж университетінің TKT CLIL емтиханы арқылы анықталады.

2006 жылы үш тілді білім беруде басшылыққа алынатын келесі мемлекеттік құжаттар тіркелген:

1) Елбасымыздың Қазақстан халқының Ассамблеясының XII сессиясында үштілділікті елімізге енгізу туралы идеясын жариялауы;

2) 2007 жылы 28 ақпанда «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы;

3) 2015 жылы қарашада еліміздегі үш бірдей министрліктің бірлескен «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасының» бекітілуі. Атап айтсақ, 1.3 пункті бойынша оқыту тіліне қарамастан жоғары сыныптарда «Информатика», «Физика», «Биология», «Химия» пәндерін ағылшын тілінде оқытуды 2020-2021 жылдарға жобаласа, 3.2 пункті бойынша 2017-2020 жылдарға пәндерді, яғни информатика, физика, химия, биология және тілді біріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарды жасауды көздейді;

4) 2016 жылы 1 наурызда ҚР Президентінің №205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [3].

Міне, осы аталған құжаттардың негізінде «Информатика» пәні педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін ағылшын тілінде арттыруға арналған бағдарламасы бойынша курстар жоспары жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламаны орындау жолдарының бірі информатика пәнін және тілді кіріктіріп оқыту бойынша билингвалдық (қос тілділік) білім беру оқу-әдістемелік құрал әзірлеу. Билингвизмнің қазақша баламасы – қостілділік. Қостілділік қазақтың «қос» («екі» сөзімен мәндес) және «тіл» (адамдардың өзара қарым-қатынас құралы) деген сөздерден тұрады. Бұл орыстың «двуязычие» («два», «язык» деген сөздерінен тұрады) және билингвизм (арғы тегі латынның *bi* – «екі» және *lingua* – «тіл» деген сөздерінен, орыс тілінде – кірме сөз) сөздерінің қазақша баламасы.

Екі тілді қолдану фактісі ғылыми тұрғыда XIX ғасырда сөз болғанымен, «билингвизм» терминін ғылымға тілдердің түйісуі (контакт) негізінде У.Вайнрайх 1953 жылы енгізді. Бұл еңбек орыс тілінде «Языковые контакты» деген атпен 1979 жылы жарық көрді [5].

«Билингв» ұғымын қарастырған М.Сводеш бұл терминнен кез келген адамның екі тілді әр түрлі деңгейде (екеуін де жетік; біреуін жетік, ал екіншісін

нашар) меңгеруін түсінеді. Билингв деп екі тілді бірдей дәрежеде меңгерген адамды айту керек деген пікір көп айтылады. Алайда бұл жағдайда билингвтер деп кейбір аудармашыларды, дипломаттар мен мұғалімдерді ғана айтамыз, «екі тілді бірдей дәрежеде білмейтін жүздеген миллион қостілді адамдарды бұл түсінікке енгізе алмай қаламыз» дейді Дж.Фишман. Осындай пікірді К.Х.Ханазаров, К.К.Мусаевтар да қауаттайды. Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д.Сүлейменова, М.М.Копыленко, З.К.Ахметжанова, С.Е.Байболсынова, М.К.Исаев, Б.Хасанұлы, Г.А.Ғабдуллина еңбектерінде қарастырылған [4].

Тілдік бағдарламалардың көпшілігі-шет тілі оқу пәні болып табылады, ал қостілді білім беру бағдарламалары оны оқыту құралы ретінде қолданады[4]. Сонымен, ғалымдардың еңбектерін зерттеулері көрсеткендей, екі тілде оқыту кіріктіріп оқытудың ерекше түрі ретінде қарастырылмаған.

Билингвиальды білім беру жүйесінде инновациялық педагогиканы және әдістемелік тәсілдерді игеруге мүмкіндік береді. Екі білім беру жүйесінің тәжірибесіне сүйене отырып, оқыту динамикалық сипатқа ие болады, ол білім беру мазмұнын белсенді және іс-әрекетті меңгеруге, оларды ынталандыра және бағыттай отырып білім алушылардың алдында туындайтын өз бетінше шешуге ықпал етеді.

Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады [2].

Мектеп мұғалімдері үшін қос тілде білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін информатика пәнімен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, информатика терминдерін қазақ тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамуға болады

Кіріктіріп оқытуда ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасайды [1].

Информатика пәнін кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдері:

1. Информатикалық диктанттар жүргізу;
2. Диалогтық түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
3. Жаңа мәтіндер, терминдер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
4. Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.
5. Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру.
6. Суреттер мен сөздерді сәйкестендіру арқылы жаттығулар орындау.
7. Жалпы логикалық ойындар арқылы сөздік қорларын кеңейту.


8. Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру [4].

CLIL технологиясын тәжірибеге сәтті енгізудің негізгі компоненттерінің бірі - сабақты дұрыс жоспарлау. Бұл проблемалық сәттердің пайда болуына жол бермейді, материалдың оқу процесіне енуін жақсартады. CLIL әдісін тәжірибелік тестілеу информатика сабақтарына арналған бірқатар жаттығулар жасауға әкелді. Қалыптастырылған тапсырманың нысаны күтілетін нәтижелерге тікелей байланысты. Тақырыпты бекіту үшін теориялық материалдар алдын-ала беріледі. Кілт сөздер жаттығудан бұрын беріледі. Жаттығуды аяқтағаннан кейін оқушыға құрылымдағы қажетті сөздерді алмастырып, мағынасы бойынша қажетті ұғымды алу қиын болмайды деп күтілуде.

Информатика сабағында CLIL әдісін қолданылған жаттығуларынан мысалы келтірілген. Алғашқы кезеңде кілттік сөздер кестесі ұсынылады (Кесте 1). «Ғаламдық Интернет желісі» тақырыбына арналған тапсырма жасауда Tarsia бағдарламасын пайдаланған өте қолайлы: үшбұрыштар мен квадраттардан тұратын фигуралар көмегімен тапсырмаларды құрастыруға мүмкіндік береді [6]. Бұл тапсырмада бір фигурада орналастырылған жауаптарды оқушы басқа фигурадан іздейді. Бұл оқушылардың қызығушылығын дамытады, белсенділігін ізденіске итермелейді және назар аударады. Тапсырмалар «Мозаика» принципі бойынша салынған.

Кесте 1. «Желілер» тақырыбына арналған кілт сөздердің мысалы

Сымсыз желі	Беспроводная сеть	Wireless Network
Сымсыз дербес желілер	Беспроводные персональные сети	Wireless Personal Area Networks
Сымсыз жергілікті желі	Беспроводные локальные сети	Wireless Local Area Networks
Қала көлеміндегі сымсыз желілер	Беспроводные городские сети	Wireless Metropolitan Area Networks



Сурет 1. Tarsia программасында орындалған тапсырма

Келесі тапсырмада әріптердің дұрыс ретін анықтап, сөздердің семантикалық мағынасын қалпына келтіру керек. Тапсырманың бұл түрін, мысалы, «Ақпаратты ұсыну» бөлімінде сөздерді біріктіріп, дұрыс жазуға пайдалануға болады.

1. Rearrange the letters

- A) dgiit _____
- B) bti _____
- C) Brniay _____
- D) Atada _____

Сурет 2. Ақпаратты ұсыну

Төменде берілген тапсырмалар сын тұрғысынан ойлауға баулиды. Сонымен қатар пәнаралық байланыс оқушыларға бір пәннен алған білімдерін екінші пәнге қолдануға көмектеседі, яғни оқушы алған білімін саралап өмірлік жағдайда тиімді қолдануға үйренеді.

2. Match the verbs with the nouns

- | | |
|-------------|--------------------------------|
| 1. Recharge | a. digital photos |
| 2. Click on | b. faxes |
| 3. Dial | c. number on your mobile phone |

- | | |
|---------------------|-----------------------------|
| 4. Give | d. a presentation |
| 5. Move | e. something with the mouse |
| 6. Print out | f. the batterey |
| 7. Send and receive | g. the mouse |
| 8. Take some | h. twenty pages |

3 Tick TRUE or FALSE next to each other

Statement	TRUE	FALSE
A command line interface is a user friendly method of communication with a computer		
A desktop computer is not easily carried around		
A joystick is an example of hardware		
Output devices are examples of software		

Сурет 3. Ақиқат немесе Жалғандығын анықтау

Қорыта келгенде, жалпы білім беру бағдарламасына кіріктіріп оқыту, оқу пәнінің мазмұнын ағылшын тілінде меңгеру құралы ретінде қолданылады. Сөйтіп, оқушылардың тақырыпқа деген қызулығы туындап, бұл өз кезегінде тілді қолдануға ынталандырады. Білім алушы тілді мақсатты түрде үйрене бастайды, өйткені тіл нақты коммуникативтік міндеттерді шешуге қолданылады. Сонымен қатар оқу пәні мен тіл пәнін кіріктіре оқытудың нәтижелілігі көптеген факторларға, еңбастысы, мұғалімдердің тілдік және әдістемелік дайындықтарына байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

«Kaidzen» strategıiasy myna algoritm boıynsha júzege asyrylady: «josparla – júzege asyr – tekser – yqpal et» [2, 74-b]. Bul strategıia únemi innovatsıalyq áreketpen qatar júretini sózsiz. AQSh-ta memleket ǵylym men bilim qyz-metterin qarjylandyrıdy jáne olardyń mártebelerin qoldaıdy óz jaıapkershiligine aldy, al biznes ony tájiribede júzege asyrıy qyzmetin atqardy. Joǵary mektep pen qoǵam arasynda qarym-qatynas qalyptasty, ıaǵni ýniversitet bilikti maman dıarlaıy arqyly qoǵamǵa qyzmet etedi. Biraq bul joǵary mártebe ýniversitet áreketin belgili bir shekteýge alyp keledi. Joǵary mektep mekemeleriniń tabys alyp keletin is-áreket túrine qatysýy, «qoǵamdyq» uıym mártebesin joǵaltýǵa septigin tıgizedi. Bul ýniversitetterdiń innovatsıalyq jáne kásipkerlik áreketine shekteý týyndatady. Ýniversitetter kez kelgen kommertsıalyq qurylym úshin naryqtyń qalyptasýyna áser ete almaıdy: onyń alǵan nátijeleri búkil qoǵamǵa jáne de kez kelgen salyq tóleyshige qoljetimdi bolıy qajet. Mundaı kózqaras AQSh-ta keńinen qoldaı tapqan ustanymǵa negizdelgen: memleket óz qoǵamyna paidaly jumysty ǵana qoldaıǵa

quzyrly. Qyzmetterdi bulai bólý gylymi-tehnikalýq úderistiń barlyq qatysýshylarymen ózara moyndalǵan, ol ásirese gylym salasynda júzege asady, sebebi jas zertteýshilerdiń múmkindikterin qoldanýǵa múmkindik beredi. Oqytý úderisimen tyǵyz bailanysqan zertteý baǵdarlamasy bar ýniversitetter «zertteý» ataǵyn aldy jáne barlyq damyǵan elderdiń óndiris aimaǵynda úlgi boldy. Eýropalyq el-der XX ǵasyr basynda zertteýdi uıymdastyrýda «germandyq» júzege súense, sol ǵasyr sońynda amerikalyq zertteý ýniversitetteri júesine kóshti. Bilim tek dárister, seminarlar jáne oqýlyqtar arqyly berilip qoımaıdy, bul sol bilim qoldanylatyn aiasymen bailanysty. Ony tek birikken is-áreket nátjesinde júzege asyrýǵa bolady. Bilim tikelei shyǵarmashylyqpen bailanysty, shyǵarmashylyq jańany týyndatsa, jańalyq adam qatynasýynsyz júzege aspady. AQSh-ta zertteý ýniversitetteriniń jandanýy XX ǵasyrdyń II jartysynda irgeli zertteýdi federaldy úkimettiń belsendi qoldaý saiasatymen bailanysty. Bul jaǵdai 1990 jyly kúrt ózgerdi, onda federaldy úkimet biýdjettik kúizeliske bailanysty ýniversitettik zertteýlerge qatysýǵa shekteý qoidy. Sondyqtan ýniversitetter jergilikti biznes pen shtat qarjysyna aýysty, olar federaldarǵa qaraǵanda aimaqtyq ekonomıkanyń damýyna, tájiribelik mindetterdiń sheshilýine ýniversitetterdiń qatysýyn talap etti. Federaldy biýdjet shotynan qarjylandyrýdyń shektelýi, ásirese «blokty» granttardyń qysqartylýynan oqytýshylar men ǵalymdardyń ashýq naryqta qajettilikterin qanaǵattandyrýyna týra keldi. Naryqta básekelestik qarqyny óse tústi [3, 29-b.]. Bir jaǵynan, «bilimder ekonomıkasy» týraly zertteýlerdiń ósý deńgei biznes salasyńyń gylymǵa investitsıa qııyn art-tyrды. Firmaishilik gylymnyń materialdyq bazasyn qurý arqyly biznes ýniversitetterdiń basty básekelesi bolyp keldi. Ekinshi jaǵynan, úlken óndiristegi gylymi-tehnikalýq keshenniń qatysýshylary ózderiniń firmaishilik zert-teý aiasyn keńeite tústi, biraq bul zertteý ýniversitetine tapsyrystardyń saıkesinshe artýyna septigin tıgizbedi.

Qoryta kelgende, endi ýniversitetterge shaǵyn jáne orta biznes narqy qaldy, sebebi olar firmaishilik gylymi mekemelerdi qamtamasyz ete almas edi. HH ǵasyrdyń ekinshi jartysynda gylymi kommúnikatsıualardyń kúrt ósýi baiqaldy, bul ásirese Internet jelisiniń paıda bolýymen bailanysty. Gylymi idealarmen alması úderisiniń artýy gylymi-tehnikalýq progress qarqynynyń jedeldetýin týyndatty jáne zertteý is-áreketiniń tuımdiligin tutastai arttyrды. Qazirgi tańda bilimdi jeke toptar emes, ǵalymdar jelisi oilastyrady, kúrdelendiredi, olar álemniń kez kelgen túkpirinde bolýy múmkin. Bul ár aimaqtyń bedeldi mamandarymen pikir almasıǵa, sol arqyly máseleni sheship, bilimniń tez taralýyna septigin tıgizdi. Biraq jeli arqyly ýniversitetterdiń qarjylandyrý úderisine yqpal ete almaıdy. Ǵalymdardyń aitýynsha, gylym jahandyq qubylys, ony ulttyq shekarada ustap turý múmkin emes.

Ádebietter:

1. Prigojin A.I. Novovvedeniia: stimýly i prepiatstvıia (sotsialnye problemy innovatiki). – M.: Politizdat, 1989. – 271 s.
2. Medvedev V.P. Innovatsıı kak sredstvo obespechenıa konkýrentosposobnosti organizatsıı. – M.: Magistr, 2009. – 159 s.

3. Issledovatel'skie y'niversitety SShA: mehanizm integratsii nauki i obrazovaniia / pod red. prof. V.B. Sypiana. – M.: Magistr, 2009. – 399 s.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ ТУРАЛЫ

ӘБДІҒАЛИЕВА Ж.С.

*АӨМУ, Филология факультеті
«Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасы
Zhanna93@mail.ru*

Мұнай-газ секторының дамуына байланысты 20 ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тіліне белсенді түрде интернационализмдер, терминдердің сәйкес компоненттерінің синтаксистік калькалау арқылы орыс, ағылшын тілдерінің терминдері ене бастады, айтып өткендей осы екі тіл арасында делдал болған орыс тілі арқылы ағылшын тілінен интернационалды лексикалық қордың, сонымен қатар лексикалық және синтаксистік кірме сөздердің енуі жатады. Қазақ тілінде соңғы он жылдықта басқа тілден енген мұнай және газ терминдерінің байырғы тілден пайда болған термин-баламаларға жаппай аудармасы байқалады.

Қайсыбір ғылым мен техника саласындағы ұғымдарды білдіретін атаулар терминдік жүйеге түсу үшін белгілі бір жағдай керек, яғни ең алдымен ғылым саласы, сол ғылым саласын айқындайтын ұғымдар қалыптасу керек. Сонан кейін әрбір ұғымды беретін сөздер пайда болады да, олар ғылым саласымен айналысатын ортада қолдау тауып, терминдік жүйе ретінде сараланады. Мұнай саласымен байланысты терминдердің жасалуы, қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің терминдік жүйе ретінде қалыптасуы еліміздегі мұнай өнеркәсібінің дамуымен тікелей байланысты. Жалпы қолданыстағы сөздерден мұнай терминдері:

- арнайы кәсіп сферасында қолданылуымен;
- мұнайға қатысты ұғымдарды білдірумен;
- өзіндік грамматикалық жасалу жүйесімен ерекшеленеді.

Қазақ тіліндегі кірме терминдер қазақ терминологиясының лексикасының едәуір бөлігін құрайды. Қазақ терминологиясының қорына негізінен екі бағытта кірме терминдер енеді:

1. Орыс тілінен енген терминдер;
2. Халықаралық тілдерден енген терминдер

Еуропалық кірме терминдер мұнай лексикасында өте көп кездеседі. Онда екі бағыт байқалады.

Бірінші: шетел терминдерін неғұрлым қазақшалап қабылдау. Метод – әдіс, баланс – тепе-теңдік, анализ нефти – мұнайды зерттеу, интеграция – бірігу т.б.

Екінші: өзге тілден баламасы табылмаған жағдайда тіліміздің дыбыстық жүйесін ескере отырып қабылдау: солярка – сәләркі (орфоэпиясы), керосин – кірәсін (орфоэпия), резинка – резеңке т.б.

Калька тәсілі сөз жасамның бір жолы және тілдің сөздік құрамын байытудың бір көзі деп есептелінеді. Себебі қазақ әдеби тілінің кез келген даму және қалыптасу сатысында кальканың тілдің кез келген даму және қалыптасу сатысында кальканың жағымды ықпалы жоғары болғанына ешкім дау айтпайды. Бұл, әсіресе, қазақ тілінде терминдік жүйенің жасалу жолдарына, семантикалық және синтаксистік құрылым құрылысына тигізген әсерінен байқалады. Бұл ретте салалық терминдерді қалыптастыру жағдайында, ғылыми оқулықтар жазуда кальканың орны айрықша. Кейде ғылым тілі калькалауды талап етеді. Демек калька тәсілі – ғылыми әдебиетті аударуға қажетті амал. Оның қажеттілігі ғылым тілінің стильдік сипаттарына байланысты.

Мұнай терминдерінің жасалу жолдары:

1. семантикалық;
2. морфологиялық;
3. синтаксистік;
4. калькалау;
5. сөздерді қысқартып алу сияқты тәсілдермен талданды.

Қазақ тіліндегі қалыптасқан терминжасамның ең негізгі тәсілдері: семантикалық тәсіл, морфологиялық, синтаксистік және калькалау тәсілі десек, бұл тәсілдің барлығының туындайтын түп-төркіні – тіліміздегі байырғы сөздердің терминденуі және де қазақ тілінің сөзжасам жүйесі арқылы жаңа терминдердің қалыптасуы. Семантикалық тәсіл арқылы терминдік сапаға көшкен байырғы сөздер өзінің бастапқы мағынасының негізінде терминдік өріс алады.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы: түп, жабу, үзілу т.б. сияқты сөздердің мұнай саласында терминдік сапаға көшуі семантикалық тәсілге жатқызылады. Мұнда: отын, қақпақ, сүзгі т.б. сөздер тіліміздің байырғы лексикасында да, басқа ғылыми салаларда да термин ретінде қолданылады. Бұл – термин жасаудың семантикалық тәсіліне тән құбылыс.

Мұнай терминдері өзінің бастауын жалпыхалықтық лексикадан алып, соның негізінде мағыналық жағынан абстракцияланады екен. Мәселен, ғылым мен техникада жаңа ұғымдарды білдіру үшін атаулар керек болғанда, оларды ең алдымен төл лексикамыздың мүмкіншілігінен іздейміз. Мағынасы сол ұғымға сәйкес немесе жақын сөздерге жаңа ұғымдарды теліміз. Басқа да салалық терминдер сияқты мұнай терминдерінің ана тіліміздің сөздік қорынан бастау алатынын жоғарыда айтып кеттік. Сондықтан оларды төл тіліміздің лексикасынан бөліп зерттеу мүмкін емес. Жалпыхалықтық сөздер ғылыми - функционалдық стильде, әрі жалпыхалықтық лексикада қолданылып, оны байытудың көзі болады.

Терминжасамдағы өнімді тәсілдердің бірі – синтетикалық немесе морфологиялық әдіс. Кейбір сөз тудырушы жұрнақтар байырғы сөздеріне ғана жалғанып қана қоймай, орыс немесе халықаралық терминдерге де жалғана беретінін байқауға болады. Әр түрлі сөз таптарына жалғанып, мұнай терминжасамында жиі кездесетін жұрнақтар:

- 1) –лық; -лік; -дық; -дік; -тық; -тік;
- 2) –шы; -ші;
- 3) –ым; -ім; (қысым);
- 4) –ғыш; -гіш; -қыш; -кіш (жарғыш);
- 5) –ыс; -іс; -с (ағыс);
- 6) –ма; -ме; -ба; -бе; -па; -пе (тұнба);
- 7) –уық; -уіш (елеуіш, тіреуіш).

Мұнай терминдері екі сыңарлы үш, төрт сыңарлы болып келеді. Және де олардың компоненті жеке тұрғанда терминдік мәнге ие бола алмайды. Тіркесіп келегенде ғана біртұтас ұғымды білдіріп, терминдік сипатқа ие болады. Мұнай терминдерінің сөз тіркестері арқылы қалыптасуын төмендегі сөз тіркестері мен сөйлемдер мысал бола алады: ұңғыларды бұрғылау, қабат қысымы, мұнай-газ кеніштері, геологиялық іздеу жұмыстары, шөгінді тау жыныстары, ақтарылған тау жыныстры т.б.

Мұнай терминдерінің ішіндегі біріккен терминдердің көпшілігі орыс тіліндегі ұғымдарға балама іздеу барысында, төл сөздерді біріктіру негізінде, көпшілігі калькалау әдісі арқылы жасалған.

Біріккен түбірлі мұнай терминдерін мынандай топтарға жіктеуге болады:

1. Төл сөздердің бірігуі арқылы жасалған терминдер;
2. Төл сөзбен кірме сөздің бірігуі арқылы жасалған терминдер;
3. Төл сөзбен кірме сөздің кірігуі арқылы жасалған терминдер. [1, 55-б.]

Қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жаңаша қалыптастыру ғылым мен техниканың әр алуан саласының негізгі тілдік тамыры – терминдерді төл тілдің өз әулетіне негіздей отырып жасау дәл бүгінгі таңда дау туғызбайды. Салалық терминдерді «қазақыландыру» бағдары бойынша, осы бетбұрыстық екпінмен орыс тіліндегі қысқарған сөздердің қазақша үлгілері жасала бастады және бұл жазба тілден дереу қолдау тауып, баспа сөз стилінде, ресми құжаттар тілінде орнықты. Мысалы:

Шымкентмұнай органикалық синтез – ШМОС

Харрикейн Құмкөл мұнай – ХҚМ

Мұнай өңдеу зауыты – МӨЗ

Теңіз Шевройл – ТШО

Келтірілген мысалдар әріптік қысқартулар түріне жатады. Әріптік қысқартулар арасында қазақ тілінде екі, үш одан көп дыбыстан /әріптен/ тұратын қысқартулар бар. Буын қысқарту күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің басқы буын, соңғы сөздің түбір күйінде айтылуы сияқты тұлғайда жазылады. Мысалы: «Қазақойл», «Лукойл» қысқартуларында халықаралық терминге жатпайтын шет тілі сөзінің дыбысталуынан /«ойл»-мұнай/ жасалып отыр.

-мұнай терминдері негізінен деректі заттар мен іс-әрекеттердің атауы болуымен ерекшеленеді;

-қазақ тіліндегі кірме терминдер қазақ терминологиясының лексикасының едәуір бөлігін құрайды. Қазақ мұнай терминологиясының қорына негізінен екі бағытта кірме терминдер енеді;

-мұнай терминдері арасында төл сөздер мен кірме атаулардың және төл сөздердің өз ішінде мағыналас түрлерінен байланысын үзбейтіндігінен жарыспалы, синонимді қолданыстар жиі ұшырасады;

-калька тәсілі сөзжасамның бір жолы және тілдің сөздік құрамын байытудың бір көзі деп есептеледі. Бұл, әсіресе, қазақ тілінде терминдік жүйенің жасалу жолдарына, семантикалық және синтаксистік құрылым құрылысына тигізген әсерінен байқалады;

-сөзжасамның күрделі және көне тәсілдерінің бірінен саналатын семантикалық сөзжасам мұнай терминдерін жасауда белсене араласады. Байырғы сөздердің мағыналық жақтан дамуы ішкі семантикалық құрылымының өзгерісі нәтижесінде жаңа номинативті сема арқылы мұнай терминдері айқындалады; -терминжасамдағы өнімді тәсілдердің бірі синтетикалық немесе морфологиялық әдіс.

Ағылшын және қазақ тілінің мұнай-газ саласындағы қарастырылған терминдер арасында келесі термин өрістер көрсетілген: «мұнайды барлау», «мұнай химиясы», «мұнай өңдеуші өндіріс», «газды өндіріс», «жобалау» терминдері өзара тематикалық түсініктермен және түртекес байланыстар негізіндегі түсініктер арқылы байланысқан терминологиялық бірліктердің мағыналық байланыстардың жүйелігін көрсетеді. Мысалы, oil – мұнай термин жүйесі: oil pool – мұнай шоғыры; oil show – мұнайдың көрінуі және т.б. «Мұнайды өндіру» терминөрісіндегі терминдер арасында «бұрғылау» мағынасында көлемді блоктар көрсетілген: drilling – бұрғылау; structural drilling – құрылымдық бұрғылау; drilling speed – бұрғылау жылдамдығы және т.б. Well, hole – ұңғы; well depth – ұңғы тереңдігі, well hole – ұңғы оқпаны және т.б.

Қазақ тілінің мұнай-газ терминологиясы, оның құрылымына ағылшын тілі әсер еткен, сонымен қатар көптеген жағдайларда жаңа өзге тілдік (ағылшын тіліндегі) терминдер орыс тілі арқылы шыққан: vacuum (ағылш.), - вакуум (қаз.), - вакуум (орыс.), gas (ағылш.), - газ (қаз.), - газ (орыс), adsorbent (ағылш.), - адсорбент (қаз.), - адсорбент (орыс.) [2, 94-б.]

Түркітанушылар орыс тілінің әсері нәтижесінде кеңестік дәуірде түрік тілдерінде калькалау сөзжасам ретінде кең таралған дейді. Қазақ тілінде жаңа терминдер жасаудағы кең таралған әдіс – калькалау өзінің семантикалық табиғаты мен құрылымдық-сөзжасамдық ерекшеліктері бойынша келесі ерекшеліктерге ие:

а) Сөз мағынасы дифференциясының сәйкес грамматикалық тәсілдер қолданылуында кеңейтіліп-тарылтуы арқылы жасалатын балама-калькалар: қазып алу – notch, жылытқыш – air preheater.

б) Әрбір тіркесетін бөлігі калькаланатын терминдердің сәйкес бөліктерінің дәл копиясы болып табылатын балама-калькалар: айдама желдеткіш – ventilation blower, бұрғылау бастау – spud-in.

в) Құрылымы бойынша жасалған терминдердің бір немесе екі компоненттерін ауыстыру үшін қолданылатын құрама тіркестер: еркін фаза – free phase, забой сызығы – bottomhole line.

Басқа тілден немесе интернационалдық терминологиялық қордан енген терминдермен қатар мұнай – газ саласындағы жаңа бірліктердің жасалуы, сонымен қатар, бұрыннан бар сөзге жаңа мағына немесе мағынаға жаңа реңк бергенде жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуына тірелетін мән семантикалық тәсілмен жүзеге асады. Мысалы, ағылшын және қазақ тіліндегі аспап, механизм және құралдардың термин-атауларының шығуына белгілі бір заттармен сыртқы ұқсастықтары әсерін тигізді: ағылш. pistonskirt – поршен юбкасы, butterfly – көбелек (көлденең жазықтықта күш қозғалысының бағытын өзгертетін өткізгіш құрылғы); қаз. – анод ұұлағы, бұрғылау жеңі және т.б; үй аспаптарымен ұқсастықтары негізінде: bin, bucket – сынабекітпе; disc, plate – табакша және т.с.с.

Термин-сөздердің көбеюімен қатар кейбір сөз тобының семантикасы жалпыланып, өзінің бұрынғы нақты-заттық сипатын жоғалту негізінде қарама-қарсы бағытта дамып келеді: ағылш. – soapstone – сабын тас, bit teeth – тіс қаптамасы, chemical attack – химиялық агрессия, tongs jaw – кілт формасы;

Химиялық заттар немесе мұнай-газ кен орнын анықтау секілді объективті факторлар негізінде жасалған терминдер: inspissated oil – жасыл мұнай, basic salt – негізгі тұз, сонымен қатар дәмді білдіретін заттардың берілуі қызығушылық туғызады: acid salt – қышқыл тұз, sweet crude oil – тәтті мұнай, viscous oil – тұтқырлы мұнай. [3, 62-б.]

Ағылшын тіліндегі ғылыми және кәсіби мәтіндерде қысқартулардың түрлері маңызды орын алады. Олар өздері жеке дара қызмет атқаратындықтан, лексикографиялық әдебиеттерде бекітіліп, пайда болған сөздерінен де әддеқайда танымал болып кетеді және оларды ғылыми-техникалық тілдің лексикалық бірліктері деп санауға болады. Ағылшын тілінде қысқартуларды естілуі мен графикалық формасына байланысты аббревиатуралар мен акронимдерге бөліп қарастыру орын алған.

Аббревиатуралар сөз тіркестердің айрықша сөздерінің бастапқы әріптерінен жасалады: AA (antenn array) антендік тор. Оларды әріптері бойынша айтқан кезде, екпін соңғы әріпке түседі. Қысқартулардың әріптері нүкте арқылы жазылуы мүмкін, бірақ қазіргі ағылшын тілінде мұндай тәсілден алшақтанады.

Акронимдердің аббревиатурадан (әріптері бойынша оқылып, айтылып және қабылданады) айырмашылығы – қарапайым лексикалық бірліктер секілді оқылып, қабылданады. Акронимдер әр түрлі әріптердің тіркесуінен жасалады (бірінші әріптерден, бірінші бірнеше соңғысымен және т.б.).[4,111-б.]

Бұларға термин-қысқартулар – radar, laser, maser мысал бола алады. Қазақ тілінде осы бірліктердің аударма сәйкестіктері көпсөзді терминдер емес, осы

акронимдер екенін корсетеміз: radar (Radio Detection and Ranging – радиотапқыш және қашықтықты анықтау). Осы қысқартулар (акронимдер) қазақ тіліне транслитерация әдісімен жаңа терминдер ретінде енген. Мұндай бірліктер терминологияға оңай еніп, тілде тез ассимиляцияланады.

Сөзжасам - тіл білімінің ең жаңа жас саласы. Сөзжасам тілдегі жаңа сөздерді зерттейді. Бұған қарап, жаңа сөздің тілге ену, жасалу сияқты т. б. мәселелері бұрын зерттелмеген, назардан тыс қалған деуге болмайды. Бұған дейін сөз тудыру тәсілдері, жолдары морфологияның, ал сол арқылы тілге енген жаңа сөздер лексикологияның объектісі ретінде қаралып келді. Соңғы кездері ғана сөзжасам жаңа сала ретінде зерттеле бастады. Сөзжасам мәселесіне қатысты зерттеулер оның тілдің өзге салаларынан бөлініп, жеке зерттеу объектісіне айнала бастағанын көрсетеді. Дегенмен, сөзжасам қазақ тілінде лингвистиканың фонетика, лексикология, грамматика секілді бір саласы ретінде емес, тіл білімінің әр саласының жеке-жеке тарауларында қаралып жүр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аманова Ж.Ж. «Терминдерді меңгерту барысындағы мәселелер»
alashainasy.kz/userdata
2. Хасенов Ә. «Қазақ тілі» - Алматы: Санат-2003. – 416 б.
3. Коваленко А.Я. «Общий курс научно-технического перевода». Киев: «Фирма «ИНКОС», 2003. – 320 с.
4. Львовская З.Д. «Теоретические проблемы перевода» – М., 2005

ЦЕЛИ, СОДЕРЖАНИЕ И СТРУКТУРА ХИМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

ЕРЖАНОВА Н.С., ШАМИЛОВА А.Ж., ЕРОШЕВ О.Ж.

*Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова
nurgul.yerzhanova@mail.ru*

Изучение учебного материала на основе периодического закона и периодической системы химических элементов не только обеспечивает возможность его логического развертывания, но и является лучшим и с методической точки зрения, так как дает учащимся возможность глубже понять содержание курса и сознательно усвоить подлежащий изучению материал. Но, как часто это бывает, в средних учебных заведениях периодический закон долгое время не изучался, так как считался для учащихся недоступным [1, 98-101].

В настоящее время школьное химическое образование основывается на изучении следующих основных теоретических концепций [2, 35]:

1. атомно-молекулярное учение;
2. теория электролитической диссоциации;
3. механизм и условия протекания химических реакций;
4. периодический закон и периодическая система химических элементов

Д.И.Менделеева;

5. теория строения органических соединений А.М.Бутлерова.

Профессиональная деятельность современного учителя химии начинается с правильно определенных задач процесса обучения, способствующих отбору содержания, выбору структуры, реализации методов и средств обучения. Поэтому на каждом уроке учитель не только должен четко и аргументировано проговорить основную цель и задачи урока, но и определить подцели каждого из этапов урока [3, С. 13-15]. Только обозначив общую цель и логически вытекающие подцели процесса обучения, учитель химии сможет совершить весь процесс обучения и воспитания. Содержание школьного курса включает ознакомление учащихся с основами науки, законами, теориями, понятиями, что способствует формированию у учащихся научной картины мира, всестороннему развитию личности, воспитанию интереса к предмету, обеспечивает интеллектуальное развитие учащихся [4, С. 112]. Школьный курс химии образуется двумя основными системами знаний – системой знаний о веществе и системой знаний о химических реакциях. Из огромного многообразия веществ для изучения были отобраны следующие [5, 151-154]:

- имеющие большое познавательное значение (водород, кислород, вода, основания, соли); - имеющие большое практическое значение (минеральные удобрения, иониты, мыла, синтетические моющие вещества и др.);

- играющие важную роль в неживой и живой природе (соединения кремния и кальция, жиры, белки, углеводы и др.);

- на примере которых можно дать представления о технологических процессах и химических производствах (аммиак, серная и азотная кислота, этилен, альдегиды и др.);

- отражающие достижения современной науки и производства (катализаторы, синтетические каучуки и волокна, пластмассы, искусственные алмазы, синтетические аминокислоты, белки и др.).

Отечественный школьный курс основан на изучении понятия о веществе. Вариативность школьных программ по химии определяет инвариантное ядро, то есть, материал, являющийся единым для всех программ [6, 27]. Содержание школьного предмета химии должно содержать следующее: систему научных, химических, знаний; систему умений и навыков (специальных, интеллектуальных, общеучебных); описание опыта творческой и производственной деятельности, накопленной человечеством в области химии; отображение положения химии в окружающей действительности; возможности развития и воспитания учащихся на материале предмета.

Принцип связи обучения с жизнью, с практикой определяет использование в учебниках примеров прикладного значения химии, что в значительной степени обеспечивает интерес учащихся к химии, то есть мотивацию учения. Кроме этого и учебник, и все обучение химии должны соответствовать принципу безопасности и принципу здоровьесбережения [7, 44]. Дополняют указанные принципы и критерии отбора содержания учебного материала для школьных дисциплин (по Ю.К. Бабанскому): критерий научной значимости, отражающий широту применения научных знаний. Знания, носящие всеобщий характер, должны включаться в первую очередь [8, 71-77]. На этом основании в действующие программы по химии включены Периодический закон и периодическая система химических элементов Д.И. Менделеева, закон о сохранении и превращении энергии, теория строения органических веществ А.М. Бутлерова и др.

Критерий соответствия объема содержания предмета времени, отведенному на изучение химии. В связи с сокращением часов на изучение химии должно изменяться и содержание предмета. Критерий соответствия имеющимся в массовой школе условиям. В школах должны быть типовые кабинеты химии, оснащенные в соответствии с перечнями необходимого химического оборудования в соответствии с современными требованиями. Содержание практической (экспериментальной) составляющей школьного учебника должно соответствовать возможностям проводить необходимые опыты в школе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алишев, Б.С. // Б.С. Алишев, О.А. Аникеев. Педагогическое взаимодействие (содержание учебных ситуаций и их восприятие педагогами и учащимися). Научно-методическое пособие. – Казань: «Print Express», 2004. – 124 с.
2. Гильманшина, С.И. Компетентностный подход в высшем профессиональном образовании / С.И. Гильманшина. – Казань: РИЦ «Школа», 2007. – 76 с.
3. Журин, А.А. Медиаобразование школьников на уроках химии. — М., 2004.
4. Зимняя, И.А. Педагогическая психология / И.А. Зимняя. – 2 изд., доп. испр. и перераб. – М.: Логос, 2000. – 383 с.
5. Космодемьянская, С.С. Особенности подготовки успешного учителя химии в условиях непрерывности обучения // Непрерывное психолого-педагогическое образование: проблемы, поиски, перспективы: материалы Международной научн.-практ. конф., Казань, 12-13 ноября 2009 г. – Казань, ТГГПУ, 2009, с. 151-154.
6. Космодемьянская, С.С. Дневник педагогической практики по химии студентов III-V курсов естественно-географического факультета ТГГПУ / Космодемьянская С.С. и др. – Казань, ТГГПУ, 2008. – 48 с.

7. Космодемьянская, С.С. Методические рекомендации по изучению курса «ХИМИЯ» для студентов математического факультета. Часть 1. Практические занятия. – Казань, ТГГПУ, 2009. – 51 с.

8. Химия. Программы для общеобразовательных учреждений. 8-11 классы. Общая. Неорганическая. Органическая. – М.: Дрофа, 2010 г. –188 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ДАРИБАЕВ ҒАЛЫМЖАН СЕРІКЖАНҰЛЫ

«Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты

Қазақстан Республикасы,

Талдықорған қаласы,

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,

galimzhan_2016@mail.ru

Қазіргі жаһандану дәуірінде экономикасы қуатты, саяси жүйесі берік, мәдениеті жоғары мемлекетке айналу үшін адами капиталды, соның ішінде білім беру саласын дамытуға мән берілуі қажет. Қазақстанда бұл бағытта білім беру жүйесін дамытудың кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, реформалау жүргізілуде. Реформалаудың негізгі мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарының мазмұнына сай келетін ұлттық білім беру моделін қалыптастыру. Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру болып табылады [1, 23-24]. Яғни, еліміздің қазіргі ұлттық білім беру жүйесінде адамгершілігі жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қоғам өзгерісіне тез бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге басымдылық беріледі. Қазақстандық ұлттық білім беру моделі 3 тілде оқыту, 12 жылдық білім беру, орта білім беру мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін цифрландыру секілді бастамалармен ерекшеленеді. Сондай-ақ, барлық білім беру ұйымдарында қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін заманауи технологияларды қолдана отырып оқыту жүзеге асырылуда. Бұл да жаңа заман талабына сай ұлттық білім беру моделі қалыптасқандығының бір көрінісі. Жалпы, отандық білім беру саласын әрі қарай дамыту үшін ұлттық білім беру моделі мен шетелдік білім беру моделіне салыстырмалы талдау жасау маңызды. Сондықтан, осы орайда Еуропаның алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің бірі болып есептелетін Финляндияның білім

беру жүйесі мен Қазақстанның білім беру жүйесіндегі негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастырып өтейік. Біріншіден, Финляндия елінің білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталайық. Финляндияның ұлттық білім беру жүйесі мынадай қағидаларға сүйенеді:

- барлық бала тең құқылы;
- жекеменшік мектептер жоқ;
- сабаққа қажет құрал-жабдықтар мен оқулықтар тегін беріледі;
- түскі ас тегін;
- оқушылардың жол жүру билетінің ақшасын муниципалитет төлейді;
- мемлекетте мектеп инспекторлары жоқ;
- мұғалімдерге толықтай сенім артады;
- жемқорлық өте аз;
- табиғатынан кемтар болып туылған балалар құрдастарымен қатар

отырып білім алады;

- ұстаздардың оқушыны басқа мектепке көшіру немесе оқудан шығару сынды құқығы жоқ [2]. Енді салыстырмалы түрде алатын болсақ, Қазақстанда да барлық балалар тең құқылы болып саналады. Оған дәлел, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 4-бабының 1-тармағында: «Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» – деп нақты көрсетілген [3]. Біздің елімізде де барлық жалпы білім беретін мектептер мемлекеттік болып табылады. Сондай-ақ, мүгедек балаларды денсаулығы қалыпты балалармен бірге оқытуды қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беру жүйесі енгізілген. Оны біз жоғарыда нақты қарастырып өттік. Финляндия білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі – бұл елде шынайы оқығысы келген оқушы оқиды. Егер оқушының бір сабаққа қызығушылығы жоқ болса, мұғалімдер оны «екілікпен» қорқытпайды. Керісінше, оған өзіне қызықты саланы тауып беруге тырысады. Сабақты үлгермеген бала келесі сыныпқа көшірілмейді. Фин мектептерінде сыныпқа көшпей қалу ұят болып саналмайды. Себебі, болашаққа жауапты түрде дайындалу қажет деп есептейді. Фин мектептерінде ешқандай емтихан жоқ. Тек жалпы орта мектеп бітірер кезде тапсырылатын тест бар. Бірақ, тесттің нәтижесі оқушыға да, мұғалімге де, мектепке де әсер етпейді. Оқушыларды оған алдын ала дайындамайды, қалай бар солай тапсырады. Қазақстанда да оқушылар жалпы орта білім беруді аяқтағаннан соң емтихан тапсырады. Бұрын жалпы орта білім беруді қорытынды аттестаттау түрі – ұлттық бірыңғай тестілеу болатын. Бірақ, қазіргі жаңа форматқа сай, ұлттық бірыңғай тестілеу – тек жоғары оқу орнына түсу үшін тапсырылатын сынақ болып табылады. Финляндияда оқу жылы тамыз айында басталып, мамыр айының аяғында аяқталады. Сабақ 5 күн, бір ауысымда жүргізіледі. Жұма – қысқартылған күн. Жалпы орта білім: төменгі (1-6 сыныптар), жоғарғы (7-9 сыныптар, үлкен өмірге дайын болмаса,

10 сынып оқуға болады, бірақ міндетті емес) деп бөлінеді. Біздің елімізде төменгі сынып – бастауыш сынып деп есептеледі және ол 1-4 сынып аралығын қамтиды. Ал жоғарғы сынып бізде негізгі орта білім беру сатысы деп қарастырылады және ол 5-9 сынып аралығында жүзеге асырылады. 10-сыныпты фин мектептеріндегі сияқты, оқушы өз қалауы бойынша оқиды. Ал Финляндия елінің кәсіптік және жоғарғы білім беру жүйесіне келсек, оқушылар 9-10 жылдық орта мектепті бітіргеннен кейін арнайы гимназиялар мен лицейлерде оқи алады. Содан соң жоғары оқу орындарына түсе алады. Финляндияның жоғарғы білім беру жүйесінің ең басты ерекшелігі – аталған елде университеттерде оқығандары үшін ешқандай студент ақша төлемейді, барлығы мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Яғни жоғарғы білім беру тегін деген сөз [2]. Ал Қазақстанда оқушылар 9 жылдық негізгі орта білім беруді аяқтаған соң, арнайы кәсіптік училищелерде, колледждерде білім ала алады. Елімізде жоғарғы білімді арнайы конкурсқа қатысу арқылы мемлекет тапсырысы негізінде тегін оқуға болады. Ол заңмен де нақты көзделген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының 2-тармағында: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар» – деп көрсетілген [4]. Финляндия мемлекетінде халықты сауаттандыру мақсатында «жазғы университеттер», «ашық университеттер», жұмыссыздарға арналған оқу орындары белсенді жұмыс жасайды. Бұл жерлерде жылына 600 мыңға жуық адам білім алады. Қазақстанда жоғарыда аталған университет түрлері жоқ, дегенмен жұмыссыз жүрген азаматтарды тегін әрі қысқа мерзімді оқыту курстары жұмыс жасайды. Бұл курстардың мақсаты – азаматтарды тігінші, шаштаразшы, дәнекерлеуші сияқты тағы басқа кәсіптік салаларға оқыта отырып, табысты жұмыспен қамту және сол арқылы елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Жалпы, Финляндия елі білім беру жүйесіне үнемі өзгерістер енгізіп, жетілдіріп отырады. Мұндағы оқушылар түнімен сабақ оқып, жүйке ауруына ұшырамайды, мектептен қашып кетпейді, тезірек есеюді армандамайды. Көбінесе кітап оқиды, спортпен айналысады, музыкалық туындыларды дүниеге әкеледі, әртістік қабілеттерін көрсете алады және т.б. Осының барлығымен шұғылдана отырып, оқуды да үлгереді [5]. Яғни, фин мектептерінде оқушылардың оқумен қатар, шығармашылықпен айналысуларына да барлық жағдай жасалған. Сонымен, Финляндияның білім беру жүйесінің жоғары деңгейде дамығандығын көріп отырмыз. Сондықтан, Финляндия мемлекетінің жоғарыда қарастырып өткен білім берудегі кейбір тәжірибесін еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жағдайына, сондай-ақ халқымыздың менталитетіне сай бейімдей отырып, ұлттық білім беру жүйемізге енгізсек дұрыс болады деп ойлаймын. Бұл отандық білім беру саласының әлемдік білім беру жүйесімен теңесуіне жол ашады.

Білім беру жүйесін реформалау арқылы ұлттық білім беру моделін қалыптастыру өз кезегінде мәселелер туындататындығы да анық. Білім беру жүйесіндегі мәселенің бірі – шағын жинақты мектептермен жұмыс. Шағын жинақты мектептер – халық тығыздығы төмен елдерге тән мәселе (мысалы,

Канада, Аустралия, Ресей, Қазақстан және т.б.). 2016 жылғы статистикалық мәліметке жүгінсек, Қазақстандағы мектептердің 44%-ы – шағын жинақты мектептер. Бұл мектептерде оқушылардың 7,8%-ы оқиды. Шағын жинақты мектептерде 55 мың педагог жұмыс істейді (бүкіл педагогтердің 17%-ы). Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі шағын жинақты мектептердің мәселелерін шешудің 4 бағытын белгілеп отыр:

1) электронды контентті пайдалану:

- 2020 жылға дейін мектептердің 100%-ы ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданатын болады;

- барлық шағын жинақты мектептер интернетке кіру мүмкіндігінсіз де электрондық контентпен қамтамасыз етілетін болады;

- мектептер, бірінші кезекте шағын жинақты мектептер 50 мың бейнеэкранмен, БілімLand-ты қоса есептегенде бейне және интерактивті материалдар орналастырылған проекторлармен және компьютерлермен жабдықталады (3 тілдегі 40 мыңнан астам бейнесабақтар мен интерактивті тапсырмалар);

2) педагогтерді даярлау:

- Министрлік біріктірілген сыныптар мен шекаралас пәндерге мұғалімдерді даярлау мәселесін шешеді. Ауылдық мектептерге баса назар аударылады;

3) жас кадрларды тарту:

- мектептерге жас мамандардың келіп орналасуы, соның ішінде «Болашақ» бағдарламасын қайта қарау есебінен қамтамасыз етілетін болады;

4) қолжетімділікті арттыру:

- 2020 жылға дейін ресурстық орталықтар саны 200-ге дейін көбейетін болады;

- мектептері жоқ ауылдарда тұратын балаларды мектепке және үйге тасымалдауды ұйымдастыру жұмысы жалғасын табады;

- тиісті қажеттілігі бар өңірлерде мектеп жанындағы интернаттар салу жұмысы жалғасады [6]. Шағын жинақты мектептер, көбінесе ауылдық елді мекендерде орналасқандықтан, мұнда интернет жүйесі бола бермейді. Министрлік тарапынан ұсынылып отырған бағыттар шағын жинақты мектептердегі осындай мәселелерді оңтайлы шешуге жағдай жасайды. Сондай-ақ, ауылдық жердегі шағын жинақты мектептердің білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде оқулықтардың сапасына қатысты мәселені де атап өтсек болады. Қазіргі кезде орта білім беретін мектептерге арналып шығарылған кейбір оқулықтардың мазмұны оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай құрастырылмаған. Сондай-ақ, оқулықтардағы мәтіннен грамматикалық және техникалық қателіктер кездесіп жатыр. Қателіктердің болуынан оқулықтағы мәтіннің мазмұны не оқушыға да, не ата-анаға да, тіптен мұғалімдердің өздеріне түсініксіз болуда. Оқулықтардағы қателіктер жөнінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында депутат Бақытбек Смағұл қазақ тіліндегі оқулықтардың қателіктерін нақты

тізіп берді. Біріншіден, қолданыстағы оқулықтардың басым бөлігі орыс мектебінде оқитын шәкірттерге арналған. Онда көрсетілген мысалдар да соған бейімделген. Ал оны сөзбе-сөз қазақ тіліне аударған кезде оның мазмұны оқушыға да, мұғалімге де түсініксіз болып, қиындық туғызады. Екіншіден, қазақ тіліндегі оқулықтардың мазмұнында кеткен қателіктер туралы депутат: «Мектеп» баспасынан шыққан 7-ші сыныптың физика пәні оқулығының авторлары – Тоқбергенова мен Кронгарттың орыс және қазақ тілдеріндегі оқулықтарында көптеген мәтіндік сәйкеспеушіліктер кездеседі. Қазақ тіліндегі оқулықтың 109-шы бетіндегі жаттығуда «бала бәтеңкесі табанының ауданы» деп берілуі керек мәтін «бала бәтеңкесінің ауданы» деп берілген. 120-шы бетте атмосфералық қысым тақырыбындағы 4-37 суретте көрсетілген тәжірибенің түсініктемесінде «колбадағы аздап жеңілдейді» деп жазылуы керек сөйлемнің орнына «колбадағы аздап ауырлайды» деп жазылған» – деп нақты мысалдармен көрсетіп берді. Сонымен қатар депутат Бақытбек Смағұл «Алматы» баспасынан шыққан математикадан қазақ тіліндегі оқулықта ұлттық валютаны «теңге» деп жазудың орнына «KZ» деп көрсете салғандығын атап өтті [7]. Көріп отырғанымыздай, оқулықтардан көптеген қателіктер кеткен. Бұл айналып келгенде оқушының сапалы білім алуына кері әсер етеді. Сондықтан, менің ойымша, оқулықтардың сапасына жүйелі бақылау жасау қажет және әрбір шығарылған оқулықтар сыннан өтіп барып оқу процесіне енгізілуі керек. Осы орайда, оқулықтардың сапасына байланысты мәселені шешуде бірыңғай базалық оқулықтар енгізу жұмысы жүргізіліп жатқандығын атап кетсек болады. Бірыңғай базалық оқулықтар елімізде 2016 жылдан бастап жаңартылған мазмұнға көшу кестесіне сәйкес енгізіліп келе жатыр. Оны төмендегідей көрсетуге болады:

- 2016 жылғы 1 қыркүйекте – 1-сынып;
 - 2017 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 5, 7-сыныптар;
 - 2018 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 10-сыныптар;
 - 2019 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-сыныптар.
- Бірыңғай базалық оқулықтар келесідей мүмкіндіктерге жол ашады:

- бюджеттік қаржыны үнемдеу, өйткені құқық мемлекетке берілген;
- оқулықтарды жергілікті жерлерге жеткізу жылдамдығын арттыру;
- оқулықтардың мазмұнын үнемі жақсарту;
- қосымша сандық ресурстармен онлайн қолдауды қамтамасыз ету [6].

Сонымен, білім беру саласындағы негізгі 3 мәселені және оны шешу жолдарын қарастырып өттік. Менің пікірімше, білім беру саласындағы мәселелерді заңнамалық тұрғыда да шешу маңызды. Яғни, білім беру жүйесіндегі реформаларды заң жүзінде бекітіп, оның тиімділігін халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру қажет. Сонда халық арасында білім беру жүйесіндегі өзгерістерге байланысты түсініспеушіліктер мен келеңсіздіктер орын алмайды. Керісінше халық өзгерістердің тиімділігін нақтылы түсініп, соған қарай дайындала бастайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Ж.Бахтиярова. Жаңартылған мазмұнды бағдарлама аясында тиімді технологияларды қолданудың ерекшеліктері // «Педагогика мәселелері» ғылыми-теориялық журнал. №3/2018. Б. 23-24
2. Финляндияның білім беру жүйесі // <https://massaget.kz>
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. Б.Қамзанова. Финляндия білім беру жүйесінің революциясы // <http://kazbilim.kz>
6. Білім беру саласының өзекті 12 мәселесі // kurchum.vko.gov.kz
7. М.Ақан. Депутат қазақ тіліндегі оқулықтардың қателіктерін тізіп берді // <http://politic.bugin.kz>

ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНДА ІЗГІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ГАПБАСОВА И.М., НАУРЗАЛИНА А.Т.

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Жалпы орта білім беретін №17 мектеп-гимназия, aktobe_sh17@mail.ru

Бүгінгі заманның білім беру ісіндегі негізгі мақсат – болашақ ұрпақтың ғылыми талдау жасауына мектеп табалдырығында жүрген кезінен бастап негіз, дағды қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай-ақ, оны ұтымды пайдалана алатын, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі заман ағымымен ілесіп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды да көздейді.

Қазіргі уақытта қоғамның барлық саласы қарқынды даму үстінде, оның ішінде бүгінгі білім жүйесі де бар. Осындай даму үстіндегі білім жүйесінің тәлім алушылары мен тәрбие берушілері де қоғам дамуына сай болғаны керек. «Ол үшін мектеп оқушылары қандай болуы тиіс?» деген заңды сұрақ туындайды.

Мұның жауабын «білімге құштар, оқу біліктері негізін меңгерген, өз іс-әрекеттерін ұйымдастыра алатын ерекше қабілеттерге ие, екінші адамның пікірлерін тыңдай алатын, сонымен бірге, өзінің ұстанымдарын негіздей алатын, өз пікірін білдіре алатын жағдайда болуы тиіс» деп тұжырымдайды осы салаға еңбегі сіңген майталман педагог мамандар. Қазіргі осы заманға лайық білім беру кезеңінде мұндай ерекшеліктерді ескерген ұстаздар қауымы орта

мектеп оқушыларына білім беруде өздерінің ұстанған, тәжірибе барысында анық көз жеткізген сабақты жүргізу тәсілдеріне иек артып, соны жүзеге асырып та келеді. Соның нәтижесінде қол жеткізіп жатқан жетістіктері де жоқ емес.

Дәл сол мектептегі қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша өткізілген сабақ барысындағы ұзақ уақыттық жинақтаған тәжірибемнен мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда салыстырмалы талдаудың алатын орнының ерекше екеніне көз жеткіздім. Оқушылардың ертеңгі күні ғылыммен айналысуына мүмкіндік беретін, соған жол ашатын әдіс екендігіне мойынұсындым. Сол үшін де сабақ барысында осы тәсілді үнемі қолданып, соған иек артып келемін.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, білім беру жүйесінің бүгінгі талап-тілегі, сұранысына сай, болашақ жастарымызды тұлға ретінде тануға, тәрибелеуге, әсіресе, осы әдебиет пәнінің қосар үлесінің зор екендігіне ерте кезден көз жеткізілді. Сол үшін де бүгінгі таңда әдебиет пәні бойынша арнайы ғылыми негіздегі ізденістер жиі жүзеге асырылуда. Жаңа технологиямен оқыту жүйесінің енгізілуіне орай, көркем шығарманы талдау мәселесі де оқушының өзіндік ізденісіне жаңа бағыт, оң бағдар беруде деп айта аламыз.

Оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтуге жағдай жасау, іс-әрекет барысында тиянақты нәтижеге қол жеткізуге үйрету де тікелей осы салыстырмалы талдаудың арқасында жүзеге асырылатыны ендігіде нақты дәлелденген дүние. Сондықтан да, ғылыми тұрғыдан дәлелденген бұл үрдісті, яғни, талдаудың әдістемелік жүйесін бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына сай етіп жетілдіру қажеттігі де көзге ұрып, көрініп шыға келеді. Сол үшін әрбір ұстаз, осы әдісті тәжірибе барысында тиімді қолдануға ниет еткен әрбір мұғалім мәселені тиімді шешу, талдаудың ұтымды да оңтайлы жаңа жолдарын таба білуі қажет болып шығады. Сонда ғана ұстаз шәкірттерін шығарма әлеміне енгізуде, оларды талдауға, ізденушілік жолға салуда бағыт, бағдар бере отырып, өзінің діттеген мақсатына қол жеткізе алады деп ойлаймын.

Дәл осылайша, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда салыстырмалы талдауды қолдану арқылы оқушының жеке тұлғасын, оның шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген қызығушылықтарын дамытып, оқу ынтасы мен дағдысын қалыптастыруға көмектесуге болады. Осындай талап үдесінен шыққан оқушы ертеңгі күні ғылыми зерттеу жұмысын салыстырмалы талдау негізінде жазып, оны қорғап, алып шығуына мүмкіндік алады. Соған негіз қалайды.

Жалпы, баланы о бастан зерттеуге баулу өзінің жеке шығармашылық және зерттеушілік дағдылары арқылы білім алу жолы болып табылады. Оның негізі салыстырмалы болып келеді, яғни, мәселелерді анықтау, болжамдарды жасау және тізбектеу, бақылау, тәжірибелер, сонымен қатар, солардың негізінде жасалған ойлар мен талқылаулар. Пәнді оқыту кезінде сол үшін де тәжірибеде кестелер, диаграммалар салыстырмалы талдау негізінде жиі қолданылатын болады.

Ал, оқушының осы зерттеушілік дағдысын мектеп табалдырығында жүрген кезінен қалыптастыруды зерттеуші ғалымдардың бірі А.И.Савенков: «Зерттеу – бұл белгісіздікті іздеудің шығармашылық үдерісі» деп түсіндіреді. Яғни, өз кезегінде зерттеушілік дағдыны жалпы жеке тұлғаны дамытуда қарау және көру, бақылау қабілеттерін дамыту шарттары деп те анықтауға болады.

Демек, бұған оқушылардың танымдық білігі мен дағдыларын дамытуын, ақпараттық кеңістікте бағыт ала білуін, өз білімін өздігінен құрай алу дағдысын, ғылымның әр алуан саласындағы білімдерін кіріктіре алу дағдыларын, сыни тұрғыдан ойлай білу дағдыларын жатқызуға болады. Енді осындай зерттеушілік дағдылардың негізі бала бойында қаланған кезде ғана, одан кейінгі жасалар қадам төмендегідей болып келеді:

Белгілі бір тақырыпты зерттеп-зерделеу барысында оқушылардың алған білімдерін белсендіру және өзекті ете түсу; көрнекті мектеп бағдарламасы аясынан тыс материалдар кешенімен танысу білімді қажет етеді. Зерттеліп жатқан тақырып аясында ойлау дағдысын дамыту, талдау жасау, салыстыру, өзіндік қорытындылар жасай білу; материалды іріктей білу және жүйелеу; жүргізілген зерттеуді рәсімдеу барысында ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдана білу; зерттеу қорытындыларын көпшілік алдына ұсыну дамытушылықты қажет етеді.

Өзгелердің қызығушылығын тудырып, қажетті болатын өнімді шығару білім мен тәрбиені қажет етеді. Дәл осы зерттеушілік қабілетті мектеп жасындағы бала бойына сіңіріп, оның ішінде қазақ әдебиеті пәні бойынша қалай ұйымдастырып, жүзеге асыруға болады? Бәріміз жақсы білетіміздей, орта мектепте әдебиет пәнін оқытуда көркем шығарманы талдау мәселесі сол пәннің мазмұны мен құрылымына қарай өзгеріп, қиындатылып отырады. Егер бұл ойымызды тарқатып айтар болсақ, қазақ әдебиетінің 5-ші сыныптан бастап жеке пән ретінде оқтыла бастайтынын жақсы білеміз.

Осы 5-9 сыныптарда базалық негізгі білім берілетін кезең болып табылады. Бұл кезде оқушыларға көркем шығарманы оқып-үйренуге негізделген әдебиеттік оқу сипат алады.

Жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай, оқитын шығармалар қатары кеңейіп отырады, тақырыбы мен жанрлық сипаты жағынан алуан түрлі, өткір сюжетті, көркемдік мәні жоғары туындылармен тізім толығы түседі. Олармен танысу, талдау, талқылау барысында оқушыларда әдеби туындыны тұтастай қабылдау мәдениеті, оқиғалардың өмірлік мәнін, шығарманың тілін, көркемдік бейнелеу құралдарының ерекшеліктері мен рөлін, атқарып тұрған қызметін ұғыну дағдылары да қалыптаса бастайды.

Бұдан кейінгі кезеңдерде шығарма туралы оқушылардың ой-пікірлері кеңейе түсіп, олар өз ойларын жинақтауға, өмірдің алуан сырлары мен халықтың, жалпы адамзаттың даму тарихы, жазушының шығармашылық өсу жолы мен өмірбаяндық өнегелері, олардың отандық және әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жөнінде жүйелі ой қорытуға мүмкіндік алады.

Дәл осы кезеңдерде олардың талдаудағы іс-әрекеттеріне дұрыс бағыттаушылық орын алса, онда оқушының ойлау жүйесі де кеңейе түседі, нақтылық пайда болады, салыстыра бағалау әдісін түсіне бастайды. Мәселен, талданып отырған мәселе жөнінде басылым беттерінде жарық көрген мақалаларды қосымша пайдалануға жөн сілтеніп, салыстыра талдауға бағыт беріледі. Бұл сол мәселені барынша кең көкжиек шегінде қарап, өз тұжырымын жасауына негіз болады.

Сондықтан әдебиет сабағының қай сыныпта жүргізіліп отырғанына қарамастан, сол пәннің бүгінгі күннің талап-тілегіне жауап беретіндей дәрежеде өтуі, шәкірттердің әдеби шығарманың көркемдік сапасын өз дәрежесінде тани білуі, туындының әдеби бейнелер жүйесінің шығарма идеясын танытудағы мәнін айқын түсінуі — осы секілді мәселелердің бәрінің де оқу бағдарламаларында қалай қамтылуына, олардың қаншалықты дәрежеде және қандай ғылыми-әдістемелік деңгейде оқулықтардан шешімін табуына, мұғалімнің білім дәрежесінің, ұстаздық шеберлігінің шама-шарқына да тікелей байланысы бар деп айтуға негіз болады.

Сондықтан да, И.П.Павлов зерттеу әдістерін таңдауға қатысты ойын білдіргенде, «Жақсы әдіспен онша талантты емес адамның өзі көп жұмыс тындыра алады. Ал, жаман әдіспен данышпан адамның өзі түк бітіре алмауы мүмкін» дегенді айтады. Бұл мойындауға тұрарлық тұжырым. Сол үшін де көркем шығарманы талдау кезінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға дұрыс бағытбағдар беріледі.

Бағыт-бағдар көркем шығарманы талдаудағы, оның идеялықтақырыптық мазмұнын ашудағы негізгі тұтқа — кейіпкерлерді қарастыруға, сол арқылы шәкірттердің әдеби туындыға өздігінен талдау жасай аларлық білік, дағдыларын қалыптастыруға жол ашады.

Сол арқылы оқушылар әдеби-теориялық ұғымдарды жақсы біле түседі, меңгерген білімдерін көркем шығарманы талдауда қажетке жарата аларлықтай білік-дағдыларын қалыптастырады.

Негізінде мектептерде көркем шығарманы талдау мәселесі ең ауыр да күрделі мәселе ретінде қарастырылатыны ақиқат. Біздің бүгінгі күнімізге дейін қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде аталмыш тақырыптағы зерттеулердің, ғылыми-әдістемелік еңбектердің аз болуының негізгі себептерінің бірі осыдан болса керек деп ойлаймыз.

Өйткені, дәл осы көркем шығарманы талдау арқылы оқытудың танымдық, тәрбиелік әрі ой-өрісті дамытушылық мақсаттарын қатар іске асыру көзделеді. Мұғалім бұл аталған әдістемелік-дидактикалық міндеттерді көркем әдебиеттің ең пәрменді құралы — сөз құдіреті арқылы, тілдік материалдарға көңіл бөлу нәтижесінде шешеді.

Оқушыға шығарма тілін еркін және жан-жақты талдауды үйрету арқылы біз: әдеби шығарманың идеялық-көркемдік мәнін талдауды тереңдетуге, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытуға көмектесеміз, шығарма тілінің мәнерлілігі туралы ұғымға қоса, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, халықтық сөйлеу тілі дегендей, әдеби-теориялық ұғымдармен танысып, автор

тілі, кейіпкерлер тілі, жазушы стилі сияқты ұғымдарды меңгеруге ықпал етеміз. Бәрінен де бұрын, қосымша жарияланымдар, құралдар, кестелер, диаграммаларды кең түрде сабақ барысында қолдану арқылы салыстырмалы талдау аясын кеңейтеміз. Осы арқылы, оқушының бойына зерттеушілік, ізденушілік дағдысын қалыптастырамыз. Бұл деген сөз — бүгінгі ұрпақ бойында ертеңгі зерттеуге, ғылымға апарар жолдың ашылып, негіздің қалануы дегенді білдіреді.

Сонымен, оқушыларды ғылыми жұмыспен айналысуға бастайтын зерттеу әдістерін мынандай топтамада қарауға болады:

- теориялық әдістер – қарамақайшылықтарды анықтау және шешу, проблема қою;
- болжам жасау және операция әдістері – талдау, сүзгілеу, салыстыру, абстракциялау және нақтылау;
- эмпирикалық әдістер: танымдық іс-әрекеттер зерттеу, мониторинг, бақылау, сұрақ қою, тестілеу.

Зерттеуді өткізу уақыты екі кезеңнен тұрады: теориялық кезең – әдебиеттерді талдау және жүйелеу, түйсік аппаратын жетілдіру, зерттеудің теориялық бөлігінің логикалық құрылымын жасау және эмпирикалық кезең – тәжірибелік – эксперименттік жұмыс жүргізу. Оқушының әрекеті зерттеушілік әрекет болуы үшін зерттеудің проблемасы мен тақырыбын анықтап, нақты мақсаттар қоя білу керек. Оқушылар ғылыми зерттеудің әдістерін, формаларын, принциптерін үйренуі тиіс.

Қорыта келе айтарымыз, оқушыны болашақта ғылымға бастайтын, соған жол ашатын салыстырмалы талдау жасау кезінде, оқу әдісін қолдану жағдайында оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс артады. Оқу жағдайында өзін өзі талдауды, өзін өзі бағалауды, салыстыруды жүргізуді оқушы өз құзыреттілігіне алады. Сондықтан, оқушы өзін өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, білімді дамытуға, салыстырмалы түрде талдау жасауға, жан-жақты, мәдениетті, шығармашыл, атқарымдық сауаттылығы жоғары деңгейдегі тұлғаға айналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Даменова А. «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі мен ерекшелігі»// Қазақстан мектебі, 2012 жыл, №2.
2. Құрманбекова А.С. «Қазіргі заман оқыту технологиялары және олардың ерекшеліктері» // Қазақстан жоғары мектебі, 2012 жыл, №1.
3. Алексеев Н.Г. Критерии эффективности обучения учащихся исследовательской деятельности//Развитие исследовательской деятельности учащихся: методический сборник. М. – 2001
4. Ақмағанбетова Г. Жобалау-зерттеу қызметіне жетелейтін жол//«Қазақстан мектебі» №7. 2013 жыл.
5. Галиева Б.Х. Ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау// Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы, 2013

V. ЖҰБАНОВТАР МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ РУХАНИ ҚАЙНАР КӨЗІ

ӘКЕ АРМАНЫН АҚТАҒАН

ТЕЛҒОЖА ЖАНҰЗАҚ

*филология ғылымдарының
докторы, профессор,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*



*Есет Жұбанов. 22 қараша 1929
жылы туған.*

1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің қиямет кезінде НКВД-ның жандайшап әпербақандары «Жапония шпионы» деген нақақ жаламен ғалым-ұстаз Құдайберген Қуанұлын алды-артына қаратпай, үйелмелі-сүйелмелі алты баласын, олардың Ару-Анасын зар жылатып, шырылдатып алдына салып айдап кетеді. Ең болмаса туғанына алты күн болған жас нәрестесі Асқардың қасында біразғана уақыт болуға да мұрсат бермепті. Бұл жайт сол кездегі 8 жасар ұлы Есеттің де, басқаларының да жанына ызғардай батып, көз жастары көл болып, қабырғалары қайысып, мөлдіреп қала береді.

Есіл ер, ардақты азамат, білімдар ғалым, ұлағатты ұстаз Құдекең басына түскен жайдың ауырлығын түсінгенмен, «болған іске болаттай болуға» тырысады. Амал қанша, тар қапаста жатқанда үй-іші, жас балалары ешбір есінен шықпайды. Құлындарының аман-есен болып, ел қатарына қосылуын армандап, олардың келешегінен үміт күткен де болар, қайран азамат.

Мұндай жағдайда «Есің барда – елің тап» деген халық даналығын ескерген ақылды да парасатты Раушан ана бала-шағаларын арқалап, өз елі, алтын бесігі Ақтөбе облысының Жұрын ауданына бір-ақ тартады. Балаларын мектепке орналастырып. Өзі колхоздың қиын да ауыр қара жұмысына кіріседі. Бәрі де балаларының қамы. Арада жылжып ай, ай соңынан жылдар зымырап, балалары ауыл балаларымен бірге өсіп-жетілгеніне қуанышы қойнына симай жүргенде, Ұлы Отан соғысының қиын да ауыр жылдарын жұрт қатарлы бастан өткереді. Халқымыздың «Орнында бар оңалар» деген халық даналығы бұл отбасының да өмірін айналып өтпейді. Адам төзбес ауыр да қиын, жанқилы қиыншылықты көре жүре өскен Құдекең мен Раушан шешейдің балалары өсіп-өніп, еліміздің белгілі ұл-қыздарының қатарына қосылғанына жұрт риза болады. «Текіден текті туар, мүйізі қарағайдай, тексізден тексіз туар, адам

жылағандай» деп текке айтылмаған ғой. Тұңғыштары Муслима филология ғылымдарының кандидаты, Ақырап болса, белгілі суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Есет –филология ғылымдарының докторы, профессор. Қызғалдақ – экономикаәрі саяси ұйымдастыру маманы. Қырмызы шетел тілінің маманы болса, кенже ұлы Асқар – математика маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор.Құдекеннің немересі Ардақ Есетқызы да филология ғылымдарының кандидаты, басқа немерелері де жоғары білімді мамандар.

Ертеден айтылып, құлаққа сіңісті болған «Әкеден ұл туса игі еді, әке жолын қуса игі еді» деген нақылды бойына жастайынан сіңірген Есет Құдайбергенұлы 1946 жылы Ақтөбе қаласындағы Н.Байғанин атындағы 2 жылдық мұғалімдер институтының даярлық курсына ойдағыдай аяқтайды да, 1947 жылы әкесі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып, қызмет атқарып, жүздеген шәкірттерге білім берген Абай атындағы Қазақ педагогика институтына қабылданады. Оның бұл институтқа түскендегі мақсаты – әке жолын жалғастыру, ол кісінің жан-тәнімен беріле, адал жүректен сүйген ана тілін зерттеу, әке арманын арқалай жүріп білім алып, жас шәкірттерді оқытып, баулу болған.

Біздің Есетпен шүйіркелесе танысып та кездесуіміз осы 1947 жылдың қыркүйегінен басталып еді. Бір курста 45 студентпіз. Сұрапыл соғыстың аяқталғанына екі жыл ғана өткен. Елдің шаруасы кемелденіп бола қоймаған кез. Таңдап киіну, сән түзеу деген жоқтың қасы, бірақ талап мықты, оқуға деген ықылас күшті. Үлкен де, кіші де білмекке құмар, білімге құлаш жая асығулы. Ұстаздарымыз өте білімді, сол кездегі мақтаулы мамандар еді.

Ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланған ғалымдардың бірі біз оқып жүрген институтта да болды. Ол ұстаз-ғалым – Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Қажым Жұмалиев. Біз Қажекеннің дәрісін селт етпей отырып қызыға тыңдап, тәптіштеп жазып аламыз. Ол кезде оқулық деген атымен жоқ. Ғұлама ұстаздың білмейтіні жоқ, бүкіл қазақ әдебиетін жатқа білетін сияқты. Лекция арасында жалпы мәселені түсіндіру үшін А.С.Пушкин, М.Лермонтовтардан шумақ-шумақ өлеңдерді жатқа соғады. Әсіресе Махамбет, Абай жырларын шұбырта айтқанда аузымыз аңқия ашылып, ұйып қалатын едік.

Майданнан Алтын жұлдыз тағып, Советтер Одағының Батыры атанып қайтқан, аты аңызға айналған, жаңадан ғана кандидаттық диссертация қорғаған Мәлік Ғабдуллин ұстазымызға қызыға, еліге қараймыз. Лекциясының соңында, сәл тыныс алған уақытта «Ал жігіттер, қыздарға жазған өлеңдеріңді оқып жіберіңдер», – деп, қалжыңға басатын. Біздер, ағай, өлеңіміз жоқ десек, «Қойындар, бәріміз жас кезімізде өлең жазғанбыз, өлең жазбайтын қазақ баласы жоқ, – деп көңілімізді көтеріп қоятын. Бізге ұстаз бола жүріп, кандидаттық диссертацияларын қорғаған Ахмади Ысқақов, Төлеубай Қордабаев және доцент Шамғали Сарыбаев, Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Дәулет Әлімжанов, экономика бойынша лекция оқыған институт директоры С.Е.Толыбеков, жаңа тарихтан дәріс беретін доцент С.Бақшылов,

философиядан сабақ беретін Н.Әбішев, Ү.Балқашев, орыс әдебиетінен Н.С.Смирнова, Батыс әдебиетінен М.С.Сильченко, педагогика тарихынан Қ.Берімжанов, логикадан Б.Аспандияров сияқты оқытушыларымызды абырой тұтатын едік. Бәрі білімді де білікті, талай студенттерді ұядан ұшырған атақты ұстаздар.

Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Сәрсен Аманжолов та докторлық диссертациясын сол біздің студенттік кезімізде қорғады. Жоғары курс студенттеріне қазақ тілінің синтаксисінен, бізге Орхон жазуынан сабақ берді. Орхон-Енисей жазуын ол кісінің дулат жазуы деп айтатыны есімізде қалыпты. Неге екені белгісіз, осы кісінің лекциясына тек Есет қана бармайтын.

Есет студент кезінде тым ұяң, көбіне өзімен-өзі болатын. Оның көнілінде жабырқау мен мұңаю байқалатын. Бірақ та біздер оған аса мән бермей, оны әңгімеге қосып, әзіл-қалжыңға сала беретінбіз. Арамызда өте сыйлы да құрметті болды. Жүріс-тұрысы салмақты, өте сабырлы, мінезі ауыр, бойында желікпе қасиет жоқ, тойған қозыдай томпиып жүретін. Оны 3 курста староста етіп сайладық. Сенімімізді ақтады да. Сағат таңғы 8⁰⁰-ден 15⁰⁰-ге дейін аудиторияларда лекция тыңдап, кешкі 18⁰⁰-ден бастап 22⁰⁰-23⁰⁰ сағатқа дейін оқу залында кітап оқып, сабаққа дайындалушы едік.

Есетпен бірге, бір курста төрт жыл оқып жүріп, әкесінің белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ тіл білімінің көшбасшыларының бірі, көрнекті профессор Қ.Жұбанов екенін мүлдем білмедік, тіптен хабарсыз болдық. Өйткені, ол кісінің есімі аталмаған ғой сол кезде. Ол жөнінде ешкім бізге сыр білдірмеген-ді. Тек 1957 ж. ақталғанда ғана толық хабардар болдық емеспе.

1951 ж. біздер институтты бітірген соң Есет Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласына кетті жолдамамен. Мектепте екі жыл мұғалім, содан соң облыстық оқу бөлімінде қызмет атқарып, білім беру саласында табысты еңбек еткені бар.

Ол 1955 ж. Қазақстан Оқу министрлігінің құзырына қарасты «Қазақстан мұғалімі» атты республикалық газетте әдеби қызметкер, одан соң бөлім меңгерушісі ретінде білім беру жүйесіне байланысты мақалалар жазып, тыным таппай еңбек етті. Осы кездегі бір оқиға еріксіз есіме түседі. Мен «Қазақ тілінің грамматикалық терминдері» атты мақаламды Есетке көрсеткем. Бұл мақаланы жариялаймын деп алып қалған. Ол мақалада 5-7 сыныптың «Қазақ тілі грамматикасы» атты оқулықтарда грамматикалық терминдердің әртүрлі қолданылып жүргенін, алалықтардың ерекше орын алғанын да айтқан едім. Бұл мақала Есет қызмет етіп жүрген газеттің («Қазақстан Мұғалімі». 1955, 17 ақпанында) бетінде жарияланған. Екі күннен кейін сол оқулықтардың авторларының бірі, өзіміздің бөлім меңгерушіміз, академик І.Кеңесбаев келіп, «Ой, бала, сен біздерді қатырыпсың ғой, газеттен мақаланды оқыдым» дегені. Арада үш күн өткен соң Оқу министрлігінің осы мақала бойынша мәжілісі болып, оған автор ретінде мені және газет қызметкерлерінен Есет пен газет редакторы Омарғали Құдышевті шақырып, талқылау өткізгені бар. Егер де Есет ол мақаланы жарияламағанда грамматикалық термин алалықтары жалғаса берер еді.

Бұл газетте де шебер білікті қаламгер, журналист ретінде тез арада көп көзіне ілігіп, айтарлықтай жұмыс атқарып жүрген кезде, 1957 ж. Есет әкесі Қ.Жұбанов ақталғаннан соң, Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және Әдебиет институтына қызметке шақырылды. Ол кезде курстас құрбылар: О.Нақысбеков, А.Әбдірахманов және мен осы институтта қызмет істеп жүргенбіз. Бәріміз Есеттің қатарымызға қосылғанына қуанып, оны ерекше сыйлап, құрметтеп, қызу құттықтағанымыз әлі күнге естен кетпейді. Бұл кезде «Қазақ тілінің 2 томдық түсіндірме сөздігін» академик І.Кеңесбаевтың басшылығымен қызу қолға алып, 1 томның қолжазбасын баспаға дайындап та жатқанбыз. Есет те бұл шаруаға қызу аралысып кетті. Оны 1 томның редакторлар алқасының мүшесіне қосты да, том жарық көргенде оның фамилиясы академик І.Кеңесбаев, профессорлар М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтармен қатар тұрды. Ал 1961 ж. жарық көрген 2 томында құрастырушылардың бірі, әрі редакторлар алқасының мүшесі ретінде білегін сыбана еңбек етті.

Есеттің Ғылым ордасына келген соң, 1958 жылдан әкесінің көптеген ғылыми еңбектерін жарыққа шығара бастауы осы мерзімнен басталған еді. Біздің қызметтен тыс достық қарым-қатынасымыз – үйлі-жайлы болу қуанышымыздан бастап, балаларымыздың дүниеге келуімен, өсіп-есеюімен байланысты той-томалақтарымыз, ортақ қуаныш-қайғыларымыз бірге өтті. Есеттің туған-туыстарымен де қарым-қатынасымыз жарасымын тапты. Әсіресе, алтын анасының біздер Есетті іздеп барғандағы жылы қабағы, аңқылдаған ақкөңіл мейірімді жүзі, ақ дастарқанын жайнатып, берекелі қолынан берген шайы, ол кезде әлі үйлі-жайлы бола қоймаған біздің пәк көңілімізді ерекше жадыратушы еді.

1957-жылдың маусымы болатын. Бір күні Есет Айтым екеумізге келіп, Ахаңа партбилетін қайтарып беріп еді ерекше қуанышта жүр. Бірақ ол кісінің үйіне барып, құттықтап жатқан ешкім жоқ. Барып көңілін аулап, құттықтап қайтайық деген соң, сау етіп жетіп бардық. Ахаң болса өзіміз қызмет ететін Тіл және Әдебиет институтының Өнер секторының меңгерушісі. Институт қызметкерлері ғана емес-ау, үлкенді-кішілі ғалымдардың бәрі Ахмет Қуанович деп құрмет тұтады.

Біздер есіктен кіре бере ол кісіге қол беріп сәлемдесіп, жігі-жапар болып жатырмыз. Сәлемімізді алып жатып, Ахаң да қуанған сыңаймен Науан, әй, Науан! Есеттің жолдастары келіп қалды ғой, қайдасың деп дауыстап жатыр. Ал Науан деп құрметтеп жатқаны жұбайы Науат – қазіргі академиктер Болат және Қайсар Ахметұлдары мен композитор Ғазиза Ахметқызының анасы екенін сонда ғана білдік. Ақсары өнді, аса мейірімді, жайдары жан екен. Біздер болсақ, таласа-тармаса, қабаттаса Ахаңды құттықтап, құтты болсын айтып жамырасып жатырмыз. Әсіресе, Айтым өңмендеп, өзінің пысықтығына басып, сайрай бастады. Мен болсам, әдепті қалпыма басып, аса аптықпай, байсалды жайда тұрмын. Әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда шай да дайын болып, шай үстінде Ахаң әңгімесін айтып, біздерді өз замандастарындай сыйлап жатыр. Шайдан соң Ахаң домбырасын қолына алып, өзінің «Қарлығаш» т.б. әнін тартып,

әндеткенінде мәз болдық. Одан соң өзі шығарған күйін тартқанда бәріміз де арқаланып, тұла бойымыз шымырлап, ерекше мәз-мейрам болдық та қалдық. Біздер болсақ рахметімізді жаудырып, енді орнымыздан тұра берген едік, Ахаң бізді тұрғызбастан, отыра тұрыңдар, тамақ дайын болғанша сендерге Батыс композиторларының шығармаларын орындап берейін, – деп көңілімізді аулады. Пианино алдына отыра қалып, бізге бейтаныс бір шығарманы ойнай бастап еді, Роза деген музыкант қызы қасына келіп, – папа, не так, – деп екінші бөлімге өтіп кетті, сәлден соң қайта оралып, «Папа! Я сказала, ты играешь не так, дегені сол екен, Ахаң қызына қарап, «айнам, Роза, менің әкем сенің әкең сияқты профессор болған жоқ қой» дегенде, біздер шыдай алмай қарқылдап, мәз болдық.

Тамақтанған соң да біраз қызықты да, күлдіргі әңгімелерін айта отырып, бізді шығарып салды. Кейіннен Айтым екеуміз «ұлық болсаң –кішік бол» деп халық текке айтпаған-ау, деп Ахаңның кішіпейіл, қарапайым мінезіне тәнті болып жүрдік. Бұдан кейін Ахаң біздермен жылы амандасып, кейде тоқтатып хал-жайымызды сұрап, біліп жүретін еді.

1967 ж. біздің бөлімнің қызметкері, майдангер болған Ерекеш (Еркебай Қойшыбаев) топонимикадан кандидаттық диссертация қорғап шыққан соң, Кеңес мүшелерін үйіне қонаққа шақырды. Кеңес мүшесі болған соң Ахаң да келді. Қайтарда 4 адам; ортамызда Ахаң бар, келе жатыр едік, сәл қызулау екі жігіт қарсы келді де ортадағы Ахаңа таяу келіп «Дорогой студент» дегені. Жігіттердің бірі олардың шылымын тұтатып берді. Олар сәл ұзап кеткенде Ахаң: «Тапқан екен студентті» деп күлдіргені бар.

Есеттің қазақ лексикографиясы саласындағы тағы бір толымды еңбегі – он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» жасауға қатысуы. Ол бұл күрделі де іргелі еңбектің барлық томын жарыққа шығаруға қатыспағанымен, оның бесінші, алтыншы томдарын жасауға атсалысып, жалпы көлемі 8 баспа табақ жұмыс жазды. Есет Құдайбергелі бұл кезде «Қазақ тілі тарихы» бөлімінде қызмет атқару барысында халық ауыз әдебиеті тілі тарихын зерттеумен барынша шұғылданып, ынталана еңбек етіп жүретін.

Оның басты себебі – өзі үнемі айтып жүретін папасының сонау 1934 ж. жариялаған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі («Әдебиет майданы», №11, 29-44-б.б.) атты, елдің аузынан түспейтін атақты еңбегінің тегеурінді әсері еді. Сондықтан да ол 1967 ж. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық диссертация (акад. І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен) қорғады. Осы диссертацияны қорғау алдында дауыс беретін Кеңес мүшелерінің бәрі жиналып, Кеңестің ашылуын күтіп отырды. Бірақ Кеңес төрағасы мәжілісті ашуға асыға қоймады. Өйткені, диссертация қорғайтын Есет әлі жоқ. Отыра-отыра 40 минут уақыт өтті. Есет маңғазың әлі көрінер емес. Сол кезде Кеңес мүшелерін сөзбен айналдыра тұрмақ ниетімен Ахмет Қуанұлы: «Дүниеде жалқауларға бірінші сыйлық берсе, біздің Есет алдымен алар еді» дегені бар емес пе? Отырған жұрт ду күлісіп, қабақтары ашылып, көңілдері жайлана бастағанда, асығып-аптығып Есет те жетті-ау,

әйтеуір. Осы әңгіме кейіннен ел арасына тарап, күлкіге айналған еді. Ол біздің Есеттің жайбасарлығына (ол ешқашан асығып-аптығу дегенді білмейтін, өзіне, өз бойына лайық сабырлы, байсалды мінезінен бір таймайтын) емес, Ахаңның сөз тапқырлығына, ақылгөйлігіне байланысты аңызға лайықты әңгіме еді.

Ғалым Есет өз әкесі Қ.Жұбанов еңбектерінің таңдамалы бір томдығын (1966 ж.), академик Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты көлемді еңбегін, «Абай» энциклопедиясын, сондай-ақ, ондаған академиялық жинақтар мен кітаптарды шығаруға тікелей қатысты. Алғашқы монографиялары «Эпос тілінің өрнектері» және «Қазақ тілінің тарихи көздері» (ұжымдық) 1978, 1989 жылдары жарық көрсе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы» (1994 ж.), «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996 ж.) атты монографиялары – қазақ тіл білімінде тұңғыш рет жазылған соны да маңызды еңбектер екені даусыз.

Ғалым Есет Құдайбергенұлы ұзақ жылдар бойы қазақ әдеби тілінің тыңда зәру, әрі дау-дамайы көп саналатын халық әдеби тілінің даму, қалыптасу мәселелерімен дамылсыз шұғылданған еді. Соның нәтижесінде «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» атты тақырыпта докторлық диссертация жазып, 1997 ж. қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алғаны белгілі. (Мен ғылыми кеңес мүшесі ретінде бірінші ресми оппонент болған едім). Ғалымның халық әдебиеті «әдеби тіл», «халық әдебиетінің тілі әдеби ме?», «ауызекі әдеби тілдің ұлтаралық сипаты» деген бір-бірімен тығыз мәселелерді анықтағаны бар. Оның «жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетінің негізінде қалыптасып дамыған» деуі бұрынғы пікірлермен жанасып жатса, ауыз әдебиетіміз бен жазба әдебиетіміздің арасының тығыз бірлікте жалғасын тауып отырғанын дәлелдеген ой-пікірі ғалымдар арасында кеңінен тарап, қолдау тапқан еді. Ал халық әдебиеті тілі – күнделікті қарым-қатынас тілінен биік тұрумен қатар өңделген көркем тіл, оның әдеби тілге жуық болу себебі де сонда деген орынды пікірі көпке мәлім.

Халық әдебиетінің тілі әдеби тіл ме? – деген мәселені де жан-жақты қарастыра келіп, ешбір әдеби тіл халық тілінен бұрын пайда болған емес, – деген тың ой-түйінін дамыта отырып, олардың даму, қалыптасу сырын да тереңнен байыптады. Сондай-ақ, ұлтқа дейінгі әдеби тіл міндетін атқарған төбе тіл (супер-диалект) үлгілерінің болғанын анықтауы да бұрын айтылмаған тың ой-пікір еді.

Әдебиет пен тіл мамандарының айтып жүрген, «V-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері халық әдебиетінің туысшыларының, соның ішінде батырлық эпостардан да бұрын жасалған мәдениет мұралары» деген пікірлерін қисынсыз деп қарады.

Қазақ халық әдебиетінің эпикалық бай түрінің Орхон ескерткіштерінен басталмайтыны, керісінше, ескерткіш атаулы көне жазулардың бәрі эпос жүйесіне, онын кейіпкерлеріне барынша еліктеуден, ауызекі сөз өнерінің эпикалық дәстүріне мықтап бой ұрудан пайда болған әдебиет үлгілері деп білді. Ауыз әдебиет дәстүрі ешқашан жазба әдебиеттен басталмақ емес деген қисынды тың ой түйіні көптің көкейінен шығып, қолдау тапқан болатын.

Ал әдеби тіл тарихына байланысты «түсінбестіктер» кейде көркем

әдебиет тілі мен әдеби тілді орайлас санап, бірінің орнына екіншісі жүре алады деп қарау да бар. Бұл ретте ғалым көркем әдебиеттің тілі әдеби тіл болатынын, бірақ ол қазіргі замандағы әдеби тілдің бүкіл болмысын, сан салалы мүмкіншіліктерін таныта алмайтынын, тек оның образды сөз қолданыс түріндегі үлгісі ғана болып табылатынынбаса көрсетті.

Отыз жылдан аса ғылыми ізденістермен шұғылданған ғалым өмірінің соңғы жиырма жылын ұстаздықпен жалғастырды.



Ақтөбе қаласы. Қ. Жұбанов атындағы университеттің қазақ тілі кафедрасының ұстаздары

1990 жылы 23 ақпанда Ақтөбе Мемлекеттік педагогикалық институтына Қ.Жұбанов есімі берілгеннен бастап (1996 жылдан Жұбанов атындағы университет), мұнда «Жұбановтану» атты арнаулы пән оқылатын болды. Сол кездегі институт ректоры М.Арыновтың құлшына кірісуімен «Жұбановтану» зертханасы (лаборатория) да ашылды. Оны басқару және қазақ тілі теориясы кафедрасының меңгерушісі болу үшін М.Арынов Алматыдан

Құдайберген Жұбановтың ұлы Есет Жұбановты шақырды. Есет бел баласы ретінде әкесінің ғылыми мұрасын зерттеп, кезінде бастап, аяқтай алмай армандап кеткен ізгі істерін жалғастырып, алға апарды, әке арманын ақтауға бел шеше, белсене кірісті.

Профессор Есет Құдайбергенұлы әкесі Құдайберген Жұбановтың еңбектерін жүйелеп зерттеп, тың деректерін іздестірді. Жас ғалымдарды баулып тәрбиелеу ісіне елеулі үлес қосты.

Оған 1996 ж. Ақтөбе университетінің профессоры атағы беріліп, университет, факультет ғылыми кеңестерінің, ғылыми-методикалық орталықтың, университет ғалымдарын аттестациялау комиссиясының мүшесі болып, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысты.

Профессор Е.Жұбанов Ақтөбе қаласындағы, өз әкесі, профессор Қ.Жұбанов атындағы университетте өзіне жүктеген жауапты да абыройлы істерді атқаруда өзінің бар күш-жігері мен қабілетін аямастан еңбек етіп, ғылым мен ұстаздықты нәтижелі де табысты түрде ұштастырып, салиқалы еңбек жолын ұстап, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге көрсете алды. «Жұбановтану» тақырыбы бойынша курстық, дипломдық жұмыстар мен кандидаттық диссертациялар жазылды. Е.Қ.Жұбановтың шәкірттері Ж.Тектіғұл, Н.Сәдуақас, М.Миров, М.Доспағанбетов, Ж.Сұлтан, профессор Қ.Жұбанов мұралары жөнінде жазған кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Ал шәкірті Жанна Орынбасарқызы Тектіғұл болса, ғылыми-зерттеу жұмысын одан әрі жалғастыра келіп докторлық диссертация қорғап, ғылыми дәреже алды.

Ғалым-ұстаздың кейінгі шәкірттері Е.Қалиева және Ш.Әбдірова өз тақырыптары бойынша жемісті еңбек берді.

«Жұбановтану зертханасында» тіл мамандығынан басқа да ғылым салаларының ізденушілері де кеңес ала жүріп, журналистика кафедрасының аға оқытушысы Ә.Оралбай, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Ә.Ұлықпановалар зертхана меңгерушісі Е.Қ.Жұбановтың кеңесші болуымен кандидаттық диссертацияларын орындады. Ал психология кафедрасының аға оқытушысы А.Қарабалина проф. Қ.Жұбановтың психолінгвистикалық пікірлерін зерттеу нысаны етіп, психология мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Бұл үш зерттеушінің де тақырыптары «Жұбановтану» проблемасына тікелей қатысты болған еді.

Міне, әке арманын ақтаған деп осындай азаматты айтса болар.

Профессор Е.Қ.Жұбанов – өз болмысы, терең білім, зор адамгершілігі, ұстаздық пен ғалымдық жолдың тізгінін тең ұстау барысында көптеген мемлекеттік атақ-дәреже, жоғары лауазым мен марапатқа ие болған азамат. Ол 2005 ж. Мемлекеттік тіл саясатын жүргізудегі үлгілі еңбегі үшін марапатталып, Ақтөбе облысы әкімінің алғыс хаты мен автокөлікке ие болса, педагогикалық қызметтегі табыстары үшін «Қазақстан Республикасының білім озаты», Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталып, 2003ж. «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы», 2004 ж. «Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы» деген атақтарға ие болды.

Есағаң байсалды да білімді ғалым-ұстаз болумен қатар, қара сөзге дес бермес хас шешен, әрі ақынжанды ғажайып жан еді. Замандас, құрбы-құрдастарына арнаған шумақ-шумақ өлеңдері әсерлі де өткір шығушы еді.

Аяулы дос, асылдың тұяғы, айтулы азамат, ұстаз-ғалым Есағаң арамызда жүргенде бүгін 90 жылдық мерейтойының төрінде жуан төбедей болып, шалқып отырар еді. Амал қанша, «жазмыштан озмыш жоқ». Жұрт «Ат тұяғын тай басар» деп текке айтпаса керек. Қ.Жұбанов атындағы университеттің «Жұбановтану» зертханасын Құдайберген Жұбановтың немересі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, полиглот Ардақ Есетқызы Жұбанова көпке дейін басқарып, атасы мен әкесінің жолын қуып, олардың игі істерін жалғастырды.

Жан-жағына ұрығын шашқан зәулім бәйтеректей болған профессор Құдайберген Жұбановтың шарапаты мен шексіз дарыны ұрпақтарына дарып, бұл күнде қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің төрінде олардың әлеуетінің есімдері шоқ жұлдыздай жарқырап тұр.

ЕСАҒА ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

М.М.МАЛБАҚОВ

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тіл тарихы және
диалектология бөлімінің меңгерушісі
ҚР, Алматы қ., myrzabergen@mail.ru*

Есет Құдайбергенұлы Жұбанов – қазақ тіл білімі мен түркітануда өзіндік зерттеу бағыт-бағдарын қалыптастырған, өзгеге ұқсамайтын кесек бітімді тұлғалардың бірі. Ол өзімен замандас, қатарлас, үзеңгілес дос-жолдастары Мекемтас Мырзахметов, Құлмат Өмірәлиев тәрізді тел арна – тіл мен әдебиетке бірдей қатысы бар, солардың ара-жігінде орналасқан бөлікте – тіл-әдебиет тарихы бағытында жұмыс жасады. Әдеби тілдің тарихымен, тарихи поэтикамен байланысты мәселелерді зерттеді. Ауызекі әдеби тілді жазба әдеби тілден басым, доминант түр ретінде танып, «наддиалект – төбе тіл» мәселесін көтерді. Бұл сол кезеңде ерекше батыл, революциялық ұстаным болды. Ғалымдардың көпшілігі бұл ұстанымның байыбына бара алмады. Мұны сол кездегі бүкілодақтық түркітаным деңгейінде Эдгам Рахимович Тенишев тәрізді бірді-екілі ғалымның ғана қолдағанынан байқауға болады. Уақыт бұл идеяның өміршеңдігін, жасампаздығын дәлелдеді...

Есағаң ғылымдағы әділет мәселесіне келгенде өте шешімші, кескін ғалым еді. Ешкімнің атақ-дәрежесіне қарап жатпайтын еді. Осының қаншалықты ақиқат екендігіне ол кісімен бірге еңбек жасаған кезде көзім жетті. 1990 жылдары тіл тарихы бөліміндегі іс-шара жоспарына сәйкес, Есет ағай екеуміз эпос саласында тарихи стилистика бойынша жұмыс жаздық. Есағаң – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры бойынша кандидаттық диссертация қорғаған, эпос тілі бойынша монография жазған, «төбе тіл» идеясын көтеріп жүрген білікті ғалым. Мен – сол кезде қазақ тілінің тарихына байланысты ескі жазбалармен, ноғай-қазақ кезеңіндегі «қазақ» атауы, қазақы ата дәстүр, «қазақ жырлар» мәселесімен айналысып жүрген жас маманмын. Ескі жазуды білемін. Жұмысқа кірісіп кеттік. Нәтижесінде жырдың сыни нұсқасын жасауымыз қажет еді. Жырдың түрлі тарихи варианттарын, олардың басылымдарын салыстырып отырған сәттерде беделді тұлғалардың, доктор, профессор, академик ғалым ағаларымыздың айқын байқалып тұрған қате оқылымдарын мүлде жоққа шығаратын немесе «қате оқылым» ретінде түзейтін жерлер ұшырасып отырды. Сол сәттерде Есағаң менің «компромистік сипатта» жаза бастаған дәлелдерімді дереу күзеп, түзеп, кескін пікір қалыбына түсіруді талап ететін еді... Сол кездерде «Кескекті ердің сойымын» деп басталатын Махамбет ақынның сөздері еске түсетін еді.

Құдайберген Жұбановтай алып тұлғаның перзенті болу оңай болмасы белгілі. Бұл ұрпақ үшін үлкен сын. Балалары аталарының саясынан,

көлеңкесінен шыға алмай қалған әулеттер аз емес. Жұбановтар әулеті өз аталары мен әкелерінің аманатын абыроймен орындап, үлкендерден қалған ғылым-білім, өнер көшін біліктілікпен жалғай білді. Олардың қайсысы болса да, өз саласында көрнекті іс тындырған білімді де білікті азаматтар санатында. Қарап отырсақ, қазақ елінде ғылым мен білім, мәдениет саласында бұрын-соңды дәл Жұбановтардай еңбек сіңірген әулет кемде-кем! ...Әрқашан да ұлттық мүддені көземелдейтін, сол себепті кейінгі ұрпақтың елге пайдалы жұмыс жасауын қалайтын үлкендер кішілерге дұрыс бағыт, жөн сілтей білген. Мәселен, Құдайберген ағасы інісі Ахметтің музыка саласын таңдауына, осы жолда сол кездегі заманға лайықты ең жоғарғы білім алуына мүмкіндік ашқан. Осыдан қандай нәтиже шықты? Бір ғана мысал. 1936 жылы Мәскеуде болған қазақ мәдениетінің онкүндігі кезінде Ахмет Жұбанов ұйымдастырған ұлт аспаптар оркестрі таңғажайып концерт берді! Қазақ өнерінің қадір-қасиетін бүкіл әлемге паш етті. Көршілес Қытай мемлекетінің сол кездегі басшылығы таң-тамаша болып, «мынау не деген керемет! Біз қазақтардан үлгі алуымыз керек. Біздің де осындай ұлттық аспаптар оркестрін ұйымдастыруымыз қажет» деп ағынан жарылды. Ахмет Жұбановтың одан кейінгі кезеңдегі қазақ ұлттық музыкасын ғылыми-практикалық жақтардан дамытуға, өсіруге, өркендетуге қосқан үлесі қалың жұртшылыққа әйгілі.

Есаған профессор Құдайберген Жұбановтың перзенті болуы себепті, ол кісінің «халық жауы» атанып, ұсталуына байланысты өмірден көп теперіш көрген адам. Солай бола тұрса да, әуел бастан әкесінің ақтығына кәміл сеніп, ол кісінің қолға тиген еңбектерін жинақтау, насихаттау жолында өзінің балалық парызын жақсы атқарып келді. Өзінен кейінгі іні-қарындастарының өмірлік жолды дұрыс таңдауына игі әсер етіп, өзінің мүмкіндігі жеткенше қол ұшын беріп келді. Шынтуайтқа келгенде, дер кезінде айтылған дұрыс ақыл-кеңестің мән-маңызы қашан да зор болмақшы. Есет ағай да алдыңғы ұрпақтың үлгісін қайталап, інісі Асқарға дұрыс жөн-жоба сілтеген екен. Математика саласында қызмет етіп жүрген Асекеңнің назарын статистикалық лингвистика саласына аударып, осы салада жұмыс жасап, оны дамытуға атсалысуға шақырады. Осыдан қандай нәтиже шықты? Бүгінгі күні филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Жұбанов қазақ тіл біліміндегі статистика саласына, жалпы қолданбалы тіл біліміне, корпусстық лингвистикаға өлшеусіз зор еңбек сіңіріп отыр! Бүгінгі күні осы салада өз мектебін қалыптастырған көшбасшы ғалымға айналып отыр...

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында істеген жылдары Есағанның өз бойында бар туа бітті тамаша қасиеттері жарқырай көрінуші еді. Ол кісінің өзіне ғана тән, ешкімге ұқсамайтын әзілдеу, сықақтау мәнері бар еді. Институтта тұрақты түрде шығып тұратын қабырға газеті сол кісінің тікелей ұйымдастыруымен, басшылығымен даярланатын еді. Ең ғажабы, Есет ағай институттың әрбір қызметкері туралы ол кісіні өте дәл суреттейтін, сол кезеңдегі жай-күйге жарасымды, жеңіл күлкі шақыратын, әзіл-қалжыңдарды аяқ астынан ойлап табатын еді. Осындай бір жарқ ете қалатын суырыпсалма ақындығы болатын. Қызметкерлер қабырға газетінің әрбір санын асыға күтіп

жүруші еді. Газетті институт директорынан бастап барлық қызметкерлер түгел оқитын. Әр санынан кейін оны талқылап жатқан адамдардың қалжыңы, күлкілері естіліп тұратын. Және де Есағанның әзіл-қалжыңдары адамның жасына, мінез-құлық ерекшеліктеріне, жалпы табиғатына байланысты келісімді сипатта болатындықтан, оған наразылық білдіріп жүрген адам байқалмайтын.

Шахматты да шебер ойнайтын кісі еді. Осы ойынға құмар болатын. Бізді кезек-кезегімен ұтып, шеберлігімізді шыңдауға көмектесетін еді... Кейбір сәттерде аз-маз нәрсеге де қуанып, мәз болып қалатын. Менің үлкен ұлымның аты Есет екенін білгенде: «Есет екен. Аты Есет екен» деп қайта-қайта айтып, қуанғаны есімде. Есет ағаймен талай-талай іссапарларға да шықтық. Ел адамдарының ол кісіні қаншалықты құрмет тұтатынын, риясыз, шынайы көңілден сыйлайтынын көрдік.

Ол кісі кейінгі жылдары өзінің атамекені Ақтөбеге, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне жұмысқа ауысып, сол жерде лаборатория ашып, білім-ғылым қуған жас түлектерге өзінің бар білгенін, түйгенін үйретуде болды. Осындай жан-жақты, терең білімді кісінің облыстық оқу орнына келуі – жергілікті студент жастар үшін үлкен сәттілік болғаны шындық. Себебі ол кісі кез келген тақырыпты қаузап, тереңдетіп алып кететін, кез келген тақырыпқа қатысты аялық білімі мен білігі ерекше, мол болатын әмбебап маман еді. Ел-жұрттың кешегі тарихы бойынша әңгіме болса, көп адам біле бермейтін жайттарды бүге-шігесіне дейін талдап беретін. Қазақ тілі, түркі тілдері, жалпы түркітаным бойынша тілтанымдық, сөзтанымдық, мәдениеттанымдық, елтанымдық білігі зор кісі еді.

Есет ағайдың артында жақсы ғылыми мұра қалды. Аз болса да, саз жазатын кісінің ғылыми еңбектері өзінің дәлдігімен, кең тынысты, күрделі ойлылығымен ерекшеленеді. Ағаның бойындағы табиғи ғалымдығы, тіл-әдебиетке бірдей жүйрік кең филологиялық ойлау жүйесі, журналистік дәлдігі оның қолынан шыққан шығармалардан анық байқалады.

Ұстаздың ісі, ғылыми өмір жолы оның шәкірттерімен жарасымды жалғасын табады. Есаған білімді де білікті шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Олар қазіргі кезде ұстаздарының үмітін ақтап, абыройлы еңбек етіп жүр. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз бар. Есет ағай жаратылысынан жақсы адам, жақсы ғалым. Ол кісінің ғылыми туындылары әрқашан да қазақ тіл білімінің, түркітанымның төрінде тұрады.

Қ.ЖҰБАНОВ ТІЛ МЕН ЕҢБЕК МАГИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАЙЫНДА

ТЕКТИҒҮЛ Ж.О.

Филология ғылымдарының докторы, профессор

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.
t.khamza@mail.ru*

Мифологиялық білім қоғамдық сана тарихи дамуының белгілі заңды сатысы ретінде болмыстың сипатымен, жинақталған қоғамның ақиқат туралы мәліметтерімен, сондай-ақ, адамдардың ойлау мүмкіндіктерімен, құралдарымен байланысты. Көп жағдайда жоғары эмоциональдық қанықтықпен, ашық бейнелілікпен, бірқатар іс-қимылдарға, (культтік) рәсімдерге сүйенумен де байланысты болуы мүмкін.

Байырғы мәдениетте еңбек билері әлеуметтік тәжірибені сақтаушы әлеуметтік жадының формалары ретінде белгілі болған. Белгілі ғалым Қ.Жұбанов «би мен ән жұмысты (еңбекті) ұйымдастыру үшін шыққан. Келе-келе ән, би ритмдерін дін де пайдаланған. Буын да содан шыққан. Ән мен буын(арабша бір сөз бар) органик бір зат; ритм мен әнді буыннан ажыратып алуға болмайды» деп көрсетеді [1,471].

Н.Я.Марр «тіл дыбыстары пайда болмастан бұрын адам өзінің еңбек магие жұмысына жұмсаған» десе, Қ.Жұбанов «Сөйлеу тілінің кеш шыққандығы соншалық, адам баласы қару істеп үйренгеннің өзінде де жақсы сөйлесе алмаған. Ол кезеңде сөйлеудің пайдасынан қолдың пайдасы көп болған. Адам табиғатты арбаған: ысқырса жел келеді(шығады); ежелгі қауым мүшелері табиғаттың жасырын сырымен астарласып, оны жеңем деген; айқайласаң киік қашады екен деп түсінген (магическое действие). Осы күнде дыбысты тіл ретінде емес, дабыл, шақыру есебінде, келе-келе дұғаға пайдаланған[1,511]. деп көрсетеді «Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табиғатты балталау, күн жайлату – магия.Магиядан кейін әдебиет, пәлсапа туады. Ат тоқтатқанда *дырр* деуіміз – арбау. Дыбыстардың диффуздіктен, сөздердің ымнан ажырап шығуы да бірден бола қалмаған.Бұндай ажырау процесінің өн бойында әлденеше стадия болған» [1, 513].

«Магие еңбек жұмысы деп алғашқы әзірде адам қоғамы табиғатпен арпалысқан шағында түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындырар болған істерін айтады.Табиғатты өзіне бағындырудың алғашқы түрі турадан-тура балталап бұзып өзгерту,турадан-тура өңдеу болған болса,магие еңбек ондай туралай өзгерту емес, табиғаттың жасырын күштерімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысады.

Ән, өлең, би үшеуі алғашқы рет осындай магие еңбегі болып жарыққа шығады.Искусствоның үш тарауы: музыка, әдебиет,би бірінен-бірі айрылмай тұрған кезде кісінің діни наным болмағандықтан, бұларды құлшылық, ғибадат

қылуы деп айтуға болмайды. Сол магиялы еңбектің бәрі келе-келе еңбектен, оны басқаратын кастаның еңбектері қатарынан бөлініп кетуімен байланысты түрлі құлшылық, бақсылық ісіне ауып кеткенін көреміз. Осы күнгі ең жаңа, ең мәдениетті дін болып саналатын христиан, ислам, будда діндерінің қай-қайсысының да құдайына табыну істері әнсіз, күйсіз өтпейді» [1, 426].

М.С.Каган: «Адамдар аңға шығар алдында аңшы биін билегенде, олар аңды сиқырлап, арбап жатырмыз деп ойлаған. Шындығында олар өздерін өздері арбайды, сиқырлайды, яғни өздерін аңға физикалық және рухани, практикалық және психологиялық жағынан жан-жақты дайындаған болып шығады. Басқаша айтқанда, магиялық би барлық қатысушыларды қоғамдық тәрбиелеу құралы – физикалық, кәсіби және эстетикалық тәрбиелеу болып табылады» деп көрсетеді [2, 181].

Еңбек құралы айналасындағы мифошығармашылық «қарумен байланысты іс-әрекеттер киелі, ритуалды болған ежелгі дәуірдегі адамдардың оған ерекше назар аудару салдарымен байланысты болып келеді. Келе-келе культтік ырымдар, әдет-ғұрыптар жойылып кеткенімен, фетиштердің мификалық күші туралы көріністер халық арасында ұзақ сақталып қалған. Сонда ең алғашқы еңбек құралы тас болған. Оның адам белгілеген бағыт бойынша жылдам қозғалу қабылеті аңдарды, жауларды өлтіруге мүмкіндік берген, тасқа сүрініп, жарақат алу мүмкіндігі де болған. Сондықтан тас – еңбек құралы ғана емес (аңдағы, күрестегі), өзінің түрімен жауларды қуып тастайтын адамның көмекшісі де бола алған» [3, 10].

«Дяндіктерде, шаманның, Алтай елінде шамандардың каста деп аталатын ру бастықтары, бір жағынан, осы күнгі молдалар, екінші жағынан, түрлі шамандардың: дәрігерлердің, метеорологтардың, астрономдардың арғы атасы болып саналуға тиіс. Үйткені нендей өнердің бәрі де бұрын солардың қолында болған. Күн райын топшылайтын да, ауруды емдейтін де солар болар. Сонымен қатар түрлі халықтың басына келген жаманшылық, бақытсыздықтан құтқаратын да солар болған. Соғысқа, аңға аттана қойса, жолы болатын қылып жолын оңдап жіберетін де солар болған» [1, 426].

Көптеген елдердің диқаншылық мифтерінде жердің шұрайлылығы, өнімділігі от басын асыраудың жалғыз көзі ретінде құрметтелген. Мұндай жерге деген киелі қарым-қатынас әдет-ғұрыптық және әдет-ғұрыптық емес поэзияларда бейнеленген. Ежелгі славяндар жерді жыртқан кезде ерекше «күшке» ие болады деп есептеген. «Беларустардың әдет-ғұрыптарында ХХ ғасырдың басына дейін жер жыртар алдында бороздаға нан, ірімшік қойып, жердің көңілін аулау ырымы болған».

Еңбек қай халықтың болсын өмірінде әрқашан да маңызды орын алатыны белгілі. Оған көп мөлшерде сақталып қалған адамның еңбек әрекетіне бағышталған әдет-ғұрыптық шығармалар дәлел бола алады.

Түркі халықтарының қысқы ырымдары қой, ешкілердің төлдеуімен байланысты. Қазақ халқының аңызында төрт түлікті көлденең кесірден, ауру-кеселдерден сақтайтын, өсіп-өнуін жебеп-жебелейтін қамқоршы пірлер болған. Олар: түйенің пірі – Ойсылқара, жылқының пірі – Қамбар ата (Жылқышы ата),

сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата, ешкінің пірі – Шекшек (Сексек) ата. Қарашай-балқарлар Аймүш құдірет (алтын мүйізді аппақ қардай қой) пен Маккурш құдіретті (ұзын сақалды, өткір мүйізді және алтын жүнді теке) әнге қосқан.

Сондай-ақ дүние жүзіне кең тараған магиялық ғұрыптардың бір түрі – халықтық танымдағы жауын, бұлт шақыру дағдылары негізінен мал, егін, аңшылық шаруашылығымен айналысатын халықтар үшін қалыптасқан. Адамзат баласы қандай шаруашылықтың етегін ұстамасын, ол табиғатқа тәуелді болды. Су, жаңбыр, жел – бәрі белгілі бір кәсіптің табиғи қозғаушы күші. Адамдар бұлт пен күннің қыратты, көлді, жоталы жерге үйір келетінін білгендіктен бұл ғұрыпты жоталы, сулы жерде өткізген. Күн жайлатып, бұлт шақырушылар, найзағай ойнатушылар, біріншіден, жерден жоғарыда тұрып тілек тілеген қолайлы деп есептеген, екіншіден, көкке жақын болу үшін жоғары жерлерді, биік төбелерді мекендеуге тырысқан. Б. Абылқасымовтың айтуынша, ауа райын магиялық әдістермен басқарудың қоғамдық өмірде алатын маңыздылығы соншалық, кейбір елдерде, мысалы, Тибетте әрбір ауылдың, қаланың, шіркеудің «маманданған» өз бұршақ тоқтатушысы (сэргагна), өз жауын шақырушылары (лхава) болған [4, 70]. Шақыру жырларының басқа жырлардан айырмашылығы – көкке, яғни жаңбырға, бұлтқа, басқа да табиғат құбылыстарына табынудан туған анимистік түсініктің мол болуында.

Халық арасында тасаттық беріп, құрбандық шалу дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Құрбандықтың өзен-сулы жерлерде шалынуы, малдың бауыздау қанының суға ағызылуы су тәңірісіне деген құрметпен шектелген. Тасаттық дегеніміз де - жауын шақырудың ұжымдық түрі. Тасаттық ұғымының астарында көпшіліктің атынан тәңірден, құдайдан тілек тілеп, мал шалу дәстүрі жатыр. «Тасаттық» араб тілінен аударғанда «құрбандық» деген ұғымды береді. Зерттеуші А.Айтмұқашованың: «*Таскак* تاسقاق навъсь, на который кладутся кости животного, принесенного въ жертву, жертвенный стол [Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Спб., 1869, 1871. – Т.1, 2.: 805]; تاسترکان *тастыркан* п. *داسرقان* скатерть [Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Спб., 1869, 1871. – Т.1, 2.: 397]. Демек, *тасаттық* малды құрмалдыққа шалатын жер атауы (тегіс тас, жалпақ тас), тасты дуалау (жадылау) арқылы аспаннан жаңбыр шақыру деген де ұғым береді» [5, 118] деген пікірін алға тартар болсақ, тасаттық ұғымының астарынан «тас» деген сөзді іздейміз.

С. Сейфуллиннің «Күн жайлату шарты: қылаң, ақ боз жылқының, яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, арбау – шақыруды оқиды. Егер де деп алып оқыса, күн жайламайды-мыс. Атын «жай тас» дейді. ...Күн жайлату тасы мал ішінен шығады деп, басқа түркі жұрттары да ескілікте сенеді екен» [6, 87] дейтін пікіріне назар аударсақ, адамдардың сол «жай тасына» біріншіден, сыйынып, табынуын, екіншіден, сол тасты дуалап, сөз құдіретімен сиқырлап жауын тілегенін көреміз. Бұл жерде күн жайлату, бұлт, жауын шақыру жырлары мен тасаттық беру ғұрпында судан тапшылық көріп, соған бағынудан туған жоралғыларды байқауға болады.

Мысалы, су атасы Сүлеймен пайғамбардан көмек сұрап, құрбандыққа шалынған малдың сулы жерде жүзеге асып, бауыздау қанының суға ағызылуы да – осының дәлелі. Осылайша көктен, тәңірден медет тілеп, басқа да құбылыстарға жалбарыну – халықтың санасында сақталған дәстүр.

Ал ертедегі осындай түсініктердің қалыптасуы туралы Е.Жұбанов былай дейді: «Табиғаттағы құбылыстардың бәрінде де белгілі бір себептілік болады. Адамның психологиясы сол себептіліктерді білуге, құпияларын ашуға құштар келеді. Алайда алғашқы қоғамдағы адамдардың төңіректі қоршаған дүние туралы мағлұматы мүлдем тапшы болғандықтан, ол жанды-жансыз нәрселердің бәріне де өз бойындағы табиғи қасиеттерді телиді. Яғни, табиғатта болатын аникалық құбылыстардың өзін сапалы күштердің арнаулы мақсатпен істеп тұрған әрекеті деп біледі. Сөйтіп, әлемдегі кереметтің бәрін алуан түрлі күш иелері, толып жатқан құдайлар жасайды-мыс деген сенім пайда болады» [7, 184].

Сенім – адамдардың көз сүзген мұраты мен көкейге түйген мақсатын жүзеге асыруының тірегі. Тіпті өзі орындай алмайтын сыры терең, ой жетпейтін құпия тұңғыық, ғайыптағы тылсым дүниелерге үңілгенде де адамды қолдайтын құдіретке жан-жүрегімен сенеді, үмітін жебейтін наным-тоқтамын Тәңір деп жалбарынады. Соған мұң-зарын шағып, құрбандық шалады, тілеу тілейді. Осындай сенімнен туған ырымдар қазақ арасында тіпті көп. Бәрі жақсылық тілеуден туған ақ ниет. Қыс өтіп, көктем келген соң, алғаш күн күркірегенде бақырды даңғырлатып дыбыс шығарып, үйді айналу – үйдің амандығын көк тәңірінен тілеуі. Тасаттық беру дәстүрі де көне заманнан қалыптасқан сеніммен өзектес. Қазірге дейін санадан орын алып, тіршілік арнасынан ауытқымай өрбіген рәсім.

Сенімнен айырылу – табиғаттың да, адамзаттың да рухани-материалдық тоқырауына алып келеді. Міне, осындай алғашқы діни сипаттағы наным-сенімдер түрлі кезеңде өмір сүрген түрлі түрік халықтарының тұрмысында сақталып қалып, кейіннен олардың әдет-ғұрыптарына сіңіп, келе- келе салтқа ауысқан. Көнеден келе жатқан мұндай киелі нысанның белгілері қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр ұлттарының тұрмыс-салтынан көп байқалады. Бірақ олардың діни сенімнен гөрі салттық мәні басым. Мысалы, түркі халықтарында күз айындағы «Мизам (Сабан той)» салт-тойында диқандар мен бағбандар жыл бойы төккен терінің зейнетін тойлайды. Мұндай түсім мерекесі қазіргі испан мәдениетінің де (Жирондағы, Торрокстегі, Майорктегі жүзім мерекесі, Ла Аксаркидегі өрік мерекесі, Баэне зәйтүн фестивалі, Вилафранктегі қауын мерекесі, Буньолдегі помидор мерекесі және т.б.) бөлінбес бір бөлшегі болып табылады.

Диқаншылық ырымдардың ұжымдық түрлерінен басқа шаруашылық мифологиясының кеңінен тараған индивидуальды түрлері- бұлар пұтқа табынушылықпен байланысты арбау, магиялық ырымдардың сөзбен қабаттаса жүретін элементтері ретіндегі дуалау, ұшықтау, қорғаныш дұғалар. Арбау, сиқырлау өмірдің барлық жағдайына қатысты, соның ішінде сәтті аңшылықта, малды орман жыртқыштарынан қорғауда, аурудан қорғануда қолданылды. Сиқырлау, арбау «күшінің» негізі әртүрлі болып келеді. Егер мәселе

мейірімділікті қорғау туралы болса, онда зұлымдықты («жалмауыз», «обырлар») немесе «сақтаушыны» тасымалдаушылармен байланысты болып келеді. Арбаумен қатар жүргізілетін іс-әрекеттер қажетті «құпия күштер» мекендейтін орындарда, орманда, бейіттерде т.б. жүзеге асырылды[8, 20].

Мұндай қылық өмірдің бастауы мейірімділікті, дұрыстықты – кудалауға түскен, жауыз зұлымдыққа қарама-қарсы қоюмен толықтай тіркеседі. Әрі халықтың жадында өз еңбегін жаман көзден қалай қорғауға болатындығы туралы түрлі пайдалы ақпараттар сақталып, ол ақпараттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Қорыта айтқанда, ғылым үшін мифологиялық көріністерді оқып-үйрену адамзат қауымдастығы рухани даму деңгейінің маңызды критерийі болып табылады. Мифология шаруашылықты жүргізудің формаларын, өнер дамуының ерекшеліктерін, әлемді бүтіндей тануды бейнелейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-ай, 2013.
2. Каган Е.В. Развертывание метафоры двойной актуализации в российских и британских СМИ // Политическая лингвистика 4(38).2011.
3. Никольский Н. М. История русской церкви. 4-е изд. - М., 1988.
4. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993.
5. Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика: филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007.
6. Сейфуллин С. Ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар // Қазақтың бақсы-балгерлері. – Алматы: Ана тілі, 1993.
7. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. – Алматы: Ғылым, 1996.
8. Климов Е.А., Носкова О.Г. История психологии труда в России. – М. Изд-во: МГУ, 1992.

ДӘУІРЛЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ДАНАЛЫҚ АМАНАТЫ

ҚҰРМАН Н.Ж.

*педагогика ғылымдарының докторы,
М.В. Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университетінің
Қазақстан филиалының профессоры*

*Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.
Абай*

XXI ғасырдың да жиырма шақты жылы ағып өтіп барады. Қоғам рухани жаңғыру жолына түсіп, өткен дәуірден өзінің бойтұмар болып қалған мирасын Тәуелсіздік тұғырынан **тереңдете** қайта зерделеуде, **кеңейте** қайта жинақтауда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз», [1] – деген сөзіне орай, Құдайберген Жұбановтың ғалымдық, даналық орнын әлемдік деңгейдегі тұлғалармен қатарластыра тану қадамын жасауға кірісу керек.

XX ғасырдың Құдайберген Жұбанов өмір сүрген, ғылыми ізденістерін жариялаған (кейбір жариялай алмаған) дәуірі қазақ жазуын араб графикасынан латын графикасына көшіріп, жаңа грамматикалық ережелер жасалынып, жаңа оқу жүйесі, жаңа оқыту жүйесі, жаңа (қызыл) қоғам қалыптастырып жатқан қызу кезең болды. Бұл дәуірдің жаңғырығы халыққа кең тарап үлгерместен, большевиктер Құдайберген Жұбановты мәңгілікке әкетіп тынған еді.

Келесі жаңғырық – Құдайберген Жұбановтың ақталуымен байланысты, көптеген еңбектері жарық көруімен байланысты, Ғалымның бауырлары мен ұрпақтарының тектілігі танылып, ғылым мен өнер саласында қадау-қадау тұлғаларға айнала бастаған игі кезең.

Осы жаңғырықтың ұзақ даусы Ақтөбе өңіріне 30 жылдан соң Мұхтар Арыновтай ел жанашыры, ел азаматы, Ел ағасының келуімен жалғаса келіп, Құдайберген Жұбановтың, Ахмет Жұбановтың, Ғазиза Жұбанованың есімдерін еліне етене жақындатуымен бір тұйықталған еді. Бірақ ол жаңғырық бітпеген еді. Себебі М.Ғ.Арынов университетке, көшелерге, ғылыми зертханаға Құдайберген Жұбановтың есімін беріп, еліне ас бергізіп, ғалымның перзенттеріне туған жеріндегі ғылым көшінде көрнекті тұлға ретінде танылуына аса жайлы жағдай жасап берген еді.

Бүгінгі күні, Құдайберген Жұбановтың 120 жылдығы тойында, ғалымның інғалап дүниеге келгенінде сыңғыр еткен киелі дыбыстың күшейе келе, әлі күнге дейін жаңғырық болып естіліп тұрғанын, ол жаңғырықтың жылдар емес,

дәуірлердің тосқауылынан да өтіп кете алатынын айту – сол киелі жаңғырықтың Ұлы көшін мойындау.

Құдайберген Жұбановтың ғалым ретінде ғана емес, жалпы дүниенің тылсым сырларының сәулесін тани алатын тұлға ретіндегі келбетін тану уақыт өткен сайын асқан қажеттілікпен күн тәртібіне қойылып келеді.

Ғалымның қандай құбылысты болса да түйсіне алуы, өзін сол құбылысқа қатысты сезінуі, өзінің өмірлік мақсатына өмір бойы емес, жалт етіп мүмкіндік берілген сәтте-ақ қол жеткізуі, өзіндік бірегейлігін айқындауы, өзінің өмірін, ғылыми құбылыстарды тізгіндей ұстай алуы оның адами болмысын, тұлғасының субъектілігін танытады. Субъектілік дегеніміз – адамда табиғи, психикалық және әлеуметтік-қоғамдық күштерді бір тізгіндеп ұстай алу қабілеті болуы [2].

Қ.Жұбанов білім беру және ғылым салаларынан, тұтас табиғи-әлеуметтік әлемнен өзінің лайықты орнын тауып, оны танып, оны бағалап, барын салып қызмет еткен.

Дәуірлердің келбеті оны танытатын тұлғалардың болмысымен байланысты. Жаңа кеңестік дәуірдің қарқыны мен мүмкіндіктерін ел үшін, келешек үшін пайдаланып қалуды ойлаған тұлғалар қолдарына мүмкіндік берілгенде ең жоғары тұрғыдан, елдік тұрғысынан қызмет еткен еді. Латын графикасын қолданысқа енгізумен бір мезетте қазақ грамматикасының да осыған дейін Ахмет Байтұрсынұлы қалаған деңгейден жаңа әлемдік теориялық деңгейге көтерілуіне жол салған, сөзсіз, Құдайберген Жұбановтың еңбегі еді. Біз үшін Құдайберген Жұбановтың теориялық қазақ тіл білімінің негізін қалаған еңбегі – Ньютонның механикалық физикасын теориялық физика деңгейіне көтерген Эйнштейннің қызметіндей.

Теориялық грамматиканың Қ.Жұбанов жетіп, жазбалар түрінде жазып кеткен дәрежесінде, өкінішке орай, жекелеген зерттеулер жаңа заман тіл білімі мәселелерін зерттегенімен, қазақтың біртұтас академиялық грамматикасы тұғырында әлі де жасақталмай келеді.

Әрине, кеңестік дәуірдің, бір медальдың екі беті сияқты астарлы жендеттік саясаты ауып түскенде, елді алға сүйрейтін алып азаматтарды алып кетіп, халықтың санасында қорқыныш ұялатқаны белгілі. Кілт үзілген ғалымның тағдыры оның жазып жатқан аса биік деңгейдегі теориялық еңбектерін де аяз соққандай тоқтатып тастаған еді.

Одан соңғы жылдары, өкінішке орай, осы кезге дейін, Қ.Жұбановтың еңбектерін талдаумен емес, сипаттаумен ғана байланысты болып келеді. Кейде Сұлтанмахмұттың *«Баяғы атамызға сыйға берген, Біздерде мынадай бар, мынадай бар»* деген өлең жолдары еріксіз еске түсетінін де жасыруға болмас. Бірақ, сол сипаттаудың өзі де – Құдайберген Жұбановтай қазақтан туған дана теоретик-лингвистің бар болғанын, арты ізделіп жатқанын куәландыратын ұрпақтардың құрметі.

Дегенмен, ұзақ жылдар бойы «шүкірліктен» аса алмай, Құдайберген Жұбанов шыққан биікке шыға алмауымыздың себебі неде? Неліктен сол іздің топырағын теориялық тұрғыдан аршып, ғалымның келбетін ғана емес,

ғалымдық болмысын дәрежелейтін ғылыми мұраны қазақтың тіл білімі үлкен сапалы деңгейге көтерілуіне негіз етпей келеміз?

Бұл – қазақ тіл білімінде персоналдық зерттеулердің біржақтылығы деп айтуға болады. Тұлғаның ғалымдық, азаматтық портретін ғана емес, соның ғылыми ой-санасының логикалық желісін табу мақсаты қойылмауынан деп санаймыз.

Қ.Жұбановтың даналығы, аса нәзік тілдік сезімі оған заманның жана мүмкіндіктерін қазақ тілінің еуропалық тілдер қатарында тануға пайдалану қажет екенін білдірді. «Құдайберген Жұбанов Ленинградта Н.Я.Маррдың «Тіл мен ойлау» институтында аспирантурада оқып, сол жылдары алдыңғы қатарға шығарылған «тіл туралы яфеттік теория», «тіл туралы жаңа ілім» саласынан білім алған жылдарында, тілді зерттеудің, шамамен, мынадай бағыттары жұмыс жасаған:

- тілді зерттеу әдіснамасы;
- тіл дыбыстарын қоғамның кезеңдік даму сатыларына қарай жіктеу;
- кинетикалық тіл мен графика;
- мифтер мен әдеби сюжеттердің семантикасы;
- топонимика;
- яфеттік тілдер;
- элементтік тілдер;
- палеоазиат тілдері;
- түркі тілдері т.б.

Қ.Жұбанов қазақ тілін зерттегенде, осындағы барлық дерлік көрсетілген бағыттар бойынша еңбектер жазған [3].

Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімі саласындағы қызметі амплитудасының кеңдігі туралы ойласақ, бір адамның тұтас тіл жүйесінің барлық деңгейлеріне қатысты вертикалды және горизонталды, формалдық және мән-мағыналық тұрғыдан зерттеулер жасауы және соның барлығын аз ғана уақыттың ішінде атқаруы қалай мүмкін болады деген сұрақ туындайды.

Құдайберген Жұбановтың даналығы оның табиғи болмысы мен өзіндік санасының түйіскен алтын нүктесінде көрініс берген тектілігі арқылы танылады. Заманауи ғылым мәліметтеріне сүйенсек, тұлғаның белгілі бір жағдаяттарда нақ сондай әрекет жасауы тектік/генетикалық мұра ретінде танылады. Тектіліктің дәндері замандар бойы жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бір тұлғаның бойында жан-жақты көптеген қырымен танылатын көріністерге айналуы дана адамның психофизиологиялық ерекшеліктерінен хабар береді.


Құдайберген Жұбановтың даналық тұлғасы оның дәуірлер жаңғырығынан мағыналық толқындарды тануымен және ол таныған құбылыстарды өмір тәжірибесінегі нақты жағдаятқа қарай орынды қолдана алуымен ерекшелене түседі. Ғалымның білімді меңгеру, игеру дәрежесі және тектілік пен өзінің білімді қолдану тәжірибесі оның аса ерекше ақыл-ой иесі екенін дәлелдейді. Өзінің ғана емес, басқалардың да тәжірибесін, яғни өмірден және кітаптан алған білімін тірек етіп, өмірлік түрлі мәселелерді шеберлікпен

шеше алатын көпқырлы ерекше қабілеті Құдайберген Жұбановтың даналығын айқын танытады.

Дана адамның ашылуы әлеуметтік ортадағы жағдайлар мен адамның барлық тамаша қасиеттерінің жетілуі алтын нүктеде тоғысқан сәтіне сай келеді. Ал теология аясында адамның даналығы Аллах Тағаланың оған берген сыйы болып саналады. Осы ретте даналық көшіндегі Әл Фарабидің, Абайдың, Леонардо да Винчидің, Гетенің, Эйнштейннің, Менделеевтің, Гетенің, Ломоносовтың, Декарттың жан-жақты шеберліктің иелері болғанын айтуға болады [4].

Құдайберген Жұбанов туралы жазылған естеліктердің барлығында дерлік ғалымның ерекше дарынды болғаны аталып көрсетіледі [5].

Құдайберген Жұбановтың қазақ тілін зерттеуге кіріскенде, барлық деңгейлерді бір қатарда алып қарастырғаны аса ерекше назар қоюды қажет етеді. Төменде берілген модельден Құдайберген Жұбановтың филологиялық зерттеулерінің бағыттарын көруге болады.



Сурет №1. Құдайберген Жұбановтың филологиялық зерттеулерінің бағыттары

Энциклопедиялық білім иесі болған Құдайберген Жұбановтың ғылыми танымының құлашы кеңдігі, биіктігі, тереңдігі алдағы уақытта сол зерттеген тақырыптарының аясында біртұтастықпен қарастырылады деп сенеміз.

Келесі модельде Құдайберген Жұбановтың өз зерттеулерінде лингвистикадағы сол кездегі және қазіргі теорияларды қамтығанын көруге болады. XX ғасырдың басынан бері тіл білімінде, жалпы ғылыми зерттеулерде пайда болған жаңа бағыттардың барлығын дерлік Құдайберген Жұбанов қазақ тілін зерттеудің жаңа бағыттары ретінде өзінің жазбаларында белгілеп алған. Оның «Қазақ грамматикасы» және мақалалары мен қысқаша тезистік жазбаларында алдағы уақытта қазақ тілін зерттеудің тұтас бір тұжырымдамалық бағдарламасы берілген.

Қ.Жұбановтың жалпыфилологиялық, жалпылингвистикалық тұжырымдамаларында логика, филологиямен бірге XX ғасырдың 20-30-жылдары бел алған функционалдық-құрылымдық лингвистика әдістері, тілді зерттеуді тарихпен, мәдениетпен, географиямен, антропологиямен, нейробиологиямен, геологиямен, топырақ пен климатпен тығыз байланыстыру туралы пікірлер айқын танылады. Осы бағыттардың барлығын меңгерген адам ғана тіл туралы бір деректің өзіне қаншама теория тұрғысынан қарай алатынын ойлайық.

Аса ерекше қарқынмен дамып қалыптасқан құрылымдық лингвистиканың тарихында тіл мен сөйлеудің табиғатын өзіндік ерекшеліктеріне сай зерттеу керектігі туралы, бірақ «тіл» мен «сөйлеудің» онтологиялық бір тұтастықта, қатынастар жүйесі ретінде қарастырылуы керектігі туралы ойлар орныққан. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы құрылымдық парадигма XIX ғасырдың аяғындағы салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қарама-қарсы бағытта дамыды деуге де болады. Тілдің құрылымын функционалдық модель тұрғысынан қарастыра келе, ғалымдар тілді мәдени кеңістікке қосу мақсатын алға қойды. Бұлардың барлығы ғылыми бірізділіктің жаңа критерийлерін табуды көксеген ізденістер еді.

Құдайберген Жұбановтың Ленинград қаласындағы академик Маррдың «Тіл мен ойлау» институтында аспирантурада оқыған жылдары дәл осындай буырқанған даму процесіне сәйкес келген еді. Алып титандық ой иесі – Құдайберген Жұбанов барлық жаңалықтарды екі жыл ішінде игеріп, қазақ тілі жүйесін теориялық танудың керемет арнасын әзірлеген еді. Қ.Жұбановтың өз еңбектерінде қандай теорияларды ұстанғанын келесі модельден круге болады.



*Сурет №2. Қ.Жұбанов зерттеулерінде қамтылған лингвистиканың
өзекті теориялары*

Құдайберген Жұбановтың даналығы қазақ тілінің киелі тылсым болмысын (Маррдың теориясымен бірге) осындай жаңа теориялар негізінде қуатты жүйе ретінде зерттеуге, сипаттауға бағыт алуымен аса таныла түседі.

Құдайберген Жұбановтың лингвистикалық теориясының тарихи шарттары жаңа кеңестік дәуірдің құрылуы, жаңа жазу қабылдануы, жаңа грамматика жасақтау қажеттілігі десек, шоғырлана дамыған лингвистикалық және жалпы ғылыми теориялар мен қатарласа дамыған дискурсивтік өрістер – жаңашыл ойдың өмір сүріп және жетіліп отырған сол дәуірдің рухын таныта алатын ерекше белгілер еді.

Сол кездегі тіл теорияларының Гуссерльдің феноменологиясына сүйене келе, тілдік таңбаның және мағынаның, глоссематиканың жаңа болмысын айқындауға ұмтылыс жасағаны белгілі. Құдайберген Жұбановтың жаңа грамматика жүйесін қалыптастырудағы орнын және жасаған жаңалықтары мен жаңа идеяларын сол дәуірдегі Гуссерль феноменологиясын басшылыққа алған құрылымдық лингвистиканың сандаған ағымдарының жүйесінде қарастыру керек.

Алдағы дәуір ендігі ретте, Қ.Жұбановтың ғылыми қызметінде ашқан, негіздеген лингвистикалық теорияларын анықтап, дәуірдің тынысын қазақ тілінің пайдасына шешуге бар күш-қуатымен ұмтылған еңбегін қайта зердемізден өткізумен байланысты болса деп ойлаймыз. Ғалымның сан теорияның негізінде жасаған, бірақ әлі де айқын танылмай келе жатқан қазақ тілінің табиғатын зерттеу әдістері жүйесіне сүйеніп, Қ.Жұбановтың ДАНАЛЫҚ СҮРЛЕУІН қалауға кіріссек дұрыс болар. Ғалымның 120 жылдық мерейтойында оның аманат еткен жаңа теорияларын танып, оларға атау беріп, танылған тілдік құбылыстарына термин беріп, Қ.Жұбановтың ғылыми лингвистикалық мұрасын қазақ тіл білімінің, жалпы тіл білімінің ортақ құндылығына айналдыру керек деген жаңа жолды таңдайтынымызды айтамыз.

В. Фон Гумбольдттан, Ф. де Соссюрден, Л.Блумфилдтен, Э.Сепир мен Б.Л.Уорфтан, Р.Якобсон мен Л.Щербадан бір де кем емес Құдайберген Жұбановтың теорияларын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңа өрнекте тану – біздің дәуіріміздің беріп отырған мүмкіндігі. Бұл іс оңды, жемісті және ұзағынан болғай!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру».12 сәуір. 2017 жыл. - akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Философия: Энциклопедический словарь. – Москва: Гардарики, 2004.
3. Құрман Н.Ж., Рахымбаева А. Құдайберген Жұбановтың психолінгвистикалық мұрасы. – Астана, 2014. – 100 бет.

4. Рудкевич Л. А. Талант: психология и становление: Социальная психология личности. Ленинград, 1974.

5. Ұлы Дала тұлғалары. Құдайберген Жұбанов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. 2013. – 448 бет.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ АБАЙТАНУҒА АРНАЛҒАН ЕҢБЕГІ

ПАНГЕРЕЕВ АБАТ ШАМУҰЛЫ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
ҚР Ақтөбе қ., Гришин көшесі, 7, тел.:(8-7132)24-66-80
e-mail: pan.abat@mail.ru

Құдайберген Жұбанов қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым ғана емес, сонымен бірге ұлтымыздың мәдениетін, әдебиетін дамытушы, оны өзге елдерге танытушы ұлтжанды азамат. Бұл сөзімізге дәлел ретінде ғалымның ұлттық музыка, ұлттық театр, күй жанры секілді ұлттың мәдени қарымын танытатын сүбелі еңбектерін атасақ та жетеді. Әсіресе, оның Абайды айтуға жұрттың жүрегі дауаламай, Абай шығармашылығын талдай танытуға зерттеушілердің тісі батпай жүрген уақытта жариялаған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласының мәні ерекше. Бұл тұрғыда Әнуар Дербісалиннің пікіріне назар аудармасқа болмайды. Ғалым былай дейді: «Құдайберген Жұбанов негізінен, тіл білімінің маманы бола тұрып, халқымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін, сонымен қатар Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиеті, өнерінің тарихын терең білген ғұлама ғалым. Бұл шындықты ғалымның қаламынан шыққан әрбір еңбектен-ақ көруге болады. Солардың бірі – оның «Абай-қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуі» [1,125]. Аяқталмай қалған еңбек болса да бұл мақалада Қ.Жұбанов Абай шығармашылығын профессионалдық тұрғыда, қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-профессор ретінде талдап, Абай арқылы ұлттың тіл өрнегін, ой-сезімін, салт, санасын тереңінен танытады. Абайдың ақындық тұлғасының өзге халықтардың ақындарынан озық тұрғандығын салыстырулар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Қ.Жұбановтың ұлттың мәдени танымының биіктігін, поэтикалық зердесінің тереңдігін Абай өлеңдері арқылы тауып сөйлетуін дәл байқаған М.Қаратаев ұстазына, яғни Қ.Жұбановқа арнап жазған мақаласын «Патриот профессор» деп атаған екен. Бұл еңбегінде автор ұстазы Қ.Жұбановтың ғалымдық, азаматтық тұлғасын, ұлттық мәдениет пен музыкаға байланысты зерттеу еңбектерін саралай отырып, оның Абайға байланысты еңбегіне тоқталады. Ол бұл еңбектің аяқталмай қалса да маңызы зор, орны бөлек екендігін атай келе: «Бұл еңбектің басқы бөлімі «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген атпен 1934 жылы ұлы ақынның дүниесі салғанына 30 жыл

толуына арналған «Әдебиет майданы» журналының 11-12 номерлерінде жарияланды. Онда автор ол кез үшін тың, жаңа, өте батыл пікірлер ұсынды. Олай дейтінім, бізде сол тұсқа дейін әдебиетшілердің өзі Абай туралы айдан анық мәселелерді шатастырып неше саққа жүгіртіп келгені бар. Біреулер феодал ақыны дейді, біреулер байшыл ақын дейді, енді біреулер одан діншілдік іздеді. Не керек, әйтеуір, Абайды бізден қалай да аулатпақшы болды. Жұбановтың дер кезінде жарияланған жаңалықты еңбегі сол теріс пікірлердің күлін көкке ұшырады. Бұл мәселенің ол кездегі актуалдығы сонша, салған жерде-ақ полемикаға түсіп ол былай депті: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмаушылар оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермец жүр: ол – өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», -деп мақалаға шолу жасайды [2,91].

Кеңес үкіметінің ілкі кезеңдерінде әдебиетті тапқа бөліп қарау болғандығы рас. Әдебиеттің таптығы, одан кейін әдебиеттің партиялылығы деген ұғымдар әдебиеттанудың негізгі принциптеріне айналды. Феодал ақын, байшы ақын деген таптық айқындаулар осы кезде шығып, Абай, Шәңгерей Бөкеевтер оқытылмайтын болған. Автор осы мәселені алдыға тартып, Жұбановтың осы мақаласы сол теріс пікірлердің күлін көкке ұшырды деп атап көрсетеді.

Расымен де осындай кезеңде Абай туралы мақала жазу үлкен ерлік екендігі сөзсіз. Абайдың алтын басын есікке сүйрегендерге қарсы тұрып, Абайдың ақындық даралығын басқа елдердің ақындарымен, соның ішінде сол заманғы озық ақындар деп саналған татардың Маржаниімен, Каюм Насириімен салыстырып, мақаласының бірінші бөлігін «Еленбеген ерекшелік» деп атағаны Жұбановтың әдебиет жөнінен де терең білімпаз болғандығын білдіреді. Ғалым Абайдың басқа халықтар ақындарынан ең бірінші артықшылығы төл тазалығында деп көрсетеді. Бұл жөнінде академик Ісмет Кеңесбаев Құдайбергеннің түркі тілін ғана емес, әдебиетін де жетік білген ғалым екендігін айта келе: «Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі мақаласын оқыған адам, сол еңбекті жазған ғалымның «түркі халықтары әдебиетінің жете білетінін, сондықтан Абайды замандастарымен салыстыра тексергенін аңғаратыны сөзсіз. Мұндағы бір тамаша аңғарылатын нәрсе – ол түркі халықтары тілін көркем әдебиет арқылы игергендігінде. Оның әр халықтың көрнекті жазушы, қайраткерлерінің шығармаларын оқып әрі оларды заманына қарай бағалап, әділ сын айтуы таңданарлық еді. Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден басқа ешкім де шендесе алмай шығады. Ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені таза халық тілімен жазып, жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол кезде адам болған жоқ. Абайдың, бірқатар сыншылар ескермей жүрген, бір – оқшаулығы осы»- деп жазады. [3,113]

Қ.Жұбанов: «Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық» деген екен [4,35]. Бұлай дегенде ғалым Абайдың нәр алған үш қайнар бұлағының бірі, оның өзінің төл әдебиетін мансұқтап отырған жоқ, оның шағатай әдебиетінен шырмалған тұстарын сынап айтып отыр. «Абайдың шығыспен байланысы қай кезде де абайтану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі болғаны белгілі. Бұл мәселе, әсіресе, 20-30 жылдарда, Абай мұрасына жалпы баға беру таласында мүлде өткірқойылды. Абайды халық мәдениеті мен әдебиетінен аластауға тырысушылар оны шығыстың кертартпа әдебиетінің аясынан асырмауға әрекет жасап бақты. Қ.Жұбанов зерттеуінің бағалы жағы Абайдың шығыспен байланысын білгірлікпен ашып беруінде еді [1,127].

Абайдың шығыс шайырларының шығармашылықтарымен жақын танысатын тұсы оның Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқыған кезі. Жалпы Абай дүниетанымына ден қойған зерттеушілердің бәрі де ақынның Шығысқа қарым-қатынасын назардан тыс қалдырмаған. Алайда соны түсіну қиын екендігін бәрі де ескерткен. Бұл мәселеде алдымен А.Байтұрсыновтың төмендегі пікірі еске түседі: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі», -деуінен де данышпан дарынды тану оңай еместігін аңғарасың. Осы ретте белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы: «Абай дүниетанымында ұлттық, шығыстық жағы басым жатыр» дей келе, оның сырын ашып, қайталанбас ерекшелігін танып-білу оңай еместігін атап көрсетеді. Анығына жүгінсек, бала ақынның алғашқы өлең жазбақ талабы шығыс шайырларына сыйынудан басталған:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науай, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәмәси
Мәдәт бер я шағири фәрият.

Осындағы аталып отырған Шығыс шайырларының бәрі де атақты ұлы ақындар, қайталанбас тарихи тұлғалар екендігі мәлім. [5,36-37]

Қ.Жұбанов: «Рас, алғашқы әзірде, өлең дүниесіне қадам басқан кезде, шағатай қармағына Абай да ілінген. Бірақ, көп ұзамай ол қармақтан бұлқынып шығып кеткен сияқты» [4,38], - деп жазғанда алдымен тіл тазалығын, өлеңнің араб, парсы сөздерімен шұбарланбағанын қалаған, екіншіден өлең өлшеуі ғаруз өлшеммен емес, ұлттық өлшеммен болғанын қолайлаған, үшіншіден теңеулердің ұлттық сезімге лайық болуын айтқан. Теңеу дегенде ғалым:

«Иузи-раушан көзі - гаухар
Лағилдек бет үші ахмар..» [6,9]

- деп келетін өлең жолдарындағы көзді гаухарға, бетті маржанға теңеуге қарсы екендігін айтқан. Бұлай дегенде оның ойында халқымыздың көзді мөлдір көз, бота көз, тана көз деп айтатыны, адамның бет пішінін айтқанда, бет

ұшындағы қызғылт тартқан шырайлық белгіні алмаға теңеп жататындығы түскені кәдік. Сондықтан да Жұбанов Абайдың бала кезінде еліктеген шағатай әсерінен бас тартқанын «ол қармақтан бұлқынып шығып кеткен сияқты» деп бейнелеп жазған.

Ғалым мақаласының үшінші бөлімі «Абай және халық әдебиеті» деп аталады да, «Абайға ана сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті. Абайдың жұмсаған сөз қаруы осы қалыпқа соғылған» [4,43], - деп түйін жасайды. Біздің Абайдың қайнар бұлағы, өзінің төл әдебиеті, тағы да басқа осы тақілеттес сөз қолданысымыздың бәрі шынын айтқанда Қ.Жұбановтың «ана сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет» деп берген анықтамасына жетпейді.

Ғалым осы «сүйегіне сіңген» әдебиеттің өзі Абайға тарлық өткенін, Абай енді тыңнан жол салмақ болып ізденіске түскенін жаза келіп: «Мәдет бер» деп, 13 жасында Науаи, Сағди, Фердоусилерге жалбарынған Абай, келелі кеңестің кеуде биі болмақ болып, ескі бише қосарлап сөйлемек болған Абай, ескі ақынша «көр-жерді» өлең қылмақ» болған Абай, енді бұларды қомсына бастайды. Оның «күн шығысы күн батысы болып», «Қожа Хафиз», Сағди орнына Байрон мен Гетенің, Нысанбай, Бұхар орнына Пушкин мен Лермонтовтың етегінен ұстайды. Классик алып әдебиет дәңіне шығып, артына қарағанда оған енді:

«Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау», -

болып, олардың «кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұрады». [4,44]

Абай енді өлеңге басқаша талап қою керектігін ойға алып, «ескі бише отырман бос мақалдап», «мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп түйеді. «Сөзімнің қыл сыймайды арасына» дегендей өлеңде басы артық сөз болмауын ескеріп, жаңа форма мен мазмұнға көңіл қояды. Осы мәселе туралы Қ.Жұбанов: «Басы артық бір сөз де өлең ішінде тұрмауын, өлеңнің «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген шарттарды қояды Абай. Осындай қатаң шарт, ауыр сынның арқасында Абайдың сөздері, Илияс айтқандай, «қиюынан қыл өтпейтін» нығыз болып, мағынаға малынып келеді. Сондықтан оны ағызып оқып, сыдыртып өте шықсаң, ішкі мәніне жетпей қаламын деп кідіріп, салмақтап, ақынның кестелеген айшықтары, қошқар мүйіздерімен оралып өтуге тура келеді. Абай айтар сөзінің бәрін айтып, орнын тақырлап кетпейді, оқушыға да шығарғыштық сыбаға қалдырып кетеді.

Міне, Абай сөзінің осы қасиеттері, Абайдың өлеңге қойған осы шарттары күні бүгінге шейін құнын жоғалтпаған артықшылықтарының бірі. «Алтын иек сары ала қыз» сияқты жалаң, жалған жалтыр бейнелер (образдар), ұйқасым қуалап, өлеңнің кетігін басқа сөздермен тығындаулар бүгінгі әдебиетімізден де әлі кетіп болған жоқ [4,45].

Расымен де көркемдеу деген осы екен деп жылтыр сөздерді тізбектей беру, орынды-орынсыз жерлерде мақалдарды қолдана беру абырой әпермесі хақ. Ақылдымсып айтқан сөзінің бәріне мақал қосып сөйлейтіндерді халық

жаратпай «жаман адам мақалшыл» деген. Бұл мәселе төңірегінде ой қозғағанда ғалым әр нәрсе өз орнымен болу керек деп ой айтатындай.

Сонымен бірге Қ.Жұбанов Абайды халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы алтын көпір екендігін көрсете келіп, осы екеуінің ара салмағын ашады. «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің осы айырмашылығын ашқандығымен атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңісіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам — Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан Абай. Абай сынаған «қазақтың ұзын сөзділігі», «ескі бидің сөз қосарлап бос мақалдайтындығы», «ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы» дегендер — осы басы артық қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің «қиюынан қыл өтпейтін» ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді» [4,50]

Қ.Жұбанов әсіресе Абайдың образ жасау ерекшелігіне тоқталады. «Абай өлеңдері бейнелі келіп, шын мағынасымен көркемдік шартын орындап отырды. Сонда Абай образды қолдан жасап, жаткейіп қылып шығармайды» дей келіп, қазақтың өзіне қашаннан таныс суреттерден алатынын айтады. «Абай қазақтың мақалын да, ертегісін де, дінін де, салтын да — бәрін де суретке пайдаланады. Бірақ, осының бәрінде қазаққа таныс образдардың өзі бұрынғы құрысып, қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді; жетіліп, өсіп, ашылып, жарқырап кетеді. Өз қалпында қалып қоймай уақиғаның өзіне біте қайнап қосылып кетеді». [3,51]

«Көлеңке басын ұзартып
Алысты көзден жасырса
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса» [6,240].

Ғалымның айтып тұрғаны Абай өлеңдеріндегі осы секілді үздіксіз қозғалыс, табиғатқа, оның құбылыстарына жан бітіру. Табиғат құбылыстарына жан бітіре суреттегенде Абай оны жалаң алмайды адам әрекеттерімен теңдестіріп суреттейді. Осындай бейнелі суреттеулерді байқап білген ғалым: «Абайдың қыз бен жігіті ғана құс пен аңға ұқсап қоймайды, құсы мен аңы да қызға, жігітке ұқсай береді. Түлкіні бүркіт басып, екеуінің алысқанын, қара шашы төгіліп , иықтары бүлкілдеп, суға шомылып жатқан сұлуға меңзеп қояды» [4,53],- деп әсерлене жазады.

Көне түркілік үштік таным деген ұғым бар екені белгілі. Оны біз «жоғарыда көк тәңір, төменде қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралды» деп жазылған Күлтегін жазуынан білеміз. Ғалым С.Қасқабасов: «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды-еркек, жерді әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымында ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған»,- дей келіп Абайдың «Жазғытұрым» өлеңін мысалға келтіреді [7,97]. Ежелден

қалыптасқан жер-су туралы осындай түсінік алдымен фольклорлық сюжеттерде, одан бері келе жатқан дәстүр жалғастығы ретінде жазба әдебиеттен де орын алатындығы осы мысалдан айқын көрінеді.

Абайдың бұл өлеңіндегі:

Күн - күйеу, жер - қалыңдық сағынышты,

Құмары екеуінің сондай күшті...

Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай.

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып түрленер тотықұстай» [6,121-122], -

деген өлең жолдарына баса көңіл аударған Қ.Жұбанов: «Жер-ана деген ұғым қай жұртта да бар. Бірақ, Абайдың Жер-анасы не қалыңдық ойнаған қыз болып, ұрын келген күйеуі күнмен жымындасып, күліп ойнап кетеді немесе ол – ана, елжіреп емізіп кетеді. Қысқасы, Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі: әуелі — қатесіз анық таныс бейне алады; екінші — образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, үйткені, үшінші — ескі образды өсіріп, жаңартып, жалғап әкетеді. Оның ескі, таныс образ алуы тек таныс жағымен тартып, жуықтатып алып, келгеннен кейін басқа жаққа бұрып жіберейін деген сияқты. Ескі әдебиет мұрасын Абайдың пайдалануының бәрі осылай. Ол ескіні де, өз заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда, оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылып, сонымен жаңаны ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сүртіп шаңын кетіріп шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолынан ізін қалдырады», - деп Абайдың образ жасаудағы өзіндік стилін, қолтаңбасын талдап көрсетеді. Сонымен бірге, «Абай ескі мұраны талғамай ала беретін адам емес. Ол ескіден қалған мұраға да, өз заманының жайына да сын көзімен қарап, өзінің ақыл елегінен өткізіп алған» [4,53], - деп пікір түйген Қ.Жұбанов Абайдың сыншылдық қырын да атап өтеді. Сонымен қатар Абайдың қазақ өлең құрылысына, музыкаға енгізген жаңалықтары да ғалым назарынан тыс қалмаған. Жалпы осы бір ғана мақаласында Құдайберген Жұбанов Абайды қазақ әдебиетінің классигі тұрғысынан көрсете алған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дербісәлин Ә. Ұстаз-Ғалым//Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер.- Алматы:Өнер,1990.- 208б.

2. Қаратаев М. Патриот профессор. //Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер.- Алматы:Өнер,1990.- 208б.

3. Кеңесбаев І. Ұстаздардың ұстазы//Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер.- Алматы:Өнер,1990.- 208б.

4. Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер.- Алматы:Өнер,1990.- 208б.

5. Абайтану әліппесі: жалпы білім беретін орта мектептің 9-10 сыныптарына және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша

студенттердің педагогикалық тәжірибесіне арналған оқулық. –Қарағанды,2019. – 370б.

6. Абай.Екі томдық шығармалар жинағы.Т1.-Алматы: Жазушы,1986 - 304б.

7.Қасқабасов С. Жаназық.- Астана:Аударма,2002.-584б.

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ

ф.ғ.д., профессор

Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, Орал қаласы
Sabir_uralsk@mail.ru

Қазақ тілі тарихына алғаш ғылыми түрде ізденіс жүргізген Қ.Жұбанов екенін айта аламыз. Ол «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты XV-XVI ғасырларды құралған деседі. Ел құранды болғандықтан, тіл де құранды болмақ: *шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, найза* деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғы білу – жай әшейін емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз», – деп деген еді [1, 120]. XX ғасырдың 30 жылдары Қ.Жұбанов бастаған тіл тарихын теориялық тұрғыдан зерттеу ісі тарихи жағдайлардың себебінен біраз үзіліс тапқаны белгілі. 20 ғасырдың екінші жартысынан қазақ тілі тарихына ғалымдар көңіл аудара бастады. М.Томанов қазақ тілі тарихын түркі тілдері тарихымен бірлестіре отырып былай жіктеді: 1) Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, – бұл дәуір, шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі бірлестіктен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2) Түркі бірлестігі дәуірі, бұл да екі кезеңге ажырайды: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар), Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар). 4) Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) [2, 70]. Түркі бірлестігіне дейінгі Алтай бірлестігі «алтай гипотезасымен» байланысты қойылған атау. Бұл теориялық болжам түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, жапон-корей тілдеріндегі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ұқсастықтар мен ортақ белгілерге сүйенеді. Хун бірлестігі біздің заманымыздың алғашқы жылдарында өмір сүрген Хун империясына байланысты. Түркі тілдерінің қазіргі батыс және шығыс топтарының қалыптаса бастауы осы Хун империясынан басталады. Бұл кезеңде түркі тілдерінің монғол тілдерінен жіктелуі аяқталды десе болады.

Түркі бірлестігі дәуірінің Көне түркі қағанаты кезеңінің бүгінгі түркі халықтарының тарихы үшін маңызы зор. V-X ғасырларда қазіргі түркі тілдерінің негізі қалыптасып, тіл тамыры бой түзеді. Төл өркениетіміздің сілемі терең екеніне ғаламға мәшһүр болған Орхон-Енисей, Талас жазулары куә. Көне түркілер біздің заманымыздың VI-VIII ғасырларда жалпыадамзаттық өркениетке өзіндік жаңалық қосқанын бітіг жазулардан сеземіз.

Қазақ тілі тарихы үшін түркі бірлестігі дәуірінің **орта түркі кезеңінің** мәні зор. X-XV ғасырларда халық тілдерінің негізгі ұйытқысы түзіліп, жеке-жеке тіл болып қалыптасуға бет алған. Жазба ескерткіштерге сүйене отырып орта түркі кезеңін классификациялаудың ғылымда бірнеше үлгісі бар. Н.А.Баскаковтың топтауы бойынша орта түркі кезеңі екіге бөлінеді: Монғол шабуылына дейінгі (X-XII ғ.) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII-XIV ғ.) кезеңдер. Ә.Құрышжанов пен А.Ибатов түркі халықтарының әдеби тіл тарихын жазба мұрағаттар тілімен байланыстыра отырып ескі түркі дәуірі (XI-XV ғ.) деп тұтас алып қарастырып, бұл кезеңде түркі тілдерін ең негізгі халықтық белгілері қалыптаса бастаған дейді. Орта ғасырларда түркілер Қытай іргесінен Шығыс Европа, славян елдеріне дейінгі аралықты түгел жайлаған. Қазіргі Қазақстан территориясы әртүрлі түркі тайпалардың ежелгі мекені еді. Осынау ұлан-ғайыр алқапта әртүрлі мәдени ошақтар өркендеп, бірнеше әкімшілік-басқару орындары үстемдік етіп, саяси жағдайлардың көрігі қызып тұрған. Мәселен, Шығыс Түркістан аймағын ұйғырлар мен қарлұқтар билеп, басқа да көптеген рулар Қараханид мемлекетіне топтасса, Батыс Түркістан, Хорезм өлкесінде қыпшақтар мен оғыздардың беделі зор болды. Алтын Орда мен Мысырда негізінен қыпшақтар гегемондық дәрежесіне көтеріліп билік басында болды. Бұлар бір-бірімен тығыз әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынаста болып, мидай араласып жатқан елдер болатын. Осы тарихи кезеңдердегі тілдік ахуал бүгінгі қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлерінде анық көрінеді. Академик Н.Я.Март: «Тіл адамзат басынан өткізген тарихын бүкіл тұтасымен көрсетеді», – деп дұрыс тұжырымдаған [3]. Тіл – адамзат өткізген тарихтың күллі жиынтығы. Бүгіннен ескі заманға қарай ізерлеп зерттесек, тілдің жер қыртысы сияқты әр қабаттарынан мол дерек аламыз. Қ.Жұбановтың «біз тілді палеонтология жолымен тексереміз. Мұның аты бөлшегіне қарай отырып, бүтінін табу», – деген пікірінің маңызы зор. Бұның өзі қазақ тілі өз тарихын зерттеуге өзі дерек көз бола алады деген сөз. Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің фонетикасы тарихынан» еңбегінде «Өздері жүріп өткен тарихтың ирелең жолдарында басқан іздерінің көмескі табы арақидік сақталып қалған тірі тілдерден бізге жеткен мүмкіндіктерді теріп ала отырып, біз қазақ тілінің даму тарихын фонетика саласы бойынша ізерлеп шығу үшін негізгі дерек көзі ретінде жазба ескерткіштері емес, қазақ тілінің өзін пайдалануға тырасамыз. Бұның өзі тілді оның тарихы тұрғысынан зерттеудің дағдылы жолы болмақ. Бұлай дегенде біз жазу ескерткіштерінің маңызын әсте де жоққа шығармақ емеспіз, тек ескерткіштер тілінің куәгерлігі біздің зерттеуімізде белгілі бір дыбыс типтерінің, сөз тұлғалары мен мағыналарының шығу төркінін айқындайтын түбегейлі дерек бола алмайтынын атап

көрсетпекпіз», – пікірі ғылыми құндылығымен ерекшеленеді [4, 5]. Дейтұрғанмен жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында табылып, зерттеу нысанына шыққан жазба ескерткіштер қазақ тілінің тарихын зерттеуде мол дерек көз болып отырғанын баса айтқымыз келеді. Қазақ тілі мен жазба ескерткіштер тіліні салыстырып зерттеу сөз жоқ тың деректер бере алады.

Орта түркі жазба жәдігерліктерінің жазылу уақытына, жеріне, сол мұра пайда болған мекендегі халықтардың этникалық құрамына қарай ғылымда мынандай төрт топқа жіктеу жолы бар:

1. Қарахан әулетіне байланысты түріктердің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XI-XII ғ.)

2. Орта Азия түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XII-XIV ғ.)

3. Алтын Орда мен Мысыр түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII-XIV ғ.)

4. Шағатай түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XV-XVI ғ.)

XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тіл болғаны анық. Ғылымда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдері бар. Мұндай аясы тар терминдердің орнына Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов «орта түркілік жазба әдеби тіл» терминін ұсынады. «Орта түркі әдеби тілі» өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарының түгел, Европа жеріндегі «Дешт-и Қыпшақ» пен қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған [5, 101]. Осы орта түркі әдеби тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастықтың, жалғастығын іздестіргенде екі дәуір тіліндегі деректерді салыстыра отырып жүгінеріміз, ең біріншіден дыбыстық өзгерістер. Тіл бойындағы тарихи өзгерістерді тарихи фонетикалық құбылыстар бойынан зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіске жүгінеміз. Қазақ тілінің күрделі даму тарихында, дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде тіл бойында көрінетін альтернатива құбылысының екі саласын принципті түрде ажыратып алған дұрыс. **Дыбыс алмасулары** бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы – **дыбыстар сәйкестігі**.

Дыбыс сәйкестіктері фонетика және морфология шеңберінде қарастырылып жүргенмен кей тұста дыбыс сәйкестіктерінің қайсы бір түрін таза фонетикалық не таза морфологиялық құбылыс деп ажырату қиынға соғады. Соңғы кездері мұндай құбылыстарды морфонология ілімі бағытында қарастыру үлгісі байқалады. Қандай да бір фонетикалық ықпалсыз дыбыстардың өзгеріске түсу себебінің бірнеше факторы ғылымда айтылып жүр. Олар: «үйлесімділікке немесе әуезділікке ұмтылу», «әлеуметтік ортада қалыптасқан дәстүрге бейімделу», «ұрпақ ауысуы немесе географиялық

жағдайдың өзгеруі», «сөзді айтуға, дыбыстауға кететін энергияны үнемдеу» т.б. Бұл айтылғандардың ішінде тілдік дыбыстардың тарихи өзгерістерінің басты себебі үнемделу, ықшамдалу принциптері терең зерттеліп, теориялық негізі қаланды. Осы бағыттағы И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.А.Богородицкий, А.А.Потебня, Е.Д.Поливановтардың еңбектері зор.

Жазба ескерткіштер тілі мен қазақ тілі материалдарына сүйеніп тіл туыстығын зерттегенде біздің ең бірінші жүгінеріміз – дыбыс. Тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырым белгілері арқылы жақын-жуықтығын анықтауда, ең алдымен фонетикалық ерекшеліктеріне сүйеніп, дыбыстық жүйеге баса мән бергеніміз абзал. Өйткені, сөздің сыртқы қалыбы болып есептелетін дыбыстар, мағынаға да өз әсерін тигізеді. Сол себепті Л.Блумфилд: ...изучение языка следует начинать с фонологии и формы, звучания, а не со значения, – деп ескертеді [6, 164]. Дыбыс түбірлі өзгерістерге тез ұшырай бермейтін тұрақты тілдік құбылыс, тілдің ежелден келе жатқан материалдық қабыршағы. Әр дәуірдегі, тарихтың әрбір кезеңіндегі дыбыстардың бір-біріне әсерін, түзілуін, сәйкестігін, олардың мағыналық қызметін тарихи жазба ескерткіштердің тіліне сүйеніп зерттеу – тарихи фонетиканың негізгі міндеттерінің бірі. Тарихи фонетикасыз тарихи салыстырмалы грамматика, тарихи тіл білімі болмас еді. Фонетиканың арқасында ғана тіл білімі неғұрлым нақты қоғамдық ғылымдардың бірі бола алады десек, асыра айтқандық емес.

Тұлғалық жағына адам танымастай болып өзгерген сөздерді тарих қойнауына індете зерттегенде ежелде қандай түрде болғанын, қазір қандай тұлғада екенін дыбыс сәйкестіктеріне сүйеніп анықтай аламыз. Тіл білімінде фонетикалық құбылыстарды анықтайтын *дыбыс сәйкестіктері* терминімен қатар *дыбыс алмасуы*, *дыбыстық өзгерістер* деген сияқты сөздер де бар. Академик Ә.Қайдаров тіліміздегі бір буынды түбір мен негіздерді зерттей келе былай деп тұжырымдады: «Бір буынды түбірлер мен негіздердің тіларалық варианттары немесе дыбыстық рефлекстері әр тілде өзіндік бейнесі бар және туынды сөздердің құрамында консервантты қолданылады. Олардың пайда болуына дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі себеп болады. Дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі дауыстылар арқылы да және дауыссыздар арқылы да іске асады. Соған қарамастан дыбыстардың сәйкестігі олардың ауысуынан принциптері бойынша ажыратылады. Біз дыбыстардың ауысуында белгілі бір фонологиялық факторлардың әсер етуін түсінеміз, ал дыбыстардың сәйкестігінде мұндай факторлар тіпті жоқ, бір буынды түбір-негіздердің құрамында бұл спонтанды түрде болады. Бұл нақты бір түркі тілінің құрылымдық дамуымен анықталады» [7, 74]. Яғни дыбыс сәйкестіктері ешқандай фонетикалық ықпалсыз өзгерістерге ұшыраса, ал дыбыс алмасулары тіліміздегі сингормонизм, ассимиляция, диссимиляция сияқты фонетикалық заңдылықтар бойынша жүзеге асады

Қазіргі қазақ тілін жазба ескерткіштердің тілмен салыстырғанда фонетикалық варианттар ерекше айқындала келіп, әр түрлі дыбыс сәйкестіктерін түзеді. Бұл дыбыс ауысулары сөз басында айрықша

байқалады. Мұндай сәйкестіктердің шығу тегі, тамыры қайда жатыр деген сұраққа жауап іздеген түркітанушылар сөз басындағы басты заңдылықтардың бірі *й~дж~жс~т~д~ч~ш~с~з...* ұлы сәйкестігіне сүйеніп, түрлі тұжырымдарды ғылыми ортаға салды. Бірақ түркітанушылар ортақ мәмілеге келе алмады.

Б.Сағындықұлы ұзақ жылдар бойғы зерттеудің нәтижесінде сөз басындағы осы бір жұмбақ сәйкестіктің бір емес, бірнеше аффрикаттан пайда болғандығына анық көз жеткізді. Яғни қыпшақ тілдеріндегі *жс* дыбысы *дж* аффрикаты негізінде, якут тілінде *с* дыбысының *ц (тс)* аффрикаты негізінде, қарашай-балқар тіліндегі *з* дыбысының *дз* аффрикаты дамуының нәтижесінде қалыптасқаны мәлім болды. Сонымен сөз басындағы *й~дж~жс~т~д~ч~ш~с~з...* сәйкестігінің толық құрамы мынадай:

тс(ц)~тш(ч)~тһ~тй~дз~дж~дй~с'~д'з'~т~д~с~з~ш~ж~й~һ~х~қ~к~ғ~г~с'~з'~т'~д'~ш'~о [2, 28]. Міне, осы ежелгі сәйкестіктің біз зерттеп отырған ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасында қандай үзіктері бар екенін қарастыру – басты парыз.

Й~жс сәйкестігін сөз еткенде тіл тарихына бойламай тұра алмаймыз. Аталмыш сәйкестік батыс хун бұтағына жататын тілдерді өз тарапынан екіге бөледі: 1) оғыз (әзербайжан, түрік, түрікпен), қарлұқ-ұйғыр (өзбек, ұйғыр) тілдерінде көптеген сөздер *й* сонорымен басталса, 2) қыпшақ тілерінде дәл сол сөздер ұяң *жс* дыбысы арқылы басталып айтылады.

М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған «қыпшақ тілі» болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол «қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі» деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп «бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған» дейді. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық рөл атқарды.

XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – *дж(жс), с, т, й* дыбыстарының қолданылуы мен *з(з)* дыбысының айтылмай түсіп қалуы болып отыр. Түркі тілдерінде сөз басында *дж, жс* дыбыстарының айтылатынын ең алғаш ескерткен белгілі ғалым А.Н.Бернштам болатын. Ол «О дальнейших следах джекания в тюркских языках Средней Азии» деген мақаласында былай деп жазды: «на территории древнего Казахстана и Киргизии среди племен, составивших западно-тюркский каганат был известен джекающий диалект тюркского языка. Эта языковая особенность по сравнению с восточными тюрками (в Монголии) отражает и известную этническую обособленность среднеазиатских тюрков от монголовских. Западно-тюркский каганат включил тюркские племена и южного Казахстана, которые явились предками ряда среднеазиатских народов, в том числе и современных казахов. Так как последние обладают

языками джекающего или, вернее, жекающего диалекта, то можно говорить, что слова, нами разобранные, являются древнейшими следами формирования некоторых среднеазиатских тюркских языков, например казахского... Следует помнить, что древнетюркские племена с джекающим диалектом локализируются на территории, главным образом, Казахстана. Это заставляет нас ставить в известную связь... племена VI-VIII вв. с этногенезисом казахов» [8, 113].

Демек Батыс түркі қағанатының түріктері VI ғасырдың аяғында *дж* дыбысымен сөйлеген. Бұл тұста түркітанудағы сөз басында кездесетін *й~дж~т~д~ч~ш~с~з....* күрделі сәйкестігін айтпай кете алмаймыз. Осы бір тарам-тарам болып кеткен күрделі сәйкестіктің түпкітегі **Т[С/Ш]** күрделі аффрикаты екендігін, күрделі аффрикат ыдырағанда **тс, тш, дж, дз** сияқты қарапайым аффрикаттарға, **тй, дй, th, dh** сияқты қосар дыбыстарға бөлініп кеткендігін Б.Сағындықұлы ғылыми жолмен дәлелдеп шықты. Яғни оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдері үшін – **тй**, қарашай-балқар тілі үшін – **дз**, қыпшақ тілдері үшін – **дж** архетип болып есептеледі.

Батыс хун бұтағына жататын түркі тілдерін тұтастай алғанда, оларға **тш(ч)** аффрикаттары – түпкітек. Бұл – қатаң аффрикат **ч** ұянданғанда **дж** аффрикатына (яғни **тш(ч)>дж**), аффрикат құрамындағы **ш** дыбысын сына **й** дыбысы ығыстырғанда **тй-дй** қосар дыбысына (яғни **тш(ч)>тй-дй**) айналады деген сөз.

Демек, қыпшақ тілдерінің тарихын қатаң **ч** аффрикатынан ұяң **дж** аффрикатының пайда болған кезеңінен бастау қажет. Бір замандарда жарыспалы қолданылған **ч-дж** аффрикаттары мен **тй-дй** қосар дыбыстары да тарихи даму барысында бір орында тоқтап қалмайды. Одан әрі ыдырай түседі. **Дж** аффрикатының алғашқы жапсары **д** элизияға ұшырап **ж** жалаң фонемасы пайда болса, **тй-дй** қосар дыбыстарының алғашқы жапсары **т-д** үнемдеу заңының әсерінен түсіріліп айтылып, жалаң **й** соноры сөздің абсолют басындағы дыбысқа айналады. Бұл өзгерістердің өзі кем дегенде соңғы үш мың жылдың шамасында болған болу керек.

Әдебиеттер:

1. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Кие», 2010. – 581 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1980. – 120 б.
3. Марр Н. Язык и мышление. – Л., 1930. – 144 с.
4. Жұбанов тағылымы. VII халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2009. – 385 б.
5. Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында. // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981.
6. Блумфилд Л. Язык. – М., 1968. – 465 с.

7. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, Наука, 1986. – 328с.

НАУЧНЫЕ ТРУДЫ, ИДЕИ И ПОДХОД УЧЕНЫХ КУДАЙБЕРГЕНА И ЕСЕТА ЖУБАНОВЫХ

ЖУБАНОВА АРДАК ЕСЕТОВНА

*Канд. фил. наук, преп. Bright. Inc.
Актобе, Казахстан*

Изучая научные труды Кудайбергена Куановича Жубанова, первого казахского профессора в области языкознания, а также его сына, видного тюрколога Есета Худайбергеновича Жубанова, нельзя не отметить многосторонний аспект их исследований, касающихся языковых феноменов. Будучи лингвистами эти два ученых не ограничиваются констатацией лингвистических фактов, а пытаются рассмотреть их с точки зрения истории народа изучаемого языка, как и истории самого языка, подвергают комплексному всестороннему анализу тот или иной феномен в языке через призму культурного и исторического контекста, на фоне которого появилось/исчезло то или иное слово, образовались/прекратили свое существование его словоформы, обусловились его изменения. Изучая способы древнего словообразования, первоначального порядка слов, их фонетические вариации и аналогичные явления, характерные для иных близкородственных и неродственных языков, ученые Кудайберген Жубанов делает общий вывод касательно тенденции развития народа и его языка. Таковыми глобальными по своему содержанию являются труды Кудайбергена Жубанова «К постановке исследований истории фонетики казахского языка», «Из истории порядка слов в казахском предложении», «О формах сочетания слов казахского языка», «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі», «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» и другие. Реформаторскими по своему характеру являются его смелая статья-дискуссия «Бас әріп керек пе?», публицистический труд «Саяси памфлет», глубоким аналитическим трудом видится «Қазақ музыкасының күй жанрының пайда болуы жәйлі», «Қожа Ахмет Яссауи» и др. [1]. Нет ни одного из трудов К.Жубанова, в котором он не коснулся бы истории языка, его развития, как и развития и жизни казахского народа. За последние десятилетия найдены несколько ранее не опубликованных публицистических заметок К.Жубанова, опубликованных в газетах «Ай», «Тез». К опубликованным в последние годы относится и упомянутая нами выше полемическая статья «Бас әріп керек пе?».

Целый ряд публицистических статей, ранее малоизвестных трудов ученого еще ожидает своего читателя, так как теперь открываются возможности работы в архивах республики.

Таковыми же глубокими, всесторонними, аналитическими являются труды Есета Худайбергеновича Жубанова. Тюрколог-фольклорист (эпосовед) Есет Жубанов внимательно изучает тюркские и мировые эпические произведения, рассматривает способы экспрессивной передачи эпической речи («Эпос тілінің өрнектері», 1976 г.), художественный язык устно-поэтической речи (Қазақтың ауызекі көркем тіл», 1996 г.), попутно разбирая этимологически сложнейшие составные компоненты таких культурных терминов, как Тәңірі, этноним «қазақ», изучает наддиалектную (супердиалектную) природу тюркских устно-поэтических образцов, как подлинный образец межнационального общения. Предложенный Е.Х. Жубановым термин «көсем тіл» или «төбе тіл» для обозначения тюркского супердиалекта выражал подлинный характер духовного единения тюркских племен в их устно-поэтических творениях, в отличие от создающего противоположный эффект термина с компонентом «диалект» [2, с.15-20]. Этот факт говорит о терминотворческой натуре Есета Жубанова. Предложенные же им меры по восстановлению и описанию истории казахского языка касаются в немалой степени письменных памятников. Предложенные им в этом отношении шаги заключаются в издании памятников рунической (V-VIII века), уйгурской (X-XI века) и арабской (XI-XIX века) письменностей;

- Тщательному фонетическому, грамматическому и лексическому изучению, а также историко-литературному анализу языки письменных памятников, а точнее тексты орхоно-енисейских, таласских памятников (VI-VIII века).

- Немаловажное значение придает Е.Жубанов всестороннему изучению местных особенностей казахского языка, составлению диалектологического словаря казахского языка, разработке надежных сборников образцов казахской устно-поэтической речи, в которых содержался бы глубокий лингвостилистический и лингвопоэтический анализ;

- Наконец, ученый отмечает необходимость составления исторических словарей языка письменных памятников. При этом крайне важным он считает создание поэтической лексикографии, то есть «Словаря поэтической речи».

Таковы предпосылки и отправные моменты, считает ученый, для составления Истории казахского языка [3, с.12-15].

Надо отметить, что и Кудайберген Жубанов, и Есет Жубанов большое внимание уделяли изучению научного наследия старших коллег, видных ученых, талантливых исследователей, мастеров пера. Аналитические биографические статьи Есета Жубанова посвящены творчеству Габита Мусрепова, Мухтара Ауэзова, ученому-коллеге и другу Кулмату Омиралиеву, ученому, академику Рабиге Сыздыковой и др. В публицистических статьях, посвященных писателям Е.Жубанов поднимет важный вопрос значимости личности этих деятелей, а в тех статьях, что посвящены ученым, Е.Жубанов раскрывает их личные качества и заслуги перед наукой. Кроме того, ряд публицистических статей ученого посвящены вопросам сохранения и развития казахского языка, историческим и культурным событиям из жизни казахского общества.

Само собой разумеется, в списке архивного изучения особняком стоят труды его отца, Кудайбергена Жубанова. Обширная переписка, которую вел Е.Х.Жубанов с российскими учеными и деятелями культуры и искусства, как Л.Н.Баскаков, Б.Ерзакович, с ученым из Кыргызстана Х. Карасаевым, которые в свое время общались с Кудайбергенем Куановичем, а также общение с казахстанскими учеными К. Жумалиевым, М. Балакаевым, Ш. Сарыбаевым, С. Кенесбаевым, Е. Жанпеисовым, коллегой К.Жубанова Ф.Решетниковым и др. дали возможность как можно больше узнать об отце, о его характере, событиях из жизни, идеях и планах. Все эти сведения, а также научные труды К.Жубанова, позже легли в основу концепции лингводидактической научно-исследовательской лаборатории, посвященной К.Жубанову и основанной в Актюбинской педагогическом институте (позже университете) ректором Мухтаром Галиевичем Арыновым и Есетом Худайбергеновичем Жубановым.

Список таких людей значительно больше, чем тот, что привели мы. В этом списке особое место занимает друг, соратник и коллега Кудайбергена Куановича Жубанова – педагог и исследователь Жангазы Жолаев. В свое время сохранивший труд К.Жубанова «Ходжа Ахмет Яссауи» от утери (к сожалению, семнадцать трудов Жубанова К, сданных в печать, а также ряд рукописей исчезли сразу после ареста), Жангазы Жолаев, как и Кудайберген и Есет Жубановы, интересовался историей казахского языка. Сохранившиеся его путевые записи, сделанные в 1939 году во время диалектологической экспедиции, после ухода из жизни Ж. Жолаева, были переданы на хранение Е.Х.Жубанову. Дневниковые записи диалектологической экспедиции представляют серьезный интерес для исследования. Записи в дневнике сделаны были на основе арабской графики, переписанные на кириллицу, они открыли сведения как по работе диалектологической комиссии, так и описание некоторого фольклорного фрагмента. В данном фольклорном фрагменте Жангазы Жолаев приводит описание такого загадочного природного явления, как естественный отход воды в Каспийском море [4].

Известно, что исторических событий, связанных с тем, что море может обмелеть и со временем вновь наполниться водами, известно не так много. В истории Казахстана известны страницы, когда воды Аральского моря были отведены под земледельческие угодья. Сильное впоследствии этого обмеление Аральского моря связывают с этой антропогенной деятельностью цивилизации. Тем не менее, обнаруженные археологические находки в виде осколков керамики, домашней утвари на обезвоженных просторах Арала, вызывают интерес и еще не нашли своего окончательного ответа о причинах и времени их появления. Что касается Каспия, то думается, что описанные в фольклоре события каким-то образом прольют свет на эту загадку природы.

Говоря о научных интересах Есета Жубанова, нельзя не затронуть его исследования, касающиеся также древних миграций тюркских племен на острова Океании, в Западное полушарие, а также гунно-тюркских племен в Европу, через ряд маршрутных путей, одним из которых, как предполагает Е.Х.Жубанов, является Мугалджарский район Актюбинской области.

Поразительными можно назвать его взгляды на историческую значимость тех или иных событий и эпох, которые подвергаются достойному изучению и освещению спустя годы. Сегодня научная общественность Казахстана поднимает важный для истории страны вопрос о месте и роли Алтын Орды в окончательном становлении и консолидировании казахского этноса. Данный вопрос долго ждал своего изучения. Как бы предвосхищая общественное мнение сегодняшнего дня, Есет Жубанов в своей книге «Толғау тоқсан қызыл тіл...», вышедшей в свет уже после уходи из жизни ученого, в 2010 году, посвящает одну главу эпическому сказанию о Едиге хане, где дает высокую оценку политической значимости эпохи Алтын Орды: «Қазақ халқының көне дәуірдегі поэзиясын сөз еткенде біраз кері шегініп, әрігірек дәуірлерге барып, өткен тарихты барлап қайтудың қажеттігі сөзсіз. Өйткені сонау XV ғасырға дейінгі заманда өзге қайсыбір қандас, туыстас халықтармен біршама болса да ортақтаспай, өңгелерден ала бөтен иеленіп, меншіктеніп алған таза қазақи поэзиямыздың бола қоймағаны мәлім.

XIII ғасырға дейін әрі территориялық, әрі әкімшілік жағынан өзге түрік тектес тайпалардан іргесін аулақтап, едәуір жіктеле түскен, бізге жақынырақ деген көшпелі тайпалар одағының қауымдастығы монғол шапқыншылығынан кейінгі әкімшілік бөліністің, яғни Алтын Орда хандығы тұсындағы саяси құрылымда тұрақтай түсті. Өйткені, В.В.Бартольдтың айтуынша, Алтын Орда өзі орнаған сәттен бастап-ақ Шыңғыс ханның басқа ұрпақтарының қоластындағы ұлыстарға қарағанда анағұрлым тығыз топтасқан, ауыз біршілігі күшті мемлекет болған [I. т.V, 1391]. Сол кезде, яғни XIII-XIV ғасырлар мен XV ғасырдың бірінші жартысында кейін қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар ұлыстары болып бөлінген ірі-ірі ру-тайпа одақтарының тарихи конфедерациялану процесі басталады. Бұл “енші алысу” процесі бұрыннан жақын, қандас тайпаларды бір-бірімен одан әрі жақындастырумен, араластыра түсумен қатар, олардың іштей бірнеше ұйытқы топтарға жіктелуін де тездеткен. Бұған олардың өзара этногенездік жақындығымен қатар, кішігірім хан-сұлтандық сипатындағы әкімшілік-территориялық бөліністерде едәуір себепші болды. Бірақ солай бола тұра, бұл жіктеліске осыған дейінгі ұзақ дәуірлер бойында тоқтаусыз бой көрсетіп келген туыстық, аталастық принципі бойынша бірыңғайласу процесі де ықпал еткен. Әрине, әкімшілік бөлініс осы генетикалық тұрғыдағы бірыңғайласу процесін біршама болса да тежемей қойған жоқ: бірсыпыра ірі тайпалар көптеген ұсақ әкімшілік-территориялық бөліктерге бытырап, бөлініп те кетті. Бірақ әрі заңдылық, әрі кездейсоқтықтар негізінде осылайша баяу да елеусіз болып жататын тарихи өзгерістерге қарамай, Алтын Орда ауқымындағы ұлы тақ үшін күрес оның құрамындағы халықтардың тұтастығын сақтау жолындағы күресті де күн тәртібінен түсірген жоқ. Міне, осы саяси мәселеде Алтын Орда мемлекетінің субъектілері өздері қаласын не қаламасын еріксіз тоқайласып та жатты. Сөйтіп, жер-жердегі ру-тайпа мүддесінен туатын сан-түрлі шиеленістер сол әлеуметтік ортаның өз уақытындағы идеологтарын, яғни ру-тайпа ақындарын ілгері шығарды. Нәтижесінде мүдделі топтардың өмірлік зәру мәселелері поэзия хұзырына

ілігеді. Алайда мұндай поэзияны қолдаушылар әлі де аз болғандықтан және әлеумет өміріндегі сапырылыстықтарға байланысты күн тәртібінде тұрған саяси хал-ахуал тез-ақ өзгереді де, әуелдегі мүддемен бірге туған өлеңдер де өз зәрулігінен айрылады. Осылайша, репертуардан қалған өлеңдер күн өткен сайын халық санасынан шығып, ұмытылып та отырады. Біздіңше, қазақ халқында ру-тайпа мүддесінен туған поэзия үлгілері аз болмаған, бірақ олар жоғарыдағы себептермен тез-тез айтылудан қалып, жұртшылық жадында сақталмаған, ал сақталғандары тек сол ру-тайпа аумағында ғана ғұмыр кешкен. Осының керісінше, бұл сияқты жергілікті рулық, тайпалы, не бір жеке хандық мүддеден жоғары тұрған елдік, халықтық идеяны, жалпы ұлттық ауқымдағы мүдделерді көксеген мұрат-мақсат сол Алтын Орда дәуіріндегі үлкен мемлекеттік тақты сақтап қалуды көздеді. Бұл идеяны Орда қоластындағы халықтар мейлі қаласын, мейлі қаламасын бәрібір, оны еріксіз қолдауға мәжбүр болып отырды. Өйткені осы жалпыға ортақ “бет-бетіне шашырамау” ұғымы тек соны қалауға ғана байланысты емес еді, сондықтан да “төртеу түгел болса” деген идеяның негізінде туған шығармалар бүкіл елге-жұртқа етене тән мұра болып тарихта қалды. Демек, бұлар заманалар бойында ұмытылмайтын, өзін тудырған жұртпен бірге жасайтын мәңгі дүниеліктерге айналды. Әрине, бұдан арғы жерде жырлар сақталмағанына қарап ол кезде болашақ қазақ халқына ұйытқы болған тайпалар өмірінде ірі-ірі халықтық оқиғалар, соларға сай туған жырлар жоқ деуге де болмайды. Ондай жырлар сөз жоқ болды. Бірақ күн тәртібіне кезекпен қойылып отыратын тарихи мәселелер бірін-бірі ауыстыруына байланысты сол мәселелерге орай туған жырлар да бірін-бірі ауыстырып отырған. Осы ауыстыру, ысырулар бара-бара ол жырларды мүлдем ұмыттырып жіберуі де мүмкін.

Міне, Алтын Орда дәуірінің соңғы кезінде осындай кең ауқымдағы ұлы тақ хандығына қарасты жұрттардың бәріне етене саяси мүддеден келіп туған бірден-бір эпос – “Едіге туралы жыр” болды.

Өзінің тарихилығы, көркемдігі, тілінің көнелігі жағынан ол барынша ала бөтен туынды еді. Бұл сияқты азаматтық поэзия нұсқасы XV ғасырға дейінгі кезеңді былай қойғанда, одан кейінгі XVII ғасырда да болған емес» [5, с.111].

Данный в общем краткий обзор научных трудов Кудайбергена и Есета Жубановых, посвященный их исследовательским интересам и идеям, представляет собой общую концепцию научного подхода двух ученых к проблемам изучения казахского языка. Большое значение ученые уделяют этногенетическим исследованиям, помогающим пролить свет на природу казахского языка. Оба ученых учитывают как наиважнейший фактор тюркскую основу языка, историю народа, культуру и другие необходимые составляющие для полного понимания того, что из себя представляет казахский язык.

Использованная литература:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

2. Жубанов Е.Х. Межэтнические связи тюрков как культурный наддиалект. Материалы международной научно-теоретической конференции Актюбинского университета им.С.Баишева, 2005. – 148 с.

3. Жубанов Е.Х. От истории народа к истории его языка. Психолого-педагогическое образование на современном этапе: реалии и перспективы. Часть 1: Материалы Международной научно-практической конференции 25-26 мая, 2006г. – Актөбе: Издательство Актюбинского государственного университета им. К. Жубанова, 2006. – 154 с.

4. Жолаев Ж. Записки диалектологической экспедиции. 1939 г. (Рукопись).

5. Жұбанов Е.Қ. Толғау тоқсан қызыл тіл... (Лингво-мәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті. – 2010. – 316 бет.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ РӨЛІ

М.О.МИРОВ

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында өткен ХХ ғ. халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болғанын, біздің әрбір тарихтан тағылым ала білуіміз керектігін нақты атап өткен болатын. Сталиндік дәуірдегі Қазақстан жағдайындағы қуғын-сүргін әрекеті мен шараларын тілге оны туғызған халыққа, халықтың қымбаттысы зиялыларға, оның ішінде тілшілерге байланыстыра зерттеудің ұлттық тарихи, әлеуметтік саяси мәні зор. Бұл бүгінгі рухани жаңғыру аясындағы өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің, жаңарған ұлттың рухани ізгі талабы.

ХХ ғасырда қуғын-сүргін құрбаны болған А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов сынды қазақ тіл білімінің алыптары еске түскенде бұл тақырыптың мәні ерекше екені анықтала түседі. Тарихымыздың сарғайған беттерін саралай отырып, елі үшін, ұлт мүддесі үшін бар білімін, күш-жігерін сарп еткен ұлт зиялылары санаулы болғанын байқаймыз. Туған елінің ілім-білімін, мәдениетін, өнерін өрге сүйреген азаматтардың бірі де, бірегейі лингвистика ғылымының тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын.

Профессор Қ.Жұбанов – қазақ филологиясындағы ерекше құбылыс. Ол ғылымға 1920 жылдардың соңында келіп араласып, 30 жылдардың соңғы ширегіне дейін белсене араласқан ғұлама.

Қ.Жұбанов көптеген батыс-шығыс тілдерін жетік меңгерген, славян-герман, роман тілдерін еркін пайдаланған, ал шығыста араб-парсы, шағатай,

моңғол тілдерін тәуір меңгерген. Оларды түркі тілдерімен салыстыра пайдалана білген, оған қоса академик Н.Я.Маррдың шәкірті есебінде грузин, қытай тілдерінің деректерін де өз зерттеулеріне қатыстыра зерттеген. 1932 жылдың соңында Ленинградтан аспирантура бітіріп келгеннен кейін ол қазақ тілі және жалпы тіл білімі кафедрасын басқарған, 1933 жылы мемлекеттік термин комиссиясының төрағасы болып тағайындалады, 1934 жылдан бастап СССР ҒА қазақ филиалының тіл, әдебиет секторын басқарған. Сонымен бірге өлкелік партия комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтында аударма жөнінде консультант болған және Қазақ ұлт мәдениетін зерттеуші ғылыми институттың ғылыми кеңісінің мүшесі және тілтану бөлімінің меңгерушісі болған. Осы уақыттар ішінде ол тіл, әдебиет, мәдениет, тарих, оның халық ағарту, қоғамтану, ұлттану салалары бойынша ізденістер жүргізген. Ал лингвистика мәселелерін ол сол кезде Одақта үстем болып тұрған Н.Я.Маррдың «Тіл туралы» жаңа ілімінің негізінде жалпы европалық деңгейде қарастырған.

Алайда Қ.Жұбанов ҚазПИ-дің профессоры, Академияның тіл, әдебиет секторының меңгерушісі, халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі және сондағы методика программа секторының меңгерушісі, комиссариат жанында орнаған Мемлекет термин комиссиясының төрағасы бола жүріп, ол қазақ тіл білімінің практикалық мәселелерімен де мықтап шұғылданған.

Атап айтқанда Қ.Жұбанов қазақ тілін мектепте оқытуда тұңғыш мемлекеттік бағдарламасын, қазақ тілінің орталау және орта мектепке арналған екі бөлімді грамматикасын жасаған. Оның бірінші кітабы «Жалпы морфология» деген атпен 1936 жылы жарық көрген, ал 1937 жылы басылып шығуы тиісті екінші кітап синтаксис мәселелеріне арналған. Бірақ ол баспадан шығып үлгермей жатып цензурамен тәркіленген.

Терминкомның төрағасы ретінде Қ.Жұбанов ғаламат теориялық білгірлік және ғылыми ұйымдастырушылық қабілет танытқан. 1935 жылдың мамыр айында өкіметтің қаулысымен Республика ағарту халық комиссариаты мәдениет қызметкерлерінің тұңғыш съезін шақырады. Съезд жұмысын ұйымдастырушы комитеттің төрағасы етіп профессор Қ.Жұбановты тағайындайды.

Қ.Жұбанов осы съезде а) қазақ тілінің мәдениетін көтеру жөнінде; ә) қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары мен оқулықтар жасау жөнінде және қазақ тілінің мемлекеттік терминдерін жасаудың принциптерін белгілеу мәселелері бойынша баяндамалар жасайды. Сол съезде Қ.Жұбанов ұсынған қазақ терминдерін жасаудың 10 тармақты принциптері бір ауыздан және өзгеріссіз қабылданады.

Қазақ әдеби тілі күні бүгінге дейін осы принципке негіздеп жасалған физика, математика, биология, химия, география, қоғамдық пәндер бойынша жасалып қалыптасқан терминдік атауларды мүлтіксіз дерлік іс жүзінде қолданып келеді. Профессор Жұбанов еуропалық деңгейде білім алған тұңғыш профессионал лингвист болғандықтан тіл білімінің теориялық мәселелерін зерттеуде тек жеке қазақ тілтанымы аясында шектеліп қалмай, зерттеу

объектісін негізінен түркологиялық таным деңгейінде қарастыра отырып, ғылымның диапазонын (аумағын) жалпы тіл білімі аспектілері шеңберінде пайымдаған. Бұған оның 1934 жылы «Политехникалық мектеп» атты журналда «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» деген айдармен жарияланған.

«Қазақ тілінің фонетикасы дыбыс жүйесі» атты мақаласы, 1935 жылы Қазақ ұлт мәдениетін зерттеуші ғылыми институтының «Еңбектер» деп аталатын жинақта жарық көрген. «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» атты еңбегі және СССР Ғылым академиясының қазақ филиалында лингвистика секторын басқара жүріп әзірлеген «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» сериясының 1936 жылы жарық көрген:

1) «Из истории порядка слов в казахском предложении. Выпуск 1;

2) «Замети о вспомогательных и сложных глаголах» Выпуск 2; Осы сериясы 1937 жылы жарық көруге тиісті, бірақ цензура тәркілеп, шықпай қалған;

3) «О частях речи в казахском языке» Выпуск 3;

4) «Двойные слова синонимического типа» Выпуск 4;

5) «Возникновение фонематического различия глухих и звонких» Вып. 5;

6) «Подражательные слова как особые формы словообразования» Вып. 6;

7) «Скотоведческие междометия казахов» Вып. 7;

8) «К природе и генезису залоговых форм в казахском языке»;

9) «Структура местоимения в казахском языке» Вып. 9;

10) «Элементы кинетической сигнализации в женской речи казахов».

Вып. 10 атты туындылары айқын айғақ болады.

Алайда Қ.Жұбанов 1937 жылы нақақ қараланып, «халық жауы» аталып кеткеннен кейін оның еңбектері ғылыми айналымға түскен жоқ. Арада 20 жылдай үзілістен кейін ақталған оның есімі қазақ филологиясының жаңа ұрпақтары үшін тек қазақ тіл білімінің өкілі ретінде ғана таныс болып жатты. Сонау 30 жылдардың орта шенінде ғалым түркологиялық сипаттағы бірқыдыру еңбектерін неліктен орысша жазып жариялағанына ешкім мән бермеді. Ол еңбектердің мазмұны сарапталып танылмай-ақ жұртшылыққа «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген жалпы атпен ұсынылды. Бірақ қайта жарияланған Қ.Жұбанов мұрасы түгел емес еді. Оның көптеген мақалалары мен кітаптары табылған жоқ. Ал қолжазба мұраларынан жинақтарға кіріп жатқаны бірлі жарым ғана. Оның үстіне Қ.Жұбановтан отыз жас шамасы үлкендігі бар А.Байтұрсынов ақталғаннан кейін ол кісі қазақ тілінің практикалық құралдарын жасаған адам ретінде сипаттамасын Қ.Жұбановтың үлесіне қазақ тіл білімінің теориялық мәселелері ғана тиетін секілді түсінік қалыптасты. Әйтсе де, бұл екі адамның заманы, өмір сүрген кезеңі және сол кезеңдерден туындайтын творчестволық мақсаттары өзгеше болатын. Ол екі адамның арасында ғылымдағы жалғастық болғанымен бірін-бірі қайталау болған жоқ еді. XX ғасырдың алғашқы он жылдағы кезеңінде тіл мәселесіне араласқан А.Байтұрсынұлының алдында жалпы қазақ халқының сауатын ашу, соған лайықты тіл құралдарын жасау, аса күрделі араб жазуын қазақ тілінің табиғатына сәйкестеп оңтайландыру мәселесі тұрды. Сондықтан оның оқу

құралдары балаларға да, ересектерге де бірдей қолданылатын қара таныту мақсатын көздеді.

Ал Қ.Жұбанов халық ағарту ісіне 1920 жылдардың соңғы ширегінде келіп араласты. Бұл кезде бүкіл кеңес елінде В.И.Лениннің өзі қолдаған түрік, әзірбайжан халықтары ынта білдірген жаңа латын әліпбесін жасау міндеті күн тәртібіне қойылды. Қ.Жұбанов осы латын жазуының белсенді насихатшыларының бірі болды. Бұл кезеңде совет мектебі жүйелі түрде бастауыш, орталау, орта оқу орындарына бөлініп, одан әрі халыққа жоғары білім беру үшін педагогикалық институттар мен университеттер ашу, академиялық ғылымдарды дамыту, ұлттық ғылым тілін қалыптастыру міндеті тұрды. Сол міндеттерді орындау жолында мол лингвистикалық дайындықпен келген Қ.Жұбанов жаңа жазуға негізделген қазақ тілінің әліппесін, емлесін, грамматикасын, терминалогиясын қалыптастыру ісіне белсенді араласты. Сонымен бірге қазақ тілін жоғары оқу орындарына және ғылыми-зерттеу мекемелеріне дербес пән етіп ұсыну үшін тілтанудың теориялық мәселелерін терең де, тиянақты зерделей бастады. Бірақ оның ғұмыры қысқа болды. Аспирантураны бітіріп келген ол ҚазПИ қабырғасында, халық ағарту жүйесінде небәрі 5-ақ жыл еңбек етті. Алайда біз ғұламаның сол аз уақытта жазып қалдырған терең теориялық әрі практикалық мұраларын әлі күнге түгел тауып, тексеріп болған жоқпыз. Біздің мақсатымыз – ересек ғалым атамыздың рухани танымдарын барынша қамтып, жан-жақты түсіне білу.

Профессор Қ.Жұбанов ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың қайтыс болуына байланыста, 1934 жылы «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақала жариялады. Бұл мақалаларда айтылған қағидалардың қазақ әдеби тілі мен қазақ әдебиетін зерттеу үшін аса зор тарихи ролі, маңызы болды. Егер ол кездегі Абай турасындағы, оның творчествосын бағалау жайындағы айтыс-таластар мен көзқарастарды еске алсақ, бір алуан пікір иелері Абайды, оның творчествосының бұрынғы үстем тапқа телігені, енді бір алуаны Абайдың әдеби мұрасын халыққа тән деп бағалағаны, ал енді бір алуаны оған әрі-сәрі қарағаны мәлім болатын-ды. Дәл сол кезде қазақтың халық әдебиеті мен Абайдың көзқарасы қандай болғандығын, ақынның одан қандай нәр алғандығын, Абайдың шығыс әдебиетіне қатысын, оның несіне назар аударып, несінен безінгенін, (озат) орыс әдебиетінің, оның үлгісін түсініп, одан ақынның қандай үлгі-өнеге алғанын тарихи жағынан толық сипаттап, ғылыми жолмен дәлелдеген. Абайды қазақ әдебиетінің ескі жұртынан да, «ислам мәдениетінің кірлі көрпесінен» де сілкініп шыққан, қазақ әдебиетін «бос сөзділіктен» тазартып, жаңа бағытқа салып, қазақ мәдениетін жаңа соны жолға түсірген ақын деп танып, оның (Абайдың) тарихи қызметін ең алғашқы рет дұрыс бағалаған профессор Қ.Жұбанов болды.

«Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» (1936 жылы) атты мақаласында ғалым-публицист қазақ тілінің тұтастығын, біркелкілігін сөз еткенде, тіліміздің бұл қасиеті қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайларымен байланысты ертерек, яғни XIV-XVIII ғ. аралығында қалыптасқанын айтады. Бұдан біз Қ.Жұбанов тек

лингвист тілші ғана емес, кең тынысты филолог-шығыстанушы деген ой түйеміз.

Келесі бір орны бөлек дүние ол – «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен» атты тіл мен тарих деректері негізінде жазылған еңбек. Мұнда автор музыка терминдерінің (домбыра, қобыз т.б.) этимологиясын, яғни түп төркінін ашып беріп отырады. Көптеген сол кездегі оқымыстылардың музыка саласындағы еңбектеріндегі пікірлерінің біреуін қостап отырса, екінші біреуіне қарсы дау айтып отырады. Зерттеу тек қазақ мәдениеті ғана емес, басқа да көптеген сахарауи халықтардың рухани ой-өрісін ашып береді. Профессор Жұбановтың артына қалдырған мол мұраларына шағын талдау жасау арқылы біз оның ұлт руханиятын өркендетудегі рөлін айқындадық.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010.
2. Әуезов М., Кеңесбаев І. Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы // Қазақстан мұғалімі. – 1957, 5 желтоқсан, №50.
3. Сыздықова Р. Ғалым-азамат. – Алматы: Қазақстан, 1966, – 72 б.
4. Мирон М. Қ. Жұбановтың лингвистикалық танымдары (Монография). – Ақтөбе, 2014. – 200 б.

АКАДЕМИК Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ТІЛ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫС ТАБИҒАТЫН ТАҢУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БЕКМАҒАМБЕТОВ ШАНЖАРХАН

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор міндетін атқарушы

1. Тіл дыбыстары туралы қалыптасқан түсініктер және оларға сын

Қазірде Қ.Жұбановтың тарихи тіл білімі саласындағы көзқарастары көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылып, олар туралы пікірлер жазылып та жүр. Бұл бағытта біз де кезінде пікір білдіргенбіз [1, 77-84]. Байқап қарасақ, ғалымның еңбектеріндегі көптеген пікір-көзқарастарының тіл пайда болуының теориялық мәселелеріне де қатысты екенін көреміз. Мұнда әсіресе оның тіл дыбыстарының жаратылыс табиғаты туралы көзқарастары ерекше назар аударады. Жинақтап айтқанда, олар мыналар:

1. Қазіргі қалыптасқан тіл білімі «Адам тілі о бастан да дыбыс тілі болғандығын, қашан да дыбыс тілі болашағын мойындайды» [2, 130 бет]- дейді. Яки тілдік-дыбыстық эволюцияның болатынын жоққа шығарады деп біледі.

Автордың айтуынша, мұның өзі буржуалық ғалымдардың жалпы қоғам (қоғамдық құрылыс) мәңгі өзгермей, бай – бай болып, кедей – кедей болып тұра береді деген көзқарасынан туындаған, – деген қорытынды жасалады;

2. Қалыптасқан тіл білімі ғалымдары «...Тілде де **әлмисақтан бері қарай жеке дыбыстар бөліне келген, тіл өзі солардан құрала келген тәрізді көрінеді...**»[2, 129 б.] – деп, тіл дыбыстарын әуел бастан-ақ дараланған дыбыстар болған деп қарастырады;

3. Тіл дыбыстары мағынадан тыс қарастырылады, яғни олардың әлеуметтік (мағыналық) жағы назардан тыс қалады да, физика-биологиялық жағына, яки акустика-артикуляциясына көп назар аударылады. Мұның өзі тілді қоғамдық ғылым емес, әлдебір табиғат туралы ғылым тәрізді етіп көрсетеді, – дейді;

Әрине, ғалымның тіл дыбыстарының табиғатына ерекше назар аударуы тегін емес. Ол тіл дыбыстары туралы мәселенің тіл ғылымының ең бір осал тұсы екеніне, өйткені мұнда негізгі тілдік мәселелер табиғи-жаратылыстық болмысқа жақын тұратынына назар аударады. Айталық, дыбыстардың айтылуы мен қабылдануындағы физика-биологиялық факторлардың алға шығарылуы олардың әлеуметтік қызметін екінші қатарға ығыстыру үшін қолданылады деп біледі. Ол: «**Фонетика – тілдің табиғатқа ұштасып, тиіп тұрған бір шеті. Тіл дыбыстарын шығаратын дене мүшелері** болса, дыбыстың өзі де ауада пайда болатын толқындар салдарынан жүзеге шығатын еді. Мұның үстіне, дыбыстың естілуі де құлақ арқылы – адам денесіне орнаған сезім мүшелері арқылы іске асатын еді. Сондықтан осы жағын, осы табиғатпен біте қайнасып қосылған жағын ала жөнелу тіл дыбыстарын тілдік қасиеттерден, әлеуметтік астарларынан ажыратып алу – осы оқымыстылардың мақсатына жету үшін үлкен құрал болатын еді...» [3, 24] – дейді.

Расында да, тіл дыбыстарының табиғатын дұрыс тану – тіл табиғатын дұрыс тану деген сөз. Қ.Жұбанов заманынан қаншама уақыт өтіп, ғасыр ауысса да, тіл ғылымы әлі күнге дейін тіл дыбыстарының жаратылыс (генетикалық) табиғатын дұрыс тани алмай келе жатқаны бекер емес. Бұл өзі, үңіле қарағанда, тіл ғылымы өзі зерттеп отырған негізгі объектісін әлі күнге дейін дұрыс танып отырған жоқ деген сөз болып шығады. Ең әуелі, тіл дыбыстары дегеніміз, генетикалық тұрғыдан алғанда, еш мағынасыз бірліктер болуы мүмкін емес екені аксиомалық түсінік болуы керек. Өйткені жоқтан бар пайда болуы мүмкін емес. Тіл дыбыстарын мағынасыз бірліктер ретінде тану адамзат тілінің саналылық сипатын жоққа шығару болып табылады. Мағынасыз дыбыстар сөз құрамында бірігіп қосылған кезде мағынаға йе болады деген мүлде қисынға келмейтін көзқарасты малданып жүре беру ғылым сөзі болмайды. Бұл мәселеге мән бермеу, айналып өтемін деу, «көрсені де көрмеген болып көзді жұма қарау, тіл ғылымының болашағына балта шабумен келеді. Өйткені тіл табиғатын дұрыс тану ең әуелі тіл дыбыстарының табиғатын дұрыс танумен байланысты. Сондықтан кезінде акад. Қ.Жұбанов көтерген бұл мәселе өте актуальды екеніне назар аударуымыз керек.

Тіл дыбыстарының табиғатын танудағы ең басты қателік – оларды дараланған дыбыстар ретінде тану болды. Бұл, әрине, өте ерте кезден қалыптасқан көзқарас және тек қазақ тіл білімінде ғана емес, өзге де халықтардың тіл ғылымында бұл осылай танылып келеді. Жоғарыда келтірілген Қ.Жұбанов пікірін қайыра еске алар болсақ: «...Тілде **әлмисақтан бері қарай жеке дыбыстар бөліне келген, тіл өзі солардан құрала келген тәрізді** көрінеді». Бұл мәселеде тарихи тіл білімі де алысқа ұзап бармады. Тіл дыбыстарының ілкі архетиптері туралы кейбір көзқарастар болғанымен, олардың бәрінде де тек дараланған дыбыстар туралы ғана сөз болып келді.

Дараланған дыбыстар табиғатын тану оларды *дауысты* және *дауыссыз* дыбыстар түрінде ажыратып бөлді. Әсіресе, «дауыссыз» (дауыс элементінсіз) тіл дыбысы болуы мүмкін емес екендігіне мән берілмеді. Ия, қазақ және бірқатар түркі тілдерінде осындай термин (дауыссыз дыбыс) әлі күнге дейін сақталып келеді және оның ғылыми тұрғыдан теріс көзқарас екені ескеріліп те жатқан жоқ. Тілде жеке-дара дауыссыз дыбыстар болмайтыны, қазірде дауыссыз дыбыс деп аталып жүрген *п, б, қ, т, с* т.б. кез-келген дыбыстың айтылуында олардың жанында міндетті түрде дауыс элементі болатындығы ескерілмеді. Сырттай қарағанда, сондай дауыс элементі бар болып көрінгенімен, ол бір әлдеқандай қосымша леп ретінде ғана бағаланды. Бұл тұрғысынан келгенде, пәлендей алға озып кетпесе де, терминдік жағынан орыс тіл біліміндегі *согласный звук* термині дауыссыз дыбыс деп жүрген дыбыстардың тілдік табиғатын дұрыс білдіретін еді, өйткені мұнда «дауыспен айтылатын» деген ұғымның ізі бар. Сонымен, *дауыссыздар* жағдайы осындай болғанда, қазірде *дауысты* дыбыс деп аталып жүрген тіл дыбыстары туралы не айтуға болар еді? Генетикалық тұрғыдан бұл дыбыстар әуел бастан *дауыссыз* делініп отырған дыбыстық элементтің ажырамас бөлігі болды, өйткені *дауыссыз* элемент осы дауыстың арқасында ғана айтылып (дыбысталып) тындаушыға жеткізіле алатын еді. *Дауысты* дыбыс деп аталатын дыбыстық элементтің жеке-дара дыбыс дәрежесінде танылуы – тіл дыбыстары дамуының кейінгі кезеңдерінің нәтижесі болып табылады. Генетикалық тұрғыдан, бұл дыбыстық элементтердің мәні олардың дыбыс (ауа) толқыны ретіндегі өткізгіштік қызметімен байланысты.

Көріп отырғанымыздай, бұлардың арасындағы айырмашылық елп-ескермейтіндей жай ғана нәрсе емес: біздің қазіргі түсінігіміз, яки «дауыссыз дыбыстар болады» деген түсінігіміз, тек тіл дыбыстарының аталуындағы бір жай ғана жаңсақтық емес, бұл түсінік – тілдің жалпы жаратылыстық-болмыстық ақиқатына қайшы келетін, әрі терминологиялық, әрі теориялық сипаттағы үлкен қате түсінік. Сонымен, генетикалық тіл білімі тіл дыбыстарын жұп элементті (дауыс және салдыр элементтерінің туа бітті тұтастығынан тұратын) тілдік бірлік ретінде танитынын көреміз.

2. Тіл дыбыстарының жұп элементті генетикалық табиғаты

Генетикалық тіл білімі тұрғысынан келгенде, біз айтып отырған *жұп элементті дыбыстық тұтастықтардың* тіл-тілге ортақ негізгі саны *жетуе*,

шартты түрде олар былайша белгіленеді: УН, УТ, УР, УС, УЛ, УҚ, УП. Шартты түрде дейтіміз – мұның әрқайсысының құрамындағы дауыс элементі де (У) және салдыр (дауыссыз) элементтерінің де кейбірі – бүгінгі тіліміздегі өзімізге таныс бірқатар өзге дыбыстардың таралу негіздері ретінде алынып отыр. Мысалы, УП негізінің құрамындағы П элементі генетикалық жақтан осы дыбыспен туыстас болып табылатын қазіргі тілдегі *ф, б, в, м, й, у* дыбыстарының, ал У элементі тілдегі бүкіл дауысты дыбыстардың ортақ өкілі болып табылады.

Айта кетейік, біз қазірде *дауыссыз дыбыс* деп аталып жүрген дыбыстық элементтерді *кеденді* дыбыс элементтері деп, ал қазірде *дауысты дыбыстар* дегендерді *кеденсіз* дыбыс элементтері деп атаймыз. Мұндағы *кеден* сөзінің ұғымы дыбыстың айтылуы кезінде дыбыстау жолдарында жасалатын «кедергі» дегенді білдіреді. Яғни жеке-жеке алғанда, бұлардың әрқайсысы толыққанды дыбыс емес, сондықтанда оларды дыбыс элементтері деп атаймыз. Бұлардағы негізгі семантикалық (мағыналық) элементтер – *кеденді* (дауыссыз) элементтер.

Енді түсініктірек болу үшін осындағы бір ғана УП тілдік негізін алсақ, оның бір өзі ғана тілдік қолданыста 160-тан аса дыбыстық түрленіске ене алады. Мұны шамамен мына сызбадан көре аламыз (берілген жеті түрлі жұп элементті дыбыстардың әрқайсысының да осылай түрлену мүмкіндігі бар):

УП-тілдік негізінің тілдік қолданыстағы фонетикалық нұсқалары*							
	1	2	3	4	5	6	7
	ф	п	б	в	м	у	й
1	а аф	ап	аб	ав	ам	ау	ай
2	ә әф	әп	әб	әв	әм	әу	әй
3	е еф	еп	еб	ев	ем	еу	еу
4	о оф	оп	об	ов	ом	оу	ой
5	ө өф	өп	өб	өв	өм	өу	өй
6	ұ ұф	ұп	ұб	ұв	ұм	ұу	ұй
7	ү үф	үп	үб	үв	үм	үу	үй
8	у уф	уп	уб	ув	ум	уу	уй
9	ы ыф	ып	ыб	ыв	ым	ыу	ый
10	і іф	іп	іб	ів	ім	іу	ій
11	и иф	ип	иб	ив	им	иу	ий
12	э эф	эп	эб	эв	эм	эу	эй

*7*12 = 84 Г/С-типті (кеденді / кеденсіз) + 84 С/Г-типті (кеденсіз / кеденді) = 160-тан аса нұсқа (шамамен). Кирилл әліпбиі негізінде беріліп отыр*

Ал мына сызбада УП дыбыстық негізінің кеденді сыңарының (П) туыстық тармақтарға бөліну жүйесі көрсетілген.



Бір «БҮТІН» тұтастықтың (УП) бойында (мұндағы негізгі мағына – «П») кеденді элементінде) жеті түрлі құрамдас элемент көрінеді. Байқап отырғанымыздай, тіл дыбыстарының табиғатында музыкадағы жеті нота, физикадағы жеті түрлі түр-түс гаммасы тәрізді жалпы жаратылыс-болмысқа тән жетілік жүйе заңдылығы тұр. Әрине, бұл тегін емес, бұл дегеніңіз тілдік құбылыстың *ғаламдық жүйемен* осы ұлы жүйенің заңдылықтарымен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Сонымен, тілдегі сөздер қазіргі түсініктегі *жеке* дыбыстардан емес, осы *жұпэлементті дыбыстық негіздерден* жасалады [4, 181]. Бұлар осы күйінде тілдегі дайын сөздер емес, әрине, бірақ бұлар – тіл-тілдегі, тек қазақ тіліндегі ғана емес, барша өзге де тілдердегі сөздердің жасалуының түпнегіздері. Бұлардың әрқайсының өзі әр алуан тілдерде сан мыңдаған сөздер жасай алады. **Біздің осы бүгінгі қолданып жүрген тіліміз де осындай жұп элементті дыбыстық тіл.** Мысалы, қазіргі тіліміздегі *бір* деген сөзді алсақ, осының құрамында қазірде үш дыбыс (б, і, р) бар деп есептеледі, бірақ генетикалық тұрғыдан мұнда екі ғана жұпдыбыс бар: *бі* + *ір*. Бұлардың алғашқысы (бі) УП негізінің, ал соңғысы (ір) УР негізінің осы *б і р* сөзінің құрамындағы айтылу нұсқасы. Айтылу кезінде екі жұпдыбыстық тұтастықтың бірігуінен, олардың құрамындағы дауыс элементтері (і) қосылып, сіңісіп кетеді. Міне, қазіргі тіл ғылымы осындай генетикалық тұрғыдан біртұтас тіл дыбыстарын ажырата бөліп, жеке-жеке алып, бұларды мағынасыз «өлі дыбыстар» десе, кейбір ғалымдар сол жеке элементтердің әрқайсысынан жан (мағына) іздеп әлек. Адамзаттың дыбыстық тілінің жаратылыс табиғатын жұп элементті дыбыстық тұтастықтыр тұрғысынан қарастырғанда ғана дұрыс түсінуге болады.

Жұп элементті дыбыстық тұтастықтардың пайда болуы сан мыңдаған жылдар бойы бірте-бірте жүзеге асыты. Олар адамзаттың тілжасамдық санасы қызметінің нәтижесінде пайда болған дыбыстау аппаратының қалыптасуымен байланысты пайда болды. Сан ғасырлар бойы қол тілі дәуірін, онан соңғы диффуздық дыбыстар дәуірін бастан өткере келіп, бірте-бірте пайда болған жұпдыбыстық тілдің материалдар тілдік идеялық негіз элементтердің жамылышы ретінде қызмет атқарды. Яғни жұп элементті тілдік дыбыстық материалдар мағыналы тілдік бірліктер болып табылады. Ал тілдік идеялық элементтердің (ұғым, мағына) пайда болуы жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық түсініктермен байланысты аса күрделі құбылыс болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Бекмағамбетов Ш. «Қ.Жұбанов және тіл тарихының кейбір мәселелері». «Қ.Жұбанов тағылымы: ғылыми сабақтастық және жана бағыттар». Профессор Қ.Жұбановтың 110 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарына арналған мақалалар жинағы. Алматы, 2009., 77-84 б.б.)
2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер., А, 1966.
3. Құдайберген Жұбанұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелелері., - Алматы, 2013.
4. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. А., 2014.

ҒАЛЫМ ЕСЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Н.А.САДУАҚАС

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Sadu_ngd@mail.ru

Қазақ фольклорының тілін зерттеуде өзіндік орны бар, фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың туғанына 90 жыл толып отыр. Қазақ тіл білімінде фольклор тілін зертеген алғашқы ғалым Есет Құдайбергенұлы еңбектерінде түркі халықтарына кең танымал «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды батыр» т.б. жырлары стиль-тілдік тұрғыда жан-жақты терең зерттелді. Ол 1967 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының әдеби-лингвистикалық ерекшеліктері» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаттығына жазған еңбегін қорғайды. Түркітанушылардың кеңестік комитеті 1982 жылы Москвада өткізген әдеби тіл мәселесіне арналған симпозиумда Есет Жұбанов «Эпос тілі – әдеби тілдің алғашқы үлгісі» тақырыбында баяндама жасап, «фольклор тілін әдеби тіл деуге негіз жоқ» деген бұрыннан қалыптасқан қасаң көзқарасты сынап, эпос тілінің әдеби тілдің алғашқы үлгісі, бастауы болғанын баяндап, оны тайпа диалектілерінен жоғары тұрған, қалыпқа түскен, төбе (көсем) тіл деп дәлелдейді. Оның бұл тұжырымдарын Э.Р.Тенишев сияқты атақты түрколог ғалымдар қолдап сөйлейді. Қазақ әдеби тілінің тарихы жөнінде жазған еңбегінде қазақ халқының әдеби тілі өз тарихын өте ерте кезеңнен бастайтын қазақ фольклорымен терең байланысты екенін айта келіп, «Қазақтың ауыз әдебиетінің тілі – қазақ әдеби тілінің басты арналарының бірі», – дейді ғалым Р.Сыздық [1, 32].

Өз кезінде қазақ фольклорын халық әдебиеті деп атап, тынымсыз ғылыми ізденісі нәтижесінде халық әдебиетінің лингвопоэтикасы жөніндегі зерделі зерттеулерімен танылған фольклортанушы тілші ғалым Е.Жұбановтың ғылыми терең ойлары мен мағыналы пайымдаулары фольклор тілін зерттеудің методологиялық ерекшеліктерін көрсететін ұстанымдар тәрізді осы саладағы кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар беретін, ғылыми құндылығын жоймайтын еңбектер болды.

Ғалымның өз сөзімен айтсақ, «сүтпен кіріп, сүйекке сіңген халық әдебиетінің тілі», «әдебиет қалыбына түскен, өзіндік заңдылығы бар тіл», «әдеби тілдің ауызекі де үлгісі болады!», «Қазақ халық әдебиеті де жазу шыққанға дейін үлкен қоғамдық қызмет атқарды. Ол – биліктің, шешендіктің, шежіренің, елші мен жаушының тілі болды, суырып салма ақындықты, айтыс өнерін дамытты, жер-судың, ел-жұрттың, ем-домның, кәсіп пен харекеттің аттарын сақтап жеткізді. Ол біздің жазба әдебиетіміздің тіліне келіп ұласты. Оның стилі – образды, әсерлі сөз қолданысқа табан тіреді. Сөйлеудің диалектіден үстем үлгісі дегеніміздің өзі де осы «*көсем тіл*» болатын. Ғылымда оның «төбе тіл» деп аталуы да сол «жасанды әдеби тілдер» мен диалектілерден шоқтығы биік тілдесу дәстүрі болғандығын танытады» деп пайымдайды [2, 32].

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының түркі халықтарындағы нұсқаларын өзара салыстыра отырып, олардың тілдік ерекшеліктеріне, сөздің семантикалық, этимологиялық, эстетикалық, диалектологиялық, стилистикалық қолданыстарына ерекше назар аударған. Жырдың В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, Ғ.Дербісалин т.б. жазып алған және Жанак ақыннан тараған, Шөже жырлаған нұсқалар сюжеттеріндегі, кейіпкер есімдеріндегі кейбір айырмашылықтарды көрсетіп, халық әдебиетіндегі мифтік түсініктерге талдау жасаған [3, 70]. Жырдың әр түрлі нұсқаларындағы миф элементтері мен ертегілік мотивтерге батырдың астындағы атына тіл бітуі, Қозының түсін құбылтып, өзгертуі, сәуегей кемпірдің Қозының алдын болжап айтуы, Қарабай мен Сарыбай атып алатын буаз маралдың адамша сөйлеуі сияқты т.б. деректерді келтіріп, мифологиялық образдардың эволюциясы, мифтік түсініктер жырдың лексикалық құрамынан орын алатынын, кейіннен жыршылардың реалистік тәсілдерді көп қолдануынан алғашқы мифтік элементтер солғындап, азайып, жұмбақ сырынан арыла бастайтынын айтады [4, 97]. Халық әдебиеті тілін зерттеуде бейтарап лексиканың өзі сөздердің семантикалық өрісінде болып, бір сөздің өзі қоғам дамуы барысында жаңа ұғым тудыратын мүмкіндіктерге ие болатынын нақты мысалдармен көрсетеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы бейтарап лексиканың мағыналық өрісі мифтік образдарды бейнелейтін сөз қолданыстарынан орын алғанын дәлелдейді. Мифтың халық әдебиетінде алатын орнын және оны зерттеу жолдары туралы айта келіп: «Адам баласының сәбилік дәуіріндегі ғажайып қиялдарды суреттеп тұрған сөздік құрамның да тым әріден келе жатқан тілдік материал екені даусыз. Алайда, осы миф образдарын жасап тұрған сөздер біздің тіліміздің қазіргі кезеңінде де тұлғалық қалпын сақтаған. Олар тек мағына

жағынан ғана толысып, жаңарып, әдеби тіліміздің бүгінгі таңдағы қажеттеріне сай қызмет атқарады», – дейді Е.Жұбанов [3, 104].

Халық әдебиеті үлгілерінің тілдік құрамын зерттеудің теориялық деңгейлерін жан-жақты саралаған ғалым Е.Жұбанов күнделікті сөйлеу тіліндегі сөздің поэтикалық қарым-қатынасқа түскендегі өлең өлшеміне сай қолданылуына, лексикалық-семантикалық мазмұны мен экспрессиялы, эмоциялы реңдеріне терең талдау жасаған. Ғалым жырда зерттеліп отырған тірі лексеманың таралу аясын, халық тілінде және басқа түркі тілдеріндегі қолданысына, семантикалық өрісіне, синонимдік қатарына, стильдік бояуына т.б. ерекшеліктеріне терең барлау жасағанын көреміз. Е.Жұбановтың халық әдебиеті тілін зерттеу еңбектерімен таныса отырып, көркем шығармаға лингвостилистикалық талдау жасау жолдарының түпсіз тереңіне бойлап қана қоймай, оның зерттеуі тілдің барлық саласын қамтитын энциклопедиялық еңбек секілді ғылыми құндылығына көз жеткізуге болады.

Е.Жұбанов көне түркі жазулары мен халық әдебиеті арасындағы байланысты қалай байыптауға болатынына, халықтың ежелгі рухани қазынасы мен кейін дүниеге келген көне түркі мәдениетіне қай тұрғыдан сабақтаса алатынына назар аударған. Ғылыми жұртшылық арасында «қазақ халқының бай эпос дәстүрі өзінің басын сонау Орхон ескерткіштерінен алады» деген негізсіз пікір қалыптасқанын айтып, «Шындығында қазақ тілі, оның халықтық әдебиетінің үлгілері ол әлі «қазақ» деп аталмай тұрған кезде-ақ ру-тайпа одақтарының қарым-қатынас құралы, солардың көркем тілінің негізі болып өмір сүріп келген. Ендеше қазақ халқы әдебиетінің эпикалық бай дәстүрі Орхон ескерткіштерінен басталмайды, керісінше ескерткіш атаулы көне жазулардың бәрі – стильдік сипаты жағынан эпос жүйесіне, оның кейіпкерлеріне барынша еліктеуден, ауызекі сөз өнерінің эпикалық дәстүріне мықтап бой ұрудан туған әдебиет үлгілері. Ауызекі әдебиет дәстүрі ешқашан жазба әдебиетінен басталмақ емес», – дейді Е.Жұбанов [5, 27]. Түрколог ғалымдар жазба ескерткіштер мен ауызекі әдебиет аралығында жақындық бар екендігін көрсеткенмен, оның қайсысы-қайсысына әсер етті, кім-кімнен үйренді деген мәселені нақты ашып айтқан жоқ. Осы орайдағы Е.Жұбанов пікіріне назар аударатын болсақ, «жазу қаншалықты ерте, ескі, ежелгі болғанымен дүниеге келе сала нақ сол заманның тілімен сөйлеп кете бермейді. Халықтың сан ғасырлақ ауызекі сөз саптау, тіл ұстарту тәжірибелері уақыт сынынан өткен мәнерлі сөз орындауларын жазу стиліне де үлгі-нұсқа етіп теліді» [5, 28]. Демек, ғалым пікірінше, көне жазбалар өзінің тілі, стилі жағынан халық әдебиетімен тығыз байланысты, сондықтан көне жазба ескерткіштерінен де бұрын халықтың бай ауызекі әдебиеті болған деген ой туындайды. Осы орайда, Е.Жұбановтың көзқарасы белгілі түркітанушы ғалым Қ.Өмірәлиевтің: «V-VIII ғасыр түркі халықтары поэзиясының алғашқы дәуірі деген таным барынша шартты. Өйткені V ғасырдан арғы жердің сөз үлгісі қазір біздің қолымызда жоқ. Бірақ арғы жерде, шамамен I-V ғасыр арасында, түрік тайпаларында поэзия болмады деп тағы да айта алмаймыз», – деген пікірімен үндес келеді [6, 36]. Е.Жұбанов жазба мұралардың негізгі сөздік құрамы «өз кезінің ұраншысы

да уағызшысы да болған көсем тілдің өрнекті сөз толғамдарын өзіне мықты арқау еткенін» айтады. Тарихи тақырыптар мен эпос дәстүрі арасындағы мәселелерді жете қарастырған ғалым Е.Жұбанов түркітануда орны ерекше «Едіге» жырына да зер салып, халық әдебиетінің ірі нұсқаларының бірі ретінде оның көркемдік жүйесі жөнінде сөз қозғаған. «Едіге жыры» туралы айтылған деректерді саралап, осы жыр туралы қазақ ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Құлмат Өмірәлиев, Едіге Мағауин және шығыстанушы өзге ел ғалымдары В.М.Жирмунский, А.С.Орлов т.б. пікірлерін келтіреді. «Едіге жырының» тілінде көне сөздердің көптігі және араб-парсы сөздерінің болмауы өзіндік ерекшелігі ретінде көрсетілген. «Едіге-Тоқтамыс» жырында «қазақ» сөзі қолданылғанын, көркем мәтінде «қазақ» сөзінің ұғымы неше алуан болмысымен көрінетіндігін айтқан.

Зерек зерде иесі Е.Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми құнды ойлардың бірі – ғалымның «әдеби тіл» ұғымы туралы пікірі. Қазақ тіл білімінде «әдеби тіл» жөніндегі танымымыз батыс елдері тілдеріне қатысты заңдылықтар арқылы қалыптасқандығын, сондықтан осы кезге дейін жаңсақ пайымдауларды «малданып» келгендігімізді айтады. «Әдеби тіл» атты «жасанды категория» өзге тіл арқылы енген «дүмбілез қағида» екендігін, сондықтан әр халықтың өзіндік даму жолына байланысты тілінің де қоғамдық қызметі заманына сай болғанын айтады. Қазақ халқы ұлт болған XV ғасырға дейін-ақ өздерінің ру-тайпа тілдері мен әдебиетінен қол үзбеген, халық әдебиеті ол кезде үлкен қоғамдық қызмет атқарғанын айтып, «Ол – биліктің, шешендіктің, шежіренің, ру басы, қолбасылардың тілі болды, суырып салма ақындықты, жыраулық толғауларды, айтыс өнерін дамытып, кәсіп пен харекеттің атауларын біздің заманымызға дейін сақтап әкеліп мемлекеттік ресми тілімізге ұластырды» дейді [4, 16]. Қазақ халық әдебиеті тілі барлық тарихи кезеңде халқына қызмет етіп, оның барлық қажеттілігін өтеп келгенін, «мемлекеттік мәртебеден айырылуы тек кешегі қызыл кеңес дәуірінде, орыс тілін ресми тіл етіп зорлықпен енгізу тұсында басталғанын» айтады. Әдеби тіл туралы қағиданың жазумен байланысты қарастырылуы да барлық халық тіліне сәйкес келе бермейтінін, қазақтың ауызекі көркем тілінің мемлекеттік мәртебесін баба тілден іздеу қажеттігін, халық әдебиеті сол бабалар тілінің көзі екендігін, сондықтан «ресми тілді елде жоқ ерекшелігіне қарап танымай, бүкіл қоғам мүшелеріне етене болған ортақ белгілеріне, қасиеттеріне қарап мойындау қажеттігін» айтады [5, 36]. Ғалым Е.Жұбанов «халық әдебиетінің тілі әдеби ме?» деген мәселе жөніндегі өз ойын риторикалық сұрақтан бастап, халық әдебиеті тілі күнделікті қарым-қатынас тілінен биік тұрған, өңделген, көркем тіл, баба тілі, диалект атаулыдан шоқтығы биік тіл, барша жұртқа түсінікті тіл, «әдебиетке түсіп қалыптанған халық тілі» екендігін айтып, сонымен қатар «ауыз әдебиетінің тілінен, оның өз мүмкіндігінен артық ештеңе талап етудің қажеті жоқ, өйткені оның қалыптасқан заманын, дүниеге келу себептерін, атқарған қызметін, көркемдік сапаларын, жанрлық ерекшеліктерін жазба әдебиетінің осы тақылеттес белгілерімен өлшестіруге тіпті де болмайтынын» таза халықтық тілге табан тіреген, ұлтқа дейінгі әдеби тіл міндетін төбе тіл үлгілері

атқарғанын айтады [4, 32]. «Әдеби тіл дегеніміз әртүрлі стильдердің жиынтығын білдіретін шартты ұғым...», «Біздің әдеби тіл деп ат қойып, айдар тағып жүрген нәрсеміз табиғи тіл емес, уақыт факторымен шарттас ұғым ғана. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты туып, қалыптасып, өзгеріп отыратын көкейдегі (санадағы) категорияның abstract түріндегі танымы» деп анықтама берген еді [7, 56]. Ол «ауыз әдебиеті», «халық ауыз әдебиеті», «ауызша әдебиет» деген қолданыстар да «...нәрсіз де нәркенсіз, мейлінше жаңсақ қисындалған немесе әлдебіреулерге еліктеуден туған, мағынасын ешкім жете түсінбесе де, әйтеуір сүйреткі қылып тастамай жүрген бірқыдыру «ерқашты» қолданыстар», – деп, түсіндіріп, бұлайша танудың себебі «фольклор» терминінің тар мағынадағы «устная литература» деген орысша баламасына қарай қазақша «ауыз әдебиеті» деген тіркестегі калька жасалғанын айтады [7, 5]. Ал ел ішінде «халық ертегісі», «халық жыры», «халық әні», «халық даналығы», «халық өнері» деген қалыптасқан үлгілер бар, сондықтан дұрысы осы ыңғаймен «халық әдебиеті» деп айтуды ұсынады.

Жазу өнері тумай тұрған кезеңде, немесе жазу жалпы қоғам мүшелеріне тегіс қызмет етпей тұрған кезеңде «бұқара көпшілік өзінің поэзия түріндегі тіл өнерін жалпыға бірдей ортақ қарым-қатынас құралы еткен», сондықтан Е.Жұбанов қазақтың фольклоры тілін «ауызекі көркем тіл» атауымен түсіндіреді. Фольклор тілін зерттеудің қыр-сырын жетік меңгеріп, оның теориялық негіздерін қалыптастыруға көп үлес қосқан ғалым Е.Жұбанов ауызекі әдеби тілдің ұлтаралық сипатына да терең барлау жасаған. Тегі бір, тілі жақын туысқан халықтар ауыз әдебиетіндегі тектестіктен туған ұқсастықтарды көрсетіп, жазу мәдениеті пайда болмастан көп бұрын түркі халықтарына ортақ үлгісі болып ұлтаралық төбе тіл қызметін ауызекі әдеби тіл атқарғанын айтады. Түркі тілдерінің ортақ лексикалық қоры болып келгенмен, олардың әрқайсысының өз сөйлеу машығы, дыбыстау ерекшелігі бар, сондықтан ғалым: «Ауызекі әдеби тілдердің негізгі ұлтаралық немесе аймақтық белгілері – олардың фонетикалық айырымдары емес, сөз бұйымын тұтудағы бірізділігі, бір үлгі-модельді ұстануы, барлық жерде бірдей қоғамдық қызмет атқаруы», – деп көрсетеді [5, 40].

«Қобыланды батыр» жырын зерттеу барысында ғалым жырдағы оқиғаның нақты болған жерін анықтауға да көңіл аударған сияқты. «Аталған жырдың тілінде негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ, бірақ Қазақстан географиясын қамтитын бірсыпыра топонимдер бар», – дей келіп, «Есіктің алды Есіл-ді, Есілдің талы кесілді» деген «қолданыстың жырдағы оқиғаға, оның географиялық жағдайына еш қатысы жоқ, тек параллель ұйқас үшін тұрған тәрізді», сондай-ақ, «Төрт көлден соққан төбе еді, Есілден шыққан көл еді» деген «жолдарды да нақты бір бағыт-бағдарға қатысы бар деп айту қиын, себебі бұл сөздерді Қобыланды Арқа жерінде емес, Алшағыр ханның бекінісі түбінде айтады» деген дәлелдер келтіреді [4, 122]. Ғалым «Қобыланды батыр» жырындағы «Електен өтсең, Есенбай, қыс қыстауға көңіл жай» деген жолдарды келтіре отырып, Қазақстанның батысындағы Ақтөбе қаласының іргесінен ағып

жатқан Елек өзені өз басын Ишимбай // Есімбайдан алатынын, бұл деректер шындыққа жақын келетінін ескерткен еді. Оның ғылыми еңбектері туралы сөзінде белгілі ғалым Б.Әбілқасымов: «Е.Жұбанов қазақ тіл білімінде ауыз әдебиеті тілін алғашқы және түбегейлі зерттеуші ретінде тіл тарихында аты қалды», – деп баға берді [8, 15].

Халық әдебиеті тілін зерттеуде Е.Жұбанов жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінің жыр тіліне қатысы туралы мәселені де талдай келіп, қазіргі жазба әдеби тіл тұрғысынан жырдағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің бірін әдеби, енді бірін әдеби емес деп қарастыруға болса да, «сонау эпос дәстүрі дәуірлеп тұрған шақта халық эстетикасы бұл тұлғалардың бәрін тең дәрежелі сөз қолданыстары деп танығанын» айтады [5, 17]. Ол «диалект» ұғымын «баба тіл» деген қолданыспен түсіндіріп, «Қазақ тілінің жағдайына келгенде біз мынау әдеби ме, жоқ па?» деген дағдарысты қойып, тілді қырнап, сырлап өңдейтін, яғни әдебилендіретін көлденең біреулер емес, халықтың өзі, демек, «әлде нендей авторлардың есімі тарихқа белгілі ме, жоқ па?» – деп таусылмай-ақ, шаршамай-ақ тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болу тарихын тек «баба тілден» іздеуіміз қажет. Халық әдебиеті сол бабалар тілінің көзі, сарқылмас бұлағы», – дейді [5, 56].

Тектінің текті ұлы Есет Жұбанов Ақтөбе жеріндегі тіл-әдебиет, білім-мәдениет, оқу-тәрбие, т.б. қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Көзінің тірісінде өзінің асқақ бейнесімен, ғылыми еңбектерімен, азаматтық келбетімен басқаларға үлгі бола білген, ғылымда өзіндік орны бар дарынды лингвист-ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбановты бүгінгі таңда артында қалған тағылымды істері мен құнды зерттеулеріне қарап, әрқашан да құрметтеуге лайық тұлға деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993-320 б.
2. Жұбанов Е.Қ. Толғауы тоқсан қызыл тіл... (Лингвомәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер). – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті. – 2010. – 316 б.
3. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
4. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 200 б.
5. Жұбанов Е. Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. ДДА. – Алматы: 1997. – 43 б.
6. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы. 1976. – 242 б.
7. Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектілері (оқу құралы). – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ баспасы, 2003. – 96 б.

8. Әбілқасымов Б. Фольклор тілін түбегейлі зерттеген... // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері. Көрнекті фольклортанушы ғалым, ф.ғ.д., проф. Е.Қ.Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011. – 14-16 б.

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ: ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРУҒА НЕГІЗДЕЛУІ

М.Т.КҮШТАЕВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті доценті,
ф.ғ.к*

Ақпаратты игеру – адекватты мінез-құлықты таңдауға, болашақ әрекеттерді жетік жорамалдау мен актуальді тәртіпті таңдау үшін қажет шарт. Қазіргі уақытта әрбір индивид өмірінде және жалпы қоғамда ақпараттың маңызды орын алатындығы туралы Европа зерттеушілері мынадай шешімге келген: «Дүниежүзіндегі білімнің даму кезеңінің ерекшелігі – ой шығармашылығының маңызды рөлі, когнитивті қоғамға, эндогенді үрдістерге өту және оны адамзат шығармашылығының әртүрлі облысында қолдану болып табылады» Бұл тұрғыда Г.П.Щедровицкий «Білімді тез және нық меңгеру, өмірлік, кәсіптік тұрғыда дұрыс шешім қабылдай білу – зейінді, ынталы қатысушылардың ойлау қабілеттілігінің дұрыс тәрбиеленгендігінен болады. Бірақ бұрынғы әдістер оқытушылардың жұмысын жүйелендіре алмайды. Оқытушы берген білімінің нәтижесін, кім қалай меңгергендігін біле бермейді, яғни оқушы қалай түсіну керектігін ескермейді» деп көрсеткен [1,35].

Қазіргі уақытта оқытушылар «есте сақтау», «ойлану» деген түсініктердің орнына «когнитивті» деген терминді қолданып келеді. Ол индивидтің қоршаған ортамен ақпарат алмасуын сипаттайды. Бұл кезде зерттеу объектісі өзгермейді, оны игеру әдіс-тәсілдері өзгереді. Жүргізілген зерттеу бойынша көптеген оқытушылар адамзаттың сыртқы дүниемен байланысы кезіндегі ақпарат алмасуын, сақтауын, қайта өңдеуін зерттейтін когнитивті психология әдістері мен негізгі түсініктерін анықтаған. Адам ақпаратты өзіне тиімді когнитивті тәсілдер көмегімен қабылдайды. Егер де бұндай тәсілдер жоқ болса, онда ақпарат қабылданбайды немесе бөлшектенеді. Адамның қабылдауы, түйсігі – пассивті көрініс емес, ол арнайы психологиялық құралдардың көмегімен жүзеге асатын ақпарат жинағының активті үрдісі болып табылады. Бұны американдық психолог Ү.Нойссер когнитивті кесте деген. Ол: «Қабылдаушыда бірнеше когнитивті кесте деп аталатын жүйе бар. Оның функциясына қоршаған ортадағы ақпаратты жинау жатады. Бұл түсінік – ақпаратты дұрыстау және

ақпаратты жинауды бір тұжырымға келтірудегі концепция» деп көрсеткен [2,157]. Организмде туғаннан бастап енетін сенсомоторлы бақылаудың жай формаларынан басқа когнитивті кесте өмір қалыптасу барысында, оқу үрдісінде пайда болады.

Бұл айтылғандардың барлығы оқулық мәтіндері, оқу бағдарламасы мен оқытушылардан түсетін ақпараттарды қабылдайтын оқушыға қатысты болып табылады. Егер оқушыда қабылдай алатын ақпараттар бар болған жағдайда когнитивті кестелер жеткілікті ерекшеленеді. Себебі оқушы ақпараттың кейбір бөліктерін түсінбей, қабылдамай қалуы мүмкін.

Қазақ тіл білімін зерттеп, тұңғыш оның негізін қалыптастыруға еңбек сіңірген ғалымдардың еңбектерін когнитивті сипат жағынан қазіргі жаңа парадигма аясында қарастырудың маңызы зор. Осымен байланысты қазақ тіл ғылымының алғашқы бастамасын А.Байтұрсынұлы еңбектері құрап, тіл арқылы ұлтты, халықтың мәдениетін, тарихын, әлеуметтік ортасын, қоғамын зерделеу кейін Қ.Жұбанов зерттеулерінде жалғасын тапты. Қазақ тіл білімінің басында тұрған тұлғаларымыз бірі – Қ.Жұбанов тіл табиғатына зерттеу жүргізгенде тілдің танымдық қызметіне айрықша көңіл бөліп, тіл болмысына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар мен себеп-салдарды жан-жақты ескере отырып, қазақ тілін оқытуда танымдық мәселелерді біртұтас жүйе ретінде сипаттап, қазақ тілі оқыту бағдарламасын жасады.

Қазақтың ұлттық мектебіне арналған тұңғыш қазақ тілі грамматикасын, ана тілін оқыту бағдарламасын жасаған Қ.Жұбановтың бұл саладағы игілікті істері күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Бағдарлама мен оқулық жас ұрпаққа білім беру мазмұнын, сипатын анықтайтын негізгі құралдар екені мәлім. Ғалым ұсынған қазақ тілі бағдарламасының жобасы 1936 жылы оқу комиссариаты шешімімен бекітіліп жеке кітапша болып басылады. Оның бұл саладағы еңбегін педагог (өзімен қызметтес болған, халық ағарту ісінің үздігі) ғалым Ә.Сытдықов аса жоғары бағалап: «Осы жаңа оқулық пен программада «тілдің өсуі мен дамуына тұсау болған фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және стилистік құрылымның ескі «нормалары» бүтіндей қайта қаралды. Жаңа қабылданаған қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық терминдер мен географиялық атаулардың дұрыс таралуына, таңбалануына кедергі болып келген орфографиялық ескі қағидалар негізінен қайта қаралды», – деп көрсетеді [3;250].

Бағдарлама V,VI,VII кластарда өтілетін қазақ тілінің фонетика, морфология, синтаксис мәселесінен құралады. V класқа арналған бағдарламада қала мектептері үшін 126 сағат, ауыл мектептеріне 144 сағат бөлінген. Сағат сандарын былайша бөлуінің бір себебі – ғалым сол кезеңдегі ауыл балаларының сауаттануына аса көңіл бөлу керектігін ескерсе керек. Бұл класта негізінен грамматика, емле, тыныс белгілері, түбірлердің тарихы, сөз таптары, есімдер туралы мәліметтер беру көзделеді.

1936 жылы басылып шығарылған V класқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығында тек теориялық материалдар беріледі де, оқулық соңында автор: «Бұл грамматиканың жаттығу материалдары Жиенбаевтың

«Грамматикалық талдау» кітабынан алынсын» деген ескертпе береді. Грамматикада «таныстыру, сөйлем жүйесінен бастауыш білім, сөз тұлғалары, сөздің дыбыс құрылысы, сөздің буын құрылысы, сөз мүшелерінің қиындасуы» деп аталатын алты тарауға бөле отырып, тілдің жалпы мәселелерінен мағұлматтар береді. Қ.Жұбанов 5-класс оқушыларын осы мәселелермен таныстырғанда өмірден алынған балаларға таныс мысалдар арқылы түсіндіреді. Мысалы: «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтарды қалай болса солай құрастырып үй салса үй болмайды, тек үйшік болады. Үй болу үшін қиынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып, адам тұратын бөлме ме, мал қамайтын қора ма, астық жиятын сарай ма? – қайсысы екеніне – керегіне қарай тиісті түр беру керек, қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді» [4;101]. Автор бұл әдісті тек кіріспе бөлімінде ғана емес, грамматиканың өн бойында қолданып отырады. Мұндай тәсілді қолдану арқылы таныс, түсінікті материал негізінде бала санасына жеткізуді көздейді. Грамматикадағы «сөйлеу», «сөз бен ой» сияқты ұғымдарды оқушы ұғымына жеңіл түсіндіріледі. Бұл әдістен қазіргі педагогикадағы оқытудың жеңілден ауырға, жалпыдан жекеге қарай оқыту қағидасын байқаймыз. Бұдан біз ғалымның бала жасының, санасының ерекшелігін қатты ескергенін, сондықтан тіл қағидаларын балаларға таныс мысалдармен салыстыра түсіндіруді басшылыққа алғандығын, яғни ғылыми ұғымдарды беру тәсіліндегі педагогикалық шеберлігін аңғарамыз. Грамматика бір ғана класқа арналғандықтан (5 кл.) онда синтаксис, морфология, фонетика салаларының барлық мәселелері түгел сөз болмаған. Айталық синтаксистен сөйлемнің сазына қарай бөлінуі, түрлері, сөйлемнің құрамына қарай түрлері (жалаң, жайылма сөйлем, толық, олқы сөйлем /толымды, толымсыз), сөздердің байланысы, сөздің тура күйі мен бұрма күйі (сөз формалары), сөйлем, мүшелері, олардың орны. Сол сияқты морфологиядан сөз тұлғаларының алты түрін көрсетеді. Олар: түбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қиюлы сөз, қосар сөз, қосалқылы сөз.

Сөз тұлғаларының ішіндегі қосар сөздерге (қос сөздерге) ғалым жан-жақты тоқталып, қосар сөздерді бес түрге бөледі. 1. Теңдес сөздер (*бала-шаға, қатын-қалаш, аға-іні* т.б.). 2. Сөздес қосар (*ұзын-ұзын, жылы-жылы, бара-бара* т.б.). 3. Матаулы қосар (*қол ма қол, сөз бе сөз* т.б.). 4. Тіркеулі қосар (*шай-пай, нан-пан, жылқы-мылқы* т.б.). 5. Қосақты қосар (*қап-қара, ұп-ұзын, әп-әдемі* т.б.).

Грамматикада сөз болған мәселелердің бірі – сөз құрамындағы морфемалардың орны. Сөйлемдегі сөздің құрамында түбірмен келген морфемалардың орналасуын былай көрсетеді: 1) үстеулі сөз – *жеңілдік*; 2) жалғаулы сөз – *жеңілге*; 3) жалғауыш қосалқы сөз – *жеңілде*; 4) аяқ үстеуішті сөз – *жеңіл зой*; 5) дәйек үстеуішті сөз – *тым жеңіл*. Осы морфемалардың бәрі бір сөздің құрамында болғанда, әрқайсысының орны былай деп тізеді: Ең баста – дәйек үстеуіші (*тым*); екінші орында – түбір (*жеңіл*); үшінші орында – үстеулер (*өте*); төртінші орында – жалғау (*-ге*); бесінші орында – жалғауыш (*шейін*); алтыншы орында – аяқ үстеуіш (*ақ*). Қ.Жұбановтың бұл мысалынан

сөйлем құрастырушы элементтердің нақтылы бөлінуі туралы заңдылықты аңғартқанын көреміз.

Фонетика мәселесі грамматиканың басқа бөлімдеріне қарағанда толық сөз етіледі. «Дыбыс» сөзінің терминдік сипатын айқындаудан бастап, дауысты, дауыссыз дыбыстар құрамы, жіктелуі, дыбыстау мүшелері, олардың қызметі, буынның түрлері, екпін, үндестік заңдылығы нақты мысалдармен, түсінікті тілмен анық жазылған.

Профессор Қ.Жұбанов іліміндегі көңіл бөлерлік үлкен мәселе, оның бағдарламасындағы синтаксиске қатысты ой-пікірлері. Бұл оның YI, YII класқа арналған синтаксистің бағдарламасынан көрінеді. Бағдарламада жай сөйлем синтаксисі /18 сағат/, құрмалас сөйлем синтаксисі (32 сағат) деп әрқайсысын жеке-жеке сөз етеді. Жай сөйлем синтаксисінде сөйлем мүшелері бастауыш, баяндауыш, айқындауыш /қазігі тұрлаусыз/ мүшелерді, сондай-ақ жайылма сөйлемдер, олардың тыныс белгілерін оқытуды көздейді.

Ғалымның синтаксиске қатысты көзқарасы құрмалас сөйлем синтаксисінен анық аңғарылады. Мұнда басқа грамматикалық мәселелер тәрізді құрмалас сөйлем тақырыптарының кейбіреулеріне түсініктеме беріп, мазмұнын аша кетеді. Бағдарламада құрмалас сөйлемнің екі түрін салалас, сабақтас түрін жасайтын түрліше амал-тәсілдер саралана көрсетілген. Салалас құрмалас сөйлемдерді жасайтын тәсілдер көрсетілгеннен кейін, олардың мағыналық түрлерін ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт жағдай деп атаған.

Сабақтас сөйлем туралы бағдарламада: «Сабақтас сөйлемнің ішінде сөйлем болады да, оның бір мүшесіне жетек айқындауыш есебінде бағыныңқы сөйлем болады» дей келе, сабақтас сөйлемнің жасалуын қатыстық сөздері бар шартты рай тұлғалы етістіктерге негіздейді. Сондай-ақ, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты түрде болады да, ішінде бір сұраулы сөз болады деп анықтама береді. Бұл орайда біздің мақсатымыз Қ.Жұбановтың синтаксиске қатысты ой-пікірін сөз етуді емес, қазақ тілін оқыту бағдарламасында синтаксис саласының құрмалас сөйлем категориясында қандай тақырыптар іріктелгенін көрсету еді.

Қ.Жұбанов құрастырған грамматика оқулығы мен орта мектепке арналған бағдарламасы кейінгі оқулықтар мен бағдарламаларға үлгі болған еді. Жалпы алғанда бүгінгі таңдағы 5-7 класс бағдарламасы мен оқулық негізі сол Қ.Жұбанов көрсеткен ізбен мазмұндас. Әр кластың бағдарламасы мен оқулығын салыстыра көрсету алдағы үлкен ізденісті қажет ететін жұмыс деп есептейміз.

Ақыл-ойдың базалық когнитивті сипаттамаларының актуальді даму деңгейі мен құрылысын зерттеу үшін, оқу үрдісін ұйымдастырудың құралдарын, түрлерін, әдістерін, оқу мазмұнын дәл таңдау үшін қажет параметрлерден тұратын оқушының танымдық моделі жасалады.

Өз кезеңі үшін өзекті мәселелер қатарынан саналған бағдарлама, оқулық жасау сияқты жайттар жалаң теориялық қағидаларды емес, сонымен бірге практикалық шешімдерді қажет еткен. Бұл жөнінде Р.Сыздықова: «Қ.Жұбановтың көп күш салған, барша білім мен жігерін жұмсаған салалары –

терминология мен алфавит, орфографияға, мектеп, жоғары оқу орны мен программалары мен оқулықтарын жазуға байланысты жұмыстар болды», - деп жазады [5;137].

Қ.Жұбановтың ғылым мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін ғылыми мәнін жоймаған, ғылыми-теориялық, танымдық көзқарастары мен пікірлері қазіргі қазақ тіл білімінің көкейтесті мәселелерімен байланысты жаңа еңбектерге методологиялық негіз болатын дүние.

Әдебиеттер:

1. Формирование системного мышления в обучении. /Пол ред. З.А.Решетовой/. Москва, 2002.
2. Границкая Н. Научить думать и действовать. Москва, 2000.
3. Профессор Қ.Жұбановтың 90 жылдығына арналған конференция материалдары. А., 1990.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2000

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ СӨЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТАНЫМДАРЫ

ҚАРАҒҰЛОВА Б.С.

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе
bkaragulova@mail.ru*

Профессор Қ.Жұбановтың тіл білімінің көптеген бағыттарын зерттеген ғалым екені белгілі. Оның мұралары тіл білімі салаларының қай-қайсысының да негізі болып табылатын теориялық ғылыми еңбектер болып табылады. Ғалымның негізгі терең зерттеулері мен құнды пікірлерінің өміршеңдігі сонда қазіргі тіл біліміне қатысты теориялық мәселелерде сабақтастыра зерттеп отырмыз. Ғалымның көптеген еңбектерінің ішінде тіл тарихы, оның ішінде, сөз тарихы туралы еңбектері де арнайы зерттеуді қажет ететін негізгі мәселелердің бірі. Ол осы бағытта «Мағынасыз сөздердің мағынасы» тақырыбында 1930 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстанның бірінші Өлкетану съезінде баяндама жасайды. Алайда ғалымның бұл еңбегі жарыққа шықпай, бірнеше рет жоғалады. Осыған байланысты ғалым мақаланы «Мал шаруашылығына байланысты одағайлар» тақырыбында қайта жазып шығады. Ғалым бұл мақаласы жөнінде былай деп жазады: «Сиездің қаулысы бойынша жариялауға тиісті болған бұл баяндама мен бастыруға берген жерде Қазақстанды зерттеу Қоғамының қағаздарының арасында жоғалып кетті. Бұл баяндаманы сиездің алдында СССР Ғылым академиясының Яфет институтында оқыған

болатынмын. Н.Я.Маррдың оған жазбаша түрде берген пікірі менің Ғылым академиясының кадр комитетіндегі жеке ісінің арасында тігулі тұр» [1, 17]. Аталған мақалада халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты көптеген одағай сөздердің пайда болу, шығу төркіндері сөз болады.

Жалпы сөз тарихы – ел тарихы. Тіл – «жанды» құбылыс. Сан ғасырдан бері қазақтың ұлттық тілі дәл бүгінгідей қалпында болмады. Сөздердің актив (белсенді) қабаттары пассив (белсенді емес) қабатқа ауысып, көршілес жатқан халықтардың тілінен кірме сөздер тілімізге енді, кейбір сөздердің мағыналары кеңейіп жатса, кейбір сөздердің қолданыс аясы тарылып жатады. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздықова: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмтылуы ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.т құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады» деп көрсетеді [2, 165]. Тіл өз басынан бірнеше даму кезеңдерін өткізеді және осы кезеңдер тілдің дамуына өзгерістер әкеледі. Сондықтан тіл – қоғамдық құбылыс деп айтсақ болады, яғни қоғамдағы болып жатқан кез келген жаңалық алдымен тілде көрініс табады. Осы жаңалықтар жоғарыда көрсеткендей, тілімізге жаңа атаулардың пайда болуына себін тигізіп жатса, енді бір жаңалықтар тілдегі белсенді сөздердің тілдік қолданыстан шағып қалуына әсерін тигізеді, ендігі бір кезеңде пассив қатардағы сөздер тілімізге қайта оралып жатады. сөз еткенде, халықтардың бір-бірімен араласуына байланысты олардың тілдерінде де өзгерістер болып жататындығын айтады. Шыныменен де, дүние жүзінде томаға тұйық өмір сүретін халық жоқ. Елдер арасындағы экономимикалық, саяси, тарихи, мәдени байланыстар халық тіліне әсер етпей қоймайды. Осы сияқты қарым-қатынастар нәтижесі тілдер арасындағы арасында ауыс-түйістердің болуына әкеледі. Бұл мәселеге қатысты Қ.Жұбанов: «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды болғандықтан тілі де құранды болмақ» [1] – деп, тілді меңгеру үшін тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгеріске ұшырағандығын, олардың пайда болу, даму жолдарын, яғни тіл тарихын білу керек дегенді айтады.

Тіліміздегі кірме сөздер жоғарыда айтқанымыздай, әртүрлі қоғамдық жағдайларға байланысты енген. Ғалым жоғарыда айтылған тіл тарихы туралы пікірді негізге ала отырып, қазақ тіліндегі көптеген сөздердің пайда болу, шығу төркінін анықтайды. Ғалымның бұл пікірлері тарихи лексикология мәселесінің негізі болып табылады. Осы жолда ол *палеонтология* тәсілін, яғни бөлшегіне қарай бүтінін табу тәсілін ұсынады. Ғалым тілімізде төл сөз ретінде қолданылып жүрген көптеген сөздердің шығу төркінін аталған тәсіл арқылы анықтайды. Осындай сөздердің бірі – тіліміздегі мал шаруашылығына, оның ішінде, түйеге байланысты **сорап** сөзі. Оның айтуы бойынша, аталған сөз **сор** және **ап** деген екі элементтен тұрады: алдыңғы *сор* етістік мағынасында, ал *-ап* парсының су мағынасын білдіретін *аб* сөзі болу керек дейді. Қарап отырсақ, аталған сөз сөздердің бірігуі арқылы (төл сөз – *сор* – етістік, *аб*- кірме сөз) жасалып, толық қимыл атауын білдіріп тұр [1, 127]. Осы бағытта мал шаруашылығына қатысты одағайлардың шығу төркініне байланысты түркі

тілдері деректерін тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерттеп, қызықты да құнды ойлар айтады. Мысалы, қойға байланысты айтылатын «**құрай**» одағайының шығу төркінін былай талдайды: «*Құрай* одағайы екі түбірден біріккен: *Құра+ай*. Соңғы **ай** шақыру қосымшасы. Түбірдегі *құра* монғолша, қозы деген сөз. Монғолдың *құрақан* сөзі де осы *құрамен* байланысты, түбірлес. Соңғы *қан/ған* кішірейту: *ботақан, бұзауқан*. Сонда *құра-ай* дегендегі *құра* – қой мағынасында, *ай* – шақыру одағайы – *әй!*; Алғашқыда *қой-ай!* деген қаратпа сөз болған» [1, 127].

Жұбановтың пікірінше, шаруашылық одағайлары бұрын белгілі бір малдың атауы болған. Мысалы, тіліміздегі қошқар екі мүшелі сөз: «Қозыны еркелеткенде *қошақан* дейміз. *Қош-а-қан*. Соңғы –**қан** бұзауқан, ботақан, балақан дегендегі кішірейту қосымшасы. Бірқатар елдерде қошқарды *қоша, құша* деп атайды. Бұрын қой, қошқар, қозы деп бөлектеу болмаған». Сонымен бірге қойға байланысты *шәйт, кош*, суарғанда *құрай-құрай* деп айтылады. Осындағы қош қойдың атауы болып табылады. Бұны көптеген түркі тілдеріндегі қой мағынасын білдіретін қош лексемасы дәлелдей түседі.

Аталған тәсіл арқылы тіліміздегі **көбеген** атауына талдау жасауға болады. Осы *көбеген* лексемасындағы *көбе* сөзі ерте туған қозы немесе басқа мал атауына байланысты қолданылады, ал –*ген* кішірейту мағынасын білдіретін қосымша.

Қазіргі тіл білімінде сөздің этимологиясын анықтауда төмендегідей негізгі принциптері бар:

- Генеологиялық принцип. Бұл принцип сөздің шығу тегін айқындауда тілдердің генеологиялық классификациясына, яғни тілдердің шығу тегінің бірлігіне қарай топтастырылуына, негізделуді талап етеді. Белгілі бір тілдегі төл сөздердің этимологиялық байланысын айқындау үшін, оларды сол тілмен туыстас, бір негіз тілден тараған тілдердегі сөздермен салыстыру қажет

- Фонетикалық принцип. Бұл принцип сөздердің шығу тегін айқындауда фонетикалық заңдарға сүйенуді, туыстас тілдердегі дыбыстардың өзара сәйкестілік заңдылығын арқау етуді талап етеді. Мысалы, ұйғыр, тува, әзірбайжан т.б. түркі тілдердегі сөз аяғындағы (ғ) дыбысына қазақ тілінде (у) дыбысы сәйкес келеді: ұйғырша – тағ, тувайша, әзірбайжанша-дағ, қазақша – тау.

- Морфологиялық принцип. Тілдің тарихи даму барысында сөздің морфологиялық құрылымы, оның құрамындағы морфемалардың бастапқы арақатысы, жігі өзгеруі мүмкін. Морфологиялық принцип сөздің этимологиясын айқындауда оның құрамындағы мұндай морфологиялық өзгерісті есепке алуды талап етеді. Байқап отырғанымыздай, жоғарыда көрсетіліп отырған сөздің шығу төркін анықтауға қатысты принциптер шарттары да палентология тәсілінің шартымен сабақтасады.

Ғалым сонымен бірге тіліміздегі одағайлардан басқа кейбір қос сөздердің мағынасыз сыңарлары туралы басқа тілдердің тілдік деректерін келтіре отырып, талдаулар жасайды. Мысалы, қазіргі тілімізде қолданыста жүрген *бала-шаға* қос сөзі бір сыңары мағынасыз сөздердің қатарында жүрсе,

ғалымның айтуы бойынша, **шаға** сөзі басқа тілдерде (түрікпен, монғол) «бала» мағынасын білдіреді, *бала – кішкене, үлкен емес* деген мағынада. Сонда түркі тектес тілдердегі бір мағынаны білдіретін сөздер, қосарланып көптік мағынада жұмсалып тұр. Осы негізде қазақ тіліндегі *қапшық, үйшік* деген сөздердегі кішкене мағынасын білдіретін қосымша (шық, шік) өзгеріске ұшырып, пайда болған.

Жалпы ғалымның мұраларының ішінде сөз тарихына қатысты еңбектері аз зерттелген. Сондықтан осы бағыттағы еңбектерін зерттеу, жарыққа шығару – қазіргі таңдағы негізгі де, өзекті мәселелердің қатырында. Аталған бағытты зерттеу арқылы тек ғалым еңбектерінің сырын ашып қана қоймаймыз, сонымен бірге халқымыздың тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ақпарат аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, Ғылым, 1999 - 581 б.
2. Р.Сыздық Сөздер сөйлейді. – Алматы, Санат, 1994 -190б.
3. Қарағұлова Б.С. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің этнолингвистикалық сипаты. – Ақтөбе, 2019

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «АБАЙ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ» АТТЫ МАҚАЛАСЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТА ОТЫРЫП ОҚИТУ

КУШКИМБАЕВА А.С.

*PhD., Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Сын тұрғысынан ойлау курсы батыстың білім жүйесінде ХХ ғ. 70-жылдарында осы жүйеде туған дағдарысты жеңуге байланысты талаптан туған. Білім беру қызметін көрсету үшін күрес басталды. Бірте-бірте бұл күресте сыни тұрғыдан ойлау мен бейресми қисынға бағытталған жаңа білім беру парадигмасы алдыңғы орынға шықты. Оның мәні «басты екпінді қабылданатын ақпараттың көлемін «ой тарқатуға» бұруда және өзіндік сынау тұрғысындағы өзіндік рефлексивті ойлауды дамытуда және жай ғана дайын білімді қолдануды емес, тапсырмаларды шешуді үйрету арқылы ақпаратпен жұмыс жасау қабілеттерін саналылықпен, «жаңа» әдістермен әр түрлі талаптармен шыңдауда» [1]. Бейнелеп айтқанда, жаңа парадигма сапарға шығарда дайын тағамды ала салмай, сол тағамды табатын қару-жарағыңды ала шығуға кеңес береді.

Батыстың білім беру жүйесінде сын тұрғысынан ойлауға қатысты өзгеше қозғалыс басталды. Бұл қозғалыстың мәні – колледждер мен университеттерде оқытылатын академиялық пәндер өзіндік рефлексивті рухта қайта құрылуы керек, ал оқушылар қабылданған жолдаулар мен жұмыс тәсілдеріне сыни қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі керек. Сын тұрғысынан ойлау адамның интеллектуалдық әрекетінің түрлі салада қолдануына ыңғайлы нағыз технологиялық әдіс болып шықты.

Оның көмегімен өткізілетін «ойды тарқату» проблемаларды қарастырып, шешім қабылдауда айқын көрінеді. Бір жағынан, шешімнің деңгейі мен түріне байланысты шешім қабылдау үрдісі шеңберінде бірнеше тұрақты бөлшектерді бөліп алуға болады, екінші жағынан бұл үрдістерде үнемі сын тұрғысынан өзіндік сараптауды қажет ететін бағдарланбаған «соны (жаңа)» ситуациялар орын алады.

Сонымен, ең ірі халықаралық білім орталықтарының оқу жоспарларында жаңа айдар пайда болды: «Сыни тұрғыдан ойлау». «Сыни тұрғыдан ойлау» курсы – бір қатар батыс университеттері үшін, экономика, заң, әлеуметтану мектептері және басқа да білім ордалары үшін міндетті болып есептеледі.

Теориялық білімді бермес бұрын, студенттерден Абай туралы, оның еңбектерін талдаған қандай ғалымдарды білетінін еске түсіру арқылы Қызығушылықты оятамыз.

II Мағынаны ашу кезеңінде студенттер топтарға бөлініп, Қ.Жұбановтың «Абай қазақтың классик ақыны» мақаласын бөлімдерге бөліп, 1-топ «Еленбеген ерекшелік», 2-топ «Абай және шағатай мектебі», 3-топ «Абай және халық әдебиеті» «INSERT» әдісі арқылы оқу ұсынылады.

«V» – маған таныс;

«+» – мен үшін жаңа;

«-» – мен білетін түсінікке сәйкес келмейді;

«?» – бұл туралы тереңірек білгім келеді.

Мақаланы оқып болған соң, «ЖИКСО» немесе «Зигзак» әдісі бойынша студенттер басқа топтарға барып, оқығандары туралы айтады.

«ЖИГСО» немесе «Зигзаг» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Студент орындай алады:

- ақпаратты өз бетінше ұғынады және меңгере алады;
- меңгерілген ақпаратты кластастарына түсінікті етіп жеткізе білу;
- мәтінмен өз бетінше жеке жұмыс жасау дағдысын дамыту;
- ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынталы болады;
- белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі ;
- группаластарын ести және тыңдай біледі;
- ақпаратты қысқа да нұсқа жазбаша түрде бере алады;
- өзінің және группаластарының білім алуына жауапкершілікпен қарау;
- таным әрекеті процесінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. Тақырып бойынша білімнің актуалдылығы;

2-қадам: топтарға бөлу («жанұяға» -1,2,3,4). Мәтін қанша бөлікке бөлінсе, топ та сонша бөлікке бөлінеді.

3-қадам: жанұяның әр мүшесіне тапсырма беріледі: сабақ соңында әр жанұя мүшесі мәтінді толығымен біліп шығуы керек, сондықтан әр бөлікті оқитын топ мүшесі үлкен жауапкершілікпен өз бөлігін оқуы керек, себебі ол өз ұяластарына оқығанын жеткізе алмаса, мәтін толық меңгерілмей қалады.

4-қадам: сараптау топтарына бөліну (1+1+1+1, 2+2+2+2, 3+3+3+3, 4+4+4+4).

5-қадам: мәтіннен өзіне бөлінген үзіндіні оқып, сараптау тобында талқылау, күрделі жерлерін мұқият түсініп, осы үзіндіні өз жанұя мүшелеріне қайткенде де ұғынықты жеткізудің жолдарын қарастырады

6-қадам: «жанұя»тобына барып, сараптау тобында түсініп келгендерін бір-біріне үйретеді. Қажет болса, мәтін мазмұнын түсіну үшін өзара сұрақтар қояды.

7-қадам: презентация жасауға, мәтін бойынша сұрақтар қоюға болады, немесе басқа да тапсырмалар беруге болады.

Және осы мағынаны ашу кезеңінде «Кері байланысты» жүзеге асыру мақсатында ««INSERT» әдісі бойынша талқылаймыз. Бұл кезде студенттер мәтіннен алған ақпараттың ішінде түсініксіз сұрақтарды, өздеріне қандай жаңа ақпарат алғандарын, немесе келіспейтін тұстары болды ма сол жайында айтады.

Сабақтың **3-рефлексия** кезеңінде студенттер оқып, бір-бірімен бөліскен ақпараттары бойынша жасаған ғалымның мақаласы туралы эссе жазды. Төменде студенттердің шығармаларынан үзінділер берілді.

1-эссе. 1934 жылы жарық көрген «Абай қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласында Қ.Жұбанов Абайды оқшау күйде алмай, шағатай әдебиетімен, халық әдебиетімен байланыстыра қарайды. Мақалада автор әдебиетімізге Абай қосқан жаңалықтардың тарихи және теориялық маңызын көркем талдаулар негізінде дәйектейді. Зерттеуші Абай шығармашылығында осы тақырыпқа қатысты менмұндалап тұрған үш өлеңін, ақынның 13-19 жас аралығында жазылған «Шығыс ақындарына», «Фзули, Шәмши, Сайхали», «Әлифби өлеңі» шығармаларын алады. Ақынның бұлардан басқа өлеңдері де болуға тиіс, бірақ бізге жетпеген. Аталған өлеңдер өзегіндегі көркем ой мен мазмұнды жеткізу үшін қолданған сөздер көне түркі поэзиясына ғана тән лексиканы құраса, ұйқасы мен ырғағы да арабтан келген гаруз өлшеуіне сай. Осы өлеңдерді жан-жақты талдай келе, зерттеуші шағатай әдебиетінде мен мұндалап тұратын мистицизмнің, белгісіз ғашықтықтан (кімге екені бұлдырлау, тіпті белгісіз де) өртенген жастардың дуана күйін ақын суреттемейді деген қорытынды жасайды. Ғашығы үшін жанын қиюға даяр лирикалық кейіпкер махаббат жолында дүниеден өтуге бар, бірақ мендігін жоймайды, мәжнүндік кейіптен аулақ. «Дүние азабының тізесі батып, көресіні көре-көре «Құдай салдыға» көнген, өлім мен тірліктің жігін жоғалтқан, қарсыласар дәрмен көксемей, тағдырдың лағынет қамытына

мойнын өзі сұққан көнбістілік, құлдық идеялылық – міне, шағатай әдебиет мисцизмі салған жол осы» [2]. Медреседе алған тәрбиесі мен оқыған кітаптарындағы үлгі және өзі ұнатқан шығыс классиктерінің дәстүрі бойынша өлең тілі араб, парсы, шағатай болуы керек деп ұққан жас ақын алғашқы шығармаларында осы жолды таңдайды. Бірінде ұстаз тұтқан ақындарын – Физули, Шамси, Сайқали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Хафиздерді атай келе, олардың рухынан қолдау күтеді. Екіншісі, «Йузи – рәушан» өлеңінде қыз сұлулығын бейнелеуде шығыс классикасында жиі қолданатын сөздерді тізбелей келе, олардың көркіне аты әлемге мәшһүр Сүлеймен, Ямиид, Ескендір тәрізді патшалардың өздері де гашық болар еді, – дейді. Ал «Әлифби» аталатын үшінші өлеңінде Абайдың шағатай дәстүрінен шығуға дайын қалпы айқын көрінеді [2], – деп көрсетеді зерттеуші. Өйткені өлеңнің өлишемі гарузша емес, қазақтың 11 буынды қара өлеңінше болса, тілінде де шұбарлық аздау дейді галым».

2-эссе: Қ.Жұбановтың Абай поэтикасына қатысты осы зерттеуінде көңіл аударарлық мынандай бір мәселе бар. Ол ақын өлеңдеріндегі сопылық бағытқа қатысты. «...Абайдың пікір бағыты, әдеби нысанасы сұпышылдық жолынан аулақ екенін айтумен, осы аулақтықтың Абай өлеңінен поэтикалық текникесіне де шалығын тигізгенін мойындағымыз келеді. Өйткені Абайдағы тұтастық, түгелдік, гармония оны шалағайлыққа жібермеген. Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Ойы да – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады... Осындай іш пен сырттың біте қайнап қосылған Абайда шағатайдай іші болып, сырты болмауы немесе сырты болып тұрып, іші болмауы мүмкін емес. Ондай диссонансты Абай гармониясы көтермейді [2]. Демек, Абай поэзиясында да сопылық ой, әуендердің кездесуі мүмкіндігін зерттеуші аңғартып отыр».

3-эссе. «Ескірген ел даналығы».., «ескі әдебиет мұрасының ескірген жерлері..», «Өткен өмір арбасының дөңгелегімен қоса айналып дөңгеленген ескі, тозған сөз үлгісі»... тағы басқалар. Зерттеуші осы тозған, ескі сөз үлгілері ретіне ауыз әдебиетінде кездесетін қыстырма бөліктерді немесе психологиялық егіздеулерді көрсетеді.

Айдын көл батпақ атанар,
Айдыны құрып суалса...
Арғымақ аттың белгісі
Аса бір шауып бұланбас...
Ағарып тұрған ай да өлер,
Қызарып тұрған күн де өлер.
Алишаңдаған бай да өлер
Ардақтаған хан да өлер.

«Осы сияқты арзан ақиқат, тозған шындық, керексіз тақпақ – ескі өлеңнің мазмұнын да, түрін де билеп алған ескі ауру болатын» [2] дейді зерттеуші.

Осылай дей тұра, егіздеу тәрізді қыстырмалардың шеберлікпен ретін тауып қолданғанда шығармадан алатын әсерді күшейтетін ассоциацияларға дем беретінін де мойындайды. Абай ақындық өнерінің үлкен бір бағыты ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы осы басы артықтау көрінетін қайталауларды, егіздеулерді, ретсіз қыстырмалар мен орынсыз дәйектеулерді, жалаң насихат, арзан ақылгөйсу мен әсіре өсиетшілдікті сынға алды.

Қ.Жұбанов осы зерттеуінде Абай өлеңдерінің халыққа жақындығы мен ұнамдылығының жұмбақ құпиялары мен сиқырлы сырларын ашып көрсетеді. Абай өлеңдері көпшілікке түсінікті қарапайым бейнелерге толы. Ақын әлемінде халыққа жат көрінетін бейнелер жоқ. Қазаққа жақсы таныс құбылыс, ой, ұғымдардың бейнесін, бояуын қандыра, ажарын аша суретке көшіреді. Бұл жолда қазақ ертегісін де, мақалын да, салтын да пайдаланады. Осыларда қолданылатын таныс бейнелердің бәрі ақын шығармаларында жанданып жаңа мағынаға ие болады. Қазақ мақалдарының көбіне Абайдың сын көзбен қарағаны белгілі. Осы мақалдардағы түйінді ойларды да ақын қажет жерінде жанды суретке айналдырады.

Бұларды Абай аудармаларына да өте сәтті, шеберлікпен қолданады. Фразеологиялық тіркес тәрізді баламасын табу керек шумақ, жолдарды тәржімалауда ақын мақал-мәтелдер өзегіндегі таныс бейнелерді жаңа мағына бере, түпнұсқаға жақындатады. А.Пушкиннен жасаған Абай аудармаларын түпнұсқамен салыстыра, талдай келе зерттеуші «Арыстан айға шауып мерт болған» мәтелінен алынған поэтикалық сарынды ақынның қалай түрлендіргенін түсіндіреді.

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде.., бәрі – алданыс,
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс?»

4-эссе. «Ақынның образ қолданудағы өзгешелігін Қ.Жұбанов былай санамалап та көрсетеді: «...әуелі, қатесіз анық, таныс бейне алады: екінші – образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, өйткені, үшінші – ескі образды өсіріп, жаңартып, жалған әкетеді». Қ.Жұбанов мақаласында қазақ өлеңіне енгізген жаңа өлшемдерге халық құлағын үйрету үшін, оларға арнап ән де шығарған ақын сазгерлігінің кейбір жайлары да сөз болады. Абайдың әдебиеттегі сыншылдығының түп-тамыры осында жатыр» деген зерттеуші пікірлерінде қаншама тереңдік бар., Шығыс поэзиясы және халық әдебиетімен табиғи байланысты мүмкін болған деңгейде ашып көрсетіп, Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп айтудың өзі сол жылдарда үлкен ерлік еді».

Сабақтың 3 кезенді құрылымы сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік туғызады. Сыни ойлау – яғни жаңа білімге бұрынғы өзінде бар білім арқылы келу. Бұл құрылым студенттің өзінде бар білімді жандандыруға уақыт береді, түсініктер мен құбылыстарды қайта жаңғыртуға әкеледі. Сыни ойлауды дамыту технологиясы танымдық қажеттілікті қанағаттандырып қана қоймайды, өзін-өзі тануды да үйретеді. Танымдық процесс болғандықтан, студенттер түсініктер мен ойлардың мазмұны жайында, ақпарат пен жай білім туралы ойланады. Ал

өзін-өзі тану процесі де қатар жүретіндіктен, олар өз түсініктері жайында да ойланады. Студенттер өздеріне сұрақ қояды: «Бұл туралы мен не ойлаймын?», «Алынған ақпарат менің білетініммен сәйкес келе ме?», «Жаңа ақпаратты ала отырып, мен не істей аламын?», «Жаңа ақпарат, жаңа идеялар менің көзқарасыма, ойларыма қалай әсер етті?» [1]

Студенттер өзін-өзі тану барысында қандай жағдай болады? Бұл кезде ол жана түсініктерді жақсы естиді, жаңа ақпараттар мен тұжырымдамаларды ұғынудың жаңа тәсілі пайда болады. Олар ойлауға икемді болады – өзінің ойлауын бақылауға мүмкіндік алады; жаңа ақпаратты қабылдауға қабілетті болады – жаңа білімді бұрынғы біліммен сәтті байланыстыра алады. Студенттер «өздерінің бұрынғы ойлау жүйесіне жаңа идеялар мен әсерлерді қабылдауға ашық», «өздеріне таныс түсініктер, өздерінде бар білім қолданылғандықтан, ойлары мен пікірталастарын еркін тұжырымдай алады.» Өз білімдеріне сенімді болғандықтан, мәселені шығармашылық тұрғыдан шешуге жақсы дайындалады, жаңа пікілер мен жаңа ойларды құруға жақсы дайындалады.

Сабақтың үш кезеңдік жүйесі оқушыларды тиімді оқытудың төмендегі механизмін қамтамасыз етеді [3.]:

Бар білімді өзекті етіп қоя білу, білім берудегі қиындықтар мен кемшіліктерді анықтау, оқу әрекетінің мақсатын қою.	Жаңа ақпаратпен танысу, оны өзінде бар біліммен салыстыру, қойылған сұрақтарға жауап іздеу, кемшіліктер мен қарама-қайшылықтарды табу, мақсатқа өзгерту енгізу.	Жаңа ақпаратты жинақтау және жүйелеу, оған баға беру, оқу материалына өзіндік көзқарасын қалыптастыру, оқу қызметінің жаңа мақсаттарын қою
---	---	--

Сабақтың кезеңдерін, өзінің танымдық әрекетінің механизмін бақылау - оқу мен ғылымдық танымның әдістемесін түсінуге көмектеседі. Оқу процесінде оқушылар нақты және шынайы мақсаттан оқу процесін өздері құрастырады, өзінің даму бағытын өзі бақылайды, соңғы нәтижені өзі анықтайды. Сонымен сыни ойлауды дамытатын педагогикалық технология жеке тұлғаға бағытталған, оқытуда субъектілік қатынасқа негізделген және бұрынғы мектеп жұмысын шынайы шығармашылықпен жұмыс жасайтын, мақсатты, мазмұнды әрекетке негізделген оқытуға айналдырады.

Сыни ойлауды дамытатын педагогикалық технология негізіне 3 кезеңдік жүйе жатады, бірақ оқу процесі тиімді жүру үшін авторлар (Дж.Стилл, Ч.Темпл, К.Мереди) ұсынған методикалық әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдап, келісімді қиыстыра пайдаланған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н., Кушкимбаева А.С. Сын тұрғысынан ойлау – білім алу үрдісінде. Оқу-әдістемелік көмек құрал.: Ақтөбе қаласы, 2012 ж., – 104 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Заир-Бек. С.И. Технология развития критического мышления посредством чтения и письма.// БШ №12 –16-30 июня 2001.

ӘКЕ АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ...

ҰЛЫҚПАНОВА ӘЛИЯ ЖОЛДАСҚАЛИҚЫЗЫ

г.ғ.м., аға оқытушы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., ҚР
aliya_030471@mail.ru*

Энциклопедиялық білімді бойына еңбекқорлықпен сіңірген, танымы терең ғалым Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын зерделеуге белсене үлес қосқандардың алдыңғы қатарында Есет аға Жұбанов тұр. Есет аға филологияның қос қанатында қалам тербеген әкесі Құдайберген Жұбановтай, қандай тақырыпқа болса да еркін көсіліп сөз сырын шерткен, білімнің терең тұңғиығына тартқан тұлға болатын.

«Адам біткеннің баршасын әбден танып-білдім» деп ешкімге қатысты айта алмасспыз. Өйткені, адам баласының әрқайсысы – жазылмаған тың дастан, терең тарих емес пе? Әйтсе де, жарық дүниеден өзі кетсе де, мәңгілікке үні кетпес жұлдызды жандар болады. Сондай жандардың бірегейі – Есет аға Жұбанов еді. Әкелерінің қанымен бірге дарыған терең білімді дарындылық Есет ағайға да тән еді. Есет Құдайбергенұлы – танымы терең данышпан, ғылым айдында – түпсіз терең теңіз болатын. Есаға – жақсы ұстаз еді. Ұстазымыздың әрбір дәрісі мазмұнды, тартымды, қызғылықты өтетін. Зерттеу ісінің қыр-сырын меңгертуге тырысып бағатын Есет Құдайбергенұлы – тыңғылықты іс бітіруге негіз болар талап қойғыштықты ұнататын.

Есет Жұбанов – филология ғылымында өзіндік ойып алар орны бар мықты ғалым болды. Әсіресе, біз білген Есет Жұбанов – Құдайберген Жұбановты танытушы тұлға және әке мұрасының бірден-бір негізгі жанашыры болды. Бір жағынан, Құдайберген Жұбанов мұрасының зерттелуіне бас-көз болса, бір жағынан мұрағат төрінде қалып қойған еңбектерінің қайта жарық көріп, жасақталуына күш салды. Профессор Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын тану – тек Ақтөбе аймағы үшін ғана емес, жалпы дүние жүзілік

маңызы бар тағылымдық іс қой. Міне, осындай маңызы зор маәсатты жолда «Жұбановтану» саласының қалыптасуына, дамуына себепкер болған Есет Құдайбергенұлының қайраткерлігі де ерекше болды.

Мүслима апай «Менің әкем» атты естелігінде «Әр бала өз әкесін, әр әке өз баласын жақсы көреді, бұл табиғи сезім ғой. Бірақ менің әкеме деген сезімім сол табиғи сезімнен де басымырақ деп ойлаймын. Және оның негізі де жоқ емес. Бала күнімнен бастап, күні бүгінге дейін менің сүйегіме сіңіп қалған ең күшті сезім – әкені сағыну болды...» [1, 170-б.], – деп толғанған екен. Құдайберген Жұбановтай текті тұлғаның қанынан тараған барлық балалары әкесіне деген бір ғұмырлық сағыныштан арыла алмай кеткен секілді. Сағынышқа оранған сырлы сезімін ғылымға қызмет ету парызын орындаумен таңбалаған Есет аға келбеті көз алдымыздан кетер емес.

Ел игілігіне айналған Құдайберген Жұбановтың ғылыми еңбектерінің әр санаты алтынға бергісіз. Құдайберген Жұбанов – бір ғана әулеттің перзенті емес, дүйім қазақтың азаматы. Ал Есет ағай үшін бар қуаныш, бар қызмет әке есімімен байланысты болып еді десек, артық айтқандық болмас. Мұрағат төрінен Қ.Жұбановтың бірер мақаласы табылса да, бір еңбегін жариялап, ғылыми айналымға түсірсе де шын қуанатын. Жұбановшы жас ғалымдардың әр еңбегіне бар ықыласын төгетін. Осы жолда талаптанған ізденімпаздардан еш көмегін аямайтын. Есет Құдайбергенұлы ғылым әлемінде ойып алар өзіндік орны бар ірі зерттеуші ғана емес, сонымен қатар, айтылмай қалған әке аманатын орындауды да басты парызы санады. Әкесі үшін қызмет еткен, әке еңбегін осыншалықты насихаттаған осы бір жақсы қасиетін әрдайым сүйсініп еске аламыз.

Ғұлама ғалым, қазақтың тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың Ахмет Яссауи туралы еңбегі бар. Осы іргелі зерттеуді «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» деп тақырыптап, 1999 жылы тұңғыш рет жарыққа шығарған Есет және Ақырап Жұбановтар еді.

Аталған еңбектің алғысөзін жазған Е.Қ.Жұбанов «Мұра-хаттардың» тарихын былай деп толғайды: «Медресе Хұсайнияны» тамамдаған жас түрколог Құдайберген Ақтөбеге келіп, Қошқар ата мешітінің түлегі, ишандық дәрежеге ие бола тұрып, мектеп мұғалімі қызметіне ауысқан Жанғазы Жолаевпен әріптес, әрі пәтерлес болуы нәтижесінде көне, орта түркі шағатай әдебиеті мұраларын қайта қарап, өз білімін пысықтап, бірсыпыра ескерткіштерді арнайы зерттеу ісін қолға алуға мүмкіндік туған тәрізді. Соған орай, бірінші кезекте «Диуани хикметтің» Қазан қаласынан басылған 1893 жылғы бір нұсқасы бойынша мәтінтану (текстология) сипатында тексеру ісін жүргізген тәрізді» [2, 4-б.] – дейді.

Шамамен 1925-26 жылдар аралығында жазылған бұл еңбекті сопылық ағымының негізін қалаған ақын Қожа Ахмет Яссауи мұрасын түркі тілді халықтардың әдебиетімен салыстыра қараған сүбелі зерттеу деп танымыз.

Аталған еңбектің жазылуы мен сақталу тарихына үніле келе, көптеген жұмбақ жайттардың сырын аштық. Аса бір өкінішті жайт, тап осы зерттеуді зерттеуші Н.Сауранбаев 1970 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің №23 санында, 5

маусымда өз атымен жариялайды. Бірақ Қожа Ахмет туралы осы кемел еңбектің авторының Н.Сауранбаев емес екендігін Р.Сыздықова «Яссауй хикметтерінің тілін зерттеу жайы» деген мақаласында атап көрсеткен.

Н.Сауранбаевтың «жиендік» танытқандығын түбегейлі дәлелдеген ғалым М.Жармұхамедұлы. Ол «Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан» кітабында мынадай мәліметтерді келтіреді: «Осы мақаласында Р.Сыздықова бір кезде «Қазақ әдебиеті» газетінде Н.Сауранбаев атымен жарияланған «Диуани хикмет» туралы бір-екі ауыз сөз» деген мақаланың Н.Сауранбаевтікі емес, мұғалім Жолаевтікі екеніне де назар аудартады. Алайда ғалым сол мақаладағы ой-тұжырымдардың дұрыстығына шәк келтірмеген, сондықтан да біз осы еңбекте сол айтылған пікірлерді негізге алдық» [3, 126-б.]. Біздер де бұл зерттеумен таныса келе, «Мұра-хаттардың» жазылу стилі мен сөз қолданыстарына қарап, Қ.Жұбановқа тиеселі екендігіне дау жоқ деп ой қорытамыз.

Жанғазы Жолаев 1970 жылдардың бас кезінде Яссауй туралы зерттеудің қолжазба нұсқасын әкеліп тұрып: «... мынау бір Құдайберген екеуіміздің сонау Ақтөбеде жүріп жазып бастаған жұмысымыз еді. Қолға алған істі толық аяқтауға тағдыр жазбады. Ол (Құдайберген) біресе басқа қалаға оқуға кетті, кейін Алматыға көшіп кетті, одан әрі нахақ қараланып, көзімізден ғайып болды. Менде қалған мына қағаздарды мен әлденеше қайта көшіріп, өз атымнан жарияламақшы да болып едім, бірақ онымнан ештеңе шықпады, заман солай болды... Енді осы мұра саған аманат, әкеңнің «көзі» деп атап беріп отырмын!» [2, 4-б.] – деген екен. Осы арада туындайтын ең алғашқы сұрақ, «Мұра-хаттардың» авторлары Қ.Жұбанов және Ж.Жолаевтар ма, ал егер олай болса, Жанғазы ақсақалдың бұл еңбекке қосар үлес салмағы қандай болды?

Есет Жұбановтың айтуынша: «Жанғазы Жолаев 1887 жылы дүниеге келген екен. Бірақ жас айырмашылығы «сынық жүзді» ғұлама адамдардың қарым-қатынасына бөгет болмаған. Біз тұңғыш рет баспаға ұсынып отырған мына еңбек те осы екі адамға тел ортақ туынды деуге келеді. Бұның: «ана жері – ананікі, мына жері – мынанікі!» деп айырып көрсету де қиын. Сондықтан біз бұны: «Жұбанов – Жолаев мұрасы» деп атасақ та, жаңсақ айтқан болмаймыз деген ойға келдік» [2, 4-б.] – дейді.

«Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» еңбегінің кімге тиеселі екендігі жөнінде көпшілікті даурықтырған зерттеудің шындығында да Ж.Жолаевқа қатысты екендігіне сөз жоқ. Ал қатыстығылының қандайлық екендігі туралы мәселенің беті мына деректен соң ашыла түскедей болады.

Академик А.Жұбановтың айтуынша, Қ.Жұбанов Стамбул университетінің профессоры Көпілі-Задемен үнемі байланыста болып, хат жазысып, тіпті бірде М.Қашқари сөздігінің Стамбул басылымын сұратып алдыртқан екен. Ал Ж.Жолаев тапсырған қолжазба нұсқаның ішінде осы сөздіктің толық қазақша аудармасы да болған және әр беті Стамбул басылымына сай парақталған. Олай болса, бұл сөздікті Қ.Жұбановпен бірге Ж.Жолаевтың да бірге пайдаланғандығы анық. Әрі, Ж.Жолаев Қожа Ахмет Яссауй толғауларын тәржімалауда Қ.Жұбановқа көмектескен тәрізді.

Өйткені Есет Жұбанов та былай деп жазған еді: «Мен 1947–1951 жылдары ҚазПИ–дің студенті болып жүрген шағымда Жәкең маған «Диуани хикметтегі» шағатайша өлеңдердің өзі аударған қазақша тәржімасын әр жерінен оқып беріп отыратын. Бірақ ол кездері менің әкем жайлы аса көп сөз қозғалмайтын, «аузына сақ» адам болатын. Енді ойласам, Ж.Жолаев ақсақал сол Яссауи мұрасын қазақшалау барысында Қ.Жұбановқа өз қолқабысын тигізген сыңайлы» [2, 4-б.].

Айтылған деректерге қарап ой түйіндесек, белгілі болатын бір-ақ нәрсе бар. Қ.Жұбановтың өзіне ғана тән ғылыми тұрғыдағы сөз жазғыштық мәнері, әрбір талас тудыратын мәселені сан қырынан салыстыра отырып шешетін ой тұжырымдары және жалпы жазылу стилі жағынан да негізгі автор Қ.Жұбанов екендігін толық мойындаймыз. Себебі, «Мұра-хаттар...» тарихи-салыстырмалы әдіспен жазылған. Ал бұл әдістің «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы», т.б. зерттеулерде кеңінен қолданылғаны бәрімізге белгілі. Соныменен, ғылыми зерттеудің негізгі авторы – Қ.Жұбанов екендігі хақ. Ал білімдар азамат Ж.Жолаев болса, Қ.Жұбановқа Яссауи өлеңдерін аударуда жәрдем еткен деп шешеміз.

1990 жылы Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты таңдамалы бір томдығы шықты. Осы томдықта «Мұра-хаттар...» да жарияланды. Академиялық басылымды өндіріске дайындаған Ақырап Жұбанов ағамыз өндіріске дайындады. Ақырып аға Жұбановпен жүздескен уақытымызда, ол кісі былай деген еді: «Түрлі жағдайларға байланысты Ж.Жолаевтың «Мұра-хаттарды...» баспаға жариялатуға еш мүмкіндігі болмаған, сондықтан зерттеуді қайткенде де сақтап қалу мақсатында бірнеше мәрте көшіріп жазған. Осы себептерден қолжазбада тараулардың орналасу тәртібінде бастапқыда бір жүйелілік болған жоқ. Сондықтан да Есағанның кеңесімен бұл еңбекті тарауларын төмендегідей тәртіппен жүйелеп бердік:

1. Хожа Ахмет Яссауи кім?
2. Хожа Ахмет Яссауидің 95–ы толғауы туралы.
3. Хожа Ахмет Яссауидің армандары.
4. Хожа Ахметтің әлеуметтік көзқарастары.
5. Хожа Ахметтің шындық іздеуі.
6. «Диуани Хикметтің» жалпы мазмұны мен тілі туралы бірер ауыз сөз».

Ал, Қ.Жұбановтай мықты ғалымның ғылыми санасын зерек зейінмен қабылдай білген мұрагер «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер танымын» баспаға ұсынарда осы ретпен тараулаған уақытта мына жайтты ескерген тәрізді. Жалпы зерттеу еңбектері кім үшін жазылады? Әрине, оқырманы, іздеушілері, елі үшін. Зерттеу нысанасына алынып отырған кім? Ақын ба, ойшыл ма, басқа ма? Қ.Жұбанов та алдыменен, «Қай Ахмет?» деген сұраққа жауап іздейді. Адам баласының логикалық қисыны, «Қожа Ахмет Яссауи кім?» деген сұрақтың жауабын білген соң, ақынның ақындығын танытатын ең таңдаулы деген толғауын білуге асығады. Одан барып Қ.А.Яссауидің толыққанды тұлғасына, адам ретінде ашылуына, дүниені топшылаған көзқарасын тануға асық болады. Бүтіннің әр бөлшегін жіліктеп шағып білгеннен соң, ақынның бар таңдаулы сөз

маржаны топтастырылған «Диуани хикметтей» жинағына тоқталаған дұрыс деп білген.

Қазақстанның белгілі суретшісі Ақырап Жұбанов баспаға әзірлеген және Есет Жұбанов транслитерациялаған, сөйтіп перзенттік парыздарын өтеген азаматтардың ерен еңбек сіңіргендіктеріне шын ризамыз.

Есаға әкелеріне қатысты әрбір дерекке ешуақытта бей-жай қарай алмайтын. Қ.Жұбановқа әкесінің қайтыс болғанын Ж.Тілепберген естірткені бәрімізге белгілі. Бұл естіртудің үлгісін жетпісінші жылдары Ақынияз Салмағанбетов деген қарт кісіден Есет пен Ақырап Жұбановтар жазып алып жариялатқан. Төрт шумақтай тұсы ғана есте қалған естірту былай басталады:

«Бауырым, замандасым – Құдайберген,
Бәлені қазаменен әркім көрген.
Осындай үлгі сөзбен есіртеді,
Біреудің жанашыры болса өлген...»

Естіртудің тап осы тұсын оқып отырғандағы Құдайберген Жұбановтың көңіл күйінің қандай болғанын өз зерттеулерінен аңғарамыз. Мәселен, «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» аталатын зерттеуде жаназалау жырларына қатысты айтылатын пікірлер де бар. Қ.Жұбанов естіртушілерді – «өлгенді естіртушілер» деп атаған. Зерттеуші: «Олар да Адам атадан бастап, неше түрлі жұрт білетін ірі өлім, аянышты өлімнің бәрін санап келіп, аяғында мақсатының бетін бір-ақ ашады. Онда да бір өлімнің бар екенін сезесің де бірақ кім үшін айтылып отырғаны... белгісіз. Сол белгісіздіктің өзі тыншытпай, тыңдауға айдап салады. Бірақ, қатарын тыңдамағаннан да зиян келмейді. Соңғы түйінін тыңдасаң, ұқсас болады» [4, 266-б.] – дейді.

Міне, Құдайберген Жұбановтың жаназалау жырларына қатысты айтқан пікірінен көп нәрсені көңілге түйеміз. Өйткені, осы тұста, халық әдебиетіндегі естірту өлеңдерінің жанрлық табиғатын, яғни, жақын жанынан айырылғанын сезе отырып, бірақ дәл кім екендігін тап басып білмей, жан дүниесі аласұрып отырған адамның бір сәттік көңіл-күйін дәл таба білеген зерттеуші сол мезетті «белгісіздік» сәті деп таңбалайды.

Есағаны Құдайберген Жұбанов мұрасының жойылып кетпеуіне мұрындық болған бірден-бір жанашыр жан деп танымыз. Соның бір дәлелі, Қ.Қуанұлының «Жайлауда» аталатын өлеңіне қатысты. Аталмыш өлеңнің шығу тарихын Есаға жиі әңгімелеп отыратын: «Жайлауда» өлеңін әкеміз «Өмірдің қиын сәті басына тап келіп, ауыл-елі бір үлкен жұтқа ұшырап, жаз жайлауға көше алмай қалғанда тарығып жүргенде жазған екен».

Бұл өлеңнің өзі де баспа бетінде соңғы жылдары ғана «Ғалым-азамат» аталатын кітапта тұңғыш рет Р.Сыздықованың түсінік беруімен жарияланғанды. Р.Сыздықова: «Бұл – жаз басында жайлауға шыққан ауыл суретін берген, өзі бір этнографиялық материал сияқты өлең. Әрине, бізде ұлы Абайдан бастап мұндай картинаны берген туындылар бар-ақ (және дәл осы өлеңде Абайдың да тікелей әсері жоқ емес сияқты), дегенмен профессионал ақын емес адамның қаламынан шыққан бұл өлең көңіл аударарлықтай әсем тәрізді» [5, 46-б.]

Шындығында, Құдайберген Қуанұлының қаламынан шыққан, ойынан өрілген бар дүниені болмысымен сезіне білу қасиеті – екінің бірінің қолынан келе бермес. Ғұлама ғалымға табиғатымен де, талантымен де ұқсас болған филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың нағыз ғалым екендігіне бүгінгі ұрпағының көзі әбден жетті, болашақтың та мойындарына еш күмәніміз жоқ. Халық берген даңқты ешкім жойып жібере алмас. Талант тағдыры талапайға түспес. Әр мықтының өзінің жеткен мінбері бар. Ал ақиқат қанша жерден бұрмаланса да, түптің түбінде терең сырдың ашылмай қалмасын тарих тағылының дәлелдеп беретіні хақ дейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. Алматы: «Өнер», 1990. – 208 б.
2. Есет Жұбанов. «Мұра-хаттар» // «Жұлдыз» журналы. 8 тамыз, 1999 ж.
3. Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан. Алматы: «Ғылым», 1999. –128 бет.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
5. Сыздықова Р. Ғалым-азамат. Алматы: «Арыс», 2004 ж. – 76 б.

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨНЕР ТУРАЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАРЫ

НҮРЛАНОВА Н.

Аға оқытушы, магистр

ЖОЛДАСОВА Н.

*Журналистика мамандығының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.
k.n.n.a.a@mail.ru*

Қ.Жұбановтың публицистикасына тән ерекшеліктердің бірі-өнердің табиғатын байсалды түсініп, терең толғамды, ғылыми салмақты пікірлер айтқандығы. Оның публицист ретінде өзіндік қолтаңбасын аңғартқан жариялымдарының бірі – «Біз де ұлт театрына қарай маңайладық» мақаласы [1]. Кезінде «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған негізгі өзегі – қазақтың ұлттық театр өнерінің қалыптасуына ұшырасқан проблемалар. Бұл ой нақты

оқиғадан, Ақтөбеде «Еңлік-Кебек» спектаклінің қойылуынан туындайды. Қойылымға керекті бұрынғы заманның киім-кешектері, оқшантай-кісеулі белдеулер, айбалта, садақ, сауыт, найза – бәрі-бәрі табылғандығы айтылады. «Тек ыңғайсыздық- баяғы қақсай беретін киіз үй декорациясында болды» – деп жазады публицист. Шым-шилi, бау-басқұрлы үлкен ақ боз үйдiң орнына шоқиған қараша үй тiгiледi. Қала iшiнен үй табылмады. Ойын базар күнi болғандықтан, елден қазақтар көп келедi». Сол кездiң өзiнде қазақтың отырықшылыққа қатты бет бұрғаны сондай киіз үй табылмай қалған. Көзiқарақты автор мұны назардан тыс қалдырмайды. Киіз үй декорациясы жөнiндегi өз ойын ортаға салады. Қалай дегенмен де ұлттық ерекшелiктiң көрiнiп тұрғандығын қалайтындығын ашық айтады. Тiптi киіз үйдiң сахналық нұсқасын қалай дайындауға болатындығын да жария етедi. Жұрттың қойылымдарға риза болып, мұндай ойынға шыққан ақша адал ғой деп тарасқандығын айта келiп, «бiр кемшiлiгi – қазақ тамағымен буфет ашылмақшы едi, үй ыңғайсыз болып, бұл болмай қалды», – деп тағы бiр проблеманың ұшығын шығарды.

Араға бiрнеше жыл салып, дәл осы тақырыпқа «Первый серьезный успех казахского драматического театра» (Қазақ дарама театрының алғашқы күрделi жеңiсi) атты мақала жазуы да оның жүйелiлiктi қатаң ұстанғандығын айқын аңғарады. Бұл жолы М.Әуезовтың «Түнгi сарын» пьесасының қойылымы туралы қалам тербейдi. Аталмыш жарияланым жайында қазақ драматургиясының бiлгiр зерттеушiсi Р.Нұрғалиев: «...профессор Құдайберген Жұбанов «Түнгi сарын» трагедиясын жоғары бағалады», – деп атап көрсетедi. Расында да автор «Түнгi сарынды» қазақ драма театрының бағытын айқындаған қойылым ретiнде бағалайды. Талдау тереңдiгi, театр табиғатын зерделеудегi ұшқырлығы бұл тақырыпты да бiлгiрлiкпен меңгергендiгiнен хабардар етедi.

«Түнгi сарын» – 1916 жылғы Қазақстандағы ең үлкен көтерiлiстiң шынайы бейнесiн суреттеп берген пьеса. Публицистiң көтерiлiстiң тарихи маңызына берген бағасы назар аударарлық: «1916 жылғы көтерiлiс әр жерден тиiп-қашып, тұтанып басылған кездейсоқ көтерiлiс емес, бүкiл қазақ елiн тұтас көтерген ұлы қозғалыс болды». «Ұлы қозғалыс» жайындағы қойылымды iштерiнде көтерiлiске қатысқандары, өз көздерiмен көргендерi бар Бүкiл қазақстандық IX съездiң делегаттары тамашалаған. Солардың арасында Қ.Жұбанов та болады. Сондықтан оның «...қойылымды көргенде кешегi өздерiн алдап кеткен сатқындарды автордың шебер суреттеген бейнелерiнен танып отырды», – деп жазуы заңдылық сияқты. Бiлгiрлiкпен жазатын публицистиканы ұстанатындығына мына жолдар дәлел болады: «Рас, пьесаның кейбiр жеке кейiпкерлерiнiң бейнесiнде олардың рөлдерiн айқындай түсуде, музыкамен көркемдеуде, т.б. кемшiлiк жоқ емес. Спектакльдың барысында ол кемшiлiктер байқалып тұрғанымен, келешекте театрдың осы коллективiнiң өзi-ақ жетiлдiруге мүмкiншiлiктерi бар екенi көрiнiп тұр. Театр негiзiнен пьесаны меңгерген, оның алдында тұрған мақсатты да түсiнген, автордың ой-түйiнiн iске асыра бiлген. Бұл театр коллективiнiң өз жұмысына тыңғылықты қарағанының белгiсi. «Түнгi сарын» пьесасы арқылы театр өзiнiң

творчестволық бағытын анық бекітіп отыр». Автор театрға деген крайкомның бұрынғы басшыларының сыңаржақ көзқарасын да жасырмайды, ұлт театрына қамқорлық жасамағандығын сынайды. Мирзоян басқарған өлкелік партия комитетінің театрды да алға апаруға күш салып отырғандығын тілге тиек етеді. Аталмыш мақаладан сондай-ақ өлкеде 16 театр бар екендігінен, ұлт аспаптар оркестрі, мемлекеттік филармония жұмыс істейтіндігінен дерек аламыз. Бұл публицистің кең қамтып, фактілерді жинақтауға көңіл бөлетіндігін байқатады. Мақаланың басты құндылығы – «Түнгі сарынның» көзге түсіп тұрған кемшіліктеріне қарамастан, театрдың бағытын айқындайтындығына тоқтала келіп, «алдыңғы қатарлы театрлардың қатарына жету үшін көп қиындықты жеңуі қажет» екендігін арнайы атап көрсеткендігі.

Әдетте Қ.Жұбанов публицистикасының ерекшеліктерінің бірі ретінде іргелі де терең ғылыми танымның көпшілікке ұғынықты тілмен жеткізілуі танылады. Бұл ретте «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» атты тарихи-лингвистикалық очеркінің алатын орны ерекше. Мұнда тіл мен тарихи деректер негізге алынып, күй тәрізді симфониялық жанрдың дүниеге келу сыры егжей-тегжейлі баяндалады. Бір ғажабы, автор тар аяда шектеліп қалмайды. Зерттеу қазақ мәдениетінің ғана емес, басқа да көптеген халықтардың руханиой-өрісін ашып береді. Публицистің зерттеушілік диапазоны мейілінше кеңдігі байқалады. Түйінді пікір мынаған саяды: «...болашақта жоғары мәдениетті музыка мен қолда бар музыка мәдениеті арасының жібі үзілмеуі керек». Яғни, публицистің ойынша, осы заманғы музыка халықтық музыка негізінде туғанда ғана, халық музыкасының игі дәстүрін дамытқанда ғана жақсы нәтижеге жетпек. Бұл еңбекке қатысты өз ойын білдірген зерттеуші Б.Сапаралы оның өзгелерге ұқсамайтын өзіндік таныммен зерделейтіндігіне тоқталып: «Соны тұшына оқи отырып, жиырма-отызыншы жылдыр бедеріндегі әдеби, мәдени, өнертанушылық білім-өнеріміздің қаншалықты шалқарлықта болғанын аңдай түсеміз», – деген ой түйеді [2]. Ал этнограф-зерттеуші А.Сейдімбеков болса, Қ.Жұбановтың халқымыздың рухани мұрасын үңгіп зерттеп, көргендікпен пайымдай білгендігін, күй аңыздарына айрықша мән беріп, әдебиет, тарих, этнография, музыка саласына қосылар құнды мұра ретінде қарағандығын атап көрсетеді. Мәдени мұраның қадір-қасиетін түсінетін кез туатынын болжап білген тәрізді. Рухани байлық зерделенген очеркте публицист музыка мәдениетін дамыту ісінде халық музыкасының мұраларын тексерудің маңызы өте зор екендігіне жұртшылықтың назарын аударады. Қазақ еңбекшілеріне түсінікті, әсерлі болу үшін жаңа музыка олардың құлағына жат болмауы керектігіне баса көңіл бөледі. Ал жат болмаудың бірден-бір жолы – өзінде бар музыкаға негізделу болмақ. Публицист музыка мұраларын кәдеге жаратудың сабақтастығы сақталуы қажеттігіне маңыз береді: «Бұрыннан бар музыка мұраларын жетістіріп, толықтырып, көркейтіп, көркемдік жағын күшейтіп, примитив түрлерін гармониялап, халық музыкасындағы өмірге, тіршілікке шақыратын, ерлік, талап, жігер тудыратын элементтерін саралап алып, кертартпа, сарыуайым, жасықтық туғызатын жағын жойып, осы ретпен ғана қазақ

ұлтының қазіргі музыкасын дамытуға болады». Қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрдың бірі – күйлер екендігін публицист өнертанушының біліктілігі деңгейінде атап өтеді. Қай жағынан да, композиция жағынан да, музыка мәдениетінің басқа өлшеулері жағынан қарағанда да күйлер халық музыкасының жетіскен ірі тарауы болып табылатындығы дау тудырмайды. Автордың ойынша, қазақтың өзі де күйді артықша бағалайды: онда айтып тұрған әңгіме, сөйлеп тұрған сөз болмаса да, күйлердің өзінің музыка тілі халыққа сондай жақын, сондай түсінікті, оны сол тілсіз түрінің өзінде жақсы таниды. «Қазақта ән мен күйдің екеуі екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының жақсы ғана жетіскен сатыда тұрғандығын көрсетеді, – деп жазады Қ.Жұбанов. – Өйткені, бұлар әуелден айрылып туған емес, ән мен күй әуелде бір болып, бара-бара музыка мәдениеті жетісе келе, бірінен-бірі айрылып, вокал музыка, инструментал музыка болып, егізделіп шыққан. Халық музыкасының көпшілігі мұндай екі айрылуды білмейді. Музыка шығармаларының барлығы да тек әнде ғана болып, күй сияқты жанрларды білмейтін ел де бар». Соңғыларының мысалы ретінде татар, өзбек халықтарын көрсетеді. Күйге бұрын-соңды бағалардың ішіндегі мойны озығы ретінде публицистің мына пікірі дәлел: «Күйлер халық музыкасында сирек ұшырайтын нәрсе. Бұл осы күнгі Европаның симфониясы тәрізді. Мұндай дәрежеге жету үшін халық музыкасы жақсы дамыған болуы керек. Сондықтан күйлерді қазақ музыкасының ең жоғарғы түрінің үлгілері деп білуіміз керек». Қарастырылып отырған еңбектің басты еркешелігі – батыл зерделеулер тән. Күйлердің қалай құрылғанын зерттеу айрықша маңызды.

Тарихтың жазып қалдырған деректері жоқ болса да, автор күйлердің қалай шыққандығын, қалай пайда болғандығын, қалай дамығандығын зерттеген. Оның пайымдауына сүйенсек, «...тексеру методы дұрыс болса, бар материалдарды дұрыс пайдалана білсе, бұл жөнінде талай қараңғыны жарыққа шығаруға болады». Күйдің пайда болу тарихын зерттеу үшін пайдаланатын материалдарды көрсетеді. Бұлар, біріншіден, түрлі мәдениетті елдердің жазып қалдырған тарихи деректері, екіншіден, халықтың музыкаға байланысты тарихи идеологиясы, үшіншіден, сол идеологияның бірі болған тіл материалдары, төртіншіден, музыканың өз материалдары, халық музыка шығармаларының, күйлердің өзінің ішкі құрылысын тексеру, бесіншіден, осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыка шығармаларымен салыстырып, солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бірі мен бірінің араласып айқасқанын тексеру.

Күмбірлеген қазақ күйі қашаннан бері жұртқа белгілі? Не себепті күй деп аталған? Автор осы мәселелерді де көтере білген. Махмут Қашқаридың «Диуани лұғат» деген XI ғасырдан қалған, XIV ғасырда жазылған иран музыканты Әбдіқадыр Мурағидың «Зубдәтел әдуар» Европа зерттеушілерінен Кизеветтердің, Беляев пен Успенскийдің, Питраттың кітаптарынан деректер келтіреді. «Күй» деген сөздің арғы тегі «көкпен» байланысты болғанына тоқталады. Тарихи фактілердің қай-қайсысын да терең талдайды.

Публицист пайымдауларынан байқалатыны – өнердің табиғатын жетік білетіні өз алдына, сондай-ақ музыканың өзінің шыққан ортасын, оның қандай қызмет атқарғанын да ескеруді қажет деп табады. Мәселен оның өзіне-өзі қойған: «...қоғам қажеті үшін жұмсалған ба?» – деген саулынан біраз жайды аңғаруға болады. Осыны ашып айту керектігін алға тартады. Түрлі халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы жайынан жиналған, халық әдебиетін, түрліше нанымын, алғашқы мәдениет-тарихын тексерген, оның ішінде тілдің пайда болуын қарастырған материалдар мен деректер бұл жөнінде бірқатар мәлімет беретіндігі айтылады.

Тіл мен тарихтың бағалы деректерін сараптай отырып, публицист жыршы, әнші ерте кезде жай адам болмай, бақсылар, сиқыршылар тәрізді магия иесі болғанын, музыка алғашқы әзірде тек сауық үшін ұсталған нәрсе еместігін, табиғаттан сыртқы бір ірі күштер мен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек екенін түйіндеп жеткізеді. Өнердің тектөркіні туралы іргелі ой-тұжырымдар арналы өрістерге құлаш ұруға жетелейді. Аталмыш тарихи-лингвистикалық очерк өнертанудың терең қатпарларын тап басып танып, келер күнде алар асқаралы асуға біліктілікпен бағыт-бағдар сілтеудің үлгісі іспетті.

Танымдық тұрғыдан қызықты жайт саналатын қазақ тіліндегі музыка терминдерінің шығу төркінін тексере келіп, осы күнгі көптеген мамандардың міндетін ерте заманда дін басылары атқарып келгендігіне тоқталады: «Шамандардың Алтай елінің қаста деп аталатын ру бастықтары бір жағынан – осы күнгі молдалар, екінші жағынан түрлі мамандардың дәрілерлердің, метеорологтардың арғы атасы болып саналуға тиіс. Өйткені, нендей өнердің бәрі де бұрын солардың қолында болған...қаста жоғалып, ыдырай келе, бұл өнерлер жіктеліп, әрқайсысы әртүрлі мамандық болып кеткен». Сондай-ақ қазақтың бақсылары, есепшілері, тістің құртын шақыратындар, жыланды, бүйіні шақыратын тамыршылар, қобызшы, домбырашы, әншілер кәсібі ерте заманнан өрбіген деген пікірі де көкейге қонады. Олар алғашқы әзірде қобызға немесе басқа бір аспапқа қосылып өлең айтып, сол арқылы ауруды емдеп, болмаса басқа да сиқырлы істерін атқарып жүрсе, бері келе қоғам ішіндегі алуан түрлі кәсіп иелері болып кеткен. Осы орайда зерттеуші Е.Жұбановтың халық әдебиетінің мифтік арқауы туралы былайша ой толғағанын келтірген жөн: «Сол толып жатқан өнер иелерінің жалпы аты болып табылатын «бақсы» сөзінің мағыналарына ой жүгіртіп қарағанда да, оның әр елде, әр кезеңде әр түрлі ұғымды білдіретін термин болып қалыптасқанын көруге болады. Ғылыми әдебиетте бұл жөнінде көптеген деректер бар» [3]. Ертеден келе жатқан кәсіп иелерінің қалыптасу заңдылықтары қай жағынан алсақ та қызығушылық тудырады. Кезінде бұл сөздің мағынасына ең алғаш түсінікті Ш.Уәлиханов берген. «Қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары» деген мақаласында «бақсы» сөзін «шаман» дегеннің боламасы деп атап көрсетеді: «Шаман-сиқыры бар және басқалардан білімі артық адам; ол-ақын, музыкант, сәуегей, сонымен қатар ол-дәрігер. Қазақтар шаманды бақсы дейді, бұл маңғұлша «ұстаз» деген сөз; Ұйғырлар өздерінің сауатты адамдарын «бахшы» дейді, ал түркімендер

ақын-жазушыларын осылай деп атайды» [4]. Қ.Жұбанов та «бақсы» сөзін музыка терминдерінің бірі ретінде қарастыра келіп, оған бірсыпыра лингвистикалық талдау жасайды: «Ежелгі ұйғырларды бұл сөз «оқымысты» мағынасында болған... Стамбул университетінің әдебиет-тарих профессоры Гюперлизаде бұл сөз әуелде «бақсы» формасында еді, бері келе араб, иран, ұйғырларды «әнші» түріне айналып кетті дейді... Біз мұның қай формасының бұрын болғанын сөз қылмаймыз; алғашқы әзірде екі түрдің де болуы мүмкіншілігін көрсетіп өтеміз». Ол сонымен қатар қазақ тіліндегі «ауру бағу» дегені «бақ» түбірі немесе біреуге бір нәрсені «бағыштау» дегендегі «бағыш» түбірі осы бақсы сөзімен түбірлес болуы керек деген пікір айтады. «Бақсы» сөзінің әр кезеңдегі әртүрлі еңбектерде түрліше түсіндіріліп келгендігін де ескертеді. Мәселен, Париждегі ұйғыр-қытай сөзінде бұл сөз «оқытушылық» деп аударылса, Паве де Куртейль оны «парсыша білмейтін соттың песірі (писарь)» деп аударған. Ал түрік жазушысы Сүлеймен Әпенді сөздігінде, сондай-ақ венгр түркологы Вамберидің еңбектерінде «бақсыға әнші, ақын, музыкант деген анықтама берілген. Ноғайларда «бақсы»- музыкант, көркем өнерші мағынасында. Осы күнгі түркімендер музыкантты «бахшы» дейді, әрі түркімендердегі бақсы аталатын музыкант жай өнерші, жай музыкант қана емес, бұл өнер оларда «тұқым қуалап отырады, яғни біреуден біреу үйрену, белгілі школдан өту, профессионализм күштірек...». Осы мәліметтерді келтіре отырып, Қ.Жұбанов «бақсы» сөзінің түрлі замандардағы түрліше орындарда, әр алуан кітабында да айтылатындағына назар аударады. «Қ.Жұбановтың зерттеуі, сөз жоқ, қазіргі фольклорда типологиялық және тарихи салыстырма зерттеулердің басы, оның алғашқы үлгісі болады. Тек өкінерлік жай, осы бастама қазақ музыка тану ғылымында әлі онша іргерілмей келе жатқан сияқты», – деген зерттеуші М.Томанов тұжырымы әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ [5]. Шынын да да, бұл очерк халықтың мәдени мұраларына ғылыми баға беру тұрғысынан жазылған. Қазақтың күй өнерінің генезисі, ол пайда болған жағдай-күй өнерінің эпоспен немесе эпостың айтылуымен байланысы аса біргірлікпен баяндалады. Сонымен қатар өнер мен ойдың аса балаң да балғындау дәуірінде шешендік пен ән салу, би мен мим, паномима араосып, бақсылық арқылы орындалатын сахналық тұтастық халықтың дамуымен бірге жіктеліп, тарам-тарам түрлерге ажырап, өнердің сан сапасын кұрса керек. Соның аса бір айрықша үнге негізделген саласы – күй. Публицистің пайымдауынша, музыка сол халықтың мінез-құлқының, өмірлік тіршілігінің айнасы. Қазақ күйлері де сондай күйқалыптың музыкасы. Ал осындай күйді тірілтіп тартатын музыка аспаптары атауларының бүкіл дүниежүзілік тілдердегі үндестігі де ғалым зерттеулерінде үлкен ойға итермелейтін дәлелдер болып ұғынылады. Публицист-ғалым орыс тіліндегі домбыра, арабтың тамбур, бенгал, грек тілдеріндегі маир, қазақтың қобыз, қырғыздағы комус, ураиндық кобзарь, т. б. Сөздердің бір-бірімен ұқсастығымен қоса бір мағыналығы, сол аспаптарда орындалатын өнердің ұқсастығы, олардың шығу тегі туралы тосын ойларға жетелейді.

1963 жылы профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болу жайы» деген очерк кітабы шықты. Тарих, тіл деректеріне сүйеніп қандай қызық пікірлер түйген.

Қазақ тіліндегі музыкалық аспаптар мен атаулардың этимологиялық тегін зерттей келіп, профессор Жұбанов олардың тілдік қорымызда өте ерте заманнан келе жатқанын дәйекті дәлелдейді. Ән мен күйдің де түпкі төркінінің бір екенін анықтап келіп, бұл екі жанрдың бері келе ашалануы қазақ қазақ халқының тарихи дамуының нәтижесі екеніне көзінді жеткізеді. Бұл еңбектің ендігі бір тамаша қорытындысы- күй жанрын бастапқы синкретикалық өнерден тарамдалып шығып, дами келе қазақ музыкасында симфониялық қалып алған кемелді жанр деп танытуына саяды. «Бері келе, – дейді Құдайберген Жұбанов, әдебиет жанрлары жетісіп, бірінен-бірі бөлініп, қара сөз әңгіме, өлеңді әңгіме, содан кейін өлең бөлек-бөлек жанр болып шыққаны сияқты, күйде де жаңағы сюжетті әңгіме мен күйдің ішінен қара сөз бөлініп, әдебиетке кетіп, сөз құралып, дауыс қосылып айтылатындар ән болып шығып түрлі дыбысты, түрлі қозғалысты суреттейтін жерлері бөлініп, күй болып кетсе керек.

Сонда күйлердің бір қатары сол бүтін сюжеттік әңгіменің ішіндегі барлық музыкалы моменттерден құралып, құрастырылған құрама, бір музыкалы әңгіме болса, кейбіреулері соның ішіндегі тек бір ғана музыкалы моментті айырып, ұлғайтып, жетістіріп, гармониялық бір күйге айналдырып жіберген болса керек» [6].

Қазақ әдебиетінде де, журналистикада да әуелден қалыптасқан бір жүйеге түскен очерк түрлері мен пішіндері бар. Алайда әдебиеттің, журналистиканың басқа жанрлары сияқты очерктен өзгеріп басқа жанрлар туып, жаңадан дамып отыратыны тағы бар. Кейбір бұрыннан бар очерк түрлері жойылып тыңған уақыт, заман талабына сай туындаған очерк түрлері өмірге келіп жатады. Кей жағдайда очерк көтерген тақырыбына орайластырып «Ауыл шаруашылығы очерк», «Тұрмыстық очерк», «Саяси очерк», «Әлеуметтік очерк», «Экономикалық очерк» үрдіске айналдыру қате сияқты. Бұл жөнінде очерк жанрларын зерттеудің өздері де бір пікірге келе алмай әр қилы ой тұжырымдар айтып келген. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышында» очеркті әуезе деп атап оны шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме деген түрлерге бөледі. 1920-30 жылдарда көркем очерк түрлерін тақырыбына қарай жүйелі орын алып келді. Сол жылдардағы газет-журнал беттерінде «Саяси очерк», «Ауыл шаруашылығы очерк», «Социологиялық очерк», «Лирикалық очерк», «Экономикалық очерк», «Өндірістік очерк», «Мінез-құлық очерк» деген очерк түрлері белең алған. Бұл тұста очерктің көтерген тақырыбына сәйкес бөлу, ескерулер байқалады. Очерктанушы Т.Ыдырысов «Жолсапар очерк», «Проблемалық очерк», «Портреттік очерк», «Оқиғалы очерк», «Публицистикалық очерк» деген түрлерге бөледі. Орыс әдебиетіндегі журналистикадағы очерк түрлерінің жіктелуі. 1930 жылдан бұлардан бастау алып «Наши достижения», «Литературная учеба», «Литературный критик» басылымдарында «шетелдік», «экзотикалық», «билитристикалық», «техникалық», «мемуарлық», «зерттеушілік», «өлкетанушылық» деген түрлерге

жіктеліп жүздеген очерктерді басып отыр. Публицистикалық очеркте материалға ерекше әлеуметтік саяси тереңдік бере отырып, публицистикалық басты бастама басты орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ауэзов М.О., Кенесбаев С.К. Основоположник казахской лингвистики// Худайберген Жубанов и казахское советское языкознание. А-Ата:Наука,1990, стр. 21-25.
2. Кенесбаев С.К.Профессор Худайберген Куанович Жубанов // Х.К.Жубанов. Исследования по казахскому языку. - А-Ата: «Наука»,1936,361 с.
3. «История Казахской ССР. Эпоха социализма». А-Ата, 1963, стр. 529-531.
4. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті А., Білім, 2003, 224
5. Қазақстан шетел әдебиетінде\ кұр. К.Ермағамбетов А.,Атамұра,1994, 152
6. Проф. Қ. Жұбанов. Қазақ тілінің грамматикасы, I бөлім. Сөздің жалпы құрылысы (жалпы морфология). Орта мектептің V класына арналған. 1936, Қазақстан баспасы, 74 б.
7. Әуезов М. Уақыт және әдебиет А., Қазмемкөркемәдеббас, 1961, 532

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

ҚОНДЫБАЙ К.Ә.

*Аға оқытушы, ф.ғ.к.
kondybay@mail.ru*

ЕСЕНОВА Г.С.

*Аға оқытушы, г.ғ.м.
esen_gulshat@mail.ru*

Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

Қазақтың кәсіби тіл білімінің негізін салушы профессор Қ.Жұбановтың әдістеме ғылымына қосқан үлесі де ұшан-теңіз десек, қателеспеген болармыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі де бір күнде жасала салған ғылым емес екені бесенеге белгілі. Оның бастау бұлақтарын Ахмет Байтұрсынұлының, Ы.Алтынсарин еңбектерінен көретін болсақ, одан бері талантты ғалым, педагог Қ.Жұбанов та қазақ тілінің әдістемесі ғылымының бастауынан орын алары заңдылық.

Ғалымның «Буын жігін қалай табуға болады?» атты еңбегінің өзі біршама мұғалімге тілдің қыр-сырын үйретуде ой салаларлық әдістеме деуге әбден болады. Қ.Жұбановтың өз пікірін қарап көрелік: «Қазақ тілінің табиғатын дұрыс тану үшін буын жүйесін жете білу керек. Буынды жақсы білмесең, емлені де білмейсің: сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты морфология негізін де ұға алмайсың, буынды білмейінше, сөз екпіні (ударение), сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынды аңғармасаң, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың; буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың... қысқасы буын жүйесін жақсы білмей тұрып, ана тілі сабағын басқаруға болмайды», - деп үзілді-кесілді шешім жасаған [1.298]. Ғалымның осы пікірінің өзі жалпы әдістеме ғылымы үшін тұнып тұрған көрсеткіш деуге тұрарлық, себебі тілдің салаларының бір-бірімен сабақтастығын, бір-бірімен байланыстылығын айта отырып, оларды үйретудің де өзіндік ерекшеліктері бар екендігі, олардың теориясын жақсы меңгермейінше, оны жас жеткіншекке де үйретудің қиын екенін ескертіп отыр. Фонетикадан басталған білім, білік, дағдыларды игеру үшін, оның теориясын толық меңгеріп барып, оны өзгеге игерту оңай болатынын, оны да түрлі тәсілдер арқылы, жаттығулар мен мысалдар арқылы бекіту керектігін айтады. Буынды дұрыс түсініп, оның түрлері мен буын жігіне ажырау ерекшеліктерін дұрыс игеру оңай еместігін қадап атайды. Мұғалімдерге буынды дұрыс өзің білмесең, оны балаға үйрете алмайсың деп кесіп көрсетеді.

Буынды білмейінше, оқушыға орфография, емле мәселелерін дұрыс үйрете алмайсың, сондықтан оқушыға ұқтыра алмайсың деген ескертпе айтады. Оны ғалымның өз сөзімен беріп көрелік: «Оқушылардың емле қателерін Емле жайындағы айтыс мақалалардан қайсыбір дыңдай азаматтарымыздың да буынды жете түсініп болмағанын көріп жүрміз». Осылай айта отырып, буын жүйесінің біздің тілімізде маңызға ие екенін, буынның мәселесін, теориясын дұрыс меңгермесе, нағыз сауатты болудың мүмкін еместігін ескертеді. Тілдің басқа басқа салаларын өткен кезде де буын жүйесін оқушыға түсіндіріп отырудың маңызды екенін ерекше атап кетеді.

Сонымен қатар зерттеуші ғалым оқушылардың емле қателерін талдап қараған жағдайда, қатенің басым көпшілігінің буын жүйесін дұрыс түсінбегеннен екендігін айрықша атап өтеді. Сондай-ақ емле жөнінде пікір айтқан мақалаларды оқып қарағанда сол азаматтардың да буын жүйесін дұрыс түсінбегені байқалады деген пікірін келтіреді.

Ғалым қазақ тіліндегі буын түрлерін *Ды* буыны немесе жалаң буын деп мынадай мысалдарын келтіреді: ә-кел, ұ-зын, ү-нем, ө-ріс, ы-рыс, і-шік. Бұл жерде зерттеуші жалғыз дауыстыдан жасалғанын, сондықтан жалаң дыбыс деп аталғанын айтады. *Дз-Ды-* (дауыссыз –дауысты) немесе ашық буын деп бөлген. Мынадай мысалдар келтірген: қа-ла, те-ре-зе, су-ла-ма.

Сөздің басында да, ортасында да, соңында да ұшырай береді, біздің тілімізде көп кездесетін түрі дейді. Ды-Дз (дауысты-дауыссыз) – жеңіл тұйық буын деп бөледі. Мысалына мына сөздерді жатқызған: ас, ер, ән, өс, ұн, ұр, ық, іс. 4.Дз-Ды-Дз (дауыссыз-дауысты-дауыссыз) – жеңіл бітеу буын. Мысалы: қар, жел, сот, жөн, тұр, сыз, сіз. Осылардың бәрі бітеу буын дей отырып, мына сөздерді келтіреді: жаң-быр, сын-дыр, құн-дыз, күл-гір, сол-ғын, көз-гіл. Бұл буын бір сөз болып та сөз бөлшегі де болатынын айта келе, бірақ сөздің соңғы буыны болып, оған жалғас келген сөз дауыстыдан басталатын болса, екі ортасында тыныс болмаса, ол буынның соңғы дыбысы айырылып, келесі буынға қосылып кететіндігін, өзі ашық болып қалатынын ескертеді. Бұл жерде ғалым буын түрлерін мұғалім жете білу керектігін, оны балаға үйрету керектігін баса көрсетеді. Ды-с Дз-қ Дз –ауыр тұйық буын, Дз-Ды-сДз-қДз- ауыр бітеу буын деп бөлген екен. Мына мысалдарды келтіріп отыр: айт, елт, өрт, әуп, аңқ. Қайт, қант, селт, тарт, қыңқ, қаңқ.

Буын жігін қайткенде оңай табады? Буын түрлерін бөліп көрсете отырып, одан мынадай қорытынды тұжырым жасаған болатын:

1. Дауысты дыбыссыз буын болмайды.

2. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды.

3. Дауысты дыбыс жалғыз өзі де буын бола алады.

4. Бір буында үштен артық дауыссыз болмайды.

5. Екі дауыссыз бір буында қатар келетін болса, дауыстының соңынан ғана келеді. Еш уақытта алдында екі дауыссыз қатар келмейді.

6. Сөз ішінде дауыстыдан басталатын буын болмайды. Әр уақытта ортадағы, аяқтағы буын дауыссыздан басталады [1.307].

Аталған қорытындыға сүйене отырып, әр сөздің дыбыстарын аяқ жағын бастап қараймыз, дауысты дыбыстан кейін келген дауыссыздарды ескермей өте шығып, әр дауыстының алдына бір дауыссыз тастап бөле береміз дейді де, оқытушы сөзін мысалға келтірген. Былайша түсіндіреді. Ғалымның өз сөзін келтірелік. «Мысал үшін оқытушы деген сөзді буындап көрелік. Аяғынан бастасақ, аяққы дыбысы ы- дауысты, мұның алдында бір дауыссыз тастап бөлсек, оқыту// шы болады. Оған жалғас тұрған дауысты у-дың алдында бір дауыссыз тастап бөлсек, оқы// ту// шы болады. Бұған жалғас тұрғандауысты ы-ның алдына бір дауыссыз тастап бөлсек, о//қы// ту// шы болады. Сонда оқытушы сөзі төрт буынды болып, буын жігі м о-қы-ту-шы тәрізінде ашылып шығады» [1.307]. Осы тұста да ғалым мұғалімнің балаға үйрету әдісін нақты түсіндіріп, жілікше шағып, дәлелмен көрсетіп беріп отыр емес пе? Және сонымен қатар әдіскер ғалым балаға үйрету үшін, мұғалімнің буын жүйесімен толықтай таныс болуын ескертеді. Аталған мақаласын бала үшін емес, мұғалім үшін жазғанын айта келе, мұғалімнің өзі жақсы ұғынса, балаға үйрете алады деген сенімін білдірген. Буынды жіктеу, оның түрлерін, үйрету жолдарын беру бастауыш оқушылары үшін ауыр дей отырып, буынды жүйелі түрде топтастырып айыру 5 жылда ғана мүмкін деген екен. Бұл тұста да мұғалімнің теориялық мәселені жақсы ұғынуы мен оны оқушыға үйрету жайы сөз етілген. Емле

әдістемесі туралы да мақалалары жарияланатынын айта келе, оны балаға үйретпес бұрын, буынды оқыту жүйесін игерту керектігін ескертеді. Яғни, ғалым тілді үйретуде жүйелілік, саналылық, ғылымилық қағидаттарын ұстанбайынша, тілді үйрету мүмкін еместігін, тіл салаларының арасындағы байланыс туралы мәселені еске ұстауды қадағалау керектігін ерекше атайды.

Ғалымның аталған мақаласымен үйлесім табатын ф.ғ.к. Қадырқұлов Қайсардың «Буын және оның түрлері: қағида мен әдістеме үйлесімділігі» деген мақаласын қарап көрелік. Зерттеуші былай дейді: «Қазақ тіліндегі сөздердің айтылуы мен жазылу заңдылықтарының дыбыстық жүйеге негізделетіні тілдегі құбылыстарға ғылыми тұжырымдар жасау әрекеттерін күрделендіре түседі. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұсынған қағидалар уақыт өте келе тілдік қолданыстағы қайшылықтарға себеп болады. Тіл біліміндегі ғасырлар бойы сұрыпталған заңдылықтар кейбір ережелердің шеңберіне сыймай жатады. Бұл – қалыпты құбылыс. Ғылыми зерттеу үдерісі мен оқыту үдерісі үнемі сәйкестік тауып, үйлесімді нәтиже бере бермейді. Әсіресе, ғылыми зерттеу нәтижесінің шынайылығы оқыту үдерісі барысында айқындала түседі. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тіліндегі буын мен оның түрлеріне берілген анықтамалар мен ғылыми тұжырымдар да оқыту үдерісі кезінде көкейкесті мәселелер туындатады. Фонетика саласының аясында ерекшеленетін буын және оның түрлері ережелік деңгейдегі нақты анықтаманы иелене алмай келеді. Оқулықтардағы ережелерден аңғаратынымыз – буынның жазылуда емес, айтылу кезінде ажыратылатындығы» [2.]. Яғни, мақала авторы кейбір қағидалар мен ережелердің біршама уақыттан соң тілдік қолданыста сәйкессіздікке ұшырайтынын, кейбір заңдылықтардың ереже шеңберінен шығып кетіп жататындығын, оны өзі оқу үдерісі кезінде айқындалатынын атап отыр.

Сонымен қатар ғалым мынадай пікірді келтіреді: «Егер **қанты** сөзі неліктен **қа-нты**, **жойқын** сөзі неліктен **жо-йқын** болып бөлінбейді десеңіз, оған да жауабы дайын. Өйткені, ереже бойынша қатар келген екі дауыссыздың екіншісі келесі буынға көшеді. Бұл- **буынның жылысуы**. Сонымен қатар, **буын қос дауыссызға басталмайды** деген ережеміз тағы бар. Бірақ, буын туралы ережелер көбейген сайын, буын ұғымын түсіндіру қиындай түседі. **Суық, қуақы, туынды, қиын, киім, қиық** сөздерінің **су-ық, қу-а-қы, ту-ын-ды, қи-ын, ки-ім, қи-ық** түріндегі буынға бөлу үлгісі беріледі /4/. Бұл үлгі жоғарыда көрсетілген ережелердің бәріне қайшы келеді; келесі буынның дауыстыға басталмайтындығын, жалаң және тұйық буындардың сөз ортасы мен соңында келмейтіндігін, айтылу кезіндегі сөздердің толқынды бөлшегін жоққа шығарады. Бұның бәрі буынға берілген анықтаманың негізінде күмәнді тұстардың бар екендігіне меззейді». Бұл жерде ережелердің бір-біріне қайшы келетіндігі, сонымен қатар оқушы түгіл мұғалімнің үйретуінің қиындай түсетіндігін ерекше атайды, ол үшін мұғалім өзі үйренуі керек сияқты. Сонымен қатар зерттеуші ғалымды оқушыға буын туралы мәліметті және буынға бөлу жолдарын мұғалім дұрыс үйретуінің маңыздылығын айтуының өзі болашақ ұрпақтың сауаттылығы

мәселесіне шынайы жанашырлық танытқаны емес пе?! Ғалымның өз пікірін келтіріп көрелік: «Қазақ тілін оқыту үдерісі барысында осындай күрделілік тудыратын құбылыстарды шәкіртке түсіндіру, олардың біліктілігін жан-жақты жетілдіріп отыру оқытушының басты міндеті болып саналады. Ғылыми тұжырымдар мен қағидалардағы кемшін тұстар келесі ғылыми зерттеу жұмыстарында түзетіліп, нақты шешімін табуы мүмкін. Ал оқыту үдерісі кезіндегі әдістемелік қателік кейін дұрыс шешімін тапса да, шәкірт үшін кеш болады. Сондықтан, өтілген тақырыптардың оқытушы үшін де, шәкірт үшін де күмәнді тұстары болмағаны жөн». Айтылған пікірге толықтай қосылуға болады. Шындығында, жана ережені күту, оқып жатқан оқушының дұрыс білім алуына кері әсерін беретіні, сауатсыздыққа әкелетініне қынжылыс білдіреді. Осындай ереже мен заңдылықтардың қайшылықты тұстары тіл білімінің басқа салаларынан да орын алып келеді. Оқушыға беретін білім нақты және түсінікті, дәлелді де дұрыс болуы қадағалануы тиіс.

Мақалада буын туралы, оның түрлері туралы, оның үйрету мәселесі сөз етіледі, оқушыға үйретпес бұрын мұғалімнің өзі теориялық мәселелердің дұрыстығын, оның дәлелдерінің айқындығын, қалай үйрету әдіс-тәсілдерін де дұрыс білу керектігін қадап айтып кеткен. Қазіргі қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де буын мәселесіне қатысты ережелердің қайшылықты тұстары орын алып отырғанын ескертеді. Қазіргі ғалымдарды да толғандырып жүрген мәселелердің бар екені де байқалды. Буынның ережесі мен оны оқушыға жеткізуде мұғалімнің өзінің де теориялық мәселерді толық меңгеруінің орны ерекше екендігі ерекше қадап айтылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Құраст.: Ғ.Әнес. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 бет.
2. Қадырқұлов Қ. «Буын және оның түрлері: қағида мен әдістеме үйлесімділігі».

Q.JUBANOV JÁNE QAZAQ TIL GÝLYMY

Bekmazova Dinara Dostanovna

*Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe óńirlik memlekettik ýniversiteti,
teorualyq jáne qoldanbaly til bilimi kafedrasynyń oqytýshysy*

Kez kelgen ǵylym salasynyń bastaýynda ǵasyrlar boıy mańyzdylyǵyn joımaıtyn, ýaqyt ótken saıyn, izdene úńilgen saıyn keler urpaq tyń oi, tereń paıymdaý, jańa bilim tabatyn ǵumyrlyq eńbekter bolatyndyǵy belgili. Mundaı eńbekterdiń

qataryna HH ғасыр басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалайға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қыянулы Жубановтың зерттеулері жатқызылады.

Қазақ тіл білімінің туңғыш профессоры Қ.Жубанов 1937 жылдың қараша айында нақақтан-нақақ, «халық жауы» ретінде тұтқындалып, содан жыл өте, 38-ге енді шыққан кезінде аты жазасына кесілген болатын. Аз ғұмыр, қысқа уақыт ішінде қазақ филологиясына мол үлес қосып, қомақты мұра қалдырған талантты ғалымның еңбектері 1937 жылдан кейін жарық көрмей, 20 жыл бойы жұртшылық назарынан сырт қалып келген еді. Тек 1957 жылы Құдайберген Жубановтың азаматтық қуқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымна ұсынғыға мүмкіндік туды. Профессор Қ.Жубановтың өмірі мен шығармашылығын туңғыш зерттеген жубановтанұшы, академик Рәбіға Сыздықтың сөзімен айтсақ: «... өзінің табиғат берген бітіммен, Алла Тағала сыйлаған ақылды-парасаттылығымен, үлкен таланттылығымен, ата-анасы мен тәрбиесінен келген қабілеттілігімен, алған білім-таныммен елден ерек тұрған біртұрар (феномен) тұлға» өзінің аз жасаған ғұмырында ғылым үшін баға жетпес классикалық зерттеулерін мұрас етіп қалдырды.

Профессор Қ.Жубанов қазақ тілінің зерттелуі болшағын өзіне тән көрегендікпен, табиғи дарындылықпен болжам жасап, олардың кейбір тұстары тілдің қолданбалы саласының жаңа бағыттарынан да байқалады. Дәлірек айтсақ, тіл зерттеу аясындағы HH ғ. 60-жылдарында ғана пайда болған «Статистикалық лингвистика», «Лингвистикадағы моделдеу» бағыттарының кейбір бастамаларын Құдайберген Жубановтың сол кездегі зерттеулерінің өзіннен-ақ мұнынан кездестіруге болады.

Қ.Жубанов өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ өз зерттеулерін заманға сай жүргізуге ұнталанғанын «Қазақ тілінің жоғарғы кыры» атты жазған еңбегіндегі мына тұжырымнан байқауға болады: «HH ғасырда жаратылыс ғылымы ілгеріледі; оларды зерттеуге түрлі метод қолданылды. Обектив әдісімен іс істей тілшілерге де жұқты. Бұрын тіл логика негізді әдіспен зерттеуі еді (іағні, сағызша созыла беретін белгилі өлшеуге келмей, көбіне сүбектив жорамалға сүйенетін)», – деді.

Ғалымның сол кездің өзінде-ақ тіл білімінде сандық деректерді пайдаланудың қажеттілігіне де ерекше ден қоюы байқалады. Мәселен, ғалымның 1936 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде сөз мұшелерінің орны, дыбыстардың саны мен сапасы, түрлері тұралы жазған тұжырымы осыған дәлел: «Дыбыстың саны бар да, сапасы бар. Дыбыстың сапасы бірдей болса тұрып, саны әлденешей болса береді. ... Бір тилде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қыры жоқ, бірақ оның бәріннің бірдей сапасы әр түрлі болса бермейді. Сапасы әр түрлі болатын дыбыстар белгилі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды. ... Қазақ тілінде де сапасы әр түрлі болатын дыбыстардың арнайы саны бар...». Тилдік құбылыстарда сан мен сапаны ажырату қажеттігін айта келе, ғалым тұрпат (форма) пен мағынаны да ажырата білудің маңыздылығын тұанақтап айта білген. Мысалы, «Қазақ тілінің жоғарғы кырында» былай деді: «...Бірақ (грамматикалық құрылымдардың) сыртқы белгілеріне сүйенуден формализм туды. Сөтіп морфология жеке сөздердің формасын, синтаксис сөз тіркестерінің формасын тексеретін ғылым деп танылды. ... Синтаксисінің өзі де ... тіркескен сөздердің тіркесуі формасын қарайтын ғылым болды» – деп келе, бұл әдісті толық қолданатынын білдіреді. Осындай күмәнің дәлелдері тұсы мақсатымен және ол

baғыtty tolygynan teristemetin bildiry úshin ǵalym «Qazaq tili grammatikasynyn kebir máseleleri» atty eńbeginde taǵy da bylai deidi: «...Ras, biz formashylarǵa qarsymyz: til qubylystaryn jalań túr jaǵyn ǵana zertteymen bilip bolmaidy. Bul – sózsiz syńarjaqtyq. Sonda da joǵynan bary ıgi. Túr – forma degen tilde joq belgi emes, bar nárese. Bar qasietin kórsetýshilik qashanda paida bolmasa, zıan keltirmeidi. Biraq jetkiliksiz, ótkeni túr (forma) tildiń bar taraýy emes, bir taraýy».

Shyndyǵynda da, ǵalym zertteýlerinde tildiń formalyq sıpatyna jáne obektivtilikke súnenetin jaqtary barshylyq.

Endi, qazirgi kezde qoldanbaly til biliminiń dástúrli baǵytymen qatar damyp kele jatqan jáne zaman suranysyna saı paida bolǵan onyn jańasha baǵytyndaǵy «tildi modeldeý» ádisiniń joǵarydaǵy taqyrypshalarda sóz bolǵan kebir teorıalyq tustaryn qaitalai otyra, salystyrmaly paıymdaýlar jasaýǵa áreket eteik.

Modeldeý ádisiniń qajettigi, eń aldymen, zertteý nysanymyzdy tikelei baiqaýǵa, iaǵni qolmen ustap, kózben kórýge bolmaıtyn jaǵdailardan týyndaidy. Sondyqtan osyndaı modeldeý ádisi, ol ózinshe bir bólek ádis retinde, kóptegen ǵylymdar salasynnda, sonyn ishinde qazirgi kezde qazaq tilin zertteýde de qoldanys taýyp júrgeni belgili.

Ǵylymı ádebietterde «model» terminine mynandaı anyqtama beriledi: «Model degenimiz – zertteý nysanynyn qasietterin boıyna saqtai alatyn jáne túpnusqanyń (nysannyń) ornyna júretin, tanymdyq protsesiniń qajettiginen týyndaityn materialdyq ne abstrakty nysan (obekt)» delingen.

Model ár ýaqytta óziniń túpnusqa túrindegi shyndyǵynan da artyq kúide, iaǵni «dáriptelgen» sıpatta qarastyrylady. Osynyn negizinde, qai ǵylym salasynyn bolsyn, formaldy modelderi matematikalyq júie dep qarastyrylady. Sondyqtan, basqasha aitqanda, formaldylyqtyń túsinigi – matematikalyq daldik nemese birizdilik deýge bolady. Bul qasietter til tabıǵatyna da tán qubylys.

Osymen qatar, lingvistikalyq model eksplonatorlyq qasietke de ie bolý kerek dep uıǵarylady, iaǵni onyn túsinikteme berý múmkindigi bolýy qajet. Atalǵan qasietke ie bolýy úshin, ol, eń aldymen, osyǵan deıingi tildik teorıa negizinde túsinigi kúńgirt ne túsiniksiz bolyp júrgen tildik qubylystardy birizdi túsinire alatyn, anyqtama bere alatyn múmkindigi bolýy kerek. Sol sııaqty, zertteý nysanynyn burynsońdy eskerilmei júrgen jańa múmkindikterine de ǵylymı boljam jasaı alatyn qabileti bolýy qajet dep paıymdalady.

«Lingvistikalyq modeldeýde» sóleý qyzmeti modeliniń pishinin eki túrde qarastyrady. Onyn birinshisi – semantikasyz nemese tek grammatikany ıgerýge ǵana «elikteýshi» taza sintaksistik model. Ekinshisi – maǵynaly sóilemderdi túsinire bilýmen qatar, olardy durys qura da bilý múmkindigine elikteitin – semantikalyq modelder.

Mundaı modelderdi qurý jazba ne sóleý mátinderin avtomatty túrde óndeýde asa mańyzdy. Máselen, «mashınalyq áydarma» júyeleriniń barlyq damyǵan túrlerinde «avtomattandyrylǵan sintaksistik taldaý» júrgizý sóilemniń semantikalyq túsinigin alý úshin jáne ekinshi tildik júiedegi sóilemder qurylymyn «áydarma grammatikasyna» áyystiry úshin asa qajet dep sanalady. Sol sııaqty, «aqparattyq izdeý» júiesinde de tolyq sintaksistik taldaý sóilem quramyndaǵy «esimdi sóz

tirkesteri» negizinde tanyлады. Al «jasandy intellekt» jası máselesindegi máindi taný júesine qatysty sintaksistik taldaý, ózinshe bir bólek semantika-sintaksistik toptamany quraıdy deýge bolady.

Qazirgi kezde, qai tildiń bolmasyn, oǵan tán sóilem qurylymynyń dál jáne formaldy berilisin bilý asa qajet bolýda. Ol úshin rettelgen syzyqlyq tizbek quraityn kesindiler jıyny – «qurastyryshylar júesin» nemese «qurastyryshylar modelin» qura bilý kerek. Atalǵan modelde sintaksistik birlik retinde sóz tulǵalar, sóz tirkester jáne olardıń qurylymdyq qatynastary qarastyryladı.

Jogarydaǵy taqyrypshalarda baıandalǵandaı, júe jıynyndaǵy qatynastar «graf» dep atalатыn syzba túrinde kórinis tabady da jáne onyń tóbeshigindegi eń kishi birlik retinde ne negiz sóz, ne sóz tulǵa, ne sóz tirkes alynady. Sóilemderdiń graflyq syzbasyn salýdyń aldynda sóilemdegi árbir sóz qoldanystar óz reti boıynsha nómirlenedi. Ári qaraı, syzbalar túrinde graf tóbeshigindegi qurastyryshy sóz qoldanystar maǵynalyq jaǵynan ishki sóz tirkesterge bólektelip, olar bir-birimen ishki jáne syrtqy táyeldilikterine qaraı, túzý syzyqlyq kesindiler arqyly ózara qosylady. Osyndaı syzba pishini ádebietterde «qurastyryshylar modeli» nemese «sintaksistik model» degen termindermen atalyp jú.

Sóilem qurastyryshylaryna taldaý júrgizýdiń ózindik qıynshylyǵyna qaramaı, «qurastyryshylar modelderi» sóilem qurylymyn grammatikalıyq jáne semantikalyq turǵyda da durys sıpattaıdy dep sanalady. Mundaı durystyq sıpat, kóbinde, maǵyna ajyratý kezinde, mysaly, qurastyryshy sóz tulǵalar – «omonimdes sózder» nemese sóilemder – «omonimdes sóilemder» bolǵan jaǵdaılarda anyǵyraq baıqalатыny dáleldenedi.

Sóilemder ishindegi sóz tulǵalar arasyndaǵy qabysý, janasý, qıysý, meńgerý sıpaqly táyeldilikter jıyny sol sóilemniń sintaksistik qurylymy jaly kóptegen málimetter bere alady. Al tájiribe júzindegi izdenisterde, mundaı táyeldilikterdiń jıyny graf pishinindegi syzba túrinde kórinis tabady.

Professor Qudaıbergen Jubanovtyń sóilem qurylymyna qatysty zertteýlerinde sóilem ishindegi sóz tulǵalar men sóz tirkester «graf» nemese «qurastyryshylar modeli» degen termindermen atalmasa da, sóilemge enetin sózderdiń árbireýin tiisti nómirlermen tańbalay jáne olardıń táyeldilikterin syzba túrinde kesindiler men tórtburyshtar arqyly berý molynan kezdesedi.

Ári qaraı osy sóilemdegi sózderdi túpnusqadaǵy balamalarymen salystyra otyra, olardıń maǵynalary men tulǵa ózgeristerin taldaıdy. Mine, mundaı áreketter qazirgi kezde arnayı ádis retinde sóilem sintaksisin modeldeýge qatysty zertteýlerde jii qoldanys taýyp jú.

Q. Jubanovtyń zertteýlerinde, ıaǵni «Sóilem músheleri», «Jetek sóz da jetekshi sóz», «Sóilem músheleriniń oryn-orны» degen taqyrypshalarda «О формах сочтения слов в казахском языке», «О построении речи на казахском языке» jáne «Етіуды к переводу трех стилей атты мақалаларында kórinis tapqan syzbalar úlgisi 12 túrli síret arqyly berilgen. Bul keltirilgen syzbalardy qoldanbaly lingvistika terminimen aıtsaq, belgili maǵynada, «Qazaq sóilemderiniń sintaksistik modelderiniń úlgileri» deýge de bolady.

Endi sóilem ishindegi táýeldilikterdiń kesindi syzba túrinde kórinis tabýyn Q.Jubanovtyń atalǵan kitabynndaǵy mynadaı paıymdaýlarynan baiqaýǵa bolady:

1) kitaptyń 156-betinde «Aıqyndaýyshty óziniń aıqyndap turǵan sózimen syzyq arqyly baılanystyryp kórsetsek mynadaı bolady» dep eki túrli syzbany usynady;

2) kitaptyń 160-betinde – «Bizder mektepke keldik» degen sóilemdi mysal retinde alyp, bylai paıymdaǵan: «... bul úsh sóz matastyryлмаған. Bizder degen men mektepke degen ekeýi jinalyp keldik degen bir sózge arqandalǵan. Munyń arqandalý retin syzyqpen kórsetsek mynadaı bolady» dep jáne «Endi qai sóz, qai sózdi jetektep turǵany da syzbamen tańbalasaq, mynadaı bolady» dep syzba túrinde usynady;

3) kitaptyń 162-betindegi «Sóilem músheleriniń oryn-orny» degen taqyrypshada bastaýysh, baıandaýysh, anyqtaýysh jáne tolyqtaýysh bolatyn sóilem músheleriniń oryndaryn kórsetý úshin M.Áyezov shyǵarmasynan alynǵan myna sóilemniń «Bul – mal kútken, malǵa yqylas damn beıildiń kórmesi» ár sózin nómirlep alyp, bylai deıdi: «Mundaǵy sózderdiń qalaısha qıyndasyp turǵany syzyqpen kórsetsek, mynadaı bolady» dep syzbaǵa silteme jasaıdy.

4) kitaptyń 482 betindegi «O postroeni rechı na kazahskom ıazyke» aty maqalasynda 16 sózqoldanystan turatyn sóilemdi qarastyryp, olardyń formaldy belgileri arqyly jáne bir sózge qatysty parallel tirkesterdiń oryn tártibiniń qatal saqtalmaı, tek logıkalyq ekpinge ǵana baǵynyshtylyǵy jaıly syzbany usynady. Bul syzbanyń sóilemniń sintaksistik modeliniń kórinisi ekendigine osy salanyń mamandary kúmán týǵyzbas degen oidamyz.

5) kelesi qarastyratynymyz ǵalym kitabynyń 531-betindegi kólemi jaǵynan shaǵyn (4 bet), al qundylyǵy jaǵynan «aýdarmanyń sintaksistik jáne semantikalyq modeli» ǵylymı baǵyty úshin asa mańyzdy «Etiýdy k perevodý treh stileı» aty (taqyryby shartty – red.) aty zertteý jumysy. Bul maqala QazSSR-nyń Ortalyq arhivinen alynyp, tuńǵysh dam Almatyda «Leksiko-semanticheskie voprosy perevoda» aty jınaqta 1987 jyly basylyp shyqqan bolatyn. Munyń qundylyǵy úsh túrli stil máttinderindegi (kórkem-ádebiet, ǵylymı jáne pýblitsistikalyq) sóilemderdi salystyra-salǵastyra qarastyrýynda. Ár stilge tán erekshelikterge qatysty sóilemder ishindegi sózderdiń bir-birimen baılanysyn 5 túrli syzbalar arqyly orys tilindegi sóilemderdi qazaq tiline aýdarýǵa qatysty ózindik semantika-sintaksistik model-úlgini usynýynda.

Ǵalym Qudaıbergen Jubanov atalǵan syzbalaryna silteme jasaý úshin mynadaı aıtylymdardy qoldanǵan: «syzyq arqyly baılanystyryp kórsetsek», «munyń arqandalý retin syzyqpen kórsetsek», «qai sóz, qai sózdi jetektep turǵany da syzbamen tańbalasaq», «sózderdiń qalaısha qıyndasyp turǵany syzyqpen kórsetsek»jáne t.b.

Tildi onyń formaldy pishini arqyly sıpattaý «almasý aqparatynyń» mazmundyq syrın ashýǵa tolyq múmkindik týǵyza bermeıtindikten zertteýge tiisti aqparattyń maǵynalyq, iaǵnı semantikalyq jaǵyn bólek qarastyrý qajettigi týyndaidy.

Joǵarydaǵy taqyrypshalarda sóz bolǵandaı, kóptegen zertteýshilerdiń tujyrymdaýynsha, sóilem maǵynasy asa kúrdeli jáne kópaspektili qurylym. Sondyqtan sintaksistik modeldeý barysynda ustanym etiletin tórt túrli ǵylymı baǵyttyń úsheýi «álem–oılaý–til» úshburyshty elementteriniń qatystylyǵyna qaraı, al

tórtinshisi – «til–dam» pragmatıkalyq qatynasyna negizdeledi. Ǵylymı ádebietterde bul baǵyttar: ontologotsentristik, kontseptotsentristik, sintaktikotsentristik jáne antropotsentristik baǵyt degen termindermen atalyp júr.

Mine, osyndaı kóptegen terminder arqyly atalyp júrgen «qoldanbaly til biliminiń» jańa baǵytyna qatysty máseleler Q.Jubanovtyń zertteýlerinde dál olai atalmaǵanymen, ózindik mazmunda molynan kórinis tapqan.

Joǵaryda qysqasha baıandalǵan máseleler qazaq tiliniń qoldanbaly salasynyń jańa baǵyty boıynsha júrgiziletin zertteýlerde óz jalǵasyn tabatyny málim.

Ádebiat

1. Jubanov Q. Q. Qazaq tili jónindegi zertteýler. – Almaty: «Ǵylym», 1999, – 581 b.
2. Jubanov A.Q. Qoldanbaly lingvistika: formaldy modelder: Oqú quraly. – 2 bas. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2007. – 280 b.

ПРОФЕССОР Е.Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨЛЕҢ ТҮРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК НЕГІЗДЕРІ

ЖҰМАҒАЛИЕВА РИТА РАХМАНҚЫЗЫ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистрі,
аға оқытушы
Omar_aly82@mail.ru*

Есет Құдайбергенұлы Жұбанов ғылымда шынайы ұлттық рухани әлемнің сарқылмас байлығы саналатын эпосты зерттеді, жай зерттеген жоқ, ғасырларды көктей өтіп жеткен жырлардың кестелі тілін, орамды ой-өрнегін зерделеді. Халық танымының қайнар бұлағынан нәр алған көне жәдігерлер, яғни эпостар тілі ұлтымыздың арман-мақсатынан, қуаныш-мұңынан, үміті мен аңсарынан мол хабар береді, басқаша айтқанда эпостық қаһарманның әр сөйлеген сөзінен сол дәуірдің тынысы, сол заманның сипаты, сол қоғамның ахуалы анық көрінеді. Эпос тілі – ең әдемі, ең көркем, ең айшықты тіл. Бұл туралы профессор Е.Қ.Жұбановтан артық айта алмасымыз белгілі: «Фольклор стилінің сөз жұмсау тәсілі үнемді болмайды. Әйтсе де ол күнделікті қарым-қатынас тілінен жоғары тұрған, өңделген, көркем тіл. Жазба тілдегі публицистика секілді ол да қалың көпшілікке арналған, аймақтық тілдердің ең сүбелі, ең шұрайлы лексикалық қорынна сұрыпталған, барша жұртқа тегіс түсінікті, диалект атаулыдан шоқтығы анағұрлым биік жаратылған тіл»[1,153]. Міне, осы айтпақшы халықтық шығармалардың қисыны қиысқан, логикасы шебер жымдасқан, айтар ойы өте анық, тұспалдаса тоқтайтын тұсы тез көрінетін көркемдік дүниесін ғылыми тұрғыдан әбден меңгерген ғалым Е.Қ.Жұбанов бір

кездерде өзі де өлең тудыруға, жыр жазуға ерекше құлшыныс танытқан. Қазақ музыка өнерінің майталманы, немере ағасы А.Қ.Жұбановтың арнайы тапсырмасымен оның бірнеше әндерінің сөзін жұрт жаттауға, ел тыңдауға әбден лайықты дәрежеде иінін қандыра, ой мен сезімді керемет үйлесімде, еш шашауын шығармай дүниеге әкелген. Әрине, Е.Қ.Жұбанов шабыты шалқыған, сезімі тасыған ақын емес, бірақ өлең деген өнердің қадір-қасиетін жақсы таныған, теориясын жетік меңгерген ғалым еді. Басқасын былай қойғанда, болашақ лингвист, эпостанушы ғалым 1954 жылы «Ленин туы» газетінде қазақтың ұлы ақыны Абайдың лирикасына қатысты өз ой-тұжырымдарын жариялаған [2,49].

Поэзия туралы академик З.Ахметов: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік-эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы» /3.19/ дейді. Профессор Е.Қ.Жұбановтың әні бар өлеңдерінің негізгі тақырыбы отан, туған жер, кір жуып, кіндік кескен мекенді дәріптеуге бағытталған. Сондай-ақ жастық, достық, махаббат тақырыбы да назардан тыс қалмаған.

Ақындық өнер – киелі де қасиетті, құдіретті де қымбат қазыналарымыздың қатарына жатады. Е.Жұбановтың әні бар өлеңдерінің тілі өте көркем, шұрайлы. Мәселен, жеті-сегіз буынды жыр өлшемімен жазылған «Жайна, жайна, өмірім» атты туындысын алып қарасақ, автор бұл ретте өзі көрген, көңілі сеніп, жүрекке берік ұялаған жайларды тереңнен толғап, ден қоя жырлайды:

«Жайна, жайна, өмірім,
Судай тасты көңілім,
Сөз маржанын төгейін,
Жырдан жұпар себейін,

Гүл жамылған өңірім!» [4.125] деп басталатын бұл шығарма өзінің шынайлығымен, өмірдің нұрлы да жарқын сипатын танытуға бағытталғандығымен бірден көңіл аудартады. Ақынның көңілі судай таза, сондай-ақ тірліктің тек шат-шадыман шақтарын көруге ынтығулы екендігі «судай тасты» теңеуімен орынды бедерленген. Шалқыған жүрек теңіздің түбіндегі аппақ маржандай асыл сөзді ғана көңілге медет тұтады, ал тыңдаушысына сол ақ маржаннан тізілген жырды жұпар етіп шашады. Поэзиядағы мөлдірлік, тазалық деп осындай тармақтарды айтамыз. Сонымен, ақынның өмірге құштарлығын арттырған нендей жайт болды екен деген сұраққа осы өлеңнің келесі жолдары жауап беретіндей:

«А! Қарағайлы теректі,
Жасыл жапырақ желекті,
Ұлан байтақ елімді,
Дария, теңіз көлімді,
Өндірісті, кенімді,

Сарыарқамды – жерімді,
Ертіс, Есіл, Електі,

Жыр етуім керек-ті» [4.125]. Бұл өлең тармақтары өмір өрнектерімен бірге туған жерге деген ерен сүйіспеншілік арқылы да адам әлемін аялау мен бағалаудың мол мүмкіндіктері бар екендігін барынша танытқандай. Атамекенге деген перзенттік махаббат, туған елге адалдық, құрмет ақиық ақындар туындыларынан еш кем емес дәрежеде кемел де келісті көрініс тапқан.

Профессор Е.Жұбанов өлеңдеріне тән қасиет, мүмкін әні жазылатын болғандықтан шығар, қалай десек те, оның жырлары өмірді сүйюге, бақытты сезінуге, қуаныштан қайрат алуға шақырады, әрине, бұл дүниелерді өмірге әкелген сәтте автордың өзі де небары жиырма бес жастағы арман қуған жігіт екенін де ескеріп қоюмыз дұрыс болар. Сондықтан сол шақта туған жырларында ертеңгі күннің еселі мақсатына қол созу ғана суреттелген:

«Әніміз айлы кеште аспанға өрлеп,
Келеді келер күнге құлаш сермеп.
Жалынды жас жүректі шаттық билеп,

Сусайды ән мен күйді шырқай бер деп» [4,98]. Асылы, алдымен, Е.Қ.Жұбанов өлең жолдарында ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты айқын аңғарылады. Сондай-ақ ақын қолтаңбасына шындық өмірдің өрнектері, еңбек ырғақтары, адам әлемінің сырлы иірімдері оңды сипаттарымен, ұнамды қырларымен көрініс береді:

«Қайыспас бұл заманның біз иесі,
Қауласын еліміздің несібесі.
Жойқын күш, жастық жігер біздің бойда,

Гулесін, думандасын ауыл кеші» [4,98]. Байқап қарасақ, автордың өлең өрімдері, ондағы өмірден өрбіген шындық сырлары көңілді тербеп, жүректе қорытылған қалпында суреттеледі.

Академик З.Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның творчестволық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе: әр түрінен ақынның бір қырын тануға болады» [5,326] дейді. Е.Қ.Жұбанов өлеңдерінің ендігі бір тақырыбы – махаббат. Поэзия мен махаббат – бір-бірінен айрылмайтын егіз ұғым. Сондықтан, әр елдің әдебиетінде, әсіресе, поэзиясында ұшырасатын, мәңгілік тақырып – махаббат. Бірақ, әр халықтың жан-дүниесінің құрылымына, әрбір ақынның ой-түйсігіне қарай, махаббатты әркім өзінше жырлайды. Е.Қ.Жұбановтың бұл тақырыпта бірнеше өлеңі бар: «Әугигай», «Ақ шолпан», «Қайдасын». Бұл өлеңдердің басқа махаббат тақырыбындағы жырлардан ерекшелігі халықтық әуендердің, халықтық жырлардың мақамымен, стилімен жазылуы. Мәселен, ертерек замандарда жігіттер сүйген қызын, ғашық құрбысын сағынғанда, көптен хабар алыспай, жүздеспей, көңіл шуағын бұлт басқанда «Әугигайға» салатын болған. Демек, «әугигай» ғашық жүректің сүйгенін іздеген айрықша әуені десек те болады. Эпос тілін зерттеу арқылы халық көңіл-күйінің сан-алуан иірімін игерген

Е.Жұбановтың бұл тұрғыдағы терең танымы «Әуигайдай» әдемі лирикалық туындының өмірге келуіне түрткі болды:

«Ән саламын Әуигай даусым кернеп,
Көп қараймын сүйген жар келді ме деп, келді ме деп, Әуигай.
Келмесе де жан-жарым біздің жаққа,
Орамалын белгіге берді ме де, берді ме деп, Әуигай» [4,93].

Ақын бұл тармақтарда өз сүйіктісінің адалдағын, кіршіксіздігін мақтаныш ететін секілді. Солт арқылы жырына демеу, жүрегіне сенім, көңіліне демеу орнататындай көрінеді. «Орамалын белгіге берді ме деп» деуі жүрек серігінің көзіне көрінбесе де, көңілінің төрінде тұра беруін тілейтіндей.

«Ғашық жарым,
Ынтызарым,
Көрінсеңші көзіме!
Жолың тосқан
Әнге қосқан,

Құлақ салшы сөзіме!» [4,93] деген жолдарда ақын адам өмірінің негізі – махаббатты ұлы күш ретінде көрсетеді және өз жүрегінен шыққан сезімін дариядай шалқытып, арнасынан тасытып отырады. Кеудесінде жаны бар адамның махаббатқа тағзым етсе, табына білу керектігін әсем пафоспен аңғартқан. «Ғашық жарымға» қаратыла айтылған тұтас мәтінде махаббат мәңгілігі, ондағы жасампаздық пен ізгілік нұры, мейірім-шуағы өлең-жыр өзегі ретінде арналы ағыс алған.

Есет Жұбановтың өлеңдері романсқа негізделіп жазылғандығын жоғарыда атап өттік. Жалпы романс дегеннің өзі «...сөз кестесі әуезді әнге салуға мейлінше икемді шығады, сөйлемдердің құрылыс-жүйесі қарапайым әрі ықшамды келеді, әр тармақтың ішіндегі сөйлемнің өзіндік тиянақты оймағынасы болып, бір ойды аяқтап тұратын» [6,444] лирикалық өлең десек, Есет «Қайдасың» жыры тақырыбы айтып тұрғандай сүйген жүректің өз қалауын іздеп бұлқынуынан туған туындылардың қатарынан:

«Қайдасың аялаған асыл затым,
Мәңгілік жатталыпты жүректе атың.
Салдың да жанға жара, болдың ғайып,

Тұтанды жанарыңнан махаббатым» [4,42]. Дәстүрлі поэзиядағы қол жетпес асыл сезім, көзбен көріп, ішпен білетін ғаламат күй, толастамайтын сағыныш, мәңгілік күту сарындары бұл туындыдан керемет үйлесімді көрініс тапқан. «Қайдасың» жан жарын жар сала іздеген жасанды сезімнен емес, ішті күйдірген ғашықтық дертіне ем іздеп, сабылған жүректің қылы шерткен күйден туған шығарма деп тануымыз қажет:

«Айнымас ғашығыңмын уәдеден,
Өзгеріп күдерімді үзем демен.

Өшпейтін жанған жалын жанды билеп,
Өзекті өртей түсер, күйіп денем» [4,42]. Бұл тармақтардың өн-бойы жанды елжіретіп, сананы сан ойға жетелейтін сезім атаулының ең биігі – махаббатты дәріптейді. Ғашық жанның кім екендігі, қайда екендігі, қандай

екендігі айтылмайды, тек бұлқынған бұла сезім ғана суреттеледі. Ал «Ақ Шолпан» жырында сүйген жанның портреті халықтық туындылардағы «мандайы күнге тимеген, желге шашын үрмеген» арулардың бейнесіндей төгілген:

«Қиылған қас, қара көз, жазық маңдай, Ақ Шолпан!

Бір өзіңе сұлулық біткен жандай, сүйген сәулем, Ақ Шолпан!

Ақ жүзінді айнадай көрген жігіт, Ақ Шолпан!

Кетпес, сірә, көркіңе бір таңқалмай, сүйген сәулем, Ақ Шолпан!» [4,69].

Баян сұлу мен Қыз Жібектің, Құртқа мен Гүлбаршынның, Ақжүніс пен Назым қыздың қаһармандық эпостардағы мәңгілік бейнесін авторлық поэзияда Ақ Шолпан алмастырған. Бұған дейін «ғашық жарым», «асыл затым» болып келген нәзік жан бұл шығармада «сүйген сәулем» дәрежесіне көтерілген, жүректің көзі ғана нәр алатын «сүйген сәуле». «Сәулемнің» қазақ поэзиясында мағынасы зор, атқаратын жүгі орасан, ұлттық философия танымы тұрғысынан қарағанда махаббат катеогриясының өлмейтін, өшпейтін белгісіндей қасиетке ие десек те болады. Сондай-ақ «Ақ Шолпан» өлеңіндегі тағы бір әдемі оралым «сүйген қалқам»:

«Әсем нұрың айдай,

Білші біздің жайды-ай,

Сүйген қалқам,

Сен – Ақ Шолпан!» [4,69]. Халық әдебиетіндегі сүйген жарды

дәріптеудің ең әсерлі өрнегі «сүйген қалқам», «жан қалқам», «жарығым», «қарағым», т.б. түрінде келеді.

Есет Жұбанов өлеңдерінде нақты дүниетанымды байқататын метафоралар жүйесі мол. Мәселен: «Жауға – үрей, досқа қамал», «Ән мен күйдің бұлағы», «Түн ұрысы – көп жұлдыз» секілді ауыстырулар автордың өмірге көзқарасын байқатады.

Е.Жұбанов «алтын күн», «нұры көз», «ну орман», «жалынды жас», «жойқын күш», «ақ мамық», т.б. дәстүрлі эпитеттермен бірге «шешек жарған елім гүл», «балғын дене, сом білек», «ақ мамық мамырлаған бұлттан сүйіп», «күн сүйеді төсіңді», «жасарып жасыл өлең жайнай т.сер», «ақ шарбы бұлт селдіреп» секілді тыңнан оралым тауып, жарастыра қолдана білген.

Теңеуге ақын-жазушылар айтатын ойын ажарлау, әрлеу үшін баратыны белгілі. Көбіне теңеулерді ақын өзінің ойын бейнелей, айшықтай түсу үшін алады да, тура мәнінде пайдаланылады.

Е.Жұбановтың ән өлеңдерінде көркемдегіш құралдардың ішінде теңеу сөздер ерекше мол: «Су шайқалмас жорғадай», «Бәйшешектей ырғалып», «Біздің көңіл балқыған май секілді», «Судай тасты көңілім», «Әсем нұрың айдай», «Екі тілек армандай бірге шығып», «Шайқаған балапандай түлектерін», «Шамшырақтай жанады», т.б.

Көркемдік табиғаты лирикалық романс болып келетін Е.Жұбанов өлеңдері өмірдің өзіндей өрісті де өрнекті, шебер де шешен, шыншыл сипаттарымен ден қойғызады. Ақынның лирикалық қолтаңбасынан атамекен, өз замандастарының бейнесі кең тыныс, терең толғам, алуан салыстырулар

арқылы сенімді суреттеледі. Сондықтан бұл өлеңдер фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Есет Құдайбергеноұлы Жұбанов мұрасының көркемдік бітімін айқындайтын құнды туындылар ретінде қала беретініне сеніміміз мол.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Е.Қ. Толғауы тоқсан қызыл тіл... – Ақтөбе, 2010. – 316 б.
2. Мырзахметов М. Абайтану (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы, 1988. – 240 б.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002. -408 бет
4. Жұбанов А. Әндер, романстар, хорлар. – Алматы, 1957. -112 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1976. -373 б.
6. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. -576 б.

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Г.К.ТӘҢІРБЕРГЕНОВА

филология магистрі, аға оқытушы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан. gulkatan@mail.ru*

Қ.Жұбановтың оқыту әдістемесіне қатысты еңбектері, ой-пікірлері қазіргі таңда да өз құндылығын жойған жоқ. Ғалым мұрасын оқи отырып, бүгінгі білім беру саласындағы кейбір жаңа деген идеялардың әлдеқашан айтылып, жазылып кеткендігін көреміз. Оқу мен оқытудағы мақсат, оқулық жазудың жайы, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, рефлексия, сын тұрғысынан ойлау және т.т. мәселелердің барлығын кездестіруімізге болады.

Әдіскер-ғалымның тілді оқытумен байланысты жазылған зерттеулері жалпы білім беруді дамыту жолдары мен жетілдіру бағыттарында қашанда өзекті деп есептейміз. Оның аталған саладағы тынымсыз еңбегінің нәтижесін танып, зерттеп, қолданысқа енгізу өз кезегін күттірмеуі тиіс. Алайда біз өзімізді танудан гөрі, өзгені ұлықтауға көбірек ден қойып кеткендейміз. Бүгінде пәнді оқытудың әдіс-тәсілдері өзгергенімен, мектеп жасындағы балаға ол пәнді оқытудағы негізгі мақсат сол қалпы. Мәселен, әдебиетті өміртану, адамтану құралы ретінде оқыту қажеттігін ғалымдарымыз айтып кетті. Оқу мен оқыту, әдіс-тәсілдер, сағат саны, сабақ жоспары өзгертілді. Оқулықтар қайта басылды. Бірақ балаға беретін басты білім, әсіресе әдебиет бойынша білім алғашқы

қоғамтану пәнінің құрамында қалай болды, сол қалпында қалды десек болады.

Орта мектепте оқылатын әрбір пәннің өз мақсаты бар. Бірақ сол мақсат қаншалықты орындалуда? Гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы бірнеше пәнді оқушылар игергенімен, ең бастысы оны шынайы өмірде қаншалықты қолданып жүр? Арифметиканы мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оқысақ та, жылдам есептеу, қосу, көбейту деген сияқты қарапайым механизмдерді күнделікті өмірде қолдана білеміз бе? Сол сияқты, қазақ тілінде он бір жыл оқып келіп, сауатты жазу, ойын көркемдіп жеткізу тәсілдерін қаншалықты меңгердік немесе меңгерттік? Балаға эстетикалық тәрбие беретін музыка, көркем еңбек пәндерінен өзіміздің ұлттық қол өнер, ән-күй, билерімізден қаншалықты сауаттымыз? Болмаса, әдебиеттегі көркем туындыны шынайы қоғаммен байланыстырып, өзегін танытып, нәрін, сөлін бере алып жатырмыз ба? Бір ауыздан атқаруда дейміз. Себебі, жаңартылған білім мазмұнына көштік. Процесс бар, бірақ оны жүзеге асыратын мұғалімнің болмысы, ойлауы өзгерді ме? Осы тұста әдіскер-педагогтың келесідей сөзімен ой түйіндеп өтсек: «Қандай болмасын ғылым, ең алдымен, адамзатқа пайдалы ілім болу керек. Адамзатқа қажет ілім тіл арқылы беріледі, сондықтан тілді оқытуға ерекше көңіл бөліну керек. Тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды... Әр нәрсенің, әр құбылыстың да әлденеше қыры, сыры, сипаты болмақ. Дұрыс білім – сол қыры, сыры, сипатының бәрін болмағанмен, барлығын түгел қамтып болмайды, ұшы-қиыры көп, көбін, негізділерін көрсетіп бере алумен ғана табылмақ», – дейді [1,272-б].

Қ.Жұбановтың пікірін оқысақ, қазіргі орта білім беру жүйесіндегі тіл мен әдебиетті оқыту жайы мүлдем сын көтермейді. Тілді меңгерту арқылы дүниенің сырын игереріміз анық болса, теория мен практика ұштаспай қалуда. Ең алдымен айтылар уәж, орта мектептегі қазақ әдебиеті пәніне берілген сағаттардың қысқаруы. Сағат саны екі еселеп қысқарған соң, әрине оқулықтағы материалдар көлемі де азаяды. Қазақ халқы ежелден сөздің қадірін жоғары қойып, сөзді құдірет деп таныды. Сөз арқылы ұрпағын тәрбиелеп, кейінгі болашағына сөзін аманаттап кетті. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп айтқан А.Байтұрсыновтан артық пікірді айтар бізде дәлел жоқ. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған, яғни балабақша жасындағы балаларға қарасаңыз олардың тәрбиесімен, танымымен қолындағы смартфондар айналысып жатыр. Тілін шығаратын ұялы телефон, ұйықтататын ұялы телефон, ойнататын да сол телефон. Қоғамдағы ең қорқынышты нәрсе «анамның тілі» деген ұғым жойылып бара жатқандай. Телефон арқылы тілі шыққан бала, әрине олардың қазақшасы аз, сөздік қоры өз деңгейінде қалыптаспай-ақ мектепке келеді. Ал олардың тілдік қорын дамытып, білім кеңістігін қалыптастыратын негізгі пән қазақ әдебиетінің сағат көлемі жоғарыдағыдай.

Ғалымның оқу-ағарту саласындағы өзекті мәселенің бірі мұғалімнің кәсібилігі туралы пікірін «Жанғазыға хатында» да анық көрінеді. Сабактың сәтті немесе сәтсіз өтуі мұғалім қолданған әдіс-тәсілдерге де байланысты екенін Қ.Жұбанов жақсы түсінген. Ж.Жолаевқа жазған хатында: «Онай болу

мен қиын болу кітаптан болмай, мұғалімнен де болып қалады», – деп, бұл пікірін әрі қарай тереңдете түседі. Оқыту кілті – шеберлікте деген байлам жасайды. Ол: «Неден бастадың? Неден үлгі алдың? Қалай аяқтадың? Қалай жаттықтырдың?» деген сұрақтар қоя отырып, мұғалім қолданған әдістерге үлкен мән береді. Ұстаздың сабақ барысында кездестірген қиындықтарын соған сәйкес анықтамақ болады. Егер ұстаздың сабақ түсіндірудегі әдістері дұрыс болса, онда олқылықты оқулықтан іздеу керек дейді [2,146-б]. Мұндағы «Неден бастадың? Неден үлгі алдың? Қалай аяқтадың? Қалай жаттықтырдың?» деген сауалдар мұғалімнің өз сабағына жасаған рефлексиялық есеппен өлшеніп жүр қазірде. Қарап отырсақ, біздің жаналық деп қолданып жүрген әдістеріміздің барлығын бір ғасыр бұрын Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде жігін ашып, атап өткен. Оған қоса, оны қолданудың тәсілі мен тиімділігіне де тоқталады. Сабақ барысындағы қиындықтарды реттеу алдымен пән мұғаліміне тікелей қатысты. Ал оны шешудің жолын іздестіру – шығармашыл ұстаздарға міндет. Бұдан басқа, жиі айтылатын, талқыланатын, тіпті қоғамда даулы мәселеге айналып жүрген – оқулық жайы. Оқулық мазмұны жаңарды, алайда оның «берер нәтижесі қандай болмақ?» деген сауал мұғалімдермен қоса, ата-аналарды да ойландырып, толғандырып-ақ жүр. Оның нәтижесі уақыт еншісінде. Дегенмен, осы тұста ғалымның келесі бір пікіріне тоқсатылып өтсек: «Оқулық жүрдім-бардымның жұмысы емес, өте жауапты жұмыс. Қазіргі ғылымымыздың түп қазығы сол оқулық болу керек. Оның ғылыми негіздерін жастар жақсы білу үшін тіліміздің қалыптасқан заңдылықтарын айқындап алуға тиіспіз. Орыс оқулықтарынан, одан-бұдан көшірілген ережелер жастардың білім жұмырына жұқ болмайды» [1,16-б].

Құдайберген Қуанұлы еңбектерінде кездесетін тағы бір өзекті мәселе – пән мұғалімдеріне оқу-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету. Мектеп мұғалімдеріне көмек көрсетуді екі түрлі жолмен жүзеге асыру қажет, бірі – тікелей мектепке келіп көмектесу, екіншісі – хат-хабар арқылы көмектесу немесе аулақтан оқыту [1, 275-б]. Бұл қазіргі қашықтан білім беру технологиясымен сабақтас. Осы орайда, өзіміздің оқу орнымызда жолға қойылған кафедра филиалдарының жұмыстарын, соның негізінде ұйымдастырылатын шаралардың барлығын ерекшелеп атап өтуімізге болады.

Әрине мұғалім үнемі жаңарып, жасарып отыратын, бала деген жаратылыстың үлкен сыйына сабақ үйретіп, тәлім-тәрбиеге баулыса, оның білімі мен тәжірибесі де оқушының талабына сай болғаны дұрыс. Ол үздіксіз білім алу, көп сатылы білім беру жүйесімен тікелей сабақтас. Жалпы оқу, оқыту деген процесс мектеп оқушылары үшін мектепке барып, келу міндеті ғана емес, ол өмірге құлшынысын арттыратын, қызықтыратын, бос кеңістігін толтыратын, алдағы саналы тіршілігінің басты баспалдағына айналуы тиіс. Бұл туралы да педагог-ғалыммен замандас, пікірлес алаш зиялылары айтып кетті, жазып кетті. Қазақ қоғамы ендігі күнде шегі бар табиғи ресурстарды сатумен емес, хакім Абайша айтсақ, «ақыл сатумен» айналысатын кезге жетті. Болашақ ақыл-ойының жемісімен, жетістігімен байлыққа, билікке қол жеткізетін халықтардың қолында. Интелекті жағынан өз ұлтымызды кенде дей алмаймыз. Оған сан

ғасырлық рухани мұрамыз дәлел. Қазіргі баланы таңқалдыру, тамсандыру қиын. Қай заманда да болмасын бұл тіркесті педагогтардың барлығы қоланды. Бірақ кей-кейде сабаққа ынтасы жоқ, он бір жыл партада еріксіз «жұмыссыз отырған» жас ұрапақтың ертеңгі күні керуette жатып, дайын асқа тік қасық болатын жалқау, салғырт, кәсібін сүймейтін, кәсібіне жауапкершіліксіз қарайтын маман, жаны ашымастың басы ауырмас кебіндегі отағасы болып шыға ма деген алаңдаушылық та бар. Бала бойындағы табиғи еріншектікпен Абай дана айтқандай, жас күнінде күресіп, алдарқатып, қажет болса сәл қатаң қабақпен оқуға, білуге деген ынтасын ашпасақ, зор қауіптің бір ұшы шыққалы тұр деп ойлаймыз.

Мұғалім мектептің ғана емес, оның берген тәлімі – ертеңгі елдің келбеті. Сондықтан да, Қ.Жұбанов сынды әдіскер-ғалымдардың бірнеше заман бұрын айтып, енгізуге тырысқан жаңалықтарын бүгінгі таңда егжей-тегжейлі зерделеп, қолданысқа енгізуге әбден болады. Жалпы ғалымның оқытудағы әдіс-тәсілдерінің ішінде ерекше тоқталатыны – деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту әдісі. Деңгейлік тапсырмалар баланың ой-өрісінің өз жасына сәйкес қалыпты дамуына ықпал ете отырып, баланы оқудан жалықтырып алмауға әсері мол. Оған қоса, сабақтың ғылымилығына тереңнен үңілуді де ғалым басты назарда болса деп көрсетеді. Ғылымилығы басым сабақта үлгерімі жақсы оқушы зерікпейді, біле түссем екен деп алға ұмытылады. Ал орташа оқитындар өзгелерден көшірмейді. Өзгенің еңбегін пайдалануға машықтанбайды дейді. Әрине оның қай-қай әдістемесі де мықты. Шашауы жоқ тегіс дүние. Мұның барлығын жүзеге асыру үшін мұғалімнен көп нәрсе талап етіледі. Еңбекқорлық, баланы жақсы көру, жауапкершілік, кәсібилік, табандылық, ілім-білімге құштарлық, жан-жақтылық, ізденімпаздық. Дәл осылай сапалық қасиеттерді үйіп-төге беруге болады. Бір сөзбен айтқанда, ертеңіне алаңдайтын ел, мұғалімдікті басты мамандықтардың қатарына қояры сөзсіз. Алайда, бар жақсыны мемлекет қана жасауы тиіс, қалғанымыз қарап отыруымыз керек деген қасаң ойдан да аулақ болған жөн. Кей-кейде қоғамда құр орындаушылардың көбейіп бара жатқаны, шығармашыл тұлғалардың сиректігі де ойлантарлық жай. Бізге дейінгі ұрпақ, кеңес заманында қатаң стереотиппен өмір сүрді. Артық ой, пікір айтуға болмайды. Біреуіміз айтамыз, қалғанымысыз үнсіз жасаймыз деген көзге көрінбейтін идеяның ызғары әлі де әсерін тигізуде. Бұл жерде мен өз кәсібімізге қатыстыны ғана айтып отырмын. Сондықтан, мұғалімнің беделі, мектептің қоғамдағы орны дегенді педагогтар өздері қолға алуы тиіс. Әркім өзінің жан жарасы қайда екенін білетіні бар ғой. Сол себепті де, қазіргі бала жаңашыл, сыни тұрғыда ойлайтын, пікірін ашық айта алатын, оны қорғай білетін, ойымен қиялдап, қолымен жасап, өзіне де, елге де пайда әкелуі тиіс. Хакім Абайдың сөзімен түйіндесек: «Өзің үшін еңбек етсең, өз басы үшін оттаған хайуанның бірі боласың; Адам баласының қарызы үшін еңбек етсең, Алланың сүйген құлы боласың».

Біз өмір сүріп отырған бүгінгі күнде әрбір қазақстандық жас жоғары білім алу мүмкіндігінен шеттетілмеуі тиіс. Ол ақылы ма, әлде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім ала ма, бастысы саналы ғұмырында өзіне қажетті тереңдік пен

жан-жақтылықты, бейімділік пен жаңашылдықты ұғынса. Оған қоса, бір мамандықты таңдап, зейнет жасына дейін жаны қаласа да, қаламаса да дипломды «кәдеге асыру» деген жаңсақтықтан жастарымыз қателеспесе. Жаны қаламаған кәсіптен өзі рухани ләззат алмайтыны және қоғам одан еш пайда көрмейтіндігін сезінсе. Оқытушы ретінде, өз студенттеріме: «мұғалімдікті жаныңыз қаламаса, өзіңізді рухани дерттен құтқарыңыз. Жаны ауру мұғалім, сырқат оқушы тәрбиелейді» дегенді жиі айтамын. Сол себепті, алдымен мектеп жасындағы балаларымыздың «Кім боламын?» деген арман қанатын өсіріп, қомдап, дем берсек. Арманшыл, қиялшыл бала болашақ қоғамның негізін қаламақ. Үлкен мақсаттар мен ғылыми жеңістер, жетістіктер осы «арман қанатынан» бастау алады. Қазақ қашаннан баласын сөзбен, сөздің құдіретімен, киесімен тәрбиеледі. Ауыз әдебиетінен бастау алатын ұлы мұратқа жетелейтін туындыларды біз мектеп жасындағы балаларға қандай деңгейде оқыта алып жатырмыз? Және де оны қалай оқытпақпыз? Бұдан басқа сауалдардың жауабын ғалым Қ.Жұбановтың әдістемелік еңбектерінен табарымыз сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған М.Малбақов. –Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 б.
2. Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

Қ.ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

МАЖИТОВА ЛЯЗЗАТ КАБДИРОВНА

аға оқытушы

ГИЛАЖЕВА ЭЛЬМИРА ИСЛЯМГАЛИЕВНА

гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау, Қазақстан

Иmira8381@mail.ru

Ғұлама ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың шығармашылық жолының басталуы қазақ даласындағы ірі тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. XX ғасырдың басында қазақ жерінде ерекше қоғамдық-саяси ахуал қалыптасты. Бұл кезеңдердегі тарихи оқиғаларды санамаласақ, олардың

шоғыры мол болғандығын аңғарамыз. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық және Қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы мен азамат соғысы айтарлықтай ықпалын тигізді. Осындай қат-қабат кезеңдерде алдыңғы қатарға публицистика шығатындығы түсінікті. Жұбанов Құдайберген Қуанұлы Орал облысы (Қазіргі Ақтөбе болысы) Темір уезі Темір Орқаш болысы Құсуақтам елді мекенінде (Темир-Уркачевская волость) орташа шаруа отбасында 1899 жылы өмірге келді.

Қ.Жұбановтың ғылыми публицистикасы жайында айтқанда, бұл туралы М.Әуезовтың пікірінен бастағанмыз дұрыс болар еді: «Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларына байланысты өрісі кең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататынды» [1.359]. Ғалым-публицист ғылыми ой-пікірлердің қалың көпшілік тарапынан да жылы қабылдануы қажеттігіне айырықша көңіл бөлді. Көшелі ой-танымдарды қажетсінетін ғылыми публицистиканың зәрулігіне өз заманында орыс сыншысы әрі публицисі Д.Писарев те назар аударып, халықпен білім мен идеяларды бөлісуге шақырған [2,56]. Қазіргі қалпында ғылыми публицистика адамзат ойының інжу-маржандарын қалың көпшіліктің арасында кеңінен таратуға қызмет етеді. Қ.Жұбановтың еңбектеріне ортақ сипат – ол қай шығармасын болса да бірнеше бөліктерге бөліп ұсынады. Ондағы мақсаты – оқырманның қабылдауына жеңіл тиюін есте ұстағаны болса керек. Еңбектің алғашқы бөлігі «Буын жүйесінің маңызы» деп аталады. Автордың пайымдаулары салмақты, байыпты көрінеді: «Қазақ тілінің табиғатын дұрыс түсіну үшін буын жүйесін жете білу керек. Буынды жақсы білмесең, емлені де ұға алмайсың, буынды білмейінше, сөз екпіні (ударение), сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынды аңғармасаң, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың; буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың». Мұндағы ғылыми кең тынысты ойды былай қойғанда, публицистикалық парасатты сарынды айқын аңғаруға болады. Публицистің пайымдауынша, буын жүйесін білмей тұрып, ана тілі сабағын басқаруға болмайды. Буын жүйесі қай тілде де белгілі орын ұстағанымен, оның қазақ тіліндегі маңызы өзгеше, артықша екендігі алға тартылады. Тіл танушы ғалым ретінде қазақ тілінің өркендеу сатысын да айтады. Автордың ойынша, қазақ тілі «буыншыл кезеңнен дыбысшыл кезеңге ауысып болған болмаған дәуірде тұр». Терең пайымдауларға иек артқан Ә.Дербісалинше айтсақ: «Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиет өнер тарихын терең білген ғұлама ғалым» Қ.Жұбанов қана бара алатындығы айқын [6.55].

Публицист еңбегінің құндылығы да осында. Автор қазақ тілінің бағдарламасында да, оқу құралында да буын жүйесіне жақсы орын берілгендігін айта келіп ана тілі сабағында да емле, грамматика тарауларын өткенде мұғалімнің балаларға буын жүйесін толық түсіндіріп өтуі керектігіне назар аударады. Әйтпесе ана тілі сабағынан нәтиже шыға қоймайтындығы

айтылады. Әлі күнге дейін зәрулігін жоймаған пікірлерді қалың көпшіліктің назарына ұсынады: «Қазақ тілінің буын құрылысын аңғару қиын емес. Бірақ, соның өзінде, сол оңай құрылған буын жүйесін оқытушыларымыз тегіс біледі дей алмаймыз... Сондықтан оқытушыларымыздың әрқайсысы өз бетімен бал ашуы, қайбірі қай кезде қателесуі ғажап емес», «Оқушылардың емле қателерін талдап қарағанда, қатенің көбісі осы буын жүйесін дұрыс ұға алмағаннан келгені байқалады», - деген пікірі бүгіндері де өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Мұндай қисынды пікірлерді бұл мәселені тереңнен білетін зерттеуші ғана айтса керек.

Публицист өз пайымдауларын бала үшін емес, мұғалім үшін жазып отырғандығына тоқталып, «Мұғалім өзі жақсы ұғынса, балаға ұғындырудың есебін таба жатар деп сенеміз... мұғалімнің міндеті- программадағы мөлшерден озбай, буын жайын қате ұқтырмай, дұрыс түсіндірсе, барды бақылата отырып, бірте-бірте жүйелі түрде әкеліп салу болу керек», – деп өз ойын түйіндейді. Ғылыми публицистикаға бет бұрған Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің ғылыми курсы» жөнінде лекция оқығанда да бұл бағыттан айнымайды. «Политехникалық мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілі фонетикасының», «Бет ашарын» публицистикалық ой-толғам түрінде жазды. Қазақ тілін зерттеудің сол кездегі жағдайында: «Қазақ тілі осы уақытқа шейін жүйелі түрде тексеріліп, ғылым тезіне түспеген тіл», – деп дәл анықтама берді. Объективті тұрғыдан қарастырып, қазақ тілін зерттегендердің ешқайсысын да ұмыт қалдырмай атап өтеді. Отар елдің тілін тексерген миссионерлерді, күншығысшыл оқымыстыларды, қазақтың ескі оқығандарын, берідегі жастарды – бәрін де санамалайды. Публицистің топшылауынша, қазақ тілін зерттеу жұмысы ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген, «курстаршылдықтан, домбалдап соғудан құтыла алмай келе жатыр». Ғылым көптің күшімен жасалатындығын дәлелді уәж келтіре отырып, білдіреді:

«Қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасай алмайды, бір мезгілде ғана ол жасалмайды. Бұл-көп күш, көп қол, көп уақыт керек қылады. Өйткені мұндағы жазылғандар бес жылдан бері қазақ тілін, осыған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстардың жалпыаңғарап алынған популяр (жария) түрде тізілген ғана бір қорытындысы еді». Жоғардағы ойлардан Қ.Жұбановтың ғылыми публицистикасының қалың көпшілікті баурап алуының сырын ұққандай боламыз. Өйткені, Қ.Жұбановтың аталмыш еңбекті дайындағанда ұстанған басты принципі – өз сөзімен айтқанда оның «қалың мұғалімге түсінікті қылу үшін жеңілдетілген кескін алуы» керектігі. Біздің аталмыш ғылыми еңбектен публицистикалық пайымдауларды молынан кезіктіретіндігіміз де осыдан болса керек. «Қазақ тілінің фонетикасы» жөніндегі лекцияларда қалың көпшілікті баурап алатын тұстар жеткілікті ұшырасады. Жылау мен күлуді дыбысқа жатқызамыз ба, жоқ па деген мәселе төңірегінде Қ.Жұбанов мынадай тұжырым жасайды: «Меніңше, мынадай: жылау мен күлуді сол тілмен сөйлейтіндер болмай-ақ, мәселен, қазақтың жылағаны мен күлгені қазақ болмай-ақ, кім болса сол түсінуге болады. Жылап отырған не күліп отырған қазақ болса, мұны көріп, естіп тұрған, өзі қазақша

білмейтін орыс, неміс, қытай әлгі қазақтың жылап отырғандығын біле алады. Бірақ, қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай қазақтың қазақшалап не сөйлеп тұрғанын ұға алмайды. Олай болса, жылау мен күлу – адам болған жердің бәріне түсінікті, ал тіл тек сол тілмен сөйлейтін қоғамға ғана түсінікті. Публицистің әрі жатық, әрі дәлелді келтірілген уәжіне келіспеуге шамаң қалмайды. Кезінде Мұхтар Әуезов: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселенің бірі», – деп атап көрсеткен [12,10]. Ф.Мархабаевша зерделесек: «Ғылыми-танымдық әдебиеттің күллі прогреске озон тәрізді қажеттілік қылатынын білген семинарист қалайша кемеңгер болмақ емес» [13, 230]. Шынында да қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне деген жанашырлықпен: «... қазақ жұрты қазіргі уақытта күндегі саясаттың ыңғайымен жүріп отырып, түзу жолмен мәдениеттің буынын бекітуді ғана мақсат қылуына керек... қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап, ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек... Жұрттың рухы бірігуде тұрса, саясат ыңғайы жұрт рухының сол күйіне қарай бет алатын болса, оқу ісі, оның ішінде ғылым тілі ешуақытта алыстатып әкете алмайтынын біздің ұғуымыз керек», – деген М.Әуезов ойының бүгінгі күні де зәрулігі сезіледі [12, 12-14]. Мұның өзі Қ.Жұбанов пен М.Әуезов пікірінің үндестігін аңғартады.

Аталмыш еңбектегі публицист Қ.Жұбановтың құнды пікірі тілдің атқаратын қызметіне байланысты айтылған. Бұл жолы өзіндік ғылыми-әлеуметтік әлеуетпен былай деп жазады: «... тілдің атқаратын негізгі қызметі-адам мен адам арасында пікір қалыптастыру». Бұл пікірдің өзектілігі күні бүгін де айқын сезіліп отыр. Қазір де «пікір қалыптастыру» мәселесі өте өткір қойылады. Мұның уақыт өте келе маңызы өшпейтіндігін сол кездің өзінде ғалым-публицист тап басып таныған сияқты.

Қ.Жұбановтың тіл дыбыстарының табиғатын тану жөніндегі ой-толғамдары да көңіл аударуға тұрады. Әсіресе, тіл дыбыстарын танудағы «жабайы, аңқау көзқарас» жайындағы топшылауы тегеуінді шыққан: «Жабайы, аңғау көзқарас құбылыстарының көрініс қалпы (кажимость), шет пұшпақтарын ғана байқайды да олардың арасындағы байланым ішкі сырын, шын заңын аңғара алмайды». Жалпы тілтану ғылымының Европадағы атақты білімпазы болған неміс ғалымы Штейнтальдің «Адам баласының тіл құрылысындағы ең басты кейіпкерлерінің мінездемесі», якут тілінің атышулы, ірі білімпазы Бетлингтің «Якут тілі жайында» деген кітаптарындағы пікірлерге сілтеме жасауы және олардың пікірлерінің ұшқары тұстарын ашып көрсеткендігі Қ.Жұбановтың публицистикалық пайымдауларды ғылыми арнада өрбіткендігі болып табылады. Білікті ғалымға тән аңғарымпаздығы аталмыш еңбектен айқын байқалады: «Дыбыстың әлеуметтік, тілдік компоненттері тексерусіз қалғасын, дыбыс өзгерістері, дыбыс заңдары әлеуметтік жағдайлар мен жалпы салт-сана жүйесімен салмақталған соң, ескі тіл ғылымының фонетика аталған бөлімі тілдің дыбыстау жағын, дыбыстың анатомия, физиологиясын, дыбыстың

физика-акустика жағдайын тексеретін бір табиғат ғылымы болып қалды». Үнді-европа ғалымдарының тіл дыбыстарын атом деп, дыбысты өзгермейтін, табиғаттан берілген нәрсе ретінде, сингармонизмді түркі-монғол елдерінің «рухани жалқаулығы» деп есептейтін, академик Бетлингтің якут тілінің сингармонизмі орал-алтай елдерінің сөйлеу мүшелері өзгеше құрылғандығынан деп қарайтын өрескел қате түсініктерден тіл білімін аршып, арылтуы бастаған, қазақ тілі білімінде, түркологияда тың бағыттың бастауында тұрған ғалым Қ.Жұбанов екендігі анық. Оның ғылыми публицистикасының күші де осында. Жоғардағы ғылыми-публицистикалық еңбектерге жасалған талдаудан байқалғандай, Қ.Жұбановтың ғылыми публицистикасының басты ерекшелігі – ауқымды, кең көзқарас тұрғысынан жазылғандығында. Ғылыми публицистиканың қажетті шарттары ретінде оның нақты ғылыми деңгейге сәйкестігі, өзектілігі, ақпараттық-деректілік қуаты, фактілерге қойылатын қатаң талабы, талдау тереңдігі, тұжырымдардың әбден негізделгендігі, әдеби-көркемдік сапасы аталады. Біз талдаған қос еңбек қай жағынан алсақ та осы шарттарға толық жауап береді.

Терең білімділігі Қ.Жұбановтың қандай да болсын күрделі мәселелерге құлшына кірісуіне негіз болған. Бұл ретте академик И.И.Артоболевскийдің пікірі мынаған саяды: «Раскрывая суть процесса научного познания мира периодическая печать не может разговаривать с народом только языком цифр, формул, специфических терминов. О сложнейших проблемах она говорит обычными словами. Одако, научно-популярная статья, которой сейчас столь охотно предоставляет место редакции, требует от ее автора глубоких знаний» [7, 94].

Білімділік ғылыми дәлдікті қамтамасыз етеді. Бұған әдеби-көркемдік сапасы қосылғанда толыққанды ғылыми-публицистикалық туынды дүниеге келеді. Мұның жарқын мысалдарының бірі – Қ.Жұбановтың еңбектері. Өзі өмір сүрген кезеңде бағалы публицистикалық мұраларында саяси-әлеуметтік күрделі мәселелерді, адамзатқа ортақ, қат-қабат жайларды ғылыми-тарихи тұрғыдан пәрменді баяндаған. Шоқан Уәлиханов дәстүрінің жалғастырушысы ретінде көрінді.

Ғалымның «Қожа» сөзінің төркінін талдауы да тілдік-грамматикалық талдау шеңберінен шығып, әлеуметтік-философиялық танымға ұласуымен құнды. Ол Ахметтің нәсілдік тегі (сүйегі) туралы айта келіп былай дейді: «Ахметтің сүйегі – Қожа. «Қожа» парсы сөзі, араб тілі бойынша төре-сүйек деген мағынаға келеді... Ол кездерде «қожа» деген атақ қауымдар арасында беделді, мақтанышты лауазым болып келген сияқты. Қожа сүйекті адамдардың, әлеуметтік топтардың басқа бұқара халыққа қарағанда артықшылығы, бірқатар жасанды праволары да болғанға ұқсайды». Гуманист, ұстаз-тәлімгер, өнегелілік пен кішіпейілділіктің үлгісі Құдайберген Қуанұлы, жұртшылыққа Ахметтің қожа тегінен екенін түсіндіре отырып, хан бол, қожа бол, ақсүйек бол адамгершіліктен аттама, өйткені басқа қонған бақ та, отырған тақ та күндікшеме, білімділік деңгейі де салыстырмалы, ендеше «бармын деп таспа, кө білем деп өзінді өзгеден жоғары ұстама» деп ой тастайды. Хикмәттегі:

«Ахмет, сен «мен Қожамын – ақсүйекпін – деп лепірме, мақтанба, бұл дүние – тиянақсыз нәрсе, бүгінгі Қожа ертең құл. Істің соңы белгісіз. Сен «мен білімдімін» – деп мақтанба, мүмкін, сенің білдім деп жүргенің шын білік емес, ұсақ-түйек шірік нәрселердің жинағы шығар» – деген жолдары оқырман назарына ұсынады. Автор, бұл жолдарды бүкіл түрік дүниесі әулие санаған ғұлама Қожа Ахмет Ясауидың беделін түсіру үшін емес, керісінше, басқаларға, кейінгі ұрпаққа, бүгінгі басындағы күндікше бағы мен астындағы тағының арқасында кеуделеріне нан пісіп, өзім білділікке салынып жүргендер мен солардың көлеңкелеріндегілерге ескертпе ретінде келтіргендей. Өйткені, ол кісі ақсүйектер тегінен болатын. Бұндай адамдарда таныммен таразылау, гуманистік бағыт, адамгершілік бағдар, аристократиялық рух өте жоғары болатындығын, тек генетика ғылымы ғана емес, әлеуметтік өмір де, алдашан көрсетіп те, дәлелдеп те берген.

Аталмыш шығарманы оқи отырып, публицист Қ.Жұбановтың жалпы дін тарихына жетіктігін, оның ішінде ислам дінінде кездесетін айтулы тұлғалар туралы терең білетіндігі мен мұсылман қауымның бас кітабы – құраннан мол хабардарлығына мұсылман әлемінің әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне де жетіктігіне тәнті боласың. Мәселен, бұл еңбектен Араб Сейіттерінің ежелден қолданып келе жатқан әдет-ғұрыптық салт бойынша, жай халықпен қыз алыспауы, үйленуші ұл мен қыздың несеп жөнінен тең болушылығы, кейінірек Өзірет әлі атына еліктеп, қазақ жерінде де туған балаларға Әли, Әлішер, Әлібек, Әлімқұл, Әлиасқар деп ат қою, балаға ат қоюдың жолын қожаларға беру, алғаш дін үйретушілердің де қожалар болғандығын білеміз.

Ойымызды қорыта айтқанда, халқымыздың әрісі мен берісін, диалектикалық тұрғыдан ұштастыра талдаған көрнекті профессор Қ.Жұбанов тіл болмысын қоғам болмысын, оның әдет-ғұрпымен, салт-санасымен қоса қалыптастыру арқылы қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістерін жалғастырған ірі тұлғалар мен іргелі дәстүрлер туралы этномәдениеттік таным жолын ұстанған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ауэзов М.О., Кенесбаев С.К. Основоположник казахской лингвистики// Худайберген Жубанов и казахское советское языкознание. А-Ата:Наука,1990, стр. 21-25.
2. Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихы. А., ҚазМУ962, 62
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы А., Санат, 1994, 448
4. Әуезов М. 20-том. шығар. жинағы А., Жазушы, 15 том, 1984, 328
5. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика А., Білім, 2004, 368
6. Кәкішев Т. Санадағы жаралар А., Қазақстан, 1992, 261
7. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті А., Білім, 2003, 224
8. Қазақстан шетел әдебиетінде\ кұр. К.Ермағамбетов А., Атамұра, 1994,

9. Әуезов М. Уақыт және әдебиет А., Қазмемкөркемәдеббас, 1961, 532
10. Здровега В. Слово тоже есть дело М., Мысль, 1979, 368
11. Кенжебаев б: XX ғасыр басындағы қазақ әдеб. А., Қазақстан, 1976, 268
12. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы А., 1984, 132
13. Стрельцов Б.В. Основы публицистики. Жанры. Минск, 1990
14. Колосов Г.В. Публицистика как творческий процесс М., 1977, 112

PROFESOR QUDAIBERGEN JUBANOV JÁNE LATYN

ZINOLLAEVA A.Q.

*Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe óñirlik memlekettik ýniversiteti
«Qazaq filologiasy» mamandyǵynyń 1-kýrs magistranty
Aqtóbe qalasy
ayazhan.zinollaeva@mail.ru*

Qazaq til biliminiń orfografia jáne grafika salasy 1920 jyldardan bastap maqsatty túrde zertteline bastady. Osy salanyń damýyna sara jol salǵan, tyń oi, sarabdal pikirlerimen, qundy ǵylymı tujyrymdarymen iz qaldyrǵan A.Baitursynuly, Q.Jubanov, E.Omarov, H.Dosmuhameduly, Q.Kemeńgeruly, Q.Basymov, T.Shonanov, J.Aimaýytuly t.b. ǵalymdardyń sońyn ala, ádebi til normalary, orfografia, orfoepia, grafika jóninde zertteýler legin M.Balaqaev, I.Keńesbaev, R.Syzdyqova, Ǵ.Aıdarov, A.Amanjолоv, Á.Quryshjanov, M.Tomanov, T.Qordabaev, M.Sergaliev, B.Ábilqasymov, N.Oralbaeva, S.Hasanova, S.Myrzabekov, Á.Júnisbekov, N.Ýalı, Sh.Májitaeva, Q.Kúderimova, G.Mamyrbekova jalǵastyryp, bul salanyń jan-jaqty, irgeli zerttelýine ózindik úlesterin qosty.

Profesor Qudaibergen Jubanov – latyn álipbii negizindegi qazaq jazýy men orfografiasyn júelegen asa iri fonetis ǵalym. Óz kezinde arab jazýynan latyn álippesine kóshý baǵytyn ustanǵan ǵalymnyń tujyrymdary men kótergen máseleleri kúni búginge deyin ózektiligin joıǵan emes. Ǵalymnyń qazaq tilin oqytýdyń jańa tiptegi baǵdarlamalary men emle, álipbi jóninde zertteý eńbekteriniń oqý-aǵartý salasyndaǵy máni zor boldy. 1938 jyly qazaq emlesiniń kei máseleleri ishina júege túsirilgeni málim.

1930-jyldardyń orta tusynda Q.Jubanov qazaq orfografiasyn jáne álipbiin ózgeritýge bailyasty jobasyn usynady. 1929 jyldary qoldanylǵan latynǵa birneshe ózgeristerdi engizý arqyly 25 árip, bir dátekshe belgisi bar álipbi jobasyn usynady. Q.Jubanov kirme sózderdi jazǵanda sózdiń orys tilindegi túbirin saqtap, qosymshany qazaq tilde jalǵaýdy, sonday-aq týyndy kirme sózderdiń jurnaǵyn qazaq tilinde berýge bolatynyn eskertedi. Ǵalymnyń jazý teoriasyna negizdelgen jobasy qazaq orfografiasynda birte-birte ornýǵyp, 1957 jylǵy erejede birjola zańdastyryldy. Bul latynǵa negizdelgen jazý emlemizdi orys emlesine qarai beimdei túsýge kómekesti.

Q.Jubanov emle erejelerin júieleý jaǵyna qatty kónil aýdardy. Emleni mektep oqýshylaryn saýatty jazýǵa baýly men eresekterge hat bildirip, qara tanytýǵa qajetti qural dep esepedi. Tónkeriske deın qazaq tiliniń emlesi, negizinen, fonetikalyq prinsipke súendi. Ózge belgili ǵalymdar sıaqty Q.Jubanov ta fonetikalyq prinsiptiń sózdiń syrtqy pishinine súenip júrgiziletin, al morfologialyq prinsiptiń túbir sózdi saqtaýǵa bailanysty bolatynyn jaqsy túsindi. Óz zertteýlerinde osy eki prinsipti bir-birine orılastyra, qabystyra otyryp paidalandy. Ǵalymnyń birikken sózder, býyn jigi, tarıhı fonetika men etimologia, orfografia máseleleri t.b. sala-sala zertteýlerin qazaq til biliminiń hrestomatıalyq betteri dep tanýǵa bolady.

Búginde, qazaq jazýynyń latyn grafikasy qabyldaý qarsańynda aldymen álipbidegi árip sany men tildegi fonema qatynasy ǵalymdar nazaryn aýdaryp otyr. Óitkeni qoldanystaǵy álipbide 42 árip, latyn álipbiinde 26 árip bar. Jalpy jazý teoriasynda árip sany fonema sanynan kem álipbi – jetilgen, árip sany fonema sanyńa teń álipbi – jetildirýge bolatyn, árip sany fonema sanynan kóp álipbi – jetilmegen, jetildirilýi tiis alfavit bolyp sanalady. Bizdińshe, bul – jazý dástúri qalyptanǵan, jazý grafikasy turaqty aǵylshyn, fransız, nemis jazýlary tarapynan shyǵarylǵan teoria. Sondyqtan jazý únemdiligin jasaǵan qazirgi álipbidegi tańbalar týraly oilaný kerek. Mysaly, «*ı, ý, ú*» (1 árpinen basqa tirkesinde), «*ıa*» (1 árpinen basqa tirkesinde) tańbalary qazaq grafikasynda jazý únemdiligin ákeldi. Tek «*ı, y, i*» áripteri bola turyp, osy dybystardyń tirkessin beretin *ı* árpiniń alynýy, *ý* árpiniń [*uý*], [*úú*] tirkesinde, [*y*] daýyssyz fonemasyn berýine saıkes emes. Iaǵni *ı*-men [*i*], [*yi*], [*iu*], *y*-men [*y*], [*uý*], [*úú*] dybystaryn tańbalaý oryndy bolar edi. Sıttip, álipbiden bir árip qysqarar edi [1, 91].

Qazirgi dáýiri – atom dáýiri, aqparattar dáýiri, kún saýlesiniń jyldamdyǵyndaı tezdikpen taratyn aqparat tasqynynyń dáýiri. Búgingi urpaq kitap oqymaıdy, gazet qaramaıdy desek, olar aqparat alýdyń basqa kórý-oqý túrinen góri aýdıaldy, aýdio-vızıaldy, vızıaldy túrlerin tańdaıdy. Jyldamdyǵy tómen, yaqytty kóp alatyn (kitap, gazet, jýrnal) aqparat kózderine yaqyttaryn qaldyрмаıdy. Bul ne degen sóz. Bul – dybystyq jazýdyń óz fúnksıasyn atqarý qabiletiniń tómendep qalǵany degen sóz. Bul – jazý arqyly aqparatty tez ári oqyrmannyń yaqytyn únemdeı otyryp jetkizý tásilderi oilastyrylmaı otyr degen sóz. Qazirgi jazý prosesi, sıttip basqa aqparat taratý kózderine qaraǵanda sońǵy oryndarda tur. Sondyqtan, búgingi zaman tez, jyldam jazúdy, jyldam oqúdy jasatyn ádis-tásilderdi talap etedi. Sondyqtan daýystylardy túsirip jazatyn, jazý ekonomiasyn qalyptandyratyn jazý túrlerin qarastyrý kerek deıdi. Jazúdyń endigi jerdegi mindeti aqparatty túsiniǵe artyqtyq etip turatyn tustaryn túsirip, ne qysqartyp jazúdan turý kerek. Sıttip, jazý ekonomiasy jazúdyń bolashaqtaǵy damý baǵyttarynyń negizgi zańdylyǵy bolý kerekligi shyǵady. Jazý ekonomiasy arqyly qazirgi qazaq orfografiasynyń bir problemasynyń sheshimi tabylatyn sıaqty. Ol – qysań «*y, i*» áripteriń emlesi. «*Y, i*» fonemalary qysań, ezýlik invariantynyń jýan-jıńishke varianttary. Qazaq fonologiasy eki varianttyń da maǵyna ajyratatyn, sózdi aıyratyn, sózdi tanytatyn sıpatyna qarai eki fonema dep tanıdy. Sondyqtan qazaq jazýynyń aksentti-fonologialyq kezeńinen bastap eki fonemaǵa eki árip arnalyp keledi. Alaida «*y, i*» qysańdarynyń fonemalyq qasıetinen bóten, qazaq tiliniń býyn satysynan qalǵan daýyssyz dybystyń jýan-jıńishkeligin bildiretin nemese

eki daýyssyz dybys ortasynda mindetti túrde bir daýysty jazylý kerek degen ideiany ustaný úshin tańbalanatyn qosymsha fýnksiasy bar. «Qazaq tiliniń órkendeý satysy – býynshyl kezeńnen dybysshyl kezeńge aýysyp bolmağan daýirde tur. Qazaq tilinde dybys (fonema) degen kategoria bar bolğanmen, áli jetilip bolmağan bosań, jas. Dybystardyń ymyralasýy, úndesý degenimizdiń ózi – oqshaý turған jáne dybystyń jeke basy bólinip shyǵýǵa áli kemdigin kórsetetin qubylys», - degen profesor Q.Jubanov [2, 364]. Q.Jubanovtyń «y, i» dybystary ózinen keingi býynda «a, o, e, i» daýystylary kelse túsiriledi, al qysań daýystylary kelse jazylady degen ustanymy qazirgi qazaq orfografiasynda sóz basyndaǵy «r, l» daýyssyzdaryna qatysty qoldanylady (*lek, laq, ras, ilik, ydys, yrym t.b*). Iaǵni, «Eger sóz basyndaǵy «r» dybysynan keiin qysań «y, i» daýystylarynan basqa daýystylar kelse, sóz basynda «y, i» áripteri jazylmaidy: *ras, rai, ireń, ret, riza, ria, rý, ruqsat, rásya*. Al «r» dybysynan keiin «y, i» qysań daýystylary kelse, olar basynda da jazylady: *yrym, yrys, yryq, iri, iritti, yrylday. İlim, ilý, ilesý* sózderinen basqasynda «l» -dan keletin sózderde sóz basynda «y, i» jazylmaidy» [3, 12].

A.Baitursynuly men Q.Jubanov odaǵailardy bar dybysqa árip arnalýy kerek degen, al Orynboradaǵy emle quryltayynyń qarary álipbiden «h» árpini shyǵarýdy óabyldaǵan, sońǵy fonologialyq zertteýler qazaq tilin tutynýshy sanasynda [*h*], [*q*], [*h*] dybystarynyń tiptik beinesi bireý, tutynýshy - [*halyq*]-[*qalyq*], [*han*]-[*qan*], [*rahat*]-[*raqat*], [*qaluýa*]-[*haluýa*] variantтарыnyń qaisysymen sóilese de, qaisysyn estise de, ortaқ tiptik eles - <*q*> fonemasy arqyly tanıtynyn aitady. Biraq qazirgi qazaq jazýynda «h» árpimen jazylatyn *ah, ahylap-ýhilep, ahylay, gayhar, eh, ehe, ehe-he, jahan, jahat, qahar, qaharman, qaharat, jihvz, jihan, oh, oho, aidahar* sózderi, bizdińshe, jazylýyna qaraı [*gayhar*], [*ehe*] t.b. bolyp oqylmaidy. Qazirgi tilitutynýshy bul sózderdi [*q*] fonemasy arqyly dybystaı almaidy. Sondyqtan, bizdiń oıymyzsha, tilde bar dybysqa aı «h, h» áripterińiń qyzmetin beretin bir áriptiń álipbige ený ýaji bar. Oǵan jazý dástúri úshin alyńǵan *h* árpiniń aıyrmas qyzmetin de (negizgi qyzmeti – kirme sózdiń jazý dástúrin saqtaý): *han-qan (adamnyń qany), halyq-qalyq (artta qalý), hal-qal (meń), haq-qaq (qaq ortasy), hosh uis – qosh (say bol)* sıdyrýǵa bolady. Biraq qazaq jazýynda mundaı qymette turmaǵan «h» grafemasy birti-birte *q* árpine almastyryp otyrdy. Mysaly, 1941 jyly algashqy emle sózdiginde *ahyret, ahýal, beinethor, jemhor, jalahor, bálehor, ruhsat, hianat, hur, hurmet* t.b. sózderi «h» men jazylsa, 1963 jyly QTOS bul qatar «q» -men zańdastyryla bastagan. Biraq qazirgi emlede *rahmet/raqmet, darhan/darqan, dastarhan/dastarqan, hal/qal, barqan/barhan, mhaiýan/qaiýan, qosh bolyńyz/hosh bolyńyz, qaqsy bar/haqsy bar, quqyq/huqyq, haziret/qaziret, emtihan/emtiqan, hansha/qansha, halýa/qalýa* orfogramalaryn zańdastyry qıyndyǵy bar. Bul *q* fonemasynyń pozisialyq túrleniminen paida bolǵan variant *h* árpimen tańbalanady degen túsinikti qalyptastyrǵan. Iaǵni daýysty-aralyq jáne úndi men daýysty aralyq pozisiada *q* qatańdyǵynan aınyyp, *h* bolyp dybystalady: *darhan, dastarhan, rahat, rahym, dyhan*. Bul túrlenimdi tańbalamaı algashqy emle sózdiginen bastap *q*-men tańbalaýdy qalyptandyryp keldi. Alaida *barhan, emtihan, ahýal, haziret, halýa, zatym, hayyz* sózderinde *h*-árpimen jazylý dástúri saqtaldy. Huqyq sózi 1963 j., 1978 j., 1988j., *h* árpimen, 2000j. sózdik *q* árpimen jazýdy usyndy. Bir, eki býyndy sózde úsh *q* dybysynyń jáne *u* daýystysynyń

reňki ózgermei qatar aıtylýy qıyn ekenin aýyzeke til faktilerinen baıqayǵa bolady. Bizdińshe, «h» árpiniń sózdiń jazba turpatyna diferensiasıa jasatyn jáne dástúrli prinsipke qyzmet etetin markerlik fúnksıasyn saqtaý kerek edi. Jáne, zertteydiń 4.1 taraýshasynda aıtylgandaı «h, h» áripteleriniń beiúndes býyn jigin beitaraptandyryp turatyn, sóitip, sózdiń biryńǵaı úndesimde aıtylýyna jaǵdaı jasatyn markerlik qyzmetin joǵaltpaı kerek edi: [rah`met], [emt`ıhan] t.s.s. [1, 298]. Alǵash «uly halyqtyń» óktemdigin tanytyp, qazaq emlesine aıqai-shý ala kelgen «ı, ý» áripteri qazaq til biliminiń qos bilgiri A.Baitursynuly men Q.Jubanovtardyń arasynda da pikir alalyǵyn týǵyzǵan syńaıly. Qazirgi qazaq tilinde derbes daýysty dybys retinde sanalyp júrgen *ı* - /iu/, /yi/, *ý* - /uý/, /úý/ dybys áripterin A.Baitursynuly jeke daýysty dybys dep qarastyrmaidy: /qazý/, /qarý/, /jabý/ degen sózderde «z» -nyń, «r» - dyń, «n» -nyń sońynan estiletin dybystyń belgisi, - dep túsindiredi. Kórip otyrǵanymyzdaı qazirgi qazaq tili emlesindegi *y*- daýysty dybysynyń árpi týraly áńgime joq. Odan ári qazaq til biliminiń atasy: «/ý/ sózdiń bas býynynda qysqa hám kómeski estiledi. «Ý» – jarty daýysty dybys. Bul daýysty dybystyń sońynan ǵana aıtylady. Mysaly, /tay/, /taýy/, /bireý/ degen sózder. Bul jerde jarty daýysty dep ǵalym daýysty dybystardan keiin aıtylatyn úndi *y* dybysyn aıtyp otyrǵany sózsiz. Sondai-aq A.Baitursynulynyń dybys jikteliynde qazirgi «ı» – daýysty joq. Qazirgi emlemiz boıynsha tıyn, tıym, tıym túrinde jazylatyn sózderdi *tin, qın, qıqm* túrinde jazyp kórsetip, egerde «ı» daýyssyz dybystardan keiin kelse, ol jerde jazylmatyn «y» bar bolǵannan. Eger «y» - ny qaldyrmaı jazatyn bolsaq, bul sózderdi bylai jazar edik: /qıyqym/, /tıyım/, /qııyn/ - dep túsindiredi [4, 383].

Conymen, emle árkimniń ózinshe jazýyn qoidyryp, sóz-sózdiń tańbasyn aınymatyn turaqty qylyp shyǵarýdyń ornyna, emle jasaǵanda bul maqsat elenbegendikten, jazýda turǵylyqty bir iz bolmaı, qaita teris «jazǵyshtyqqa» bastap, anarhia shyǵaryp otyr. Emlemizdiń bu syqyldy jolsyzdyǵy tek halyqaralyq terminder ǵana emes, qazaqtyń óz sózderine de tiip otyr. Jazýdy syńar ezý ultra-fonetik joly men jazatyn bolǵan soń, estilýi ár joly ár túrli, keide bolyp, keide túsip qalyp otyratyn kómeski daýystylardyń emlesi múlde shatysyp, bylyǵyp ketti. Máselen, bir kisi bir jerde «asra», «jamra», «Ahmet», «kóbrek», «rý», «ret», «Abraly» dep, bu syqyldy sózderdiń daýysty «y», «i» -lerin joǵaltyp aıtatyn bolsa, ekinshi bir jerde sol kisiniń ózi-aq sol sózderdi «asyra», «jamyra», «Abyraly», «Ahymet», «kóbirek», «urýý», «iret» – dep te atady. Soǵan qarap, emle o syqyldy sózderdi qalaı jazsań da erkiń deidi, ondaı sózderdiń jazýyna turaqty jol kórsetpeidi, «oiyn», «qıyn», «aýyly», «sharýa», «alýa» – larǵa usaǵan sózderdiń aıtylýy da, jazylýy da so syqyldy: «qoiny», «qoly», «sharýa», «alýa» bop kele beredi. Árkimniń ózinshe aıtatyn sózderi bolady, ár jerde ár túrli aıtylatyn sózder de tolyp jatyr; bir kisiniń ózi «jurttıyń bári de» ár jerde ár túrli qyp aıtatyn sózder de az emes; o syqyldy sózderdiń emlesinde esh turaq joq, oǵan qaraǵanda qazaq tiliniń múlde emlesi joq dep túsinyǵe bolǵandaı. Máselen, «jana» degen sóz «jáne», «jáná» bolyp ta jazylady, «ishkim», «eshkim», «edáýir», «ádáýir», «nedáýir», «qaraǵyn» – «qarqyn», «shimai» – «shymai» – «shyjbai»; «kerbish» – «kerpish» – «kirpis», «bıbastyq» – «beibastaq» – «bı bastyq» – «bei bastaq» – «bei-bastyq»; «jántik» – «jándik», «shyńara» – «shinara» – «shinara» – «ishin ara» – «ishinara», «sarjan» – «shajyn» – darǵa usap, ár joly ár túrli

bolyp jazylatyn sózder tolyp jatyr [5, 271-272]. Orfografialyq qatelikterdiń, alaqulalyqtardyń jii kezdesip otyrýynyń eki túrli sebebi bar degimiz keledi. Birinshiden, orfografialyq erejelerimizdiń kebir salasynyń áli de bolsa jete sheshilmegen shikiliginde bolsa, ekinshiden, baspasóz oryndaryndaǵy qyzmetkerlerdiń óz jumysyna uqypsyz qaraityndyǵynda bolsa kerek dep oılaýǵa bolady.

Ádebietter tizimi:

1. Kúderimova Q. Qazaq jazýynyń teorıalyq negizderi. Birge jáne bólek jazylatyn sózderdiń orfografiasy. - Almaty: Mem.til. damyt.ort., 2010. - 380 b.
2. Jubanov Q. Qazaq tili jónindegi zertteýler. - Almaty: Gylym, 1999. - 581 b.
3. Syzdyq R. Emle jáne tynys belgileri. - Almaty: Raýan, 1996. 288 b.
4. Baitursynov A. Til taǵylymy. - Almaty, 1992.
5. Baitursynov A. Qazaq til biliminiń máseleleri / Qurastyrgan: G. Ánes. - Almaty: «Abzal-A1» baspasy, 2013. - 640 bet.

ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ

ЗИНОЛЛАЕВА А.Қ.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
«Қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс магистранты
Ақтөбе қаласы
anar_26.97@mail.ru*

Профессор Қ.Жұбановтың жарық көрген еңбектері жинақталып, өңделіп, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген құнды еңбек бес бөлімді қамтиды. «Қазақ тілі грамматикасының мәселелері», «Алфавит, орфография, терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіл мәселелері», «Мәдениет пен өнер мәселесі», «Бағдарлама мен әдістеме мәселелері» деген бөлімдерді қамтиды. Профессор Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің грамматикасы» деген еңбегіне грамматиканың үлкен бір саласы синтаксисті өзек етіп, оны тілдегі «құрастырушы құрылыс» деп түсіндіреді. Сөз тіркесі синтаксисін «сөз қиыны» деген терминмен атаған [1]. Ғалым өз еңбектерінде сөйлемнің бағыныңқы, басыңқы (жетек сөз және жетекші сөз) бөлімдерінің де байланысу заңдарын анықтайды. Білімдар ғалымның еңбектерін тілші ғалым, академик Р.Сыздық:

1. Фонетика.
2. Қазақ тілінің грамматикасы.
3. Жалпы тіл білімінің кейбір мәселелері.
4. Қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы.
5. Қазақ жазуы, орфография, терминология.

6. Оқулық, программа, методика.

7. Мәдениет пен өнер мәселелері – деп жетіге бөліп қарастырып, әрқайсысын жеке-жеке талдаған.

Ғалым Қ.Жұбанов әдеби тіл туралы арнайы еңбектер жазбаса да, оның барлық ғылыми еңбектерінің өн-бойынан қазақ әдеби тілі туралы сындары ой-пікірлері байқалып тұрады. Тілдік фактілерді тек синхрондық аспектіде зерттеу олардың дамуының белгілі бір кезеңіндегі күйін ғана анықтап, оның табиғаты мен құрылымының *тарихи дамуы* туралы толық түсіндіре, мәнін аша бермейді. Бұл – тіл білімі тарихының, түркологияның қазіргі деңгейінде талқылауды қажет етпейтін *тарихи қағида*. Ол қағида талай даму жолдарынан өтіп, бүгінде тілді зерттеудің барынша жан-жақты, толыққанды, кешенді арнасына шыққан кезеңде тілді тарихи дамуда зерттеудің негізгі тәсілдерінің біріне айналды. Себебі, ол тілді, тіл тарихын сол тіл өкілдерінің тарихымен, мәдениетімен, психологиясымен сабақтас антропологистикалық бағыттағы зерттеулердің өзегін құрайды. Сайып келгенде, этносты тіл арқылы танытуды мақсат етіп, негізінен, диахрондық және синхрондық тұтастықта қарайтын лингвомәдениеттанудың да негізгі зерттеу тәсілдерінің бірі болып саналады.

Қазақ тіл білімінің топырағында бұл қағида ана тіліміздің алғашқы профессоры Қ.Жұбановтың бүгінгі тіл ерекшеліктерін талдау үшін тарихқа сүйене отырып, реконструкция жасауды, яғни тарихи принципті ұсынып былай деп жазды: «тілді диалектикалық тұрғыдан зерттеу үшін тарихи принциптің болуы шарт. Себебі, тілдің тарихын жасауға жазба ескерткіштердің материалы жеткіліксіз. Сондықтан сол кезге дейінгі бүкіл тарихты бойына сақтаған тілдік фактілерді зерттеу жөн». Ғалым тіл тарихын оның қазіргі қалпын қоюды қарсы сынап, яғни диахрония мен синхрония тәсілін жеке-жеке бөлек қарамай, екеуінің бірлестігі негізінде жүргізілген зерттеу ғана, екеуін бір-бірінен ажыратпай, толық тұтастықта ғана тілге деген диалектикалық көзқарасты туғызады деп тұжырымдайды.

Латын графикасын қабылдауда кеткен кемшіліктер мен олқылықтарды түзеу жөніндегі жұмыстарға профессор-ғалым Қ.Жұбанов белсене ат салысты. Қазіргі таңда латын графикасына көшудің маңыздылығы, болашақ ұрпаққа тигізер пайдасы туралы мәселе көтеріліп жатырса, бұл жөнінде де ғалым есімі еріксіз ойға оралады.

Профессор Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын былайша тұжырымдайды: «Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсысының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз «таза қазақша», мынаның "тегі жат" деп, - сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ: тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек», - дейді [1, 337]. Ол ереже жасауда негізгі есте болар жай, «емле жеңіл болу үшін ереженің санын да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың санын да құр тек «аз ету» шарт емес, қайта тілде бар, емлеге керекті қалып-шарттардың бәрінің

түгел тексеріліп, ереже болып қорытылып шығуы шарт, міндет, парыз», - дейді [1, 340].

Әдеби тіл – халықтық не ұлттық мәдениеттің белгілі бір көрінісі, ол әрбір халықтың өзі жасап отырған дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық, саяси-шаруашылық өмірімен тікелей байланысты. Сонымен бірге ол өзінің ішкі даму заңы бойынша да өрістейді. Тіл өзі қызмет етіп отырған ортаның мәдени-элеуметтік ерекшеліктерімен, яғни ғылымның, өнердің, әдебиеттің, қоғамдық ойдың т.б. даму дәрежесімен қоян-қолтық араласып, астасып жатады. Сол сияқты әдеби тіл өзін тұтынып жүрген халықтың этно-географиялық ортасына да тәуелді, әсіресе тәлім-тәрбие беріп, білім тарататын орталықтармен тікелей қарым-қатынаста болады. Әдеби тіл әрдайым өзгеріп отырады. Ол өзінің қызмет ету барысында көптеген күрделі жолдардан өтеді.

Ауыз әдебиетінің тілі «әдебиетке түсіп қалыптанған халық тілі екендігін, яғни «әдеби» екендігін айта келіп, ғалым Е.Жұбанов мынадай қорытынды жасайды: «Өмір сүру формасы ауызша болғандықтан, фольклор тілі өзінің біршама әдеби жүйесін бұзбас үшін де «өңгеден өзге» тілдік штамптарды, ерекше, тек ауызекі сөз өнеріне тән көне, көнерген, көнеленген тұлғаларды, айырым айшықты сөз орамдарын бойында сақтап, соларды өзінің стильдік нормасы ретінде тұтынады. Ал қандай бір болмасын норманы ұстану дегеніміз – жүйеге түсу, әдебилену болып табылатыны сөзсіз» [3.168]. Сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихында ауыз әдебиет тілінің өз орны бар екенін мойындамасқа болмайды.

Профессор Қ.Жұбанов «Абай қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласында: «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болды дегенде, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығынан емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің айырмашылығын ашқандығымен қазақтың бас ақыны, әдебиетінің атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мыңдай жылдай көндігіп, ет пен сүйекке сіңісіп кеткен ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған тұлға – Абай Құнанбаев. Ескі ауыз әдебиеттегі артық қыстырмалардан ең алғаш тазартып, ретке келтірген де Абай атамыз болды.

Абай сынаған «қазақтың ұзын сөзділігі», «ескі бидің сөз қосарлап, бос мақалдайтындығы», «ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы» дегендер – осы басы артық, қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің «қиюынан қыл өтпейтін» ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді. Артық сөзден құтылып, тек тікелей көтергелі отырған мәселенің төңірегінде болғандығын қалады.

Абайдың өлеңдері бейнелі, шынайы өмірді суреттей келіп, шын мағынасы-маңыздылығымен көркемдік шартын, мәнін орындап отырды. Сонда Абай образды қолдан жасап, жансыз бейне қылып шығармайды. Қазақтың өзіне бұрыннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің бояуын қоюлап, реңдей келе, көзге анық көрініп тұратын күнделікті суреттерден алады. Суретті ойдағыдай қарапайым, күшейтіп жіберетін болса, Абай мұндай-ондай ерсі, әдепке шеттігін де қарастыра отырып, қазақтың мақалын да, ертегісін де, салтын да – бәрін де суретке пайдалана отырып, өз шығармаларын туындатқан.

Бірақ, осының бәрінде қазаққа таныс образдардың өзі бұрынғы құрысып, қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді; жетіліп, өсіп, ашылып, жарқырап кетеді. Өз қалпында қалып қоймайды, дами келе, уақиғаның өзіне біте қайнап қосылып кетеді. Мақалдар Абайда босқа қос-қостанып, қатарласып, «солай дегендей-ақ» болып жүрмейді, жанды суретке, қозғалысқа, тірі әрекетке айналады. «Адам басы алланың добы» деген дөрекі түрдегі қазақ мақалы ғашықтың материалданған жүрегі болып, бірде теріс баытта, бірде қайта орнына түседі:

Тәңірі добы – бұл ғаріп бас
Кетті амалсыз, қайла болмас,
Келді, түсті ордаңа!

Бұл аудармада кездессе де, (А.С.Пушкинде мұндай сөз жоқ), Абайдың өзі тағдырды осылай доп қылып, ойнатып қойған. Дәлдеп аударған жерінде де А.С.Пушкиннің:

Мои сомнения разреши
Быть может все это пустое,
Обман неопытной души
И суждено свои, иное,-

дегенін кім біледі, мұның бәрі тәжірибесіз жанның алданғандығынан да болар, бірақ тағдырдың жазғаны басқа болуы да мүмкін ғой.

Абайдың қыз бен жігіті ғана құс пен аңға ұқсап қоймайды, құсы мен аңы да қызға да, жігітке де ұқсай береді. Түлкіні бүркіт басып, екеуінің алысқаны қара шашы төгіліп, иықтары бүлкілдеп, суға шомылып жатқан сұлуға да ұқсайды.

Жер-Ана деген қай жұртта да бар түсінік. Бірақ, Абайдың жер-анасы не қалыңдық, ойнаған қыз болып, ұрын келген күйеуі күнмен жымыңдаса күлісетін, бір-бірімен ойнап кетеді кейде ол ана елжіреп баласындай емізіп кетеді [2, 410-414].

Абайдың образ қолданудағы өзгешелігінің өзі сан түрлі Қатесіз анық, таныс Образы ескілік тірі өлі Ескі образды өсіріп, бейнені алуында қалпында қалмай, жаңарта, құлпыра, «Алыстан арбалағанша, жанданып, тірі адам гүлдендіретіндігінде жақыннан дорбала» кейпінде болатындығы дегендей...

Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, барша қазаққа түсінікті шығармалар. Ол Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты қазақша сөйлетеді, барша қазақ халқын Пушкинше, Лермонтовтай, Крыловтай қазақша сөйлетеді, күллі қазақты Пушкинше, Лермонтовша сөйлетеді, шығармаларын қазақ аудиториясына танытқан.

Абайдың халық әдебиеті үлгісіндегі өлең қалпын өзгертіп, өзгеше құруы да әдебиет мұрасын қалай пайдалануды, қалай сынауды жетік білгендігін

көруге болады. Өлеңнің өлшеуі мен ұйқасына кіргізген сыртқы өзгерісінің өзі жайдан-жай бола салған іс емес, Абайдың бар мен жоқты сынап, сарапқа сала отырып, таразыға тартқанынан туған еңбек, жұмыс.

Профессор Қ.Жұбанов «"Шағатай тұтқынынан"-сөз патшасына» атты мақаласында қазақ әдеби тілінің даму барысы мен бағыттындағы Абайдың орнын өзінен бұрынғы да, өзімен қатарлас та, өзінен кейінгі де суреткерлер мен қаламгерлерден айрықша бөлек екендігін, жоғары екендігін айта келіп, халқымыздың ауызша және жазбаша тілі болғандығын баса айта келіп, қазақ халқының өте күшті дамыған әдеби тілі болғандығын және сол тілді ақын-жыраулардың, атақты билердің өлең-толғаулары, шешендік сөздерінен көруге болатындығын дәлелдей, көрсете келіп, бізге дейінгі қағаз бетіне түсіп жеткен еңбектердің тілі «әдеби» деп танылуға тиіс деген қағиданы ұсынады [3,304-305].

Сонымен, қорытындылай келгенде, профессор Қ.Жұбановтың еңбектерін қарастырғанда, оның сан алуан түрлі қырын тап басып таныған ләзім. Ғұлама ғалымның еңбектерінің жасампаздығында, сан қырлылығы мен оқырманға берері мол, таусылмас қазына екендігі шүбәсіз. Профессор-ғалым еңбектерінің бізге берер тағылымы мол. Ғалымның еңбектері көптеп зерттелуде, зерттеледі, зерттеле бермек те...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –өңд., 3-бас.- Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010 жыл.-608 бет.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. -640 бет.
3. Рымғали Н. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Фолиант, 2003. -344 бет.
4. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құрастырған: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және проф. Н.С.Исаева. - Алматы: «Абзал- Ай» баспасы, 2014. -640 бет.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

АСЫЛБЕКОВА ДАНА АСЫЛБЕКОВНА

Студент

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

danagoy@mail.ru

Адамзат өркениеті дамуында бәріміз тобырдан бастау алдық та, қазір бір-бір тұлғаға айналдық. Адам тұлға болғалы ізденімпаз, талапты болды. Сол

арқылы адамзат түсінігіне әлгі айтқан өркениет, одан ғылым, мәдениет, тіпті заң, тарих, әдебиет деген секілді ұғымдар қадам басты. Осы тұста мен ғылым туралы сөз қозғамақпын.

Қазақ халқының өзге ұлттардан бөлек өзіне тән ілім-білімі болды. Халық арасынан гуманитарлық ғылым саласын әлемдік деңгейдегі зерттеу жүргізетін ғалым қажет еді. Солардың ең басында филолог, түрколог, абайтанушы, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов бар. Құдайберген Қуанұлы ғылымның әдебиет пен тіл саласында қызмет атқарды. Тіл саласында жаңа терминдер мен тіл дамуына үлес боларлық қағидаларды орнатып, қазақ ғылымын жаңа деңгейге көтерді. Ал әдебиетте қазақтың халық ауыз әдебиетін кең зерттеп, Абай туралы мәліметтер жинап, Қожа Ахмет Иасауидің ғұмыры жайлы да мақалалары бір төбе. Ол қазақ әдебиетіндегі жауһарларды зерттеу арқылы, әдебиетімізді Еуропалық сатыға көтерілуіне ықпал ете алды.

Тіл білімінде бірталай жаңалықтарды енгізіп, тілімізді асқақтатқан Құдайберген Қуанұлы түркі әдебиетіндегі софилық ілімді насихаттаған Қожа Ахмет Иасауидың ұрпаққа қалдырған тағылымдық және танымдық мирастарын зерттей түсті. Әлі де талай сыры ашылмаған Иасауидың хикметтерін Құдайберген Жұбанов аз ғұмырында таудай мәліметтерімен бөлісіп етті. Оның үстіне, ол уақытта қазақ халқына «атеизм» насихатталған тұста, кеңес үкіметі үшін Қожа Ахмет Иасауидың сопылық көзқарасы зиянды саналатын. Осы тұста Құдайберген Жұбановтың жанын отқа салып, осы салада зерттеу жүргізгені ерлікпен пара-пар. «Мұра-хаттар. Түрки әдебиеттер тілінің танымы» атты мақаласы біздің қолымыздағы Құдайберген Жұбановтан қалған үлкен зерттеу жұмысы.

Аталған еңбекте Құдайберген Жұбанов алдымен Қожа Ахмет Иасауидың есіміне тоқталып өтеді. Сол уақыттағы діни көзқарастың терістігіне байланысты бұл жерде оның Ахмет атына «Қожа» мен «Иасауи» атауының қосылу себебін атап өтеді. Ғалым пікірінше, «Қожа» оның лақап аты екенін көрсетеді. Ал «Иасауи» аты оның шыққан жері, туған өлкесі екені бәрімізге айқын дүние. Мысалы, «Қазалылық Ахмет», «Сыр бойлылық Ахмет» деген секілді «Иасалық Ахмет» деп айту мәселесі қозғалады. Яғни бұл жерде, Иасауи атауындағы «у-и» өзіміздің қазақ тіліндегі «-лық» «-лік» үстеулік жалғаулары екенін айтады.

Профессор Құдайберген Жұбанов Ахметтің есіміне түсіндірме жолдарынан кейін оның толғауларына көз жүгіртеді. Қожа Ахметтің өміршен болғанын, ел-жұртының тұрмыс-тіршілігі алаңдатуын, жалғыздығын көрсетпек болады. Солай Қожа Ахмет Иасауидың бір толғауына мысал етеді:

Не келсе көрмек керек, ол – құдайдан
Юсфни айырдылар ол қанғандан
Туған иерім ол мүбәрәк Түркістандин
Бағырыма ташни ұрып келдім мана.

Бұның қазақша баламасын лингвист Құдайберген Жұбанов былай деп аударды:

«Өмір жүзінде адам пенденің басына не келсе де-бәрін құдайдан деп білу керек; Юсуфни қанғаннан айырған да, туған жерім жарықтық Түркістаннан бауырыма тас салып, бұл араға келтірген де – сол құдайдың әмірі, ісі», – деген дүниені айта өтеді [1, 290].

Қожа Ахмет Иасауидың заманынан бұрын да қалыптасқан дүние адамдарды «қара мен ақсүйек» деп бөлу еді. Қожа Ахмет Иасауидың ақсүйектен, лауазымды отбасыдан шыққанын танытатын оның атындағы «Қожа» лақап аты. «Қожа» деген атақ әлеуметтік лауазым мен дәрежені анықтап көрсететіні туралы, тіпті Ахметтің өзі былай дейді:

Ходжамын деп лап ұрма
Үшбу дүние би паян
Білемін деп айтма сен
Көңілдегі шірікні [1, 291].

Ал қазақша баламасында Ахмет «Қожа» болғаны үшін мақтанға салынба, ақсүйек болып лепірме деген мазмұнда беріледі. Құдайберген Жұбанов оның есіміне көп зерттеуін жүргізеді. Ол Қожа Ахмет Иасауидың Ислам дінін тартушы Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы боп келетінін дәлелдейді. Яғни, Ахмет түркі халқынан емес, арабтан екенін айтады. Дәлірек, Мұхаммед пайғамбардың тұқымы Сейіт-хожадан тараған. Қожа Ахмет Иасауи өзінің ақсүйек қожадан екенін айтып мақтанғанмен, ол Түркістан өңірінен шығып, сол өлкенің суын ішіп, өмір сүргендіктен оны «арабтан шыққан, бізге жат адам» деу сірә жаңсақ пікір.

Профессор Құдайберген Жұбанов Қожа Ахмет Иасауидың 63 жасқа дейін өмір сүргені туралы алып-қашпа әңгіме екенін айтады. Себебі, Ахмет өзінің бір толғауында өзінің 125 жасқа дейін өмір сүргенін жазғаны туралы айтады.

Бұдан кейін «Түркі әдебиеттер тілінің танымы» айдарының екінші алып тарауы Қожа Ахмет Иасауидың 95-толғауын талдауы.

Жұбанов өзінің бұл тарауының басын былай бастайды:

«Біздің Қазақстан халықтарының ескіден келе жатқан жазба әдебиет мұрасы өте кем. Ал, сол барының өзі де әлі тексеріліп біткен жоқ. Бірқатар оқығандарымыз бізде Бұқар жыраудың толғауларынан бұрын шыққан жазба әдебиет бар деп елемейді. Яғни олар, қазіргі қазақ атанып отырған халқымыздың қазақ атанудан бұрын да өмір тіршілігінің болғанын білмейді. Бірқатары біле тұрса да, ескі әдебиетті керексінбейді. Мысалы, бізде Қожа Ахмет Иасауидың жазып қалдырған, осы күнге дейін көпшілік арасында тарихи бағасы мен сүйкімділік беделін жоймай келе жатқан «Диуани хикметі» бар. Бұл Қазақстан халықтарының ескіден қалған жазба әдебиет мұрасы емес пе? Қожа Ахметтің осы күнгі қазақ атанып отырған халықтардың басым көпшілігінің ежелгі де ескі мекені болған Түркістанда өсіп-өнгені бекер ме? Сөз жоқ, Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикметі» Қазақстан халқының ескі мұрасы» [1, 299].

Бұл жазғандарынан Құдайберген Жұбановтың қазақ жазба әдебиеті туралы терең ізденіс жасағаны, келешек қазақ халқы Қожа Ахметтің «Диуани хикметі» ескіден қалған ескірмес мұра екенін ұқтырмақ болады. Ахметтің өмір

жайлы философиясын түсінуге тырысады. 95-толғау қазақ халқының әдебиетінен бөлек, тарихымен байланыста. Себебі, бұл толғауда XII ғасырда Орта Азия елдеріне қара қытайлар баса көктеп кіреді. Амудария мен Сырдарияның алқабында қоныстаған халықтарға озбырлығын көрсетеді. Ахметтің толғауының басты рөлінде халықты қорлаған қара қытайлардың зұлымдылығын шебер суреттейді. Бұл толғауда қара қытайларды Шыңғыс ханның әскері басып алғаны айтылса, ал тарихта қара қытайлар Түркістанды басып алғаны туралы ғана жазылады.

Толғауда Қожа Ахмет Иасауидің әйелдерге деген көзқарасы айқындалады. Оның толғауында ол әйелдерге кемсітушілікпен қарамағанын, оларды ер-азаматтардың адал жары ретінде қарауы көрінеді. Оларға тең қарап, ерлер қатысатын жиналыстарға әйелдерді қатыстырған, тіпті ол үшін Баба Мәшіннен 500 қамшы таяқ жеген екен.

Толықтай сөздің тобықтай түйіні, аталып өткен дүниелер оның еңбектерінің аз-ақ бөлігі. Ғалым, зерттеуші Құдайберген Жұбановтың Қожа Ахмет Иасауидың өмірі мен шығармашылығы туралы тынбай зерттеуі, оның әр еңбегіне жеке тоқтала өтуі сол уақыт қоғамына үлкен резонанс орнатты. Саясаттың қудалауынан қорықпаған ол кешегі қазақ тарихымен байланысты ұлы тұлғаларды май шаммен қарастырып, жете тануы оның асқақ тұлға екенін көрсетіп, дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, “Ғылым”, 1999ж. -581 бет.
2. Ә.Ұлықпанова. Қ. Жұбанов фольклор және әдебиет зерттеушісі. Алматы, «Отан» 2018ж. -253 бет.
3. Жонысова М.Ж. Профессор Қ. Жұбанов Қожа Ахмет Иасауидің тарихи тұлғасы хақында. // «Жұбанов тағылымы» VII Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. 287-290бб. Ақтөбе, 2009.
4. Қадыр Мырза Али. Жазмыш. Алматы, «Жазушы», 2004ж. -471б.

МАЗМҰНЫ

Б.А.Ердембеков КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ.....3

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕГІ БАЯНДАМАЛАР

<i>А.Қ.Жұбанов</i> ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОФЕССОРЫ.....	7
<i>А.Қ.Жұбанов</i> ЕСЕТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ.....	11
<i>Ж.А.Манкеева</i> ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІК САНАНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ.....	18
<i>А.Т.Тайжанов</i> Қ.ЖҰБАНОВ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ ОРНЫ ТУРАЛЫ.....	22
<i>З.Ә.Сиразитдинов</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА ҚҰРЫЛЫСЫНДА ЖҰБАНОВТАРДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ.....	28
<i>С.Оразалин</i> Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ С.АМАНЖОЛОВ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ.....	36
<i>Л.В.Балахонская</i> РЕЧЕВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ СТРАТЕГИИ ИНТОЛЕРАНТНОСТИ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ.....	43
<i>К.Қ.Садирова</i> УАҚЫТТЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІНІҢ Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕ ЗЕРДЕЛЕНУІ.....	48

I. ТІЛ ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА, ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ: ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Б.Қ.Мұратбек</i> ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАЛЕОНТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗДЕРІНДЕ).....	52
<i>С.К.Искиндинова</i> ИНТЕРНЕТ ЛИНГВИСТИКА КАК СОВРЕМЕННОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПРИКЛАДНОЙ ЛИНГВИСТИКЕ.....	59
<i>Ү.Қ.Сәрсембин</i> МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ.....	64
<i>А.А.Айтбенбетова, З.М.Молдабаева</i> МУЗЫКА ТЕРМИНДЕРІ – ТІЛДІК-МӘДЕНИ КАТЕГОРИЯ (Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНДА КҮЙ ЖАНРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖАЙЛЫ» («ТІЛ МЕН ТАРИХ ДЕРЕКТЕРІ» ОЧЕРКІ БОЙЫНША).....	70
<i>G.K.Kushkarova</i> COMPLIMENT AS ONE OF THE FORMS OF SPEECH ETIQUETTE.....	73
<i>М.Ж.Карашулакова</i> СТРУКТУРНЫЕ ФУНКЦИИ ВОПРОСИТЕЛЬНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В ГАЗЕТНОМ ТЕКСТЕ.....	77
<i>А.Т.Аймукатова</i> АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМНЫҢ ЖАСАЛУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	82
<i>Э.Т.Буранкулова</i> ГЕНДЕРЛІК СИПАТТАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІ БОЙЫНША).....	88

<i>Ш.К.Нұрманова, Н.К.Жұбаев</i> USING PARENTHETICAL WORDS IN THE ENGLISH, KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGES.....	93
<i>М.Ералханқызы</i> АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ АДАМНЫҢ СЕЗІМДЕРІН БІЛДІРЕТІН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР.....	98
<i>Ж.А.Кокилова</i> ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СИНТАКСИСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	101
<i>Ж.К.Сагинова</i> ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ПСИХОЛИНГВИСТИКА.....	106
<i>А.Сүлеймен</i> ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	109
<i>А.Е.Турусбекова</i> ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС...112	
<i>Г.Әскер</i> КОМПЬЮТЕРЛІК ДИСКУРСТЫҢ ЖАНРЛЫҚ КӨПТҮРЛІЛІГІ.117	

II. ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МІНДЕТТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

<i>Н.П.Бершацкая, О.Н.Проваторова</i> К ВОПРОСУ О СОЦИАЛЬНОЙ ФУНКЦИИ ПЕЙЗАЖА В КНИГЕ ОЧЕРКОВ А.П.ЧЕХОВА «ОСТРОВ САХАЛИН».....	121
<i>И.С.Сұлтанязова, Ә.Д.Ибраймова</i> ЖОЛТАЙ ӘЛМАШҰЛЫ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ.....	125
<i>Т.Тебегенов, А.А.Байнақ</i> ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР ЖӘНЕ УАҚЫТ ДӘСТҮРІ.....	130
<i>S.Azap</i> ZIYA GÖKALP VE ABAY KUNANBAYEV'DE MİLLÎ KİMLİK İNŞASI.....	134
<i>Ö.F.Ateş</i> TANZİMAT'TAN CUMHURİYET'E TÜRK EDEBİYATI YAZAR VE ŞAİRLERİNİN AZERBAYCAN'LI SANATÇI HÜSEYİN CAVİD'İN ESERLERİNE ETKİSİ.....	140
<i>Г.С.Обаева</i> КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕДЕГІ МИФО-ПОЭТИКАЛЫҚ САРЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	144
<i>Т.Төрткүлбаева, Қ.Қ.Жолдасов</i> ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮР.....	148
<i>Ю.В.Хвостова</i> КЛЮЧЕВЫЕ ПРОСТРАНСТВЕННО-ВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ МИРЕ И.БРОДСКОГО И Б.КАНАПЬЯНОВА.....	152
<i>Р.С.Алдабергенова</i> ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ АҚТАН ЖЫРАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	157
<i>К.К.Жаксыбаева</i> РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КАТЕГОРИЙ ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ.....	161
<i>А.Жалғас</i> АБАЙТАНУДАҒЫ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР.....	166

III. ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ, ТАРИХЫ, МӘДЕНИЕТІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

<i>Е.Е.Хайдаров</i> ЛЕВ ГУМИЛЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫ.....	171
---	-----

<i>Д.А.Мацюк</i> ЭТНОПОЛИТИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ.....	176
<i>Е.К.Кенесов</i> МИРОВОЗЗРЕНИЧЕСКАЯ ОСНОВА ТЮРКСКИХ ОБРАЗНЫХ ВЫРАЖЕНИЙ С ЛЕКСИЧЕСКИМ КОМПОНЕНТОМ РАСТИТЕЛЬНОЙ СЕМАНТИКИ В АСПЕКТЕ ДИАЛЕКТОЛОГИЧЕСКИХ И КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	180
<i>С.М.Аралбай</i> ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫ ЗЕРДЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕҢІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	193
<i>Есен-Түгел Әзи</i> САЛ МҰХИТТЫҢ МЕКТЕБІ НЕМЕСЕ ЖАЙЫҚ АЛҚАБЫНДАҒЫ СЕРІЛІК ДӘСТҮР ХАҚЫНДА.....	196
<i>A.Zh.Mulkatanova</i> BASIC TENDENCY AND FEATURES OF TURKIC PHILOSOPHY.....	200
<i>Д.С.Муталова</i> ЖӘҢГІР ХАННЫҢ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	205
<i>А.К.Балатаева</i> ТЮРКСКАЯ ЛЕКСИКА В РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	211

IV. ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Е.Ы.Бидайбеков, Н.Т.Ошанова, Г.Б.Елубай</i> ӘЛ-ФАРАБИ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ-МУЗЫКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	216
<i>М.Қ.Жазықова</i> Қ.ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ.....	221
<i>Сиразитдинов З.А.</i> О ПРИНЦИПАХ СОЗДАНИЯ ЭЛЕКТРОННОГО ИНФОРМАЦИОННОГО РЕСУРСА ПРОИЗВЕДЕНИЙ РУССКОЯЗЫЧНЫХ ПИСАТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ БАШКОРТОСТАН.....	226
<i>Н.Т.Ошанова, А.О.Өтебай</i> ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ.....	231
<i>Б.Ж.Айтимов</i> ҚҰҚЫҚТАНУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМгерлердің оқытушымен өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру.....	236
<i>В.В.Балахонский</i> НОВАЦИИ И ТРАДИЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПАРАДИГМАХ СТРАН СНГ: ПРОБЛЕМА МЕТОДОЛОГИЧЕСКОГО СООТНОШЕНИЯ.....	243
<i>В.В.Бабич</i> ДЕЛОВАЯ ИГРА, КАК МЕТОД ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ.....	248
<i>Н.Балтабайқызы, Д.А.Дүйсембаева</i> «БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.....	253
<i>А.Е.Дүйсебекова, Н.Т.Әшімова</i> СӨЗ АСЫЛЫН ІЗДЕСЕҢ.....	256
<i>Г.А.Ергалиева, Н.Ж.Ешниязова</i> СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ.....	261
<i>Ж.З.Жантасова, Г.О.Байрова</i> ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУ.....	266

<i>Қ.Б.Қонысбаев</i> БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	272
<i>Г.С.Майлыбаева, А.Б.Раймқұлова</i> ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ЕРТЕ ЖАСТАН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	275
<i>А.С.Масалимова</i> РОЛЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ.....	281
<i>М.Н.Нуржанова, Д.М.Максатова, А.Б.Шульга</i> ТРИЗ – ТЕХНОЛОГИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ.....	287
<i>М.Н.Оспанбекова, А.А. Дуйсекова</i> БАЛАБАҚША ОҚЫТУ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	292
<i>М.М.Рулёва</i> К ВОПРОСУ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ К ПРЕДМЕТНОЙ ОЛИМПИАДЕ ПО БИОЛОГИИ.....	296
<i>Т.А.Садретдинова</i> СМЕШАННОЕ ОБУЧЕНИЕ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ.....	300
<i>Р.Е.Жандилдина, Е.С.Сейлова</i> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ М.МОНТЕССОРИ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	305
<i>Н.Е.Танирбергенов</i> ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	309
<i>А.С.Жумағалиева, А.А.Тулқибая</i> БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	312
<i>М.Ж.Умбетова, З.К.Ергешова</i> СОВРЕМЕННАЯ ПЕДАГОГИКА И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ.....	317
<i>М.Б.Уразова</i> ЗАНЯТИЕ-КОНЦЕПТ КАК ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К ПРОЕКТНО-ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	321
<i>Г.Т.Утешева</i> ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ БІЛІМ, ТӘРБИЕ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК-ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	326
<i>Н.Р.Халимуллина</i> SPECIFICS OF TECHNOLOGICAL APPROACHES IN ORGANIZING INTERACTIVE LECTURES IN PROFESSIONAL EDUCATION.....	330
<i>A.Zh.Khassanova</i> PSYCHOMOTOR GIFTENESS FOR PRESCHOOL.....	334
<i>Қ.Ж.Шаяхметова</i> ҚОБАЛЖУ, ӨЗІН-ӨЗІ СЕҢІМСІЗДІК ҚОРҚЫНЫШЫН ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ?.....	339
<i>С.Ешмуратова</i> ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБЩЕНИЕ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ СТАНОВЛЕНИИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ.....	343
<i>Т.А.Аманғалиева</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨЗГЕРІСІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	345
<i>А.Х.Амиров</i> PEDAGOGICS, PSYCHOLOGY AND DISPUTABLE PROBLEMS IN TEACHING TECHNOLOGIES.....	351
<i>А.Х.Амиров</i> ЖҰМЫС МАНИПУЛЯТОР БЛОКТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КОНТРОЛЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖҰЙЕСІ.....	353
<i>Д.И.Ашимова</i> ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ ЮРИДИЧЕСКИХ	

СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ВУЗАХ.....	359
<i>Р.Е.Жандилдина, А.Д.Дүйсенбай</i> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	362
<i>М.Д.Баженова</i> ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ.....	367
<i>Қ.Е.Байкенова</i> МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ОҚЫП ҮЙРЕТУДІҢ ҒЫЛЫМИ БЕЙНЕСІН ЖАСАУ.....	370
<i>З.Т.Сатыбалдина</i> ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ.....	373
<i>Ш.М.Боханова</i> А.ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	376
<i>Б.З.Сейдина, Х.Пірәлі</i> ЖАСӨСПІРІМ ЖАС ШАМАСЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	380
<i>Р.А.Шоканов</i> МЕТОДИКА РЕАЛИЗАЦИИ ТЕХНОЛОГИИ И ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕЖЕНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ.....	383
<i>А.А.Ихласова</i> ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҮЙРЕТУ БАРЫСЫНДА ОРЫН АЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ.....	387
<i>Ж.Ж.Ешниязова</i> ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	390
<i>Н.Ж.Жансугурова</i> РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	394
<i>Ш.С.Жанғалиева</i> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО- КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ (ИКТ) В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	400
<i>Ж.О.Әміргали</i> ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМЫТУДА КАЙДЗЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ.....	403
<i>Ж.С.Әбдіғалиева</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ ТУРАЛЫ.....	408
<i>Н.С.Ержанова, А.Ж.Шапилова, О.Ж.Ерошев</i> ЦЕЛИ, СОДЕРЖАНИЕ И СТРУКТУРА ХИМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ.....	413
<i>Ғ.С.Дарибаев</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	416
<i>И.М.Гапбасова, А.Т.Наурзалина</i> ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНДА ІЗГІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	421

V. ЖҰБАНОВТАР МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ РУХАНИ ҚАЙНАР КӨЗІ

<i>Т.Жанұзақ</i> ӘКЕ АРМАНЫН АҚТАҒАН.....	426
<i>М.М.Малбақов</i> ЕСАҒА ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК.....	434

<i>Ж.О.Тектігүл</i> Қ.ЖҰБАНОВ ТІЛ МЕН ЕҢБЕК МАГИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАЙЫНДА.....	437
<i>Н.Ж.Құрман</i> ДӘУІРЛЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ДАНАЛЫҚ АМАНАТЫ.....	442
<i>А.Ш.Пангереев</i> ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ АБАЙТАНУҒА АРНАЛҒАН ЕҢБЕГІ.....	448
<i>М.Б.Сабыр</i> ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ.....	454
<i>А.Е.Жубанова</i> НАУЧНЫЕ ТРУДЫ, ИДЕИ И ПОДХОД УЧЕНЫХ КУДАЙБЕРГЕНА И ЕСЕТА ЖУБАНОВЫХ.....	460
<i>М.О.Миров</i> ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ РӨЛІ.....	465
<i>Ш.Бекмағамбетов</i> АКАДЕМИК Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ТІЛ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫС ТАБИҒАТЫН ТАҢУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	469
<i>Н.А.Садуақас</i> ҒАЛЫМ ЕСЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ...	474
<i>М.Т.Куштаева</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ: ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРУҒА НЕГІЗДЕЛУІ.....	480
<i>Б.С.Қарағұлова</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ СӨЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТАНЫМДАРЫ...	484
<i>А.С.Кушкимбаева</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «АБАЙ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ» АТТЫ МАҚАЛАСЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТА ОТЫРЫП ОҚЫТУ.....	487
<i>Ә.Ж.Ұлықпанова</i> ӘКЕ АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ.....	493
<i>Н.Нұрланова, Н.Жолдасова</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨНЕР ТУРАЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАРЫ.....	498
<i>К.Ә.Қондыбай, Г.С.Есенова</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.....	505
<i>D.D.Bekniyazova</i> Q. JUBANOV JÁNE QAZAQ TIL GYLYMY.....	509
<i>Р.Р.Жұмағалиева</i> ПРОФЕССОР Е.Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨЛЕҢ ТҮРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК НЕГІЗДЕРІ.....	514
<i>Г.К.Тәңірбергенова</i> Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.....	519
<i>Л.К.Мажитова, Э.И.Гиляжева</i> Қ.ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРДЫҢ БІРІ.....	523
<i>А. Q. Zinollaeva</i> PROFESOR QUDAIBERGEN JUBANOV JÁNE LATYN.....	529
<i>А.Қ.Зиноллаева</i> ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ.....	533
<i>Д.А.Асылбекова</i> ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	537